


Н.Ә. НАЗАРБАЕВ



ҚАЗАҚСТАН  
ЖОЛЫ







Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

ҚАЗАҚСТАН  
ЖОЛЫ

АЛМАТЫ  
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»  
2012

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3 (5 Қаз)**  
**Н 17**

***Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің  
элеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды***

***Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті –  
Елбасының Қоры***

**Назарбаев Н.Ә.**  
**Н 17 ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ.** – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі,  
2012. – 472 бет.

ISBN 978-601-294-092-3

Елбасының кітабы Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сәттерін баяндайды. Тоғыз тараудың әр-қайсысы тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдарын ашып көрсетеді. Бұл – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын жасау жөніндегі жұмыс, қазіргі қолданыстағы ел Конституциясын қабылдау үрдісі, мұнай-газ ресурстарын игеруді бастау, ұлттық валютаны енгізу және табысты банк жүйесін құру туралы жазылған еңбек. Жекелеген тарауларда жекешелендіру мен жер реформасын жүргізу үрдісі әңгімеленеді, елорданы Астанаға көшіру және Қазақстан азаматының тұңғыш ғарышқа ұшуы айтылады.

Кітап Президенттің ел жастарына арнаған үндеуі түрінде ойластырылған. Автор бұл кітапты Қазақстан көшбасшыларының жаңа буыны үшін қолдан түсірмейтін құралға айналар деп сенеді.

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3 (5 Қаз)**

ISBN 978-601-294-092-3

© Назарбаев Н.Ә., 2012  
© ҚР Тұңғыш Президенті –  
Елбасының Қоры, 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

Әрбір отбасы өзінікі деген меншікті мекен-жай салып алуды арман етеді. Бәрі де кәдімгі қарапайым тілектен басталады. Ең әуелі отағасы болашақ үйінің нобайын ой жүзінде жобалап, көз алдына елестетеді. Әрбір бөлшегін ой елегінен өткізеді. Үйдің салынатын орыны анықталғаннан кейін, оның жобасы қағаз бетіне түсіріледі. Үй іргетасынан басталып, қабырғалары мен шатырына қарай бірте-бірте салына бастайды. Көптеген жанұялар үйіміз сәнді де сапалы болсын деп, оны жылдар бойы салады. Отағасы үйді өзінің балалары мен немерелеріне, шөберелеріне қалсын деп тұрғызады. Адамға өзінің қолымен салынған үйден қымбат еш нәрсе жоқ. Бірақ үй дегеннің мән-мағынасы – оның жай ғана қабырғалары, терезелері және ішкі бөлмелері сияқты ұғымдардан әлдеқайда ауқымды. Үй деген сенің баспанаң, құтханаң, тіршілік мекенің.

Белгілі жазушы Антуан де Сент-Экзюперидің мынадай бір сөзі бар: «Үйдің мән-жайын білгісі келіп бұзған адам, оның қабырғасын қалаған кірпіштерін, төбесін жапқан қыш тақталарын ғана көреді, ал бірақ солардың талай уақыт бойы басқа пана, жанға сая болған рақатын көре алмайды. Егер осының барлығын біртұтас етіп біріктірген сәулетшінің ойлаған ойы бір сәтте ғайып болса, жаңағы жалаң кірпіш пен қыш тақталардан қандай тағылым болмақ? Тас екеш тастың өзі де адамның жүрегі мен жан жылулығын керек етпей ме?»

Жұрттың көбі, әсіресе аға ұрпақ жақсы үй салудың оңай емес екендігін біледі. Ал біздің ортақ үйіміз – Қазақстан сияқты жас мемлекетті құрып орнықтыру бұдан әлдеқайда қиын болды. Мемлекет құрылысы біздің болашақта қандай мемлекетте өмір сүретінімізді анық бейнелейтін нақты, бас жоспары болуын талап етті.

Тәуелсіздіктің жадағай ресми тарихы сол тарихтың мағыналық егжей-тегжейлері мен адам тағдырларын түп-түгел жеткізе алмайды; өйткені ондағы әрбір оқиға небір қызба мінездер мен қайғылы кептердің, әртүрлі топтар, тіпті керек десеңіз, әртүрлі ұрпақтар арасындағы мүдделердің аса қатал қақтығыстарының жиынтық көрінісі болып келетін еді. Сонымен бірге, адамның табиғаты сондай – өткендегі оқиғалар, әсіресе олардың жағымсыздары тез ұмытылады.

Бейбітшілік пен тыныштық, бүгіндері басымыздан өткеріп отырған экономикалық қауырт шақ және азаматтарымыздың өмірлік құштарлығы, өз күштері мен ертеңгі күндеріне деген сенімдері біз үшін үйреншікті құбылысқа айналып отыр. Біз оларды, Астанадағы биік ғимараттардың үстінен күнде ертемен баяу көтеріліп келе жатқан күн шапақтарын байқамайтынымыз сияқты, жаңағыларды да көбінесе байқай бермейміз. Ал осыдан он жыл бұрын дәл осылай болатынына ешкім сенген жоқ. Әсіресе, Астананың бүкіл Еуразия құрлығында жаңа рухани, экономикалық және саяси аңсардың орталығына айналарына кім сенетін еді? Қазақстан Еуразия құрлығындағы экономикалық және саяси реформалардың көшбасшысына, бейбітшіліктің эпицентріне айналарына кім сенетін еді? Менің осы кітапты жазуды қолға алуым нақ сондықтан еді. Мен сіздерге қазіргі тәуелсіз Қазақстанды құрудың қаншалықты күшке түскенін айтқым келеді.

Осындай кітапты жазу тілегі менде ерте бастан-ақ пайда болды. Өткен жылдар ішінде дарынды жастармен – университет студенттерімен, «Болашақ» бағдарламасының

стипендианттарымен және жоғарғы мектепті бітірушілермен кездескендегі, лекциялар оқығандағы айтқан сөздерімнің немесе кәдімгі идеялардың көптеген жазбалары менде сақталып қалған болатын. Әрдайым солардың жалын атып, жігері тасыған, табанды ізденістерге толы көздерін көрген сайын мен біздің жастарымызға өткен жылдардағы оқиғалардың – барлық өзгерістердің қалай басталғанын, қалай жүргенін, өзімізге аса қиын болған кезеңде қабылданған шешімдердің негізгі қисыны неде екенін көрсететін нақты фактілердің, шынайы сараптамалардың жетпейтіндігін түсінетін едім. Міне, сондықтан да мен бұл табыстарға жету үшін жүріп өткен жолдың әр қадамының қаншалықты қиын да азапты болғанын айтып бергім келді.

Менің кітабым, бұрнағы жылдардағы оқиғаларды сипаттай отыра, өткенге емес, келер болашаққа меңзейді. Мен мұның Қазақстанның болашақ көшбасшылары үшін ақылшы кітапқа айналатынына сенемін.

Еліміздің болашақ көшбасшылары – бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары «Қазақстанның іргетасына қаланған әрбір кірпішін» білуге тиіс.

Мен мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерінде халыққа тіпті де етене емес шешімдердің өздері – күштеу әдістерімен, ерік-жігерді барынша шоғырландыру, аса зор өмірлік күш-қуат жұмсау арқылы жүзеге асырылғанын айта келіп, олардың мемлекетіміздің қалыптасуының әрбір кезеңдерінде қабылданған шешімдердің ауқымын, жауапкершілік салмағын сезінгендерін қалар едім.

Сіздердің, бүгінгі жастардың – ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан мен жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыз – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену мезгілі. Сіздер осы жетістіктер мен табысқа жете беру рухын



бойларыңызға сіңіргенсіздер. Атап айтқанда, біздің еліміздің тағдыры сіздердің тағдырларыңызбен айқындалады.

Бүгіндері Қазақстандағы реформалар тәжірибесінің нәтижелі екендігін халықаралық сарапшылар ғана емес, сонымен бірге әлемдегі басты мемлекеттер лидерлерінің өздері де мойындап отыр. Қазақстанның көшбасшылығы сәтті таңдап алынған өтпелі дәуірдің саяси-экономикалық үлгісіне негізделген. Ол – күшті президенттік билік және оған қоса жедел де қарқынды экономикалық реформалар. Біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әлсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, сонымен бірге «естен тандырмайтын», түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды.

Әдетте, автордың жазған сөзінен гөрі ауызша айтқан пікірі кеңірек келеді. Шынында да, тәуелсіздік жылдарында атқарылған жұмыстардың орасан молдығы сондай, оны кітап ауқымына сыйғызудың өзі қиын. Сонымен бірге кітап атының өзі де көптеген міндеттер жүктейді.

Егер де «Қазақстан жолы» туралы айтатын болсақ, әрине, бұл жол тек экономикалық үлгіні таңдауға ғана қатысты емес. Бұл – жалпы конституциялық ережелерді ғана емес, сонымен бірге саяси режимді, инфрақұрылымды және конфессионалдық қатынастарды қамтитын саяси да үлгі. Бұл аса бай ауқымды дүние және дәл осы мәселелерде Қазақстан үлгі аларлық мемлекет ретінде бүкіл әлемге әйгілі болды. Бұл табыстар дүние жүзінде және өз ішімізде аса жоғары бағаланып отыр.

Ғаламшардың осы бір шетін өңірінде он бес жыл бойына этникалық және діни өзара түсіністіктің сақталуы көп жағдайларда қазақстандық жолды айқындап тұр. Ол өте нәзік тепе-теңдікке құрылған, сондықтан оны бұзып алу жағдайды тұрақсыздандыруға апарып соғар еді. Бұл арада мәселенің көбі жеке тұлғаға келіп тіреледі.

Қазақстан жолының ендігі бір өлшемі – қауіпсіздік. Ядролық қарусызданудан, аймақтық және әлемдік держава-лармен шекараны анықтаудан, лаңкестікпен күресуден және әскери-саяси топтардан бастап, жеке адамның қауіпсіздігіне дейінгі мәселелердің барлығы – осы жүріп өткен үлкен жолдың белестері. Бірақ та мұның бәрі әлі де жеке-жеке ой елегінен өткізуді қажет етеді. Менің ойымша, бұл мәселелер туралы айту әлі ертерек, өйткені осы бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасуда.

Бұл жерде босаңдыққа салынуға әсте де болмайды, ең бастысы – алға үнемі ұмтылу. Тіпті, бейнелеп айтқанда, чемпионның міндеті тек «алтынды» жеңіп алу ғана емес, сонымен бірге өзінің көшбасшылық қалпын ұстап тұра білуінде. Ал бұл өзінің алдына жаңа, күрделі және биік мақсаттарды үнемі қойып отырғанда ғана мүмкін болмақ.

Менің кітабым дәл осылар жөнінде. Біздің Ескіден қалай арылғанымыз туралы. Қазіргімізге қайтіп жеткеніміз хақында. Сонымен бірге бұл жолдың – тәуелсіз Қазақстан жолының аса оңай болмағандығы туралы.



# ТӘУЕЛСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ

Егемен Қазақстанның дүниеге келуі қарсаңында болған кезеңнің тарихи ерекшелігі сол, оны аса ірі мемлекеттік құрылым – Кеңестік социалистік республикалар одағының жантәсілім кезіндегі жағдайымен салыстыруға болатын еді. Мемлекеттік құрылым экономикалық және саяси дағдарыстардан ес-түссіз талмау күйде болды, сол уақытта бұл ауыр үрдіске қоғамдық ақыл-ой тарихтың қысқаша курсына боямасыз жіті көзбен қарады да, әлеуметтік сана осынау ауыр көріністен біржола сансырап қалды.

1985 жылғы Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Сәуір пленумынан басталған «қайта құру» қашан құрдымға кеткенге шейін ел өз тарихының шым-шытырық оқиғаларын ой елегінен өткізді. Миллиондаған саяси қуғын-сүргін құрбандарының бейнесін тірілтіп, тоталитарлық режимнің зауалына ұшыраған зиялы қауым тұлғасына жан бітірді, үлкенді-кішілі халықтардың жадына төл тарихының естеліктері орала бастады. Көбінесе бұрынғы КСРО-ның түрлі аймақтарында бұл үрдіс ұлттық шиеленістер толқуын, саяси тартыстар мен қарулы қақтығыстар тасқынын туғызды. «Аурудың» асқынғаны соншалықты, әлі күнге дейін бұрынғы КСРО-ның кейбір аймақтары осы ауыр жағдайдан шыға алмай, үрейге толы жаңалықтар мәліметтерінде планетаның «шиеленісті нүктесі» ретінде көрініс беруде.

Міне, осыған байланысты менің есіме 2005 жылы наурызда Грузия Президенті Михаил Саакашвилидің Қазақстанға алғаш ресми сапармен келуі барысында бірге өткізген баспасөз конференциясы түседі. Ол сонда журналистердің сұрақтарына жауап бере келіп, өз елінің тәуелсіздікпен өткен он бес жылын өлім халіндегі жан ағзасына дем сала бастаған жағдайымен салыстырған еді. ТМД-ның бірқатар елдерінің экономикасы шамамен осындай жағдайда. Бұл дегеніңіз біздің олардан 11-12 жыл алда екенімізді білдіреді.

Алайда, аумалы-төкпелі кезеңдегі адамдардың әлеуметтік күйзелісі мен бейжайлығы, психологиялық шиеленісі тәрізді

әлеуметтік дерттердің сынағына түскенімізбен – Қазақстан бұл дағдарыстан анағұрлым ерте шықты, ол – ол ма, бұл «дерт» бізді кеңестік уақыттың елесінен айықтырды және бүтіндей жаңа елді – тәуелсіз де өркенді Қазақстанды құру үшін орынды тазартты.

Біз «талмау күйдің» өліара жағдайы соншалықты тұрақсыз және екі жақты болатынын, кез келген кешігу мен теріс шешім қабылдаудың зардабы «өліммен аяқталатынын» түсіндік. Бұрынғы өкпе мен әлдеқашан Тарихқа айналған өткенді түзетуге ұмтылған әрекеттерге байланысты, қазіргі мен келешек туралы ойлағанның орнына, бізде керексіз даңғазалыққа ұрынудың үлкен қаупі болды. Кеме суға батып бара жатқанда, оның командасы болған жағдайға кім кінәліні іздеп жатпай-ақ қоян-қолтық жұмыс істеуі керек қой. Иә, жағдай оңай болмады. Бірақ, ол қандай күрделі болмасын, одан шығу үшін мықты басқарушылық тәртіп пен біздің әрқайсымыздың күшімізді ширықтыру қажет болды. Ауыртпалықты қоғам қаншалықты қабылдайды, салмағы да соншалықты болады. Кез келген дағдарыс жағдайды ушықтыруға болмайды, өйткені әртүрлі дағдарыстың мәні – жаңа кезеңге қандай жол ашатындығында. Мен бұрын да және қазір де кез келген дағдарыс кезінде, сөз ең алдымен даму туралы болмақ деп есептеймін. Ескінің соңы – әрқашан жаңа бір дүниенің бастауы.

Әлемнің бірде-бір елі қалыптасу кезеңінде, ең алдымен мемлекеттің экономикалық негізін қозғайтын дағдарыс құбылыстарынан қашып құтылмаған. Үлкен күйзелістер мен құлдырауларды Америка, Франция, Англия, Түркия, Германия, Индия және басқа да елдер бастан өткерді. Тек осы сілкіністердің күші ғана әртүрлі болды. Бірқатар елдердің, мысалы, Оңтүстік-Шығыс Азия «жолбарыстары» атанғандардың нарықты қалыптастырудағы «кедір-бұдыры» ішкі саяси тұрақсыздық, жер реформалары мен қаржы дағдарыстары

кезеңдері арқылы өтті. Бұл дағдарыстар, Латын Америкасында болғандағыдай, жекелеген елдерде төңкерістер мен азамат соғыстарынсыз өтпеді және әлемнің кейбір аймақтарында қазір де солай өтіп жатыр.

Барлық осы қиындықтар арқылы өте отырып, бір мемлекеттер өз экономикасын нығайтуға және әлемдік шаруашылық құрылымында еліктеуге тұрарлық үлгі болуға жарады. Басқа бір елдерде оның нәтижесі аз болды: олар әлі күнге дейін өзара қақтығыстардың, тұрақсыздықтың, сыртқы қарыздардың өсуінен соншалықты ауыртпалық әкелген экономикалық күйзелістердің шытырман бұғауынан шыға алмай келеді.

Әрине, бұған әр мемлекетте әртүрлі жағдай болады деп дау айтылуы мүмкін. Географиялық орналасу жағдайы мен экономикалық дамуының ерекшеліктері, өткендегі тәжірибенің өзгешелігі мен ақыр аяғы адамдардың менталитеті – осының бәрі реформа нәтижелеріне және түпкі қорытындыларға объективті әсер етеді. Алайда, менің пікірімше, объективтік себептер әрдайым айқындаушы болып табылмайды, өте көптеген жағдайлар осы елдер басшыларының субъективтік сапасына тәуелді болады. Міне, сондықтан біздің мемлекетті құруға кіріскенде, мен олар бастан өткерген табыстар мен сәтсіздіктерді білу үшін көптеген мемлекеттердің негізін салушы тұлғалардың өмірбаянына көңіл қойып таныстым. Өз елдерінің тарихында аса көрнекті тарихи рөл атқарған тұлғалар өнегесі жетерлік. Олар Түркияның тұңғыш Президенті Кемал Ататүрік, американдық 31-ші Президент Франклин Делано Рузвельт, «қытайлық реформалардың әкесі» Дэн Сяопин, Малайзияның бұрынғы Премьер-министрі Махатхир Мохаммад – бұл қатарды әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Бірақ мен мемлекеттердің негізін салушы болып табылатын және мен үшін жеке басының өнегесімен үлгіге айналған

аса көрнекті екі қайраткерді ерекше атап айтқым келеді. Ол – әлдеқашан өмірден өткен Франция Президенті Шарль де Голль, сондайақ қазір де күйлі-қуатты өмір сүріп жүріп жатқан Сингапурдың негізін салушы Ли Куан Ю.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Француз республикасын парламент дағдарысы бірінен соң бірі жалғасып, жұлмалап жатты. Франция қайта-қайта жеңіліске ұшырады. 1930-шы жылдары Франция саяси тартыстарға тап болып, Германия тарапынан жасалған агрессияға қарсы тиімді күресе алмады және осының нәтижесінде теңіздің ар жағындағы өзінің жерлерінен айырылып қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстың масқарасынан француздар айығып үлгермей жатып, Алжирде ұзаққа созылған қанды азамат соғыстары басталды. Үнді-қытай қақтығысына киліккен француз армиясы вьетнам шаруаларымен соғыста жауынгерлерінен айырылып, өз беделін жоғалтты. 1950-інші жылдардың соңына қарай Франция әлемдік держава мәртебесінен біржолата айырылды.

Саяси дағдарыс экономиканың жалпы жағдайында өз қолтаңбасын қалдырды. Францияға өз тарихының кезекті парақтарын неғұрлым тезірек қайта аударыстыру қажеттігі туындады. Елге француз ұлтын топтастыруға қабілетті күшті тұлға керек болды. Сондай тұлға генерал де Голль еді.

Өз отандастары арасында саяси қайраткерлігімен кеңінен танымал және сөзсіз үлкен беделге ие болған ол күшті де тұрақты президенттік республиканы құруға қолы жетті. Қысқа мерзімнің ішінде Шарль де Голль тізерлеп қалған Францияны тікесінен тік тұрғызды, фашистік жаушылықтан азат болғаннан кейін, оның бұрынғы абыройын қайта оралтты және әлемдік державалар қатарына қайтадан кіргізді. Шарль де Голль өз отандастарына өсиет етіп қалдырған Франция Конституциясы елін қайта түлетіп, Европалық Одақтың жүрегіне айналдырды. Сол уақытта Шарль де Голльді француз демократиясын «өлтіріп, жерлей жаздады» деп кінәлауға дейін



барған сыншылар да аз болмады. Бірде оның сондайларға былай деп жауап бергені бар: «Мен сайлаушылардың тым аңғал ұмытшақтығына, кереғар тенденциялардың ықпалымен бөлініп-жарылуға бейім тұратын француздардың ескі әдетіне, саяси ойындарға әуестігіне қайран қаламын. Осы тенденциялардың ықпалымен, күшті билікке қарсы дүрдараздықтың отын тұтандыра отырып, партиялар өз өктемдігін қалыпқа келтірер еді де, елді қайтадан құлдырауға апарып соқтырар еді. Саяси партиялар режимі Францияны 40-шы жылдардың басында масқара жеңілістерге ұрындырған жоқ па еді».

Келесі мысал – Ли Куан Ю. Отыз жылдан сәл асқан уақыт ішінде ол Сингапурды өмір сүру деңгейі жоғары, дамыған қала-мемлекетке айналдыра алды. Бүгінгі күні Сингапурдегі білім беру мен денсаулық сақтау жүйелері әлемдегі ең үздіктердің бірі болып табылады, жан басына шаққандағы кірісі 25 мың доллардан асты, ал тәуелсіздігін алған кезде ол небәрі 1 мың долларға да жетпейтін еді. Екі миллион халқы бар мегаполис ірі ұлтаралық компаниялардың жұмыс істеуі үшін ерекше тартымды азиялық қалаға айналды.

1991 жылы мамырда Ли Куан Ю биресми сапармен Алматыға келіп қайтқан еді. Міне, сол кезден күні бүгінге дейін жалғасқан біздің өзара достығымыз басталды. Ол Қазақстанда өткізген бес күннің ішінде біздің еліміздің жағдайымен танысып, менің өтінішім бойынша, сол кезде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде жұмыс істеп жүрген жас экономистер тобы алдында сөз сөйледі.

Табан астында ұйымдастырылған лекцияда Ли Куан Ю мемлекет-қаланың қалай құрылғаны, қалай дамығаны туралы әңгімеледі. Ол тыңдаушылар назарын 1965 жылы Сингапурдың тәуелсіздік алуымен байланысты тап болған проблемаларға аударды. Бұл негізінен мемлекеттік институттар мен өз армиясын құруы, ұлтаралық келісімдерді

сақтауы және көрші мемлекеттердің Сингапур ісіне араласпауы жөніндегі проблемалар еді. Сингапур өз экономикалық саясатын сүйей отырып, сингапурлықтардың ерік-жігері мен еңбексүйгіштігіне негіздеп жүргізді, порттың тиімді географиялық жағдайына және кадрларының жоғары біліктілігіне арқа сүйеді.

Сингапур Премьер-министрі өзінің ерекше мінезімен, жігерлі сөзімен және жарқын бейнесімен аудиторияны бірден баурап, үйіріп әкетті. Шығысқа тән биязылығымен және өрнекті ойымен Ли Куан Ю үлкен мемлекетті үлкен кемеге теңеп, оның ебдейлі қимылы үшін кең жер және қауіпсіз тереңдік қажет екенін, әйтпесе кеме төңкеріліп қалатынын айтты. Басқаша айтқанда, КСРО мен Қытай секілді тұғырлы мемлекеттер үшін түбегейлі экономикалық реформаларды, содан кейін саяси реформаларды жүргізуге ұзақ уақыт және түбегейлі есептеулер қажет екен. Сонымен бірге, Сингапур мен Қазақстан секілді елдерден Тарих түбірлі өзгерістер мен қатал тәсілдерді талап етеді екен, ұзақ ойлану мен толғануға уақыт бермейді екен.

Ли Куан Ю өз лекциясында Батыс және Шығыс Германияның, Солтүстік және Оңтүстік Кореяның дамуынан мысалдар келтіре отырып, аудиторияны коммунизмнің ешқандай болашағы жоқ екеніне сендіруге тырысты. Бірыңғай мәдениеті, менталитеті, климаты және табиғи ресурстары бола тұрып, коммунистік жүйедегі елдер өздерінің капиталистік туысқандарымен бәсекелесе алмағанын айтты.

Тәжірибелі саясаткер және мемлекеттің көшбасшысы Ли Куан Ю КСРО-ның сөзсіз құлайтынына, алайда соған қоса, ол Қазақстанның болашағы зор екеніне күні бұрын таза сенімде болды. Дегенмен жұрттың көбі сол кезде оның біздің елдің атына айтылған сөзін тек шығыстық қонақтың дипломатиялық сыпайылығы деп қабылдады, алайда Уақыт оның көрегендікпен айтылғанын көрсетті.

Сонда біздің алдымыздан белгісіз болашақтың есігін ашып, 1991 жыл тұрған-ды. Адамзат тарихындағы ең ірі империяның бірі КСРО-ның құлауына санаулы апталар ғана қалған. Жаңа дәуір, ал сонымен бірге біз күтпеген жаңа өзгерістер келе жатты. Сексенінші және тоқсаныншы жылдар кезеңінде әлем индустриялық қоғамнан постиндустриялық қоғамға екпіндеп енді. Ғылыми-техникалық прогресс мемлекеттердің экономикалық құрылымын еріксіз өзгертті, ал мұның өзі олардағы қоғамдық құрылымға ықпалын тигізді. Жаһандану алдын ала өзгерістерге дайын тұрмаған елдерге қауіп төндіре келді, оларға тарихтың күресінінде қалатындай қатер туды.

Жаһандану үрдісінің күшеюі мен коммунистік жүйенің құлауы бір-бірімен нақты қалай байланысты болғанын саясатшылар мен экономистердің пікірталасына қалдырайық. Ал біз үшін Кеңес Одағының, жалпы оның өте қолапайсыз экономикасы мен әскери-өнеркәсіп кешенінің постиндустриялық қоғамға бейімделе алмағаны факт күйінде қалады. Ол мың құбылған әлеммен бірге өзгере алмады – онда оған орын тимеді. КСРО реформа жүргізуге талпынды. Бірақ бұл ең алдымен саяси жүйеге тірелген өзгеріс болды. Экономиканы реформалау екінші кезекке қойылды. Нәтижесінде экономикалық дағдарыс алып мемлекеттің құлауына әкеліп соқты.

Жоспарлы-әкімшілдік экономиканың бұзылуы, сондай-ақ одақтық өндірістік тізбектер мен экономикалық байланыстардың үзілуі салдарынан Қазақстан басқа да одақтас республикалар секілді тығырыққа тірелді. Енді жоспарлы-әкімшілдік экономикадан нарықтық қатынасқа «көшу» керектігі айқын болды.

Алайда қазіргі заманның экономика ғылымы осы жаңа тенденцияларға сай келетін нарықтық экономикаға көшудің айқын моделін бере алмады. Бұл секілді «көшуге» арналған кереметтей бір шешім немесе қалай да бірыңғай

амал болмады. Сірә, ондай өзгерістің жалпы моделі болмауы да мүмкін. Қалай болғанда да, бізге өз жолымызды іздеу қажет болды.

Міне, осындай ізденістер үстінде біз талай сапарларда болып, шын мәнінде әлемдік деңгейдегі үлкен тұлғалармен кездестік. Біздің мемлекеттің қалыптасуы Маргарет Тэтчер, Франсуа Миттеран, Гельмут Коль, үлкен Джордж Буш, Ли Куан Ю, Иоанн Павел II және басқа да көптеген көрнекті дүние жүзі қайраткерлерінің сергек назар аударуы жағдайында жүзеге асты. Сондай адамдармен араласу арқылы біздің әлемдік кең ауқымдағы көзқарастарымыз қалыптасты. Олармен пікір алысып, қарым-қатынаста болу менің дүние жүзі қандай даму кезеңінде жүріп жатқанын және Қазақстан әлемдік картада қандай орын алуы керектігін ұғынуыма көмектесті. Біз әрдайым ашық әңгімеге дайын болдық және бұрыннан таныс емес жаңа идеяларға құлақ асып, өз атымызға айтылған сындарды дұрыс қабылдадық. Егер де басқа елдердің тәжірибесі біз үшін қызықты болса, оны батыл қабылдадық және өзімізге енгіздік.

Айталық, мысалы, халықаралық бәсекелестік жағдайына неғұрлым тез ыңғайланған азиялық «жолбарыстар» үшін посткеңестік кеңістіктегі экономикалық дағдарыс жылдары неліктен алтын жылдар болғанын біз ұзақ сараладық.

Біз өзімізге мынадай сұрақ қойдық: Оңтүстік-Шығыс Азияның кедей елдері 30 жылдың ішінде қайыршылықтан әупірімдеп қалай шықты және өркендеп дамыған индустриялық мемлекеттердің қатарына қалай жетті? Олардың алғашқылары Корея, Тайвань және Сингапур еді, сонан кейін оларға Малайзия, Индонезия мен Тайланд келіп қосылды. Сол кезде Байқоңыр айлағынан кеңестік ғарышкерлер ғарышқа ұшып жатқанда, жоғарыда аталған мемлекеттер өздерінің жер реформаларын енді ғана аяқтап, ал сауатсыз шаруалары болашақ мегаполистерді толтыра бастаған еді.

Ол – ол ма, бұл елдердің көбі өз дамуын мемлекет экономикалық бағдарларын бірден айқындап, елдің экономикалық өміріне күнделікті араласып отыратын жүйенің негізінде бастады. Бұл елдердің үкіметтері өз дамуының белгілі бір кезеңінде өзін жаппай жоспарлаудан дер кезінде аулақ ұстауға және жеке бастамаға көбірек мүмкіндіктер беруге жеткендей көрінді. Мемлекет өз тәсілдерін нарықты шектеу үшін емес, оны ынталандыруға және дамуын жылдамдатуға пайдаланды. Нәтижесінде, бұл елдердегі тәжірибе түріндегі мемлекетті басқарудың азиялық тәсілі – бүкіл әлемде «басқарылатын нарық моделі» деген мойындауға ие болды.

Біз үшін Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде экономикалық шаралардың жан-жақты ойластырылған пакетін жасап қана қоймай, оларды саяси ерік-жігер және дербестігімізді нығайту арқылы дәйекті түрде жүзеге асыру мәселесі тұрды. Жүргізіліп жатқан түбірлі өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, одан кейінгі даму тенденцияларын алдын ала көре білу, ондаған миллион адамдардың мүддесіне сай келетін неғұрлым тиімді қайта құру стратегиясын таңдап алу қажет болды. Оның үстіне, мұны қысқа мерзімде жасау керек еді. Тарих ұзақ сонар зерттеулер мен ой қорытуларға уақыт қалдырмады. Әлем екпіндеген күшті қарқынмен өзгеріп жатты. Ал бізге тек экономикалық жүйені ғана емес, жалпы мемлекеттік құрылымды да, оның ең түпкі негізінен бастап, тіпті әрбір қазақстандықтың ой өрісіне дейін осыған бейімдеу қажет болды. Және де сонымен бірге, былайша айтқанда, біз барлық қалған әлемді «қуып жетушінің» жағдайында болдық.

Ескі топтағы біздің көптеген кадрларымыз бұл өзгерістердің болмай қалмайтынын түсінбеді. Қаншама жылдар бойы барша әлемге жабық болып келген біз жаһанданудың төндіретін қаупін толық мәнінде көз алдына келтіре алмадық. Сонымен бірге оның мүмкіндіктерін де ескермедік. Бізде ашық әлемде

«өмір сүру тәжірибесі» деген болмады. Сингапур Премьер-министрінің 1991 жылғы лекциясы біз үшін ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияны жасау кезінде бағыт-бағдар берді. Өз даму жолымызды табу үшін неге қол жеткізсек дейміз, бізге соны айқындап алу қажет болды.

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ» 1992 ЖЫЛ

1992 жылдың басында жасалған «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» біздің орташа мерзімдегі тұңғыш жоспарлау тәжірибеміз болды. Бұл өткен жылдардың былығынан даму жолын айқындап алып ойластыруға бағытталған алғашқы талпыныс еді, сондықтан оны бірінші үшжылдық жалпымемлекеттік жоспар деп сенімді түрде атауға болатын-ды.

Тәуелсіздік алысымен алғашқы кезектегі маңызды мәселелерді шешуіміз талап етілді. Бірінші кезекте мемлекет ретінде қалыптасуымыз қажет болды. Бұл дегеніңіз биліктің мемлекеттік институттарын құрудың, жалпы халықаралық аренада танылуға жетудің, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдарға кірудің қажеттігін көрсетті. Қазір, өткенге қарайлай отырып, бұл жоспар көбіне-көп тірі қалудың стратегиясы ретінде өз мақсатын орындап шықты деп нақты айта аламыз. Атап айтқанда, ол біздің кім екенімізді, таяу және алыс болашақта кім болатынымызды айқындап берді.

*«Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ, тоғышарлық мүдде, жеке бастың бір сәттік материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алады. Сөйтіп, соның сал-*

*дарынан қоғамдық азғындау басталады. Бүгінде біздің қозғалысымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге әркімнің сенімді болуына мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын да нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан да қажет».*

**Қазақстанның егемен мемлекет ретінде  
қалыптасуы мен дамуының стратегиясы,  
1992 жыл**

Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білу жөніндегі мәселенің идеологиялық іргетасын қалаған республиканың тұңғыш ресми құжаттарының бірі болды. Стратегия, өткенге қысқаша тарихи шолу жасай келіп, Қазақстанның қазіргі замандағы шекарасы алғашында тайпалардың этникалық мекен еткен ата қонысы, кейінірек қазақ ұлтын құраған және қазіргі Қазақстанның барлық жеріне бақылауын жүргізген халықтың тарихи жері болғанын айтып түсіндірді. Біз тәуелсіз мемлекет өзінің қазіргі көрінісімен сақталып келгенін – ол әлде біреудің қазақтарға берген сыйы емес, біздің тарихи отанымыз, қазақтың ежелден бергі жері екенін ресми түрде мәлімдедік. Біз халыққа айқын бағдар бердік. Сондай-ақ біз мемлекеттің унитарлық тұтастығын, оның жерінің бірлігі мен мызғымастығын қамтамасыз ету үшін билік барлық конституциялық амалдарды пайдалана алатынын ашық айттық. Бұл сондайлық аумалы-төкпелі кезең үшін маңызды мәлімдеме болды.

Күшті президенттік билікке құрылған егемен мемлекеттің дамуы стратегиялық мақсат ретінде айқындалды. Жас республикаға мемлекеттілік нобайын айқын белгілеп алу қажет болды. Уақыттан ұтылып қалмауды және дағдарыстың әрі қарай тереңдей түсу қаупін ескере келіп, президенттік билік кезек күттірмейтін мәселелерді шешу үшін топтасуға және ымырашыл-жартыкештердің ақыл кеңестері мен ізденулеріне

көңіл аудармай, қысқа мерзімде алғашқы кезектегі реформаларды жүргізуге мүмкіндік берді. Сол кезеңде негізгі міндеттерді шешуді көздеген жаңа министрліктер құрылды. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет қарулы күштер, дипломатиялық және кедендік қызметтер секілді мемлекеттік институттар құрылды. Мемлекеттік шекараны айқындап, нығайту жөнінде шаралар қабылданды. Мұның бәрі ірі қаржы ресурстары мен батыл әрекеттерді талап етті.

Осы құжат арқылы біз шаруашылық практикасындағы орнығып қалған консерватизмді, жекелеген басшылар мен тұтастай алғанда тұрғындардың ойлау жүйесіндегі енжарлықты жеңе отырып, меншікке көзқарасты өзгерту жөнінде, бәлкім, тұңғыш рет ең күрделі қадамдар жасадық.

Стратегия негізгі екі экономикалық принципті жария етті. Біріншіден, бәсекелестікке негізделген әлеуметтік нарықтық экономиканы құру. Екіншіден, адамның экономикалық тұрғыдан өзін-өзі пайымдауы принципін жүзеге асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар жасау. Мемлекет болашақта мемлекеттік меншік үлесінің 30-40 пайызға дейін қысқаратыны туралы ресми түрде мәлімдеді. Алға қойған экономикалық мақсаттарға жету үшін тиісті бюджеттік, салықтық, қаржы-несиелік және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру кезінде экономиканы реттеудің жанама тәсілдерін қолдану ойластырылды.

*«Республикада тоталитарлықтан кейінгі кезеңге сай саяси және экономикалық билікті шектеу, мемлекеттің меншікке абсолютті монополиясын жою процесі жүретін болды. Соңғысы меншіктің жеткілікті түрде ықпалды және қомақты мемлекеттік емес түрін неғұрлым белсенді жекешелендіру мен жұмыс істеуінен, экономиканың және тұтастай алғанда қоғамның дамуына тұрақтылық беретін*



*меншік иелерінің қалың орташа жігін құрудан көрінеді. Нақ осы жік қоғамда масылдық пиғылдар, тегін көмек сұрау және экономикалық қиыншылықтар туған жағдайда өкіметке шағымдану әдеті сияқты теріс құбылыстарды жоюға мүмкіндік туғызады».*

**Қазақстанның егемен мемлекет ретінде  
қалыптасуы мен дамуының стратегиясы, 1992 жыл**

Құжаттың өзімен жұмыс істеу айтарлықтай қиын жүрді. Мен жас экономистердің екі тобы үшін стратегияның мақсаты мен міндетін тұжырымдап бердім. Ол менің қатысуыммен сан қайтара талқыланды. Оған мамандардың түрлі топтарының өкілдері мен шетелдік кеңесшілерімді қатыстырдым. Әрине, біздің мамандарда консерватизм немесе, дұрысын айтқанда, «ойдың тоқырауы» жетіп артылатын. Алайда, түптеп келгенде, қажет еткен құжаттың дәл сол мәтіні дайындалып шықты.

Стратегия Қазақстанның жоспарлы экономикадан нарыққа, тоталитарлықтан либералдық саясатқа көшетінін белгіледі. Жұрттың көбі бізді түсінбеді. Жоғарғы Кеңес пен оның басшылығы халық мұндай идеяны қабылдауға дайын емес деген желеумен жекелеген принциптік ұстанымдарды қайта қарауды талап етті.

Мен осы топқа басшылық жасау міндеті жүктелген, сол кездегі Вице-президент Ерік Асанбаевқа өте ризашылығымды білдіремін. Бұл топқа жас экономистер – С. Аханов, Ө. Шүкеев, О. Жандосов, Г. Марченко және басқалар кірді. Олар Жоғарғы Кеңес (кеңестік Парламент осылайша аталатын) депутаттары алдында құжатты қорғап шықты және өмірдегі болып жатқан өзгерістердің мәнін әлі түсіне қоймаған немесе жаңалық атаулыдан қорыққан көптеген сыншылардың консервативтік ұстанымдарына қарсы тұрды. Жоғарғы Кеңестегі пікірталастар қызу болды.

Былайша айтқанда, Стратегияның түйінді идеялық мәні «жақсы тұрмыс – баршамыз үшін» деген ұғым болды. Бұл

идеяның авторы – белгілі неміс экономисі, ФРГ-нің экономика министрі, кейінде канцлері болған Людвиг Эрхард. Оны кереметтей тиімділікке жеткен Германиядағы нарықтық реформалардың «патриархы» деп атайды. Он жыл бойы германдық экономикалық өсу жылына 8 пайызға жуық деңгейде болды, бұл сол уақыттағы әлемдегі ең жоғарғы деңгей еді. Атап айтқанда, Эрхард реформаларының осындай нәтижесі арқасында «германдық экономикалық керемет» деген ұғым айналымға енді. «Жақсы тұрмыс – баршамыз үшін» деген принципті ұстана отырып, біздің мемлекет кәсіпкерлік еркіндік пен қызметтің кез келген қалаулы саласына күш жұмсау мүмкіндігін ниет еткен әрбіреуді қамтамасыз ету арқылы баршаға қолайлы жағдай туғызатынын мәлімдеді. Мұндай жағдайда неғұрлым қабілетті, еңбекқор және іскер адамдар қоғамда соғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебеге жететін болады. Сонымен бір мезгілде біз экономиканың өсуі мен тұрақтануына, оның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануына қарай еңбек кірістерін, зейнетақылар мен жәрдемақыларды көтеруге уәде бердік. Тарихтың өзі көрсеткендей, біз берген уәдемізді орындап шықтық.

Стратегияда сондай-ақ біз ұлттық валютаны енгізу туралы ниетімізді жария еттік. Сонымен қатар бұл мәселені тек экономикалық дағдарыстан шығып, тұрақтандыруға жеткеннен кейін қарастыратын боламыз деп ескерту жасадық. Кеңестік рубль өтпелі кезеңнің жалпы валютасы ретінде қарастырылды, өйткені біз ол кезде жаңа валютаға көшуге әлі дайын емес едік. Бұған қоса тауар айырбасы кезіндегі есеп айырысулардың барлығы рубльмен жүргізілді. Және де ресейлік басшылық белгілі бір уақытқа дейін рубль кеңістігін сақтауға уәде еткен. Алайда Ресей үкіметі басшылығында бізге: «рубль аймағында біржола қаласыңдар, әйтпесе сендердің экономикаларыңды құлатамыз» деуші адамдар пайда болды. Содан кейінгі он сегіз айдағы оқиғалар рубль

аймағы туралы біздің қауімізді растады, бірақ ол туралы мен келесі тарауларда айтатын боламын.

1992 жылдың аяғында менің бұл стратегия тек үлкен жолдың басы ғана деп мәлімдеуіме сенетіндер аз болды. Дағдарыстың нағыз қызған шағында стратегия әрбір адамның тең мүмкіндіктерді өз еркімен таңдауына және өздерінің экономикалық, әлеуметтік және саяси мүддесін жүзеге асыру үшін экономикалық тұрғыдан өзін-өзі пайымдауына жол ашатын көп укладты нарықтық экономикасы бар кәдімгі демократиялық қоғамды құруға арналған бағытын айқындады. Біз заң, халық еркі мен таза ақыл-парасат билік ететін қоғамды құруға ұмтылды. Ол іскер де ақылды адамдардан тұратын ауқатты және табысты азаматтардың қоғамы еді.

Үкімет алғашқы үш жыл бойына (1992–1994 жылдары), бізге кездескен саясаттағы және басқа да салалардағы қиындықтарға қарамастан, экономиканы ырықтандыруға, нарықтық қатынастардың заңдық және институттық базасын жасауға, нарықты тұтыну тауарларымен толтыруға талпынды. Экономиканы ырықтандырудың жүзеге асырылуы еліміздің өндірістік және экономикалық әлеуетін қысқартуға ықпал еткен көптеген проблемаларды анықтады. Бұл проблемалар экономиканың техникалық жағынан артта қалуымен, тауарлардың және қызмет көрсету түрлерінің бәсекеге қабілетсіздігімен, мемлекеттілік және нарықтық институттардың, заңдық базалардың, қаржы және кадр ресурстарының болмауымен байланысты еді.

Сол кезеңде Қазақстан мен оның басшылығы атына көптеген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан айтылған өте көп сындар, кейде тіпті ақылға сыймайтын сандырақ пікірлер мен пайымдаулар болды. Бұл мәлімдеулерде Қазақстанда реформа жүргізудің орындылығы, шекараны қайта қарау мүмкіндігі және тағы басқалар туралы мәселелер өткір қойылды.

3. Бжезинский бастаған американдық саясаттанушылар республиканың көпұлтты құрамына байланысты қорқынышты ішкі этносаралық қақтығыстардан немесе бізді Ресей, Қытай, мұсылман мемлекеттері секілді елдердің жұтып қоюынан қауіптенді. Мысал үшін З. Бжезинскийдің «Ұлы шахмат тақтасы» кітабынан мынадай үзінді келтірсек те жеткілікті:

*«Бұл республикаларда тек элита өкілдері ғана емес, тіпті, қарапайым адамдардың да барған сайын ұлтшылдық пиғылға ауысуы және, сірә да, көп жағдайда мұсылмандық бағытты ұстануы болмай қалмайтын нәрсеге айналуға. Қазақстанда, яғни табиғи ресурстардың үлкен қоры бар, бірақ 20 млн адамдай ғана тұрғыны орналасқан, қазақтар мен славяндар арасында шамамен тең болып бөлінген ұлан-ғайыр елде, лингвистикалық және ұлттық алауыздықтың, байқауымызша, өрши түсу тенденциясы бар».*

**З. Бжезинский, «Великая шахматная доска» (Brzezinski Z., «The Grand Chessboard. American Primacy and Its Geostrategic Imperatives», 1998)**

Сыншылдық сарынды Ресейдің тәуелсіз басылымдары бастағанын да айтуымыз керек. Олардың беттерінде Солже-ницын секілді Жириновский де ерекше көзге түсті. Қазақстан деген бұл уақытша құбылыс, ол тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүре алмайды, Қазақстанда орыстардың құқысы шектелудеміс деп мәлімдеді ол. Ресейлік жаңа либерал саясатшы-экономистер: Қазақстан Ресей Федерациясымен байланысын жоғалтып, банкротқа ұшырайды да, «Ресейге тізерлеп өзі-ақ келеді», – деп сәуегейсіді.

*«...қазіргі экономикалық саясат сақталған жағдайда, деп болжайды ресейлік сарапшылар, Қазақстанды таяу*

*болашақта гиперинфляция, дәлірек айтқанда – ұлттық валютаның күйреуі мен жалпы қаржы-экономика апаты күтіп тұр. (...) өлім қаупі алдағы жылдың наурызынан кешікпей келеді».*

**«Независимая газета»,  
27 мамыр 1994 жыл**

Тарихтың өзі көрсеткендей, бұл «болжамдардың» бәрі жүзеге аспады. Ол – ол ма, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі он жылдан соң, посткеңестік кеңістікте Қазақстан көптеген салаларда көшбасшы болды. Елімізде тұрақты әлеуметтік-саяси жағдайдың сақталуы, ұлттық валютаның табысты енгізілуі, халықаралық қаржы институттарына кіруі және экономиканың әкімшіл-әміршіл принциптерінен түбегейлі бас тартуы, осының нәтижесінде, халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды мойындауы – экономика саласын реформалаудың алғашқы кезеңіндегі басты жетістіктер осындай болды.

Мемлекетіміз бен экономикамыздың тәуелсіздігін қалыптастыру мен нығайту кезеңінде кәсіби шебер кадрлардың жетіспеушілік проблемасы өткір сезілді. Бізге қазақстандық мамандарды – экономистерді, заңгерлерді, әскерилерді, қаржыгерлерді және басқаларды бұрынғы Одақ бойынша іздестіруге тура келді. Көбін отанына оралуға үгіттеп жатудың да қажеті болмады. Олардың бәрі өз ісінің шебері және Қазақстанның патриоты болды. Дәл сол кезеңде Қазақстанға көптеген кәсіби шеберлігі жоғары кадрлар қайтып оралды, кейіннен олар мемлекеттік қызметте биік лауазымдарды иеленді.

Дегенмен, оңтайлы экономикалық үлгіні іздестірумен қатар, идеялық бағытты айқындап алу да өте маңызды мәселе болды. Мен өз ойларымды 1993 жылы шыққан «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде»

атты шағын еңбегімде жинақтап айттым. Ол кезде жалпы жұрттың санасында түсінбеушілік қатты орын алған еді. Бірақ белгісіздік тұманы арасынан келешектің негізгі үш түрі қылаң берген. Олар: әлі де өте күшті социалистік идея, дәстүршілдік және либералдық идея еді. Бізге түрлі нұсқалардың арасынан таңдау қажет болды. Алайда жағдайды сараптап келгенде, қоғам дамуының көптеген елдер сынап көрген дайын нұсқаларының барлығы бірдей бізге сай келмейтініне менің көзім жетті.

Социалистік идея жөніндегі ахуал біршама түсінікті болды. Экономикадағы, саясаттағы, халықаралық қатынастардағы жаппай дағдарыс, айтса айтқандай, көз алдымызда тұрды. Социалистік экономиканың статистикалық «кереметін» өз тәжірибемде сынап көрген адам ретінде маған артқа жол жоқ, тек алға жүру керектігі түсінікті еді.

Дәстүршілдік жөніндегі жағдай күрделірек болды. Ұлтты сақтау үшін мәдениет саласында дәстүршілдік өте маңызды екеніне қарамастан, ол саясаттан жол тауып шығуға болмады. Сонда қоғамдық құрылымның архаистік түрі – ру-тайпалық психологияны тірілтуге негізделген саяси идеологияның дәстүрлі үлгісі бізге мүлде қабыспайтынын менің сан мәрте ескертуіме тура келді. Түрлі трайбалистік көзқарастар мен пікірталастардың қауіптілігі маған сол кезде-ақ түсінікті еді. Сондықтан он бес жыл бойғы менің іс жүзіндегі саяси қызметім кез келген трайбалистік пиғылдың жолын кесуге бағытталып отырды.

Солай дей тұрғанмен, саяси идеология ретіндегі дәстүршілдік ру-тайпалық қайшылықтардың күрт күшеюіне амалсыз әкеле жатты. Әлі есімде, 1993 жылы жас саясатшылардың бір тобы маған қазақ қоғамындағы трайбализм тетіктеріне және оның мемлекет болашағына тигізетін ықпалы жөнінде баяндама алып келді. Баяндама аса байыпты түрде әзірленіп, онда ықтимал перспективалар егжей-тегжейлі түсіндірілген

екен. Алайда мен оны бір шетке ысырып қойдым да, үнемі мониторинг жүргізу арқылы проблеманы зерттеудің қажеттігін, бірақ қазір қоғамды дүрліктірудің, әсіресе осыған байланысты қоғамдық пікірталастарды тудырудың керегі жоқтығын айттым. Уақыт менің айтқанымның дұрыстығын көрсетті.

Либералдық идея жөніндегі жағдай қиындау еді. 1990 жылдардың бас кезінде либералдық идея элита өкілдерінің көпшілігіне барлық аурудан айығудың еміндей болып көрінген. Мемлекет қайраткері ретінде маған соншама тез сенгіштіктің қажеті жоқ еді. Иә, либералдық идея Батыстың әлемдік саясат теориясы мен тәжірибесіндегі ең әйгілі әрі көрнекі үлестерінің бірі және планетаның тұтастай аймақтарында үстем саяси идеология болатын. Дегенмен, сол кезде-ақ батыстық либералдық идеологияны Қазақстанға қарапайым тәсілмен ауыстыру кезінде оны іске асырушылар – кең мағынада, соның ішінде саяси мағынада – мәдениет сынды құбылыспен қақтығысатыны түсінікті болды. Оның сипаты мен мұраттарын лезде өзгертуге болмайтын еді. Саяси мәдениеттің тұрпатын біртіндеп, өркениеттілік әдіспен нақты реформалар негізінде түбегейлі жаңарту қажет еді.

Бұл айтылғандардың бәрі сонау 1993 жылы болғанын еске сала кетейін. Бүгінде бұл сипаттаулардың бірде-бір сөзін өзгертуге болмас еді. Біздің бағыттардың жүйесі соншалықты айқын болып ұсынылды. Бұл өте ықшамдалған бағдарлама еді. Саяси және экономикалық салаларда төрт бағыт және идеялық біріктіру саласында да төрт бағыт болды. Мен сол кезде жария етілген бағыттарды өзгерткенім жоқ. Ал енді осының төрелігін өздеріңіз айтып көріңіздер.

Бірінші. Формалды-құқықтық тәуелсіздіктен нақты тәуелсіздікке ауысу міндеті қойылды. Екінші. Бұл кезеңде мемлекеттілікті нығайту стратегиялық бағыт болып таңдалды. Бізде мемлекеттілік атрибуттары енді ғана пайда болған

еді. Үшінші. Жүйелі және кең көлемді экономикалық реформалар бағыты таңдап алынды. Төртінші. Сыртқы экономикалық әріптестерді таңдаудағы прагматизм және тұтастай прагматикалық сыртқы саясат.

Идеологиялық жаңарудың мән-мағынасы мынадай төрт бөліктен тұрды. Біріншіден, ұлтаралық келісім. Біз бұл идеяны кейінгі жылдары тамаша жүзеге асырдық. Екіншіден, ішкі ұлттық бірлік. Біз ру мен жүз, аймақтар және басқа да аумақтық бірліктер бойынша қазақтардың өздерінің жікке бөлінушілігін болдырмауға қол жеткіздік. Көптеген елдер үшін, бүгін біз көріп отырғандай, бұл тек актуальды ғана емес, қайта қатаң саяси проблема түрінде сақталып келеді. Үшіншіден, қазақстандық қоғамды жаңғырту идеологиясы жария етілді. Азаматтық қоғам институттарын, көппартиялылықты, тәуелсіз ақпарат құралдарын, үкіметтік емес ұйымдарды құру – осының бәрі жаңартылған идеология жүйесіне кірді. Ақыр соңында біз діни қозғалыстар әлеуетін де дұрыс бағаладық және діни төзімділік пен дін ұстанушылар бостандығы қажеттігін қағида етіп алдық.

Бұл ережелердің бәрі де уақыт сынынан сүрінбей өтті.

## ПРЕЗИДЕНТ МЕМОРАНДУМЫ, 1994 ЖЫЛ

Алғашқы табыстарға қарамастан, әлі де шешімін таппаған көптеген проблемалар жинақталып қалған еді. Мені ерекше алаңдатқан соның бірі – адамдардың болып жатқан өзгерістерді қабылдамауы болды. Экономиканың қатаң құлдырауы мен дағдарысы жағдайында мен Жоғарғы Кеңестің отырысында «Президенттік Меморандум» деген атпен мәлім болған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне Жолдаумен шығып сөйледім. Ондағы басты мақсат мемлекеттік биліктің жоғарғы эшелоны, сондай-ақ саяси партиялар мен бірлестіктер Қазақстанда қалыптасқан ахуалға



нақтылықпен қарап, дұрыс қорытынды шығарса және ақыр соңында келісіп әрі сындарлы жұмыс істесе деген ой болды. Бұл тәуелсіздіктің үшінші жылы еді, халыққа енді өткенге қайтып оралуға болмайтынын ашық айту керек болды.

1994 жыл көптеген аспектілерде бетбұрыс жылы болды. Меморандум ақша-несие және банк жүйелерін түбегейлі реформалауды көздеді. Елімізде жарты жылдан бері ұлттық валюта қолданылып жатқан. Келесі батыл қадам теңге бағамын тұрақтандыру мен жойқын инфляцияны ауыздықтауға бағытталды. Мемлекет қалыптасқан дағдарыс жағдайынан шығудың жалғыз ғана жолы ретінде қаржыны тұрақтандыруға жетуді негізгі міндет етіп қойды.

Біз азаматтарымызға мемлекет өзінің барлық шығындарын, бұған қоса түрлі тікелей және жасырын дотацияларын, субсидияларын, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ұстаудың шығындарын қысқартатынын тура айттық. Үкіметтен бюджеттік кірістер мен шығыстарды қатаң бақылау талап етілді. Экономиканың жекелеген салалары мен тармақтарының пайдасын көздеп немесе оларға қысым жасап ықпал етушілік атаулының жолы кесілді. Мемлекеттік бюджет мемлекеттің саяси құралы болып табылатыны, оның корпоративтік, аймақтық және басқа да мүдделер үшін талан-таражға салынбайтыны мемлекеттік деңгейде мәлімделді. Үкімет үшін екінші бір маңызды мақсат – көлік, энергетика және минералдық ресурстар секілді түйінді салаларға шетелдік ірі инвестицияларды барынша көбірек тарту болды. Бұл кезеңдегі тағы бір елеулі оқиға Ұлттық Банктің Жоғарғы Кеңес пен Үкіметке тәуелсіздігі болды.

Дәл осы уақытта мемлекеттік аппаратты қысқарту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген шаралар жүргізілді. Кеңес өкіметі кезінде облыстар мен аудандар санын көбейту үшін орталықтан ақша қағу сәнге айналған еді. Бұл мемлекеттік шенеуніктер санын тым ұлғайтып жіберді. Республиканың

бірінші басшысы Саяси Бюроның мүшелігінен үміткер болу үшін, Украинадағы секілді, облыстардың санын кемінде 20-ға жеткізу қажет болатын. Бізде олардың саны 19-ға жеткізілген. Кезекте 20-шы облыс түр еді Бірақ оған үлгермеді.

Осының бәрі дотациядағы облыстар мен аудандар санын ұлғайтты. Бірақ та олар экономикалық әлеуеті жағынан да, адам саны жағынан да қойылған талаптарға сай келмеді. Есесіне әр облыста, әр ауданда биліктің барлық құрылымы болды: обком, облатком, облыстық сот, облыстық ІІБ, облыстық халыққа білім беру бөлімі, облыстық денсаулық сақтау бөлімі және солардың аудандық бөлімшелері. Мұндай бюрократтық жеті басты айдаһар кез келген жаңалықты немесе бастаманы оң көрмеді. Дәл сол себепті әкімшілік реформа біз жария етіп, қолға алған реформалар шеңберіндегі алғашқы қадамдардың бірі болды.

1994 жылы оңтайландыруды жүргізудің есебінен біз 19-дың орнына 14 облыс және 230-дың орнына 169 аудан құрдық. 25 мың қызметкер қысқартылып, миллиондаған теңгенің қаржысы үнемделді, мұның бәрі зейнетақы мен еңбекақыны төлеуге жұмсалды. Сол бір Ресейдің өзінде біздің реформадан кейін, тек он жылдан соң ғана, осыған ұқсас әкімшілік реформалауды жүргізуге алғашқы талпыныстар жасалды.

Біз еңбек адамына өз салықтарының есебінен соншама бастықты асыраудың қажеті қанша деген қарапайым қисынды басшылыққа алдық. Жарайды, егерде оларды ұстауға облыстың кірісі жетіп жатса бір сәрі. Жоқ, бізде оған керісінше, өзін-өзі қамтамасыз ететін облыстар есебінен ақша аударуға тура келіп отырды. Өздерінің жылы орнынан айырылған шенеуніктер, әрине, менің бұл шешіміме қарсы болды. Осыны пайдаланған кейбір саясатшылар мұны әдейі өз мақсатына жарату үшін, облыстар мен аудандарды қайта құруға шақырды. Бұл мәселелердің барлығын тек өзі отырған креслосы мен жылы

орнынан айырылғандар ғана көтеріп жүргенін жұрттың ұғынуы керек. Тұрмыстың бүгінгі жақсара түсуі бізді босаңсытпауы тиіс. Мемлекеттік аппарат пен оның шығындарын ұлғайтуға жан сала азғырушылық дәл осындай үлкен кірістердің уақытында пайда болады. Менің ойымша, мемлекет одан әрмен қарай да бұл шығындарды өз бақылауында ұстауға ұмтылуы керек. Біз әкімшілік реформаларды әлі аяқтағанымыз жоқ. Олар бізді әлі де алда күтіп тұр.

Төленбеген өтемдер дағдарысын еңсеру кәсіпорындарды «ауру» және «сау» деп бөлу тетіктерін іске қоспай мүмкін болмады. Әлсіз кәсіпорындардан оларды қайта құру немесе банкротқа ұшырату жолымен ғана құтылу көзделді.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үрдісі әлеуетті меншік иелерінің тобын құруды, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы мен оның ішкі құрылымын қалыптастыруды талап етті. Құқық реформаларын жүргізу міндеті жеке ірі блок болып тұрды. Оған реформаның экономикалық блогының «тіреуіші» және олардың пәрменді жүргізілуі үшін өзінше локомотив болу рөлі берілді.

Бірақ еліміз үшін аса қиын сол кезеңде қоғамдағы психологиялық ахуалдың тепе-теңдігін сақтау ең басты мәселе болды. Өкінішке қарай, кейбір популистер жуық арада тамаша жақсылықтар жасаймыз деп дәмелендірді, ал кейбіреулер алдымызда апат күтіп тұр деп сәуегейсіді. Алайда тек шыншыл ұстаным ғана әділ болуы мүмкін еді. Мен депутаттарға осыны жеткізуге тырыстым.

*«Егер біз өз отанымыздың нағыз патриоттарымыз десек, егер шынында дағдарыстан шыққымыз және халыққа жақсы өмір бергіміз келсе, біз қиындықтарға баруымыз және оларға шыдауымыз керек. Осыдан 50 жыл бұрын, нацистік Германияға қарсы соғыс кезінде, Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль өз халқына жолдаған*

үндеуінде: «Бұл барлығымыздан құрбандықты талап ететін ауыр да қиын соғыс болады, бірақ бізде басқа таңдау жоқ» деп турасын айтты. Ол жеңіс үшін соғыста ауыр қайғы мен азап шегу қажет болатынын халықтан жасырмады. Қазақстан саяси тәуелсіздігін алды. Бірақ біз енді экономикалық дербестігіміз үшін күресудеміз. Сондықтан да мен Сіздерге ақтарыла ашық айтамын, Қазақстан азаматтарының тікелей әрқайсынан, бірінші кезекте Сіздер мен бізден анағұрлым артық күш салу талап етіледі».

**Жоғарғы Кеңесте сөйлеген сөзінен,  
9 маусым 1994 жыл**

Осы дағдарыс жылдары экономикалық реформалардан басқа, елімізде халықтың көңіл күйі мен әлеуметтік теңдіктің, ұлтаралық тыныштық пен тұрақтылықтың сақталуына күнделікті назар аударып отыру талап етілді. Сол кезде, посткеңестік кеңістікте ұлтаралық кикілжіңдердің ошағы үсті-үстіне пайда болып жатқанда, Қазақстан көптеген ұлттардың ортақ үйі болып қала берді. Қазақстан, шын мәнінде, сан миллиондаған адамдар үшін нағыз өз Отаны болды.

Сонымен қатар бізді елімізден орыс тілді тұрғындардың кетуі ерекше алаңдатты. Біз аса құнды адам капиталын жоғалту – республика үшін үлкен шығын екенін мойындадық. Дәл сол себепті мен «қарапайым азаматтарға қарай қарапайым 10 қадам жасау» бастамасымен шықтым, осы арқылы көтеріле көшу қарқынын бәсеңдетуге және азаматтық алу тәртібін жеңілдетуге тырыстық. Сол жылы менің бастамаммен болашақтағы экономикалық ықпалдасу үшін идеологиялық іргетас ретінде Еуразиялық одақ идеясы көтерілді. 1996 жылдың басына қарай реформалау үрдісі толық қарқынмен жүрді. Бұл кезеңде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, заң шығару базасын, қаржы жүйесін, әлеуметтік сала мен өндірістік секторды жетілдіру, бұған қоса кәсіпорындарды монополиялық үстемдіктен

арылту, жекешелендіру, біреулерді банкротқа ұшырату енді біреулерді банкрот болудан құтқару мәселелері – реформаның басты бағыты болды. Біз жүргізілген реформалардың қорытындысын шығардық.

*«Біріншіден, мынаны атап айту қажет: Қазақстан тәуелсіз егемен мемлекет ретінде орнықты, бейнелеп айтқанда, дүние жүзінің саяси картасынан өз орнын алды;*

*Екіншіден. 1995 жылы тамызда жаңа Конституцияның қабылдануымен еліміздің мемлекеттік құрылымының іргетасы қаланды. Сонымен бірге мемлекеттік құрылыстың бірінші кезеңі аяқталды;*

*Үшіншіден. Мемлекеттілікті нығайту мен күшейту мәселелерін шеше отырып, біз ұлтаралық келісімге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық үрдістердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына ерекше маңыз бердік және береміз. Елімізде әу бастан-ақ азаматтық құқықтар мен адам бостандығына басымдылық берілген;*

*Төртіншіден. Реформаларды жүзеге асыруға және экономикалық дербестікке жетуге байланысты экономикадағы қаулаған бейберекет және көбіне дағдарысты үрдістің кезеңі аяқталды. Ол анағұрлым ақылға қонымды және басқарылатын арнаға түсті, дайындалған нақты бағдарламалар мен жоспарлар бойынша әрекет етуге жағдай туғызады, яғни оқиғалардан кейін қалмауға, қайта олардың дамуын алдын ала болжауға мүмкіндік береді.*

*Ақыр соңында, бесіншіден. Біз әлеуметтік проблемаларды шешуге тікелей кірісе алдық. Зейнетақы мөлшерін көтере бастадық, зейнеткерлер алдындағы борышымызды өтедік, бюджеттік салада жалақы өсіріле бастады. Ауылға нақты қолғабыс жасала бастады».*

**«Реформаның табысты болуы оған аймақтардың белсене қатысуына байланысты» атты сөйлеген сөзінен, 1996 жыл**

Біз жүзеге асырған нарықтық экономикаға көшу кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің еркіндігі мен коммерциялануы, еркін баға құрылымы, кәсіпорындар қызметіне мемлекеттің араласуының азайтылуы, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне дәйектілікпен тартылуы, неғұрлым жоғары тиімділік көрсететін салаларға нарықтық қатынастардың таралуы секілді экономика қызметінің түйінді шарттарын жасауды қарастырды.

Жұрттың көбі аталған міндеттер орындалмайды деп санағаны құпия емес. Қарама-қарсы пікірлер де аз болмады, бірақ таңдап алған бағытпен жүру және реформаны аяғына дейін жеткізу керек болды. Менің терең сенімім бойынша, жұмыс істейтін нарыққа көшуде бұл көшу қандай нұсқада жүзеге асырылатынын, қандай нақты және өзара байланысты шаралар қолданылатынын, қандай мерзімге және қандай дәйектілікпен орындалатынын анықтап алу өте маңызды болды.

*«Реформа барысында біз белгілеген барлық шараларды жүзеге асырдық деген ойдан мен аулақпын. Қателіктер де, жаңсақтықтар да болды. Қазір де ондай қиындықтар бар, сірә, алдағы уақытта да олардан құтыла алмаспыз. Бірақ ең бастысы жасалды. Мемлекеттігіміз құрылды. Саяси жүйенің, демократия мен азаматтық бостандықтың негізі қаланды. Экономика өз табиғаты бойынша нарықтың жаңа заңдық негізінде жұмыс істеп жатыр. Сонымен бірге өмір бір орнында тұрған жоқ. Реформалау сөзсіз тереңдетуді, жаңа көлемді әрекеттерді талап етеді.*

**«Реформаның табысты болуы оған аймақтардың белсене қатысуына байланысты» атты сөйлеген сөзінен, 1996 жыл**

Қазақстан экономикасының қолайлы дамуы одан терең әлеуметтік бағыттарды және сапалы құрылымдық қайта құ-

руларды талап етті. Іс жүзінде әңгіме егеменді мемлекет ретіндегі республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа нарықтық моделіне көшу туралы болды. Сонымен бірге экономикалық дағдарыстан шығудың жан-жақты негізделген жолдарын белгілеп, оның себептерін сараптан өткізу маңызды болды.

Біз Сингапур өнегесіне қайта оралдық. Жер ресурстары, табиғат байлығы, тіпті өзіндік азық-түлік тағамдары мен суы болмаса да, бұл ел біршама қысқа кезеңде Оңтүстік-Шығыс Азияның көшбасшысына айналды. Сингапур тәжірибесін тыңғылықты зерттеу бұл елдің табысты болуының маңызды факторларының бірі ретінде ұзақ мерзімді стратегиясы мен айқын мақсаттары және оларға жету жөнінде жоғары дәрежелі саясаты болғанын көрсетті. Көбінесе дәл осы факт біздің ұзақ мерзімді стратегияның жасалуы үшін бастау алар нүктесі санатында қызмет етті.

## 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАН-2030)

Мен ұзақ мерзімді стратегия жасау туралы шешімді 1995 жылдың аяғында қабылдадым. Қазақстан тәуелсіздігінің бесінші жылы басталған. Сол уақытта біз жүзеге асырған реформалар экономиканы тұрақтандыруға үміт ұялатты. Тұңғыш рет тәуелсіз Қазақстан тарихында 1996 жылдың басына қарай экономика айтарлықтай болмаса да, ақиқатқа негізделген ішкі жалпы өнім 0,5 пайыз өскенін көрсетті. Келесі 30-40 жыл ішінде өндіруге мүмкіндік беретін мұнай қорының көлемі, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық бассейнінде шетелдік инвесторлар белсенділігі мұнайдан түсетін кірістің жылдан-жылға елеулі түрде өсетінін білдірді. «Өртті сөндіру» кезеңі аяқталды, енді бізде сәл кідіріп, еліміздің он, жиырма

және отыз жылдан кейін қандай болатынын көз алдымызға елестетерлік уақыт пайда болды.

1996 жылы сәуірде менің төрағалық етуіммен Жоғары экономикалық кеңес құрылды. Жоғары экономикалық кеңестің негізгі мақсаты стратегиялық сипаттағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, реформалардың барысын сараптау және оларды жүзеге асыру бойынша түбегейлі жаңа ұсыныстар енгізу болды. Кеңесті құру нарықтық экономиканың институциялық негізін қалаудағы принципті қадам болды. Жоғары экономикалық кеңестің құрамына көрнекті ғалымдар, жоғары өкілетті мемлекеттік қызметшілер мен түрлі саладағы сараптамашылар кірді.

Жоғары экономикалық кеңестің негізгі құрамына ескі қасаң пайымдаулар жүгінен аулақ жас кадрлар енгізілді. Оларды жұмысқа қабылдаудағы басты шарт шетел тілдерін емін-еркін игеруі, ғылыми жетістіктерді және шаруашылықты басқару саласындағы жұмыс тәжірибелерін меңгеруі болып табылды. Олардың әрқайсысына экономиканың жекелеген салалары бекітілді. Кадрларды тарту еліміздің одан әрі дамуы жөніндегі жаңа идеялардың жаңа ағысын енгізуге жағдай туғызды. Жігерлі жастар кертартпа аппараттың ортасынан көзге бірден ерекше көрініп тұрды. Бүгінде олардың бәрі түрлі ведомстволарда жұмыс істеп, стратегияны нақты жүзеге асыруда.

1996 жылдың өн бойында бұл топтың алдында негізгі екі міндет тұрды. Біріншіден, құрылымдық реформаны жүргізу мен стратегиялық жоспарлау саласындағы халықаралық тәжірибені барынша зерттей отырып, елдерді неғұрлым көп аралау талап етілді. Екіншіден, әрбір салада нұсқаулардың жасалуы мен жүйеленуіне міндеттелген ұлттық және шетелдік сарапшылар топтарын құру қарастырылды. Міндеттерді осылайша жинақтап зерттеу әдісі бүкіл жыл бойына жас



басқарушылардың әрқайсынан ақпараттарды барынша көп игеруді талап етті.

Ақпараттардың сыннан өткен көлемі жинақталғаннан кейін ұзақ мерзімді стратегияны жасау үшін әдістемелік базаны құру қажет болды. Бұл арада біз халықаралық тәжірибеге ден қойдық. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы Даму бағдарламасының белсенді қолдауы арқасында біз Гарвард университетімен байланысты қалыптастыруға және стратегиялық жоспарлау бойынша семинар жүргізуге мүмкіндік алдық.

1997 жылы сәуірде қазақстандық топ Гарвард университетінен жоғары лауазымды адамдар үшін онкүндік семинар ұйымдастырған Бостон қаласына жүріп кетті. Семинар барысында қазақстандық сарапшылар Корея, Сингапур және Малайзия секілді елдердің жалпыға белгілі стратегиялық жоспарлау тәжірибесімен ғана емес, бұған қоса «Боинг», «Дженерал Электрик» және «Бритиш Петролеум» сынды әлем алыптарының ұзақ мерзімді бизнес-стратегияларымен де танысты. Бұл лекциялар басқа елдермен және трансұлттық корпорациялармен жері, тұрғыны, ішкі жалпы өнімнің көлемі мен көмір-сутегі қоры секілді белгілер бойынша салыстырғандағы Қазақстанның орнын анықтауға жағдай туғызды. Семинар материалдары және жекелеген әлемдік деңгейдегі сарапшылармен арадағы келесі байланыстар болашақ стратегияның әдістемелік негізін қалады.

Отыз жылға жоспарлау көкжиегін таңдау басты екі фактормен белгіленді. Біріншіден, отыз жыл бір буынның белсенді өмір кезеңін көрсетеді. Екіншіден, Қазақстанда мұнай қорын бағалау мен балама энергия көздерін енгізу мүмкіндігі бойынша, сондай-ақ ұзақтығы 30-40 жылдық дайын бөлік болды. Мәселен, басқа мұнай компаниялары үшін бағдар болған «Шевронмен» де 40 жыл мерзімге келісімге қол қойылды.

«Қазақстан стратегиясы–2030» төрт кезеңге бөлінді: 1997–2000 жылдар – дайындық кезеңі, 2000–2010 жыл-

дар – бірінші кезең, 2010–2020 жылдар – екінші кезең және 2020–2030 жылдар – үшінші кезең. Сол аяқталған кезде Қазақстан дамыған елдер санатына енуі керек. Стратегия энергия қуаттарының қорлары мен бағасына қарай біздің ел дамуының оптимистік, базалық және пессимистік үш сценарийін болжады. Айта кетер болсақ, кейінгі жылдары мұнай бағасының деңгейі, тіпті бір баррелі үшін 18 АҚШ долларына жуық деңгейге бағыт ұстаған Стратегияның оптимистік сценарийі көрсеткіштерінен асып түсті. Салыстыру үшін айтсақ, 2000 жылы мұнай бағасы 28,2 АҚШ долларын құраса, ал 2006 жылы мұнайдың бір баррелінің орташа құны 60 АҚШ доллары деңгейінде тұрды.

Құжаттың құрылымын талқылау барысында басымдықтар мен олардың дәйектілігін айқындау басты мәселе болды. Көптеген сағаттарға созылған қызу айтыстар кезінде әр сарапшы өз саласына жеке басымдықтар берілуіне күш салды. Тек қана, мысалы, денсаулық сақтау мен білім беруді жекелеген басымдықтарға бөлу ұсынылды. Басымдықтардың қолданылу тәртібі туралы тартыстар да шиеленісті болды. Ақыр соңында жұмыс тобы бес басымдыққа тоқтады. Алайда жұмыстардың орындалу мүмкіндігіне қарай инфрақұрылымдар мен энергетика мәселелері жеке қарауды талап ететіні түсінікті болды. Сайып келгенде, біз экономиканың бұл қабаттарының маңыздылығы Қазақстанның келешегі үшін соншалықты маңызды болады, басымдықтар секілді, олар да жеке қарауды талап етеді деген қорытындыға келдік. Осыдан кейін барып Стратегияда жеті басымдық айқындалды.

Басымдықтар санын айқындауда мемлекеттік менеджмент пен психология саласында елеулі жұмыстардың жеткілікті атқарылғанын айта аламын. Стратегияның негізін дайындау, соның ішінде басымдықтардың қолданылу тәртібі мен маңыздылығын айқындау кезінде халықаралық тәжірибе, отандық және шетелдік ғалымдар мен сарапшылардың

нұсқаулары байытыла түсті. Біртіндеп, ерекше баса назар аударатын жайларды орналастыру үрдісінде, жаһандықтан жекеге, кезеңдіктен әлеуеттік мүмкіндіктерге бару қажеттігін түсінушілікке келдік. Бұның бәрі тұрғындардың жақсы тұрмысы мен экономиканың, қоғамның тұрақтылығын, ұлттық қауіпсіздікті біздің негізгі басымдықтарымыз етіп айқындады. Басқаша айтқанда, Стратегия басымдықтарын айқындау «сақина көзінің біртіндеп тарылуы» деген принцип бойынша, яғни ерекше маңыздыларын іріктеп алып, қалғандарын шығарып тастап отыру жолымен жүргізілді.

Стратегия ең идеялық негізінен бастап тікелей оның жекелеген аспектілеріне дейін көп рет пысықталып, тестіленді. Басымдықтардың тұжырымын халықтың жақсы қабылдауы, яғни оның мәтіні қысқа да түсінікті, бірақ мағынасы кең ауқымды болуы үшін сарапшылар оны сан мәрте өзгертті. Сондай-ақ біз басымдықтар санының өзін (әуелі бес, сонан соң жеті қылып) шектеуді ұйғардық, өйткені басымдықтар санының көптігі айтарлықтай ықылас тудырмауы немесе әлсіз қабылдануы мүмкін еді. Сонымен бірге жеті санының қазақтар үшін ерекше қасиеті болатын.

1997 жылдың жазы бойына құжатты әбден жөндеу бағытында жұмыстар жүргізілді. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік маған Стратегияның жөнделген және түзетілген нұсқаларын екі аптада бір рет әкеліп тұрды. Арасында сарапшылар әрбір параграфты қайта өңдеді және менің енгізген өзгерістерімді ескере отырып, әрбір идеяны ұштай түсті.

Стратегияны жасау жұмысы әлемдік экономиканың теориясы мен тәжірибесін, тақырыптық, салалық және индикативтік жоспарларды, көптеген елдерге барған сансыз сапарлардың материалдарын, әйгілі сарапшылармен болған пікірсайыстарды, ақыр соңы, құжат пен жұмыс істеген бүкіл команданың ішкі түйсігін тыңғылықты пайдаланған күрделі де көп деңгейлі міндет болды.

Стратегияны жасауда бізге халықаралық ұйымдар мен донорлардың, ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының үлкен көмек көрсеткенін атап өтуіміз керек. Бізбен бірге ақыл-кеңес берушілер ретінде қырықтан аса әйгілі халықаралық сарапшылар жұмыс істегенін айтсақта жеткілікті. Солардың қатарында Х. Берсток, К. Грей, В. Худжонг, Г. Аллисон, Р. Блэквилл сынды және басқа адамдар болды.

Біз бұл жұмысқа Үкімет мүшелерін кірістірмегеніміз бірден көзге түсуі мүмкін. Маған сол кездегі қызмет істеген Премьер-министрдің бұл мәселеге бас ауыртқысы келмейтіні және материалдарды жинақтауды тежейтіні туралы баян етілді. Стратегияны жүзеге асыру жұмысын мұндай Үкіметке қалай сеніп тапсыруға болатын еді?! Сондықтан 1997 жылдың күзінде мен Қажыгелдинді қызметтен босаттым да, Үкіметті тараттым.

1997 жылғы тамызда біз Стратегияның жасалып біткен мәтінімен тура мәреге шықтық. Бұл кезеңде төмендегідей базалық басымдықтар жүйесі түбегейлі айқындалды:

*«1. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК. Аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.*

*2. ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.*

*3. ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ МЕН ЖИНАҚТАЛҒАН ІШКІ ҚОРЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, АШЫҚ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.*

4. ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫ. Қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге септігін тигізетіндей етіп дамыту.

7. КЕМЕЛДІ МЕМЛЕКЕТ. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау».

**2030 жылға дейінгі Қазақстанның Даму стратегиясынан, 1997 жыл**

Енді алдымызда Стратегияны саяси тұрғыдан жария ету, сондай-ақ оны ары қарай жүзеге асыру туралы мәселе тұрды. Стратегияны саяси тұрғыдан жария ету мәселесі мені екі түрлі себеппен қатты толғандырды. Біріншіден, Стратегияны адамдар қалай қабылдайды және жалпы қабылдай ма, жоқ па, оны ары қарай жүзеге асырудың табысы осыған байланысты болды. Ешкім сенбеген Стратегия өз мақсатын орындап шыға алмайтын еді. Және, екіншіден, қаншама еңбек сіңірілді, күш-жігер мен идеялар жұмсалды, жұмыс топтарының әрбір мүшесі, мені қоса алғанда, осы құжатқа байланысты барлық істерге тікелей терең араластық. Сірә, осының өзі-ақ Стратегияны жария ету туралы тамаша шешімдер табуымызға көмектескен болуы керек.

2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясы мен оны жүзеге асырудың бірінші кезектегі шаралары 1997 жылы 10 қазанда еліміздің Парламентінде ресми түрде жарияланды. Сол күні мен еліміздің Парламентінде Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауыммен шығып сөйледім. Маған халыққа Жолдау деген идеяның өзі ұнады, оның ел құлағына сіңісті болып кеткеніне қуанамын. Қазір жыл сайынғы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы дәстүрге айналды. Онда бұл нағыз керектің өзі болды – Республиканың барша халқына, барлық азаматтарына үн тастай отырып, біз Стратегияның ерекше рөлі мен мәртебесін атап көрсеттік.

Стратегия ұлттық мақсат пен оған жету жолындағы басымдықтар жүйесін айқындады. Барша тұрғындардың экономикалық жақсы тұрмысы, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірлік өзіне тән тәуелсіз, өркендеген және саяси тұрақты Қазақстанды құру еліміздің миссиясы болып жарияланды. Менің сөзімде барша қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын жақсарту мен олардың қауіпсіздігі, өркендеуі – біздің барлығымыз құрғымыз келетін Қазақстанды бейнелейтін түйінді сөздер екені айтылды.

Стратегияны жүзеге асыру тетіктеріне келсек, бұл ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы жылдық, үшжылдық және бесжылдық жоспарларда белгіленетін болды, солар бойынша барлық мемлекеттік органдар көрсетілген мерзімде есеп беріп тұратын болды. Бұл ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен барлық азаматтардың күш-жігері тоғысқан нүктеге айналуы керек болды. Олар еліміздің келесі жылдардағы бюджетін құру және кадр саясатын жасақтау кезінде қолданылатын тәсілдер мен критерийлерді айқындады.

Стратегияны тез арада жүзеге асыру мақсатында, тіпті 1998 жылы шешуіміз керек болған бірсыпыра мәселелер айқындалды және Үкіметке сол жылға арнап сегіз нақты тапсырма берілді.

«1. Зейнетақыларды, жәрдемақыларды және бюджеттік ұйымдарда жалақыны толық және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.

2. Бір жыл ішінде аз қамсыздандырылған кемінде 30 мың азаматқа, бірінші кезекте ауылды жерлерде, жұмыс орындарын құруға 3 жыл мерзімге 400 АҚШ долларына парапар сомада шағын кредиттер беру.

3. Үстіміздегі жылдан бастап шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға кемінде 100 млн АҚШ доллары сомасында кредиттер берілуін қамтамасыз ету.

4. Мектептерді, ең алдымен ауылдық жерлердегі мектептерді компьютерлендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісу, бұл мақсатқа 1998 жылдың өзінде кемінде 22 млн АҚШ долларын бөлу.

5. Шаруа және фермер қожалықтарына арналған кредиттердің кемінде 2,5 млрд теңгеге арзандатылуын қамтамасыз ету.

6. Салауатты өмір салты жолындағы қоғамдық науқанды бастау.

7. Осы мақсатқа кемінде 40 млн АҚШ долларын бөле отырып, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісу. 1998 жылғы сәуірде осы бағдарламаны жүзеге асырудың принциптері мен одан күтілетін нәтижелер жайында жұртшылыққа баян ету.

8. Балалардың мектепке түгелдей баруын қамтамасыз ету».

**2030 жылға дейінгі Қазақстанның  
Даму стратегиясынан, 1997 жыл**

«Қазақстан–2030» Даму стратегиясына негіз етіп алынған постулаттар біздің кез келген жоспарларды жасаудағы тұрақты бағдарымыз болып табылады және өзінің өміршеңдігін

жоғалтпайды. Әңгіме алғашқы кезеңде саясаттан басым тұратын қуаты мол экономикалық реформалар туралы, мемлекеттің ашық реттеушілік қызметін сақтай отырып, нарықты құру, тікелей билікті әлсіретпейтін әкімшілік жүйесін демократияландыру туралы болып отырғандықтан, онда саяси және экономикалық радикализмге орын жоқ. Менің білуімше, бұл сирек кездесетін өте бірегей тәжірибе.

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап өз мемлекетінің дамуына «синергетикалық принциптерді» қолданған алғашқы мемлекеттердің бірі болған фактіні атап өтпеске болмайды. Бұл стратегияны пайдалану таза бәсекелестіктің элементтері марапатталып, мемлекеттік реттеушіліктің ашық желісін құрайтын мемлекеттік саясаттың жасалуы үшін түрлі құрылымдар жиынтығын талап етеді.

«Саяси тұрақтылық бәрінен де жоғары. Азиялық қоғамдағы тәртіп пен реттілік демократиядан маңыздырақ, сондықтан соңғысы біртіндеп дамытылуы керек». Бұл Ли Куан Юдың саяси кредосы. Мен мұндай әдістің жаныма жақын екенін ешқашан жасырған емеспін. «Әуелі экономика, ал сонан соң саясат» деген сөзді әрдайым айтамын. Мені сол үшін де сынағандар болды. Алайда саясатты адамдардың жақсы тұрмысы мен тыныштығынан бұрын, бірінші кезекке қойған КСРО-ның құлауы ылғи да менің көз алдымда тұрады.

## ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАДАН БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРАЙ

Бір кезде біз мінсіз мемлекет құрып жатырмыз деп ойладық. Мүлде әртүрлі халықтар мекендеген «құрлықтың алтыншы бөлігі» бір идеямен өмір сүрді. Бәлкім, біздің бәрімізді біріктірген тұғырнаманың дәл осы идеяшылдығы кеңестік мемлекеттің басқадай барлық құрамдас бөліктері үстінен саясаттың үстемдік етуіне себепші болған шығар.



Одақтас республикалардың «тіндерін» бір орталыққа түйіндеп, «бір ұлы отан» идеясын қолдау үшін нақ осы ақылға қонбайтын экономикалық заңдар бойынша өндірістік және шаруашылық байланыстар құрылған-ды. Алайда, табиғат заңдары секілді, экономика заңдарында да объективті сипат болады, ол адамдардың қалауы бойынша қайта жазылмайды немесе жойылмайды. «Жарқын болашаққа» жету жолындағы саяси бағыт сабын көпіршігі секілді жарылып кетті. Әрине, оған көптеген жайлар, бірақ негізінен – тиісті экономикалық негіздің жоқтығы себепші болды. Қашан Идея жоққа шығарылғанда, ал мемлекет өз өмірінің соңғы жылдарын әуірімдеп өткеріп жатқанда, жаппай етек алған дағдарыстан шегіне жетіп созылған бұл жасанды экономикалық «тіндер» бырт етіп үзіліп кетті. Осы қиын жағдайдан шығудың жолын іздеген кеңестік басшылық жаңалыққа көшуге тырысты, бірақ ол ескі «кеңестік» тәсіл бойынша саясаттан басталды. Бұл көшу тығырыққа әкеп тіреді.

Экономика – саяси тәуелсіздіктің негізі. Егер ел экономикасын реформалау жөнінде жасалған біздің алғашқы қадамдар, дұрысында, тек сол кезеңдегі «посткеңестік» бейберекеттіктен аман қалу жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар болса, ал қазіргі жүргізіліп жатқан реформалар стратегия мен айқын жоспарлардың шеңберіне сыйғызылған және болашақтағы нақты нәтижеге бағытталған. Бұл нәтиже – біздің елімізге әлемдік деңгейде ойдағыдай бәсекелестікке түсуге жағдай туғызуға бейімі бар күшті, диверсификацияланған экономикалық жүйені құру. Сонымен бірге, бұл тек нарыққа және басқа да экономикалық түсініктерге жол ашу үшін ғана емес, жалпы бейнелеп айтқанда, «күн астындағы өз орнымызды» табу үшін бәсекеге түсу еді.

Президенттің Қазақстан халқына жыл сайын Жолдау арнау дәстүрі «Қазақстан стратегиясы – 2030»-дан басталды. Әрбір мұндай Жолдау – біздің жалпы Стратегиямыздың

құрамдас бөлігі және біздің жолымыздың құрамдас бөлігі. Ал кейінгі жылдарғы Жолдау «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің» белгісі болды.

Менің пікірімше, елдің бәсекеге қабілеттілігі елдің әрбір азаматының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы жағдайлардың жиынтығымен айқындалады. Адамдар туралы айтқанда, австриялық экономист Йозеф Шумпетердің кәсіпкерге берген, менің өзіме де өте ұнайтын анықтамасын мысал ретінде келтірсем бе деймін. Шумпетердің айтуынша, кәсіпкер тек басқарып қана қоймайды, ол басқару жөнінде тың, ерекше шешімдер қабылдайды. Кәсіпкер жаңартулар енгізеді және экономикалық тәуекелге бару үшін өзіне жауапкершілік алады. Мен қазақстандықтардың – жаңалыққа, сынақтарға, жасампаздыққа жаны құштар және де ең бастысы әрдайым тәуекелге әзір тұратын, өзіне жауапкершілік алатын сондай кәсіпкер болуын қалар едім.

«Дүниені өзгерткің келсе – өзіңнен баста» деген қанатты сөзді басшылыққа ала отырып, біздің әрқайсымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек. Ал біздің жалпы бәсекеге қабілеттігіміз, түпкі нәтижеде, халықтың жақсы тұрмысына жеткізуі тиіс. Мен бұл арада жаңағы айтылғандардың мағынасына неғұрлым тереңірек тоқталғым келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі ұлттың тек материалдық қана емес, рухани баюына да әкелуі тиіс. Экономиканың өркендеуімен бірге, соның ізінше мәдениет пен өнердің, қазақ тілінің, халқымыздың дәстүрлері мен өмірлік философиясының гүлденуі жүруге тиіс.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның әрбір өкілінің бәсекеге қабілеттілігі, оның әзірлік деңгейі, білімі мен жеке басының дамуы. Ал елдің бәсекеге қабілеттілігі – бұл халықтың жақсы тұрмысы және оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі. Бұл арада динамикалық бағдарлама жасау принципі жұмыс істеуі керек: мақсатқа жету үшін қаржыны айқындау қажет.

Жаңа экономиканы құру – қиын да тәуекелді міндет. Оны шешу кезінде біз «2003–2015 жылдарға арналған Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясына» арқа сүйейміз. Оның бірінші кезеңін жүзеге асыру отандық экономиканың құрылымы мен оның өсу динамикасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді. Стратегия мақсатына жету біздің экономиканың табиғи ресурстардың әлемдік бағасының конъюнктурасына тәуелді болу проблемасын шешеді, диверсификациялау арқылы экономиканың шикізат бағытынан бас тартуына жағдай туғызатын болады, сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін негіздер қаланатын болады. Біздің сарапшылардың есептеулері бойынша, индустриялық-инновациялық саясаттың жүргізілуі экономикалық өсу қарқынын кемінде жылына 8,8-9,2 пайыз көлемінде қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, индустриялық-инновациялық даму Стратегиясы – бұл бар болғаны дайындық кезеңі ғана. Әлемде постиндустриялық қоғамның орнауы әлі аяқталып біткен жоқ. Қазақстанда әлі де секіріс жасап, индустриялы-дамыған елдердің қатарына кіру мүмкіншілігі бар. Аталмыш Стратегияны жүзеге асыру оқиға барысын күрт өзгертуі және елімізді осы секіріске дайындауы керек болды. Осы арада біз бұл секірісті қайда бағыттауымыз керек деген негізгі мәселе бой көрсетеді.

Бір жағынан, қолда бар әлеуетті пайдалану қажет, себебі тірі қалу түйсігінің талап етуі бойынша Қазақстан «секіріс» жасау үшін тау-кен металлургиясы, ауыр өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы секілді біршама дәстүрлі салаларға, сондай-ақ ядролық энергия мен космостық технологияларды дамытуға табан тіреуі керек. Екінші жағынан, инновациялар мен жоғары технологиялар есебінен экономиканың өнімділігін арттыруға қарай жылжуымыз қажет. Мұның өзі экономиканың қабілеттілігі мен тұрақты экономикалық өсуге жетудің шешуші факторы болып табылады.

Біз үшін Финляндия өнеге бола алады. Бұдан бұрын не күшті ғылыми базасы, не алдыңғы қатарлы өнеркәсібі болмаған, бес миллиондық халқы бар, солтүстіктегі кішкентай ғана ел, жоғары технологиялық дамуды тірек ете отырып, бүгінде әлемдегі айрықша бәсекеге қабілетті экономика ретінде мойындалып отыр. Финдік ұлттық өндірістік модель немесе «финдік инновациялық керемет» бүгінде әлемдегі ерекше тиімділердің бірі болып танылды. Оған негіз болған білім берудің жоғары деңгейі, ғылымға қаржының конкурстық принциппен бөлінуі, мемлекетті, ғылым мен бизнесті біртұтас етіп біріктірген өркенді инновациялық инфрақұрылым еді.

Финляндия бірнеше жылдар бойына бәсекеге қабілеттіліктің Давостық индексында өз көрсеткіштері бойынша көш басында тұр. Одан кейінгі қатарда АҚШ, Швеция, Тайвань, Норвегия, Исландия, Сингапур, Австралия, Канада, Швейцария, Жапония, Ұлыбритания, Германия және Израиль келеді. 2005–2006 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстан 117 елдің ішінде 56 орынды иеленді. Бұл көрсеткіш бойынша біз ТМД-ның барлық мемлекеттерінен алда озық келе жатқанымызды ескерте кетейін.

Қазіргі әлемде елдердің ресурстарын өздері ғылым мен технологияның ерекше дамыған әлеуетіне ие болған бағыттарына топтастыруға мүмкіндік беретін халықаралық еңбек бөлінісінің схемасы қалыптасқан. Мәселен, есептеу және офистік техникаларды өндіру көлемі бойынша АҚШ көш басында келе жатса, Жапония электрондық өнеркәсіпте үстемдік ету жағдайына ие болған, Швейцария – фармацевтика өнеркәсібінде біден-бір көшбасшы.

Алайда мұның барлығы аталмыш схема өзгермейді деген сөз емес. Жазмыштың маңдайға жазуына байланысты ахуал аяқ астынан өзгеруі мүмкін: ол – ол ма, мәселен, кез келген, тіпті әлемдік экономикада жаңа ойыншылардың, жаңа өндірушілердің және рыноктардың пайда болуы ықтимал;

ал мұның өзі – дамудың жаңа кезеңіне қадам басқандық. Соның тамаша мысалы – Индия бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісінде әлемдік көшбасшылыққа бірден екпіндеп шықты. Мен бұл ерекше құбылыспен танысу үшін «Азияның силикон алқабы» орналасқан Бангалорға арнайы бардым. 2004 жылы Индия осы ақпараттық өнімді 17 млрд доллардан астам сомаға экспорттады. Бүгінде үнділік мамандар әлемнің ең үздік ІТ-компанияларының сұранысына ие болып, «Майкрософт» қызметкерлерінің 34%-ын, «Ай-Би-Эм» қызметкерлерінің 28%-ын, «Интел» компаниясының 17 %-ын құрап отыр.

Біз стратегиялық құжаттарымызды ойдағыдай жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік бюджетті толтырудың негізгі көзі – жалпы мөлшердің шамамен 85%-ы шикізаттық емес сектордың кәсіпорындарынан түсетін кірістер болатынына жетеміз. Осымен бірге экономиканы монеттендіру 30% -дан, ал инфляция 4-5% -дан аспайтын болады.

Онан әрі, 2008 жылдан бастап екінші онжылдық – Қазақстан–2020 стратегиясы бойынша жұмысты қолға аламыз. 2010 жылға дейінгі бірінші стратегиялық жоспарда екі мақсат қойылды: бірінші 2005 жылмен салыстырғанда ішкі жалпы өнімді екі есе ұлғайту, екінші – бәсекеге қабілетті экономиканың негізін құру. Егер де бірінші кезең – Қазақстан–2010 – дағдарыстан кейінгі жылдары басталып, «жылжымалы» үшжылдық мемлекеттік бағдарламалардан тұрса, ал екінші кезеңде, экономикалық ахуалды анығырақ болжау кезінде, бізде Жапония мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі секілді дамудың бесжылдық жоспарларын қабылдау мүмкіндігі туады. Оның үстіне, біздің экономикада көрсеткіштер деңгейін көтеру және жаңа нысаналарды таңдау керек болды. Мысалы, еліміздің ішкі жалпы өнімін 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 3,5 есе ұлғайту жоспарланады. Немесе 2015 жылы жан басына шаққанда ішкі

жалпы өнімді 8-10 мың АҚШ долларына жеткізу керек, бұл Сауд Арабиясы мен Португалия және Испания секілді бірқатар еуропалық елдердің деңгейімен біршама қатарлас келеді.

Қазір Қазақстан, «Қазақстан–2030» Стратегиясын негізге ала отырып, өзінің алдына 10 жыл ішінде әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру жөнінде өршіл мақсат қойып отыр. Өткен жылдардағы стратегиялық жоспарлаудың оңды тәжірибесін пайдаланып, біз «әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру Стратегиясын» жасадық. Онда дамудың жеті басым бағыты айқындалды, олардың жүзеге асуы алға қойған міндеттерді шешуге жағдай туғызатын болады.

*«Біз қатаң бәсекеге әзір тұрып, оны өз мүддемізге пайдалана білуіміз керек. Қазақстан көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатыса алады, қатысуға тиіс те, өйткені олар біздің жаһандық экономикаға кірігуімізге жәрдемдеседі әрі сол арқылы біздің қолайлы экономикалық-географиялық жағдайымызға және қолымыздағы ресурстарымызға сүйенеді.*

*Мемлекет өз тарапынан іскерлік бастамашылықтың жолындағы заңнамалық, әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді ысырып тастауға, жеке меншік капиталдың келешегі үлкен кемел бастамаларына тікелей қолдау көрсетуге міндетті».*

**«Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауынан, Астана, 1 наурыз 2006 жыл**

Алдағы онжылдықта жаңа технологиялық сипатты дамудың шешуші бағыттары био- және нанотехнологиялар, жасанды интеллект жүйелері, жаһандық ақпарат тораптары

және жоғары жылдамдықтағы көлік жүйелері, қуат үнемдеуші технологиялар болып табылады. Өндірісті автоматтандыру, космостық технологиялар, күні бұрын белгіленген қасиеттерімен ерекшеленетін құрастырмалы материалдар өндірісі, ядролық энергетика әрі қарай дамытылады. Өндірісті одан әрі интеллектендіру, үзіліссіз инновациялық үрдіске көшу жүзеге асырылады. Білімге негізделген жаңа үлгідегі қоғамға біртіндеп көшу аяқталады.

Бұл бағыттарды біз бәсекеге қабілеттілікті арттырудың қазақстандық Стратегиясын жүзеге асыру кезінде назарда ұстауымыз керек.

Биотехнология, нанотехнология, космостық қызмет және ақпараттық-байланыс технологиялары секілді ғылыми-техникалық бағыттарда нақты нәтижелерге жетуге біздің мүмкіншілігіміз бар. Нақ осы бағыттар бойынша таяу болашақта бізге мыңдаған жоғары білікті мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады.

Жоспарларымызды жүзеге асыру жөніндегі алғашқы табысты қадамдарымыз қазірдің өзінде жасалды.

2006 жылдың маусымында тұңғыш қазақстандық «KazSat» спутнигі ұшырылды. Космостық қызметті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жобалармен мыңнан астам қазақстандық ғалымдар жұмыс істеуде. Сол жылдың 15 қыркүйегінде тұңғыш қазақстандық «Алатау-Сити» ақпараттық технологиялар паркі (АТП) ашылды. Оны құру туралы ой 2002 жылы Индияға барған сапарымда, ондағы ірі машина жасау, тамақ және тігін өнеркәсібі, халық қолөнері, сондай-ақ космостық зерттеулер орталығы – Бангалор қаласында болған уақытымда туындаған еді. 2003 жылдың тамызында «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақтарын құру туралы» Жарлық шықты, ал 2004 жылы бұл кешенді салу құрылысы басталды. «Алатау-Сити» ақпараттық технологиялар паркі жұмыс істеу үшін

өтініш берген 25 компанияның 11-і іріктеліп алынды. Мен ІТ-индустриясы саласындағы әлемдік алдыңғы қатарлы барлық компанияларды осында келіп жұмыс істеуге шақырамын, сіздердің бизнестеріңіз өздеріңізге де, Қазақстанға да тиімді болуы үшін барлық қолайлы жағдайды жасаймыз.

«Алатау-Сити» – хай-тэк-индустриясының тұңғыш объектісі, ол Орталық Азияның жаңа интеллектуалдық орталығы болады, ақпараттық технологиялар паркі жұмысына ақпараттық технологиялар мен байланыстар саласындағы әлемдік көшбасшылар тартылуда. «Майкрософт», «Хьюлетт-Паккард», «Сименс», «ЦискоСистем», «Талес», «Эл Джи», «Сан Макросистем», «Самсунг» компанияларымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Біз Ұлттық нанозертханасын құру жөнінде алғашқы қадамдар жасаудамыз, онда Қазақстанның барлық ғалымдары үшін жұмыс істеуге мүмкіндік туғызылады. 2008 жылы Астанада әлемдік деңгейдегі Ұлттық биотехнологиялық орталықтың жаңа кешені салынатын болады. Қазірдің өзінде шет елдерде жұмыс істейтін қазақстандық ғалымдар осы орталықта қызмет етуге ынта білдіруде және бүгінде олар бірлескен ғылыми жобаларға қатысуда.

Әлемдік нарықта біздің экономикалық мүдделерімізді ілгері жылжыту негізгі міндеті болып табылатын ірі ұлттық компанияларды біріктірген «Самұрық» мемлекеттік холдингі құрылды. Даму институттары қызметін үйлестіріп, индустриялық жобаларды қаржыландыруға және экономиканы диверсификациялауға көмектесуге тиіс «Қазына» орнықты даму қоры ашылды. 2005 жылдан бастап 520 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Даму институттарының қамқорлығымен құны 2,2 млрд АҚШ доллары тұратын 90 жоба қаржыландырыла бастады.

Мұның бәрі бізді қанаттандырады, бірақ мемлекет даму үрдісіндегі барлық рөлді өзіне ала алмайды. Ғылыми



зерттеулерді ойдағыдай енгізіп, коммерцияландыру үшін белсенді кәсіпкерлік орта қажет. Егер де мемлекет ғылыми саланың дамуын, мысалы, мақсатты және кепілді қаржыландыру арқылы әлде қалай реттеп отыратын болса, ғылым мен өндірісті интеграциялау бойынша бастама жекешелік жолмен неғұрлым пәрменді жүргізілген болар еді. Ол біздің азаматтардың тарапынан қолдау табуы керек.

Ғылым мәселелерін қарастырумен ертерек айналысқандықтан мен бизнестің рөлі басқаша болуы керек деген ойға жиі келемін. Дағдарыс жылдары елімізде бизнестің «делдалдық» кезеңі болды. Қазіргі кезде қызмет көрсету саласы шапшаң дамуда. Алайда бізге бұдан да биікке ұмтылудың кезі келді. Бізге жоғары технологиялық тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетуге бағытталған бизнес қажет. Ғылымды көп қажет ететін өндіріс экономика дамуының келешектегі басым жағы болуы керек.

## ЕРТЕНГІ ҚАЗАҚСТАН: СЕРПИЛІСТЕР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, дербес саяси және экономикалық даму жолына түскенінен бері де он бес жыл өтті. Әрине, тарих өлшемімен алып қарағанда, он бес жыл айтарлықтай көп уақыт емес. Сонымен бірге, осы кезеңде Қазақстан үлесіне, барлық басқа посткеңестік республикалардағы секілді, қатаң экономикалық және әлеуметтік сынақтар тап болды.

Оң нәтижелер туралы айту әрдайым жақсы. Бірақ сол кезеңде, біздің жолымыздың әу басында-ақ, ешкімде де дайын теория және әсіресе жоспарлы экономикадан нарыққа көшудің толығырақ стратегиясы болған жоқ. Посттоталитарлық қоғамды, әсіресе кеңестік адамдардың бірнеше буыны бастан өткерген империялық коммунизмді өзгертудің тиімді тәжірибесінің мысалдары болмады. Бізде қажетті білім мен

дайындықтан өткен кадрлар жоқ болды. Біз шет елдерден шақырылған кеңесшілер мен өз басқарушыларымыздың жинақталған орасан зор тәжірибесіне арқа сүйедік. Дегенмен кадр саясатында ескі тәжірибемен, ең бастысы, ескіше ойлау дағдысымен бойкүйез болмаған жас кәсіби экономистер мен қаржыгерлерді тірек ету керек болды. Барлық осы жылдары мен жаңа басқарушылардың, олардың арасында әрқилысы болса да, бірнеше буынын өсіріп шығарумен, соларды тәрбиелеумен, іздестірумен тікелей айналыстым.

Қазақстан бірінші болып посткеңестік кеңістікте нарықтық экономиканың институттарын құрумен қатар, мемлекеттік басқару және реттеу секілді әлемдік тәжірибеде мойындалған стратегиялық жоспарлауды таңдап алды. Аталмыш құжаттар тек дамудың негізгі кезеңдері мен басымдықтарын айқындап қана қоймады, олар дағдарыстар мен бейберекеттіктің аумалы-төкпелі уақытында біздің жолымызды сызып берді және зәру де болса жеңіл-желпі мәселелерге бой алдырып, адасып кетуге мүмкіндік бермеді.

Қол босай қалғанда, мен осы тарауда айтылған үш стратегиялық құжаттың әрқайсысын жиі қайталап оқып шығамын. Олардың қай-қайсысы да біздің қоғамда болып өткен оқиғалардың айнасы тәрізді. Оларда сол уақыттың жиынтық рухы бар – қайсысын ашып қалсаң да, Қазақстанда нендей оқиғалар, қандай проблемалар болғаны бірден түсінікті болады. «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» мен «Президент Меморандумы» сол кезеңде елімізде болған дағдарыстың мән-мағынасын және барлық өткір жақтарын көрсетеді. Ал «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы» Қазақстан табысындағы сенім мен оптимизмнің сәулесі болды. Ол халықтың өзіне деген сеніміне, мемлекеттен қайыр күтпей, өз тағдырын өзі шешуіне көмектесті.

Сол уақытта «стратегия» деген сөз жұрттың көбінің құлағына түрпідей тиді. Мен 1997 жылы «Қазақстан–2030»-

ды жария еткенімде, еліміз өзінің дағдарыс жүйесінен енді-енді шыға бастаған, ал Оңтүстік-Шығыс Азия мен Ресейде қаржы дағдарысы әлдеқашан белең алған кез еді. Осымен бір мезгілде біз әлемдік экономиканың бүкіл тарихында мұнай бағасының болып көрмеген рекордтық төмендеуі салдарынан кейін ысырып тасталдық. Алайда бұл біз үшін торығудың себебі бола алмады.

Стратегияның осы тарауында айтылғандардың әрқайсысы тәуелсіз Қазақстан құрылысында ерекше рөл атқарды және дамудың үздіксіз жаңа сапалық кезеңдерін белгіледі. Біз бірінші кезеңде барлығын нөлден бастадық – жоспарлы экономикадан толықтай оған қарама-қарсы нарық жүйесіне көшуді жүзеге асырдық. Қазір, стратегиялық жоспарлаудың екінші кезеңінде біздің алдымызда енді макроэкономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз ету, еліміздің заңдық базасын, қаржы жүйесін, әлеуметтік сала мен өндірістік секторды жетілдіру секілді мүлде басқаша міндеттер тұр. Үшінші кезеңнің міндеттері агроиндустриялықтан индустриялық және постиндустриялық мемлекетке көшу, дамушы елден дамыған елге айналу болып табылады.

*«Кеңес Одағы ыдырап, коммунизм құлаған соң, Қазақстан небәрі он бес жылда тәуелсіз мемлекет болып құрылды. Бұған дейінгі қазіргі заман тарихында ол ешқашан тәуелсіз болып көрмеген еді. Демократияны, саяси саналылық пен еркін нарықтық экономиканы құруды нөлден бастауға тура келді. Осыны есепке ала келгенде, Қазақстанға бұл салаларда өсуге қол жеткізуі аса үздік және оң табыс болды».*

**Мартин Стифф, «United Press International», 6 желтоқсан 2005 ж.**

Әрине, ең қиын алғашқы жылдары нарықтық реформалар қайшылықтармен жүргізілді, кей-кейде «тайғанақтап

та» қалды. Экономиканы тұрақтандыруға жасалған көптеген бағдарламалар уақытша және жалқылық сипат алды. Бір міндетті шешу, көбінесе, орындалуы оңайға соқпайтын басқа проблемалардың пайда болуына әкеліп соқты. Бірақ нақ сол жылдар біздің кейінгі табыстарға жетуімізге ғана емес, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуымызға да көмектесті.

Қол жеткен табыстарға Қазақстан кезең-кезеңімен келді, өзінің мемлекеттік экономикалық саясатын «таңдаудан таңдауға» дейтін принциппен емес, экономикалық дамудың инвестициялық цикл деп аталатын объективтік қисынына сәйкестеп жүргізді, ол сараптау бағасы бойынша ондай циклдардың ұзақтығы кемінде 10-15 жылға созылатын еді.

Біз өте маңызды, сонымен бірге тамаша уақытта өмір сүрудеміз. Бүгінгі күні біздің әрқайсымыз не істейміз және не тындырамыз, міне, қазақстандықтардың келесі буыны қандай елде тұратыны соған байланысты деген ойға жиі берілемін. Өйткені мемлекеттің міндеті өз азаматтарының жынысына, жасына, ұлтына және қандай этникалық топқа жататынына, олардың қандай аймақтарда тұратынына және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, өмірден өз орнын тауып, қалыптасуы үшін, соларға баламалы тең мүмкіндіктер туғызатын болуы керек.

Сонымен қатар даму мен жоғары әлеуметтік шығындардан туындайтын масылдық пиғылдар бір-бірімен қабыспайтынын айқын түсінуіміз қажет. Күні бүгінге дейін барлық әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды қолда бар мұнай кірістері есебінен он еселеп арттыру қажет деген пікірлер орын алуда. Естеріңізде болсын, мұнай сатудан түсетін қомақты кірістер әрдайым мемлекет үшін молшылық көзі болып табылмайды. Бұл арада Венесуэла, Нигерия және Сауд Арабиясы секілді елдердің өкінішті тәжірибесін еске алсақ та жеткілікті.

Біз бұл қателіктерді қайталамауымыз керек. Біз өз экономикамыз бен азаматтарымыздың бәсекеге қабілеттілігін мұнай долларларына «тұншықтырмауымыз» қажет.

«Қазақстан–2030» стратегиясында бізде бейне бір мұнай жоқ секілді жағдайда өмір сүріп, жұмыс істеуіміз керек екені айтылады. Бұл ойда терең мағына жатыр.

Біздің стратегия қолдағы бар қаржыны ақылмен тұтынып, ақылмен жұмсау принциптеріне негізделуі, яғни кәдімгі отбасы секілді мемлекетте «қиын күнге» деп сақтап қоятын арнайы қоры болуы керек. Мұнай сатудан түскен қаржының бір бөлігі ғана еліміздің ішкі денсаулық сақтау, білім беру, ауыссу мен жол құрылысы сияқты осы заманғы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымын жасауға бағытталатын болады. Бұл – негізінен «нарықтың құлдырауы» дейтін, шын мәнінде мемлекеттің араласуы қажет болып табылатын салалар. Мысалы, ұлттың денсаулығы мен оның білім деңгейі – қандай жағдайда да құлдырауға жол берілмейтін дүниелер.

Әлемнің бірде-бір елі өзінің алдына дәл осындай қысқа мерзімде мұндай өршіл міндет қойған емес. Алайда күндердің күнінде дәл осының біздің жол деп атайтынына мен сенемін.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан қарсыдан соққан жел мен жауған жаңбырға, өзінің шаршап-шалдыққаны мен қорқынышына, айналасындағы әртүрлі қиын жайларға қарамастан, тау асуларымен тайсалмай жүріп келе жатқан жолаушының жағдайын көзге елестететін.

Алғашқы қадам – өте күрделі. Жаңа мемлекетімізді құруға кіріскенде, ең алдымен біздің үйіміздің мықты іргетасы, негіздердің негізі – жаңа Конституция керек екенін түсіндік.

Біз сонау 1995 жылы қабылданып, қазіргі қолданыста жүрген Конституцияға бірден келген жоқпыз. Иә, оның алдында 1993 жылы тұңғыш Конституциямыз қабылданды, Президенттің 140-тан астам заң күші бар Жарлықтарына қолы қойылды, сондай-ақ өмірдегі болып жатқан сол өзгерістердің қажеттігін түсінбеген және оны қабылдағысы келмеген адамдармен арада ұзақ жылғы табанды күрестер өтті. Сол жағдайлардың қалай болғаны туралы келесі тарауда айтамын.

# 1995 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯ

XVIII ғасырдағы француз заңгері, биліктің бөлінуі туралы ілімнің авторы Шарль де Монтескье былай деген екен: «Демократияның принциптері тепе-теңдік рухын жоғалтып алғанда ғана емес, сонымен бірге, тепе-теңдік рухын шегіне дейін жеткізіп, әркім өзінің билікке сайлаған адамдарымен тең болуға ұмтылғанда іриді».

КСРО-ның өмір сүруінің соңғы жылдарында республикалардағы әртүрлі деңгейдегі депутаттар әкімшілік-әміршілік жүйенің сыншысына айналып кетті. Бұқаралық ақпарат құралдары Жоғарғы Кеңестер мен съездердегі халық депутаттарының пікірталастарын тікелей эфирде таратып, оларға биліктің әртүрлі тармақтарының арасындағы қақтығыстар сипатын берді. Ерсілігі сол, Кеңес өкіметінің түпқазығы болып табылатын Кеңестердің өздері біраздан кейін осы өкіметті көпшіліктің алдында тұралатудың аренасына айналды.

Бұқаралық ақпарат құралдары өзінің негізгі міндеті – адамға шындық ақпаратты жеткізудің, жаңа өзгерістердің өскіндерін айтып, жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтаудың орнына қызбалықтың отына май құйды.

Ондаған жылдар бойғы цензура мен тыйым салулардан кейін, қоғам басқа бір ұшқарылыққа ұрынып, сөз еркіндігі мен жариялылық принциптері адам танымастай болып өзгерді. Жариялылық тамаша, егер ол тексерілген ақпаратты беретін болса. Жалған ақпарат – ол еркіндік емес, еркіндікке қиянат жасағандық. Мұны өркениетті қоғамдар ерте түсінген, сондықтан оларда жала жапқаны үшін заңның барлық қатаңдығымен жауап сұралады. Осынау аса күрделі жағдайларда түрлі саясаткерсымақтар адам сезімін саудаға салып, билікке ұмтылды, мемлекеттіліктің түпқазығын шайқалтты, сөйтіп мемлекеттің тұтастығына қауіп төндірді.

Нәтижесінде біз нақты не таптық? Тапқанымыз – ұзаққа созылған көпжақты саяси дау-жанжалдар болды, ал оған

орталықтағы және одақтық республикалардағы әртүрлі саяси топтар қатынасты.

Тоқсаныншы жылдардың басындағы саяси теке тірестер сол кездегі аса қатал экономикалық дағдарыспен қатарлас келді. Елде кәсіпорындар тоқтап, жұмыссыздық етек алды, бірінші кезектегі сұранысқа қажетті тауарларға деген төтенше тапшылық туды, ал одақтық «бюджет», дәлірек айтсақ, «тігісінен қақырап, сөгіліп» жатты.

Біз тәуелсіздігімізді жариялаған 1991 жылғы шынайы жағдай осындай еді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін ресми түрде бұрынғы кеңестік республикалар арасында ең соңынан, 1991 жылдың 16 желтоқсанында жариялаған ел болды. Сол кезде көптеген «жанашырлар» Қазақстан өз тәуелсіздігін тағдырдың бір сыйы ретінде күтпеген жерден алды дегенді айтты. Тіпті кейбіреулер тәуелсіз Қазақстанның ғұмыры ұзаққа бармайды деп те сәуегейсіді.

Бірақ қалай болғанда да, бір қызығы сол – біздің тәуелсіздігіміз үшін күрестің ең күрделі де жауапты кезеңі 1991 жылы дербестігімізді алғаннан кейін барып қана басталды. Біреудің өз тәуелсіздігін әлдекімнің жай ғана мойындағанынан гөрі, саяси және экономикалық жағынан шын мәнінде тәуелсіз болу әлдеқайда қиын. Күрес әлі де жалғасуда – бірақ бүгін бұл бәрінен бұрын тәуелсіз мемлекетті құрудың жоспарлы үрдісі түрінде болып отыр. Бұл тарауда әңгіме тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы іргетасы қалай қаланғандығы жайында айтылатын болады. Ол – Конституция туралы болмақ.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын.



Конституциялық құрылыстың бастапқы кезеңдеріндегі біздің алдымызда тұрған міндеттер аса күрделі, сан алуан және жауапты еді. Біріншіден, жаңа құрылған мемлекетті, мемлекеттік билік пен басқарудың бүкіл жүйесін барынша нығайту қажет еді. Екіншіден, экономикалық түбегейлі реформалардың кезек күттірмейтін мәселелерін шешіп, оны терең дағдарыстан шығару керек. Үшіншіден, сыртқы саясатты қалыптастыру қажет. Төртіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, азаматтардың жалпы өркениетті дүниеде қабылданған құқықтары мен бостандықтарын бекітуге, демократиялық институттарды дамытуға байланысты міндеттердің жиынтығын шешу керек болды.

Бүгінде біздің еліміз 1995 жылғы Конституция бойынша өмір сүреді. Ол қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына қабыл етті. Осындай өзара міндеткерлік қоғам мемлекеттің одан әрі нәтижелі дамуына тиянақты негіз қалыптастырады және біздің болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді.

Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Көптеген Конституциялар, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданғандары мұқият сараптаудан өткізілді. Біз үшін дамудың әртүрлі сатыларында тұрған, сан алуан әлеуметтік-мәдени, ұлттық және басқа да ерекшеліктері, әртүрлі құқықтық жүйесі бар елдердің Конституциясы басты мәселені – тұрақтылықты нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы және демократияны

дамытудағы қол жеткен табыстарын ұғыну маңызды болды. Ізденіс географиясы да ауқымды болатын – ол Еуропаны, Азияны, Солтүстік және Латын Америкасын қамтыды. Мен өз басым тікелей әлемдегі жиырма елдің конституциясын талдап, олардан конспектi жасап алдым.

Нәтижесінде, жаңа Конституцияның қажеттігі туралы шешім қабылдамас бұрын біздер бес жылдық жинақталған тәжірибе болды. Біз содан негізгі басымдықтарды, мақсаттарды ажыратып, оларға жетудің құралдарын үйрендік.

Конституцияны қабылдау қарсаңында ондаған жылдар бойы азаматтарымыздың ой-санасында қордаланып қалған стереотиптерді жою үшін, мемлекет пен қоғамды түбегейлі реформалау барысында пайда болатын көптеген объективті және субъективті проблемаларды шешу үшін бірнеше жылға созылған табанды жұмыстар атқаруға тура келді. Иә, кейде біздің шешімдеріміз жартыкеш, ымырашыл сипатта да болды. Кез келген жаңа істе болатыны сияқты, қателіктер де жіберілетін. Осының бәрі сол кездерде анық өтпелі сипатта болған мемлекеттік институттар мен заңнамалық қызметтерден көрініс тауып отырды.

Бірақ, сол бір қиын-қыстау жылдарды еске алғанда, елімізді күрделі әлеуметтік катаклизмдерге соқтырмай, аман сақтап, әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретіндегі осы заманғы мемлекетін құру үшін не керектің бәрін істегеніме, мемлекетті құруға қызмет жасағанымға сенімдімін.

1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі Заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек.

## 1990 жылдың 25 қазанындағы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация

Қазақстанның өзіндік конституциялық заңнамасын қалыптастырудың басы уақыт жағынан Кеңестер Одағының ыдырауына сәйкес келді. Тәуелсіздікке қарай барар жолдағы алғашқы қадам 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы болды.

Онда егемен Қазақстанның соңғы екі Конституциясында одан әрі дамытылған – гуманистік, демократиялық және құқықтық мемлекет құру ниеті, халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі ретінде айқындалуы, еліміздің аумағының бөлінбейтіндігі және оған қол сұғылмайтындығы сияқты және т.б. іргелі ережелер көрініс тапты.

Әрине, мемлекеттің егемендігі туралы Декларация заңдық құжаттан гөрі көбінесе саяси құжатқа ұқсайтын. Дәлірек айтсақ, оның ережелері құқықтық нормалар емес еді, яғни оның ешқандай да заңдық күші болған жоқ. Егемендікті заңдық негізде бекіту үшін соған сәйкес конституциялық акт қабылдау талабы туындады.

1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық осындай акт Заңы болды. Дәл сол күн – қазір Қазақстанның Тәуелсіздік күні болып атап өтіледі.

Мен осы арада мынадай бір ойды айтқым келеді. Тәуелсіздік күні ресми түрде бекітілген мереке күні ғана болмауы керек. Бұл күннің мағынасы өте үлкен. Ол, бір жағынан, біздің тәуелсіздік жолындағы күресімізге қойылған нүкте және, екінші жағынан, жаңа өмір белесінің басы болды. Бүгіндері бұл күнді әрбір қазақстандық өзінің жеке өмірінің тәуелсіздігі мен табыстарының бастауы ретінде тойлауына болады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, біртұтас, бөлінбейтін, қолсұғылмайтын аумақтарға ие болатын, барлық мемлекеттермен өз қарым-қатынасын халықаралық құқық принциптері негізінде жүргізетін егемен мемлекет ретіндегі мемлекеттік тәуелсіздігін заң жүзінде бекітті. Республика халқының атынан сөйлеу құқығы тек Жоғарғы Кеңеске ғана емес, сол сияқты мемлекеттің Басшысы – Қазақстанның Президентіне де берілді.

Сонымен бірге заңда Қазақстанның өзіндік экономикалық жүйесі де болатыны қарастырылды. Бұл жүйе меншіктің сан алуандығына және олардың заң алдында тең болуына, өзіндік қаржы-несие және ақша жүйесін құру мүмкіндіктеріне, өзіміздің алтын, платина және валюта қорларымызды қалыптастыруға негізделді. Өзіндік қарулы күштерді құру да сонда мәлімделді.

Заңда мемлекеттің егемендігі туралы Декларациямен бірге, оның Республиканың жаңа Конституциясын жасауға да негіз болатыны жарияланды. Сонымен бірге Конституция ережелерінің және Қазақстан Республикасының басқа да заңдары қолданыста болатындығы көрсетілді, себебі олар осы қабылданған заңға қайшы келмейтін еді.

Сөйтіп, егемен Қазақстанның ең тұңғыш осы заңнамалық актісінде Қазақ КСР-інің 1978 жылы қабылданып, сол кезде қолданыста болған Конституциясына қарағанда заңдық күш көбірек берілді. Бұл қажетті қадам болды, өйткені одақтық мемлекет құрамындағы кеңестік социалистік республиканың Конституциясын қанша «жамсап-жасқаса» да, жаңа қоғамдық-экономикалық формацияға өтуді қолға алған және мүлде басқаша қоғамдық, оның ішінде халықаралық қатынастарға түскен, жылдам өзгеріп отырған елдің өмірлік талабын қамтамасыз ете алмайтын еді. Енді ғана алғашқы

қадамдарын жасап, егеменді, демократиялық және құқықтық ел болуға бағыт ұстанған мемлекет мүлде жаңа принциптерде құрылды және басқаша конституциялық негіздерге мұқтаж болды. Мұндай негіздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңға кіргізілген болатын. Міне, осы кезде, дербес мемлекетті түпкілікті қалыптастыру үшін жаңа Конституция қабылдау талабы туындады.

### «ҚЫЗЫЛ» ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС

Егемен Қазақстанның бірінші Конституциясының жобасын жасау жөніндегі жұмыс мемлекеттің егемендігі туралы Декларацияны қабылдағаннан кейін бірден басталып кетті. 1990 жылдың 15 желтоқсанында Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР-інің Конституциялық комиссиясы құрылып, әуелде оны сол кездегі Республиканың Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы қызметіндегі Ерік Асанбаев басқарды.

Конституциялық комиссияның құрамына Жоғарғы Кеңестің бүкіл басшылығы, Премьер-министр, Әділет министрі, Бас прокурор, Жоғарғы соттың төрағасы, көрнекті ғалым-заңгерлер, белгілі тәжірибелі заңгерлер, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бір хатшысы, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы – барлығы 35 адам кірді. Комиссия Одақ кездеріндегідей өте өкілетті болып шықты. Өкінішке қарай, ол белгілі объективтік себептердің салдарынан тиімді жұмыс істей алмады. Ондай себептердің ішінде қатысушылар санының көптігіне байланысты туындаған пікірлер алалығы, оларды келістіруге көп уақыт кететіндігі және елдегі саяси жағдайдың тез өзгеріп отырғандығы да бар еді.

Мәселен, комиссия құрылғаннан кейінгі бір жылдың ішінде, басқа да заңнамаларды айтпағанның өзінде,

қолданыстағы Қазақ КСР-інің Конституциясына 7 рет (1990 жылы 20 қарашада, 1991 жылы 15 ақпанда, 20 маусымда, 25 маусымда, 25 тамызда, 10 желтоқсанда, 24 желтоқсанда) өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Байқағанымыздай, Конституциялық комиссия мүшелерінің өздерінде де бір нәрсені тірек етіп, серпіліп кететіндей тұрақты негіз болған жоқ. Елдің одан арғы даму жолы да айқын болмады.

1991 жылғы Кеңестер Одағының ыдырауымен аяқталған, Қазақ КСР-інің атын Қазақстан Республикасы деп өзгерткен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Конституциялық Заңының қабылданған зор оқиғалардан кейін, жағдай біршама айқындала бастады. Тоталитарлық дәуірден бүтіндей құтылғанымыз, күн тәртібінде егемен, демократиялық мемлекетті құру мәселесі тұрғаны баршаға ұғынықты болды. Қазақстанның одан арғы тағдыры біздің өз қолымызда тұрды. Елдің жаңа Конституциясын жасаумен байсалды түрде айналысудың уақыты жеткені білінді. Қазақстан Президенті ретінде мен үшін бұл – ең бірінші міндетке айналды.

Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен мен Конституциялық комиссияның төрағасы болып тағайындалдым, ал менің Комиссиядағы орынбасарым, Жоғарғы Кеңестің жаңа төрағасы С. Әбділдин (бұған дейін осы қызметте болған Е. Асанбаев бұл кезде Республиканың Вице-президенті болып сайланған еді) болды. Конституциялық комиссия берген өкілеттілікті пайдалана отырып, мен белгілі ғалым-заңгер Ғайрат Сапарғалиев жетекшілік еткен, саны жағынан шағын жұмыс тобын құрдым. Бұған сол сияқты Ю. Ким, Ә. Кәженов және ол кезде әлі жас, бірақ келешегінен көп үміт күттірген заңгерлер – Б. Мұхамеджанов, К. Колпаков, Ю. Мальцев, Т. Донаков кірді. Біраздан кейін бұл жұмыс тобына, сол кезде менің құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшім болған Н. Шайкенов келіп қосылды. Жалпы басшылық сол

кездегі Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары Зинаида Федотоваға жүктелді.

Жұмыс тобының алдына Конституциялық комиссияның талқылауына түсетін Қазақстан Республикасы Конституциясы жобасын дайындаудың нақты міндеті қойылды.

Көп ұзамай Конституцияның бірінші нұсқасы дайын болды және ол біршама өткір шиеленіспен өтіп жүрген Конституциялық комиссияның мәжілістерінде талқылана бастады. Конституциялық комиссияның құрамында Жоғарғы Кеңес Президиумының бүкіл мүшелері және оның комитеттерінің барлық төрағалары болды. Олардың көпшілігі басында Жоғарғы Кеңес тұратын кеңестердің билік вертикалын жаңа Конституцияда сақтап қалуды өздерінің басты міндеті деп білді. Олар ашық әңгімеге және баламалы ұсыныстарға дайын емес еді. Алға қарай одан әрі жылжудың қиындай беретіндігі түсінікті болды.

Қазақ КСР-інің сол кездегі қолданыстағы Конституциясы жаңа Конституцияны қабылдауды тек парламенттік жолмен іске асыруды қарастырған. Сондықтан да Жоғарғы Кеңес өзінің шешуші билік өкілеттілігінің көбін сақтап қалды, ал бұл кезде президенттік билік енді ғана қалыптасу сатысында болатын. Осы жағдайларда, қоғамды және мемлекетті ыдыратуға жол бермеу, енді ғана туып келе жатқан мемлекетте және полиэтникалық қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін мәмілеге баруға тура келді. Түпкі нәтижесінде ішкі саяси тұрақтылықты сақтау қажеттілігі ел үшін маңызды проблемаларды шешетін принципті және бұлтартпайтын міндеттерден жоғары қойылды.

Бұл арада мәмілеге баруға сыртқы саяси факторлардың белгілі рөл атқарғанын айтуымыз қажет. Осы кезде біз ТМД-ның жекелеген елдерінде конституциялық құрылысқа байланысты мәселелер бойынша келіспеушілік болғанының және жаңа конституцияларды қабылдау ұзаққа созылғанының, соның нәтижесінде қақтығыстарға апарып ұрындырғанының

қуәсі болдық. Қазақстанның жаңа конституциялық моделіне қатысты екіұштылық жүйелі әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық реформалардың басталуына бөгет жасап, билік тармақтары құзырларының конституциялық деңгейде нақты көрсетілмегендігінен, олардың арасында қажет емес шиеленіс туғызды. Конституциялық құрылыстың барлық қатысушылары мәмілеге келудің қажеттігін түсінді.

Пікір алалықтарының болуына қарамастан, мүмкін болса, Конституцияны тезірек қабылдау керек еді. Себебі, тәуелсіздік мәртебесі бар ел, екінші жыл, сол бұрынғы, қоғам талаптарына жауап беруден қалған кеңестік дәуірдің Конституциясы бойынша өмір сүріп жатты.

Осы қалыптасқан жағдайларды толық түсінгендіктен және кеңестік кезеңде сайланған Жоғарғы Кеңестегі консервативті көпшіліктің көңіл-күйін білгендіктен, менің жаңа құжатты қабылдату үшін мәмілеге баруыма тура келді. Амалсыздан көптеген мәселелер бойынша шегініске барудың нәтижесінде, бірінші Конституция қоғамдық және мемлекеттік дамудың өмірлік мәселелеріне жауап бере алмады.

Қос палаталы Парламент идеясын қорғап қалу әрекеті, меншіктің барлық түрлерінің, әсіресе жеке меншіктің тепе-тең дамуы, Негізгі Заңға демократиялық құқықтық мемлекеттің қарапайым ережелерін – Парламентті тарату мен Президентке импичмент жасау құқығын енгізу – нәтижесін берген жоқ. Осы ұсыныстарға Президиумның көпшілігі және Жоғарғы Кеңестің басшылығы үзілді-кесілді қарсы болды.

Қазақстан заң ғылымының кейбір корифейлерінің өздері кертартпа позиция ұстанды. Мәселен, Конституциялық комиссия мәжілістерінің бірінде Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі С. Сартаев қос палаталы Парламентті енгізу қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін жоққа шығарады деп, Жоғарғы Кеңеске «кез келген уақытта атқарушы биліктен кез келген мәселені шығарып алып, сессияда шешетіндей» құқық беруді қажет деді. Мұндай ұсыныс, биліктің бөлінісі



сияқты, кезінде мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда жарияланған принципке сөзсіз қайшы келетін еді. Конституциялық комиссияның басқа бір мәжілісінде беделі бұдан кем емес заңгер С. Зиманов жаңа Конституцияны мүлде қабылдамайық, ескісіне өзгерістер енгізумен шектелейік деген ұсыныс жасады. Мен осы екі адамға, еліміздің белгілі заңгерлеріне үлкен құрметпен қараймын. Оның үстіне, олар маған үнемі көмектесіп отырды, бірақ сол кездегі буырқанған дүбәрә кезеңде көптеген адамдар қателескен еді.

Аса өткір пікірталастар «ұлттық» мәселе дегеннің маңайында өрістеді. Конституциялық комиссияның өздерін қазақ халқының мүддесін қорғаушыларымыз деп көрсеткен кейбір мүшелері, әртүрлі ұлттар азаматтарының мүдделері мен құқықтарын есепке алмай, қазақ мемлекетін құру бағытын жариялауды ұсынды. Естеріңізге салайын, ол уақытта қазақтар еліміздегі халықтың 50 пайызына да жетпейтін. Осыған орай, Президент және Жоғарғы Кеңестің төрағасы міндетті түрде қазақтан сайлансын, яғни ұлттық ерекшелігі ескерілсін деген ұсыныстар да түсті. Бұл сияқты ұсыныстар қазақстандықтардың бірлігіне шындап қауіп төндірді. Менің осындай жалған патриоттарға қатаң тойтарыс беруіме тура келді. Біз жасап жатқан Конституция халықты ұлттық белгісі бойынша бөлуге емес, қайта біріктіруге тиіс екендігін мен қатысушылардың барлығына қайта-қайта ескертіп отырдым. Республикадағы ұлттар мен халықтардың мүдделеріне қатысы бар қауіпті бұра тартуларды болдырмас үшін Қазақстан Конституциясының әрбір бабын шын мәнінде қорғап қалуымызға тура келді.

Тағы бір өткір мәселе Қазақстан Республикасындағы тілдер мәртебесі туралы болды. Бір жағынан алғанда, ұзақ уақыттардан бері қиын жағдайда болған мемлекеттік тіл – қазақ тілін қайта түлету мен дамыту үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігі тұрды. Екінші жағынан алғанда, қазақ тілін дамытуды Қазақстандағы орыс және басқа халықтардың

тілдеріне қысым жасау есебінен жүргізуге үзілді-кесілді болмайтын еді.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде тану өздігінен алғанда ешкімді де кемсітпейтін. Бұл қисынды және заңды шешім болатын. Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді енгізуді дүмбілез бюрократтардың тәлкегіне берген жерде, әсіресе жергілікті жерлерде, асығыс шешімдер, әрине, өзінің жағымсыз рөлін көрсетуі әбден мүмкін еді. Бұл кейбір жерлерде қабылданып қойған Тілдер туралы заңды жою керек деген әңгімелердің тууына түрткі болды.

Осы бір көкейтесті мәселе сол кездерде жан-жақты Конституциялық комиссияның мәжілістерінде ғана емес, көптеген басқа да жиналыстарда талқыланды. 1992 жылғы 11–12 қарашада өткен әкімшілік басшылары мен жергілікті кеңес төрағаларының Республикалық кеңесінде мен қатысушылардың назарын мынаған аудардым:

*«Тіл мәселесі ешқашанда арзан популизмнің, көпірме сөзді сәудегерліктің өзегіне айналмауы керек. Қабылданған заңды тоқтатып қоюмен Қазақстанда тыныштық орнатуға болады деп шынымен біреулер ойлай ма екен? Қасақана айтпайтын адамға, қазақ тілінің мүшкіл жағдайда екені, әңгіме осы тілді құтқару туралы болып отырғаны ниеті дұрыс адамға қалай түсініксіз болады? Біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының тілі жойылып кетуге тиіс емес. Кім өз еркімен мылқау болғысы келеді екен? Біздің тіл саясатымыз заңда да және шынайы өмірде де қазақ және орыс тілдерінің, сондай-ақ аз ұлттар тілдерінің дамуына жағдайды қамтамасыз етуі тиіс».*

**Әкімшілік басшылары мен жергілікті кеңестер төрағаларының республикалық кеңесінде сөйленген сөзден,  
11–12 қараша 1992 жыл**

Ақыр аяғында депутаттардың көпшілігі мынадай конституциялық қағиданы қабылдады: «Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Орыс тілі ұлтаралық қатынастар тілі болып табылады. Мемлекет ұлтаралық тілдің және тағы да басқа тілдердің қолдану аясының сақталуына кепілдік береді, олардың еркін дамуына жағдай жасайды. Мемлекеттік тілді және ұлтаралық қатынастар тілін меңгермеді деген сылтаумен азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне шектеу қоюға тыйым салынады».

Тұтастай алғанда, орыс тілінің ұлтаралық қатынастар тілі ретіндегі мәртебесі, әлі де болса заң жүзінде толық айқындалмағанына қарамастан, осындай тұжырым Қазақстанның көпұлтты халқының өмірлік қажеттіктеріне жауап беретін еді. Кейінірек бұл мәселе 1995 жылғы Конституцияда басқаша шешілді.

Депутаттар Парламентті таратудың құқығына да ерекше қауіппен қарады. Бұл түсінікті де еді – өйткені, аумалы-төкпелі кезеңнің жағдайын пайдаланып, олар өздеріне көптеген жеңілдіктер жасап алды, кез келген министрге «қысым» жасай алатын және өздерінің депутаттық кезеңдегі өкілеттігінің ешкім қол сұқпайтын кепілдігін онан кейінгі екі жыл бойы сақтайтын болды. Жалпы алғанда, олар «жеке бизнестері» саласындағы өздерінің «шығармашылығы» үшін кереметтей жағдай жасап ала білді. Өздерінің сайлаушылары туралы олардың кейбіреулері ғана ойланатын.

Заң шығару органы болып табылатын Жоғарғы Кеңес үнемі жұмыс істемейтін жағдайда, депутаттар өз өкілеттіктерін жергілікті жерлердегі басшылық қызметтерімен қатар атқарып отырды. Жоғарғы Кеңестің мәжілістері жылына бірнеше рет қана өткізілді, ал тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы байсалды заң шығарушылық жұмысты іске асыра отырып, жүздеген жаңа заңдарды қабылдауды талап етті. Аймақтардағы партиялық номенклатураның өкілдері болып келетін депутат-

тар жергілікті жерлердегі толып жатқан проблемалар туралы баяндап жатты. Осынау халық өкілдері жалпы мемлекеттік мүддені сезіну, «жергілікті жерлер» мүддесін қорғаудың күні өткенін түсіну сияқты деңгейге көтеріле алмады. Нәтижесінде сессиялар «арқан тартысу» ойынына ұқсап, әркім өз өңірі үшін мемлекеттік бюджеттен қаржыны көбірек жұлмалауға тырысты. Сөйтіп, көріп отырғанымыздай, бұл жерде мемлекетке және бүкіл халыққа қызмет етудің иісі де жоқ болатын.

Депутаттардың көпшілігі мемлекеттің қалыптасу және жаңа экономикалық формацияға өту кезеңіндегі жаңа жағдайда Парламенттің мүлде басқа қызметтер атқаратынын түсінбеді. Депутаттардың көпшілігі өздерін Кеңес заманындағыдай аманатты мандаттың иелеріміз деп сезінді, ол кездегі қалыптасқан тәртіп бойынша депутаттықты жергілікті жердегі қажеттіктер үшін қосымша қаржы аударту көзі ретінде пайдаланып отырды.

Барлығын өз қолдарынан бөліп отыруға, реформаның жүру барысына жауапкершілікті атқарушы биліктің мойынына артып қоюға тырысу – бұл сол кездегі қалыптасқан жалпы тенденция еді. Өкінішке қарай, осы тенденция басқа да тәуелсіз елдерде сақталынып қалды, парламенттің негізгі міндеті бөліп беруде емес, керісінше, өркениетті заң шығарушылық базаны және жаңа экономикалық қатынастарды дамытуға заңнамалық жағдай жасау екенін алғашқы посткеңестік парламенттердің депутаттарының көпшілігі сол күйі түсінбеді. Сонымен бірге ахуалдың ерекшелігінің өзі – қандай да бір дамыған нарықтық экономика мен азаматтық қоғамның белгісі де болмаған, өкілеттіліктің, экономикалық және саяси мүдделерінің қорғалуының қазіргі жүйесі құрылмаған, сол мүдделер мен соларға өкілдік етушілердің өздері де нақты қалыптаспаған жағдайда парламенттің жеміссіз қызмет жасауында болды.

Міне, осы жағдайда парламенттер кірісті өз мүдделеріне қайта бөлу үшін күресіп жатқан тұтынушылар клубтарына айналды.

Олар жалақыны көтеру, қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген әлеуметтік бағдарламалар туралы популистік шешімдер қабылдап жатты, ал негізінде олардың өзі, атқарушы биліктің органы ретінде аса қатаң бюджеттік тапшылық пен терең дағдарыс жағдайында, солардың іске асуына жауапты болатын.

Нәтижесінде атқарушы билік баспасөздің, депутаттардың, қоғамның жан-жақтап жасаған сынына тап болды. Тіпті, шын мәнінде ауыр жағдайда отырған өңірлердің атынан сөйлеген кейбір депутаттардың өздері, қалыптасқан жағдайды түсінбей, өз әрекеттерімен сол өңірлерге зияндарын ғана тигізді. Популистік толқуда қабылданған экономикалық шешімдер шаруашылық жүргізудің, экономиканы мемлекеттік реттеудің бүкіл жүйесін тозғындатып, ақыр аяғында экономикалық ситуацияны одан әрмен ушықтыруға әкелді.

Өтпелі дәуірдің «бірінші толқынындағы» (1990–1994 жылдар) Заңдар өз маңыздылығына қарамастан, мемлекеттің қаржы мүмкіндіктерімен бекітілмеген популистік мәнге толы еді, сондықтан да олардан көп нәтиже шықпауының өзі де осында жатты. Жоғарғы Кеңес «Біз заңдарды шығарамыз және ақшаны үлестіреміз, ал Үкімет оларды қалай болса да орындасын» деген принциппен жұмыс істеді.

Дәл осы кездерде сауыншылар мен тракторшыларды 45 жастан зейнеткерлікке шығару және экологиялық аймақтар тұрғындарына төлемақы төлеу туралы қаржы тұрғысынан ешқандай да негізделмеген заңдар қабылданған еді. Экономика жұмыс істемей, қазына бос қалған сол кездерде қабылданған осындай заңдар әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша көп жылғы қарыздар қалыптасуының бірден-бір себепшісі болды. Кейіннен келе бұл заңдардың тиісті баптарының әрекеті тоқтатылды.

Оның нәтижесі өздерін алданып қалдық деп сезінген адамдардың ызасы мен түңілуін ғана тудырды, сонымен бірге, осы тектес Заңдарды іске асыру үшін қолданылған шаралар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, онсыз да дағдарыста тұрған біздің экономиканы толық күйреуге апарып соқтыра жаздады.

Сол кездегі көптеген заңдарда нарықтық экономика мен демократиялық қоғам құру барысында пайда болатын құқықтық қатынастарды реттеудің тетіктері мүлде жоқ болатын.

Кейде мен бүкіл жұмыс күнімді Жоғарғы Кеңесте өткізіп, елдің кезек күттірмейтін шешімдерді талап ететін ағымдағы маңызды істерімен айналысуға тек түнде ғана келемін деп, ащы шындықты қалжыңға айналдырып айтатынмын.

Парламенттегілер ескірген идеологиялық әдістер мен стереотиптерді бұрынғы екпінмен қолдай отыра, біздің мемлекет пен қоғамды реформаландыру бағытындағы барлық әрекеттерімізге тұсау салды. Сөйтіп, экономиканың ескірген құрылымы сақталып қалды да, жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру жөніндегі бастамалардың барлығы тоқтатылды. Ал демократиялық құқықтық мемлекеттің талаптарына сәйкес келетін өкілетті органдардың жаңа жүйесін құру болмай қалмайтын уақыт талабы екендігі көпшілігімізге түсінікті болатын.

Алдын ала айтпағым, түптеп келгенде, барлығын түсінген сол депутаттардың бастамаларымен 1993 жылдың соңына қарай Қазақстанда барлық деңгейдегі кеңестер өздерін-өздері тарата бастады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзін-өзі таратқанға дейін егеменді Қазақстанның бірінші Конституциясын қабылдап, өзінің тарихи миссиясын орындап үлгергенін мойындауымыз керек.

Конституциялық комиссия дайындаған Конституцияның алғашқы жобасы Жоғарғы Кеңес, Жоғарғы Кеңес депутат-

тарының көп күнге созылған талқылауынан (бүкіл елге берілген телевизиялық көрсетім арқылы) кейін, 1992 жылы 2 маусымда бірінші оқылымында қабылданды. Бір аптадан кейін жоба республикалық және облыстық газеттерде бүкілхалықтық талқылау үшін жарияланды, ол 1992 жылдың желтоқсанына дейін созылды. Ақырында, 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жариялы түрде дауыс беру арқылы түгелге жуық көпшілікпен (қалыс қалған – 1, қарсы – 2) Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын қабылдады. Жоғарғы Кеңестің мәжіліс залының электронды таблосында дауыс берудің нәтижесі көрінгенде, зал ду қолшапалақтап дүр сілкінді. Залда «Қазақстан жасасын!» «Конституция жасасын!» деген дауыстар жан-жақтан естіліп жатты.

Бұл шын мәнінде дербес дамудың жолына түскен Қазақстан халқының өміріндегі тарихи оқиға еді. 1993 жылдың жағдайында қабылданған Конституция, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізуге қарсы болған бір бөлігі мен Қазақ КСР-інің демократиялық өркениетті мемлекетке айналуы қажеттігін және оның болмай қоймайтындығын түсінген екінші бір бөлігінің арасындағы ымыраның көрінісі болды. Конституция реформаны іске асыру жолындағы алғашқы және аса қажетті қадамдарды жасауға мүмкіндік берді.

Бірақ, көп ұзамай, Қазақстанның бірінші Конституциясының күшіне және қолданысқа енуіне байланысты, оның кемшіліктері де анық байқалды. Ең бастысы, оның шын мәніндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерден алшақ тұрғаны көрінді.

Негізгі Заңда әртүрлі мемлекеттік институттар арасындағы туып қалатын келіспеушіліктерді шешетін тетіктердің болмауы атқару және заң шығару органдарының арасындағы

қайшылықтардың объективті түрде өрістеу себептерінің бірі болды. Басқаша айтқанда, 1993 жылғы үлгідегі Конституция мемлекеттік құрылымды жетілдіріп отыру, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды одан әрі тереңдете дамыту жолындағы құқықтық кедергіге айналды. «Кімнен кім басымырақ?» деген принцип бойынша үнемі дау-дамай жүріп жатты.

«Тарихтың ымырасы» болған Негізгі Заң қоғам күткен барлық үміттерді ақтамады. Себебі, онда ең басты мәселе – біздің қоғамдық дамудағы мақсаттарымыз бен басымдылықтарымыз айқындалмады.

Сонымен бірге, елдің Негізгі Заңын қабылдау тәсілінің өзі де келіспеушілікті туғызды. Сонда Конституцияны қабылдаған халық емес, қайта кеңестік Заң бойынша құрылған Жоғарғы Кеңес пен шенеуніктер әуелі өздеріне және содан соң халыққа сыйға тартқан болып шықты. Конституцияда: Президент – ел ішіндегі және халықаралық қатынастардағы Республиканың өкілі деп жазылған ережеге қарамастан, Негізгі Заңды қабылдаған және соған сәйкес президенттік басқару түрін бекіткен Жоғарғы Кеңес бүкіл Қазақстан халқының атынан сөйлеу құқығын өзінде қалдырғанын айтсақ та жеткілікті. Осының өзінен-ақ әлі де болса табиғаты жағынан «кеңестік» сипаттағы Жоғарғы Кеңестің билікке деген гегемонияны өзінде сақтап қалуға ұмтылысы көрінді. Осындайларға ағылшын ағартушысы Томас Пейннің «Конституция дегеніміз мемлекеттің алдында жүретін үрдіс, ал мемлекет Конституцияның жемісі ғана» – деген сөздері дәл келеді.

Осы сияқты заңнамадағы көптеген «ақтаңдақтарды» күнделікті кездестіре отырып, біз 1993 жылғы үлгідегі Конституцияның егеменді Қазақстанды құрудың құқықтық негізі болуға жарамайтынын түсіндік.



Уақыт өтіп жатты, сонымен бірге енді статус-квоны сақтаудың өзіне мүмкіндік қалмады. Президент пен Үкіметтің реформаларды, әсіресе оның экономикалық сипаттағыларын жүргізуіне кедергі жасап отырған Кеңестердің шексіз билігі туралы мәселені дереу шешу керек болды. Мен бұл мәселені референдумға шығаруға дайын едім және ол туралы ойымды ашық айттым. Жоғарғы Кеңестің реформаны жүргізуде тежеуішке айналғаны туралы үнемі айтып, өз позициямды түсіндіріп отырдым. Осы негізде менің барлық мәселені шешуде өзінің жоғары тұруына бағыт ұстанған Жоғарғы Кеңестің төрағасы С. Әбділдинмен қарым-қатынасым шиеленісті. Оның көзқарастары туралы айтқым келмейді. Олар қазір елдің бәріне де аян, өйткені ол азамат қазір Компартияны басқарып отыр.

Ал ол кезде біз өзгеше бір тығырыққа тап болдық: не Үкімет, не Жоғарғы Кеңес өзара тайталастан шығудың жолын таппады. Мен кейбір депутаттардың әрекеттерінің зиянды екендіктерін халыққа әлденеше рет туралап айттым.

Дәл осы сәтте, 1993 жылы 16 қарашада, Алматы қаласындағы Алатау аудандық халық депутаттарының кеңесі депутаттарды жаңа заң бойынша сайлауға мүмкіндік беру мақсатында, өзін-өзі тарату жөнінде мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде теңдессіз шешім қабылдады. Сол кезде республиканың және жергілікті кеңестердің халық депутаттарына үндеу жарияланды.

*«Кеңестер көбіне-көп бұрынғы үрдіс пен ескі идеологияның бейнесі болып қалып отыр. Өкілетті жүйенің қызметін реттейтін Заңдардың әрі әбден ескіргендігі, әрі тар ауқымы, депутаттық корпусының өз жұмысына деген ынтасының азаюы, Кеңестердің нақты өмірден аулақ қалуын күшейтті. Сайлаушылардың еркін жүзеге асыруға олардың қабілетсіз екендігі күннен-күнге айқындала түсуде. Бұл*

*депутаттық корпустың кінәсынан емес. Себеп басқада – Кеңестердің толық билігі үрдісінің бүгінгі күннің шындығына толығымен сәйкес келе алмайтын қауқарсыздығында».*

**Алматы қаласының Алатау аудандық кеңесі халық депутаттарының Республика мен жергілікті кеңестердің халық депутаттарына үндеуінен, 16 қараша 1993 жыл**

Сол сияқты 17 қарашада астананың Ленин және Октябрь аудандық Кеңестерінің депутаттары өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады. Ілешала осындай шешімге Әуезов және Фрунзе аудандық кеңестерінің депутаттары да келді. Сөйтіп, бұл бастама аз уақытта бүкіл республикаға тарады.

Артынша маған Жоғарғы Кеңес депутаттарының бір тобы өздерін отставкаға жіберу және депутаттық өкілеттіктерінен босату туралы ұжымдық өтініш жасады. Конституция бойынша мен бұлай жасай алмайтын едім, сондықтан мен оларға бұл мәселені Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясына қоюды ұсындым. Тура айтатын болсам, мен елімізге аса маңызды осы бір кезеңде үлкен жауапкершілік көрсеткен сол депутаттарға ризамын.

Парасат жеңіске жетті және Жоғарғы Кеңестің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға қатардағы депутаттар бастамашы болды. 360 депутаттың 200-і өз өкілеттіктерінен бас тартындары жайында өтініш берді. Кеңестік жүйенің опырылып күйреуі, Жоғарғы Кеңесті өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдауына мәжбүр етті.

Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуы тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса бір драмалы оқиға болды. Тарихшылар осы бір ел үшін тағдырлық маңызы бар шешімді қабылдауға депутаттарды итермелеген себептерді әлі де талай талқылайтыны аян. Менің пайымдауымша, Жоғарғы Кеңес, ерте ме, кеш

пе, әйтеуір бір тарайтыны айқын болатын. Кең масштабтағы экономикалық реформаларды жүргізу кеңестік жүйе тудырған қайшылықтарды шешуді де талап етті. Бұл қайшылықтың мәні көптеген депутаттардың бір мезгілде биліктің заң шығару және атқару тармақтарының бірден өкілдері болуында еді. Осындай ахуалда депутаттарды жергілікті жерлердегі сатылы биліктің жұмысын бірден қозғалтпай қоя алатын және Жоғарғы Кеңесті реформаны орталықтан тежеп отыратын құрал ретінде пайдалана алатын еді.

XVI ғасырдағы француз философы Мишель Монтень айтқандай: «Кез келген халық үшін ең тамаша мемлекеттік құрылым – сол халықты біртұтас күйінде сақтап қалатыны». Қазақстан атқарушы және заң шығарушы биліктің бір-біріне қарсы тұруын шеше білді, сілкіністерді күш қолданусыз бейбіт жолмен орағытып кете алды. Біз сатылап және біртіндеп тұрақтылықты бекітуге және қауырт экономикалық өрлеуге ықпал жасайтын тиімді және демократиялық басқару жүйесіне өте алдық. Бұл мәселеде ТМД-ның кейбір елдерінің жолдары сондайлық бола қойған жоқ.

1992 жылы Тәжікстанда осындай қарсы тұрудың ұрығы аймақтар арасындағы қайшылықтардың «құнарлы» топырағына түсті. Душанбедегі әртүрлі екі алаңда көп кісі жиналған минтингілерден басталған тайталас ақыр аяғында ағайындылардың бірін-бірі қырған азамат соғысына алып келді. Бұл соғыс бес жылдан астам уақытқа созылып, жүз мыңға жуық адамның өмірін қиды.

Қантөгіс жағынан Тәжікстандағыдан кем түспеген қақтығыстар Грузия мен Әзербайжанда да орын алды. Бұларда билікке популистік толқында Жоғарғы Кеңестердің көмегінсіз емес Гамсахурдиа мен Элчибей сияқты демагог-диссиденттер келді. Билік басында көп тұрмаса да, олар жүргізген, көп жағдайларда тозғындатуға әкелген дилетанттық ішкі және сыртқы саясаттың сызы Грузияда да, Әзербайжанда да әлі

күнге дейін сезілуде. Бұл елдер, ондаған жылдар өтсе де, аса ауыр экономикалық дағдарыстан енді шығып келеді, ал территориялық тұтастықтарын әлі қалпына келтіре алмай отыр.

1993 жылғы қазанда Ресейде орын алған оқиғалар өздерінің мәні жағынан қайғылы және ауқымдылары болды. Сол кезде дүние жүзінің бүкіл телеарналары Президент Ельцинге адал Кантемир дивизиясы танкілерінің түтіннен қап-қара болған Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің ғимаратын зеңбіректен атқылағандарын көрсеткен болатын. Ресейдегі тоқсаныншы жылдардағы саяси ахуалдың болжаусыздығы Қазақстандағы саяси ландшафтқа да терең іздерін қалдырды. Мәскеудегі оқиғаларды жіті қадағалай отыра және сол кездегі Ресейде бүтіндей орын алған былық пен заңсыздықтарға ұрындырған атқару билігі мен заң шығару билігі арасындағы текетіресті сараптай келе, Қазақстан экономиканы белсене ырықтандыруды тек бірорталықтандырылған күшті президент билігі болғанда ғана жүзеге асыра алатынына менің бүтіндей көзім жетті.

Сол кездерде заң шығару деңгейінде қарқынды жұмыс жасай отырумен қатар, барлық жерде «өрт сөндіріп» отыруға тура келді. 1993–1994 жылдардағы жылу беру маусымының қалай басталғаны әлі есімде, сол кезде көптеген қалалар мен поселкелер қысқа дайын емес еді. Солтүстік және Орталық Қазақстанның мыңдаған пәтерлерінде бөлменің температурасы 10-15 градустан жоғары көтерілмеді.

1993 жылдың желтоқсанында біз бұдан да қиын жағдайға тап болдық. Жедел түрде «мінсіз» деген бағамен теңгені енгізгенімізбен, елдегі ахуал инфляцияның жоғары қарқынымен шиеленіске түсті. Қалыптасқан жағдай жедел және жауапты шешімдер қабылдауды талап етті. Экономикалық саладағы заң актілерін қабылдаудағы бір күнгі бөгесіннің өзі бір жылдың ішінде орнын толтыра алмайтын

шығындарға ұрындырары анық еді. Бірақ та Министрлер Кабинетінің оралымдылығына Жоғарғы Кеңес құрсау болды. Тағы да экономиканың тұрақсыздануының нақты бір қаупі туды.

Жоғарғы Кеңес елдің қаржы-экономикалық саясатының бүтіндей дербестігі жағдайында қандай да болмасын заңдар қабылдауға дәрменсіздігін көрсетті. Жоғарғы Кеңестің сессияларында ұзаққа созылған нәтижесіз пікірсайыстар жүріп жатты. Сессиялардың арасындағы үзілістердің өзі де ұзақ болды. Біз үнемі парламенттің шешімдерін күтетінбіз, бірақ та бізге ол экономикалық реформалардың заңнамалық базасын қалыптастыруды әдейі тежеуге алатын сияқты көрінетін. 1994 жылдың басындағы теңге бағамының жаппай құлдырау себептерінің бірі дәл осында жатты. Сол кезеңдерде Министрлер Кабинетінің басшылары депутаттар корпусының және жергілікті органдардың мүдделік қолдауының қатты тегеуірініне шыдай алмады, нәтижесінде кәсіпорындар арасындағы ойластырылмаған өзара төлемдік есептесулер басталды.

### Жаңа Конституция: ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСТАУ

1994 жылы наурызда Жоғарғы Кеңестің жаңа құрамы сайланды да, мен оған үлкен үміт арттым. Ұзаққа созылған ырғалып-жырғалудан кейін, бұл парламент ынтымақтасудың жемісті жолына түскенін ашып айтуымыз керек, бұған мен кәдімгідей қуандым. Сөз жоқ, бұл Жоғарғы Кеңес бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда іскер еді, бірақ бұл да біздің үмітімізді ақтамады. Депутаттар көп ұзамай-ақ өздерінің не үшін сайланғандарын ұмытып кетті. Бұл кеңестің жұмыс істеген кезеңінде небары 7 ғана заң қабылданды, ал оның есесіне 177 депутатты асырап-сақтау үшін бюджеттік қаржыдан миллиардтан астам теңге жұмсалды.

Мен жаңа парламентшілердің іскерлігіне қандайлық үміт артсам, олардан көңілімнің қалғаны да одан кем болған жоқ. Парламентте аса маңызды өмірлік заңдарды талқылау сол баяғыдай қызу жүріп жатты, бірақ одан пайда шамалы болды. Бұл жерде 1994 жылға арналған бюджет туралы заңның қабылдануын айтсақ та жеткілікті. Үкімет парламентке бюджеттің жобасын ұсынғаннан кейін, оны депутаттар 1994 жылы үш ай бойы талқылады. Ұзаққа созылған дау-дамайдан кейін, үкіметті отставкаға жіберу қаупі туғанда ғана 1994 жылдың бюджеті әрең қабылданған еді.

Сөйте тұрса да, 1994 жылдың желтоқсанында Жоғарғы Кеңес тілдердің мәртебесі, мемлекеттіліктің сипаты және жерге жеке меншік туралы рейтингілік дауыс беруден бас тартқанына қарамастан, мен депутаттық корпуспен жұмыс істеуді тоқтатпадым. Биліктің мейлінше сара әрі табанды құрылымын қалыптастыру, түбегейлі экономикалық сипаты және қоғамдық-саяси зор маңызы бар мәселелерді конституциялық деңгейде шешу қажеттігі күннен-күнге айқындала берді.

1994 жылы желтоқсанның аяғында мен Әділет министрі Нағашыбай Шәйкеновті шақырдым. Мен оны реформаның дәйекті жақтасы және жоғарғы білікті заңгер ретінде жақсы білетінмін. Екеуміз екі сағаттан артық уақыт әңгімелестік. Мен оған конституциялық реформаның негізгі бағыттарын сипаттап бердім және құжаттармен одан әрі жұмыс істеу үшін жаңа конституцияның үлгі жобасын бердім. Табыс еттім. Әрине, жоба аса құпия жағдайда жасалды.

Алғашында жаңа конституцияның жобасын жаңа құрамда 13-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің қарауына ұсыну жоспарланған болатын. Ол бұл кезде конституциялық реформаны жүргізуге дайын еді. Парламенттің экономикалық мәселелерді талқылаудағы оң қадамдары және кейбір

ықпалды фракциялармен байланыстары осыған куә болатын. Бұл кезең менің есімде жақсы сақталған. Мен ымыраға баратын жол табылады, конституциялық реформаны іске асырамыз деген сенімде едім.

Бірақ осы тұста бір күтпеген жағдай болды.

Кішкентай ғана нәрсе басқа бір оқиғалардың түбегейлі сипатта өрістеуіне себеп болып, қоғамды мүлде ойламаған нәтижелерге ұрындыратыны тарихта талай рет болған ғой. Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысы бүкіл Қазақстан үшін дәл сондай оқиға болды.

Бүгіндері елдің барлығына мәлім, ал ол кездер жай қатардағы журналист Татьяна Квятковская «Казахстанская правда» газетінің бетінде Абылай хан сайлау округында сайлау туралы Кодекстің бұзылғандығы туралы Орталық сайлау комиссиясына айып тақты.

Дау ұзаққа созылды. Ақыры Конституциялық сот шешім қабылдады. Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының қаулысы: «Орталық сайлау комиссиясының дауысты санауға байланысты енгізген әдісі «бір сайлаушы – бір дауыс» дейтін конституциялық қағиданың жаппай бұзылуына жол беріп қана қоймай, сонымен бірге сайлау нәтижесінің бұрмалануына ұрындырды және сайлау жөніндегі Кодексте көрсетілген сайлау жүйесін өзгертіп жіберді. Сөйтіп, Орталық сайлау комиссиясы өзінің өкілеттілігін асыра пайдаланып, Конституцияның 60-бабын бұзды», – деген тұжырымға келді.

Сонымен, өткен сайлау қорытындылары мен Жоғарғы Кеңес депутаттары өкілеттігінің заңдылығы күмәнді болып шықты.

Жағдайдың күрделі екендігін ескеріп, және оның дағдарысқа ұласып кетпеуін көздеп, мен 8 наурызда мынадай мәлімдеме жасадым:

*«Соттың қабылдаған шешімі бәріміз үшін де күтпеген оқиға болды. Мемлекетіміздің тарихында бұрын-соңды мұндай болған емес. Мен мемлекеттік биліктің орнықтылығын жақтап келдім және әлі де жақтай беремін.*

*Өйткені біздің жүргізіп жатқан реформаларымыздың тағдыры осыған байланысты, бұл ретте еліміздің бұдан бір жыл бұрын сайланған парламентінің де атқарар қызметі аз емес. Мен Жоғарғы Кеңеске үлкен үміт артамын. Әрине, таластар, шамадан тыс қызбалық ұшырап қалатыны да рас. Дегенмен біз алғашқы кезден бастап жемісті тіл табысуға қол жеткізіп келгенбіз.*

*Жуырда биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары арасында келісімді ықпалдастықты қамтамасыз ету туралы келісімге қол қойысқанымыз – соның айғағы. Енді, міне, Конституциялық соттың шешімі төбеде түскендей оқиға болып отыр. Тек парасаттылық, ұстамдылық, заңға мүлтіксіз бағыну ғана біз үшін бірден-бір дұрыс шешім тауып, парламент дағдарысына жол бермеуге мүмкіндік туғызады.*

*Сөйте тұрса да, Конституциялық соттың шешімі, кімнің мүддесін қозғаса да, оған құрметпен қарауымыз керек. Тек сондай жағдайда ғана Қазақстан шынында да құқықтық мемлекетке, заңның салтанат құруына қарай бағыт алып бара жатыр деп айта аламыз».*

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы  
Президентінің Мұрағаты**

Сол күні-ақ заңның өзіме берген құқығын пайдалана отырып, Конституциялық соттың қаулысына қарсылық білдірдім. Келесі күні, 9 наурызда дәл осындай қарсылықты Жоғарғы Кеңес төрағасы Әбіш Кекілбаев та енгізді. Алайда, «егер Конституциялық сот, судьялардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен бұрынғы қаулысын жақтап шықса, ол қабылданған күннен бастап күшіне енеді», – деген Қазақстан Республикасы Конституциясының 131-ба-



бына сәйкес, біз енгізген қарсылықты Конституциялық сот тойтарып тастады. Жекелей алғанда, 1995 жылы 10 наурызда қабылдаған шешімінде Конституциялық сот: «Қазақстан Республикасы Конституциясының 131-бабын, «Қазақстан Республикасындағы Конституциялық сот жүргізу туралы» Заңның 14, 25, 26-баптарын басшылыққа ала отырып, «Президент пен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес төрағасының қарсылықтары қабылданбасын және Конституциялық соттың 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысы күшінде қалдырылсын. Ұйғарым шағым беруге жатпайды» деген анықтама берді.

Осы шешімге қарамастан, Жоғарғы Кеңес 11 наурызда «Конституцияға өзгерістер және қосымшалар енгізу туралы» Конституциялық Заң және «Конституциялық соттың қызметін тоқтата тұру туралы» қаулы қабылдады. Бірақ бұл құжаттар енді заң тұрғысынан да, кәдімгі дұрыс ақыл-ой тұрғысынан алғанда да Конституциялық соттың шешімін өзгерте алмайтын еді. Конституциялық сот шығарған шешімге байланысты мен Конституциялық сотқа жоғарыдағы қаулының құқықтық салдары жөнінде сұраныс жасадым. Менің сұранысымда мыналар болды:

*«Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының азаматша Т.Г. Квятковскаяның талабы бойынша қабылданған 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысының күшіне енуіне байланысты мына мәселелерге түсініктеме беруді сұраймын: Конституциялық соттың бұл қаулысы 1994 жылы 7 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп тани ма, сондай-ақ сонда сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттарының өкілеттілігін Конституцияға сәйкес емес деп тани ма; егер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының өкілеттілігі Конституцияға сәйкес келмесе, онда заңнамалық сипаты*

*бар шешімдерді кім қабылдауға құқылы; Конституциялық соттың шешімі 1993 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттіліктер беру» туралы Қазақстан Республикасының Заңы әлі де күшін сақтайды деп тани ма?»*

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты**

Конституциялық сот 11 наурыздағы қосымша анықтамасында мен қойған сауалдарға түсініктеме берді. Осы анықтамаға байланысты ел Парламентінің конституциялық еместігі туралы факты, басқаша айтатын болсақ, оның қызметінің заңсыздығы мойындалды.

Сонымен бірге, Президентке заң сипатындағы шешімдерге қабылдауға құқық беретін «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттіліктер беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Заң қайтадан күшіне енді. Бұл заңның күші жаңа конституцияны қабылдағанға дейін сақталатын болды. Осы кезеңде заңдық күші бар, ең бастысы, экономикалық салада елдегі реформаның қарқынын еселеп арттырған және даму бағытымызды нақтылап анықтауға көмек берген мемлекет өмірінің барлық негізгі жақтары бойынша жалпы алғанда Президенттің 140 жарлығы шықты.

Дәл осы уақыттарда Президенттің «Жер туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мұнай туралы», «Шетел инвестициялары туралы» және т.б. жарлықтары шыққан еді. Өзінің идеологиясы бойынша нарықтық сипатта болған осы бір заңдар топтамасы экономиканы реформалауды елеулі түрде жеделдетті. Жекелей алғанда, олар экономиканы ырықтандыруға, мемлекеттің монополиясынан шығаруға, еркіндікке және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталды.

Уақытында болған сәтті реформалардың нәтижесінде ТМД елдерінің ішіндегі ең үздік, халықтың үлкен сеніміне ие болған қос деңгейлі банк жүйесі қалыптаса бастады.

Бүкіл елде ашыла бастаған коммерциялық банктердің кең жүйесі, өз орайында, жеке кәсіпкерліктің дамуында шешуші рөл атқарды. Заңнамалық түрде бекітілген кепілдіктердің араласуымен елге ірі шетел капиталын тартудың жағдайы жасалды. Жер қойнауының байлықтарын пайдалану жөнінде халықаралық ірі жобаларды іске асыру үшін елдің тартымдылығы артты. Ал бұл біздің мыңдаған азаматтарымызды жұмысқа тартуға және мемлекет бюджетіне қаржы түсіруге мүмкіндік берді.

Конституциялық соттың шешімдерін басшылыққа ала отырып, мен сол күні-ақ, «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысынан туындайтын шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Осы Жарлықтың негізінде депутаттардың қызметке орналасуына көмек көрсету, Жоғарғы Кеңес мүліктерін сақтауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қызметінің тоқтатылуына байланысты басқа да мәселелерді шешу үшін мемлекеттік комиссия құрылды.

Парламент өкілеттілігінің Конституцияға сәйкес болмауы сол заңсыз Жоғарғы Кеңестің қатысуымен құрылған үкімет өкілеттілігінің де конституцияға сәйкес еместігін көрсететін еді. Сондықтан үкімет 11 наурызда орнынан түсуді сұрады, оны мен қабыл еттім. Осымен қатар Орталық сайлау комиссиясының таратылуы да қабылданды. Конституцияға және «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттіліктер беру туралы» Заңға сәйкес, мен Әкежан Қажыгелдинді Премьер-министр етіп тағайындап, оған қысқа мерзімде жаңа Үкіметтің құрамы туралы ұсыныс беруді тапсырдым.

Сол күндердегі оқиғалар біздің қоғамдағы тұрақтылыққа және шиеленістерді шешуде құқықтық принциптерді қалтқысыз ұстануға деген талпынысымызды тағы да бір дәлелдеді. Мұны кейіннен халықаралық қауымдастықтың өкілдері де талай рет атап көрсеткен болатын.

*«Бұл – демократияның салтанат құруы. Өкіметтің барлық тармақтары өз қызметін атқарғандықтан ешқандай дағдарыс болған жоқ. Конституциялық сот сайлаудың заңсыз өткендігі туралы қорытындыға келу үшін жеткілікті мөлшерде сақтық пен пайымдылық танытты...*

*Біз сіздің Конституциялық сотыңыздың шешімін құрметтейміз. Қазақстанда демократияның едәуір орныққандығын бүгін бүкіл дүние жүзі түсініп отыр. Сіздер бұның бәрінен өте байыпты және байсалды өттіңіздер, сондықтан да дағдарысқа ұшырамадыңыздар... Бұл ТМД мемлекеттері ғана емес, тіпті АҚШ-ты қоса, өзін демократиялық елміз деп санайтын басқа мемлекеттер үшін де жақсы үлгі болып табылады. Қазақстан демократияның шәкірті емес, ұстазы ретінде көріне алды. Бұл үшін барлық қазақстандықтар мақтануы керек. Қазақстанды АҚШ-тың да мақтаныш тұтатын жөні бар... Соңғы оқиғалар... Конституцияға құрмет көрсете алған Сіздің басшылығыңыздың да саяси беделін көтеріп тастады».*

**Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшісі  
У. Кортнидің сұхбатынан. ҚР Президентінің  
Мұрағаты**

Осы жерде кейбір депутаттардың Конституциялық соттың шешіміне қарсы тұруға әрекет жасағандарын айта кетуіміз керек.

Бұдан 1993 жылғы қазандағы Ресей оқиғаларын қайталауға ұмтылу анық байқалды. Біздің де депутаттар ресейлік

әріптестері сияқты кабинеттерді басып алып, түнде ғимаратта қалып, пикеттер ұйымдастырды. Бірақ халық бұлардың ешқайсысын да қолдамады, сөйтіп шиеленіс сәтті шешілді.

Барлық айтылған сындарға қарамастан, мен Жоғарғы Кеңестің кеңестік дәуірден кейін қызмет жасаған екі шақырылымы да, біздің барлығымыз үшін, сол кезде басталған қоғамды демократияландырудың мектебі болды деп есептеймін. Бұл – мәмілеге келудің де үлкен бір мектебі еді.

### КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС

Жоғарғы Кеңес легитимді емес деп танылғаннан кейін, жаңа Конституция әзірлеу жұмысын енді созуға болмай-тыны анық болды. Елде не Парламент, не Үкімет болмаған жағдайда, мен үшін Қазақстан халқының тікелей қолдауын алу аса маңызды еді. Осы кезде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Президенттің өкілеттілігін ұзарту туралы бүкілхалықтық референдум өткізуге ұсыныс жасады. Бұл мәселенің дұрыс шешілуі халықтың саяси және экономикалық реформаларды тереңдету бағытындағы курсты қолдаумен парапар еді. Оқиғалардың одан әрі өрістеуі бұның дұрыс шешім екендігін көрсетті. 1995 жылы 25 наурызда «1995 жылы 29 сәуірде республикалық референдум өткізу туралы» №2152 жарлық шықты. Онда былай делінген еді:

*«Бүкілхалықтық дауыс беру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретіндегі халықтың ең жоғарғы ерік-қалауын білдіруі болып табылатынына сүйене отырып, Қазақстан халықтары Ассамблеясының үндеуін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабын, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Президентіне және*

*жергілікті әкімшіліктердің басшыларына уақытша қосымша өкілеттіліктер беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабын басшылыққа ала отырып, қаулы етемін:*

*1. 1995 жылы 29 сәуірде республикалық референдум өткізілсін.*

*2. Республикалық референдумға:*

*«1991 жылы 1 желтоқсанда бүкіл халық болып сайлаған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартуға келісесіз бе?» – деген сұрақ қойылсын.*

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы  
Президентінің Мұрағаты**

Қазақстандықтардың елімізді одан әрі қайта құру жолындағы курсты қолдайтынын референдумның нәтижесі нағымды түрде көрсетіп берді. Президенттің өкілеттігін ұзарту туралы референдумның Орталық комиссиясы 1995 жылғы 29 сәуірде дауыс берудің қорытындысын шығарды. Ол мынадай болды: референдумға қатысу үшін тізімге енгізілген 9 110 156 азаматтың дауыс беруге қатысқаны – 8 309 637 адам, немесе 91,21%. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың 7 932 834-і өкілеттікті ұзартуды жақтады, олар – жалпы дауыс бергендердің 95,46 пайызы.

Бүкілхалықтық қолдау алғаннан кейін жаңа Конституцияның жобасын жылдам жасауға болатын еді. Наурыздағы оқиғалар оны жылдам қабылдаудың қажеттігін тағы бір көрсетіп берді. Сол кезде аса күрделі ахуалдан шығудың құқықтық негіздері табылған еді. Бірақ мұндай төтенше шараларға үнемі бара беруге болмайды. Сондықтан осындай оқиғаларды болдырмаудың нақты кепілдері қажет болды.

1995 жылдың көктемінде мен Б. Мұхамеджанов пен К. Колпаковты Әділет министрі Н. Шәйкеновтың басшылығында өзім ұсынған жобамен жұмыс істеуге шақырдым.

Екеуі де кезінде 1993 жылғы Конституцияның жобасымен белсенді жұмыс жасаған еді, сондықтан оларға сол конституцияның барлық кемшіліктері де, Жоғарғы Кеңестің қысымымен біз амалсыз барған ымыра да белгілі болатын. Біздің алдымызда әсері әлдеқайда мол, соның негізінде осы заманғы, нағыз демократиялық мемлекетті құруға мүмкіндік беретін Конституцияны жасау міндеті тұрды. Кейінірек, жоба дайын болғанда, 1995 жылы 22 мамырда Президенттің қаулысымен оны талдау және сараптау үшін Сараптамалық-консультативтік кеңес құрылды. Бұл Кеңеске 12 адам кірді. Шәйкенов жұмыс тобына заңтану саласының корифейлері Юрий Басинді, Ғайрат Сапарғалиевті және Майдан Сүлейменовті тартты. Сонымен, жұмыс тобының құрамына мыналар кірді:

| <i>Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы<br/>Сараптамалық - консультативтік кеңес тобының құрамы</i> |  |
|--|--|
| <i>Басин Ю.Г.</i>  | <i>Әділет министрлігі Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, заң ғылымдарының докторы;</i>   |
| <i>Ким В.А.</i>  | <i>ҚазМҰУ мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы;</i>  |
| <i>Колпаков К.А.</i>   | <i>Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғарғы Кеңестегі жеке өкілі, заң ғылымдарының кандидаты;</i>  |
| <i>Котов А.К.</i>  | <i>Әділет министрлігі Қазақ мемлекеттік заң институтының Жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары, заң ғылымдарының докторы;</i> |

- Мұхамеджанов Б.Ә. Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының Заң шығару бастамашылығы және құқықтық сараптау бөлімінің меңгерушісі;
- Нұрпейісов Е.К. Әділет министрлігі Қазақ мемлекеттік заң институтының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты;
- Сапарғалиев Г.С. Мемлекет және құқық институтының директоры, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның мүше-корреспонденті;
- Сүлейменов М.К. Әділет министрлігі Қазақ мемлекеттік заң институтының жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның мүше-корреспонденті (ғылыми жетекші);
- Шәйкенов Н.А. Әділет министрі, заң ғылымдарының докторы.

Келісім бойынша мына құрамда шетелдік сарапшылар анықталды:

- Алексеев С.С. Францияның Мемлекеттік Кеңесінің кеңесшісі;
- Жак Аттали Францияның Мемлекеттік Кеңесінің кеңесшісі;
- Роллан Дюма Францияның Конституциялық Кеңесінің төрағасы.

**«Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Сараптамалық-консультативтік кеңес туралы» 1995 жылғы 22 мамырдағы №2292 қаулыдан**



Мен жұмыс тобының алдына өте қысқа мерзімде Конституцияның түпкілікті нұсқасына негіз бола алатын келісілген жобаны дайындау міндетін қойдым.

Мен ағымдағы міндеттерінен уақытша босатқан жұмыс тобының мүшелері «Алатау» санаторийіне орналасып, жұмысқа кірісіп кетті. Оларға мүдделік қысым жасалмауы үшін мен олардың жоба туралы ешкіммен талқылау жасауына тыйым салдым. 1993 жылғы Конституцияны жасауда мұндай қысымнан қашып құтылу мүмкін болмаған еді. Ол кезде, оны жасауға қатысқандардың әрқайсысы Негізгі Заңды өздері атқарып отырған лауазымдарына қарай ыңғайлап жіберуге: депутаттар – өкілеттілікті заң шығару билігіне, үкіметтік шенеуніктер – атқару билігіне көбірек беруге тырысқанды. Бірен-сарандары ғана құжатты өздері үшін емес, елдің болашағы үшін жасау керектігін ойлаған.

Жұмысшы тобы жобаны жасауға кіріспес бұрын, басқа елдердің – ТМД елдері мен алыс шетелдердің ондаған конституцияларын зерттеп алды. Басты бағдар ретінде тек қана Батыс елдері демократиясының тәжірибелері ғана емес, сол сияқты Азия елдерінің тәжірибелері де есепке алынды. Мұның өзі бұдан бұрынғы Негізгі Заңды жасағанда жіберілген қателерді қайталамауға септігін тигізіп, жаңа Конституцияның сапасына жағымды ықпал етті.

Сол кезеңде мен екі апталық демалысқа кеттім де, бұрынырақ айтқанымдай, осы уақыттың ішінде 20 елдің Конституциясын оқып шығып, солардың кейбір негізгі ережелерін конспектілеп алдым. Кейін біз екі жобаны байланыстырдық.

Егер де қазіргі қолданыстағы Конституцияны талдайтын болсақ, онда ол Француз Республикасының Конституциясына жақын болып көрінер еді. Бірақ бұл бір қарағандағы ғана әсер болатын. Мен жұмыс тобы мүшелерінің алдына, кім болса да ешкімнің Конституциясын көшіріп алмау, қайта басқа елдердің тәжірибелерін талдау негізінде, өз еліміздің

сұраныстарына мейлінше жауап беретін Негізгі Заңның жобасын жасау міндетін қойғанмын. Сондықтан да біздің Конституцияның барлық ережелерінен қазақстандықтардың діліне, біз бағдарлама ретінде ұстанатын қазақ халқының өткендегі дәстүрлеріне сәйкес келетін, біздің қазақстандық қолтаңбамыз, біздің өзіміздің «Меніміз» көрініп тұратын болды.

Уақыт қыса бастады, жұмысшы тобының әуелі жобаны жасап болып, содан кейін оның кейінгі талқылауын күтуге мұрсат қалмады. Санаторийге күнделікті келіп, жұмысшы тобының мүшелері жасаған жұмысты талдап отыруыма және бірден түзетулер енгізуіме тура келді.

Болашақ Негізгі Заңның әрбір тұжырымы көптеген нұсқаларда жасалып, мұқият талқыланды. Еліміздің болашағын анықтайтын маңызды құжатты дайындау жүріп жатқандықтан, барлық факторларды, барлық көзқарастарды есепке алу және олардың ішінен бірден-бір дұрысын таңдау қажет болды. Мен жұмыс тобының әрбір мүшесінің өз пікірлерін шешім қабылдағанға дейін бүкпесіз айтуына, ашық таласуына ынталандырдым, ал одан кейін соның бәрін жылдам ресімдеп, әрі қарай жылжу қажет болды.

Айтыс жобаның бірінші баптарынан-ақ басталып кетті. Мен барлық пікірлерді тыңдап алатынмын, сосын барып қана әрбір бап бойынша соңғы шешім қабылданатын. Кейде кешкі талқылау барысында, ортақ бір пікірге келу мүмкіндігі бола бермейтін кезде, мен шешімге келуді таңертеңге қалдыратынмын, ал одан кейін бұларға даулы баптың жасалып біткен нұсқасымен келетінмін. Сонымен бірге мен әрқашанда дайын баптың редакциясы басқаша емес, неге дәл осылай болғанын дәлелді түрде түсіндіретінмін, шетел конституцияларынан мысалдар келтіретінмін.

Менің бір ұсынысым – Республика қызметінің іргелі принциптерін Конституцияның бірінші бабында бекітіп беру

қажеттілігі туралы болды. Бұл ұсыныс мені мемлекеттік саясаттың ең негізгі басымдықтары Негізгі Заңда анықталуы тиіс деген пікірге әкелген, өзімнің көп жылдық ой-толғаныстарымның жемісі еді. Менімен бірге жұмыс істеген заңгерлер басында бұған қарсы болды, олар бұл принциптер – заңдық қағидаларға жатпайды, ал Декларациядан өзгеше тікелей іс-қимылдың заңдық құжаты болып табылатын Конституцияда ондайлар болмауы керек деп есептеді.

Соған қарамастан, қызу таластардан кейін мен жобаға осы принциптерді қалайда енгіздірттім. Оған жататындар: қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде Республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу. 1993 жылғы Конституцияда мұндай принциптер тіптен де болмаған еді, сондықтан ол көп жағдайда мемлекеттің саясатын кездейсоқтық пен болжаусыздыққа ұрындыратын. Іргелі принциптер – бұл біз қандай да болмасын реформаларды іске асырсақ та, ең басында таңдап алған жолдан ауытқыттырмайтын бағдарлар болып табылады.

Олар Негізгі Заңның рухын көрсетеді, оның барлық қалған ережелерін соған сәйкес түсініп, талқылау керек. Одан кейінгі тәжірибелер аталған принциптерді Конституцияда бекітіп берген шешімдердің дұрыстығын көрсетіп берді.

Бұрынғы нұсқадан көптеген түбірлі айырмашылығы бар елдің жаңа Конституциясының сұлбасы бірте-бірте көрініс бере бастады. 1993 жылғы Конституцияда Қазақстан демократиялық мемлекет болып табылады деп айтылған. Алайда бұның бәрі ниет қана екендігі, ал нағыз демократияның ауылы әлі алыс жатқаны кімге болса да белгілі болатын. Сонымен қатар Қазақстанның тек демократиялық қана емес, сонымен бірге құқықтық және әлеуметтік бағдары бар мем-

лекет болуы туралы мәселе тұрды. Бұған жетудің өзі алда тұрған міндет еді.

Сондықтан да жаңа Конституцияға «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп жазу ұйғарылды. Бұл дегеніміз Қазақстанның осындай мемлекетті құру жолымен жүріп бара жатқанын көрсетуші еді.

Жаңа Конституцияда басқарудың түрі туралы мәселені түпкілікті шешудің төтенше маңызы болды. 1993 жылғы Конституцияда бұл мәселеге нақты жауап болмаған еді. Ол Конституция Қазақстанды республика деп жариялағанымен, оның нақ қандай екенін анықтап көрсетпеді. Ол кезде Қазақстанда президенттік және парламенттік республиканың екеуінің де белгілері бар еді. Бір жағынан, Президент мемлекет Басшысы болып табылды. Екінші жағынан, Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес туралы тарау Президент туралы тараудың алдында тұрды, мұның өзі мемлекеттік иерархияда жоғарғы өкілетті органның белгілі дәрежеде үстемдігін көрсетті. Бұл Конституцияның кейбір басқа да ережелерінде де көрініс берді: мысалы, Конституциялық құрылыстың негіздері туралы төртінші ережеде Қазақстанның бүкіл халқының атынан сөйлеу құқығы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке тән деп көрсетілген (яғни Жоғарғы Кеңес бірінші орында көрсетілген). Сол сияқты, Жоғарғы Кеңес Президент пен Вице-президенттің орындарынан түсуін қабыл алу үшін депутаттардың жалпы санының 2/3 дауысы жеткілікті деді, ал бұл жерде оларды бүкіл халық болып сайлағаны ескерілмеді.

Сөйтіп, Қазақстанда мемлекеттік мәселелерді шешу үшін құқықтар мен жауапкершілікті конституциялық жолмен бөлісудің ешқандай да айқын ережесі болмады.

Парламенттік республика, анықтама бойынша, – бұл мемлекеттік билікті жүзеге асырудың саяси партиялар басты рөл атқаратын түрі, ал олардың әрқайсысы өз мақсат-

тарын көздейді. Өзінің әлеуметтік базасына сүйенген ірі саяси бірлестіктердің болмауы, олардың әлі пісіп-жетілмеуі жағдайында парламенттік республика туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін емес еді. Қазақстан үшін бұл модельдің жарамайтындығын дамыған демократиясы бар елдердің тәжірибесі де көрсетті. Парламенттік республикаға тән белгілер – жиі-жиі болатын саяси дағдарыстар, заң шығару органдарының жиі-жиі сайлауы және үкіметтің қайта-қайта ауысуы. Бұл өзінің тәуелсіздігін аса қатаң экономикалық дағдарыс жағдайында құрып жатқан жас мемлекетті сөзсіз берекетсіздік пен тоқырауға апарып соқтырар еді. Ал реформаны іске асыру үшін тұрақты мемлекеттен маңызды ештеңе жоқ.

Жаңа Конституция Қазақстанды президенттік Республика деп жариялады. Менің жоғарыда айтқанымдай, президенттік басқару түрін таңдап алу кездейсоқ емес еді. Қазақстан жағдайында ең ықтималды болатын және қоғамның саяси және экономикалық жүйесін реформалауға ең қолайлы алғышарттарды жасайтын басқарудың дәл осы түрі еді.

Сонымен бірге Қазақстан Президентінің өкілеттілігі шексіз емес. Сол сияқты, өкімет билігін асыра пайдалануға мүмкіндік бермейтін шектеулер мен кедергілер жүйесі оған да қолданылатын еді. Конституцияның 3-ші бабында көрсетілген мемлекеттік биліктің біртұтастығы және оның тармақтарға бөлінуі туралы принцип те ұзаққа созылған пікірталастың нысанына айналды. Бұрынғы Конституцияда, кейбір батыс елдерінің тәжірибесіне орай, сол биліктің өзін бөлу туралы әңгіме көтерілген-ді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан жағдайында бұл шешім әртүрлі мемлекеттік институттар арасындағы қақтығыстардың тууына, әрбір «билік» өздерін бір-бірінен тәуелсізбіз деп есептейтін қателерге ұрындыратын еді.

Жаңа Конституцияда біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінуінің тетіктері қарастырылған; ал мұның өзі, бір жағынан, олардың тығыз ынтымақтасып қызмет жасау

мүмкіндіктеріне, ал екінші жағынан, өзара бірін-бірі шектеп отыруына, Конституцияда және заңдарда көрсетілген құзіреттеріне араласпауына бағдарланған.

Сонымен бірге, Конституцияның 4-ші бабында «қолданылатын құқық» деген ұғым берілген, ол бұрынғы Конституцияда болмаған еді. Мұнда ратификацияланған халықаралық шарттардың Республика заңдарынан (бірақ Конституциядан емес) басымдығы болады деп көрсетілді. Бұл ереженің болуына халықаралық құқықтың басымдығын жақтайтын кейбіреулер риза болмады. Дегенмен, түптеп келгенде, баптың осындай редакциясы қабылданды. Бұл ереже кейіннен Конституция ережелерінің жоғары тұруына негізделген бірыңғай қолданбалы құқықтың тәжірибесін қалыптастыруға қатты көмектесті.

Конституцияның 5-ші бабында демократияның басты белгісі – идеологиялық және саяси көптүрлілік бірінші рет жарияланды. Бұл ереже, басқаларын былай қойғанда, саяси партиялар мен түрлі қоғамдық бірлестіктердің еркін қызмет жасауын да қарастырған. Мұның өзі: осы кезеңде идеологиялық мәселеде осыншама еркіндіктердің болуы қажет пе, бұл оның тұрақтылығына зиянын тигізбей ме? – деген сұрақтар туғызды. Соған қарамай, біз демократияның пайдасына осындай шешім қабылдадық.

Бұл тұста мен: саяси саналуандықтың болуын бетімен кетушілікке айналдырмау керек деп атап көрсеттім. Осыған байланысты конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттік қауіпсіздікті бүлдіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық алауыздықтарды өршітуге бағытталған қоғамдық ұйымдардың құрылуына да, олардың мұндай іс-әрекетіне де тыйым салынды. Бұл әсіресе Орталық Азияда халықаралық лаңкестіктің таралуына және экстремистік топтардың құрылуына байланысты өзін-өзі ақтаған шешім болып шықты.

Конституцияның 6-шы бабында бекітілген мемлекеттік меншік пен жеке меншікті бірдей қорғау принципінің іс жүзінде зор маңызы бар. Бұл жерде осымен-ақ тоқтауға болушы еді, бірақ кейбір сарапшылардың қарсылығына қарамастан, Конституцияға: «Меншік қандай түрде болса да, ол қоғамның игілігіне де қызмет етуге тиіс» деген толықтыру енгізілді.

Біздің Негізгі Заңның тағы бір жағымды жағы – онда жер мәселесінің шешілуі болды. Конституциялық тұжырым: «Жер, сондай-ақ, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» деп жариялады. 1993 жылғы Конституция мұндай мүмкіндікті жоққа шығарған еді.

Осылай бола тұра, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар бүтіндей мемлекет меншігінде қалды. Бұл көзқарасты Конституцияның жобасын жасауға қатысқандардың барлығы бірдей қолдаған жоқ. Жеке меншіктің барып тұрған жақтаушылары барлық затқа жеке меншік болсын деген пікірде болды. Сондай-ақ, жұмыс тобы мүшелерінің көпшілігі адам қолымен жасалынбаған заттардың жеке меншікте болуы негізсіз деп есептеді. Біздің жеріміздің байлығы бізге Алладан берілген, сондықтан оны ата-бабаларымыз көздерінің қарашығындай сақтай білген, ол бізден бұрын да болған, бізден кейін де болады, сондықтан ол тек біздерге ғана емес, келер ұрпаққа да тиісті. Осындай көптеген ескертулер жобаны бүкіл халық болып талқылаған кезде де түсіп жатты.

Жаңа Конституцияның сөзсіз үлкен жетістігі тіл мәселесін шешудегі ұлттық мүдделердің айшықты көптүрлілігін мүлтіксіз қанағаттандыруында болып табылады. Негізгі Заңда: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен

тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп атап көрсетілді. Негізгі Заңның осы ережелері ел халқының бір бөлігінің өздерінің де, ұрпақтарының да болашағы үшін алаңдауын қойғызды. Сонымен бірге, шын мәнінде кең тараған орыс тілі заңды түрде ешқандай мағына бермейтін «ұлтаралық қатынастар тілі» деген терминмен аталуын тоқтатып, мемлекеттік тілмен бірдей қызмет атқаратын конституциялық кепілдіктерді алды.

Мемлекеттің сыртқы саясатының принциптерін тұжырымдау барысында Конституцияның 8-ші бабында әртүрлі ұсыныстар, соның ішінде бейтараптықты жариялау туралы да қарастырылды. Түптеп келгенде, өтпелі кезеңнің қиындықтарын жеңу үшін басқа мемлекеттермен белсенді интеграция саясатын жүргізудің орынды екендігі мойындалды.

Конституцияда белгіленген жеке бастың мәртебесі жалпы мойындалған халықаралық стандартқа жауап береді, өйткені онда адам құқықтары мен бостандықтары туралы негізгі халықаралық құжаттардың маңызды принциптері және нормалары қамтылған еді. Конституция арқылы реттелетін кеңістіктің жалпы және мемлекеттік ерекшеліктің негізгі сипаттары Негізгі Заңда, қоғамның ең жоғарғы құндылығы болып табылатын адамның тумысынан жазылған, олардан ешкім жоя алмайтын құқықтары тұрғысынан берілген-ді.

Жаңа Конституцияның төтенше маңызды жетістігі – сөз жоқ, онда өмірлік тәжірибемен бекітілмеген құрғақ құқықтар мен бостандықтарды босқа жариялаудан бас тартудың айқын жазылғандығы болды. Құқықтардың ең үлкен көлемі кеңестік конституцияларда жазылғаны мәлім. Бірақ олар бар-жоғы саяси ұрандар ғана еді. Өмірлік шындыққа жанаспайтын және еш уақытта аяғына дейін іске асырылмайтын. Іс-тәжірибеде Конституцияның нормаларын ешкім де қолданған жоқ. Негізінен, істің барлығы Коммунистік партияның Орталық



Комитеті мен Министрлер Кеңесінің актілері арқылы реттеліп отыратын.

Мен ақиқатты Конституцияда бояп көрсетудің керегі жоқ, ол Негізгі Заңның маңызын құнсыздандыруға апарып соғады, оны бар-жоғы қайтадан жылтырақ бос сөзге айналдырады деп есептедім және осы ойымды жұмыс тобының мүшелеріне ашық айттым. Барлық конституциялық құқықтардың шынайы болуы, конституциялық нормалардың тікелей қолданылуы үшін қажетті нәрселерді жасау керек болды. Қазіргі жағдайда ешкім де еңбек ету, тегін денсаулық сақтау және білім алу құқықтарын қамтамасыз ете алмайтын еді. Пайдасыз, құр босқа мәлімдеуден бас тарту қажет болды. Олардың орнына жаңа Конституцияда: еңбек ету бостандығының, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдаудың, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алудың, тегін орта білім алудың құқықтары жарияланды.

Конституцияны шынайы ететін тағы бір маңызды тетік – оның тікелей әсерінде, былайша айтқанда, заңға сәйкес келетін басқа актілердің болу-болмауына қарамастан туралай қолданыс күшінің болуында еді. Бұл дүние жүзінде кең тараған және елдердің бәрі мойындаған тәжірибеге айналған. Конституцияның барлық ережелері бүгіндері жұмыс істеп тұр және Қазақстан азаматтарының құқықтарын шынайы қорғауда.

Сонымен бірге, Конституция енді конституциялық құқықтардың қатаң кепілдіктерін де қарастырған. Егер де бұрын азаматтардың құқықтарын мемлекет тарапынан уәкілдік берілген органдар кез келген сылтаумен шектей алатын болса, енді Конституцияның 39-шы бабында: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» деп көрсетілген.

Конституция екі палаталы Парламентті құрды. Оның қажеттігі туралы пікірталас біздің қоғамда көптен бері келе жатқан, бірақ 1993 жылғы Конституцияда бәрібір іске аспап еді. Біртұтас мемлекеттік билікті бөлудің жүйесінде Парламенттің заң шығару әрекетіне негізделген қызметтері айқын анықталды. Әлбетте, бұл құқықтық кеңістік белгілі бір конституциялық шеңбермен шектелген, бірақ солай болғанмен де, ол жеткілікті түрде кең және қоғамдық қатынастарды заңмен реттеп отыруға әбден қабілетті.

Халықаралық тәжірибедегі Жоғарғы өкілетті органға қатысты қабылданған құзіреттер (мемлекеттік бюджетті бекіту, Үкімет қызметінің бағдарламасына келісу немесе келіспеу, Премьер-министрді тағайындауға келісім беру, Үкіметке сенімсіздік білдіру, палаталардың Үкімет мүшелерін тыңдауы және оларды босату туралы Президентке ұсыныс енгізуі) біздің Конституцияда Қазақстан Парламентіне де бекітіп берілген. Сонымен бірге биліктің басқа да тармақтары сияқты, Парламент те өзінің мүмкіндіктерін және заң шығару процесінің негізін реттейтін Конституцияның рухы мен мазмұнына бағынған.

Жаңа Конституция Үкіметтің мәртебесін және өкілеттілігін анықтауда жаңа қадамдарды орнықтырды. Атқару органдарының жүйесін басқара, олардың қызметтеріне жетекшілік жасай және өз алдына басқару шешімдерін қабылдай отырып, Үкімет экономика мен әлеуметтік саладағы істің жағдайына жауапкершілікпен бүтіндей жауап береді. Сонымен бірге, жалпыхалықтық талқылау кезінде Үкімет мүшелерінің иммунитеттерін қарастырған ереже алынып тасталды. Бұған дәлел болған – қандай да болмасын мемлекеттік қызметкерлердің, әсіресе атқару билігі өкілдерінің сыннан тысқары қалмауы еді. Құқықтық мемлекеттің қалыптасу процесі 1995 жылғы Конституцияны қабылдағанға дейін енді ғана күшіне еніп келе жатқан

болатын, сондықтан да соттық-құқықтық жүйенің тиімділігін қамтамасыз ету экономикалық проблемаларды шешуден бірде-бір кем соқпайтын міндет еді. Бізге мұра боп қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғаушылық міндеттерінің толық іске асуын қамтамасыз етпеді. Онсыз меншік қатынастарын дамыту тіпті мүмкін емес еді. Ол кәсіпкерлік бастамаларға құрсау болды. Ал әділетті сот жүргізудің өркениетті жүйесінің және нағыз тәуелсіз соттардың болмауы заңның орындалмау жағдайларын көбейтіп жіберді.

Осының барлығы сот жүйесін шешімді түрде реформалауға алып келді, соның барысында жалпы соттар мен төрелік соттар жүйесі біріктірілді. Төрелік соттар таратылды. Себебі олар шын мәнінде арнайы соттар еді, қатарлас соттар жүйесі тек заңдық тұлғалардың арасындағы шаруашылық дауларын қарау үшін ғана қызмет жасайтын. Енді соттар мен сот қызметшілерінің мәртебесі заңнамалық түрде анықталды да, бұл әділетті сот жүргізудің құқықтық кепілдіктерін күшейтті.

Сот әділдігін шын мәнінде әділетті және риясыз жүргізуге сот корпусын қалыптастырудың Конституцияда көрсетілген тетіктері септігін тигізеді. Осы бір жаңартылған механизмде Жоғарғы сот кеңесіне және Әділеттің біліктілік алқасына маңызды рөл берілді.

Жергілікті жердегі соттардың сайланып қойылуының орнына енді оларды ел Президенті тағайындайтын болды, ал мұның өзі олардың тәуелсіздігін жергілікті жерлердегі ықпалдан қорғайтын болды. Жоғарғы соттың судьялары енді Президенттің ұсынысымен Парламенттің Сенатында сайланады.

Тағы бір есте қаларлық жағдай, Еліміздің Конституциясы, тұңғыш рет, бұрынғы Конституциялық Соттың орнына, Конституциялық Кеңес сияқты мемлекеттік органды құрды. Бұл шешім оңайға түскен жоқ. Оның астарында жатқан объективті негізі бар еді. Оны қабылдамас бұрын, мен

Конституциялық Соттың бүкіл құрамымен, Жоғарғы соттың мүшелерімен, ғалым-заңгерлермен кездестім. Олар осы бір мемлекеттік органның біздегі үш жылдық қызметінің тәжірибесіне және әлемдік қолданыстағы тәжірибеге сүйене отырып, сонымен бірге Конституциялық Соттың қызметіндегі болған кемшіліктерді ескере келіп, конституциялық сот ісін жүргізуді реформалауды ұсынды.

Сонымен бірге осы реформаның үш түрлі нұсқасы ұсынылды. Біреулері бұл органның ескі атын сақтай отыра, оған Конституциялық Кеңестің функцияларын беруді ұсынды. Алайда бұлай жасау ешбір логикаға сыймайтын. Тағы бір нұсқада барлық сот функцияларын (сол сияқты конституциялық бақылаудың функцияларын да) Жоғарғы Сотқа біріктіру ойластырылды. Мәселені осылай шешкен кезде конституциялық бақылау маңызының белгілі дәрежедегі құнсыздануы айқын болатын, өйткені бұл қызметін Жоғарғы Сот басқа да істерді қарай отырып қатар атқарар еді. Президенттік басқару формасы жағдайындағы Конституциялық Кеңес конституциялық заңдылықтарды қорғау үшін құрылатын органның бірден-бір қолайлы моделі болып табылады. Ол Конституцияға сәйкес қабылданатын заңдарға тек конституциялық бақылау жасап қана қоймай, сонымен бірге елімізде қабылданатын заңнамалық актілердің сапасына кепіл болатын, өзінше бір қосымша сүзгі қызметін атқаратын. Сонымен бірге ол саяси тартыстардан шет тұратын. Содан бергі өткен жылдар Конституциялық Кеңестің өзіне қойылған конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғау міндетін ойдағыдай орындайтынын көрсетті.

Конституциялық Кеңес заң шығару және қалыптылықты ұғыну саласындағы істерді қарай отырып, мемлекеттік органдар арасындағы келіспеушіліктерге төреші болып отырды. Оның қаулылары көптеген күрделі саяси шешімдерді қабылдау жағдайында байсалды қолдаушы болды. Бұл жерде

әңгіме «Қазақстан Республикасының дін ұстану және діни ұйымдардың қызметі туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы», «Бұқаралық ақпарат тарату құралдары туралы», «Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы» және т.б. заң актілеріне қол қою барысында қалыптасқан ахуал жөнінде болды. Менің ұсынысым бойынша Конституциялық Кеңес бұл заңдарды қарап, Конституцияға сәйкес емес деп тапты. Конституциялық Кеңестің қаулыларына менің қарсылық білдіруге қақым бар еді, бірақ оның шешімдерімен келісе отырып, мен олай істемедім.

Халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерін өз бетімен шешуді қамтамасыз етуге тиісті жергілікті өзін-өзі басқару институтын мойындау Жаңа Конституцияның елеулі жетістігі болды. Адамның шынайы өмірі негізінен қалада, ауданда, ауылда, селода өтетінін ескерсек, осынау конституциялық ереженің маңызын айқын көреміз. Атап айтқанда, олар сонда өмір сүреді, сонда еңбек етеді, өздерінің өмірлік проблемаларын сонда шешіп отырады. Осыған байланысты, заң шығару арқылы материалдық-заттық мазмұнмен толықтырылуға тиісті жергілікті өзін-өзі басқару шеңберінде, әрбір азаматтың өзіне тән өмірлік жоспарлары мен ойларын іске асыруға, азаматтық белсенділіктерін көрсетуге мүмкіндігі болуы керек.

Жобаны енді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайық деп тұрған соңғы күндерде тағы бір дау туып кетті. Біздің жұмысымызға көмектесіп отырған француз мамандары кез келген уақытта Президент Парламентті тарата алады деген бапты енгізуді ұсынды. Осы идеяны бірталай адамдардың қолдағанына қарамастан, жобаға менің талап етуіммен, Парламент өкілдігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын нақты заңдық негізде қарастыратын жұмсағырақ тұжырым енгізілді. Бұл тұжырым, Президентке импичмент жасау туралы ере-

жемен қатар, мемлекет пен қоғамдағы тұрақтылыққа кепіл болатын шек қоюлар мен кедергілер жүйесінің маңызды элементі болып табылатын еді. Өйткені басты мақсат билік тармақтарының бірігіп жемісті қызмет жасауының ақылға сыйымды жүйесін құру болатын.

## Конституцияның қабылдануы, 1995 жыл

Жаңа Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқылау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанынан кейін-ақ, шын мәнісінде оның жұмысына бүкіл ел кірісті деп айтуға болады. Қазақстанның барлық түкпір-түкпірінен жобаға қатысты күнделікті түсіп отырған ұсыныстар бойынша мәліметтер топтамасы жасалынды. Күніне осындай ұсыныстардың бірнеше папкасы түсетін. Сонымен бірге баспасөзде жарияланып жатқандарды да естен шығармау қажет болды.

Талқылаудың бірыңғай пікірде болмағанын айтуымыз қажет. Конституцияның дайындалған жобасын жұрттың барлығы бірдей қолдаған жоқ. Баспасөзде оны сынға алған жарияланымдар аз болмады. Тіпті заңтану мамандарының өздері де жаңа тұрпатты Конституцияны, оның жасампаз жақтарын бірден қабылдаған жоқ.

Конституцияның жобасы жарияланған бірнеше күндерден кейін, сол кезде қызмет жасап тұрған Конституциялық Соттың алты судьясы бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде көптеген шетелдік құралдарда да: «ұсынылған конституциялық модель Республиканы демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп тануға негіз бермейді», ал билікті бөлудің принциптерін бұрмалау «тек қана президенттік емес, сонымен бірге бүтіндей басқарудың республикалық түрін де күмәнді жасайды» деген мәлімдеме жасады. Сонымен бірге Конституциялық Сот судьяларының басқа бөлігі өз әріптестерінің бұл пікірлерімен үзілді-

кесілді келіспеді, олар да өз тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдеме жасады. Конституциялық Соттың өз ішіндегі жаңа Конституцияның жобасын қарау кезіндегі мұндай алалықтар қоғамда пікірталастың қаншалықты өткір жүріп жатқанының айқын көрінісі болды.

Конституцияның жаңа жобасын талқылауға 3 миллион 345 мыңнан астам қазақстандық қатысып, 31 886 ұсыныстар мен ескертулер жасады, соның нәтижесінде жобаның 98 бабының 55-іне 1100 түзетулер мен қосымшалар енгізілді, сол сияқты Конституцияға жаңа тарау мен бірқатар жаңа баптар қосылды. Түсіп отырған ұсыныстарды ескере отырып, жобамен жұмыс істеу барысында тағы да жаңа өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Кейіннен жалпы алғанда Конституция мәтінінің 18 нұсқасы дайындалғанын санап шықтық.

Конституция жобасының жұмысы әбден аяқталды-ау деген кезде, мен «1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы» 1995 жылы 28 шілдедегі №2389 Жарлыққа қол қойдым. Атап айтқанда, осы Жарлықта қаулы шығарылды:

*1. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум өткізілсін.*

*2. Республикалық референдумға жаңа Конституцияның жобасы енгізілсін, онда: «Сіз 1995 жылы 1 тамызда жарияланған Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын қабылдайсыз ба?» – деген сұрақ тұжырымдалсын.*

*3. 1995 жылы 1 тамызда бұқаралық ақпарат құралдарында бүкілхалықтық талқылауды ескере отырып, толықтырылған және өзгертілген Конституцияның жобасы жариялансын. Конституцияның жобасы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына бір мезгілде жіберілсін.*

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы  
Президентінің Мұрағаты**

Жобаны ресми түрде жариялау қарсаңында мен жұмыс тобының мүшелері – Б. Мұхамеджанов пен К. Колпаковқа, барлығының дұрыс көрсетілуіне күмән қалмас үшін, оның мәтінінің баспаханада дайындалған гранкасымен тағы бір танысып шығуды тапсырдым. Түннің бір уағында, шамамен екі жарым кезінде, олар маған барлығының дұрыстығы туралы қоңырау шалды. Сол кезде барып қана мен оларға және Н. Шәйкеновке гранкадағы нұсқаға қолдарын қойып, жобаны баспасөзге жіберуді тапсырдым. Келесі күні таңертең Конституцияның жаңа жобасы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Жоба жарияланғаннан кейін баспасөз конференциясын шақырдым, онда болашақ Конституцияның негізгі ережелері туралы айтып бердім және журналистердің сауалдарына жауап бердім. Ең бастысы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арқылы жаңа Конституция – ұлтаралық және азаматтық келісім жағдайында еліміздің тұрақты дамуына, саяси және экономикалық реформаларды дәйекті түрде іске асыруға мүмкіндіктер ашып беретін факт екенін бүкіл қазақстандықтардың есіне салғым келді.

Конституциялық реформаны бастауды тек бүкілхалықтық қолдау жағдайында ғана іске асыруға болатын еді. Конституцияның жаңа мәтінімен қарқынды жұмыс жүргізудің қажеттігі туралы шешім осыдан келіп туындаған еді. Сынның ыстық шарпуы маған қарай бағытталды. Осы бір қиын кезеңде мен Қазақстан халықтарының Ассамблеясынан қолдау таптым, ол маған Парламенттің құрылуын күтпей-ақ халықтың өзіне төте шығып, ойымды айтуды ұсынды. Қазір мен бұның дұрыс шешім болғанына сенімдімін.

Мойындау керек, мен күмәнді күйде жүргенмін. Бір жағынан, мәселе объективті түрде және дұрыс қойылды. Парламент пен Үкіметтің отставкаға кетуіне байланысты туындаған саяси дағдарыс жағдайында, тұрақтылықты



сақтау және президенттік билікті нығайту мақсатында, қоғамды шектен тыс саясаттандырудан сақтау керек болды. Ал екінші жағынан, Президент – ол да өзгелер сияқты адам, мені мәселенің қойылуының кейбір жақтары қымсындырды. Мен сайлаудан қорықты деген дауыстар шыға бастады. Сонымен бірге, маған ондай сайлауға баруға тұратындығын көзімді жеткізе дәлелдеген социологиялық зерттеулердің шынайы мәліметтері де болды: егер де әңгіме тек менің президенттігімді сақтау туралы ғана болатын болса, ондай жағдайда мені мен президенттіктен дәмесі бар-ау дейтін басқа да кандидаттар арасындағы алшақтық шын мәнінде даусыз еді. Сонымен бірге сайлау – бұл екі-үш кандидаттардың арасындағы ғана таңдау еді, ал референдумда сұрақ төтесінен қойылды: Нұрсұлтан Назарбаев. Не иә, не жоқ? Маған ашық түрде таңдаудың бір басында тұруға тура келді, ал екінші басында – өтпелі кезеңнің қиындықтары, тұрмыс деңгейдің құлдырауы, осы жылдардың ішінде жиналып қалған дүрдараздық, мақсатты түрде бағытталған сын және ашық арандату тұрды.

Біз қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуының қиын кезеңінен өттік. Бірақ та енді одан әрі қалай өмір сүреміз деген таңдаудың алдына қайта келдік. Бұл экономикаға да, саясатқа да, қоғамның өмірінің басқа жақтарына да қатысты еді. Саясаткерлердің, жұртшылық өкілдерінің, ғалымдардың, өмір тәжірибесі мол адамдардың көптеген ұсыныстарымен танысқаннан кейін ғана, халықтан мені қолдауларын сұрадым.

Қазақстан үшін қалыптасқан тарихи ахуалда референдумға тұрақтылықты сақтау туралы, шын мәнінде мемлекетке де және қоғамға да қажетті сұрақ қойылды. Референдум: біздің осы жылдар бойы жүргізген саясатымыз дұрыс па?, Қазақстан халқы оны одан әрі жалғастыру үшін Президентке сенім білдіре ме? – деген бүкіл еліміздің көкейтесті сауалдарына жауап беруі тиіс болады. Сонымен, шешім қабылданды.

Бір ай жылдам өте шықты. Ақыры, 1995 жылы 30 тамызда жоғарыда айтылған Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Референдумның өту барысын 19 қоғамдық бірлестіктерден мыңға жуық өкілдер қадағалап тұрды. Шетелдік бақылаушылар қатарында Венгрияның, Мысырдың, Канаданың, Польшаның, Румынияның, Тәжікстанның, Украинаның және т.б. өкілдері қатысты.

Референдумға сайлаушылардың 90,58%-ы қатысты. Олардың ішінен жаңа Конституцияның қабылдануын қолдап 89,14%-ы дауыс берді. Дауыс берудің нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл жеңіс еді. Дауыс беруге қатысушылардың жоғары деңгейі Негізгі Заңда біз көрсеткен мемлекеттік бағытты қолдайтындарының көрсеткіші болды.

Мені орасан зор ризашылық сезімі биледі. Бүкілхалықтық қолдауды тапқанда, өзінің міндетін орындадым-ау деген үлкен бір ризалық сезімді басынан кешіргенде, кез келген саясаткердің бір жұлдызды сәті болатыны анық. Үлкендікішілі істердің үздіксіз тоғытылған орасан зор проблемалар толқыны алдында, кейде өзіңнің маңайыңды бос қалғандай сезіну, сенің пікірлестеріңнің түкке тұрмайтындай аз боп көрінуі сияқты көптеген жылдар бойғы күмәнданулар мен алаңдаушылықтардың босқа кетпегенін көрдім.

1995 жылғы Конституция шын мәнінде халықтың ерік-жігерінің көрінісі болды, ал Қазақстан халқы Негізгі Заңның қосалқы авторына айналды. Референдумның нәтижесі бойынша 1995 жылы 1 қыркүйекте өткен баспасөз конференциясында мен барлық қазақстандықтарды біздің жас егеменді мемлекетіміздің өміріндегі осы бір тарихи оқиғамен құттықтадым. Еліміздің жаңа Конституциясының жобасын қолдап дауыс бере отырып, біздің азаматтарымыз бүкіл елімізге үшін, әрбір азамат үшін маңызды таңдау жасады.

Бәлкім, Қазақстан тарихында бірінші рет халық өз болашағын өз қолында ұстады және сол үшін дауыс берді. Бұл шынында да солай еді. Негізгі Заңда мемлекеттің принциптері ғана жарияланып қойған жоқ, сонымен бірге әрбір адамның, біздің азаматтардың тікелей өмірімен байланысты шешімдер де қабылданды. Бұлар олардың бостандықтарына, құқықтарына, қоғам алдындағы міндеттеріне байланысты мәселелер еді. Түптеп келгенде, осылар адамның, әрбір жанұяның және біздің еліміздің болашағының перспективаларын анықтайтын.

Сөз сөйлегеннен кейін мен журналистердің сауалдарына жауап бердім. Бұлардың кейбіреулері әдеттегідей «астарлы» сұрақтар болатын, бірақ, Қазақстан халқы жаңа Конституцияға бірауыздан дауыс бергеннен кейін, оларға жауап беру маған жеңіл болды.

Мәселен, «Би-би-си» корреспонденті Кривенконың жаңа Конституция ел Президентіне тым үлкен өкілеттіліктер берген жоқ па? – деген сұрағына, мен, Қазақстан Президентінің өкілеттілігі Франция Президентінің өкілеттілігінен әлдеқайда аз, бірақ бұдан Франция демократиясыз мемлекетке айналған жоқ қой, – деп жауап бердім. «Экономист» журналының корреспонденті Мак Вильямс референдумның өткізілуі үкімет шенеуніктерінің бақылауында болған жоқ па? – деген сұрақты көлденең тартты. Мен референдумның барысын мыңнан астам бақылаушылар қадағалағанын, оның ішінде шетелдіктері де болғанын, бірақ ешқандай да заң бұзушылықтың болмағанын оның есіне салдым.

Журналистердің бірі 1991–1995 жылдары біз жинақтаған тәжірибенің қысқаша қорытындысын беруді сұрады. Жауап ретінде мен саясаткердің жұмысын, картоп өсіріп емес, алма ағашын өсіріп, соның нәтижесін күтумен салыстырдым: «картопты көктемде салып, ал күзде оның өнімін жинайсың. Ал, алма ағашының жемісін алу үшін 5-6 жыл керек. Өткен жылдарда ешкім де бізге барлығын жылдам жасаудың жолын айтқан емес, сондай-ақ ешкім де посткеңестік кеңістікте

барлығын жылдам жасай алған жоқ. Бірақ, біздер ең бастыны – біздің отанымыз – Қазақстан Республикасында тыныштықты сақтадық, қантөгісті болдырмадық. Біз өзіміздің меншікті қаржымыздың иесі болдық, біз өз экономикамызды өзіміз басқардық, жақсы өмір үшін оларды қалай қарай бұру керек екендігін түсіндік. Біз осы кезеңде бүкіл дүние жүзінде, өзімізге сенім туғыза білдік. Қазақстанға инвестициялар құйылды».

Мен мемлекетті құруда, реформаларда, біз бекіткен құжаттарда қателер болған жоқ десем, жалған айтқан болар едім. Бірақ қателеспейтін тек ештеме істемейтін адам болар. Саясаткердің жұмысы кейде сағатшының жұмысына ұқсас, тек айырмашылығы сонда – сағатшы бұзылған сағатты жөндемес бұрын тоқтатып ала қояды да, содан соң жөндеуге кіріседі, ал саясаткер бұл сағатты тоқтатпай жөндеуі керек. Міне, барлық күрделілік осында.

1995 жылы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында біздің еліміздің Конституциясы ресми таныстыру рәсімі болды. Осы салтанатты жағдайда Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Юрий Ким жаңа Конституцияны қабылдау бойынша бүкілхалықтық дауыс берудің нәтижесі туралы қаулыны оқып шығып, маған еліміздің Негізгі Заңының жаңа мәтінінің түпнұсқасын тапсырды. Бұдан кейін мен «Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы» Жарлыққа және оның 100 түпнұсқасына қолымды қойдым. Еліміздің 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған бірінші Конституциясы мәтінінің түпнұсқасын Мемлекеттік мұрағатта сақтауға тапсырдым.

Рәсімге қатысқан үкімет мүшелерінің, қоғам өкілдерінің, дипломатиялық өкілдіктер басшыларының және бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің алдында сөйлеген сөзімде, мен барлықтарын жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтап, осы сәттен бастап біздің алдымызға шешілмеген көптеген мәселелерді қоятын, біздің дамуымыздың жаңа кезеңі басталады деп атап көрсеттім.

Біздің экономиканы дүниежүзілік шаруашылыққа қалай интеграциялау керек? Дүниежүзілік шаруашылыққа бұлай біріктірмейінше, біздің шалғайдағы, сөзсіз аутсайдер ел болып қалатынымыз анық болатын. Кепілдік берілетін там-тұм мемлекеттік «пәйөкке» дағдыланған жұртты енді өз күштеріне, өз ақылдарына, өздерінің іскерліктеріне қайтіп сендіруге болатын еді? Адам өзінің, өз отбасының тағдырына жауапкершілігін сезінбей, еш уақытта нағыз табыстарға қол жеткізуі мүмкін емес.

Түбегейлі әлеуметтік реформалардың негізгі құралы болып табылатын, қазіргі заманғы және күшті мемлекетті қалай құруға болады?

Қазақстан халықтарының әрқайсысының төл мәдениетін томаға-тұйықтыққа апарып тірейтін ұшқарылыққа ұрындырмай, қалай сақтауға болады? Біз бойкүйездіктің де, сол сияқты шыдамсыз асығыстықтың да мәдени тоқырауға апарып соғатынын түсінуіміз керек.

Қоғамда руханилықтың, ұлтаралық келісім мен азаматтық бейбіт өмір сүрудің мұраттарын қалай орнықтыруға болады?

Ақырында, қылмысты қалай ауыздықтауға, сонымен бірге ешбір қысым шараларына бармай-ақ қоғамда, биліктің барлық қабаттарында заңның үстемдігін қалай орнатуға болады?

## 1995 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯ – ЖАНА ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ІРГЕТАСЫ»

Осыдан екі жүз жылдан астам бұрын, қазіргі демократияның негіздері қаланып жатқан кезде, заңдар мен конституциялардағы жиі өзгертулердің жақтасы болмаған америка президенті Томас Джефферсон «заңдар мен адами институттар адамзат ақыл-ойының прогресімен қол ұстасып бірге жүруі тиіс» деп жазды. Бұл көзқарас, содан бері екі ғасыр өтсе де, өзінің маңызын бүгіндері жойған жоқ.

1995 жылғы Конституция Қазақстанда реформаны жүргізудің аса қуатты серпіні болғанын мен мақтанышпен айта аламын. Көп жағдайда, оның ережелерінің арқасында, аздаған мерзімдердің ішінде ғана жас мемлекеттің экономикасы мен саясатында, ұлтаралық тұрақтылықта аса үлкен жағымды нәтижелерге жеттік.

Қолданымдағы Конституцияны қабылданғаннан кейін Қазақстандағы экономикалық реформаны жүргізу үшін «даңғыл жол» ашылды. Бейнелеп айтқанда, барлығын да басқарған, бірақ ештемені басқара алмаған Жоғарғы Кеңестің орнына, осы жылдардың ішінде елдің бет-бейнесін өзгерткен заңдарды қабылдаған екі палаталы кәсіби Парламент келді.

1995 жылғы Конституция экономикалық реформаларға жаңа серпін бере отырып, қазіргі нарықтық қатынастардың талаптарына жауап берген және жауап беретін Парламент пен Үкіметтің заңнамалық шеңберде қызмет жасаулары үшін тиімді нормативті құқық базасын қамтамасыз етті. Конституция мемлекеттік меншікті, сонымен бірге жеке меншікті де қорғауға тең жағдайда кепілдік береді.

Қолданымдағы Конституцияда мемлекет адам құқықтарына шынайы кепілдіктер берген; олар: әркімнің еңбек ету және кәсіпкерлік қызметпен айналысу бостандығы; заңмен мөлшері көрсетілген медициналық тегін көмек алу; тегін орта білім алу; діни жоралғыларды атқару бостандығы құқықтары. Сондай-ақ конкурстық негізде ақысыз жоғарғы білім алуға, жасына қарай әлеуметтік қамсыздандыруға, сонымен бірге ауырған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік берілген. Бүгіндері осы конституциялық құқықтар заңдардың нақты нормаларында баянды етіліп, адамдардың күнделікті өміріне берік енді. Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітіп, еліміздің азаматтарының құқық алдындағы теңдігін қамтамасыз етті, бұлар сөзсіз қоғамның

саяси өміріне демократияның іргелі принциптерін енгізуге қолайлы жағдай жасайды.

Басқаша айтқанда, Конституция азаматтардың конституциялық құқықтарының, бостандықтары мен міндеттерінің мәні мен мазмұны қазіргі нарықтық экономиканың принциптеріне сәйкестеп тұжырымдалған; ал бұл принциптер жеке тұлғаның сан алуан мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді оның еңбек процесіндегі үлесіне тәуелді етіп қояды. Сонымен бірге мемлекет тарапынан қажетті әлеуметтік тегін қызмет минимумының кепілдіктері де беріледі. Экономикалық бостандық, идеологиялық және саяси сан алуандық, жұрттың барлығының заң алдындағы теңдігі Қазақстан дамуының негізгі басымдықтарына жатады.

Саяси режимнің демократиялануы мемлекеттің жеке тұлғаға беретін әлеуметтік мүмкіндіктерінің шеңберін кеңейтті. Осының нәтижесінде ұлттық құқықтық жүйедегі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының рөлі елеулі түрде күшейтілді, олардың дәстүрлі заңдық кепілдіктеріне жаңа толықтырулар енгізілді. Біріккен Ұлттар Ұйымының азаматтық және саяси, сонымен бірге экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы Халықаралық пакеттерінің талаптарын толық орындау үшін жағдайды қалыптастырғаннан кейін, Қазақстан осы бір маңызды құжаттарды ратификациялады.

Конституцияның негізінде жаңа заңнама қалыптасты. Жаңартылған конституциялық құқық жасалды. Азаматтық қоғамдағы жеке меншік қатынастарды, еркін кәсіпкерлікті реттейтін азаматтық құқық одан әрі дамытылды. Әлем қауымдастығында қалыптасқан принциптерге сәйкес, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық және қылмыстық-орындаушылық заңдарға елеулі өзгерістер жасалды.

Қылмыстық құқықта, оның принциптерінде көрініс тапқан, әлеуметтік құндылықтарды қорғайтын жаңа иерар-

хия айқындалды. Бұлардың негізінде Қылмыстық кодексті қалыптастыру қажет болды. Міндет мейлінше күрделі және жауапты болғандықтан, мен тікелей жұмысшы тобының жетекшісі И. Роговпен және Б. Мұхамеджановпен бірлесе отырып, заң жобасының әрбір бабын мұқият қарап шықтым.

Құқықтық мемлекеттің дамуын қамтамасыз ететін құралдардың бірі дұрыс айқындалған қылмыстық-құқықтық саясат болып табылады. Біздің елімізде бұл адамды, оның өмірін, құқықтарын, бостандықтарын ең жоғары құндылық деп жариялаған Негізгі Заңнан келіп шығады. Заң бұзушыларға қарсы қатаң жазалау шараларынан бас тарта отырып, мемлекет олардың жауапкершілігінің ақылға қонымды түрлерін орнықтырады, ол құқықтық саясаттан және жазаны орындау жүйесін ырықтандырудан көрінеді. Нәтижесінде, егер осыдан біраз ғана бұрын Қазақстан бас бостандығынан айырылғандардың саны жағынан әрбір 100 000 адамға шаққанда АҚШ пен Ресейден кейін дүние жүзінде үшінші орында тұр, бұл көрсеткіш бойынша ол қазір 24-позицияға түсті.

Сонымен бірге қылмыстың жаһандануы және өзгеріске ұшырауы, сөйтіп күннен-күнге аса қауіпті түрлерге енуі жағдайында барлық заң бұзушылықтарға, әсіресе қылмыстың аса қауіпті түрлеріне жауапкершіліктің бұлтартпастық принциптерін актуальды ете түседі.

Қазіргі кезеңде жұртшылық пікірінің беделін көтерген әлеуметтік және құқықтық дилемма сипатындағы өлім жазасына қатысты аса күрделі мәселе шешілуде. Әзірге бұл мәселе бойынша оны қолдануға мораторий енгізілген. Бұл мәселе қоғамның рухани өмірінің белсенділігі артуымен, әлеуметтік құндылықтарды қайта бағалаумен қатарласа жүретін мемлекет дамуының, күрт өзгерістерге толы сәттерінде өткір қойылатынын біз білеміз.

Ешқандай да өсіріп айтпай-ақ, бүгінгі күні біз тәп-тәуір нәтижелерге жеттік деп айтуымызға болады. Жеткен жетіс-



тіктеріміздің ішінде бастылары: ішкі саяси және ұлтаралық тұрақтылық, макроэкономикалық тұрақтанушылық, инфляцияны толықтай тежеу, тиімді қаржы-несие жүйесін құру, меншік қатынастарын қалыпқа келтіру, бірте-бірте жекешелендіруді іске асыру болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінің табанды түрде өрлеуі басталды, ауыл шаруашылығы жанданды. Бүгіндері біздің жаңа Конституция және заңдарымыз адам үшін жұмыс істеп қана қоймайды, сонымен бірге оның шығармашылық, жасампаздық қуатының белсенділігін күшейтіп, іскерлік бастамаларын ынталандырады деп айтуға барлық негізіміз бар.

Экономикалық табыстарға қолы жеткен Қазақстанның тәжірибесі өтпелі кезеңде, экономиканы ырықтандыру үшін жеткілікті түрде қатаң саяси құрылымның, кәсіби қызметшілер мен қоғамдағы тәртіптің қажеттігін көрсетеді. Бұл көп жағдайда қолдау таба бермейтін, бірақ аса керекті күрделі экономикалық реформаларды іске асыруға, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1995 жылы шынайы президенттік республиканы құруға бара отырып, мен дамудың осындай нұсқасында елді басқару мүмкіндігі күшейетіндігін және жанға бататын экономикалық реформалар нәтижесінің көп күттірмейтіндігін түсіндім. Реформаның жүзеге асырылу барысына Президенттің тікелей жауапкершілігінің артуы сол сияқты оның бірқатар өкілеттілігін арттыруды да талап етті. Осы кезеңнен бастап министрліктер мен ведомстволардың басшыларын Президент тағайындайтын болғандықтан, бұған Парламент араласпайтын болды. Алқалы басқару органы ретінде Министрлер кабинеті де біршама ықшамдалды. Президенттің ұсынуымен Парламенттен қолдау алған Премьер-министр «елдің басты дағдарыс менеджері» өкілеттілігін алды. Кейіннен келе Экономикалық саясат жөніндегі кеңес, Ұлттық банк басқармасы, Ұлттық қор басқармасы, Ұлттық кеңес сияқты алқалы кеңестер заңдық түрге ие болды. Нақты бағытқа

ие болған оларды Мемлекет басшысы басқарады және өз құрамында атқару билігінің өкілдері арқылы шектелмейді.

Орталықта сатылы биліктің күшеюі өңірлерде де осындай үлгіні туғызатын еді. Бұл кезде облыстардағы Президенттің өкілдері жойылып, әкімдерді бұрынғыша Президент тағайындайтын болды. Реформалау барысында облыстық кеңестердің орнына келген облыстық мәслихаттардың рөлі де төмендетілді. Экономикалық дағдарысты еңсергеннен кейін бұл проблемаларды шешуде қайта оралып, демократиялық реформалардың келесі жаңа кезегін қолға алатынымызды біле отырып, біз бірқатар бірегей шараларға саналы түрде бардық.

Атқару билігін әсіресе жергілікті жерлерде күшейтудің бірқатар жүйелік кемшіліктері болатынын мен түсінген едім. Бұл кемшіліктердің ең бастысы сыбайлас жемқорлық еді, ол бүгін де сол күйінде қалып отыр. Биліктің өкілетті органдары тарапынан бақылаудың төмендеуіне байланысты, орталықтан тағайындалғандар көп жағдайларда өздерінің лауазымдық өкілеттіліктерін асыра пайдалана бастайды. Баршаның іс-әрекеттерін бақылап отырудың қиындығын білгендіктен олар өздерінің тікелей міндеті – халыққа қызмет ету екендігін жиі ұмытады. Осының нәтижесінде реформаны жүргізудің ең басынан бастап-ақ Президент Әкімшілігіне жергілікті жерлердегі шенеуніктердің жүгенсіздігі жайындағы шағымдар қаптап келе бастады. Тұрғындар ескі әдеттерімен «Орталық Комитетке жазып жатты».

Сыбайлас жемқорлық экономикалық саясатпен еліміздің даму стратегиясының маңызын бұрмалап, мемлекет өмірінің басқа да салаларына ене бастады. Осыған байланысты мен, сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресте қолдауларын сұрап Республика азаматтарына үндеу тастадым. Сол кезеңде сыбайлас жемқорлықты туғызатын себептерге бағытталған заңның қабылдау қажеттігі жөнінде заңгерлер арасында әртүрлі пікірлер болды. Алайда қалыптаса

бастаған жағдай шұғыл да ымырасыз қимыл жасауды талап етті. Сондықтан мен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңның жобасын жасауды тапсырдым. Ол 1998 жылы шілдеде қабылданды. Сол сияқты сыбайлас жемқорлықпен күрестің бағдарламасы жасалды, құқық бұзудың сыбайлас жемқорлық түріне жауапкершілік күшейтілді.

Конституциялық ереженің пәрменді болуы қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерінің, әсіресе мемлекеттік органдардың және жеке лауазым иелерінің соған сәйкес қабылданған заңдарды қалтқысыз орындауы мен сақтауына тікелей байланысты.

Құқықтық мемлекетте азаматты қорғайтын Президент те емес, аймақтың басшысы да емес, министр де емес, сот екеніне мен сенімдімін. Әділетті және адал сотсыз, жетілген құқықтық базасыз тұрақты және өркениетті қоғам болмайды. Нарықтық құқықтық тәртіпті орнатқаннан кейін ғана, мемлекеттік аппараттың, барлық азаматтардың және заңды тұлғалардың Конституция мен заңдарды қатаң орындауын орнықтырғаннан кейін ғана барып, осындай қоғамның негізі болып табылатын мықты экономиканы қалыптастыруға болады. Бұл жұмыста бәрі де маңызды: деңгейлес құқықтық базаны құру да; Конституцияның, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау күзетінде тұрған заңдық пирамиданың ең жоғары биігіндегі сотты бекіту де; сол сияқты оларда тек қана заңға бағынатын, сот шешімдерін бұлжытпай және жылдам орындайтын құзіретті, адал қызметкерлер қызмет істейтін сапалы сот жүйесін құру да бірдей қажет.

Саяси реформалардың әрбір кезеңі экономиканың, азаматтық қоғамның, тұрғындардың саяси және құқықтық мәдениетінің даму деңгейімен тығыз байланысты болуы қажет. Соттарды күшейту мәселені шешудің алғашқы бастамасы ғана болатын. Бүгіндері, экономика саласындағы негізгі реформалар аяқталған кезде, экономикалық табыстарға

сәйкес саяси жүйені де ырықтандыру бізге өмірдің өзі қойған талаптары болып табылады.

Мен осы жерде тағы да мынаған тоқталғым келеді: кез келген саяси реформа ең негізгі шартты – орташа тапты қалыптастырмай нәтижелі болмайды. Тұрақты және гүлденген қоғам ғана тұрақты саяси жүйені құруға қабілетті.

*«...қоғам осындай (батыстық) демократиялық саяси жүйені табыспен пайдалана алатын жағдайға жеткенге дейін, халық білім мен экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жетуі, едәуір көлемде орташа тап құруы, ал адамдар өмірде тірі қалу үшін күресуді ойламайтын болуы тиіс...*

*Орташа тап өміршең экономикасы жоқ елде пайда бола алмайды, ал мұның өзі елді бір орында шыр айнарудан шығаруға қабілеті күшті, дана басшылықты керек етеді».*

**Ли Куан Ю, «Сингапурская история:  
из «третьего мира» – в «первый»  
(1965–2000)»**

Азаматтардың күнделікті өміріндегі мемлекеттің рөлі туралы мәселеге қайтып оралғанда, біз мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруды аяқтауымыз керек. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасындағы өкілеттілікті айқындауға, мәслихаттардың рөлін көтеруге, сол сияқты бюджетаралық қатынастар жүйесін жақсартуға байланысты. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруды аяқтай сала, бізге жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың үрдісін бастау қажет. 2005–2007 жылдар арасындағы кезеңде біз қала, аудан, т.б. төменгі деңгейдегі әкімдер үшін сайлау жүйесін енгізуді және сол сияқты олардың қызметін саралап бағалаудың қажеттілігін қарастырамыз.

Бұл міндеттерді шешкен соң, саяси жүйені ырықтандырудың кейінге қалдырылған, одан да маңыздырақ кезеңіне – Парламенттің рөлін көтеруге қайтып орала ала-

мыз. Ел Парламентінің саяси мәртебесін нығайту біршама мәселелерді конституциялық деңгейде шешуді талап етеді. Біз Парламенттің екі Палатасының да депутаттар санын көбейтуіміз керек. Парламенттің қызметіне тек мемлекеттік бюджетті бекіту ғана емес, сонымен бірге оның орындалу барысын бақылауға да шынайы араласуы тиіс.

Конституциялық өзгерістердің барысында Үкіметті құрудың жаңа жүйесін жасау да қажет болуы мүмкін. Осыған байланысты бізге Үкіметті парламент көпшілігінің тетігі арқылы құру мәселесін қарастырудың қажет болатыны анық.

Қазақстанның өз дамуының жаңа кезеңіне кіру логикасы, осыған сәйкес мемлекеттік басқаруды, саяси жүйені және, бәлкім, Конституцияны да реформалауды мұқият қарастырып, жүзеге асыруды талап етеді. Біз, түптеп келгенде, еліміздің мемлекеттік және саяси құрылымының оңтайлы моделін енгізуіміз керек. Мемлекеттік басқаруды жаңғырту және саяси реформаларды іске асыру біздің қоғамымызды топтастыруға, Қазақстанның дүние жүзіндегі беделі мен абыройының өсуіне қызмет ететіні айқын. Бұл Қазақстанға халықаралық саясаттың, өркениеттер үндесуінің, Орта Азия аймағындағы тұрақтылық пен интеграцияның орталығына айналуына мүмкіндік береді.

Осы және басқа көптеген өзгерістердің барлығы біздің көздеген мақсатымызға жетуге жол ашады. Біз өз дамуымыздың жаңа кезеңіне енді ғана шыққан жас елміз ғой. Тіпті көптеген жылдар өткеннен кейін де, мен өзімнің жұмыс үстелімде жатқан Конституцияға қарап, сол бір кездегі оқиғаларды ойға түсіремін. Оның жобасымен қалай ынталана жұмыс істегеніміз, түрлі баптарды талқылағанда қандай қызу таласқа дейін барғанымыз, халықтың талқылауына ұсынғанда қалай толқығанымыз – бәрі де есте.

Жұмыстан қол сәл босаса, мен Конституцияны ашып, оның баптарын қайта-қайта оқимын, оқимын да сол кездерде біздің шешімдеріміздің дұрыс болғанына тағы да көз жеткі-

земін. Оның тамаша дәлелі – Қазақстанның мемлекеттік құрылыстағы және экономиканы реформалаудағы бүгінгі табыстары. Конституцияның маңызды ережелеріне сүйене отырып, біз еліміздің тағдыры үшін аса өмірлік маңызды қайта құруларды іске асырдық: нарықтық экономиканы қалыптастырдық және демократиялық қоғамның негізін қаладық.

Осы бір жылдары демократияландырудың аса маңызды институты – парламентаризмнің дамуына толық жағдай жасалды. Қос палаталы кәсіби Парламент уақыт сынынан сүрінбей өтті, онда сан салалы мүдделердің өкілеттілігі қамтамасыз етілген. Біз – осы жолмен Орталық Азияда батыл қадам жасаған бірінші елміз. Басқалар біздің ізімізбен жүріп, тәжірибемізді пайдаланды.

Атқарудың тік сатылы жүйесі оңтайландырылған әкімшілік-территориялық құрылыммен және мемлекеттіліктің басқа да нығайтылған тетіктер жиынтығымен үйлесім табуы Қазақстанның жүйелі дағдарыстан шығуына, серпінді дамуды бастауына қолайлы жағдайлар жасады, ал мұның өзі қазір жеделдетілген әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғыртулар туралы айтуға мүмкіндік беріп отыр.

Конституция қолданылған жылдардың ішінде бірде-бір саяси қайшылық дағдарысқа ұласқан жоқ. Барлық даудамай конституциялық рәсімдер шеңберінде шешілуде. Мемлекеттік институттар арасындағы өзара қатынастардың жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе дәстүрге айналды.

Ұлтаралық қатынастардың көкейкестілігі және олардың әртүрлі елдердің бәсекелік артықшылықтарына тигізетін әсері біздің отандық тарихтың оқиғалары мен атаулы мерзімдеріне ғана тірелмейді. Дүниежүзілік тарихтың соңғы онжылдығына жасалған талдауға қарасақ, жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінің басты оқиғасы планетаның ұлттық және нәсілдік құрамының түбегейлі өзгеруі болғанын көреміз.

Кәне, әлемде не болып жатқанына қарайықшы. Қазіргі дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігі өзінің

құрамы жағынан көпұлтты, әлемнің 12 елінде ғана бір этнос тұрғындардың 90 пайызын құрайды. Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық моделінің Біріккен Ұлттар Ұйымының, Еуропадағы қауіпсіздік пен және ынтымақ ұйымының және т.б. беделді халықаралық ұйымдардың тарапынан ең жоғарғы баға алуы кездейсоқ емес. Ұлттық топтар дамуының барлық түйінді мәселелері реттеудің үш деңгейлі жүйесінде өрістетілді.

Бірінші деңгей – бұл сол топтардың өздерінің белсенділігі. Біз ұлттық қауымдастықтардың өз мәдениетін дамытуға байланысты заңды ұмтылыстарын бүтіндей қолдадық. Қазақстанда бірнеше ондаған ұлттық мәдени орталықтар қызмет жасауда.

Екінші деңгей – бұл біздің Қазақстан халықтары Ассамблеясы мысалында ұлттық қатынастардың бірегей құралын жасауымыз. Бүгінде дәл осындай беделді де өкілетті ұлттық саясаттың құралы әлемнің бірде-бір елінде жоқ.

Үшінші деңгей – бұл тіл жайлы мемлекеттік саясат. Біз қазақ тіліне мемлекеттік тілдің жай ғана үстірт мәртебесін бере салған жоқпыз, оның қоғамдық өмірдің барлық салаларында толыққанды қызмет етуінің міндеттерін де шештік. Бүгіндері еліміздегі оқу орындарының жартысынан астамы сабақты қазақ тілінде жүргізеді. Кеңестік ұлттық саясаттың мемлекеттік тілге тигізген ауыр зардаптарын нақ Қазақстан шеккенін ұмытпауымыз керек. Бірақ та біз, көптеген елдерге қарағанда, осы бір жолды әлде бір тілдік кемсітушіліксіз лайықты жүріп өттік.

Қазақстанда саяси әралуандылық және көппартиялылық қамтамасыз етілген. Елде саяси процестерге ықпал жасайтын жалпыұлттық ірі партиялар қызмет жасайды, олардың ішінде оппозициядағылар да бар. Сол сияқты, бізде азаматтық қоғамның аса маңызды сегменттерінің бірі – үкіметтік емес ұйымдардың біршама нығайғаны да даусыз. Егер де осыдан 10 жыл бұрын олардың саны 400 болса, қазір 5 мыңнан

астам. Олар бір кезде өзім ұйымдастыруға бастамашы болған Азаматтық форумның шеңберінде, әріптестік негізінде өкіметпен белсенді өзара іс-қимылдар жасайды. Қазір осы бір қатынастарда «бірінші скрипка» рөлін орындаушы дәл осы мемлекеттік емес ұйымдар болғаны – аса жағымды құбылыс.

Түбегейлі өзгерістер ақпараттық салада да болды. Қазақстанның медиа-нарығында өзін-өзі көрсету бостандығы, өз пікірін еркін айту және өкіметті сынау бостандығы қалыптасты, азаматтардың баламалы дерек көздерінен ақпарат алу құқығы іске асты. Бүгіндері елімізде 2 мыңнан астам әртүрлі саяси бағдардағы бұқаралық ақпарат құралдары шығады, олардың ішінде радикалды оппозициянікі де бар. Сіздер білетіндей, бұқаралық ақпарат құралдарының 80%-ы мемлекеттік емес.

Дүние жүзінің көптеген елдеріндегідей, біздің Конституция да қатып қалған догма емес. Конституцияны қолданған 10 жыл ішіндегі жинақталған тәжірибе бізге ішкі міндеттерді шешу үшін де және уақыттың өзі тудырған жаңа талаптарға тиімді жауап беру үшін де керек. Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз да өтуге тиіспіз.

Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ.

Конституция біздің бостандықтарымыздың негізіне айналды. Ол бізге тәуелсіздік алып келген жеңістеріміздің, біздің тапқан табыстарымыздың бүкіл кешенін баянды етті. Біздің Конституцияның бізге берген ең басты құндылығы – таңдау



құқығы, басқаша айтқанда, өз өміріңнің қожасы өзің болуы кез келген қазынадан бағалы.

Біздің Конституция – бұл шынайы өмірдің айнадағы көрінісі емес, қоғам мен мемлекеттің қандай жағдайда болу керектігінің көрінісі. Сондықтан оның әлеуетінің сарқылуы таяу араларда бола қоятын жағдай емес. Негізгі Заңда бекітілген базалық стратегиялық сипаты бар заңдық ережелер мен принциптер мемлекет пен қоғамның даму мүмкіндіктеріне, саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың қалыптасуына қарай ашыла түспек.

Небәрі 15-20 жылдың ішінде біздің қоғам бүтіндей дамыған демократияның деңгейіне сәйкес келетініне мен сенемін. Парламентте тұрақты қызмет істейтін екі-үш партиялық жүйе қалыптасады және орташа тап бүкіл тұрғындардың жартысын құрайтын болады.

Менің атап көрсеткенімдей, бұл Конституция біздің экономиканың дамуына жаңа серпін берді. Қазір, дәлірек айтқанда, Қазақстанның экономикасы барлық болып жатқан өзгерістердің – жаңа Конституцияны жасаудан бастап және әрбір қазақстандықтың өмір салтындағы, ең бастысы, ой-санасындағы өзгерістерге дейін – солардың қозғаушы күші болды. Осы кезеңдегі біздің экономиканың «қаны» – қазақ жерінің «қара алтыны» мұнай. Мұнай мен газ біздің басты ресурсымызға және тәуелсіздіктің алғашқы күнінен өзінше бір бастапқы капиталға айналды. Болашақтағы 15-20 жылда да Қазақстан көмір-сутегін дүние жүзінің рыноктарына шығаратын ірі ел болады. Біздің байлықтарымыз сонымен бірге бізді көре алмаушылықтың және бізге кінә тағушылықтың нысанына айналды; бізде тек соның кесірінен ғана өз тәуелсіздігімізден шынында айырылып қалу қаупі болды. Мен келесі тарауда, өзімізді бір минутта босаңсытпай және алдауға жол бермей, оны бақылайтынымызды үнемі естен шығармай, осы бір асауды қалай қолда ұстағанымыз туралы айтпақпын.

# КАСПИЙ ҮШІН КҮРЕС ЖӘНЕ МҰНАЙ ДҮМПУІ

## «ҒАСЫРДЫҢ МҰНАЙ ФОНТАНЫ»

Менің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы ретінде экономика және өнеркәсіп мәселелерімен айналысып жүрген уақытымда, сондай-ақ оған дейін де және одан кейін де атқарған жұмыстардың барысында Каспий аймағында бірнеше рет болған едім, алайда 1985 жылдың жазында көргенімді бұдан бұрын ешқашан көрмеппін.

Бұл көрініс тек мен үшін ғана айтарлықтай оқиға болып қалмады. КСРО жоғары басшылығының барлық назары кішігірім Гурьев аймағы жағына ауды.

Оның бәрі Теңіздегі мұнай ұңғыларының біріндегі өрттен басталды. Бұл оқиға 1985 жылдың 23 шілдесінде болды, 4467 метр тереңдікте жүргізіліп жатқан бұрғылау жұмыстары кезінде Т-37 ұңғысынан мұнайдың алып фонтаны бұрқ ете қалады. Ұңғыдан атқылаған мұнай бұрқағы бой бермей, үлкен өрт пайда болады. Нәтижесінде ұңғылау қондырғысы толықтай қирап, ал бұрғылау құралы үлкен қысым күшімен ұңғыдан жанышталып шығарылады. Мұнай-газ бұрқағының сол кездегі сыртқа атылу ұзақтығы 400 тәуліктен асты. 900 атмосфералық қысыммен атқылаған, биіктігі 250 метрлік үлкен өрт бағаны бой көтерді. Ауаға таралған күкірт қышқылының көлемі 8 млрд шаршы алаңды жайлады, ал экологияға және адамдардың денсаулығына тигізілген зардаптарды есепке алмағандағы материалдық шығындар 1 млн АҚШ долларынан астам соманы құрады.

Ауаға тараған күкірт қосындылары мөлшерінің өте көптігінен айналадағы тіршілік атаулы қырыла бастады. Түнгі уақытта аспанға шапшыған от бағанның ыстығына қанаты күйіп, күкірт иісімен уланған құстар тура жерге құлап жатты. Алып от алауы өзіне таяу жердегі мұнай ұңғысы басында апаттың зардабымен алысып жүрген адамдарды да шарпыды. Өкінішке қарай, бұл оқиға адам өлімінсіз болмады. Әскери

өртшілер бөлімі қызметкерлерінің бірін от жалыны жұтып, ол тірідей өртеніп өлді. Ұңғыдағы өртті сөндіруге қатысқан жауынгерлердің барлығы да әртүрлі дәрежеде күйік алды. Ұңғы маңайындағы өрт қызуының күштілігі соншалық, отқа өте төзімді деген киімдердің өзі санаулы минуттарға ғана киюге жарады. Өртті сөндіруге қолданылған құм да табан астында түрлі-түсті балқымаға айналып, бықсып жанумен болды.

Өртті бүкіл Одақ болып сөндірдік. Оған КСРО-ның түкпір-түкпірінен жиналған және шет елдерден шақырылған ең үздік мамандар жұмылдырылды. Сол уақытта осындай аса қатерлі өрт тасқынын өшіруге еліміздің, соның ішінде Украинадан Полтаваның және Өзбекстаннан Қаршының ең таңдаулы әскери өрт сөндіру бөлімдері қатысқанын ерекше ризашылықпен айта кеткен орынды. Ұңғыдағы апатқа байланысты жұмыстар Теңіз-37 ұңғысындағы апаттың зардаптарын жою жөніндегі жедел штабтың төрағасы, КСРО мұнай өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары И. Игревскийдің басшылық етуімен жүргізілді.

КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігінің өртті сөндіруге шамасы жетпеді, өйткені онда мұндай күшті фонтанды жою үшін қажетті қондырғылар болмады. Тығырыққа тірелген мұнай өнеркәсібі министрлігі келесі бір сәтте бұл бұрқақты атом бомбасы жарылысын бағыттау арқылы тоқтатқысы келді. Ол кезде жақын ауылдарда тұрып жатқан адамдар туралы тіпті сөз де болмады. Алайда біз оған дер кезінде араласып, бұл қорқынышты ойдың жүзеге асуын болдырмадық.

Теңіз-37 ұңғысында аспанға шапшып жанған ашық газ-мұнай бұрқағын тікелей күш жұмсап сөндірудің өзі екі айға жуық уақытқа созылды. Ақырында, мұнайшылар осындай ғаламат отқа оранған 37 нөмірлі Теңіз мұнай ұңғысын «ғасыр фонтаны» деп атап кетті. Ғаламат өртті сөндіруде Гурьевтегі Петровский атындағы зауыттың мұнайшылары жасаған гидроқысым қондырғысы үлкен рөл атқарды. Соның

көмегімен ырық бермей атқылаған газ бен мұнай екпіні бірден бәсеңсіп жуасытылды.

Өрт апатын ауыздықтаудағы жұмыстың екінші кезеңінде ұңғыға құбыр жіберіп, соның бойымен төмен қарай ауыр сұйықтық ағызу және сол арқылы бұрқақты сөндіру ұсынылды. Дегенмен, мұндай жұмысты жүргізу үшін үлкен қысым күшімен бір жүйеден басқарылатын арнайы қондырғы талап етілді.

КСРО-дан мұндай технология табылмады, сол себепті американдық «Шеврон» мен канадалық «Отис» компанияларының мамандарынан ақыл-кеңес алумен қоса, арнайы американдық және канадалық қондырғыларды пайдалану туралы шешім қабылданды. Нәтижесінде, кеңестік мұнайшылар мен аталмыш компаниялар мамандарының бірлесе күш салуымен ұңғыға құбыр жіберіліп, өрт бұрқағы сөндірілді.

37 нөмірлі ұңғыдағы бұрқақ Теңіз кен орнындағы орасан зор қуат көзін көрсетті. Бұл Каспий шельфінің қазақстандық бөлігіндегі «үлкен мұнайдың» бізге берген алғашқы белгісі еді. Сол кездің өзінде-ақ КСРО-да мұндай мұнай кен орындарын игеру үшін қазіргі заманғы технологиялар жоқтығы түсінікті болды.

## КАСПИЙ МҰНАЙЫН ИГЕРУДІҢ ТАРИХЫ

Қазақстан тарихында мұнай аса маңызды рөл атқарды.

Ғылыми сипаттама бойынша, «мұнай – бұл газ тектес және басқа да заттардың сұйық ерітіндісінен құралған көмірсутегінің күрделі қоспасы». Осы «қара алтыннан» алынатын бірнеше мыңдаған заттардың тізімі бір парақ қағазбен бітпейтіні белгілі. Бір кезде Д.И. Менделеевтің өзі «пешке мұнай жағу оған қағаз ақша жағумен бірдей» деп айтқан еді.

Қазақстан аумақтарынан сонау ерте замандарда-ақ мұнайдың табылғанын алғашқы деректер дәлелдейді. Алай-

да Қазақстан мұнайына тек XVII ғасырдың соңында ғана патшалық Ресейдің тарапынан ерекше назар аударыла бастады. XVIII–XIX ғасырлардың өн бойына Ресей өзінің жетекші топографтарын, геологтары мен тау-кен инженерлерін Батыс Қазақстанға жіберумен болды.

1892 жылы Батыс Қазақстан аумағында орналасқан жекелеген жер телімдеріне барлау жұмыстарын жүргізу туралы орыс кәсіпкерлерінің алғашқы өтінімдері келіп түседі. Доссор, Қарашұңғыл және Ескене жерлеріне тұңғыш өндірістік барлау жұмыстары жүргізіледі.

*«Ресейлік кәсіпкер С. Леман басқарған «Ембі-Каспий серіктестігі» Қарашұңғыл кен орнында (қазіргі Атырау облысында) тереңдігі 38-ден 275 метрге дейінгі 21 ұңғы бұрғылады. 1899 жылы қарашада Қарашұңғылда, 40 метр тереңдіктегі № 7 ұңғыдан бірінші мұнай бұрқағы алынды, тәулігіне небәрі 20-25 тоннаға жуық мұнай өндірілді. Бұл оқиға қазақстандық мұнай өндіру мен мұнай өнеркәсібін дамытудың басы болып танылды.*

*Бұдан соң Доссор, Мақат, Ескене және басқа да кен орындарынан мұнай алынды. Каспий мұнайын барлау мен іздестіру, өндіру үшін түрлі ресейлік және басқа да шетелдік серіктестіктер, қоғамдар құрылды. Айтпақшы, Қазақстан аумағында сол уақытта жұмыс істеген алғашқы мұнай өндірушілердің бірі, атақты швед өнеркәсіпшісі Альфред Нобель болды».*

**«Қазақстан мұнайы» энциклопедиясы,  
1999 жыл**

Сонымен бір мезгілде аймақтағы мұнай өндірудің жыл сайынғы көлемінің өсуімен мұнай инфрақұрылымының дамуы басталды. Гурьев портына дейін мұнай өндірісі шикізатын тасымалдау үшін тұңғыш мұнай құбыры тартылды, ал одан

әрі қарай қазақстандық шикізат теңіз арқылы Бакуге жөнелтілді.

Алайда заман өзгеріп, бәрі, соның ішінде Қазақстанның жаңа қалыптасып келе жатқан мұнай өнеркәсібі де қатал уақыт сынына тап болды. Біздің халқымызды алда – 1916 жылғы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың, 1917 жылғы Қазан төңкерісінің, 1921–1922 және 1931–1932 жылдардағы, бүкіл елдің 40 пайызын қырғынға ұшыратқан сұмдық ашаршылықтардан туындаған үлкен сілкіністер мен қасіреттер күтіп тұрды.

Кеңес өкіметінің келуімен мұнай саласы мемлекет иелігіне алынып, барлық компаниялар жойылды. 1920 жылы олардың негізінде Орал-Ембі аймағындағы мұнай қорын өндірістік жолмен игеру үшін, алғашында Мұнай кәсіпшіліктерінің басқармасы, ал кейінде «Эмбанефть» тресті құрылды.

Қазақстан мұнайы туралы алғаш Ұлы Отан соғысы жылдары ашық айтыла бастады. Кавказ мұнайынан айырылып қалу қаупі және Қызыл Армия үшін жанар-жағар маймен қамтамасыз етудегі іркілістер кеңес үкіметі басшылығын алдымен мұнайдың бір бөлігін өндіруді, содан кейін оларды өңдеуді Гурьевке ауыстыруға мәжбүр етті.

*«Германия қолбасшылығы өз әскері үшін қажетті жабдықтарды жеткізіп беруде, әсіресе жанар-жағар маймен қамтамасыз етуде елеулі қателіктер жіберді. Ол 1942 жылдың алғашқы айларында герман әскерлері «Блау» атты соғыс операцияларын жүргізе бастады. Ондағы басты мақсаты КСРО-ның мұнайлы аудандары – Майкопты, Грозныйды, Бакуді жаулап алу болатын. Сол үшін 15 мың адамнан тұратын арнайы мұнай техникасымен жарақтанған бригада құрылды, олар басып алынған мұнай ұңғыларын қайта қалпына келтіруі керек болды. Алайда герман әскері жүргізген операциялар барысында, тек Майкопты*

*(9 тамыз 1942 ж.) ғана жаулап ала алды. Бірақ оның да инфрақұрылымын шегініп бара жатқан Қызыл Армияның әскерлері түгелдей әдейі істен шығарып кеткен-ді.*

*Фашистік Германия үшін КСРО-ның мұнайлы аудандары қаншалықты маңызды болғанын тағы бір факт дәлелдейді. 1943 жылдың қысында Гитлер Кавказ бағытындағы армиясының үлкен бір бөлігін, неміс генералитетінің қаншама үгіттеуіне қарамастан, Сталинградқа жіберуден бас тартады».*

**Даниэль Ергин, «Добыча», 2003 жыл**

1943–1945 жылдары тұңғыш қазақстандық мұнай өңдеу зауыты – Каспий аймағы экономикасындағы жаңа саланың пионері – Гурьев мұнай өңдеу зауыты салынды. Дәл осы уақыттан былай қарай Қазақстанда көмір-сутегі шикізаты өнеркәсіптік жолмен өндіріле бастады.

Алайда Қазақстанның мұнай өнеркәсібі дамуының бұзып-жарып нағыз алға шығуы 1979 жылдың аяғында Атырау облысындағы Теңіз мұнай кен орнының ашылуы болды, бүгінде ол әлемдегі ең ірі бес мұнай кен орындарының қатарына кіреді. Одан кейін Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ алып мұнай-газ конденсатының кен орны ашылды.

Сонымен бірге, Қазақстан өзінің жер қойнауында осындай қымбат қазыналары бола тұра, өзін-өзі солардың нақты иесі ретінде сезінбеді. Мұнай саласы кәсіпорындарының барлығын одақтық министрліктер басқарды. КСРО-ның жоғарғы партиялық басшылығы біздің көмір-сутегі шикізатын өз күшімізбен игеріп, өндіруімізге жол бермеді, барлық бастамаларымызға қызғанышпен қарады. Біз барлық жағынан, тіпті қондырғылар мен өнімдерді жеткізуден бастап, ақыр аяғы КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген кадрлардың даярлануына шейін орталыққа тәуелді болдық.



1985 жылы М. Горбачев билікке келгеннен кейін «қайта құру» басталды.

Мұнай өнеркәсібі және де бүкіл экономика ресурстарды үнемдеу және ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып, өнім өндіруді ұлғайту, тиімді өндірістік инфрақұрылымды құрып, ауыр қол еңбегін пайдалануды жою жөніндегі міндеттерді шешуді талап етті – мұның бәрі экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, демек, қыр соңымыздан қалмай төніп келе жатқан күйреуден құтылуға жеткізетін еді.

Бірақ реформалауды жария еткен бағыт жинақталып қалған барлық проблемаларды шешпеді. Әуелгіде реформаторлар әлде бір жартыкеш шаралармен шектелгісі келді, ал шындығында тек мұнай саласы ғана емес, бүкіл экономикалық жүйе түбірлі қайта құруды талап еткен еді. Одақ басшылығы экономикадағы үйлесімсіздіктің басты себебін жоюға – жоспарлы бағаның қалыптасуынан бас тартуға, сөйтіп артық сұранымды жойып, шаруашылық ағзасының ішкі тұрақтылығын қалпына келтіруге бара алмады.

Экономиканы реформалаудың кеңестік кезеңінің нәтижесінде өндіріс көлемі қысқарды, ақша құнсызданды, бюджеттің тапшылығы молайды, халықтың тұрмыс деңгейі құлдырады. Жалпы дағдарыс мұнай өнеркәсібін де сырт айналып кетпеді. Дәл сол уақытта жоспарлы шаруашылықтан нарыққа ауысу жөнінде кезең-кезеңімен кең көлемде реформалар жүргізу мүмкіндігін уыстан шығарып алдық.

Одақта саясат әрдайым экономикадан үстем тұрды. Сондықтан Одақ басшылығы мен РКФСР Жоғары Кеңесінің тайталасы түріндегі қосөкіметтілік елдегі мемлекеттік басқарудың берекесін кетірді, осы «саясаттан», шын мәнінде, жүйедегі шалыс басудан бүкіл экономикалық реформалар барысы тұралап қалды. Бұл бүкіл кеңес жүйесінің дағдарысын одан әрі шиеленістіре түсті. КСРО-ның құлауы соның жалпы нәтижесі болды.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ІРГЕТАСЫ РЕТІНДЕГІ МҰНАЙ

Қатаң кесімді бағамен орталықтан жоспарлау тәртібі белең алған КСРО құрамында бола тұрып, одақтас республикалардың әрқайсысы еңбек бөлінісінде белгілі бір орынды иеленді. Қазақстан, негізінен, шикізатпен, азық-түлікпен және әскери өнімдермен қамтамасыз етуші болып табылды.

Біз «темір перденің» жағдайында өмір сүрдік және бүкіл сауда-саттық Одақтың ішінде жүргізілді. Барлық өнеркәсіп, энергетика, көлік, мұнай-газ құбырлары, байланыс пен сауда бүкіл КСРО-ның қажеттеріне бағытталды. Сондай жағдайда Қазақстанның батысын шығысымен жалғайтын тікелей көлік қатынасы болмады.

Қазақстанның қызметі жөніндегі барлық экономикалық және саяси шешімдер Мәскеуде қабылданды. Мысалы, бізге өнеркәсіптің небәрі 7%-ын басқаруға мүмкіндік берілді, ал Мәскеудің билігінде өнеркәсіп пен инфрақұрылымның 93%-ы болды. Сауданың жеке үлес салмағы РКСФР-мен арада – 75%, Украина КСР-мен арада – 15%-ды құрады, сол себепті Қазақстанның ішкі экспорттық әлеуеті тар шеңберде ғана мамандандырылған болды.

Қазақстанға мұнай саласында Одақтың құбыр жүйесіне шикізат өндіру мен тауарлы мұнайды тасымалдап жеткізу рөлі берілді. Сонымен қатар мұнай-газ кәсіпорындарының қызметі тек кен орындарындағы операторлықпен ғана шектелді. Экономиканың мұнай жобалары, мұнай және газ экспорты мен маркетингі мәселелерін Мәскеу өз құзырында қалдырды.

Мұнай өнеркәсібінің жоғары әлеуетінің жеткілікті болғанына қарамастан, Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұнай мен газды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және тасымалдау салаларында елеулі қиындықтар мен кедергілерге тап болды. Мұнай-газ өнеркәсібі технологиясының, маши-

налар мен қондырғылардың, инвестициялық капиталдың, сондай-ақ батыстың мұнай компанияларымен жұмыс тәжірибесінің қатаң жетіспеушілігін сезінді. Өйткені басты мәселе – мұнай өндірудің көлемінде емес, оны әлемдік нарықта өткізе білуде болды.

Алайда тәуелсіздік алған кезеңде біздің менеджмент әлемдік нарықта әрекет етіп, табысты бәсекелестікке түсе алатындай соншалықты қазіргі заманға лайықты және озық болмады. Кеңес кезеңінде жасалған республиканың ішкі тасымалдау жүйесі егемен мемлекеттің талаптарына жауап бере алмады, халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі шектеулі болды. КСРО тарағаннан кейінгі кезеңде мұнай құбырының үлкен бөлігі Ресей аумағында қалып қойды, мұның өзі посткеңестік кеңістіктегі біртұтас мұнай-газ секторы жұмысының пайдалылығы мен тиімділігіне айтарлықтай әсер етті. Кеңестік уақытта көңіл бөлінбей келген қоршаған ортаны қорғау мәселесі өте өткір сезіліп тұрды.

Мен мұнай ресурстарымызды тиімді де сапалы игеру үшін кен барлау жұмыстарында, көмір-сутегі шикізатын өндіру мен өңдеу, оны тасымалдау салаларында аса бай тәжірибесі бар дүние жүзінің ірі мұнай компанияларымен кең ынтымақтастықтың қажеттігін түсіндім. Әлі Қазақстан өз тәуелсіздігін алып болмаған кездің өзінде әлемдік мұнай өнеркәсібі алыптарымен келіссөздер жүргізе бастадым.

Иә, алғашқы кезде қиын болды. Бізде шет елдермен келіссөздер жүргізу тәжірибесі болмады. Турасын айтқанда, мұның бәрін келіссөздер уақытында үйрендік. Мен әрдайым өзіме-өзім: «Бұл келісім халықаралық стандарттарға сай келе ме? Келешекте ол Қазақстанның мүддесіне кесірін тигізбей ме?» деген сұрақтар қоюмен болдым. Біздің біліміміз бен беделіміз жеткілікті емес еді. Жаңашыл, тың идеялар мен қиын-қыстау кезеңдерде жұмыс істеу тәжірибесі бар адамдар қажет болды. Өте қиын болды. Шетелдік инвесторларды

тартуға байланысты еліміздің ішінде, сондай-ақ таяу шет елдерде қарсыластарымыз көбейді. Бізді отанына сатқындық жасады, сонымен қатар өз ресурстарын тиімді пайдалана алмай, шетелдік мұнай компанияларына тәуелді болған Нигерияның қайыршылық жағдайына душар етеді деп айыптады. Соған қарамастан, біз жаңа-жаңа аяғын қаз басқан жас республикамыздың әлеуметтік және экономикалық дамуы, сондай-ақ мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігі үшін мұнай-газ саласының маңызды екенін ұғындық. Осыған орай 1992 жылдың өзінде қазақстандық мұнай-газ индустриясын одан әрі дамыту жөніндегі жақсы ойластырылған перспективалық жоспарды жасауға көп күш-жігерімізді жұмсадық.

Әсіресе бұрын-соңды кездеспеген қиындықтар көп болды, алайда басты стратегиялық мақсатқа – мұнай өндірудің деңгейін арттыруға қалай болғанда да жеттік. Егер де Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі жылдық мұнай өндірудің деңгейі 1991 жылғы 25 миллионнан 1994 жылы 20 миллионға дейін төмендесе, ал одан соңғы жылдары оның жедел өсуі байқалды.

Атырау облысында сонау Кеңес Одағы тұсында-ақ мөлшері 1 миллиард тоннаға жуық мұнай қоры барланған 75-тен астам кен орны табылған еді. Тәуелсіздік жылдары біз солардың мөлшері 846 млн тоннадай қоры бар 39 кенішін игердік. Бұдан басқа 7 кен орнында дайындық жұмыстары жүргізілді. Ал тағы да 25 кеніш барлауға дейінгі жұмыс кезеңінде болды.

*«Ең ірі кен орындарынан мына төмендегілерді атап өтуге болады:*

*1. Қашаған (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры 1 млрд 648 млн тонна, газ – 969 млрд текше метр);*

2. Теңіз (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры 237,3 млн тонна, газ – 687,3 млрд текше метр);

3. Қарашығанақ (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры 1 млрд 318,7 млн тонна, газ – 684,4 млрд текше метр)».

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық ресурстар  
министрлігі**

Қазақстан тәуелсіздік алумен бірге орасан зор проблемаларға, соның ішінде тәуелсіз Қазақстан экономикасын алға сүйреуші – мұнай өндірісі саласына инвесторлар тарту мәселесіне тап болды.

Біздің алдымызда Каспийдің шикізат байлығы үшін Мәскеумен арада ұзақ күреске төтеп беру міндеті тұрды. Ресейдің мұнайшыл жақтастары Ельцинді Теңіз кен орнын Ресей меншігіне алуға итермелеп, қатты қысым көрсетті. Міне, осыған байланысты Ельцинмен арада көптеген қолайсыз әңгімелер болды.

Бірде Мәскеуде Ельцинмен болған кездесуде ол маған: «Теңізді Ресейге беріңдер», деді. Мен бетіне қарадым, байқаймын, қалжыңдап тұрған жоқ. «Жә, егер де Ресей бізге Орынбор облысын берсе, өйткені Орынбор Қазақстанның астанасы болды ғой» деп жауап қаттым. Ол: «Сіздің Ресейге жер жайында айтатын дауыңыз бар ма еді?» деді. «Ә, жоқ», дедім. Ол күліп жіберді, мен де күлдім.

Ресейде мұндай күрделі кен орнын игеру үшін қаржы мен технология жоқ болатын. Егер де сол кезде Теңіз ресейліктердің иелігінде қалса, олар бұл кен орнын жауып қойып, Қазақстан экономикалық жағынан кіріптар болып қалатын еді.

Республикамыздың бүкіл мұнай саласының одан әрі дамуына ықпал еткен Қазақстанның алғашқы елеулі табысы

оның «Шеврон» компаниясымен жасасқан келісімшарты болды. Бұл келісімшарт барлық кейінгі келген инвесторлар үшін белгі болды. Ол, шын мәнінде, біздің экономикалық тәуелсіздігімізге негіз қалаған «ғасыр келісімшарты» атанды. Бірақ оған шейін де үздік-создық келіссөздердің талай жылдары тұрған еді, енді сол туралы айтпақпын.

## «ҒАСЫР КЕЛІСІМШАРТЫ»

80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында-ақ «Шеврон» Теңіз кеніші туралы КСРО-мен келіссөздер жүргізген, бірақ КСРО басшылығы мұнай қорын шетелдіктердің игеруіне барынша бөгет болып, жол бермеді. Ресейлік мұнай өнеркәсібінің жақтастары Теңіздегі мұнай қоры туралы білетін, сондықтан Теңіздің басқалардың қолында болуын қаламады.

Сол уақыттың өзінде Теңізде жыл сайын шамамен 3 миллион тонна мұнай өндіретін 60-қа жуық ұңғы жұмыс істеді. Өнім көлемін 15 есе арттырудың мүмкіндігі болды, тек ол үшін орасан зор қаржы мен инновациялық технологияны пайдалану қажет еді. Сол кезеңде Мәскеуде олардың бірі де болмады, сондықтан СОКП Орталық Комитеті шетелдік инвесторларды тарту туралы оймен келісуге мәжбүр болды. Мәселе тек кімді тарту керектігіне тірелді.

Барлық ұсынылған инвесторлардың арасында жапондықтар, ағылшындар мен итальяндықтар болатын, Мәскеу өз таңдауын американдық «Шеврон» компаниясына жасады. «Шевронмен» келісімге қол жетті, сондай-ақ Теңіз кен орнына жұмсалатын инвестициялармен қатар КСРО-ның ішкі рыногын сапалы мұнай өнімдері тауарларымен толтыруға тиісті бірлескен әртүрлі кәсіпорындар құрылатын болды.

Сөз жоқ, бұл таңдау кезінде Мәскеуге күшті ішкі және сыртқы мүдделер тарапынан қысым көрсету болмай қалмаған

еді. Мәскеу орталық биліктің шайқалған негізін нығайту үшін бәріне даяр болды. 1988 жылдың өзінде-ақ КСРО Мұнай және газ өнеркәсібінің министрлігі мен «Шеврон» арасында Королев кен орнын игерумен айналысуға тиіс «Совшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру ниеті туралы хаттамаға қол қойылған. Бұл құжатқа біздің қатысуымызсыз қатаң құпия жағдайда қол қойылды. Бірақ КСРО-ның құлауы мен одақтас республикалардың егемендігін алу үрдісі күш алып келе жатқан, бір жылдан соң Мәскеу бізді американдықтармен болатын келісімдерге тартып қана қоймай, біздің қоятын шарттарымызбен санасатын болды.

1990 жылғы маусымда «Шеврон» басшылығымен алғашқы ресми келіссөздер жүргізілді. Американдық «Шеврон» мұнай компаниясы мен сол уақытта КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі жүйесіне кіретін қазақстандық «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі арасында ниет білдіру туралы Хаттамаға қол қойылды. Осы Хаттамаға сәйкес, «Шеврон» компаниясы Теңіз және Королев кен орындары бойынша техникалық-экономикалық негіздерді дайындауға және «Теңізмұнайгазбен» бірлескен кәсіпорындар құру туралы ықтимал келісімдер жөнінде келіссөздер жүргізуге міндеттенді.

Аталған Хаттамаға қол қойылғаннан кейін мен алғаш рет Америка Құрама Штаттарын аралап, үш аптаға жуық Нью-Йоркте, Вашингтонда және «Шеврон» корпорациясының Калифорния мен Луизиана штаттарындағы кәсіпорындарында болдым.

Сол уақытта мен Мәскеуде Сан-Франциско университетінің профессоры, шығу тегі жағынан корейлік болып келетін американдық Чан Ян Бэнгпен танысқан едім. Соның көмегімен, АҚШ-та болған үш апта уақыт ішінде, мен экономика, қаржы және құқық мәселелері бойынша кәсіби мамандармен әңгімелесіп, біраз нәрсе үйрендім. Бұл әңгімелер АҚШ-тың

экономика және қаржы жүйелерін, инвесторлардың ақша салуына жағдай туғызатын заңдарды егжей-тегжейлі зерделеуге, сондай-ақ инвестициялаудың тетіктерін қарап шығуға мүмкіндік берді.

Осы «теориялық» сабақтарға, іс жүзінде сол «Шевронның» өзі де нақты мысал болды. Бұл күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жаңа сабақ алуымның жақсы бастамасы еді.

Бүгінде доктор Ч. Бэнг білімнің қазіргі заманғы барлық талаптарына жауап беретін, еліміздегі ең үздік жоғары оқу орны – ҚМЭБИ-ге басшылық етуде.

1991 жылдың бірінші тоқсаны аяғында «Шеврон» компаниясы мен «Теңізмұнайгаз» бірлескен кәсіпорындар құру туралы келісім жобасы мен алдын-ала жасалатын техникалық-экономикалық негіздемені дайын етті. Бұл ТЭН мен жобаны КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің сарапшылар тобы қарастырып, бекітуі керек болатын. Алайда техникалық қана емес, басқа да қиындықтар туындады.

1989–1990 жылдары КСРО-дағы саяси жағдай күрт нашарлап кеткені белгілі. 1991 жылдың жазында Борис Ельцин өз кандидатурасын Ресей Президенттігіне ұсынып, бұрынғы Бас хатшы, ол кезде Президент М. Горбачевпен және СОКП басшылығымен ашық жанжалда болды. Бір жағынан Ельцин Егор Гайдар секілді өз жақтастарының көмегімен «Шеврон» мен «Теңізмұнайгаз» арасындағы бірлескен кәсіпорынды елдің мүддесіне жауап бермейді деп сынға алды. Гайдар келісімге тікелей өз сараптауын жүргізді. Теңіз мұнай кен орны мәселесін шешудің орнына оны саяси ойынға айналдырды. Осы дүрбелеңнің нағыз қызған шағында тағы да үшінші бір комиссия құрылды, ол да ұсынылған келісімшарттарын сынап шықты.

1991 жылдың ортасына таман жобаның ілгері баспайтыны түсінікті болды. Бұл кезеңде біз батыл қимылдарға көштік. М. Горбачевтың кезінде Президенттік Кеңестің мүшесі ретінде



мен келіссөздерді жүргізу жөнінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне өкілеттік берілуіне Мәскеуді көндірдім де: Қазақстан үкіметі неғұрлым тиімді шарттарға жетеді, – деп сендірдім. Кеңестік басшылық бұған келісті. 1991 жылдың 23 шілдесінде Мәскеудегі Қазақ КСР-інің Тұрақты өкілеттігінде «Шеврон» өкілдеріне келіссөздерде жоба бойынша жаңа шарттар талқыланатынын хабарладым.

Мұның алдындағы түннің жарымынан астамын Горбачевпен және басқа да одақтас республикалардың лидерлерімен жаңа одақтық келісімшарттар жөніндегі келіссөздермен өткізгенбіз. Тура бір аптадан кейін мен Горбачевпен және Ельцинмен кездестім. Ондағы ойым – жанжалдасқан екі жақты татуластыру және ұсынылған одақтық келісімшартты түпкілікті қалыпқа келтіруге тырысу болатын. Одан келесі күні ядролық қауіпті қысқарту жөніндегі «Старт-2» келісімшартына қол қою үшін Мәскеуге келген АҚШ Президенті үлкен Джордж Бушпен кездестім. Біз «Шеврон» мен «Теңізмұнайгаз» арасындағы келіссөздердің барысын бүге-шігесіне дейін талқыладық, ол жобаға қолдау көрсетуге келісті.

АҚШ Президенті келіссөздер кезінде М.С. Горбачевтың не айтқанын білгісі келді. Мен оған кен орнының барлық қиындықтары, мысалы, соның ішінде құрамында күкірттің жоғары болуына және тағы басқа жағдайларға байланысты технологиялық тасымалдың жоқтығы туралы егжей-тегжейлі айттым. Ол разы болып қалды. Әлі есімде, менен Джордж Буш: «Сіздің біліміңіз мұнайшылық емес пе?» деп сұраған. Мен оған: «Жоқ, мен металлургпін, бірақ өмір экономиканың барлық саласын түсініп білуге мәжбүр етеді» деп жауап бергенмін. 2006 жылы үлкен Дж. Буштың үйінде қонақта болғанымда, ол осы жайды еске түсіріп, мені содан бері білетінін айтты.

Бұл Қазақстан үшін қиын кезеңде қабылданған дұрыс шешім болды. Үш аптадан соң, КСРО мемлекет ретінде өмір сүруден қалды. Одақ құлағаннан кейін Теңіз жөніндегі барлық

келіссөздерді халықаралық құқықтың дербес нысаны ретінде жүргіздік. Дегенмен, келісімдер бойынша бірден келіспеушілік пайда болды.

Мен бұл арада келіссөздерді терең талдап зерделеуім қажет болғанын айтуға тиіспін. Мұндай сәттерде мәселенің мәнісін түбегейлі анықтап білу басты күшке айналды. Біз келіссөздер кезінде Қазақстанның болашақ тағдыры шешілетінін түсіндік. Әңгімені байыпты есептер мен бұлтартпас дәлелдерге негіздей отырып, төмендегідей мағынада жүргізу талап етілді.

Біріншіден, Теңіз кенішінде атқарылған істерді қалай бағалау керек? «Шеврон» жұмсалған шығындарды бізге өте тиімді рубль бағамы бойынша (жайшылықтағы есеп айырысу кезіндегіден 35% кем) есептеуді ұсынды. Алайда мұндай алдаусыратқан ұсыныстарға көнуге болмайтын еді, өйткені ол уақытта Теңіздегі тек жаңа қондырғылар құнының өзі 850 млн АҚШ долларына бағаланған, оның үстіне кенішті жұмысқа бейімдеп абаттандыруға 1,5 млрд рубль шамасында шығындалған болатынбыз. Нәтижесінде біз жұмсалған қаржыны дербестік жолымен бағалауды ұсындық.

Екіншіден, жобаны инвестициялау схемасы сұрақтар туындатты. Несиелерді кім алуы керек? Жобаны қаржыландыру қалай жүзеге асырылады? Біз «Шевронның» тек бірлескен кәсіпорындарды құруға қатысып қана қоймай, оған тікелей және қомақты түрде атсалысуын талап еттік.

Үшіншіден, біз Теңізді барлау мен игеруге әуелгіде бөлінген аумақтарға қарсы болдық. «Шеврон» 23 мың шаршы километр аумақ қажет дегенді айтты, ал мұны қазіргі Атырау облысының аумағымен салыстыратын болсақ, оның өзі небәрі 118,6 мың шаршы километр ғана еді. Бұл біз үшін тиімсіз болды. Біз 2 мың шаршы километр болсын дедік.

Төртіншіден, біз пайдадан алынатын американдықтардың үлесін 13%-ға дейін, ал қазақстандықтардікін 87% мөл-

шерінде белгілеуді ұсындық, сонымен қоса бірлескен кәсіпорындағы американдықтарда – 38%, КСРО-нікі – 62% болған одақтық үлесті қайта қарау қажеттігін айттық.

Бесіншіден, роялти (табиғи ресурсты пайдалану құқығынан алынатын төлемдер) мөлшері. «Шеврон» 7%-ға тоқтауды ұсынды, бүкіл әлемде роялти жобадан түсетін пайдаға байланысты орташа есеппен 17% шамасында болатын.

Алтыншыдан, саяси тәуекелдік деңгейі. Американдықтар оны Латын Америкасы мен Африкадағы инвестициялық тәуекелден бірнеше есе жоғары бағалады.

Жетіншіден, біз жер пайдалану үшін ақыны өсіруді, сондай-ақ бонустар мөлшерін 50 млн АҚШ долларынан 100 млн АҚШ долларына дейін өсіруді ұсындық. Және де жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленетін ақыны 10 млрд АҚШ долларынан 25 млрд АҚШ долларына дейін өсіру ұсынылды. Келіспеушілікті тудырған жалпы соманың мөлшері 17 млрд АҚШ долларына жуық болды.

Нәтижесінде осының бәрі келіссөздерді тығырыққа әкеп тіреді. «Шеврон» біздің негізгі талаптарымыз бойынша айтылғандарға көнгісі келмеді. Бірақ біз оқиғаның осылайша өрбуіне дайын едік. Біз қолайлы сәтті пайдаланып, тәуекелге бел байладық. 1992 жылғы наурыздың аяғында қазақстандық жақ, егер де «Шеврон» айтқанға көнгісі келмесе, онда олармен келіссөздерді тоқтатуға және Теңіз кен орнын игеру жөнінде халықаралық конкурс жариялауға мәжбүр екенін жариялады. Бізде әлі мұндай конкурстар жүргізу үшін заңдар жоқ болса да солай еттік.

Алайда мен ымыраға келу табысқа жетудің маңызды шарты екенін түсіндім. «Шеврон» да ымыраға келгісі келетінін біз білдік. Алдымен біз мұндай ымыраға келмес бұрын, өз елімізге зиян келтірмей, көнуге мүмкін болатындай шекті нақтылап айқындадық. Бұл есебіміз

дұрыс болды, біраз уақыттан соң «Шеврон» біздің шартқа көнді. Әрине, кішігірім мәселелерде біздің де олармен келісуімізге тура келді. Мысалы, Теңіз мұнайын барлау мен игеруде жер мөлшері 2 мың шаршы километрден 4 мың шаршы километрге дейін ұлғайтылды.

1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы арасында «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі ынтымақтастық принциптері туралы Хаттамаға қол қойылды, соған сәйкес «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны 1993 жылдың 1 қаңтарынан Теңіз және Королев кен орындарын одан әрі игеруге кірісетін болды.

Сонан кейін, мен 1992 жылдың мамыр айы аяғында АҚШ Президенті үлкен Джордж Буштың шақыруы бойынша Америка Құрама Штаттарына тұңғыш ресми сапармен бардым. Сапар барысында АҚШ Президенті Дж. Бушпен, Мемлекеттік хатшы Дж. Бейкермен, Қорғаныс министрі Р. Чейнимен, Қаржы министрі Н. Брейдимен, Ауыл шаруашылығы министрі Э. Мэндиганмен, АҚШ Конгресінің сенаторларымен, «Шеврон» корпорациясының директор-басқарушысы К. Деррмен кездесулер болды. Менің өмірлік тәжірибем көрсеткендей, келіссөздердің әу басында-ақ әріптестермен жекелеген, достық әрі сенімділік қатынастар орната білу өте маңызды. АҚШ-қа барған алғашқы сапарымыздың барысында біз солай істедік.

Осы сапар кезінде біз екіжақты келісімдерге, соның ішінде сарапшылар «ғасыр келісімшарты» деп атаған, Қазақстанның Теңіз және Королев мұнай кен орындарын игеру жөніндегі «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны туралы құрылтайлық келісімге қол қойдық. 1993 жылдың 6 сәуірінде Алматыдағы «Достық үйінде» мен және «Шеврон» корпорациясының директор-басқарушысы Кеннет Дерр екеуміздің қатысуымызбен болашақ келісімшарттың негізгі параметрлері ескерілген,

«Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы Келісімге қол қойылды. Сол күні мен «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының қызметі туралы» Жарлыққа қол қойдым.

Әлемдік ақпараттар агенттіктерінің арналары бойынша төмендегідей мәліметтер таратылды: «Келісімшартқа сәйкес бірлескен кәсіпорындағы үлестер мынадай болып бөлінді: Қазақстан – 50% және «Шеврон» – 50%. Американдық жақ кен орнының құрылысы мен оны абаттандыру бойынша барлық шығындарды өзіне алды. Бекітілген келісімшарттың пайдалану мерзімі – 40 жыл. Бірлескен қызмет алаңы – 4 мың шаршы километр. Бірінші кезектегі қаржы салымы – 1,5 млрд АҚШ доллары. Инвестицияның жалпы көлемі – 20 млрд АҚШ доллары. Негізгі мұнай үлесі экспортқа шығарылады. Төрт онжылдықта, салықтар мен роялти есепке алына отырып, жалпы кірістер 210 млрд АҚШ доллары шамасында, ал шығындар – 83 млрд АҚШ доллары шамасында болады, сонда болжанған кірістердің 80%-ы Қазақстанға қалады. Осы төрт онжылдықта Теңізде – 775 млн тонна мұнай, 32 млн тонна пропан, 55 млн тонна жеңіл көмір-сутегін, 96 млн күкірт өндіру жоспарлануда».

Келісімшартқа қол қойыла салысымен-ақ, сын дегеніңіз қарша борады. Америкалық басылымдар «Шевронды» бұл жобаға тәуекел етіп барғаны үшін, ал ресейліктер бізді американдықтарға сатылып кеткеніміз үшін сынады.

Алайда бұл сындардың бәрі негізсіз еді. Қазақстан мен «Шеврон» бұлайша тәуекелге барудың қауіптілігіне және келешектің соншалықты айқын еместігіне қарамастан, тыңнан жол салушылар, американдықтар айтқандай, пионерлер болды, есесіне келер жылдары біздің еңбегіміз толықтай ақталды.

Тек өткен 2005 жылдың қорытындысы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС 13 млн 657 мың тонна мұнай өндірді. Кәсіпорын мұнайға қоса жолай 4 млрд 67 млн текше метр газ алды. Бұдан басқа, 2007 жылы «Теңізшевройл» ЖШС

екінші кезектегі құрылыс объектілерін – жаңа газ өңдеу зауыты мен жер қыртысына қажетсіз газды кері айдайтын, сөйтіп ұңғылардың пайдалану тиімділігін арттыратын жүйелер салуды жоспарлауда. Бұл бізге айына шамамен миллион тонна мұнай өндіруді ұлғайтуға жағдай туғызады. Екінші кезектегі объектілер аяқталғаннан кейін кәсіпорынның бүкіл қуатының өсуі жылына 11 - 12 млн тонна көмірсутегін құрайды. Нысандар толықтай қуатымен жұмыс істегеннен кейін, Теңіз кен орнындағы өндіруді жылына 25 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Өткенге көз жібере отырып, жас республика мен «Шеврон» арасындағы ынтымақтастық біздің еліміз үшін инвестициялық тәуекел деңгейін айтарлықтай азайтты деп айтуымыз керек. «Ғасыр келісімшарты» сол бір уақытта, тек енді ғана Қазақстанға инвестиция салу туралы ойлана бастаған басқа ірі мұнай компанияларына берілген жақсы нышан болды. Алайда шетел инвестициясын одан әрі тартуда бір ғана «Шеврон» өнегесі жеткіліксіз болды. Қазақстанға инвестиция салу үшін компанияларға заңды кепілдік керек болды. Біз мұндай кепілдікті тек екі жылдан кейін, Президенттің «Мұнай туралы» Заңы қабылданған соң барып қана бере алдық.

## «МҰНАЙ ТУРАЛЫ» ЗАН, 1995 ЖЫЛ

Біздің мемлекетіміздің алғашқы даму кезеңінде-ақ қажетті заңдық базаның болмауына байланысты проблемалармен жиі кездесіп қалып отырдық. Ол, сірә, мемлекетіміздің сан алуан бағыттарына қатысты болса керек. Бұл жағдайда әсіресе дайындықсыз екендігіміз экономиканың түйінді салаларының бірі – жер қойнауын пайдалануда айқын сезілді.

Кеңес уақытында бәрі мемлекеттің меншігінде болды, соған сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты қандай да бір маңызды мәселелерді ресімдеу қажеттігі

болмады. Кәсіпорын кен барлау немесе кен орнын игеру жұмыстарын жүргізу үшін Мұнай және газ министрлігінің шешімі бойынша арнайы жер бөлінгеннен кейін ғана барып, тиісті мұнай операцияларын бастайтын. Сайып келгенде, мемлекетпен арадағы кәсіпорындардың немесе жер қойнауын пайдаланушылардың мүддесі ескерілетін әртүрлі құқықтық қатынастардың мәні болмады. Ол уақыттағы іс жүзінде қолданылып жүрген заңдылықтармен, негізінен, өзара қарым-қатынастың техникалық жағы ғана реттелді.

Тәжірибе көрсеткендей, мұнай операцияларын реттеуші Заңның болмауы республиканы инвестициялауға кедергі келтіретін қолайсыз фактор болды. Инвесторлардың қатысуымен еліміздің минералдық шикізат ресурстарын игеру үшін тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде кен орындарында өз қызметін жүзеге асыратын, отандық кәсіпорындар мен шетелдік әріптестер арасында бірлескен кәсіпорындарды құру тәжірибесі пайдаланылды. Ынтымақтастықтың негізі Қазақстан Республикасы аумақтарында бірлескен кәсіпорындарды құру туралы келісімшарт болды. Жер қойнауын пайдалану құқығына, қорыта келгенде, қазақстандық кәсіпорындар ие болды. Ал шетелдік әріптестер, бірлескен кәсіпорындар құрамына ене отырып, жер қойнауын пайдалану құқығын бірлесіп иемденушілерге айналды. Шетелдік инвестицияларды тартудың мұндай түрі іс жүзінде ТМД-ның барлық аумақтарында кең қанат жайды.

Қаржы салуға ниет білдірген шетелдік инвесторлар, әрине, неғұрлым салмақты кепілдіктер алғысы келеді. Мұндай кепілдіктер беретін заңның болмауынан, әрбір келісімшарттың Парламентте бекітілуі немесе олардың ел Президенті Жарлығымен бекітілуі тиіс болды. Әрбір келісімшарт үшін менің жеке өзіме жауапкершілік алуыма тура келді. Соған сәйкес, ұзақ жылдарға арналған жобаны жүзеге асыру кезеңінде келісімшарттарға қажет болған өзгертулер

мен толықтырулардың тек Президент Жарлығымен енгізілуі керек-тін. Демек, халықаралық деңгейде заңдық базасы жоқ мұндай қолапайсыз тәртіп мұнай-газ саласына шетелдік инвестицияларды кеңінен тартуда қол байлау болып шықты.

1994 жылдың ортасына қарай менің тапсыруым бойынша Үкімет «Мұнай туралы» заң жобасын жасау жөнінде жұмыс бастады. Отын және энергетика ресурстары министрлігінің басшылық етуімен жұмыс тобы құрылып, оған түрлі мемлекеттік органдар, ғылым, заң және қаржы институттары, өндіріс өкілдері және басқалар кірді. Жұмыс тобы өз қызметінің бастапқы кезеңінде үлкен қиындықтарға тап болды; өйткені олар мемлекет мүддесін тиімді қорғайтын және шетел инвесторлары қабылдайтын осы заманғы заң жобаларын жасауға тиісті болды. Бәрінен қиыны қалыптасып қалған менталитетті жеңіп шығу болды. Қоғам ондаған жылдар бойы өзінің еңбек қызметін жаппай мемлекеттік меншік негізінде жүзеге асырып келген. Енді жеке меншік секілді ұғымға үйреніп, тек мемлекет мүддесін ғана емес, сонымен бірге жекелеген инвестордың мүддесін де қорғайтын заңды дайындау қажет болды.

Бұған қоса Заң Үкіметтің, түрлі кәсіпорындардың, адам топтарының, шетелдік инвесторлардың мүдделері нақты тоғысатын ел экономикасының маңызды бір саласындағы өзара қатынастардың құқықтық негіздерін тағайындайтын болғандықтан, ол Жоғарғы Кеңесте ұзақ талқылаудың мәселесіне айналды.

Ал, сондай заң жобасының түпкілікті нұсқасы дайын болған кезде Жоғарғы Кеңес таратылып жіберілген болатын. Сондықтан экономикалық реформаларға негіз қалаған 140 маңызды заңдардың бірі – «Мұнай туралы» Заңды Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 маусымдағы № 2350 заңдық күші бар Жарлығымен мен қабылдадым. Сонымен, осы Жарлықтың арқасында біз қазақстандық мұнайды игеру тарихының жаңа тарауын бастадық.



Жер қойнауындағы мұнай мемлекеттік меншік болып табылатыны заңмен бекітілді, ал жер бетіне шығарғаннан кейін оның кімге тиесілі екені Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған құқықтық актілермен айқындалатын болды. Заң біздің елімізде мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі шарттардың бірнеше түрін қарастырды. Олар: салықтар мен роялти (табиғи ресурсты пайдалану құқығынан алынатын төлемдерді) төлеуге негізделген концессиялық шарт, өнімді бөлісу туралы келісім, қызмет көрсету жөніндегі шарттар еді. Заңға сәйкес, кен барлау жұмыстарын жүргізген кездегі қаржылық тәуекелдік инвесторға жүктелді. Мысалы, барлау кезінде мұнай көзі табылмаса, инвестордың жұмсаған қаржысы өтелмейді. Сонымен қатар, инвестор үшін келісімшарттарда геологиялық-барлау жұмыстарының ең төмен көлемі көрсетілетін болды, ал оның нақты көлемі мен ақшалай мөлшерін тиісті мемлекеттік орган тағайындайтын болды. Барлау мерзімі біткен кезде шарт орындалмай қалған жағдайда, инвестор ең төмен деңгейдегі жұмыс көлемінің шартты көрсетілген бағалау құнының пайдаланылмаған сомасын мемлекеттік бюджетке төлеуі керек.

Заң келісімшарттар бойынша инвесторлар үшін мемлекетке де жеткілікті кепілдіктер жүктейтін міндеттемелер тағайындады, сондықтан олар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен жер қойнауын пайдалану туралы келісімдердің бекітілуін енді қайтып сұрамайды. Заңның қабылдануы, басқа посткеңестік елдермен салыстырғанда, Қазақстанның «елдік тәуекелдігін» айтарлықтай азайтты. Заң жүзінде бекітілген «ойын ережесі» қолдарында болғандықтан, келісімшарттарға қол қоюға қатысушылар мүддесіне қандай да бір нұқсан келтірілмейтінін сезінген шетелдік мұнай алыптары қазақстандық кен орындарын игеруді батыл инвестициялауға алаңсыз кірісе алатын болды.

«Мұнай туралы» Заң еліміздің экономикалық игілігін нығайту ісінде өзінің тарихи рөлін атқарды. Осы заңның арқасында жер қойнауын пайдалану саласындағы біздің елдің саясаты анағұрлым айқын әрі алдын ала ойластырылған іс болды. Біздің беделіміз бен атақ-абыройымыз жылдан-жылға өсіп нығая түсті. Елімізге шетелдің мұнай алыптары бірінен соң бірі келе бастады.

*«Қазақстан мұнай ресурстарын тиімді пайдаланып қалу үшін өзінің алдында қандай зор мүмкіндіктер тұрғанын шын мәнінде жақсы түсінеді.*

*...Мұнай ресурстары тиімді пайдаланылуы керек, олар экономикалық даму бағдарламасына интеграциялануы тиіс. Мен Қазақстанның шын мәнінде нақ сол бағытта ілгері басып бара жатқанына сенемін».*

**Perseus LLC вице-президенті Р. Холбруктің  
Евразия медиа-форумындағы сөйлеген  
сөзінен, Алматы, 2004 жылғы 24 сәуір**

Қазір жұрттың көбі мұны өз-өзінен бола қалатын факт деп есептейді. Ал сол кезде біз мұндай күрделі шешімдерді қоғамның ала-құла қабылдайтынын білдік. Сол кезеңде көп адамдар бізді отанына және жас ұрпақтың болашағына сатқындық жасады деп кінәлады. Алайда біз олармен құр босқа тәжікелесіп жатпай, шетелдік инвесторларға қатысты мемлекеттік кепілдіктерді нақты айқындамақ болдық. Бізде мұнай ресурстарын игеру үшін капитал, әсіресе осы заманғы технология болмады. Қазақстанда ұзақ мерзімді және пайдалы бизнес жасауға әзір тұрған шетелдік мұнай компанияларымен әріптес ретінде жұмыс істедік.

Қабылданған Заң мұнай саласының одан әрі дамуына тірек және түрткі болды. Алайда құрлықтағы кен орындарын игеру мәселелері бойынша республика деңгейінде заңды

кепілдіктер бергенімізбен, теңізде көмір-сутегін барлау мен өндіру мәселелерінде тек қазақстандық заңдық актілерді қабылдап қана қоймай, мемлекетаралық келісімдерге де қол қоюымыз талап етілді.

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Каспий теңізін пайдалану құқығының айқын еместігі әу бастан-ақ Каспий шельфінде мұнай-газ индустриясының дамуына өзінше бір тежеу болды. Осындай айқын еместіктен барып бірқатар компаниялар қолайлы күндердің тууын күтіп, Каспий теңізіне өзінің қатысын тек «нобайлап» қана қойды.

Әрине, Каспийдің құқықтық мәртебесі жөніндегі бұлдырлықтан қалыптасқан геосаяси және экономикалық ахуал бізді қанағаттандырмады. Тарихи жағынан жағдай былай қалыптасқан-ды: геостратегиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды саналатын бұл айдын 1991 жылға дейін тек Кеңес Одағы мен Иранның арасындағы өзара қарым-қатынастың ғана мәселесі болып келді. КСРО тарағаннан кейін бұл аймақтағы ахуал тіпті шиеленісе түсті. Бұл мәселеге енді бес бірдей тәуелсіз мемлекет – Әзірбайжан, Ресей, Иран, Түрікменстан және Қазақстан араласты. Ал мұның өзі Каспий аймағындағы барлық елдердің ұстанымдары ескерілетіндей және уақыт талабына жауап беретіндей етіп Каспий теңізінің мәртебесін қайта қарап, айқындауды талап етті.

Сондай-ақ мәселенің зәрулігін күшейте түскен бір себеп: 1992–1993 жылдардағы жағдайдың қиындығына байланысты Каспий өңіріндегі елдердің барлығы да Каспийдің бай ресурстарын игеру өздеріндегі экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайды айтарлықтай жақсартуға көмектеседі деп есептеді. Алайда өзара шектескен ұлттық секторлардағы Каспий теңізінің құқықтық режимін нақты айқындап алмайынша, барлау мен бұрғылау жұмыстарын

бастау, шетел инвесторларын барынша көп және тарту толымды түрде мүмкін емес еді.

Келешекте Каспий теңізінің көмір-сутегі ресурстары Солтүстік теңіз, Мексика бұғазы және басқалар секілді ірі мұнайлы аймақтармен бәсекелесе алатыны түсінікті болды. Міне, осыған байланысты Каспий теңізінің проблемасы әу бастан-ақ аймақтық көлемнен асып, әлемдік маңызға ие бола бастады.

Сондықтан КСРО тарап, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, біздің сыртқы саясат ведомствомыз бен Каспий өңірі елдері арасында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы келіссөздер жүргізіле бастады. Бұл менің ерекше назарымда болған аса маңызды мәселелердің бірі еді. Біз өзіміз үшін басты міндетті айқындап алдық: Каспийдің қазақстандық секторындағы табиғи байлықтарды игеру жөнінде Қазақстанның Каспий өңіріндегі барлық мемлекеттер мен әлемдік қауымдастық мойындаған, заңдастырылған өзіндік құқығы болуы керек.

Маған өздерінің күштілігін сезінген және үлкенірек үлестерден дәмесі бар ұлы мемлекеттердің басшыларымен қиын келіссөздер жүргізуге тура келді. Мен жеке өзіме қатысты жайларда басқаларға есе беруім мүмкін екенін әрдайым ашық айтамын. Ал егер мәселе халық пен елге қатысты болса, онда мен екі жақты бірдей қанағаттандыратын балама шешімдерді іздеп табуды ұсынатынмын.

Каспий мәртебесі жөніндегі келіссөздерде де дәл солай болды.

Алайда біздің белсенді әрекеттерімізге қарамастан, Каспий өңіріндегі мемлекеттер өкілдерінің алғашқы кездесуі тек 1994 жылдың қазанында ғана Мәскеуде болды. Онда Иран Каспийлік мемлекеттердің аймақтық ынтымақтастық ұйымын құру идеясын алға тартты. Ал қазақстандық делегация «бестіктің» ішінде бірінші болып Каспий теңізінің

құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның жобасын ұсынды, бірақ та, «уақыттың жеткіліксіздігінен» ол егжей-тегжейлі қарастырылмады.

Дегенмен, бұл бірінші кездесу болды, мұның өзі сонысымен елеулі еді. Келіссөздер үрдісі ақыры «қимылсыз нүктеден» ілгері жылжыды. Кейінде, 1995 жылдың мамырында, Алматыда тағы бір кездесу өтті, онда біз келіссөздер үрдісін күшейтіп, оған неғұрлым ұйымдасқан сипат беруге жеттік.

Келіссөздер өте қиын жүрді. Ол негізінен Каспий өңірі елдерінің Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеудегі бастапқы көзқарастарының әртүрлілігімен ерекшеленді. Бұл арада мен жағалаудағы мемлекеттердің Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы ұстанымдарының даму барысын біршама былайша бейнелеп айтсам деймін.

Қазақстан ұстанымы негізінен Каспийдің біртұтас экологиялық жүйе ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, оған Біріккен Ұлттар Ұйымының 1982 жылғы Конвенциясының жекелеген ережелерін қолдану мәселесіне байланысты болды. Теңіздің түбі мен ондағы ресурстарды аралық сызықтар бойынша межелеу ұсынылды. Су айдынында келісілген ендіктерде теңіз аумақтары мен балық аулау аймақтарын белгілеу қажет дедік. Теңіздің қалған бөлігі мен беткі айдыны жағалаудағы мемлекеттердің сауда кемелері, сондай-ақ еркін кеме қатынасы және балық аулаудың келісілген квотасы негізінде балық аулау үшін ашық болуы тиіс еді. Құрлықтың ішкері жағындағы каспийлік мемлекеттер барлық көлік құралдарымен басқа теңіздерге және Дүниежүзі мұхиттарына шығу үшін Ресей мен Иран аумақтары арқылы транзиттің еркіндігін пайдалануы керек болды.

Ресей Каспийді бірлесіп иемдену негізінде пайдаланылатын жалпыға ортақ теңіз деп есептеді: демек, бұл ұстаным Каспийдің түбіндегі табиғи ресурстармен қоса, табиғат байлықтарының барлық түріне таралуы тиіс деді.

Каспий өңіріндегі әрбір мемлекет, әуелдегі ресейлік ұстаным шеңберінде, тек 10 мильдік жағалауда және осы шектерде ғана теңіз түбінің минералдық ресурстарын барлау мен игеру мақсатында ғана айрықша құқықтарға ие болатын еді. Ал енді бұл аймақтардан тысқары ресурстарға келсек, ресейлік нұсқа бойынша, олар бірлесіп иемденуге жатуы және жағалаудағы бес мемлекет өкілдерінен Каспийдің түбі жөнінде арнайы құрылған Комитеттің басқаруына берілуі тиіс болды.

Ресей 1921 жылдың 26 ақпанындағы РКФСР мен Иран (Парсы) арасындағы, 1940 жылдың 25 наурызындағы КСРО мен Иран арасындағы Келісімшарттармен бекітілген Каспийдің құқықтық режимінің қатаң сақталуы қажеттігін әрдайым баса көрсетіп отырды. Ресей жағы Каспий теңізіне 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Конвенциясының қолданылуы Волга-Дон және Волга-Балтық каналдарын халықаралық су жолдары ретінде мойындауға апарып соғатынын дұрыс атап көрсетті. Сонымен бірге Ресей бұл оның заңдарына қайшы келетінін, сондай-ақ Каспий теңізін басқа мемлекеттер үшін ашық етіп қалдыратынын, оның Каспийдегі ресейлік мүддеге сәйкес келмейтінін мәлімдеді.

Ресейлік тұжырымдаманың жүзеге асырылуы жағалаулық мемлекеттердің теңіз түбіне жақын аумақтарының басым бөлігіндегі жер қойнауын игеруде өздерінің егеменді құқығынан бас тартуын көрсеткен болар еді. Сонымен қатар, мұндай шешім Каспий ресурстарын барлау мен игеру мақсаттарына шетел инвестицияларын тартуды қиындатып, қазіргі бар консорциумдардың жойылуына әкеліп соққан болар еді. Және де, ақыр-соңында, бірлесіп иемдену идеясының жүзеге асуы қиын іс екенін, әлемдік тәжірибеде осыған ұқсас үлгі боларлық оқиға болмағанын атап айтқым келеді. Қазіргі заманғы халықаралық құқық теңіз түбінің ресурстарын мүдделі елдердің арасында бөлісу жолымен келе жатыр.

Мен осының бәрін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне ресейлік көзқарасты өзгерту үшін Ресей Президенті Борис Ельциннің көзін жеткізбек болған кезде айттым. Біздің өзара келіссөзіміздің алғашқы нәтижесінде 1996 жылдың 27 сәуірінде Алматыда Ресей және Қазақстан Президенттері бірлескен мәлімдемелерге қол қойды. Онда екі жақ минералдық және биологиялық ресурстарды игеру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге бір-бірінің құқығын мойындады.

Ақырында, Иран және Әзірбайжан Президенттерімен де осыған ұқсас құжаттарға қол қойылды. Оларда Каспийдің құқықтық мәртебесінің негізгі элементтері мен теңіздегі қызметтерінің қағидалары бекітілді.

1998 жылы 6 шілдеде Б. Ельцин екеуміз Мәскеуде жер қойнауын пайдаланудың егеменді құқығын жүзеге асыру мақсатында Каспийдің солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы Келісімге қол қойды. Бұл келісімнің қағидалы түрдегі жаңаша мәні екі жақтың бірлесіп иелену идеясынан біржола бас тартып, жаңарған аралық сызықтар бойынша Ресей мен Қазақстан арасында Солтүстік Каспийдің түбін бөлісуге уәде байласуында еді. Нәтижесінде 2000 жылдың 13 мамырында Мәскеуде Президент Путинмен жоғарыда аталған Келісімге қосымша болып табылатын және өзгертілген аралық сызықтардың координаттарын белгілейтін Хаттамаға қол қойылды.

Сонымен қатар Әзірбайжан әу бастан-ақ көл айдыны нұсқасын батыл жақтаған болатын. Ондай жағдайда ұлттық секторлардағы теңіздің жер қойнауы мен түбін, беткі айдынын бөліп, сондағы пайда болған межелеу сызықтары мемлекеттік шекара болып табылатын еді. Олар ұсынған нұсқа қатаң бөлу үлгісі деп аталды. Мұндай жағдайда сауда, кеме қатынасы, балық аулау, сондай-ақ экологиялық ынтымақтастық, теңіздің басқадай биоресурстарын тиімді пайдалану және сақтау үшін қалыпты жағдайлармен қамтамасыз етуде елеулі қиындықтар тууы сөзсіз еді.

Міне, осындай ойлардан соң келіп, ресми Баку өз ұстанымын біртіндеп қазақстандық нұсқаға қарай ойыстырды, оған 2001 жылдың 29 қарашасында Әзірбайжан Президенті Г. Әлиев екеуміз қол қойған Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы Каспий теңізінің түбін межелеу туралы Келісім мен оның 2003 жылдың 27 ақпанындағы Хаттамасы жарқын дәлел болды. 2003 жылдың 14 мамырында Алматыда Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында Каспий теңізі түбінің өзара шектесетін телімдерінің межелесу сызықтарының түйісу нүктелері туралы үшжақты Келісімге қол қоюмен Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін межелеу үрдісі аяқталды.

1997 жылдың 27 ақпанында Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязовтың Алматыға келген сапары кезінде мен оны Бірлескен мәлімдеге қол қоюға көндірдім, онда «Каспий теңізінің мәртебесі бойынша Каспий өңірі мемлекеттерінің келісіміне қол жеткенге дейін екі жақ аралық сызықтар жөніндегі әкімшілік-аумақтық шекараларды делимитациялауды ұстанатындығы» жазылды. Сөйтіп, Ашхабад ең басты даулы мәселелер бойынша Қазақстанмен және Әзірбайжанмен ынтымақтастықта болды.

Алайда жоғарыда аталған мемлекеттер арасындағы келісілген ұстанымдарға қарамастан, Каспий өңірінің елі ретінде Иран, әлі күнге дейін Каспий теңізін каспийлік бес мемлекеттің арасында бес тең бөлікке (айдынында 20%-дан) бөлуге көндіргісі келіп жүр. Бұл дегеніңіз қазіргі қолданыстағы шекараларды өзгерткендік болар еді, сөйтіп Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға қол қоюдың мүмкін еместігінің бір себебі болып табылатын еді. Иран іс жүзінде өз аумағын басқа елдердің есебінен ұлғайтқысы келді.

2002 жылдың сәуірінде Ашхабадта каспийлік мемлекеттер басшыларының Саммиті болып өтті. Саммиттің аяқ астынан өткізілуіне Сапармұрат Ниязовтың каспийлік елдер



Президенттерінің Кеңесін құру туралы бастамасы себеп болды. Бұл идея ирандықтар жағынан туындады-ау деп ойлаймын. Ондағы жоба бойынша, Кеңес каспийлік аймақтың түрлі елдерінің ағымдағы мәселелерін шешу мақсатында жылына бір рет мәжіліс өткізуі тиіс еді.

Бұл ұсынысты Әзірбайжан Президенті Гейдар Әлиев үзілді-кесілді қолдамады. Мәжілістер арасындағы үзілістер кезінде ол маған: мұнымен олар мәселені шешпейді, «сөз-бұйдаға» айналдырады, деді. Сонан кейін ол сөз арасында: «сіз бен біз әлемдік қауымдастық эмбарго қолданып отырған Иранмен бір кеңесте болсақ, бұл қалай қабылданар екен?» дегенді де аңғартып өтті. Г. Әлиев ақылды, парасатты, қашанда сабырлы адам еді. Менің жадымда ол туралы әрдайым жылы сезімдер сақталған.

Ұсынысты Қазақстан да қолдамады, өйткені бұл секілді институттарды құру мәселені толық мәнінде шешпейді, тек іс жүзіндегі жан-жақты пікір алмасу тәжірибесін бос сөзбен алмастырады. Каспийлік мемлекеттер басшыларының кезекті бас қосуын, алайда, біз Тегеранда өткізуді жоспарладық.

Каспийлік мемлекеттер басшылары кездесуінің қорытынды құжатына (Декларация) иран-әзірбайжан пікір қайшылығы басты себеп болуына байланысты қол қойылмады. Ираннан басқа каспийлік мемлекеттер басшылары жекелеген келісімдер негізінде өзгертілген аралық сызықтар бойынша ұлттық секторларда Каспий теңізін межелеудің қажеттігін мойындады.

Қалай болғанда да, үрдістің табысты аяқталуы үшін енді негіз қаланды. Ірі геосаяси қақтығыстардың дәуіріне айналған ХХ ғасырдың басында-ақ пайда болған: «Соғыстан әрдайым мұнайдың иісі сезіледі» деген нақылды еске ала отырып, біз барлық каспийлік елдердің күш біріктіруіне одан әрі қарай ұмтылатын боламыз. Бұл күш біріктіру Каспий теңізін достық пен ынтымақтастық теңізі жасауға бағытталатын болады.

Каспийдің мәртебесі секілді мәселені шешу кезінде асығыстық деген болмауы керек. Мен келіссөздер үрдісінде аймақтың барлық бес елінің мүддесі барынша мол ескерілетініне сенімдімін. Өйткені қазір дүние жүзінде интеграциялық қатынастар деңгейінің маңызы артқаны соншалық, экономикалық жаһандану процесі әлемдік нарықта емін-еркін өз үстемдігін жүргізіп, белгілі бір елдердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі рөлін іс жүзінде билеп-төстеудің тетігіне айналды.

Каспийдің қазақстандық шельфінде мұнайдың адам сенбес мол қоры бар екендігі туралы алғашқы хабардан кейін сарапшылар мен талдаушылардың көпшілігі түсінік беруден іркіліп, негізінен күдікті болжамдар жасады. Бүгінгі күні олардың күмәнді болжамдары ақталған жоқ. Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан ірі Қашаған кенішінің ашылуы Каспийдің қазақстандық секторын игерудің бастамасы болды және әлемдегі ірі экспортшылар қатарындағы Қазақстанның әлеуеттік орнын түпкілікті белгілеп берді.

## ӘЛЕМДІК МҰНАЙ КАРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫ

Саясат экономикадан кейін бе, жоқ, әлде, керісінше ме деп ұзақ пікір таластыруға болады. Алайда бүгінгі күні мұнай саясаттың сөзсіз экономикалық қажеттіліктен барып туындайтынын айқындайтын мәселе екеніне жұрттың бәрі де келіседі ғой деп ойлаймын. Ол жай ғана қажеттілік емес, энергиямен қамтамасыз ету мәселелерінің өткір қойылуынан туындайтын қажеттілік.

Барлық болжамдар мен есептеулер бойынша, мұнайға және басқа да энергиялық ресурс түрлеріне деген әлемдік сұраныс тек арта түсетін болады. Мысалы, американ үкіметінің тапсырысы бойынша жүргізілген зерттеулерге қарағанда, егер

АҚШ қазіргі кезде әлемдегі ең ірі мұнай тұтынушы ретінде өзі пайдаланатын жеті мұнай баррелінің алтауын сырттан әкелетін болса, онда 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш сегіз бен он баррель арасында өседі екен. Әлемде сырттан әкелінетін мұнай көлемі жағынан екінші орындағы Қытайдың жоғарғы қарқынмен дамып отырған экономикасы 2030 жылға қарай өз сұранысының 80%-ға дейінгісін шеттен әкелінетін мұнай есебінен жабуға мәжбүр болады.

Қазір экономикалық дамудың жаңа орталықтары, энергия қуаттарына сұранысы арта түскен жаңа аймақтар пайда болуда. Сарапшылардың пікірі бойынша, энергияны тұтынудың ең серпінді көрсеткіші Қытайда, Оңтүстік және Шығыс Азияда, Африка мен Латын Америкасында өсе түсуі керек. Бұл елдердегі мұнай тұтынудың өсуі өз шикізат көздерінің есебінен емес, әлемнің басқадай ресурсты аймақтарынан әкелінетін мұнай шикізатының өсуіне байланысты болмақ. Ал мұның өзі энергия қуаттарына жалпы әлемдік деңгейде сұраныстың арта түсетінін көрсетеді.

Дәл осы жағдайдың, тіпті азырақ дәрежеде десек те, Еуропаға да қатысы бар. Олай дейтініміз, Солтүстік теңіздегі көмір-сутегінің қорлары таусылып келеді, ал саябыр экономикалық өсу жылына 2-3% болғанның өзінде, тіпті табиғи газға көшкен жағдайда да мұнайға сұраныс аз да болса арта түседі. Сонымен бірге 2010 жылдан кейін Еуропада, Солтүстік теңіз бассейнінде көмір-сутегін өндірумен айналысатын өнеркәсіп орындарының құлдырауы айтарлықтай белең алады деп күтілуде.

Сайып келгенде, әлі де кемінде отыз жыл бойына мұнай негізінен әлемдік энергия көзі болып қала береді. Ғаламдық тұрақтылықты сақтау, индустрияландыруды одан әрі жүргізу және техникалық прогресті экономикалық жағынан ынталандыру қажеттілігі тиісті табиғи әлеуеті бар елдер түріндегі жаңа энергия көздерін табандылықпен талап етуде. Энергия

қуаттарына деген сұраныстың шарықтап өсуін тудыратын факторларға: мәселен, қазіргі игеріліп жатқан шикізат көздерінің болашақта таусылып бітуіне, әлемнің мұнайлы аудандарындағы саяси жағдайдың қиындауына, өркендеп дамыған экономиканың өрістей дамыған сұранысы мен ғаламшар тұрғындары санының өсуіне қарағанда, бұл елдердің әлемдік қауымдастыққа кіруіне ештеңе кедергі келтірмейтін секілді. Оның үстіне, олар тіпті бұдан тыс қалғысы келсе де, тіпті сырт қала алмайды. «Қара алтынның» бағасы – тура және жанама мағынасында айтқанда өте биік.

Бұның бәрі интеграцияның болмай қалмайтынын көрсетеді; алайда мұның өзі әрбір ел үшін оның халықаралық еңбек бөлінісінде қандай рөл атқаратыны әлдеқашан алдын ала айқындалып қойған деген сөз емес.

Әрбір ел интеграциялық үрдіске өзінің жинақтаған мүкамалымен кіреді. Ондай мүкамал әртүрлі: ой еңбегі, индустриялық-технологиялық, мәдени және ресурстық әлеуеттер немесе олардың қосындысы. Осы елдердің мүмкіндіктерін ескере отырып, әлемдік нарық белгілі бір мемлекетті қабылдау шартын алға тартады. Әрбір ел өзінше «мүшелік жарна» төлейді, – яғни аталмыш кезеңде экономиканы интеграциялауға қандай үлес қоса алады, соны қосуы керек. Алайда, «мүшелік жарна» төленіп, әлемдік нарықтық қауымдастыққа кіргеннен кейін, ондай ел «мүшелік жарнаның мөлшеріне» қарай әлемдік экономикада өзіне берілген орынмен шектелуі немесе өз диспозициясын түбегейлі өзгертіп, ұлттық шаруашылықтардың мәртебелік жүйесінде бір саты жоғары жылжуға тырысуы мүмкін.

Қазіргі қалыптасқан жағдайда ғаламдық экономика, айталық, Қазақстан үшін интеграцияланған экономикаға қатысуға қажетті «мүшелік жарна» қандай болуы керектігін айқындап қойған. Бұл халықаралық ірі компаниялардың алдынан біздің еліміздің табиғи ресурстарына, негізінен,

көмір-сутегі энергия қуаттары мен түсті металдарына қарай жол ашқандығы еді.

Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ экономикамыздың, дәлірек айтқанда, мұнай-газ секторының дамуына біздің ерекше назар аударуымыз соншама таңданарлық жай емес еді. Өйткені біз үшін мұнай мен газ – бұл тек отын-энергетикалық және стратегиялық ресурс қана емес. Бұл – біз үшін транзиттік кезеңнің күрделілігін түзеуге және Кеңес Одағындағы бірыңғай интеграциялық кеңістіктің тарауынан болған шығындардың орнын толтыруға тезірек көмектесетін алғашқы негіз.

Дегенмен тағы да атап көрсетейін: алғашқы мезгілде халықаралық еңбек бөлінісі үрдісіндегі біздің атқаратын рөліміз ешқандай да үздіксіз болатын жазмыштық нәрсе емес. Әңгіме аталмыш мезгілде біздің транзиттік экономика әлемдік қауымдастыққа нақты не ұсына алатынында болып отыр. Және де шаруашылық қатынастардың деңгейі әзірше бізге әлемдік нарықта белгілі бір орынды иелене отырып, өз мүмкіндіктеріміздің жаңа түрлерін іздеуге әзірше мұрсат бермейтінін ұмытпауға тиіспіз.

Біздің мемлекетте іс жүзінде дамудың шексіз әлеуеттері бар деп айтудан мен қорықпаймын. Бұл әлеуетті пайдаланып, әлемдік аренада лайықты орын алу үшін, тек саяси реформаларды жүргізумен қоса, тұтастай бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет.

Экономиканың алғашқы қалыптасу кезеңінде біз энергия қуаттары мен металдарды сыртқа шығару әлеуетін пайдаландық. Ал дамудың келесі кезеңінде ресурстық-экспорттық әлеуетке арқа сүйей отырып, принципті түрде басқаға негізделген бар экономиканы: жоғары технология мен инновацияны, шикізатты өңдеу мен кәдеге жаратудың дамыған индустриясын құруға ұмтылатын боламыз.

Ал әзірше біз тек экономикамызды дамытудың алғашқы кезеңінің шептерінен өтіп жатырмыз – бұл кезеңде біз әлемдік

нарыққа табиғи шикізаттарды сыртқа шығаруға бағдарланған ел ретінде кіреміз. Бұл енді жалт бұрылып кету көрегендік болмас еді, өйткені бұл кезеңде Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ұсынар кәдесі бар.

Құдайға шүкір, бұл осылай, әлем бізге мүдделі. Қазақстан үшін ендігі мәселе қолдағы бар ресурстарды еліміз бен халқымыздың игілігіне ақылмен пайдалана білуде болып отыр.

Қазақстанның жер қойнауы әлі де көп бөлігі игерілмеген табиғи байлықтарға толы. Кеңес уақытындағы: «Қазақстанның жер қойнауынан Менделеев таблицасының барлық элементтері табылады» деген қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Біз жер қойнауында жасырынған осы мол байлықтың жүзден бір бөлігін де игергеніміз жоқ. Қазіргі кезде біздің еліміз табылған мұнай қорының көлемі жөнінен (Каспий шельфіндегі энергоресурстарды есепке алмағанда) дүние жүзінде 12-ші орында, газ бен газ конденсаты жөнінде – 15-ші орында тұр. Қазақстан үлесіне әлемдегі табылған және барланған мұнай қорының (Каспий шельфіндегі энергия ресурстарын есепке алмағанда) 3-4%-ы тиеді. Ал Қазақстанның құрлықтағы бөлігіндегі көмір-сутегі ресурстары қазіргі мезгілде 2,8 млрд тонна мұнай мен 1,8 трлн текшеметр газға тең.

1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздігіміз жарияланған кезде мұнай мен газдың жеткілікті мол қоры бар екені туралы болжаулар бола тұрып, Қазақстанның жылдық мұнай өндіруі 25 млн тонна, ал газ – 8 млрд текшеметр шамасында болды. Қазір біз, каспийлік шельфтің барланған ресурстарын игеру бағдарламасын орындай отырып, әлемдегі ең ірі көмір-сутегін өндірушілердің бірі болуға қадам басып келеміз. Каспий шельфіндегі қорларды есепке алғандағы Қазақстанның көмір-сутегі ресурстары 12 млрд тонна мұнай-шикізаты және 2-3 трлн шаршы метр табиғи газ мөлшерімен бағаланады, ал қолдағы бар қорларға қосымша,

1,6 млн километрден астам болашақта игерілуге тиісті жер телімдері өз алдына.

*«Қазақстан, 15 миллион тұрғыны бар, Орталық Азия далаларында орасан зор аумақты алып жатқан ел, энергия ресурстарының әлемдік нарығында барған сайын маңызды ойыншыға айналып келеді. Каспий ауданында мұнай шикізатының ең үлкен қоры бар бола тұрып, Қазақстан күнделікті 1,2 миллион баррель өндіреді және осы көлемнен бір миллионды сыртқа шығарады. Ел Үкіметі 2015 жылға қарай күнделікті өндіруді 3,5 миллион баррельге дейін ұлғайтуға, сөйтіп осы көрсеткіштер бойынша Иранды басып озуға үміттенеді. Американдық және ресейлік компаниялар, сондай-ақ осы елдердің үкіметтері Қазақстан мұнайына қол жеткізу үшін күресуде».*

**Питер Бейкер (Peter Baker), «The Washington Post», АҚШ, 29 тамыз 2006 ж.**

Міне, мұның бәрі экономиканың мұнай секторының перспективалары туралы, демек, Қазақстанның әлемдік энергия ресурстары клубында жеткілікті түрде жоғарғы орын алуына қабілеттілігі туралы куәлік етеді. Сайып келгенде, мен таяу болашақта қазақстандық мұнай секторы экономикалық жағы секілді саяси жағынан да маңызды рөл атқарады деп санаймын.

Бүгінде Қазақстанда өндіруші аймақтардан құбырлар жүйесіне дейін көмір-сутегін сыртқа шығаруды одан әрі қамтамасыз етуге қабілетті, мұнай мен газды тасымалдаудың біршама дамытылған инфрақұрылымы бар. Каспийлік құбырлар консорциумы аса маңызды экспорттық құбырлардың бірі болып табылады.

Каспийлік құбырлар консорциумы жалпы ұзындығы 1510 километрлік Теңіз-Новороссийск құбыры құрылысын

салып, пайдалану үшін құрылған болатын. Аталмыш жобаның мақсаты – Ресей мен Батыс Қазақстаннан мұнай шикізатын тасымалдау және оны жаңа теңіз терминалы арқылы Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағалауына шығару.

Консорциумының алғашқы негізін салушылар 1992 жылы Қазақстан үкіметі, Оман сұлтандығы және кейінде Ресей болды. 1996 жылы бізге Каспий теңізінің қазақстандық секторында игеру жұмыстарын жүргізетін бірқатар жеке меншік мұнай компаниялары келіп қосылды. 2001 жылы бірінші кезектегі құбырлар пайдалануға берілді, олардың өткеру қабілеттілігі жылына 28 млн тонна мұнай көлемінде болды. КТК құбырларына мұнай жіберу 2001 жылдың 26 наурызында басталды, осы жылдың қазанында КТК терминалында алғашқы танкерге байқау ретінде мұнай құю іске асырылды.

Теңіз-Новороссийск мұнай құбырын тарту идеясы сонау XX ғасырдың 90-шы жылдарында пайда болған еді. Кеңес Одағы құлағаннан кейін, Қазақстанның орасан мол мұнай қоры, әлемдік мұхитқа шығар жолы жоқ мемлекет ретінде, құрлықтың ішінде «қамауда» қалды. Алдын-ала жасалған экономикалық есептеулер нәтижесінде, өнімді аз шығын жұмсап, ең қысқа жолмен өткізуді қамтамасыз ететін ресейлік бағыт таңдап алынды. Ресеймен жоғары деңгейдегі келіссөздер 1994 жылдан бастап жүргізілді. Ресей жағынан мұнай құбырын салғысы келмеген қарсылықтарды жеңе отырып, ортақ келісімге келуге тура алты жыл кетті.

Қысқасы, Ресей Үкіметінің Төрағасы В. Черномырдинмен, Ресей Федерациясының Мұнай және газ министрлігінің басшыларымен, ақыр соңы Б. Ельцинмен арадағы өте көптеген келіссөздер туралы тұтастай бір кітап жазуға болады. Бірде маған біздің Премьер-министр Н. Балғымбаев келіп: «Бітті! Жағалай бас тарту, ылғи іріткі салу, байқаймын, мәселе шешілмейтін түрі бар», – деді. Мен оған тайға таңба басқандай етіп қысқаша хат дайындап, Ресей мұнай құбырын



тартуға қатысудан бас тартқан жағдайда, өз жері арқылы мұнай тасымалдаудан түсетін қаншама ақшадан айырылатынын қадап көрсетуді тапсырдым.

Б. Ельцин Кремль ауруханасында емделіп жатқан еді. Мен сол ауруханаға бардым. Екі сағатқа созылған әңгімеден соң мәселе шешілді. 1992 жылдың 17 маусымында Бермуд аралдарында Қазақстан Республикасы мен Оман сұлтандығы өкілдерінің арасында құбыр консорциумы туралы алғашқы Келісімге қол қойылды.

Кейінде оған Ресей Федерациясы келіп қосылды. Келісімде Ресей мен Қазақстан консорциумға қазірдің өзінде қолда бар құбырлар актив беретіні, ал Оман жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ететіні қарастырылды. Консорциумға қатысушылардың үлесі тең етіп бөлінді. Алайда, Оман қажетті қаржыны бере алмайтын болды. Инвестициялық жобаның 1995 жылы дайындалған техника-экономикалық негіздемесін Ресей Федерациясының Мемлекеттік сараптау мекемесі жетілдіріп қайта жасауға жіберді. Басты мәселе мынадай еді: келісімшарт мемлекетаралық деңгейде жасалғанда елде жаңа басталған жекешелендіру үрдісі, демек, Каспий мұнайын өндірумен айналысатын негізгі компаниялардың мүддесі ескерілмей қалған. Оны Оманға жобаны қаржыландыру кепілдігін беруден бас тартқан Еуропалық қайта құру және даму банкісі де атап көрсеткен-ді.

Сол мезгілде Ресей мен Қазақстанда мұндай жобаны жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық база жоқ еді. Ең алдымен бұл валюталық қаржының еркін айналымы туралы мәселе болды, ал онсыз жобаны ашық қаржыландыру мүмкін емес еді. 1997 жылдың 19 сәуірінде мен жобаны валюталық жағынан реттеу мәселелеріне қатысты «Каспийдегі құбыр консорциумы туралы» Жарлыққа қол қойдым. Соның артынша 24 сәуірде осыған ұқсас жарлыққа Б. Ельцин де қол қойды. Бұл жарлықтардың шешуші маңызы болды, алайда

консорциум екі жақта бірдей толыққанды жұмыс істеуі үшін тағы да бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдау талап етілді.

Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатының кеніші біздің Қарашығанақ еді. 2004 жылы оған 25 жыл толды. Бүгінде оның қоры 1,2 млрд тоннадан астам сұйық көмір-сутегі және 1,3 трлн текшеметрден астам газ көлемінде болып отыр.

Кенішті игеру 1979 жылы, ашылғаннан кейін 5 жылдан соң барып басталған болатын. Дегенмен ол дербес өмір сүріп, дами алмады. Өйткені Қарашығанақ екі арасы 130 километрлік құбырмен жалғасқан Орынбор газ өңдеу зауытына (ОГӨЗ) түгел-дей тәуелді болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қарашығанаққа көмір-сутегін өңдеу және тасымалдау проблемаларынан басқа, ұңғылардағы археологиялық қалдықтар, апаттардан топырақтың ластануы, кеңестік уақытта конденсатты сақтау үшін жерасты ядролық жарылыстармен пайда болған 6 жолақты «Лира объектілері», сондай-ақ бұрғылау қалдықтары мен бұрғылау мұнарасының бос қалған қоймалары секілді өте күрделі экологиялық проблемалар қалды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешіп, жобаны одан әрі дамыту үшін үлкен инвестиция қажет болды. 1992 жылы Республика Үкіметі Қарашығанақ кен орнын игеру құқығы үшін шетелдік мұнай компанияларын тарта отырып конкурс жариялады. 1995 жылдың наурызындағы конкурс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен «Аджип» / «Бритиш Газ» компанияларының одағы арасында Өнімдерді бөлісу принциптері туралы келісімге (ӨБПК) қол қойылды.

ӨБПК-нің қолданылу мерзімі бойына, 1995 жылдан бастап 1997 жылдың аяғына дейін, жобаны дамытуға 293,5 млн АҚШ доллары жұмсалды. 1996 жылдың желтоқсанында КТК-ны қайта құру туралы Келісімшарт пен осы келісімшартқа өзектес басқа да құжаттар жасалғаннан кейін барып қана,

Қарашығанақтан дүние жүзілік нарықтарға көмір-сутегін экспорттауға жағдай туғызатын тиімді көлік жүйелерін құрудың нақты мүмкіндіктері пайда болды. Осыған байланысты Өнімдерді бөлісу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қоюға дайындық жұмыстары жандана түсті. Мердігерлер өкілдері, республикамыздың министрліктері мен ведомстволары өкілдері арасында жүргізілген келіссөздер барысында ӨБТК жобасы дайын болды, оған 1997 жылдың қарашасында қол қойылды, ол 1998 жылдың 27 қаңтарынан күшіне енді, бұл келісімшарт 40 жыл мерзімге жасалды.

Әлемдегі соңғы 30 жылда ашылған тағы бір өте ірі мұнай кен орны – Каспий теңізінің солтүстігіндегі Қашаған мұнай кеніші еді. Бүгінде одан алынатын мұнай қоры 10 млрд баррель деп бағаланады.

Бұл кен орнының ашылуы Қазақстанды әлемдегі ең мол көмірсутегі ресурстарына иелік етуші негізгі елдердің қатарына кіргізді. Осыншама мол мұнай қорының табылуы Каспий аймағына деген бүкіл әлем елдерінің қызығушылығын туғызып, оның инвестициялық тартымдылығын арттырды.

Каспийдің қазақстандық секторындағы мұнай-газ әлеуетін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін 1993 жылы халықаралық консорциум құру ұйғарылды. Каспийдегі жұмыстың күрделі техникалық жағдайы мен экологиялық жоғары талаптарды ескере келіп, әу бастан-ақ алғашқы теңіз консорциумы мүшелерін таңдау кезінде мұнай компанияларын мұқият іріктеу жүргізілді. Консорциумға осы заманғы озық техникалық және технологиялық мүмкіндіктері, өте күрделі кен орындарында ең қатаң экологиялық талаптарды сақтай отырып жинақтаған жұмыс тәжірибесі бар мынадай компаниялар кірді, олар: «Казахстанкаспийшельф», «Бритиш Петролеум / Статойл» (Ұлыбритания / Норвегия) альянсы), «Бритиш Газ» (Ұлыбритания), «Шелл» (Нидерланды), «Ад-жип» (Италия), «Мобил» (АҚШ), «Тоталь» (Франция) еді.

Консорциумның негізгі жұмысы қоршаған ортаға кен барлау геофизикалық жұмыстардың әсерін бағалау мен экологиялық мониторинг жүргізуді, геология-геофизикалық зерттеулерді жүзеге асыруды, Каспий аймағының әлеуметтік инфрақұрылымы мен өндірісін дамытуды, қазақстандық мамандарды үйретуді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды қамтыды. Халықаралық консорциумның жұмыс бағдарламасы бойынша жалпы инвестиция 218 млн астам АҚШ долларын құрады.

Мұнай-газ секторының арқасында, біз алғашқы кезеңде экономиканың дамуын қамтамасыз етуге жеттік. Кейінде серіктес салаларды дамыту және негізгі экономикалық салмақты соларға ауыстыру, сөйтіп оларды экономикамызды алға сүйреуші «локомотивке» айналдыру қажет болады.

### «ҚАРА АЛТЫН» – БАҚ ПА, ӘЛДЕ СОР МА?

1990 жылдан бастап Каспий бассейні сан алуан қатынастардың аса маңызды аймақтық тораптарының біріне айналды, онда көптеген елдердің экономикалық және геосаяси мүдделері өзара тоғысып жатты. Бұл жағдай өткір мәселелердің, яғни Каспий аймағындағы елдерге ықпал ету үшін бірде ашық, енді бірде жасырын жүргізілген дипломатиялық күрестердің тууына себеп болды.

Қазақстаннан аймақта қатаң бәсекелестікті жүргізе отырып, сонымен бірге өзінің мемлекеттік билік институттарын құру талап етілді. Біздегі жоғары білікті сыртқы саяси ведомство, осы заманғы жедел қимылды әскер, түйінді салалардағы ұлттық сараптамашылар қазір бар, ал ол уақытта мұның бірі болған жоқ. Сол сияқты ірі халықаралық келіссөздерді жүргізетін тәжірибе де болмады.

*«XIX ғасырда Британ империясы мен патшалық Ресей арасында Үлкен Ойын жүргізілген Орталық Азия, бүгінде, өзінің мұнай-газ байлықтары арқасында «көпполярлы дәуірдің» АҚШ, Қытай және Мәскеу арасындағы алғашқы стратегиялық шайқастары алаңына айналып отыр.*

*1991 жылы осы аймақтың бес мемлекеті Кеңес Одағынан өз тәуелсіздігін алып, Орта Азия аймағы өзінің ғаламдық стратегиялық маңызына қайтадан ие болғаннан кейін, бүгінде ғаламдық көлемде өркендеп өскен Қытай, мұнайға масаңсыған Ресей және АҚШ Орталық Азиядағы ресурстар мен билікке ықпал ету үшін күресте мүйіз қағысып қалды. Орталық Азия стратегиялық шайқастар алаңына айналды».*

**Фредерик Кемпе (Frederick Kempe),  
«The Wall Street Journal», АҚШ,  
16 мамыр 2006 жыл**

Тәуелсіздік жылдары мұнай өнеркәсібінің өзі де қайта құрылды. Мұнай секторындағы мемлекет алдында тұрған міндеттер де күрделілене түсті. Мысалы, 2004 жылдың мамырында біз қабылдаған Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру жөніндегі 2015 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламада мұнай саласындағы негізгі екі мақсатқа жету көзделді. Біріншіден, мұнай өндіруді жете игеріп, тиімді мұнай магистральдары тораптарын құру. Екіншіден, отандық мұнай өңдеуші және мұнай химиясы индустриясын құру. Аталмыш бағдарлама Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеру жөніндегі 1993 жылы бекітілген Мемлекеттік бағдарламаның бірінші кезеңін жүзеге асырудың заңды жалғасы болды.

Өзіміздің мұнай ресурстарымызды дүниежүзілік шаруашылық айналымына белсенді түрде енгізу мәселесіндегі біздің саясатымыз бүгінде шетелдік мұнай компанияларын мұнай мен газ кен орындарын барлауға, игеру мен өндіруге тартудан тұрады. Шетелдік инвесторлар келісілген шарттар

бойынша мұнай-газ кешенінің дамуына тек қажетті қаржыны салып қана қоймай, оны өндіру, өңдеу мен тасымалдаудың тұтастай үрдісін ұйымдастыруы тиіс.

Қазақстан инвестициялаудың сенімді де қолайлы объектісі деген беделге ие болуының арқасында, біз шетелдік инвесторлардың алдына өз талаптарымызды қоя алатын болдық. Біз халықаралық беделге, өзіміздің несиелік тарихымызға ие болдық, біздің тілектерімізді шетелдік әріптестеріміздің қабылдауы заңды құбылысқа айналды.

*«Бұл заңды үрдіс. Қазақстан нығайды, ол өзінің табиғи ресурстарынан нақты кірістер алғысы келеді. Егер біз алдағы уақытта да табысты жұмыс жасағымыз келсе, жаңа мұнай-газ жобалары үшін мемлекеттік режимге байланысты ымыраға келушілікті қолдана отырып, жұмыс атқаруымыз қажет».*

**«ЭксонМобил Казахстан Инкл.»-дің бас менеджері Дж. Тейлордың Шетелдік инвесторлар кеңесінің 11-ші пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзінен, Кендерли, 5 маусым 2004 жыл**

«Шеврон» мамандарының болжамдары бойынша, Каспий құбыр консорциумына қазақстандық мұнайдың басынша көп құйылған кезде ол Жерорта теңізі, Солтүстік және Батыс Еуропа елдерінің рыноктарында табысты бәсекелестікке түсетін болады. Біз сыйымдылығы 200 мың тоннаға дейінгі танкерлерді пайдалана отырып, Солтүстік Америка рыноктарын игеретін боламыз. Әрине, жылына 15 млн тонналық қуатпен жұмыс істейтін Атырау-Самара мұнай құбыры да Шығыс және Орталық Еуропа, Балтық теңізі бассейніндегі елдердің рыноктарын игеруге мүмкіндік береді.

Алайда бізге осы атқарылған істермен шектеліп қалуға болмайды. Қазақстан көмір-сутегін экспорттаудың көп-

векторлы стратегиясын ұстанып, мұнайды тасымалдау бағыттарын дамыту жөніндегі түрлі жобаларды қарастыратын болады. Қазір біз басқа бағыттардағы мұнай құбырлары бойынша белсене жұмыс істеудеміз. Атап айтқанда, Ақтау-Баку-Жейхан және Қазақстан-Түрікменстан-Иран секілді жобалардың тиімділігі талқылануда. Мысалы, Баку-Тбилиси-Жейхан құбыры таяу уақытта Ақтау-Баку-Тбилиси-Жейхан деген атауға ие болуы мүмкін. Ал Атасу-Алашанькоу құбырының жобасы қазірдің өзінде іс жүзіне асты.

2004 жылдың мамырында менің ҚХР-ға барған сапарым кезінде Қытай мен Қазақстанның ұлттық мұнай компаниялары арасындағы мұнай құбыры құрылысын бастау туралы келісімшартқа қол қойылды. Мұнай құбырының іргетасы сол жылдың 28 қыркүйегінде қаланды. Ал Қазақстанның алғашқы мұнайы Қытайға 2006 жылдың 25 мамырында құйыла бастады. Атасу (Қазақстан) мен шекаралас пункт Алашанькоу (Қытай) арасын жалғап жатқан осы мұнай құбырының магистралі арқылы біз жылына 20 млн тоннаға дейін мұнай экспорттай аламыз. Сондай-ақ осы салынған құбыр неғұрлым кең көлемдегі жобаға – Каспийден Қытайға дейінгі ұзындығы 3 мың километрге жуық құбырды салуға негіз болатыны жоспарлануда.

Жоғарыда айтылғандарға қоса, бұл жобалардың нақты іске асуы көп жағдайда энергия қуаттарының әлемдік нарығының конъюнктурасына және Каспий шельфіндегі мұнай-газ кен орындарын игерудің нақты нәтижелеріне байланысты екенін атап өткім келеді.

Қазір Қазақстанның бұл саладағы табыстары туралы сөз болған кезде, мұнай байлығы біздің экономикалық табыстарымыздың іргетасы болғанын айтпай кетуге болмайды. Кейбіреулер үшін мұның өзі Қазақстан табыстарына жаңсақ баға беруге себеп болуы, тіпті көре алмаушылықтың түйініне айналуы мүмкін.

Сондықтан, бұл сөз қандай мағынада қабылданса да, оның астарында «мұнай долларының» көбеюіне байланысты әртүрлі қауіптер де жасырынып жатуы мүмкін. Атап айтсақ, әлеуметтік сала шығындарының тым ұлғайып кету қаупі де жоқ емес. Мысалы, Нигерия, Венесуэла және Сауд Арабиясы секілді елдердегі мұнай сатудан түскен кірістердің есебінен әлеуметтік блокқа жұмсалатын шығындардың еселеп өсіп кетуі осыған дәлел болады. 2004 жылы болған кездесуде қазіргі Сауд Арабиясының королі маған бір әңгіме айтты: бұрын өздері шетелдіктерді жұмыс істеуге мәжбүр етсе, енді бұл арабтарды жұмыс істеуге мәжбүр етеді екен. Себебі, арабтар мемлекеттің есебінен күн көрген масылдықтан барып, жұмыс істеу қабілетінен айырылып қалыпты. Қазір мұндай мемлекеттік жәрдем көрсету тоқтатылған. Әрине, бұл ұлтқа жаны ашымағандық емес, масылдықтың жаппай етек алуынан келіп туындаған шара болса керек.

Сол сияқты, 70-ші жылдардың ортасында Венесуэла мен Нигерияда осыған ұқсас мемлекеттің әлеуметтік шығындарды ұлғайту стратегиясы қабылданған. Бұл елдер әлеуметтік игіліктерге қол жеткізу үшін мемлекеттік бюджеттің шығыстар бөлігін күрт ұлғайтқан (орта есеппен 74,5% және 32,2%-ға). Бұлай ұлғайтудың мүмкіндігі негізінен осы мұнай сатудан түскен кірістерге байланысты болған. Шығындарды ұлғайту шынында да еңбекпен қамту құрылымын, тауарлар өндірісі мен қызмет көрсету саласын, тұтынуды қаржыландыру мен тұрғын үй құрылысын кеңейтуге, салықтарды азайтуға көмектескен. Алайда «қара алтын» бағасының өсуі тоқырағаннан кейін, мемлекеттің шығындары мұнайды экспорттаудан тапқан кірістердің деңгейінен асып түскен.

Әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды жалғастыру үшін енді сырттан қарыз алуға тура келген, бұл өз кезегінде сыртқы қарыздың өсуіне әкеп соқты. Тек, 1976 жылдан 1982 жылға дейінгі кезеңдерде бұл елдердің қарызы



жыл сайын орта есеппен 45% -ға өсті. Ертеңгі күнді ойламаған саясаткерлердің дұрыс шешім қабылдамауы нәтижесінде, бюджет пен баланс төлемдерінің тапшылығы пайда болды, мұның өзі іс жүзінде мемлекеттің банкротқа ұшырауына және қоғамда әлеуметтік шиеленістің өршуіне киліктірді. Қысқасы, еркін ақшаның молшылығы бұл елдердің экономикасының қуаттылығы мен қабілеттілігін төмендетіп, олардың одан әрі қарайғы мұнай экспортына тәуелділігін арттырды.

Тіпті, Солтүстік теңізде мұнайдың табылуына байланысты экономикасы тұрақты түрде дамыған Норвегияның өзі әлеуметтік қамту шығындарын ұлғайтудың нәтижесінде «голландиялық ауру» деп аталатын проблемаларға тап болды.

Ал енді осы жайды басқа жағынан қарастырып айтатын болсақ, мысалы, шығыс-азиялық елдерде, әсіресе, Жапонияда ешқандай табиғи байлықтың болмауы мұндағы бюрократтық элитаны ел экономикасының әлсіздігін сезінуге мәжбүр етті. Алдымен экономикалық, сонан кейін саяси тәуелсіздікті жоғалтып аламыз деген қорқыныш оларды өз өнімдерін экспортқа бағыттау және бәсекеге қабілеттіліктің көмегімен табыс табу мақсатына елдің ішкі мүмкіндіктерін шоғырландыруға итермеледі.

Сол себепті біз мұнай сатудан түскен түсімдер мемлекеттің тұрақты кіріс көздері болып табылмайтынын түсінуіміз керек. Бұл жағымсыз жайлар алдағы уақытта жоғарыда айтқан «голландиялық ауру» проблемаларынан бастап, ақыр соңы сол мұнай байлығының сарқылып бітуіне алып келуі ғажап емес. Мен ондай мемлекеттерді де білемін.

Айтпақшы, Қазақстанның бай қоры туралы айтқанда, әртүрлі дабыра цифрлармен алданып қалуға болмайды. Иә, біздің қорлар сондай қомақты, алайда мұнайға деген әлемдік сұраныстың өсу қарқынын есепке алар болсақ, біз олармен қандай мерзімге қамтамасыз етілеміз? Мысалы, «Бритиш Петролеум» және «Энергия мира–2005» компанияларының

жыл сайынғы баяндамаларындағы мәліметтер бойынша, мұнайды өндіру мен мұнай бағасының қазіргідей көлемі жағдайында, оның әлемдегі қоры 40 жылға ғана жетеді екен. Сонымен қатар Ресейдегі мұнай 21 жылдан сәл ғана артық уақытқа жететін көрінеді. Ал өзінше мұнайдың «Әлемдік Орталық Банкі» атанған Сауд Арабиясының мұнайы 42 жылға, Иранда 89 жылға жететіні айтылуда. Қазақстанда, осы баяндамадағы мәліметке сәйкес, мұнайдың қазіргідей үлкен қоры мен әзіргі өндірудің біршама шағын көлеміне қарай, ол 83 жылға жетеді деп болжау жасалған. Мұнай өндірудің көлемі өскен сайын бұл мерзімнің толық қысқаратыны да белгілі.

Қазақстанға мұнай долларынсыз, немесе, ел айтатындай «мұнай инесіне» дағдыланбай-ақ өмір сүруге үйрену қажет. Өндіріс таппаған ақшаны әлеуметтік салаға жұмсауға немесе жалақыны жөнсіз көтеруге әуестенбеу, оны әлде бір «қиын күндерге» сақтау өте маңызды. 2000 жылы біз құрған Ұлттық қор, атап айтқанда, осы мақсатты көздейді және жөнсіз жойымпаздық пен құнсыздану қысымын төмендетудің негізгі құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активі 2006 жылғы 1 қарашадағы он екі миллиард АҚШ долларынан асып кетті де, 12 087,39 млн АҚШ долларына, немесе 1 586 млрд теңгеге тең абсолюттік көрсеткішке жетті. Қордың негізгі түсімдері шикізат секторы ұйымдарының түскен жоспардан тыс кірістерінен түсті. Осы жерде біздің Ұлттық қорымыздың үлгісімен 2004 жылы 1 қаңтарда Ресей Федерациясының Тұрақтандыру қоры құрылғанын атап кеткен орынды болмақ.

Мен бірнеше сөзді мына мағынада айтайын: Ұлттық қорды, шын мәнінде «болашақ ұрпақтың қоры» деп атаса да болар еді, өйткені біздің балаларымызға тиесілі мұнайды, жер байлықтарын сатқанда, біз оларды өткінші қажеттіліктерге шашуға немесе бүгінгі күннің проблемаларын олардың

есебінен шешуге хақымыз жоқ. Біз осы қаржының бір бөлігін құрылыстар салуға және елімізді дамытуға – балаларымыз бен немерелерімізге қалдыратын үйімізді абаттандыруға ғана жұмсай аламыз.

Мәселен, таяу арадағы жылдарда Қазақстан зор көлемде инфрақұрылымға инвестиция салуы, ең алдымен, оны Солтүстік-батыс және Оңтүстік-батыс бағыттарында іске асыруы қажет. Біз Қызылордадан Ақтауға және Атырауға қарай, Оралдан Ақтөбеге қарай басталатын Батыс транспорттық шеңберін қосуымыз керек. Елімізде қабылданған көлік байланысы жүйесін дамытудың стратегиясы Ресейдің Еуропалық бөлігінен басталып, Қазақстанның батысы, оңтүстігі және солтүстігі арқылы өтетін, сөйтіп Қытайға дейін баратын транзитті автожол салуды қарастырады. Темір жолдар Батыс Қазақстан мен Қытайды байланыстыруы керек. Әуежайларды, электр желілерін және станцияларын салу және қайта жарақтандыру іске асырылады.

Аймақтардың көлік өткізу мүмкіндігін жеделдету арқылы біз халқымызды одан сайын біріктіре түсеміз. Сонымен бірге біз осы аймақтардың тұрғындары мен бизнестерінің еліміздің Алматы сияқты қаржы және білім орталықтарына, Орталық және Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік кластерлеріне, Оңтүстік және Солтүстік Қазақстанның азық-түлікті аймақтарына қол жеткізуіне мүмкіндік жасай аламыз. Мұнайдан түскен табысты ақылмен және іскерлікпен тиісті жеріне жұмсай білсек, ол еліміздің байлығы мен тұтастығын одан сайын арттырмақ.

Осының бәрі біріккенде, таяу араларда Каспий шельфін кең көлемде игеруге қажетті, бәсекеге қабілетті тауарлар шығаруға және қызмет көрсету саласын дамытуға мүмкіндік береді. Одан әрі біз көмір-сутекті шикізатты тиімді пайдалануға және мұнайхимия өнеркәсібін жалпы дамытуға қарай ойысамыз. Ілеспе инфрақұрылымға кіретін айлақтарды, әуежайларды, терминалдарды қатар дамыта отырып,

Қазақстан өсудің жаңа аясына шығады, сонда мұнай жоғары технологиялық өнімдерді шығарудың құралына айналады.

Осы әлеуетті одан әрі көтеру мақсатында елімізге қажетті бірқатар стратегиялық маңызы бар құжаттар қабылданды. Олардың ішінде жоғарыда және бастапқыда аталып кеткен, Каспий шельфін кешенді игеруге қолайлы жағдайлар жасауды қарастыратын «Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы» да бар. 2003 жылы тамызда мен бекіткен «2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық дамудың стратегиясында» елдің экономикалық салаларын диверсификациялау жолымен тұрақты дамуға жеткізу, шикізаттық бағыттан кету, ұзаққа көзделген жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өтудің шарттарын жасау негізгі мақсат ретінде көрсетілген.

Қазір мен осы бағытта табысты жүріп келе жатырмыз деп айта аламын. Ал енді тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бәрі де осындай теп-тегіс бола қойған жоқ. Ол кезде біздің мұнай бизнесінің «акулалары» бастаған дүниежүзілік трансұлттық мұнай компанияларымен келіссөздер жүргізуімізге тура келген. Жаңа идеялар, жаңа қадамдар, ең бастысы, бұрынғы ескі партиялық әдістерден ада кадрлар қажет болды. Ал ол кезеңде олар «ат төбеліндей» ғана еді. Сондықтан да болар, мен «ескі гвардияны» «жас» басқарушылармен ауыстыру бағытында жүріп отырдым. Әрине, бұл міндет мен үшін жеңіл болған жоқ, күмән де көп болды, бірақ басқа жолды таппадым.

Инвесторлармен жүргізілген біздің белсенді келіссөздеріміздің кезінде мұнай-газ секторының маңыздылығын ескере отырып, мен Парламенттің алдына тәжірибелі мұнайшы, бойында қуаты мол, Мұнай және газ министрі Нұрлан Балғымбаевты Премьер-министрлікке тағайындау жөнінде ұсыныс енгіздім. Ол КТК құрылысын салуға бастама берген, жоғарыда көрсетілген жұмыстардың іске асуына

едәуір үлес қосты. Өкінішке қарай, оның кезіне Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс дөп келді, тұрмыс деңгейі түсіп кетті, осыдан барып ол отставкаға кетті.

Осы жылдар ішінде менің көз алдымда мұнайшылардың тұтастай бір үлкен буыны өсіп қалыптасты. Біздің көптеген мамандарымыз әлемге аты әйгілі мұнай компанияларында еңбек тәжірибесінен өтті, сондай-ақ мұнай бизнесінің ең үздік университеттерінің тыңдаушысы болды, шетел тілдерін үйреніп, менеджменттің әліппесін меңгерді. Мен олардың тәрбиесімен тікелей айналысып, барынша көмек көрсетумен болдым. Нәтижесінде, олардың көбі жоғары мемлекеттік лауазым иелері дәрежесіне дейін көтерілді.

Еліміздегі мұнай ресурстарының молдығы мен оларды игеруге құлшыныс білдірген мұнай компанияларының көптігі арқасында біз келіссөздер жүргізуде жақсы тәжірибелер жинақтадық. Осыған байланысты мен біздің жаңа ғана іс бастаған басқарушыларымызға мынадай ақыл бір берсем деймін. Келіссөз кезінде сіздің әріптесіңіз сіздің әрбір қадамыңызды алдын ала білуге тырысады, ол сіздің стратегиялық қимылыңызды қалай да өзгертуді немесе іске асырмай тастауды ойлайды. Келіссөздің ұсақ-түйегіне дейін қатты көңіл аударған жөн, әсіресе оның тұзағына түсіп қалмау керек. Барлық ұсақ табыстарды бір ғана үлкен жеңіліс мүлде жоқ етеді. 1990 жылдардың басындағы Ресейге қаржылық тәуелсіздігі – біз үшін сондай үлкен жеңілістің бірі бола жаздады.

Ұлттық теңгені енгізу Қазақстанның ірі жеңістерінің бірі болды. Біз өзіміздің қаржылық тәуелсіздігімізді қалай қорғап қалғанымыз туралы әңгіме келесі тарауда айтылады.

# ТЕҢГЕ – БІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫМЫЗ

## 1990-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы болып сайланғаннан соң, бір аптадан кейін, 1989 жылғы маусымның жазғы бір таңында мен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің бір топ мүшелерімен Қарағандыға ұшып келдім. Үкіметтің «ТУ» ұшағы аэропорттың тұрағына қарай бұрылған кезде, мен бізді күтіп алуға келген Қарағанды облысының басшыларын көрдім. Олардың тұнжыраған түрінен қалада соңғы апталарда орын алған қобалжушылықты байқауға болатын еді. Бүкіл Одақ шахтерлердің ереуілдерінен тынышсыз жағдайда еді, ал Қарағанды шахтерлері көшеге шыққан елдегі соңғы шахтерлер қаласы болды. Ол кездерде Қазақстанның бүкіл Көмір өнеркәсібі КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің қарауында болатын. Сондықтан барлық проблемаларды Мәскеу шешетін, бұл іске республиканың араласуына рұқсат өте сирек берілетін. Бірақ соның қарсаңында М.С. Горбачев телефон шалып, ол жақтағы жағдай менің араласуымсыз тынышталмайтынын айтқан.

Қарағанды – мен үшін жаныма жақын қала. Менің мансабым осы жерде басталған болатын. Республиканың индустриалдық орталығы менің көз алдымда өсті. Мен қаладағы барлық кәсіпорындардың директорлары мен бас инженерлерін тікелей білетінмін. Қарағанды облысын өзінше бір шағын Қазақстан деп айтуға болатын. Әртүрлі жағдайларға сәйкес, мұнда республиканың барлық ұлттарының өкілдері тұрып, еңбек етеді десе болғандай. Шахтердің ауыр еңбегі уақыт өте келе адамдардың мінезін бірбеткей, қатаң етіп қалыптастырады. Өткен тағдыры ауыр әр ұлтты Қарағанды көптеген саяси қылмыстылар мен олардың ұрпақтарының өмір сүріп, еңбек еткен ортасына айналды, араларынан талай жарқын да күшті тұлғаларды өсіріп шығарды. 1986 жылғы

оқиғадан кейін Қарағандыдағы кез келген наразылық бүкіл республиканы арандата алар еді. Сондықтан біз мұндағы өте нәзік ұлтаралық қатынастарды көздің қарашығындай сақтауға тырысқанбыз.

Ереуілдің себептері туралы ойлана келіп, біз кеншілер жиын өткізіп жатқан алаңға бірден барармыз деп, ұшақтың ішінде-ақ шешкен едім. Қонғаннан кейін әуежайда шағын кеңес өткізіп, обком қызметкерлерінің көңілсіз мәліметтерін тыңдадық. Қарағанды обкомының бірінші хатшысы Локотунин мені резиденцияға апарып орналастырмақшы болды, «шахтерлер» тобыры тым қызынып тұр, сондықтан Мәскеудің өкілдерін күтейік, – деді. «Шахтерлердің қандай мінез көрсетпейтініне кім кепіл? Күте тұрайық, сабаларына түссін, мүмкін, үйлеріне тарап кетер» деген сөздері есімде қалыпты. Әңгіменің жай митингімен аяқталмайтынын сездім де, мен облыс әкімшілігінің ғимаратына кірмей, бірден алаңға баруды ұсындым.

Қаланың орталығындағы Совет проспектісінде, бізді сол кезде-ақ ашу қысқан шахтерлердің наразы үлкен бір тобы күтіп тұр екен. Шахтер киімдерін киген, қап-қара беттерінен көздері жылтырап қана көрінетін олардың бірталайы ұзақ митингіден шаршап, үн-түнсіз каскаларымен асфальтты даңғырлатып соғып отыр. Кейбір шахтерлер мұнда тура забойдан келген тәрізді, беттеріндегі көмірдің қара ұнтағы митингілік ахуалға одан сайын қаратүнек рең беріп тұр. Жағдай қатты шиеленісіп кеткен, айтары жоқ көрініс. Шахтерлердің кәсіподақ жетекшілері облыс басшыларымен келіссөзден бас тартып, Назарбаевтың өзін талап етеді екен. Мінеки, мен тікелей митингінің өзіне келдім.

Олар араларын ашып, ағаштан құрастырылған мінбеге қарай өтуіме жол берді. Бірнеше сағат бойы олардың сауалдарына жауап бердім. Біз әңгімені ең қарапайым мәселелерден бастадық. Ереуілдің негізгі себептері мыналар екен: қазылған



көмір тиелмепті, ал тиісті жеріне жіберілмеген көмір үшін еңбекақы төленбейді, еңбек қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген, дүкен сөрелері қаңырап бос тұр.

Келіссөздерді дұрыс арнаға бұру үшін, мен шахтерлердің өз арасынан өкілдер бөлуді ұсындым. Содан соң келіссөз «Қарағандыкөмір» комбинаты әкімшілігінің ғимаратына ауысты. Келіссөздер мәселелерге жауап беретін министрлердің қатысуымен келесі күнгі таң атқанға дейін созылды. Оған дейін менің өтінішім бойынша КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Догужиев пен Көмір өнеркәсібі министрі М.И. Щадов келіп жетті.

Көп сағаттық келіссөздердің барысында мәмілеге келіп, шахтер ұжымдарының бірінші кезектегі мұқтаждықтарын қанағаттандыруға қол жетті. Осындай келіссөздер Қарағанды облысының өзге шахтерлер қалаларында – Шахтинскіде, Саранда, Абайда өтті.

Ереуілдер тоқтатылды. Соңынан, Мәскеу қазақстандық тәжірибені Одақтың басқа да өңірлерінде пайдалануға болатындығын ескеріп, келіссөздердің барысы туралы егжей-тегжейлі есеп беруді сұрады. Бұл жерде қайдағы тәжірибе?! Мен, егерде адалына келсем, бұдан да қиын жағдайды күткен едім, себебі КСРО-да біздің көмірді пайдаланатын кәсіпорындар бірінен кейін бірі тоқтап жатқан.

Бірақ қазақстандықтардың ауыр қиындықтарға көнгеніне қарамастан, бүкіл елде жұмысшы ұжымдарының арасында наразылық күшейе түсті. Бізде шахтерлермен болған шиеленісті жылдам реттеуге мүмкін болғанымен, енді біздің қалыптаса бастаған ахуал үшін кінәлі саналатынымыз анық байқалды.

Ахуал жылдан жылға қиындай берді. Кеңестер Одағы тоқтаусыз өзінің күйреуіне қарай келе жатты. Ең басында 19 тамыздағы бүлік, одан кейін Ресей, Украина және Белоруссия үшеуінің Беловежьедегі шешімі КСРО-ның ыдырауына нүкте қойды. Бірақ бұл өз алдына жеке тақырып.

Келесі екі жыл біз үшін аса ауыр сын болды. 1992 жылы елдің экономикасы құлдыға қарай құлдырады. Барлық жерде ақша мүлде құнсызданды, еңбекақы мен зейнетақы төленбеді, кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстар үзілді, халық тұтынатын тауарлар мен қолға берілетін ақша тоқтатылды. Бұрынғы мұның барлығын бақылайтын, одақтық министрліктер қазір жоқ. Өзара есеп айырысу мен тауар беру деген атымен жойылды. Сол кездегі бос жатқан сөрелерді, нанға, балалар тағамдарына, тұзға, қантқа, сигаретке тұрған ұзын шұбақ кезектерді қазір көз алдыға елестету қандай қиын болса да, бұл сол кездегі ащы шындық еді.

Бұрынғы одақтық республикалар арасындағы қаржы байланысы мен өзара бірлесуінің үзілуі экономикалық жағдайдың күрделілігін одан сайын қиындатты. Әрине, оның қарапайым адамдардың өміріне тікелей әсері болды. Қазақстандағы ақша мәселесінің шешілмегендігі салдарынан еңбекақы, жәрдем ақылар, тағы сондайлар халыққа уақытында берілмеді. Ақшаның жетіспеуінің барлық себебі Ресейдің мемлекеттік банкісіне барып тірелді, өйткені барлық қаржы ресурстары Мәскеуден бөлініп отыратын.

Мен әлденеше рет Мәскеуден бізге бөлінетін қолма-қол ақшаның көлемін ең болмаса жарым-жартылап шешуді талай рет сұрадым. Оған жауап ретінде тек құрғақ уәде ғана берілетін. Ал біздің өтініштеріміз ескерусіз қалатын болды. Ал бұл кезде бөгелген ақша халыққа тигенше мүлде құнсызданып кететін. Қиындықтар үсті-үстіне туып, өсіп отырды, кәдімгі өрт сөндіргендей жағдайда жұмыс істеуге тура келді.

Осының бәрі халық арасындағы ереуілдер мен митингілерге алып келген әлеуметтік тұрақсыздықтың алғышарттары болды. Халықты тыныштандырып және жағдайды түсіндіру үшін ауылдарға, қалаларға жиі баруға тура келді. Мен халықты шыдамдылыққа шақырып, жасап жатқан шараларымыз туралы, әлде де алда болатын қиындықтар

туралы айтатынмын. Маған жұрт сенетін. Мен қашанда болса да өзімнің уәделерімді орындауға тырысатынмын. Біздің көз алдымызда «ортақ ұлы отанымыз» құлап жатқан осы бір қысылшаң жағдайда адамдармен әңгімелескен кезде сөйлейтін сөзіңді дұрыстап, байқап айту, тіпті сол сөзіңнің ырғағын да бақылау қажет болды. Елдің бәрінің жүйкесі әбден жұқарған еді.

Кейде халықтың әуелі айғайға басатынын, гуілдеп кететінін, аздан кейін барып ақырындап айтқандарыңа құлақ аса бастайтынын, қиындықтың не себептен екендігін түсінетінін және біздің осы мәселелерді шешуге байланысты не істеп жатқанымызды білгеннен кейін, бірте-бірте басылатынын қазір мен есіме түсіремін. Кейде топтың ішінен кейбіреулер: «Нұрсұлтан Әбішев, сигаретіңіз жоқ па?» – деп айғайлайтын. Мен темекі тартпайтынмын, бірақ осындай жағдайға қажет болар деп қалтама бір қорап сигарет салып жүретінмін. Кейіннен, осындай әңгімелесулер кезінде таратып беру үшін көбірек сигарет алып жүретін болдым. Мынадай бір күлкілі оқиға есімде: ол кезде фабрикаларда орайтын қағаздың болмауынан сигареттерді метрлеп сататын. Бүгін еске алғанда осы күлкілі сияқты, бірақ шыны солай болды, не істейсің? Кейде жұртқа сигареттер үлестіру атмосфераны сейілтетін, нәтижесінде әңгіме пайдалы болып шығатын.

Еңбекақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды төлеу үшін біз Ресейден ақша сатып алуға мәжбүр болдық. 1992 жылдың бірінші жартысына дейін Ресейдің Орталық банкісінен ақша қаражатын біз тегін алып тұрғанбыз. Бірақ кейіннен бюджеттер бөлінгенде рубльді сатып алуға тура келді. Ақшаны сатып алуға Қазақстан бюджетінде қаражат жетпегендіктен, ел оның тапшылығын бірден сезінді. Біз рубльді қарызға (несиеге деп те айтуға болады) алатынбыз. Артынан Ресей біздің 1,5 миллиард долларға қарызданғанымызды айтты. Бірнеше жылдар өткеннен кейін барып, «Байқоңыр» айлағы үшін есептескенде ғана осы қарызды жаптық.

Төлемдер жүйесі бірден-бір арна – Қазақстанның Ұлттық банкісінің Мәскеудегі корреспонденттік есепшоттары арқылы ғана қызмет жасады. Қазақстан өзінің төлем құжаттарын Алматыдағы Ұлттық Банкке жіберіп отырды, өйткені ол кезде бірде-бір коммерциялық банк шетел банктеріне шыға алмайтын. Сол кезде-ақ елде 200-ге жуық коммерциялық банктер болғанымен, олардың барлығы да шағын болатын. Олардың бірде-біреуінің өкілдіктері не Мәскеуде, не басқа бұрынғы одақтық республикаларда болған жоқ. Тіпті олардың Мәскеудегі коммерциялық банктерде корреспонденттік есепшоттары да болмады. Осындай байланыстардың болмауынан Қазақстан мен Ресей арасындағы төлемдер бүтіндей тоқтады. Аударымдар мен төлемдер, кейбір жағдайларда, жарты жылдан астам жүрді. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан төлем тетіктері қас-қағымда жоқ болды. Аударымдардың барлық ауыртпалықтары ол кездерде республикалар арасындағы және халықаралық барлық есеп айырысуларды қамтамасыз етуге дайын емес Ұлттық банктің иығына түсті.

Ал өмір бір орнында тұрмады. Қондырғылар мен өнімдерді тасымалдап жеткізу ісі жалғаса берді. Осыдан келіп, есеп айырысулардың көлемі орасан зорайып өсе берді. Қазақстанның барлық облыстарынан Ұлттық банктің бас офисіне аударымдар туралы тонналаған корреспонденциялар түсіп жатты, оның тасқынын ауыздықтау өте қиын болды. Бұрынғы КСРО елдерінің мемлекетаралық барлық есеп айырысулары рубльмен жасалынды. Барлық ақша-несие саясаты Ресейдің Қаржы министрлігінің және Орталық банкінің қолында болды.

Шаруашылыққа қатысты төлемдерден басқа, Одақтың бүкіл жинақ жүйесі де Мәскеуге барып тірелді. Азаматтардың барлық жинақ банкілеріндегі салымдары Мәскеудегі КСРО Орталық жинақ банкісінде сақталынды. Яғни Жинақ банкісіне салған біздің ақшаларымыз бірден Мәскеуге кетіп жатты.

Егер біреу өзінің салымдарын қолма-қол ақшаға айналдырып алғысы келсе, керекті соманы Мәскеуден сұратуға тура келді. Сондықтан сол кездерде өз салымдарын жоғалтып алған адамдар, жоғалтқан ақшаларының Мәскеудегі жинақ кітапшаларында қалып қойғанын, олардың Қазақстанға қайтарылмағанын ұмытпаулары керек. Қазақстан үкіметінің бұл жерде кінәсі жоқ. Біздің адамдар ақшаларын Ресейден қайтартып ала алмағаннан кейін, бұл қарыздарды біздің қайтаруымызға тура келді.

## РЕСЕЙ РЕФОРМАТОРЛАРЫ

Одақтың бір бөлігі бола отырып, біз Мәскеудегі болып жатқан оқиғаларға бейтарап қарап отыра алмадық. 1991 жылғы тамыз бүлігіне дейін-ақ Одақ пен Ресей үкіметтерінің арасындағы текетірес әбден шегіне жеткен еді. Одақтық бюджетке салық түсімдерін аударудан бас тартқан және өзіндік экономикалық бағдарламаларын жасай бастаған Прибалтика республикалары мен Украина үсті-үстіне «отқа май құйып» отырды. Сонымен бірге, одақтық министрліктерде «түсініп болмайтын, қым-қуыт» жағдай қалыптасты. Сол кезде-ақ біртұтас тетіктер мен қалыптасқан жұмыстан ештеңе қалмады.

*«КСРО-ның ыдырауы қарсаңында оның номиналданған конверттелетін валютадағы сыртқы қарызы 76 млрд АҚШ долларына, ішкі валюталық қарызы 5,6 млрд көлемінде өсіп, клиринг операциялары бойынша борыш 29 млрд АҚШ долларына дейін жетті. Алтын валюталық резерв шұғыл кеміп, мемлекет өмір сүрген уақыттың ішінде бірінші рет алтын қоры 300 тоннадан (1992 жылы 1 қаңтарға 289,6 тонна) кем болды. Орталықтандырылған экспорттан түсетін валюталық түсімдердің орталықтандырылған импортты төлеу үшін сыртқы қарыздарды жабу үшін жетіспейтін*

айырмашылығы 1992 жылдың 10 айында 10,6 млрд АҚШ долларына тең болды. Осы тапшылықты жабу үшін соңғы одақтық үкімет алтын қорының 3,4 млрд долларға тең болатын бір бөлігін сатып жіберді және кәсіпорындардың, ұйымдардың, жергілікті өкімет органдарының КСРО Сыртқы экономикалық банкісіндегі есепшоттарда сақтаулы 5,5 млрд АҚШ долларына тең, валюталық қаржыларын және жұмсап қойды.

Бұрынғы КСРО-ның республикалары осы кезде іс жүзінде ақшаның орнына жүретін баламаларды (талондарды, сатып алу карточкаларын, көбірек пайдаланылатын купондарды және т.б.) енгізуге кірісті, ал кейбір жағдайларда (Украина, Эстония, Латвия, Литва) толыққанды ұлттық валюталарды енгізуге дайындықтар басталды. Бұл айналымдағы ақша ауқымын өсіріп, оны Ресейдің территориясына қарай ығыстырды, сөйтіп мұндағы онсыз да күрделі қаржы жағдайын тіпті шиеленістірді.

Тапшылық дәрежесіне іс жүзінде тауарлардың барлық түріне жуығы көшті. Халықтың ақшалай салымдарымен тауар қорының қатынасы (1970 жылмен салыстырғанда 5 есе және 1985 жылға қарағанда 2 еседен астам) төмендеді. Бөлшек саудадағы тауар қоры ең төменгі рекордтық көлемге дейін түсті.

Барлық салаларды және басқару жүйесін толық қамтыған тұралаудың нәтижесінде азық-түлікпен жабдықтау іс жүзінде біржола қирады. Сонымен, 1992 жылдың қаңтарында азықтық астықтың (импортсыз) қоры 3 млн тонна шамасында төмендеді, ал бұл кездегі елдің ай сайынғы сұранысы 5 млн тоннадан артық болатын.

Соған қарамай, шеттен әкелінген астық тиелген кемелер Ресей порттарында түсірілуін күтіп, қаңтарылып тұрды, себебі, тасымал үшін және кемені жалдағаны үшін берілетін валюта болмады. Кредиттік жүйелер ашылмады, себебі

бұрынғы КСРО-ның бірінші класты қарыз алушы ретіндегі жақсы атына үлкен нұқсан келді.

Елдің барлық қалаларында қатаң карточкалық жүйе енгізілді. Негізгі азық-түлік тауарларының – ет өнімдерінің, мал және өсімдік майының, макарон өнімдерінің, қанттың, тұздың, сіріңкенің, алкоголь ішімдіктерінің, сырдың, сүт тағамдарының, темекі және кондитерлік тағамдардың және т.б. сатылуына шектеу қойылды. Көптеген жағдайларда әрбір адамға ай сайын тауар босатудың мөлшері 1991 жылдың соңына қарай былай болды: қант – 1 кг, ет тағамдары (жартылай фабрикаттарды қосқанда) – 0,5 кг, сары май – 0,2 кг. Осы мөлшердің өзі де орындалмады, сондықтан да жабдықтау кепілді болған жоқ, талондар бірнеше ай бойы тауарға айырбасталмай жатып қалатын және олар бойынша тауар алуға орасан зор кезектер пайда болды».

**Дерек көзі: «Очерки экономической политики посткоммунистической России (1991–1997)», 1998 ж. ([http:// www.iet.ru/ publics/1000/1000. html](http://www.iet.ru/publics/1000/1000.html))**

Әлсіреп бара жатқан одақтық аппаратпен салыстырғанда РКФСР Үкіметі әлдеқайда қуатты болып көрінетін. Сонымен бірге, оның өзінде де іс жүзінде бірлік жоқ еді. Оны 1993 жылы күзде өрістеген оқиғалар мен 1994 жылғы бірінші шешен соғысының нәтижелері көрсетіп берді. РКФСР Жоғарғы Кеңесінде орын алған уәдені үйіп-төгіп берушілік пен босдаурығу толқынында Ресей Үкіметіне әртүрлі сыңайдағы көптеген саясаткерлер мен экономистер еніп кетті. Мұнда «нарықтың көлегейлі қолынан» дәмелі барып тұрған монетаристі де, «Ресей экономикаға қосымша ауыр жүк болып тұрған, оның (Ресейдің) әлеуметтік-экономикалық қайта жаңғыруын бұзатын «масыл» республикалардан құтылғаннан кейін өзінің бұрынғы қуатына, қайтып келеді» деп ойлайтын ашық ұлтшылдарды да

кездестіруге болатын. Сонымен бірге, сол бір кезеңде көптеген стратегиялар мен бағдарламалардың ішінен, Мәскеудің ғылыми маңғаздарын әлі күнге даурықтырып келе жатқан бәсекелес екі бағдарлама анық суырылып шықты. Олар: Григорий Явлинскийдің «500 күн бағдарламасы» және Егор Гайдардың кейіннен «Бағдарлама-91» деп аталған «Өтпелі кезеңдегі Ресейдің стратегиясы» еді.

«500 күн бағдарламасы» қазір бұрынғыға айналған КСРО-да бірінші рет адамның жеке меншікке құқықтылығының принциптерін енгізді. Бағдарлама еркін экономикалық қызметке, табыстың өсуіне және әлеуметтік кепілдіктерге құқықтылықты мойындады. Кәсіпкер экономиканың негізі болып жарияланды. Республикалардың экономикалық егемендігінің құқығы мойындалды. «Біртұтас экономикалық кеңістік» ұғымы тұңғыш рет айналымға енгізілді.

Явлинский бағдарламасының айрықша белгісі оның Одақты сақтап қалуға бағытталуында еді. Республикалардың экономикалық егемендіктері мойындалды, ал өзара қарым-қатынастар орталық пен республикалардың тең қатынастарына негізделді. Бірегей валюта одағын сақтау көзделді, ал одақтық бюджетті ұлттық жалпы өнімнің жан басына шаққандағы мөлшеріне сәйкес құру жоспарланды.

Бағдарламада көрініс тапқан идеялар мен оптимизм көптеген жағдайларда қазақстандықтарға ұнап еді. Ішкі саяси және экономикалық жағдайды есепке ала отырып, мен Одақты Дербес республикалардың конфедерациясына айналдырып реформалауды ұсындым. Орталықпен қарым-қатынас жасаудың көптеген тетіктерін нақ осы республикалардың кең дербестігі идеологиясына біз бағдарлама жасалып жатқан кезде-ақ енгізіп қойған болатынбыз. Григорий Явлинскийдің өзі Ресей Үкіметі басшысының орынбасары болып тағайындалды. Өзгелерді былай қойғанда, мен Явлинскийді өзімнің экономикалық кеңесшім етіп тағайындадым. 1991–1992 жылдардың бо-



йында оның тобы ҚазКСР Министрлер Кабинетімен жемісті еңбек етті. Бұлар өз ісінің нағыз білгірлері еді. Олар бізге жалпы аласапыранда өз іс-қимылымызды реттеп алуға көмектескенін айтуым қажет.

Егор Гайдардың Экономикалық саясат институтының бағдарламасы әуелден-ақ Ресейдің басқа республикалардан саяси және экономикалық тәуелсіздігін көздеді. Гайдардың тобы менмендікпен өз аргументтерін: Ресей шаруашылықты реформаландыруда бұрынғы КСРО территориясында «көш-басшы» бола отырып, «кейіннен ешбір республика оған қосылмай қоймайтындай» дербес, жылдам және толыққанды реформаларды іске асыру керек дегенге негіздеді.

Олар Ресейдің экономикалық дамуының мүдделерін анықтағанда, оны Одақты сақтап қалудан жоғары қойды. Олардың мұндай саясатты Б. Ельциннің қолдауынсыз жүргізе алмайтыны анық еді. Ең басынан-ақ Ресейдің өзінің дербес ақша саясаты, меншікті ұлттық валютасы, өзіндік баға, салық және бюджет саясаты болуы қарастырылды. Олардың пікірінше, сол кездегі одақтық қатынастардың қолданыстағы және жаңадан ұсынылып отырған принциптері мен тетіктерінде болашақ жоқ деп есептелді. Дербес реформалар бірқатар республикааралық мәселелер мен республикалардың мүдделерін келістірудің күрделі процесін елемеуге мүмкіндік берді. Қазақстанның Одақты конфедеративтік негізде сақтауға тырысуы «өзінің экономикасын Ресей есебінен қалпына келтіру» деп бағаланды.

*«Қарапайым тілмен айтқанда, одақтық саяси құқықтық мұраны жекешелендіру барысында, Ресейлік қаржы-экономикалық қорларды қоғамдастыратын «дереу саяси тәуелсіздік беру жағдайындағы экономикалық одақ» сұлбасы, шын мәнінде, басқа республикалардың мүдделеріне сәйкес келді. «Өтпелі кезеңде саяси одақты сақтай отырып, экономикалық тәуелсіздікке жылдам жету» сұлбасы Ресейдің мүдделеріне сәйкес келді.*

*Тарихи дамудың осы кезеңінде саяси-экономикалық қисындаманың өзі Ресейді бұрынғы КСРО территориясындағы шаруашылықты реформалаудың көшбасшысы жасады. Ресей бұрынғы КСРО-ның экспорттық әлеуетінің басым бөлігіне ие, демек, сыртқы қарыздарға байланысты міндеткерліктерге жауапкершілікті тек ол ғана өзіне ала алады, ал мұның өзі оған алтын валюталық авуарларды, шет елдердегі меншікті иеленуге және шет мемлекеттердің Кеңестер Одағына қарызын өзіне алуға мүмкіндік береді. Ресей батыстағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарының табиғи әріптесіне айналды.*

*Ресей – аса кең ішкі рыноктың, дамыған елдерге оп-оңай бағдарлауға болатын экспорттық базалық қорлар әлеуетінің иесі. Бұл оған көп жағдайда осындай мүмкіндіктері жоқ басқа республикалардың экономикалық саясатын әкеліп байланыстырады. Сонымен бірге Ресей көлік, коммуникация және энергетика жүйелерін басқарудың материалдық және кадрлық базасына ие бола отырып, республикалараралық өндірістік инфрақұрылымның негізгі компоненттеріне де бақылау жасайды.*

*Гайдардың Экономикалық саясат институтының бағдарламасы әу бастан әскерді, Ішкі істер министрлігін және т.б. маңызды одақтық құрылымдарды тікелей қаржыландыру арқылы Ресейден қайта бөлінетін ресурстарды азайтуды көздеді, рубльдің конверттелуіне өтер кезде, оған Ресейдің ұлттық валютасы ретінде қолдау көрсету талабы алға қойылды және ақша айналымына ресейлік бақылауды орнату ойластырылды».*

**Дерек көзі: «Очерки экономической политики посткоммунистической России (1991–1997)», 1998 ж. ([http:// www.iet.ru/ publics/1000/1000. html](http://www.iet.ru/publics/1000/1000.html))**

Нарықтық қатынастарды кезең-кезеңімен жекешелендіру және монополиядан айыру арқылы біртіндеп қалыптастыруды және содан кейін барып қана экономиканы ырықтандыруды ұсынған Явлинскийге қарағанда, Гайдардың бағдарламасы «Ресейлік емес ақша ұсынымдарын кесіп тастайтын, Ресейдің ұлттық валютасының енгізілуі негізгі элементі болып табылатын макроэкономикалық тұрақтандырудың қуатты тетіктерін бір мезгілде іске қосу арқылы кең ауқымдағы бағаны ырықтандырудың» іске асырылуын қарастырды.

Гайдар мен оның тобының жариялаған көзқарастары сол кездегі көпшілікке мәлім болған «неолиберализмге» жататын. Аздаған шегініс жасайын. Неолиберализм жаһандық үстемдікке ұмтылған, жетекші идеология ретінде «оңшылдардың қайтып келуі» деп аталатын кезеңнен – Ұлыбританияда Маргарет Тэтчердің және АҚШ-та Рональд Рейганның билікке келуінен бастап көпшілікке әйгілене бастады. Ол кездерде Батыстың өнеркәсібі дамыған елдері экономикалық төменгі өсумен және жоғарғы деңгейдегі инфляциямен байланысты дағдарыста болатын. Экономикалық ортада проблемалар мемлекеттердің тиімсіздігінен және «жалпыға бірдей игілік мемлекеті» концепциясынан бас тарту қажеттігінен көрінді. Осыған байланысты оңшылдар «мемлекет азырақ, рынок көбірек болсын» деген қағиданы енгізуді ұсынды. Басқаша айтқанда, рынок мемлекеттің араласуынсыз барлығын өзі реттейтін жүйе ретінде түсіндірілді. Ең бастысы, рыноктың өзіндік реттеу үдерісіне кедергі келтірмеу керек, сонда бәрі өзі қалпына келеді деп есептелді.

Кейбір реформаларды батыста пайдаланып көргеннен кейін, неолиберализмнің идеялары халықаралық қаржы институттары және халықаралық қаржы көмегі арқылы Африка мен Латын Америкасындағы дамушы елдерге таратылды. Бұл елдер, берілетін қарыздармен бірге, оларды алудың шартта-

рының бірі болып табылатын, «рецептер пакетін» қабылдауы тиіс болды; олардың құрамына жекешелендіру, құрылымдық өзгерістер, оңтайландыру, мемлекеттің экономикалық реттеуден барынша алыс кетуі кіретін болды.

Әділет үшін осы ұсыныстардың нақты бір елге байланысты тиімділігінің әртүрлі болғандығын айтуымыз керек. Мысалы, Африка мен Латын Америкасының елдері мемлекеттік реттеуден бас тартып, экономикалық еркіндікке жол бере отырып, өз өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамудың қалыпты деңгейін қамтамасыз ете алмады. Оның есесіне, Еуропаның, Солтүстік Американың және Таяу Шығыстың елдеріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс-әрекетіне мемлекеттің белсенді түрде араласуы, жылдам экономикалық өсудің негізінде бұл елдердің өз азаматтарына жеткілікті түрдегі қалыпты өмірді қамтамасыз етуіне мүмкіндік берді.

1990-шы жылдардың басында КСРО-ның құлауымен байланысты қалыптасқан идеологиялық вакуумды неолиберализм толықтырды. Осы кезеңде экономикалық дағдарыс жағдайында болған бұрынғы социалистік мемлекеттер либерализм идеясын барлық проблемаларға қарсы қоюға болатын панацея деп қабылдады. Вашингтон консенсусының шын мәнінде іске асуының нәтижесі көп жағдайда халықаралық басты қаржы ұйымдарынан – Халықаралық валюталық қордан, Дүниежүзілік банкіден, АҚШ халықаралық даму агенттігінен, шын мәнінде АҚШ бақылау жасайтын Америкааралық даму банкінен алған қолдауына байланысты болды. Осыған және т.б. себептерге (Халықаралық валюта қорының қарыздарына тәуелділік, тәжірибесіздік, арнайы білімнің аздығы және т.б.) байланысты бұл елдер Вашингтон консенсусының рецептерін әртүрлі дәрежеде қабылдады.

Бірқатар елдердің саясаткерлерінің, әсіресе Ресейдің осы идеологияны қабылдауы нәтижесінде реформалар интенсивті сипат алды. Посткеңестік кеңістікте неолибе-

рализм реформасын іске асыруда, оның ішінде өзінше бір «неолиберализмнің шеберханасы» болған Чикаго университетінде оқып қайтқан Гайдар сияқты «Чикаго балалары» деп аталатындар көшбасшылар болды. Сонымен бірге олар бүтіндей рыноктық тетіктердің табиғатындағы тұрақтылықты және өзін-өзі реттеуге қабілеттілікті уағыздаған Фридрих фон Хайек пен Милтон Фридменнің неолибералдық доктриналарының позициясында тұрды.

1990 жылы 12 маусымда, КСРО-ның құлауынан бір жылдан астам бұрын, Ресей өзінің егемендігін жариялады. Сонда кімнен? КСРО мен Одақтық республикалардан. Басқа кімнен болушы еді? Бұл үлкен елдің ыдырауының басталуының алғашқы кезеңі болды. 1992 жылы маусымда Ресейдің Бірінші Президенті Борис Ельцин өзінің экономика саласындағы кеңесшісі Егор Гайдарды Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы міндетін атқарушы етіп тағайындады. Сөйтіп, Ресейдің саяси және экономикалық дербестігіне түпкілікті қадам жасалды. Келесі қадам Гайдардың Премьер-министр қызметіне бекітілуі болатын, ол үшін ол Жоғарғы Кеңес депутаттарының қолдауын алуы тиіс еді. Бірақ та Ресейде кереметтей апатты жағдай қалыптасқандықтан, Жоғарғы Кеңес Гайдардың кандидатурасын бекітпеді. 1992 жылдың соңына қарай бұл қызметке Виктор Черномырдин тағайындалды.

Жаңа Премьер тағайындала сала Алматыға келді. Біздің арамызда болған әңгіме достық жағдайында өтіп, екі сағаттан астам уақытқа созылды. Ол менімен көп ақылдасты. Бұл әңгіме, шындықты айтсам, рубль аймағын сақтап қалу жөнінде маған кейбір сенім берген еді. Бірақ та, өкінішке қарай, менің күткендерім ақталмады.

Бұл кезде экономикалық жағдай қиындай түскен. 1992 жылы 1 қаңтарда Ресей басшылары енгізген бағаны ырықтандыру өзінің «алғашқы жемістерін» бере бастаған еді. Қазақстан, өз тарапынан, бұған қарағанда әлдеқайда икемді

позицияны ұстана отырып, бағаны бірсәттік ырықтандырудан қашуға және оның жағымсыз салдарын болдырмау үшін, мүмкін болғанынша, мұндай шешімді қабылдауды соза тұруға тырысты. Өйткені Қазақстанның Ресеймен бүтіндей бір кешенді экономикалық байланыстары бар еді. Бірақ жағдай өз талаптарын қойды. Азық-түліктің бірінші қажеттегі, қатаң шектелген кейбір негізгі бөлігіне ғана тиіскізбей, бағаны босатуға біз де мәжбүр болдық. Бұлай істемегенде бағаның сәйкессіздігі кесімді бағасы бар тауарлардың тапшылығының себебіне айналуы мүмкін еді, бұл өз тарапынан бюджетке түсетін салмақтың өсуіне алып келетін. Бір жағынан, біз бағаны сатылап ырықтандырудың ақшаны құнсыздандыру ықтималдығымен де қауіпті екендігін түсіндік. Мұндай жағдайда экономиканың тұрақтануын күтпесе де болатын.

Экономикадағы бұлталақтау саясатының мысалы Ресей-дің Орталық банкі болды. Оның міндеттерінің нақты бекітілмеуі Орталық банкті Үкіметке және Жоғарғы Кеңеске екіжақты бағынуға мәжбүрледі. Мұндай жағдайда Ресей Үкіметінің экономиканы тұрақтандыру жөнінде тиімді саясат жүргізуге шамасы болмады. Бұл тіпті, бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік банкінің барлық қызметінің Ресейдің Орталық банкіне өткеніне қарамастан және тек Ресейдің ғана ақша эмиссиясын жүргізуіне және оның барлық одақтық республикаларды ақшамен қамтамасыз етуіне қарамастан осылай болды. Ресей қолма-қол ақшаны республикалардың қажетіне қарай емес, өз қалауы бойынша бөліп отырды. Ақшаның шамадан тыс құнсыздануы жағдайындағы қолма-қол ақшаға деген сұраным бағаның тоқтаусыз өсуіне тепе-тең жағдайда өсті. Қазақстанның Министрлер Кабинетінің бюджеттен төленетіндерге индексацияны кешеуілдетуіне қарамастан, қолма-қол ақшаның болмағандығынан қарыз жаңа жауған қардай өсе берді. Бұл тіпті кесімді еңбекақылар мен зейнетақыларды да қамтыды.

Ресей экономикалық саясатының болжаусыздығынан туындаған ахуал, бір жағынан, Президент пен Ресей Үкіметінің және, екінші жағынан, Жоғарғы Кеңестің арасындағы текетірес нәтижесінде пайда болған қос өкімет жағдайында одан сайын тереңдей түсті. Мәскеу Ресей аймақтарына да, сол сияқты одақтық республикаларға да қайшылықты ақпараттар беріп жатты.

Қолма-қол ақшамен қамтамасыз етуде үлкен қиындықтарға тап болған біздер, экономиканың жалпы қажеттіктерін айтпағанның өзінде, қайта-қайта Мәскеуге барып, ең болмаса жұрттың еңбекақыларын төлеуге қажет ақшаны «зорлап» алып келуге мәжбүр болдық. Бұндай барып-келістер 1992 жылдың жазы мен күзінің өн бойында жүрді.

Бұрынырақ, біртұтас рубль аймағының сақталуын қолдай отырып, Қазақстан, посткеңестік кеңістіктегі басқа да мемлекеттер сияқты, оны аймақта қаржы тұрақтылығын сақтаудың және әлі де болса қызмет жасап тұрған жекелеген кәсіпорындар арасындағы, сондай-ақ мемлекетаралық деңгейдегі экономикалық және шаруашылық байланыс құралдарының бірі деп білген еді. Бірақ 1992 жылы шілдеде Үкіметтегі және Ресей Орталық банкісіндегі Гайдардың командасы мәселеге біржақты келе отырып, қолма-қол ақшасыз айналымды мемлекет субъектілерінің арасында бөліп беруді енгізді. Қолма-қол ақшасыз айналымға бөлудің мәні мынада болып шықты: рубль аймағына кіретін мемлекеттердің орталық банкері Ресейдің Орталық банкінде корреспонденттік есепшоттарын ашады, солар бойынша айналым техникалық несиемен шектеледі. Ал енді техникалық несиені жаба алмаған жағдайда, өзара есеп айырысулардың сальдосы сол елдің Ресейге бересі мемлекеттік қарызына айналады. Бұлай жасау әділетсіздік болды. Бұл жерде «күштінің құқығы» жұмыс істеді, ал қалғандарына осындай кіріптар талаптарды сөзге келмей қабылдау ғана қалды. Қайдағы бір

қағаздар үшін біз үлкен сомалар төлеуге мәжбүр болдық. Осы кіргізілген жаңалықтан кейін біраз елдер – Белоруссия, Молдавия және Закавказье республикалары қолма-қол ақшамен қамтамасыз етудің және артық төлейтін ақшаның қиындықтарын ескере отырып, өздерінің ұлттық валюталарын немесе олардың баламаларын енгізді.

Ресейдің экономикалық саясатының сол кезеңдегі тағы бір «ерекшелігі» – олардың қолма-қол ақшасыз айналымды бөлу туралы шешімдері рубль аймағына кіретін мемлекеттермен келіспей қабылдануында және оның жаңа тәртіпті енгізуге 10 күн қалғанда ғана жариялануында болды. Мүмкін, Ресейдің қаржы жүйесі бірдеңе ұтқан да болар, бірақ мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасындағы өзара есеп айырысудың схемасы төлемдердің жүруінің жарты жылға дейін бәсеңдеуіне, құжаттардың жоғалуына және толып жатқан түрлі жасанды төлем тапсырыстарының таралуына алып келді. Біз үшін бұл тиімсіз жұмыс жасап отырған біртұтас рубль аймағында біздің республиканың қалу-қалмау мүмкіндіктері туралы бізді бірінші рет қатты ойландырған алғашқы дабыл болды.

Ресеймен арақатынасымыздағы барлық қиындықтарға қарамастан, бізге біртұтас рубль кеңістігінен бас тарту қиын болды. Өйткені рубльмен іске асырылатын төлемдерде, іс жүзінде, біздің барлық кәсіпорындардың, өңдеуші және өндіруші өнеркәсібіміздің бүкіл қызметі байланысып жатты. Кәсіпорындардың арасындағы қалыптасқан байланыстарды қас-қағым сәттің ішінде үзгіміз келмеді. Сонымен бірге ұлттық валютаны енгізу үшін уақыт және белгілі дәрежеде қаражат керек еді. Естеріңізге салайын, ТМД-ны құру барысында «Беловежье отырысынан» кейін, ТМД-ның барлық басшылары, оның ішінде Ресей де бар, жақсы уақыттар туғанша барлығымыз да рубль аймағында қаламыз және ештеңе өзгермейді деп ант-су ішкен болатын.



Экономикалық сипаттағы мәселелерден басқа, адам факторы да үлкен маңызға ие болды. Көптеген қазақстандықтардың (айта кету керек, тек орыс ұлтының ғана емес) Ресейде жанұялары, туыстары, достары болды – және, әрине, бұл адамдар үшін Одақтың құлауы осы байланыстардың жойылуы деген сөз емес еді. Біз Ресеймен байланысты үзгіміз келмеді – ал Ресейдегілер мұны түсінгілері келмеді. Біз көп жағдайда Ресей экономикалық блогының басты шенеуніктерінің біздің мәселелерімізді және оларды шешу үшін ұсынған жолдарымызды ұқпаудың меңіреу тас қабырғасына тап болдық.

*«Рубль аймағын жою және Ресейдің ұлттық ақшасы мен валюта жүйесін орнықтыруға жасалған алғашқы қадам – Ресей Орталық банкіне енгізу бұрынғы одақтас республикалардың орталық банктерінің корреспонденттік есепшоттарын енгізу арқылы қолма-қол ақшасыз айналымын бөлуді – 1992 жылдың шілдесінде ғана іске асыруға мүмкін болды. Қалған шаралар ұзақ енгізілді, ТМД елдерінің Ресеймен сауда жасау үшін техникалық несие дегендерді беру тәжірибесі тек 1993 жылдың сәуірінде ғана тоқтатылды. Бұл саяси реализмнің көрінісі еді, өйткені іс жүзінде ақша жүйесін бөлу алғашында қарастырылғаннан әлдеқайда көп уақытты талап ететін және бұл жұмыс бірнеше кезеңнің ішінде бірталай қиындықтармен іске асырылды. Бұл көп жағдайда Ресейдің, бұрынғы КСРО республикаларының өнеркәсіпшілерінің және Руцкойдан бастап Явлинскийге дейінгі кең шеңбердегі Ресей саяси күштерінің мүдделік қолдауларына байланысты болды. Өкінішке қарай, бастапқы кезеңде рубль аймағының адвокаттары қатарында Халықаралық валюта қоры мен Еуропалық қауымдастық комиссиясы сияқты беделді ұйымдар да болды...»*

Дерек көзі: «Очерки экономической политики посткоммунистической России (1991–1997)», 1998 ж. ([http:// www.iet.ru/ publics/1000/1000. html](http://www.iet.ru/publics/1000/1000.html))

Ақиқатында, Қазақстан белгілі бір уақытқа болса да, рубль аймағын сақтау жағында болды. Біз сол Гайдардың әріптестері жазған «КСРО-ның бұрынғы республикаларының мүддешіл – өнеркәсіпшілерінің» нақ өздері болатынбыз, өйткені, біздің артымызда «Қарметкомбинат», «Қазтүстімет», «Қаркөмір» сияқты және т.б. кәсіпорындардағы көп мыңдаған ұжымдардың тұрғанын сезіндік, ал олар бір күннің ішінде жұмыссыз қалып, тіршілік қаражаттарынсыз қалуы әбден мүмкін еді.

Ресей Үкіметімен, әсіресе оның 1992 жылы бүтіндей қалыптасып болған реформаторлық қанатымен (Гайдар, Шохин, Федоров, Шахрай және т.б.) келіссөздер жүргізу қиындай түсті. Бұлардың көпшілігі әлі де еркін Ресейдің «ұлы болашағымыз» деп масайрап жүрген. Көптеген келіссөздерде олар, Ресей үшін дотациялық Қазақстан түріндегі «масылды» сілкіп тастау керек, олар ешқайда кетпейді, біраздан кейін ешқандай да саяси кепілдік, саяси дербестік сұрамай, өздері-ақ «жалынып-жалбарынып» жетеді деп ашықтан-ашық түсінетіндей айтып жүрді. Біздің «еңбектеп, қайта оралуымыз», олардың шарттары негізінде Одақты қайтадан қалпына келтірудің бір жолы ретінде қарастырылды. Олардың барлығын өздері қиратқанын ескеретін болсақ, бұл өте таңқаларлықтай жағдай еді.

Тіпті Гайдардың Ресей Үкіметі Төрағасы қызметінен кетуінің де Ресейдің бұл бағытына ешқандай ықпалы болмады. Қазақстанның экономикасына аса ауыр болған 1993 жыл басталды.

Егер де Ресейден келетін қолма-қол қаржыны бөлу 1992 жылы рубль аймағына кірген республикалар арасын-

да азды-көпті тепе-тең жағдайда іске асырылса, ал 1993 жылы Ресейдегі экономикалық блокқа жауапты тұлғалар, Қазақстандағы әлеуметтік-саяси жағдайға тікелей немесе жанама түрде ықпал жасай отырып, өз міндеттерін басымдылық жағдайында шешіп, Қазақстанға бөлінетін қолма-қол ақшаны ұстап қалуды шығарды. Көктемге қарай біз жалпы ақша алу-ды тоқтаттық. 1993 жылдың мамырында Ресей Үкіметі ТМД елдеріне техникалық несие беруді бүтіндей тоқтату туралы шешім қабылдады.

Одан әрі, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы қолма-қол өзара есеп айырысуды бөлумен қабат, Сібір мен Қиыр Шығыста айырбастау және жаңа банкноттарды енгізу операцияларын бастаған Ресейдің Орталық банкі, 1993 жылдың үлгісіндегі жаңа банкноттарды басып шығаруға кірісті. Келіссөздердің барысында, Ресей жағы бізді, жаңа банкноттар – бұл рубль аймағының қолма-қол ақшалары және валютасы болады, сол жаңа банкноттарды басу кезінде Қазақстанның мүддесі мен сұранымдары есепке алынды, Кеңестер Одағының (1961–1962 жылдарда шығарылған) банкноттары бір сәтте тәркіленіп айырбасталмайды деп сендірді. Сондай-ақ жаңа банкноттарды енгізу есебінен, рубль аймағына кіретін Қазақстанның және басқа да мемлекеттердің КСРО банкноттарына деген ағымдағы сұранысы бұрынғыдан да жақсы қанағаттандырылады, ал рубль аймағын құру барысында ескі банкноттарды Ресей банкінің банкноттарына айырбастау іске асырылады деп тағы да сендірді.

Виктор Черномырдиннің 1993 жылы қаңтарда Давостағы экономикалық форумда маған берген уәдесіне қарамастан, Ресей Қазақстанға қалай болғанда да жаңа банкноттарды бермеді. Ал мұның өзі еңбекақы жөніндегі қарыздың жағдайын одан сайын ушықтырып жіберді, өйткені ол кезде Гознак фабрикаларының барлық қуаты Ресейдің жаңа валютасын басып шығаруға жұмылдырылып жатқан.

1993 жылдың маусымына қарай Ресей Үкіметімен рубль аймағын құру жөнінде жүргізілген келіссөздер біржола тығырыққа тірелді. Түптеп келгенде, рубль аймағының ескі концепциясынан бас тартып, жаңа құжат жасауға шешім алынды. Бірақ осы жерде ешкім де ойламаған, тіпті алдын ала келісімдердің шеңберіне де сыймайтын бір жағдай туындады. Рубль аймағына қатысушы елдердің арасында: егер де бірде-бір мемлекет рубль аймағынан шығып, өзінің валютасын енгізісі келсе, ол бұл жөнінде үш ай бұрын басқа мемлекеттерді ескертуі керек деген арнайы келісімнің болуына қарамастан, Ресей 1993 жылдың 1 шілдесінен бастап іс жүзінде өзінің ұлттық валютасын енгізді, оның бұдан бұрын барлық рубль кеңістігінде қолдану мақсатында басылады деп сендіріп келген жаңа үлгідегі рубльдері осы болып шықты.

29 маусымның сенбісінде таңертең Виктор Черномырдин маған телефон шалып, бұл оқиғаны болып қойған факты ретінде хабарлағаны әлі есімде. Осымен бірге Ресей екі апталық мерзімнің ішінде, дәл осы кезде Ресейдің валютасына айналған рубльді пайдалану негізінде, ұжымдық ақша жүйесінің принциптік және техникалық мәселелерін қарастыруға арналған келіссөздер жүргізуге дайын екендіктерін мәлімдеді. Ол жаңа түрдегі рубль аймағын құруға қатысты, нақты іс-шаралар туралы келісімге қол қоюға дайын екендігін және артынан оны мүдделі болған мемлекеттердің парламенттері ратификациялауға тиіс екенін айтты.

Шын мәнінде олар бізге енді тек Ресейдің ұлттық валютасына тәуелділік жағдайындағы – қолма-қол рубльдің көмегімен – айла-шарғының сол бұрынғы тетіктерін қайта қалпына келтіруді ұсынды. Бұл қадам Ресей көшбасшыларына деген біздің сенімімізді жоққа шығарды, сөйтіп «монетарлық сатқындықтың» көлеңкесі біздің қарым-қатынасымызда көпке дейін сақталатын болды.

Мемлекеттер өз валюталарын енгізгенше рубль аймағын сақтай тұру туралы ТМД шеңберінде қол қойылған келісім-шарттың болуына қарамастан, ең басынан-ақ Ресей бұрынғы КСРО республикаларын рубль аймағынан итеріп шығаруға тырысты. Мен мұны сол кездерде барып тұрған әділетсіздік деп есептедім және әлі де солай деп есептеймін. Біз Ресейге сенетінбіз және біздің тату көршілік өзара қарым-қатынастарымызға да сеніммен қарайтынбыз. Қазақстан үшін бұл қадам төбеден жай түскендей болды, өйткені тұрғындардың 30%-ға жуығы орыстар еді және Қазақстан Ресеймен тығыз қарым-қатынаста болды. Одан арғы дамудың саясатын анықтай келгенде де мен біздің қарым-қатынастарымыздың нығаюы үшін барлығын жасауға тырыстым.

Аздаған шегініс жасайын. Бүгіндері біздер ТМД, Еуразиялық экономикалық кеңістік, ЕурАзЭС шеңберінде ортақ рынок туралы және біздің елдердің тығыз интеграциясы туралы әңгіме айтамыз. Мұндай интеграцияның соңғы кезеңі баламалық немесе ортақ валютаны енгізу болып табылады. Шын мәнінде біздер бір кездері өздеріміз бастаған біртұтас валюта аймағына қайтып келмекпіз. Мұндай аймақты сол 1991–1992 жылдардың өзінде құруға болушы еді. Ол біздің Одақ ыдырағаннан кейінгі ортақ дамуымыздың негізі және бүкіл аймақтың дүниежүзілік деңгейдегі қазіргі экономикалық интеграциясы мен бәсекеге белсенділігі артуының басы болуға тиіс еді. Бірақ та бұрынғы «одақтас» елдер өзара келісе алмады. Ресей өздеріне бізсіз жақсы болады деп ойлады. Ал егеменді республикалар Ресей экономикалық саясатының ерекшеліктеріне қатысты сол баяғы себептерімен «үлкен ағасына» сенуден қалды. ТМД мемлекеттерімен өзара қарым-қатынастағы Ресейдің бүгінгі қиыншылықтары, олардың бір-біріне сенбеулері және кінә артулары, менің пікірімше, сол кездерде қалыптасты.

Бұл шешімдер стратегиялық жағынан Ресейдің өзі үшін қате және пайдасыз болды деп есептеймін. 1991 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстанның бірінші Премьер-министрі С. Терещенко болды. Оның бұл қызметте КСРО-ның құлауынан кейінгі, Қазақстан үшін аса ауыр дағдарыс жылдарында жұмыс істеуіне тура келді. Оны сол кездегі Ресей реформаторлары қатты ашындыратын. Меншікті бөлісу, ең алдымен Ресеймен арада бөлісу жүріп жатты. Ақша, тауар жетіспеді. Оның атына сын да жеткілікті түрде айтылды. Бірақ ол қолдан келгенінің бәрін адал істеді. Ол апта сайын Ресейге ұшып барады – ылғи келісім жасауға барады, бірақ тауы шағылып кері қайтады. Теңге де соның кезінде енгізілді. Мен оған осы күнге дейін ризашылық сезімдемін. Ол кездерде дұрыс болмағанды бүгін айтудан оңайы жоқ. Бірақ уақыттың өз шартын ұсынатыны белгілі.

Экономикалық реформаларды іске асырудағы Қазақстан тәжірибесінің нәтижелі болғандығын Ресей үкіметінің мойындауы үшін дәл он жыл қажет болды. Соңғы бағалаулар бойынша, Қазақстан жеке секторларда, Ресейдің жетекші экономистерінің көптеген сары уайымға толы болжауларына қарамастан, айтарлықтай табысты реформаларды іске асырды. Ресейдің басты экономистерінің арасына ай салып, бұрынғы Целиноград, қазіргі Астанаға, Қазақстан шенеуніктерімен тәжірибе алмасуға келетіндері, сол кездегі Ресей реформаторларының ойларына да кіріп-шықпаған болар.

*« – Қазақстанның экономикалық реформалар жасау тәжірибелерінің қайсысы, Сіздің пікіріңізше, Ресей үшін қызықты және пайдалы болуы мүмкін?*

*– Іс жүзінде барлығы да. Қай жағын алып қарасаңыз да, барлық тәжірибесі пайдалы: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасы, банк реформасы, электр*

*энергетикасы, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қаржы реформалары. Қазір мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлері бойынша реформа дайындалуда. Осының бәрі өте қызықты болып көрінеді. Шетел инвестицияларын алу, Ұлттық резерв қорын жасау, Ұлттық банктің ақша саясатын іске асыруы – тізім өте ұзын және республиканың әр бағыттағы жеткен жетістіктері әсерлі. Олардың ерекше әсерлі қалдыратын себебі – Қазақстан мен Ресей – көптеген өлшемдер бойынша өте ұқсас елдер: ең алдымен экономика, саясат, адамдар, ортақ тарих, мәдениет, экономикаға, бизнеске көзқарас – осылардың бәрін салыстырып келгенде, Сіздердің тәжірибелеріңіз төтенше пайдалы болып табылады».*

**Ресей Федерациясы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі А. Илларионовтың «Жеті күн» бағдарламасына берген сұхбатынан, Астана, 31 тамыз 2003 жыл**

Бірақ сол бір кезеңде, Ресейдегі саяси және экономикалық ахуалдың дамуындағы тұрақсыздығы мен болжамсыздығын сезіне келгенде жас Қазақстанның алдында екінің бірін таңдау тұрды: не біртұтас рубль аймағын өзінің ойлағанына қарай бақылап және өзгерістер жасап отырған көршіге әлі де үмітпен қарап, ең әуелі Ресейдің мүддесін қанағаттандыратын жүйенің кепілдігінде қала беру; немесе рубльдік «қорлық қоршауынан» құтылу үшін меншікті валютаны қабылдап, өз болашағымыздың бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алуға қарай шешімді қадам жасау.

Таңдау ауыр еді. Шешім де жеңіл емес. Айналымға енгізілген валютаның тұрақтылығын сақтау – істің бір жағы болса, ал қаржы жүйесін құруды тақыр жерден бастау – бұл мүлде басқа жағдай болатын. Ол уақытта мемле-

кетте жеткілікті түрде сәйкес келетін қаржы институттары құрылмаған болатын, қаржы құралдары болмады, білікті мамандар жетіспеді. Тез арада Қаржы министрлігін, Салық комитетін, Кеден комитетін, Ұлттық банкті құру қажет болды. Бюджетті өз бетіңмен жоспарлап, талдама жасауды үйрену қажет еді. Сонымен бірге, ол кездерде бізде рыноктық қатынастарға ыңғайластырылған өзіміздің заңнамамыз болған жоқ. Нақ, осындай қиын жағдайда біз аса күрделі экономикалық мәселелерді шешу үшін түбегейлі қадамдар жасадық.

Неліктен біз сонша қиналдық және неге бірден өзіміздің валютамызды енгізбедік? – деген сұрақты қою қисынды-ақ. Біріншіден, мен мемлекетаралық келісім-шарттарға және сол кездегі Ресейдің басшыларымен арадағы жеке қатынастарға сендім. Рубль аймағы кәсіпорындар мен өнім жеткізушілер арасындағы мыңдаған байланыстарды сақтап қалатын еді және дағдарысты жылдамырақ еңсеруге тигізетін көмегі де үлкен еді. Екіншіден, бізде валютаны енгізудің тәжірибесі болған жоқ, шет елдерде банкноттарды басып шығаруға тапсырыс беру үшін де ақша болмады. Сол сияқты өзіміздің банкнот фабрикамыз да болған жоқ. Бұл – менің алдыма тартылған сабақ еді, еліміздің болашақ басшылары содан үйренетін болулары керек. Мемлекет басшыларында дос болмайды, онда тек ел мен халықтың мүддесі ғана болады. Тәуелсіз мемлекет өз күшіне сүйенуі және барлық ықтимал қиындықтарға күні бұрын дайын болуы керек. Бірақ та сонымен бірге, осындай барлық проблемаларға қарамастан, мен Ресей Президенті Б.Н. Ельцинмен ізгі қарым-қатынастарды сақтап қалдым. Біз ол екеуіміз екіжақты қатынастардың «Байқоңыр» ғарыш айлағы, Каспийдің табанын бөлу сияқты және т.б. көптеген мәселелерді шештік. Мен жоғарыда айтылған басқа да шенеуніктерге кек сақтамаймын. Олар өздерінше Ресейге дұрыс деп есептегендерін істеді.



## ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫ ЕНГІЗУ

Тәуелсіз мемлекеттің меншікті өз валютасы болуы керек. Мен ең басынан осыны айқын түсіндім.

1992 жылдың көктемінде мен ұлттық валютаны енгізудің мүмкіндіктерін қарастыруға тиісті құпия комиссия құрдым. Комиссия туралы мені қосқанда небәрі жеті адам білді. Біртұтас рубль аймағын сақтауға талпынысты жалғастыра отырып, біз өзіміздің валютамызды енгізуге дайындалдық.

Елдің жоғарғы басшылығынан мемлекеттік құпиямен тек Жоғарғы Кеңестің төрағасы С. Әбділдин, Жоғарғы Кеңестің қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы С. Тәкежанов, Мемлекеттік Ұлттық банктің төрағасы Ғ. Байназаров, оның орынбасары М. Тұрсынов және салынып жатқан Ұлттық банк кәсіпорындары дирекциясының жетекшісі Қожамұратов таныстырылды.

Осымен қатар тағы да құпия түрде жаңа валютаның дизайны бойынша жұмыстар жасау мақсатында шығармашылық топ құрылды. Ахуалдың бірегейлігі мен жұмыстың соңылығының әсерлі болғаны сондай, қатысушылардың өздері, үлкен дарын иелері, тарихи кезеңнің жауапкершілігі мен маңызын толық түсінді. Суретшілер М. Әлин және А. Дүзелханов Тимур Сүлейменовтың жетекшілігімен банкноттар мен тиындар дизайнының төрт түрлі нұсқасын жасады. Барлық нұсқалар бірінен-бірі асып түсетіндей өте жоғары кәсіби және түбегейлі деңгейде жасалынды.

Ұзақ талқылаулардан кейін біздің халқымыз үшін және қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына көп еңбектері сіңген, Қазақстан үшін белгілі және тарихи маңызы бар адамдардың кескіндері бейнеленген нұсқаға тоқтадық. Тәуелсіздіктің таңы енді атқан шағында бұл ұлттық мақтаныш сезімін көтеру үшін қажет болды. Кеңес өкіметінің кезінде тіпті айтуға тыйым салынған бұл тұлғаларды тәуелсіздік алғанда ғана марапаттауға мүмкіндік туды.

Осыған байланысты мынадай жағдай есіме түседі. Ең әуелі суретшілер Бірінші Президент кескінделген, яғни менің суретім салынған банкноттарды ұсынды. Е. Асанбаев, Т. Сүлейменов және Ғ. Байназаров үшеуі маған ішкі бетінде менің суретім бейнеленген 50 теңгелік купюраны алып келді. Ерік Асанбаев тұрып: «Сіз, Нұрсұлтан Әбішұлы, – тарихи тұлғасыз, еркін Қазақстанның бірінші президентісіз. Осыған сүйене отырып, біз теңгенің бетіне сіздің суретіңізді орналастыруға ұсыныс жасағымыз келеді», – деді. Бірақ мен: «Мен тарихи тұлғамын ба, жоқ па, оған ұрпақтар қазы болады», – деп жауап бердім. Суретімнің ақшада басылғаны қолайсыз болар, себебі Африка елдерінің билеушілерінен басқа, көзі тірі мемлекет басшыларының ешқайсысының ақшаға өз суреттерін орналастырғанын көргенім жоқ деп, әңгіменің барлығын қалжыңға айналдырып жібердім. Бәріміз бірге күлісіп, бұл нұсқаны алып тастадық.

Мен күн сайын кешке қарай біздің топ жұмыс істеп жатқан қала сыртындағы саяжайға келемін. Ақшаның қалай аталуы жөнінде бізде үлкен айтыс болды. Оларды «сом», «ақша» немесе «теңге» деп атау ұсынылды. Менің өзіме «алтын» атауы ұнады. Ақыр аяғында, орта ғасырлық тарихтан, Қыпшақ даласының жерлерінде айналымда болған «тәңгә» деген құйма ақшадан шығарып «теңгеге» тоқтадық. Шынында да «деньги», «теңге» сөздерінің түп-төркіндері бір еді.

Бірақ, ақшаның түрі мен атынан басқа да, бізде үлкен проблема болды. Ол кезде Қазақстанның өзінің банкнот басатын фабрикасы болған жоқ, барлығы Мәскеуден әкелінетін. Мамандармен ақылдаса келіп, осы бір өзіндік ерекшелігі бар тапсырысты еуропалық елдердің біріне орналастыруға шештік. Таңдау осы салада үлкен тәжірибе жинақтаған «Харрисон және ұлдары», «Томас Де ля Ру» деп аталатын ағылшын компанияларына түсті. Бізді банкноттардың сапасы, келісімшарттың қаржы жағы және құпиялылығы қанағаттандырды. Ресей-

мен келісімшартқа отыруға қол жеткен жағдайда, меншікті валютамызды дайындауға кететін шығындар көлемді болып қана қоймай, сонымен бірге қажетсіз де болушы еді. Бірақ та Қазақстанның тапсырысты шетелге орналастырудан басқа амалы қалған жоқ еді. Біздің қателеспегенімізді уақыттың өзі көрсетті. Тапсырыс таралымының дайын болуына қарай, банкноттар құпия түрде республикаға жеткізіле бастады.

Алдыңғы тарауда айтылғандай, 1993 жылы қыркүйекте Ресеймен және ТМД-ның басқа да бес елімен рубль аймағын құру қажеттігі туралы келісімге қол қойылған. Құжат тек формальды болып шықты, сол кездің өзінде-ақ Ресейдің бұл аймаққа қандай да болмасын басқа елді қосқысы келмейтіні анық болды. Біздің өкілдерімізге алдын ала орындалмайтын шарттар ұсынылған кезде, бұл тағы бір рет расталды.

Бір ай өткеннен кейін, 1993 жылы қарашада, мен өзімнің Жарлығыммен ұлттық валютаны енгізу жөнінде Премьер-министр Сергей Терещенко басқаратын ресми үкімет комиссиясының құрамын анықтадым. Комиссияға Премьер-министрдің бірінші орынбасары Д. Сембаев, Қаржы министрі Е. Дербісов, Экономика министрі Б. Ізтілеуов, Ұлттық банктің төрағасы Ғ. Байназаров, Парламент комитетінің төрағасы С. Тәкежанов кірді. Аталған комиссияға валютаны енгізу жөніндегі барлық кешенді шараларға жауапкершілік жүктелді. Оған шексіз өкілдіктер берілді.

Сонымен бірге Д. Сембаевтің басқаруымен көптеген есептеулерді іске асыратын жұмыс тобы құрылды. Мысалы, бізге қанша және қандай номиналдағы купюралар керектігі жөнінде күрделі математикалық есептер жасау керек болды. Барлық осындай сұрақтарға байланысты комиссия мүшелері шетелдік сарапшылармен ақылдасып отырды. Мәселен, ағылшын экономисі, доктор Пейн бірден бізге Одақ кезіндегі үйреншікті жиырма бестіктер емес, жиырма теңгеліктер керектігін айтты. Оның есебі бойынша, бірінші кезеңде

ақшаның негізгі массасы айналымға түсуі керек болды. Одан кейін, сегіз айдың ішінде қағаз ақшаның тозатынын есепке ала отырып, әбден тозығы жеткен банкноттарды айырбастау үшін қанша ақша керектігін есептеп шығарды. Барлық параметрлер бойынша: әрбір номиналдың банкнот саны бойынша да, сол сияқты қолма-қол ақшаның жалпы көлемі мен құнсыздануы бойынша да оның болжамдарының дұрыстығына кейінірек тәжірибеде көзіміз жетті.

Комиссия мен жұмыс тобының мүшелері валютаны енгізуге ғана байланысты емес, мемлекеттің ақша-кредит саясатының дербес жүзеге асуының негіздерін анықтап алып, валютаның одан әрі қызмет ету принциптері мен шарттарын жасауға тиіс болды. Әртүрлі нұсқалар қарастырылды. Бірінші нұсқада Ресейде жасалған қазақстандық рубльдің үш банкнотының 5, 10 және 50 мыңдық номиналдарын енгізу көзделді. Екінші нұсқа банкноттардың жоғарғы үш нұсқасын Ресейде шығаруды ойластырды, одан кейін, Украина мен Белоруссияда жасалғандай, тұрақтанғанға дейін 12 жылға аралық ұлттық валютаны, ал содан кейін барып қана нағыз ұлттық валютаны енгізуді қарастырды. Үшінші нұсқа – рубльмен жарыстыра ұлттық валютаны енгізу. Ал ең соңғы нұсқа – тікелей теңгені енгізу.

Біз алғашқы үш нұсқаны бізге тиімсіз болғандықтан жарамсыз деп таптық. Әуелі аралық валютаны, ал бір жылдан кейін – түпкілікті валютаны енгізіп, тұрғындарды екі жаққа алаңдатып, психологиялық қысымға салуға болмайтын еді. Сондықтан талқылаудан кейін жұмыс тобы соңғы нұсқаға бірауыздан дауыс берді, сонымен бірге оның кемшіліктері мен артықшылықтарын да түсіндік.

Артықшылықтары айқын болатын. Республика тәуелсіз ақша кредит саясатын жүргізе алады. Жаңа банкноттарды бірнеше дәрежедегі қорғаудың болуы жалған ақша жасаудың мүмкіндіктерін азайтатын. Ұлттық валютаны тіке-

лей енгізгенде халық ақшаларын бір рет қана айырбастайтын. Оның үстіне, 1990 жылғы желтоқсандағы 50 және 100 рубль номиналындағы банкноттарды айырбастаудың машақаты әлі жадымыздан шықпаған еді.

Ұлттық валютаны енгізудің кемшіліктері де болды. Сол кезеңде барлық техникалық мәселелер аяғына дейін анықталып бітпеген болатын. Әсіресе металдан жасалатын майда тиындар жайы әу бастан қиындық туғызған-ды. Салынып жатқан монета сарайы тиынның қажетті мөлшерін жылдың аяғына дейін жасап шығуға мүлде үлгермеді. Осыған байланысты жұмыс тобы аралық шара ретінде қағаз тиындарды шығаруға, ал одан кейін барып, монета сарайы дайын болған кезде, айналымға нағыз металл тиындарды енгізу туралы шешім қабылдады.

Сонымен бірге теңгені енгізуге байланысты жұмыстар бойынша, біз бұрын тіпті ойланбаған – валюталық режим және валюталық бағам сияқты жаңа проблемалар туындады. Өзгермелі бағамдағы, шектеулі көлемде бақылауға алынатын өзгермелі бағамдағы, бір валютаға (АҚШ долларына) байланған немесе валюта себетіне байланған тәрізді әртүрлі нұсқалар бойынша «иә» немесе «жоқ» деп, тағы да талқылаулар басталды. Валюталық рыноктағы басқарылатын өзгермелі бағамның режиміне тоқталдық. Егер де елдің резервтегі валюталық қоры валюталық бағамды басқаруға жеткілікті болмаған жағдайда, ай сайын 2-3% құнсызданатын теңгенің бекітілген бағамын енгізу көзделді. Валютаның бірыңғай бағамын қолдану принципті түрде шешілді, бірақ шетел инвесторларының қатысуымен жекешелендіруді іске асырғанда валютаның нақты сатып алу мүмкіндіктерінің орнын басқа да тетіктермен шешу көзделді.

Маңызын біз кейіндеу түсінген тағы бір таңдау – ұлттық валютаның конверсиялануына қатысты болды. Халықаралық валюта қорының өкілдері үнемі толық конверсия-

лауды енгізудің қажеттігін ылғи да атап көрсетіп отыратын, өйткені бұл қадам мемлекеттің валюталық режимге араласуын азайтып, сыртқы сауданы ырықтандыруға жеткізіп, елді дүниежүзілік экономикаға біріктіретін. Сонымен қатар олар валюталық бақылау өзінің толық тиімсіздігін көрсетті, сондықтан оны құрудың ешқандай мәні жоқ деген пікірде болды. Сонымен бірге Халықаралық валюта қоры сарапшыларының кейбір пікірлерінің дұрыстығын сезіне отырып, біз басқа жағынан алғанда, сол кезеңде Шығыс және Орталық Еуропаның бірде-бір елінің өз реформаларын бізден үш жыл бұрын бастағандарына қарамастан, конверсияланған валютаны толық енгізбегенін білетінбіз. Осы елдердің барлығы валюталық бақылаудың шараларын әртүрлі деңгейде қалпына келтіруге мәжбүр болды, өйткені олардың валюталары валюта рыноктарында алаяқтардың шабуылдарына ұшырады.

Түптеп келгенде, біз бірыңғай валюталық бағам қолдану және ағымдағы есепшот бойынша жүргізілетін операциялар мен шетел инвесторларының тапқан пайдасын аударуды қамтитын көлемде ғана теңгені жартылай конверсиялау туралы шешімдер қабылдадық. Өмір осындай таңдаудың дұрыстығын көрсетті. Халықаралық валюта қоры мамандарының болжамы бойынша 1994 жылдың қыркүйегінде бір АҚШ долларына шаққандағы валюта курсы 150 теңгеге дейін және одан кейін 1995 жылдың қаңтарына қарай – бір АҚШ долларына шаққанда 200 теңгеге дейін төмендеуі тиіс болды. Іс жүзінде теңгенің бағамы баяу қарқынмен (айына 3-4% ) төмендеп отырды да, 1996 жылға қарай бір АҚШ долларына 70 теңге деңгейінде тұрақтанды.

Біздің еліміздің ұлттық валюта шығару мен оның қызмет жасауын қамтамасыз ете алатын қабілеті 1993 жылы 1 қарашада, Қазақстанның алтын валюта резерві туралы мәліметтері жарияланғанда белгілі болды. Мамандардың есептеуінше,

ұлттық валютаны енгізу қарсаңында елдің алтын валюта резерві, ең аз дегенде, оның импортының үш айлық көлеміне тең болуы тиіс екен. Сол уақытта Қазақстан үшін ол кемінде 500 млн АҚШ доллары көлемінде болуы керек болса, бізде сол кездегі алтын валюта резерві 722,9 млн АҚШ долларына бағаланды. Біз теңгені енгізуге артығымен дайын екенбіз.

Әрине, бүгіндері 25 млрд АҚШ доллары шамасында болатын біздің қазіргі резервімізбен салыстырғанда, бұл сан кісі күлерліктей сияқты. Бірақ сол кезде бұл біздің валютамызды енгізуге кедергі бола алатын себеп еді.

1993 жылы 3 қарашада Ресей мен Қазақстан делегацияларының жұмысшы кездесуінің хаттамасына екі Премьер-министр С. Терещенко мен В. Черномырдин қол қойды. Қалыптасқан жағдайда, бірыңғай рубль аймағынан шығудың оңтайлы жолы – Қазақстанның өзіндік ақша таңбаларын енгізуі және таяу араларда ақша жүйесін нығайтуға байланысты шараларды іске асыруы екендігін Ресей ресми түрде мойындады.

Тауар айналымының үлкен көлемін ескере отырып, Ресей мен Қазақстанның заңды және жеке тұлғалары арасындағы қолма-қол есеп айырысулар рубльмен немесе Қазақстанның ұлттық валютасымен іске асырылады, ал көрсетілген есеп айырысулардың тәртібі жеке келісімдермен анықталады деген ереженің біз үшін принципті маңызы болды.

Қазақстан жағы азаматтарға Қазақстанның валютасы мен Ресейдің рублін рыноктық бағам бойынша өзара айырбастай алуға жағдай туғызу міндеттерін екі жақ өздеріне алады деген ережені енгізуді талап етті.

Сөйтіп, теңгені енгізуді рубль аймағының қолданылуымен байланыстыра отырып, біз тағы бір проблемаға тап болдық. Сол кезге таман, біздің теңгені енгізу жөніндегі комиссия енді ғана жұмысын бастаған кезде, Украина, Молдавия, Әзірбайжан, Грузия және Қырғызстан өздерінің ұлттық

валюталарын енгізіп те қойған еді, Түрікменстан да өзінің осындай ойы бар екендігін жариялаған. Сол кездің өзінде бізді қатты алаңдатқан жағдай, валютаны енгізудің маңызды шарттарының бірі – айналымнан алынған кеңестік рубльдерді міндетті түрде Ресейдің Орталық банкіне өткізуді осы мемлекеттердің бірде-бірінің қамтамасыз етпеуі еді. Бізбен көршілес елдерде ұлттық валютаның енгізілуінен кейін жай қағазға айналған, ал теңгені енгізгенге дейін Қазақстанда заңды төлем құралы болып тұрған «рубльдік» ақша массасы бізге қарай лап бере ме деп қауіптенгенбіз. Айтқандай-ақ, біздің қауіміз көп ұзамай шындыққа айналды.

1993 жылы 5 қарашада мен, ұлттық валютаны енгізу қарсаңындағы қажетті қадамдардың бірі есебінде, «Ақша жүйесін тұрақтандырудың кезек күттірмейтін шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Мұндай шараның жеделдігі Қазақстанның аумағына көрші елдерде айналымнан алынып тасталған кеңестік рубль банкноттарының заңсыз әкелінуінің күрт өсуімен байланысты еді. Бұл жағдай республиканың қаржы жүйесін бүлдіріп, онсыз да құнсыздандудың апатты екпінін жеделдетіп, халықтың тұрмыс деңгейін төмендетіп жіберетін еді. Мемлекет пен халықтың экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында, заңды және жеке тұлғалардан түсетін 1961–1992 жылдардағы банкноттар түріндегі қолма-қол ақшаны арнайы есепшоттарына жинақтап, Қазақстанның Ұлттық банкінен қосымша нұсқау алынғанша олар жұмсалмасын деген тапсырма берілді.

Осы кезге таман мен Мемлекеттік комиссияның барлық мүшелері қол қойған, барлық қажетті дайындық шаралары аяқталды, банк жүйесі ұлттық валютаны енгізуге дайын деген қорытындыны алдым. Әрине, мұның алдындағы барлық жұмыстар қатаң түрде құпия жағдайда жүргізілді. Банкноттар Лондоннан жүк таситын самолеттермен өнеркәсіп жабдықтары деген желеумен тасып әкелінді. Ұлттық



қауіпсіздік комитеті жергілікті жерлерге теңгені тасып жеткізу ісіне бақылау жасады.

Үрей туғызбас үшін, халықты алдын ала дүрліктірудің қажеті жоқтығын біз түсіндік. Ресеймен жүргізілген келіс-сөздердің көпшілігінің қорытындылары жарияланғанымен және халық ұлттық валютаның енгізілуі сөзсіз екендігін түсінгенімен, біз басқаша бағыттағы ақпараттарды таратпадық. Бұл сұрақтардың ішінде ақша айырбастаудың шарттары және мезгілі, оның бағамы және көптеген тағы басқа мәселелер болды, оның ішінде, атап айтқанда, айырбастау тәркілеу сипатында жүре ме, жоқ па деген сұрақ та тұрды. Әрине, сонымен бірге, бұл қашан болады деген сұрақ та сөзсіз қойылды. Мен саяси шешім қабылдап, теңгені енгізудің нақты мерзімін көрсетуім керек болды. Міне, енді осыған біраз егжей-тегжейлі тоқталғым келеді.

Бізге көрші мемлекеттердің бәрі де Қазақстанның ұлттық валютасының енгізілуі туралы бұдан әлдеқайда бұрын ашық және тікелей ескертілген. Бұрынғы Одақтың елдері өздерінің саяси егемендігін жариялағанымен, олардың өзара тығыз байланыстары бар екенін, оның ішінде бір-бірінің экономикаларына ықпал ететіндерін біз түсінетінбіз. Сондықтан да бір елдің ұлттық валютасын енгізуіне басқаларының да дайын болуы керектігін айту керек. Ресейдің жасағанын жасау біздің ойымызға да кірген жоқ. Мысалы, біз теңгені енгізу туралы мәселені талқылаған алғашқы елдердің бірі Өзбекстан еді. Бізбен шекаралас біздікі сияқты проблемалары және бізбен байыпты экономикалық байланыстары бар маңызды әріптесіміз Өзбекстан да рубль аймағында болатын. Мен президент Ислам Каримовпен: бір-бірімізге проблемалар туғызбаймыз, ұлттық валюталарды бірлесе отырып, бір күні және бір сағатта енгіземіз деп, алдын ала келісіп қойғанмын. Дәп осылай жасадық та. Өзбекстан өзінің «сумын» 1993 жылы 15 қарашада енгізді.

Иә, «Х» сағаты 1993 жылғы 15 қараша болып көрсетілді. 12 қарашада қол қойылды, ал 13 қарашада «Қазақстан Республикасында ұлттық валютаны енгізу туралы» Жарлық халыққа жария етілді. 12 қарашада, кешкілік мен теледидар арқылы еліміздің тұрғындарына арнап сөз сөйледім: Қазақстанның тарихындағы бірінші ұлттық валюта – теңгені енгізетінімізді жарияладым.

Сол бір есте қалатын жұмада мен қатты толқу үстінде болдым. Қазақстанның барлық азаматтарын, Қазақстан мемлекеттігін құру жолындағы біз жасаған ең бір шешімді және түбегейлі қадам туралы хабарландыру міндеті тұрды. Халық бұған қалай қарар екен? Мен өзімнің сөзімде жұртқа, валютаны енгізу біз үшін мәжбүр болған шара екендігіне қарамастан, осы қадамның бүкіл мәнділігін және тарихи маңызын жеткізуге тырыстым.

*1. Ресей рубль аймағынан өзі шықты, 26 шілдеден бастап біздің валюталық жүйелеріміз бөлінді, сондықтан бұл мәжбүрліктен жасалған қадам болып табылады, өйткені жаңа рубль аймағына бізді жібермейді;*

*2. Ұлттық валютаны енгізу Ресеймен және ТМД елдерімен арадағы шаруашылық және басқа байланыстар үзілді деген сөз емес;*

*3. Бұл қадам республиканың экономикалық егемендігін бекіту үшін және тәуелсіз экономикалық саясат жүргізу үшін қажет;*

*4. Республика қолма-қол ақшамен қамтамасыз етуде қиын жағдайды басынан кешуде, ал бұл қадам жұртты қолма-қол ақшамен қамтамасыз етудегі бірден-бір амал болып табылады.*

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы  
Президентінің Мұрағаты**

1993 жылы 15 қарашада 08.00 сағаттан бастап Қазақстанның территориясында өзінің ұлттық валютасы – теңге енгізілді. Мынадай бағам қойылды: 500 рубльге 1 теңге.

Осы кезге дейін жаңа валютаның банкноттары мен тиындары республиканың барлық облыстары мен аудандарына тасып жеткізілген болатын. Кеңестік ақша реформаларының тәжірибесіне сүйене отырып, комиссия ақша айырбасты тек қана екінші деңгейдегі банктердің бөлімдерінде ғана жүргізілмеуі керек, бұл жұмысқа пошта бөлімдері және сол сияқты қызметшілері көп кәсіпорындар да қосылуы тиіс деп шешті.

Теңге айырбастаудың бірінші күнінен бастап заңды төлемақы құралына айналатындығы, ал айырбастау кезеңіндегі бес күннің ішінде рубльді заңды төлемақы құралы ретінде толық пайдалануға болатыны жарияланды. Сонымен бірге біз бұл күні рубльдің айналымға көптеп шығарылуының және тауарларды жаппай сатып алудың алдын алатын шараларды қабылдауға тырыстық.

Ұлттық валютаны төрт қайнар көзден: Ұлттық банктің алтын валюта резервінен, Республикалық валюта қорынан, Ішкі тұрақтандыру қорынан (егер оны халықаралық ұйымдар беретін болса) және төлем балансының тиімді сальдосынан қамтамасыз етуді және ойластырдық. Одан кейінгі басты міндет – экспорт көлемін кеңейту және экспорттан келетін валюталық ақшаның түсуіне тәртіп орнату болды.

Ұлттық валютаны орнықтырудың алғашқы жылдарында шетел валютасының сұранымына ішкі көздердің біршама тапшылығы байқалды. Валюталық қаржының елден кетуі валюталық бағамның тұрақтылығына қауіп туғызды. Бұл үшін капиталдың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін қарастыратын валюталық операциялар, теңге енгізілген күннен бастап лицензиялануы тиіс болды, ал бұған дейін ағылып келген капитал тек статистикалық есеп үшін ғана тіркелетін.

Ұлттық валютаны енгізу принципті түрде жаңа міндеттерді туғызды. Теңгенің төлемдік қызметін күшейтті, ұлттық валютаға деген сенімді арттыру негізгі міндеттердің біріне айналды. Осы бағытта мына шаралар іске асырылды: экспорттық және импорттық төлемдерді, баж салықтарын теңгеге ауыстыру, бөлшек сауданы шетел валютасы есебінен жүргізуге тыйым салу, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңдық тұлғалардың баспа-бас айырбас операцияларын жасауға тыйым салу. Осының бәрі ахуалды тұрақтандыруға және біздің ұлттық валютамыз – «теңгені» аяғынан тұрғызуға мүмкіндік берді.

1998 жылғы Ресейдегі қаржы дағдарысы жас валютаның «беріктігін сынаудың» көрінісі болды. Қазақстанның сауда әріптестері – бірқатар елдердің ұлттық валюталарының құнсыздануы теңгенің нақты құнының қымбаттауына алып келді, бұл өз тарапынан Қазақстан экспортының бәсекелік позициясының төмендеуіне әсер етті. Ұлттық банк іске асырған көлемді валюта интервенцияларының уақытша ғана әсері болды, ол сонымен бірге біздің алтын валюталық резервіміздің біршама төмендеуіне алып келді. Теңгені құнсыздандырудың қажеттігі туды. Осы көрсетілген мәселелерге байланысты, сол кезеңде басқарудағы өзгермелі бағам режимінен теңгенің еркін қимылдайтын айырбас бағамына өту туралы шешім қабылданды.

Теңгенің еркін қимылдайтын айырбас бағамының режимі 1999 жылы сәуірде, Ресейдегі қаржы ахуалы тұрақтанған және елдің ішіндегі күтілген құнсыздану төмендеген кезде енгізілген болатын. Осымен қатар жеке тұлғалардың теңгелік салымдарын және заңдық тұлғалардың екінші дәрежедегі банктердегі депозиттерін, сондай-ақ зейнетақы қорларындағы теңгелік активтерді қорғау жөнінде шаралар қабылданды. Соның ішінде, зейнетақылық активтер бұрынғысындай жоғарғы бағамда, мемлекеттік бағалы қағаздарға конверсияланды.

Экспорттық түсімнің 50%-ын міндетті түрде уақытша сату енгізілді. Банктердің жаңа режимге бейімделу кезеңінде резервтік талаптар 10-нан 5% -ға дейін уақытша төмендетілді, сол сияқты басқа да нормативтер жұмсартылды.

Көптеген «сарапшылар» осы жолы да, ескі дәстүрмен, теңгенің еркін қимылдайтын айырбас бағамы режимін енгізудің апатты салдары болады деген сәуегейліктер айтты. Олардың теңгенің «еркін қимылға» жіберілуі оның адам айтқысыз құнсыздануын туғызады, өйткені теңге осы күнге дейін қолдан демеу жасалып отырылған валюта болды деген және т.б. пайымдаулары Ресейдегі болған дағдарысты әлі ұмытпаған адамдардың арасында дүрлігуді күшейтті. Иә, теңге бағамының төмендеуі шынында да болды. Бірақ ешқандай да апатты емес, қайта, сол кезеңде бұл өзінің жағымды рөлін де атқарды. Теңгенің еркін айырбас бағамы режиміне өтуі Қазақстан экспортының бәсекелік позицияларын қалпына келтіруге және өндірісті қайтадан өсіруге мүмкіндік туғызды. Нәтижесінде еліміздің төлем балансы едәуір жақсарды, алтын валюта резерві өсті, банк жүйесі кәдімгідей нығайды.

Теңгені еркін айырбас бағамы режиміне ауыстыру қажеттігі арзан импорттың, оның ішінде Ресейден әкелінген тауар тасқынының әсерінен Қазақстан кәсіпорындарының бәсекеге қарсы тұру мүмкіндіктерінің төмендеуімен, сонымен қатар, теңгенің белгіленген бағамын қолдауға қажетті алтын валюта резервінің азаюымен де түсіндіріледі. Басқа режимге ауыстыру дайындалып, сыртқы экономикалық ахуалдың одан арғы дамуының ықтимал сценарийлері және әртүрлі валюталық режимдер жағдайында айырбас бағамы өзгеруінің нұсқалары қарастырылған-ды. Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк біздің бұл шешімімізді қолдап, айырбас бағамының «рыноктық тетіктердің ықпалымен қалыптасуы» керектігін көрсетті.

Теңге енгізген уақытынан бастап, тек қана ағымдағы операциялар бойынша конверсияланған валюта болды. Бірақ біз біраз уақыттардан кейін оның толық конверсиялануына жету мақсатын қойдық. 1996 жылы шілдеде Қазақстанның Халықаралық валюта қоры келісімінің VIII бабына қосылуына байланысты теңгенің еркін конверсиялануын қамтамасыз етудің шарттарына қол жетті. Сол бойынша, Қазақстан өзіне қандай да болмасын валюталық шектеулер енгізбеге, әр алуан валюталық бағамдарды қолданбауға, VIII бапқа қайшы келетін екі жақты төлемдік келісімдерді жасамауға немесе төлем балансы себептерімен байланысты шектеулер кіргізбеге міндеттер алды. Сол кезде ағымдағы халықаралық келісімдер бойынша төлемдер мен аударымдарды орындауға шектеулер алынып тасталды. Шетелдік инвестициялық салымдарға байланысты ақша аударымдарының еркіндігіне кепілдік берілді, резидент еместер үшін конверсиялаудың және шетел валютасын ішкі рынокта сатып алудың еркін тәртібі енгізілді, жеке тұлғаларға белгілі бір сомадағы шетел валютасын дәлелдейтін құжаттарды көрсетпей-ақ шетке шығаруға рұқсат етілді. Осының барлығы бізге 2007 жылға таман теңге толық конверсиялануға жетеді деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, ұлттық валюта тек ағымдағы емес, сонымен қатар күрделі операциялар бойынша да конверсияланатын болады.

Жалпы, қазірдің өзінде-ақ, теңгені енгізу «алақайлап өтті» деп толық сеніммен айтуға болады. Бірақ та сол кезде-ақ, біз жұрттың барлығы жаңа валютаны енгізуге психологиялық жағынан дайын бола қоймағандығын және теңгеге қатысты жағымсыз нақты қауіптің бар екенін білдік. Сол сияқты, жаңа валютаны қолдау үшін қажет қатаң ақша-кредит саясаты – жалпы, біздің тұрғындар арасында да және, ішінара, біздің депутаттар арасында да ұлттық валютаның жаңа қарсыластары пайда болатынын оңай-ақ болжауға болатын.

Ұлттық валютаны енгізу үшін ақша-кредит, салық, бюджет, кеден және сыртқы сауда саясаттары саласында, бізге аса қысқа мерзімде, бүтіндей кешенді шараларды іске асыруға тура келді, өйткені бізге бір-ақ рет талпыныс жасауға мүмкіндік берілді, ал уақыт мүлде аз еді.

Ұлттық валюта ретіндегі теңге, біздің еліміздің тарихында өзінің рөлін тәуелсіздіктің экономикалық негізі ретінде ғана атқарған жоқ. Кейбір жағынан алғанда теңге – бұл тарихымыздың өзінің толымды бір бөлігі, өз заманының нысаны. Мен осы жерде біздің теңгенің биыл – 13 жылдың ішінде біздерге үйреншікті болып кеткен бейнесін өзгереді деп те айтар едім. Банкноттардың жаңа дизайнын енгізудің таза техникалық аспектілерін сөз қылатын болсақ, ақша шығару өндірісіне қызмет жасайтын дүниежүзілік жетекші фирмалар олардың портретсіз нұсқаларын артық көреді. Айырбастаудың басты мақсаты жалған ақша жасаушыларға қарсы тұру. Интерпол дүние жүзінің барлық елдерінің орталық банктеріне өз валюталарының дизайны мен техникалық сипатын, әрбір 5-7 жыл өткен сайын өзгертіп отыруды оқтын-оқтын табандылықпен ұсынуда. Ескі ақшаларды жаңаларына ауыстыру – кәдімгі дүниежүзілік тәжірибе. Мәселен, жаңа дизайндағы банкноттарды жасау барысында, әртүрлі номиналдарда белгілі бір мөлшерде және белгілі бір дәрежеде, жалпы алғанда қорғаудың 16 түрлі элементтері пайдаланылды.

Валютаның түрін өзгерту барысында бәрі есептеледі: жаңа технологиялар, бояулар, қорғаудың элементтері, тенденциялары. Бұлар мәселенің техникалық жағы. Алайда басқа да жағы бар. Қазақстан – әртүрлі этникалық топтар өмір сүріп жатқан, сирек кездесетін мемлекет. Купюрада сыйлы адамның суретінің салынуы қашанда: неге ол, неге басқа емес? – деген сұрақты туғызады. Немесе, неге мынаны еске алады да, басқаны ұмытып кетеді? Ақша адамдардың арасын ашудың себебі болмауы керек, қайта оларды біріктіруге қызмет етуі

тиіс. Өйткені ақша – мемлекеттіліктің рәмізі, елдің қуатының, оның халықаралық беделінің өзіндік көрсеткіші. Жаңа теңгеде қазақтарға да және бүкіл дүниежүзілік мәдениетке де ортақ қатысы бар – тас бетіндегі суреттер, көненің археологиялық олжалары, біздің таңғажайып табиғатымыз және солармен бірге Қазақстанның ерекшелігін сипаттайтын – елтаңба, ту, екі астанамыздың да көріністері бейнеленбек.

Теңге өзінің тарихына да, әлемнің тарихына да, дәлірек айтқанда, әлем ақшаларының тарихына да өзінің жарқын беттерін жазды. Қазақстанның монета сарайы қазірдің өзінде дүние жүзінде осы саладағы қазіргі заманға ең лайықты кәсіпорындардың бірі деген беделге ие. Бірақ Қазақстанның монета сарайын осыдан екі жыл бұрын TUV CERT сертификациялық ұйымының халықаралық ISO 9001:2000 стандартымен сертификаттағанын білетіндер кемде-кем. Оның өкілдері көптеген монета көрмелеріне қатысып жүр. Кейде нумизматтардың Қазақстан тиындарына деген сұранысы кереметтей өсіп, жәрмеңкелердің жабылуына дейін-ақ олардың сатылып кететін кездері аз болмайды. Таңқаларлық нәрсе, Қазақстан үшін бірінші жәрмеңкеден айырмашылығы, өнімнің өзі емес, элитарлық оқиғаға алыстағы Азия елінің қатысуы (нумизматика саласындағы төрт дүниежүзілік шараның бірінде) болды. Қазақстан тиындарына деген қызығу кәсіби және өте жоғары. Ең алдымен, қандай да болмасын саясаттандырылудан ада және шекуінің сапасының мінсіздігі ерекше көрінетін оның дизайны қызықтырады.

## БОЛАШАҚҚА ҚАРАЙ АЛҒА, ИНТЕГРАЦИЯҒА ҚАРАЙ КЕЙІН

Теңгенің енгізілуімен байланысты еліміздің тәуелсіз қаржы жүйесінің өмір сүруінің есебі басталды, ол қазіргі ағымда дүниежүзілік еңбек бөлінісі жүйесіне кіруге және бәсекеге жеткілікті түрде дайындалған деп танылуда.



Сол уақыттан бастап макроэкономикалық көрсеткіштерді тұрақтандыру жөнінде кешенді шаралар іске асырыла бастады. Ол көрсеткіштер 1993 жылы қарашада негізі қаланған экономикалық өсудің іргетасы болды.

Біз ең басынан-ақ аралық валютадан бас тартып, ұлттық мүддемізге жауап беретін, өзіміздің бюджеттік және ақша-кредиттік саясатымызды іске асыруға кірістік. Біздің валюта, бүтіндей алғанда, бүкіл осы кезеңде өзінің тұрақтылығын көрсетті және бірқатар көрші елдерде орнықты сұранысқа ие болды.

Мұндай нәтижелерге жету оңай болған жоқ. Ұлттық валютаны енгізу өздігінен ешқандай да әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешпейтінін біз түсіндік. Ол былай тұрсын, ақшаның құнсыздануына қарсы саясаттың және қаржыны пайдалануға қатаң бақылаудың болмауы жағдайында, валютаны енгізу осы проблемаларды қатты асқындырып, халықтың жаңа валютаға сенімін бұзуы мүмкін еді. Оны қалпына келтіру өте ұзаққа және қиындыққа соғатыны анық.

Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, өз валютаңды сәтті енгізіп, оны қолдап отыру үшін, қатаң ақша-кредит және салық-бюджет саясатын жүргізу керек. Менің бұрын айтқанымдай, бұл жұрттың бәріне ұнаған жоқ, бірақ та біз қалтамызға қарап, тек өз күшімізге сүйеніп өмір сүруді үйренуге тиіс болдық.

Сонымен қатар, Қазақстан 1992–1993 жылдары Ресейге қарағанда әлдеқайда жұмсақ ақша-кредит саясатын жүргізді, ал бірақ, айта кету керек, бұл бізге аса пайдалы болған жоқ. Сондықтан да сол кезде Қазақстанның үкіметіне де, Ұлттық банкіне де ахуалды өзгерту үшін жұмысты қайта құру қажет болды. Бірақ та оның есесіне қазір осыдан он жыл бұрынғы ахуалды бір кездегі Одаққа кірген мемлекеттердің экономикалық жүйесінің бүгінгі жағдайымен салыстыру қиын. Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің тәуелсіз сарапшыларының бағасы бойынша, іске асырылып отырған

экономикалық реформалардың қарқыны және тиімділігі жөнінен Қазақстан көшбасшылардың қатарына шықты. Қазақстан 400 млн АҚШ долларына тең Халықаралық валюта қорына берешек қарызын уақытынан бұрын төледі және 350 млн АҚШ долларына тең еврооблигацияны уақытында жапты. Бұл біздің халықаралық беделіміздің едәуір өсуіне алып келді. Біздің табыстарымызға берілген жоғары бағаны Ресейдің жоғарғы лауазымды мемлекеттік шенеуніктерінің ауыздарынан да естуге болады.

Ресей – зор перспективасы бар кең-байтақ ел. Біз, қазақстандықтар, көршіміздің гүлдене беруін шын жүректен тілейміз. Біздің ортақ тарихымызда жақсы да, жаман да аз болған жоқ. Бұл, әрине, тарих. Тәуелсіздік жағдайында біз Ресеймен достық, тепе-тең стратегиялық қатынастар орнатқымыз келеді. Бұл Ресейдің мүддесіне де сай келетініне мен сенімдімін. Біздің елдер арасындағы келісімдерде де осылай жазылған. Біздің елдер арасында көбірек сенім орнықтыру жолында В.В. Путин екеуміз алға қарай ұзап кеттік.

Бірақ Ресей біркелкі емес. Онда әртүрлі ағымдар бар. Басшылыққа бұрындары ешкім білмеген, бірақ өркөкірек, кеңестік өткен тарихтың экономикалық, адами байланыстарын аз білетін адамдар келіп жатты. Жоғарыдағы және аймақтардағы биліктің әлсіздігін пайдаланып, олар ойларына келгенін істеді. Әрине, өзара сенім мен байланыстарды сақтай отырып, Ресейдің де, көршілердің де стратегиялық мүдделерін ескере отырып, істің бәрін сақтықпен жүргізуге болатын еді.

Олардың кейбіреулері біздерді, «банан республикасына» айналдыруға әрекет жасағандарын қазақстандықтар ұмытқан жоқ. Нақ солардың ойластырмай айтқан мәлімдеулері біздің бірталай отандастарымызды Қазақстандағы жылы орындарын тастап, Ресейден жақсы өмір іздеп кетуге итермеледі. Бүгіндері олар өздерінің орталықтары мен ассоциацияларында «тозаң басқан» қағаздардың астында отырып,

көзәйнектерінің қалың шынысының ар жағынан сығырая қарап, тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан ұсынған интеграциялық идеяларға біртіндеп қайтадан оралудың қалай жүріп жатқанын самарқау бақылайды.

Бүгіндері Ресейде шатқаяқтаулар мен экономикалық «әуесқойлықтың» орнына ұстамды есеп пен прагматизм келгеніне мен қуанамын. 1994 жылы мен айтқан Евразия-шылдық идеясы, сонымен қатар біздің мемлекеттердің интеграцияға ден қоюы біздің азаматтарымыздың ұзаққа баратын бұдан да жоғары өмір деңгейіне жетуіне мүмкіндік береді деп үміттенемін, КСРО ыдырағаннан кейін он жыл өткенде-ақ, бүкіл ТМД аумағында біздің мемлекеттердің экономикалық интеграциясына қарай икемделген саясаткерлер көзқарастарының эволюциясын бақылауға болатын еді. Сонымен бірге, осы бірігу процестерінің біздерге беретін артықшылықтары айдан анық.

Интеграциялық процестердің елеулі түрде жандануы Ресейдің президенттігіне В.В. Путиннің сайлануына байланысты болғанын атап айтуым керек. Ол аз уақыттың ішінде елдегі билікті нығайтты, реформаландыруды жеделдетті және біздің ТМД-дағы интеграциялау жөніндегі күш-жігерімізді біріктіруге көп күш салуда.

Міне, сондықтан да бұдан үш жыл бұрын біз Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) құру идеясын ұсындық. Бұл бағыттағы жұмыстар ортақ валютаны енгізуге алғышарттар жасауға мүмкіндік береді, ал валюталық одаққа кіретін елдердің Интеграциялық ынтымақтастығы мен экономикалық саясаттарын жақындастырудың тиімділігін көтеру жөніндегі шаралар осының базалық шарттары болып табылады.

Аталмыш жұмыста ештеңені де жаңадан ойлап табудың қажеті жоқ. КСРО-ның ыдырауы кезеңінде бүтіндей интеграциялық процестермен айналысқан Еуропалық одақтың мысалы бар. Біртұтас экономикалық кеңістік елдері

еуропалық сәтті тәжірибені сауатты және парасатты түрде қабылдаулары керек.

Егер де біртұтас экономикалық кеңістік Украинаның позициясына байланысты іске аспайтын болса, онда барлық қатысушылар: интеграция – бұл қажеттілік деген ұғым деңгейіне жеткен кезде біздің жинақтаған тәжірибеміз ЕурАзЭБ немесе басқа бірлестіктерде пайдалы болмақ. Бұл – бәріне де пайдалы. Бұл – қауіпсіздік және даму.

Бірақ өткен уақыттың өн бойында «интеграция» атауына мағыналық толықтырулар адам танымастай өзгерістерге ұшырап, кейде не туралы әңгіме болып жатқанын баз біреулер түсінбей де қалады. Сондықтан да интеграцияның біздерде бұрын қалыптасқан мағынасын сөзсіз қабылдап, оны көп жағдайда толық пайдаланбадық. Бұған объективті де, субъективті де факторлардың әсері болды. Егер біз оны өз бетімізбен пайдалана алмасақ, онда бұған үйрену керек. Өзара байланысқа, ынтымақтастыққа және ортақ мақсатқа жетуге үйрену керек. Ол үшін еуропалық одаққа қарасақ та жеткілікті. Қандай да болмасын қайшылықтарға қарамастан (ондайлар жеткілікті), олар интеграцияны толық түсінуге жеткен. Оның дәлелі – біртұтас валюта – «евроның» енгізілуі, Еуропарламенттің болуы және басқа көптеген жәйттер.

Менің ойымша, мен былай да интеграциялық процестердің пайдасына байланысты жеткілікті түрде айттым. Елдерді жақындастыру жолында нақты қадамдарға баратын уақыт келді. Бірінші кезекте, біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде. Иә, мойындауымыз керек, интеграция, әсіресе валюталық одақ біздің елдерден экономикалық және саяси тәуелсіздік принциптерінен белгілі дәрежеде шегінуді талап етеді. Бірақ, интеграция нәтижелері мемлекет үшін, барлығынан бүтіндей тәуелсіз болу тілегінен әлдеқайда зор пайда әкелмек. Биік шыңға жалғыз шығу мүмкін емес, әріптестің мықты сүйемелі қажет. Шыңды бірлескен күшпен ғана бағындыруға болады.

Менің пікірімше, «үлкен аға – кіші іні» сияқты ап-айқын, нақты жікке бөлінген бұрынғы одақтық «бауырластықтағы» басымыздан өткен қолайсыздықтардан арылып, байсалды интеграцияға бару үшін біздің елдерімізге ұзақ уақыт керек. Біздің ортақ стратегиялық экономикалық мүдделеріміздің болуына және реформалардың қатарлас бағытта жүруіне қарамастан, осылай болмақ. Сондай-ақ біздің елдердің институттық өзгерістерінің бағыты да бір ыңғайда алынған. Бұдан басқа, интеграцияға бөгет жасайтын жүйелік проблемалар да баршылық. Біріншіден, бұл сенімнің төмен дәрежесі, оны тек елдің өз ішіндегі заңды сол сияқты мемлекетаралық келісімдерді сыйлау арқылы көтеруге болады. Екіншіден, біртұтас экономикалық кеңістік елдеріндегі (Белоруссияның, Қазақстанның, Ресейдің және Украинаның) саяси режимдер өздерінің мәні жағынан әртүрлі және Еуроодақ елдері арасындағы айырмашылыққа қарағанда бұлардың айырмашылықтары едәуір үлкен. Осы себептен біздің елдеріміз қол қойған келісімдер әлі де тұрақты емес, олар ішкі саяси ағымдарға тәуелді болмақ. Үшіншіден, біз әрбір елдің ұлттық мүддесінің түйіні неде жатқанын әлі түпкілікті шешкеніміз жоқ. Өз мүдделерімізді өзіміз түсінуіміздің проблемалары интеграциядан бұрын шешілуге тиіс. Мұнысыз кез келген интеграция ұзаққа бармайды.

Ұлттық валютаны енгізу тәуелсіздіктің рәмізіне айналды және оның одан арғы қызметі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуға бағытталған түбегейлі нарықтық реформаларды іске асырмайынша мүмкін емес. Реформалардың барысында барлық экономикалық қайта өзгертулерді басты ойыншыларсыз, яғни меншік иелерінсіз жүзеге асыру мүмкін емес екендігін ұмытпау керек. Нақ осы меншік иелері табының болуы нарықтық экономиканың түйінді элементі болып табылады. Бұған қарай жасалған алғашқы қадамның бірі бүкіл елде көлемді жекешелендіруді іске асыру болды.

# МЕМЛЕКЕТТИК МЕНШІКТЕН – ЖЕКЕ МЕНШІККЕ

Жекешелендіру Қазақстанның қазіргі тарихында нағыз қайшылықты кезең болды. Тарихтың бұл кезеңі бұрынғы социалистік елдердің бірде-бірінде бірыңғай баға алған жоқ. Польша, Венгрия және Чехия елдерінен айырмашылығымыз – біз жекешелендіруді мемлекеттік институттар құрылысымен қатар жүргіздік. Шығыс Еуропада батыс инвесторлары өз өндірісін апаруға дайын тұрып, мемлекеттік меншіктің жедел сатылуына ықпал етсе, Қазақстанның «бандиттік капитализм» үстемдік еткен өз әріптесі Ресеймен істес болуына тура келді.

Біз мемлекеттік институттар түпкілікті қалыптасқанға дейін жекешелендіруді кейінге қалдыра алдық па? Өзбекстанның тәжірибесі көрсеткендей, жеке меншік иелерін қалыптастыру үрдісін кейінге қалдырсақ, экономикалық жағдайымыз тіпті қиындай түскен болар еді. Біз тәуелсіздікке кіргенде, бізде тиімсіз әскери-өнеркәсіптік экономика үшін толық өңделмеген және бәсекеге қабілетсіз өнімдер өндіретін алып кәсіпорындар бар еді, ол экономика кеңестік мемлекеттің тарихымен бірге келмесе кетті. Польша Президентінің экономикалық кеңесшісі Марек Белка, ал одан кейін Премьер-министрдің өзі мойындағанындай, Польша Еуропалық қауымдастықтың толық құқықты мүшесіне айналған кезде, Польшаның табысты кәсіпорындарының басым бөлігі тақыр таза жерде құрылған және олардың социалистік кезеңде жекешелендірілген кәсіпорындарға ешқандай да қатысы болмаған.

Егер де жекешелендіруге баға беру керек болса мен, біріншіден, бұл Қазақстанда әртүрлі тиімді де ынталы меншік иелерінің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызған тарихи үрдіс болғанын айтар едім. Бізде өсудің мыңдаған дербес нүктелерін солар жасады. Жекешелендіру жаңа экономикалық және қоғамдық қатынастар үшін кеңістік ашып берді. Мемлекет түү басынан-ақ өнеркәсіпке ықпал етушіліктің жетегінде еріп кетпейтінін және шығынға белшесінен батқан кәсіпорындарды қолдай алмайтынын бірден аңғартты.

Екіншіден, жекешелендіру кезінде жіберілген қателіктер біздің бәрімізге үлкен сабақ болды. Мемлекет жекешелендірудің инвестициялық купондары уақытында жаңа пісіп-жетілген қазақстандық бизнесмендерді қолдай отырып, инвестициялық қорлардың жұмысы жөнінде қажетті заңнамалық база жасамады, қорларды басқарушыларға қойылатын кәсіби біліктілік пен қаржы талаптарды анықтамады; олардың салымшылар алдындағы жауапкершілік деңгейі айтылмады. Соның салдарынан мемлекетке жекешелендірудің осы кезеңіндегі сәтсіздіктің нәтижесінде пайда болған халықтың сенімсіздігі мен түңілісін жою үшін мемлекеттің ұзақ жұмыс істеуіне тура келді. Үш жылдан соң біз зейнетақы реформасын жүргізу кезінде осы қателіктердің бәрін ескердік. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларымен қатар мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорлары құрылды. Нормативтік-құқықтық база барлық зейнетақы қорларының жұмыс істеуі мен орналастырылуына қатаң талаптар белгіледі. Бұл істердің нәтижесі ұзақ күттірген жоқ, бүгінде біздің зейнетақы жүйеміз барлық посткеңестік кеңістікте ең ойластырылған және сенімді жүйе болып табылады.

Ал қане, ең басынан бастайық. Жекешелендірудің қисынын түсіну үшін сол кезеңде қалыптасқан жалпы жағдайды суреттеп көрейік. Қазақстан экономикасы жалпы одақтық экономиканың басқа одақтас республикаларды шикізатпен қамтамасыз ету міндетін атқаратын жеке бір элементі болып табылатын. Мысалы, Қазақстаннан өндірілген мұнайдың 70%-ы, темір рудасының 55%-ы, көмірдің 28%-ы, қара металдың 46%-ы, синтетикалық каучуктің 86%-ы және негізгі химия өнімдерінің 54%-ы шетке шығарылды. Сөйте тұра, республика сырттан әкелінетін, жан басына шаққандағы халық тұтынатын тауарларды өндіру жөнінде бұрынғы КСРО-ның 15 республикасы ішінде 12-ші орынды иеленді.

Қазақстан тауар айналымының жалпы көлемінің қалыптасуындағы айқындаушы рөл бұрынғы КСРО-ның басқа



республикаларымен өзара қатынасына тиесілі болды, яғни Қазақстанға жалпы сырттан әкелінетін материалдық ресурстардың көлемі 84%-ды, ал одан жалпы сыртқа шығарылатын өнім көлемі 91%-ды құрады. Мысалы, сырттан әкелінетін өнімдердің ең көп үлесі (34%) металл өңдеу мен машина жасау салаларына тиді.

Әрине, мұның бәрі, тағы да ескертейін, қазақстандық экономика құрылымдарының табиғи шикізатты өндіру мен оны республикадан тысқары жерлерге жеткізіп беруге бағытталып қалыптасуынан көрініс тапты. Қазақстандағы өндіруші салалардың үлес салмағы бұрынғы Одақ бойынша орташа көрсеткіштен 1,7 есе, Ресейдегіден – 1,5 есе, Украинадағыдан – 2 еседен асып түсті. Қазақстанның негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорларының 30%-дан астамы өндіруші салалардың үлесіне тиді. Сол мезгілде рентабельділік қабілетін барған сайын жоғалтып жатқан өндірістік мақсаттағы мүліктердің 90%-дан астамы мемлекеттің иелігінде болды.

Тағы бір «ерекше» кезең мемлекеттік меншіктерді тұрғындардың жаппай талан-таражға сала бастауы болды. Бізде нарықтық идеяның өзіне нұқсан келтірген осы талан-таражды тоқтатуға шама жетпеді. «Халықтық меншікте» оның сақталуы жөнінде қам жейтін нақты айқындалған ие жоқ еді. Экономиканың мемлекеттік секторын түбегейлі өзгерту үрдісін басқару, мемлекет меншігін жоспарлы түрде жекешелендіруді кеңінен жедел өрістету және мемлекеттік меншікті заңды түрде жекешелендіру түйінді мәселелерге айналды.

Мемлекеттік қамқоршылдықтың бұрынғы қалыптасқан жүйесін неғұрлым тезірек қиратып, мемлекеттік меншіктен жекешілдікке, масылдықпен бәрін де «жоғары жақ» шешеді деп күтушіліктен жауаптылық пен іскерлікке қарай жедел көшудің қажеттігі айқын болды.

Осының барлығына қоса, Қазақстанда бұрын-соңды бұған ұқсас іс-шаралар жүргізілмегенін де есепке алу керек

болды. Бәрі де бірінші рет, бәрі де жаңадан іске асырылып, жатты. Өмірдің нарыққа қарай күрт бет бұруын алғашында түсінбей, сенімсіздікпен қабылдағанына адамдар кінәлі емес еді. Сондықтан оларды қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға неғұрлым көбірек тартып, жаңалыққа қарсы пиғылдарын өзгерту өте маңызды болды.

Көп жағдайда үй іргесіндегі және саяжайлық жер телімдерін жұртқа үлестіріп беру, сондай-ақ мемлекеттік пәтерлердің азаматтардың иелігіне берілуі осыған игі ықпалын тигізді. Қазақстанда болған жағдайдың аса күрделілігі және алда тұрған міндеттердің мүлде жаңалығы осындай тың шешімдерді талап етті.

Оқиғалардың жылдам дамығаны соншалықты, кейде болып жатқан жағдайларды басқарудың орнына, олардың соңынан жүгіруге тура келді. Бізге сол кездегі экономикалық қатынастарды түбірімен өзгерту қажет болды. Кейбір жағдайда туындаған проблемалармен күресу мүмкін болмай қалды.

Өнімдері өтпегендіктен кәсіпорындар тоқтай бастады немесе олардың шығарған өнімдері қоймаларды толтырумен болды. Өткен тарауда айтқанымдай, халық тұтынатын тауарларды өндіру үздіксіз қысқартылды. Бос қалған сөрелер ұсыныс пен сұраныстың сәйкес еместігін көрсетті. Ондаған мың адамдар жұмыссыз, күнкөріске қажетті қаржысыз қалды.

Ауылдық жерлерде де аса ауыр жағдай қалыптасты. Өнімдерін орталықтың сатып алуына бағытталған ұжымшарлар мен кеңшарлар тауарларын өткізе алмай, ақшасыз қалды. Бюджетке ешқандай түсім болмағандықтан, жалақы мен зейнетақыны төлейтін қаражат та болмады.

Елімізде түбегейлі реформалардың бастау алуына дейін жекешелендірілген өз кәсіпорындарын аман сақтап қалып, олардың рентабельділігін арттыруға, сөйтіп экономикамызды көтеруге ұмтылған жеке меншік иелерінің

шоғырын қалыптастыру қажет болды. Бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындарды жеке кәсіпкерлердің қолына бергенде, оларды мемлекеттік басқару мен араласудан арылтып, еркін ұстауға тырыстық. Ондай жеке меншіктегі фирмалар мен кәсіпорындар жаңадан жұмыс орындарын ашып, өндіріс көлемін реттеудің тың экономикалық байланыстарын өз еркімен орнатуға мәжбүр болды, әрине, бұл экономиканың өздігінен сауығып, тыңаюына алып келетін еді.

Алайда жекешелендіру қажет болған өнеркәсіп орындарының көпшілігі «экономикалық» мешелдік күйде болды. Олардың көбі тек инвестициялар мен жаңа технологияны ғана емес, бұрынғы кеңестік үлгідегі басшылар қамтамасыз ете алмайтын, олардан гөрі мықты – сауатты менеджментті қажет етті. Ол өз алдына болсын, онсыз да бейберекеттік пен жазасыздық жайлап алған жағдайда, сол кездегі ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарындағы, қызмет көрсету саласы мен ауыл шаруашылығындағы басшылардың көбі құрып бара жатқан зауыттар мен олардың еңбек ұжымдарының есебінен өздерінің жеке басының баюын негізгі міндет етіп қойды. Мұндай басшылар еліміздің экономикасындағы аласапыран күңгірт жағдайды пайдалана отырып, өздері қалт-құлт етіп зорға тұрған кәсіпорындарды ұрлап-тонаумен болды, өйткені олардың көпшілігі одақтық министрліктерге бағынышты болғандықтан, Қазақстанның олармен ешқандай байланысы да, ол үшін моральдық міндеттемесі де жоқ болатын. Директорларды «сайлап алушылық» деп аталатын жағдай оларды бар жауапкершіліктен құтқарды.

Мұндай кезеңде республика үкіметінің әлі де сол кездегі мемлекет иелігіндегі меншіктерді талан-таражға салуды тоқтатарлық нақты мүмкіндіктері болмағанын мойындаймын. Меншіктің тиісті заңдары, айқын ережелерінің болмауы «қызыл директорлардың» жауапкершіліктен құтылып кетуіне жағдай туғызды.

Қазір «халықтық меншікті таратып бердіңдер» деп және тағы басқадай деп бізді кінәлаушылар бар. Біздің осылай істегеніміз үшін құдайға шүкір дейміз. Ондай жағдайда және белгілі бір кәсіпорындардың шынайы құндылығы мен келешегі қандай екендігін айқын білу қиын еді. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, көптеген өнеркәсіп орындарында ескірген қондырғыларға толы орасан зор өндірістік және әкімшілік ғимараттар қалқайып тұрады. Олардың көбінде таудай болып жинақталып қалған қарыздар еңсе көтертпейді. Бұл кәсіпорындарда рентабельді өндірісті құру төтенше көп күш-жігер, уақыт пен қаржы жұмсау талап етілді. Жағдайды тұрақтандыруға бағытталған жедел де тиімді шаралар қажет болды. Сол кезеңде жаппай сипат алған мүлікті талан-таражға салушылық пен ысырапқорлық та мемлекет меншігінен алып, жекешелендіру үрдісін еңсерудің қосымша факторы болып табылды.

Осыған байланысты біз кең көлемді жекешелендіруге бардық. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру төрт кезеңмен жүргізілді. Бұл кезеңдердің әрқайсысы өз мақсаттары мен міндеттерін көздеді. Әрбір кезеңнің өз ерекшелігі болды. Бүгінде бұл жекешелендіру үрдістерінің кезеңдері біз әуелде жоспарлағандай болып жүргізілді деп айтуға келмейді. Дұрысында, әрбір кезең одан бұрынғылардың қисынды жалғасы болып табылды. Әрбір келесі кезеңде өткендегі кезеңдердің барлық қателіктері мен мүлт кетушіліктерін ескеруге тырыстық. Ал қателіктер мен сәтсіздіктер болды.

Өкінішке қарай, жекешелендірудің инвестициялық купондары дейтінге байланысты біздің көптеген үміттеріміз ақталмады. Мәселен, тұрғындарға жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын сатып алу үшін жекешелендірудің инвестициялық қорларына салатын жекешелендірудің инвестициялық купондарын таратып бергенде, аталмыш қорлардың өз активтерін өздерінің астыртын фир-

малары арқылы жымқырып қалуына саңылау туғызылды. Бұл алғашында олардың алдында қаржылық міндеттемелерді алу, сонан кейін ондай міндеттемелерді жекешелендірудің инвестициялық купондары есебінен сатып алынған активтер арқылы өтеу жолымен жүргізілді. Нәтижесінде, жекешелендірілген кәсіпорындар белгілі бір азғана топ адамдардың қолында ғана қалды, сөйтіп халықтық жекешелендіру идеясына нұқсан келтірілді. Егер де қазір сол жылдардағы инвестициялық жекешелендіру қорлары басшыларының аты-жөнін жарияласақ, онда бүгінде шалқыптасып өмір сүріп жатқандардың кімдер екені белгілі болар еді. Ал қарапайым адамдар кәсіпорындар акциясын ала алмады. Бұл енді сол кездегі жоғарыдағыдай жағымсыз әрекеттерге барған жандардың ар-ұятындағы іс.

Қазақстандағы жекешелендіру тетіктерін және оның жөнді-жөнсіздігін түсіндіру үшін осы кезеңдердің әрқайсысын сипаттап өтейін.

### БІРІНШІ КЕЗЕҢ: ЫНТАЛЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ, 1991–1992 ЖЫЛДАР

1991 жылдың 22 маусымында «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заң қабылданды. Осыған сәйкес мемлекеттік органдар кәсіпорын ұжымынан тек тиісті өтінім келіп түскеннен кейін ғана шешім қабылдайтын болғандықтан, мұндай жекешелендіру ынталы деп аталатын сипат алды. Тек сонда барып аукциондар, конкурстар өткізілді немесе өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды еңбек ұжымына тегін беру жүзеге асырылды.

Аталмыш заң жекешелендірудің бірінші кезеңіне (1991–1992 жылдардағы) бастапқы негіз қалады, міне, соның нәтижесінде меншік түрін өзгерту үрдісіне еліміздің азаматтарын еңбек ұжымдары арқылы барынша көп тарту идеясына

негізделген алғашқы нұсқадағы «Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1991–1992 жылдарға арналған Бағдарламасы» жасалды. Бұл бағдарламада ымыраға келушілік көп болды.

Ақша құнсыздануының ерекше қарқын алуы және тұрғындарда қаржының болмауы ескеріле келіп, Қазақстанда бүкіл тұрғындардың бірі қалмастан тұрғын үйлерді жекешелендіруге қатысу үшін төлем құралы ретінде оларға тұрғын үйді жекешелендіру купондары тегін ұсынылды.

Бір купонның құны сол кездегі рубльге парапар болды. Берілген купондардың саны еңбек стажымен айқындалды, ал біреудің асырауындағы адамдарға екі мыңнан купон таратып берілді. Бағдарлама тұрғындардың ынтасын арттырып қана қоймай, жекешелендіру үрдісінде бұрынғы мемлекеттік мүлікті еліміздің белсенді тұрғындары арасында әділдікпен бөлуге болатынына халықтың үмітін оятты. Купондарға пәтер сатып алудың қарапайым тетігі қысқа мерзімде тұрғын үй нарығын қалыптастырып, халықтың белсендігін және нарықтық қатынастарды дамытудың басқа да шарттарын қамтамасыз етті. Әрі қарай тұрғын үй купондары шағын жекешелендіру нысандары мен ауыл шаруашылығы нысандарын сатып алу кезінде қолданылды. Жекешелендірудің бірінші кезеңі көбінесе жалдамалы және ұжымдық кәсіпорындардың құрылуымен, сондай-ақ коммуналдық нысандардың аукциондарда сатылуымен сипатталады. Соның өзінде еңбек ұжымдарына ерекше жеңілдіктер ұсынылды.

Республикада біртіндеп қызмет көрсету нарығы қалыптасты. Жекешелендірудің бірінші кезеңінің нәтижелері меншік иеленуші топтарды қалыптастыратын кәсіпкерліктің дамуына түрткі болды. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша мемлекеттік мүліктің 4771 нысаны қайта құрылды. Жекешелендірілген кәсіпорындардың жалпы санының 60%-ын бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық

қызмет көрсету, коммуналдық шаруашылық және басқадай нысандар құрады. Соның басым бөлігі сауда (29,6%) және тұрмыстық қызмет көрсету (25,8%) нысандарының үлесіне тиді.

Алайда Қазақстандағы жекешелендірудің бірінші кезеңінің тәжірибесі ұжымдық ынта білдіруге бағытталып жалған меншікті қайта құру құралдарының мүмкіндігі шектеулі екенін көрсетті.

Елімізде ынталы жекешелендіруден бірыңғай сценарий бойынша жекешелендіруге көшу туралы жедел шешім қабылдау қажет болды.

### ЕКІНШІ КЕЗЕҢ: ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КУПОНДАРЫМЕН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ, 1993–1995 ЖЫЛДАР

1993 жылдың 5 наурызында мен «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын» бекіттім. Бұл бағдарламаның қабылдануын жекешелендірудің екінші кезеңін жүзеге асырудың басы деп санаған жөн. Бұл бүкіл жекешелендіру үрдісінде бұқаралық сипат алып, ең күрделі кезеңге айналған шақ еді. Үрдіс өзінің формасы жағынан да қарқыны мен тәсілі жағынан да, өте ерекше болды.

Мысалы, мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендіру қатаң орталықтандырылды, жергілікті әкімшілік органдарының осыған ұқсас қызметтері қысқартылды. Нысандарды жекешелендіруді дайындау мен жүргізудің бірыңғай тәртібі енгізілді. Жекешелендірудің кең ауқымдағы тәсілдері: акцияларды биржа, аукцион, коммерциялық тендер, инвестициялық тендер арқылы сату, жалға беру шарттарын аяқталып біткенге дейін сақтай отырып, нысандарды сату, ауылдық жерлерде әлеуметтік мәні бар нысандарды тікелей сату, өтімсіз

нысандарды бағаның ең аз мөлшерін тағайындамай-ақ өткізу, белгілі бір кәсіпорындарды инвестициялық шарттармен сенімді басқаруларға беру бекітілді. Жекешелендіруді жүргізу кезінде пайдаланатын құралдардың әртүрлілігі жекешелендірілетін кәсіпорындар саласының ерекшелігін және тұрғындардың ағымдағы сұранысы мен менталитетін қатар ескеруге мүмкіндік туғызды. Жекешелендіру тәсілдерін таңдау кәсіпорын мөлшерімен – негізгі капиталдың айналымдағы саны мен және соның құнымен айқындалды.

Реформа жекешелендірудің төрт түрін: шағын, жаппай, жекелеген жобалар және агроөнеркәсіп кешені бойынша жекешелендірулерді қарастырды. Біз шағын жекешелендіруді қысқа мерзімде жүргізіп, алты мыңнан астам нысандарды өткіздік. Бұл өз орайында тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтандыру салаларын айтарлықтай жандандыруға мүмкіндік берді. Жекешелендірудің аталмыш кезеңінің нәтижесінде республикада шағын және орта бизнеске тиесілі мыңдаған жеке меншік кәсіпорындар пайда болып, жемісті жұмыс жасай бастады.

*Ұлттық бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болды:*

*– шағын жекешелендіру (жалпы саны 200 адамға дейін жұмыс істейтін сауда, тұрмыстық қызмет көрсету нысандары мен өндірістік кәсіпорындарды аукционда және конкурста сату);*

*– жаппай жекешелендіру (жалпы саны 200-ден 5000 адамға дейін жұмыс істейтін кәсіпорындар);*

*– жекелеген жобалар бойынша жекешелендіру (жалпы саны 5000-нан аса адам жұмыс істейтін кәсіпорындар);*

*– агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіру.*

**«Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы»**



Екінші кезеңнің ерекшелігі – сондай-ақ жекешелендіруге қатысушылар үшін бірқатар жеңілдіктер мен ымыраға келушіліктерді сақтап қалғандығы. Мысалы, жекешелендірілген нысандар қызметкерлері шаруашылық серіктестіктеріне жалпы жұмыс істеушілер санының кемінде 50%-ын біріктіріп, сауда бәсекесіне қатысуға мүмкіндік алды, сату бағасының 10%-ына дейін жеңілдік жасалды.

Жекешелендірудің кең ауқымдағы тәсілдерін қолданудың икемділігі және оған қоса жеңілдіктер мен ымыраға келушіліктер екінші кезеңдегі мерзімде шағын жекешелендіру нысандарының негізгі бөлігін іске асыруға жағдай туғызды. Сұранымы жоқтар қатарында қалып қойған нысандар 1996 жылғы бағаның сан қайтара төмендетулерінен кейін осындай құрама тәсілдермен өткізілді. Шағын жекешелендіру нысандарының құны ақшалай (50%) және тұрғын үй купондарымен (50%) төленетін болды. Халықтық жинақтау банкілерінің бөлімшелері арқылы тұрғын үй купондарын еркін сатып алу-сату тәртібі енгізілді. Аукциондарда өтпеген нысандар, өткізудің әртүрлі нұсқаларымен: бастапқы бағаны кеміту арқылы, бағасын тағайындамау және нысанды алдын ала жалға беру, арқылы сатуға қойылды. Еңбек ұжымдарына нысандарды адрестік сатудың тәсілдері де тәжірибеге енгізілді. Жалға берілген нысандар жалға беру шарттары сақтала отырып сатылды. Шағын жекешелендіруден түскен қаржының 50%-ы жергілікті бюджетте қалдырылды. Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру кезінде еңбек ұжымдары жарғылық капиталдың мөлшеріне қарай ерекше артықшылығы бар акцияларды 10%-ға дейін тегін алды.

Шағын жекешелендірудің таза экономикалық тиімділігіне қоса әлеуметтік тиімділігі де болды. Іс жүзінде, алғашқы екі жыл бойына біздің дүкендердің сөрелері мен базарлар азық-түлік тағамдары мен басқа да қажетті тұтыну тауарларымен толыға бастады. Дәрі-дәрмектер нарығы дамытылды.

Адамдар бірте-бірте жеке меншік сектордан қорықпайтын болды. Дүкендер мен дүңгіршектерді сату бұл секторларда кәсіпкерліктің дамуын ынталандырды. Жаңадан құрылған фирмалардың жоғары деңгейдегі техникалық жарақтануы мен менеджмент жағынан жекешелендірілген нысандардан айтарлықтай айырмашылығы болды. Осындай жолмен жанар-жағармай стансаларының тұтастай торабы бой көтерді.

Бұл кезеңде Қазақстанның барлық азаматтарына халық жинақ банкінде жекешелендіру-инвестициялық купондардың дербес есепшоттары тегін ашылды. Қазақстанның әрбір азаматы өз купондарын тек инвестициялық-жекешелендіру қорларының акцияларына салып, содан соң, арнайы аукциндарда мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары купондарын сатып ала алатын болды.

Купондық жекешелендіру – бұл қазақстандық экономиканы мемлекет иелігінен алу кезеңінде адамдардың саны жағынан халық ең көп қатынасқан шара болды. Мәселен, өтпелі кезеңдегі экономикасы бар басқа елдерде (Польша, Чехославакия) іс жүзінде осыған ұқсас жайларды бастан кешті. Осы үрдістің барысында орташа кәсіпорындардың негізгі бөлігін жекешелендіру және еліміздің барлық азаматтарын жеке меншікке тарту (купондар негізінде) көзделді. Ақырында, меншік иелерінің дәл осы бөлігі қазақстандық орта таптың дүниеге келуі үшін негіз болатын еді.

Бірақ бұл кезеңнің нәтижелерін әлеуметтік жағынан жарамды деп бағалау бәрібір мүмкін де болмас. Купондық кезең тұрақты бағалы қағаздар нарығының пайда болуына ықпал етпеді. Қор биржалары акцияларының ашық саудасын кеңінен дамыту талабынан нәтиже шықпады. Себебі кәсіпорындардың басым бөлігінің акциялары күрделі экономикалық жағдайдан кәдеге аспады. Инвестициялық жекешелендіру қорларының көпшілігі банкротқа ұшырады. Купондық кезең ұсақ және орташа акционерлердің белсенді де табысты тобының

қалыптасуына әкелмеді. Бұл мәселелер көптеген себептерден іске аспады, соның ішінде жоғарыда мен айтқан себептер де бар еді. Осы арада купондық жекешелендіру идеясының өзі халықтың үмітін ақтамағанын ағынан жарыла айтуымыз керек.

Жаппай купондық жекешелендіруге әзірлік пен оны жүргізу кезеңінде елдің басым бөлігінде бұл үрдіс өте баяу емес пе деген ой болған жоқ. Керісінше, көптеген адамдар ақылмен әрекет етіп, асықпай қимылдауға шақырды; сондай-ақ «жаппай жекешелендіруді тоқтату, артқа қарайлау, дайындалу» талаптары да болды. Әйтсе де экономикаға жан бітірген жаппай жекешелендіру дұрыс шешім болғанын уақыттың өзі көрсетті.

Осымен қатар кәсіпорындарды акцияландыру жұмыстары да жүргізілді. Акцияландыру үрдісі мен мемлекеттік акция пакеттерінің пайда болуы кәсіпорындарды корпоративтік басқару идеясының тууы мен дамуына ықпал етуі тиіс еді. Міне, осыдан барып нарықты енгізудің белсенді жақтастарын қалыптастыру жөнінде жұмыстар жалғастырылды. Бұл мақсаттарға орай құрамында орташа кәсіпорындар мен әр түрлі қаржылық құрылымдары бар қаржы-өнеркәсіп топтары мен холдингтер өмірге келді. Олардың нарықты коммерциялау және корпорациялау, нарық жағдайындағы жұмыстың әлемдік тәжірибесін пайдалану жөніндегі әрекеттері барынша ынталандырылып отырды.

Жағдай қаржылық және ішінара заттай нысандардың қайта құрылымын іс жүзінде мүлде елемеуге мәжбүр етті. Бұл жұмысты ұтымды аяқтауды енді жаңа меншік иелеріне қалдыруға тура келді. Алайда проблеманың аса өткірлігі, әсіресе борышқорлық проблемасы, жекешелендірудің осы кезеңінде оның нысандарының бағасын күрт түсіріп, ықтимал тиімді инвесторларды кері итерді. Жаппай жекешелендірудің басқа бір маңызды экономикалық және әлеуметтік нәтижесі мемлекет иелігіндегі нысандарды ақшалай сатуға көшу болды.

Басқа да көптеген реформалар секілді, жекешелендіру қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті арттырудың кезекті сынағына айналды. Бұл тұрғыда, сірә, ең күрделісі сөзсіз жекешелендіру туралы саяси шешімді қабылдау болған шығар. Жеке меншікке көшу үрдісін кері қайтпайтын ету керек болды. Сол кезеңдегі істің қисыны осыны талап етті. Тек осындай жекешелендіру ғана халықаралық ұйымдар мен шетелдік инвесторлар үшін біздің нарықтық бағытымызға кепіл болатын еді. Мұндай белестен өту туралы шешім қабылдаудың жауапкершілігі, сөзсіз, мемлекет Басшысына жүктелетін болды. Бұл сол кезде де түсінікті еді, қазір де түсінікті.

Маған барлық жауапкершілікті өз қолыма алуға тура келді. Бізді меншік тек мемлекеттікі ғана (немесе, жалпыхалықтық деп аталатын) болуы керек деп үйретті, ал іс жүзінде ол ешкімдікі де емес еді. Енді, күтпеген жерден – жеке меншік, «буржуйлар» пайда болды. Бұл жұрттың барлығына қорқынышты еді. Қазір еске алсам, министрліктер басшыларына ірі, тіпті кейде бірегей нысандарды сату туралы келісімшарттарға қол қоюдың өзі қорқынышты болып тұратын-ды. Осыны түсінгендіктен менің қолдауымды және өте түбегейлі өзгерістерді жүргізу кезінде қорғауымды олар үнемі сезінетін болуы үшін барлық жағдай жасалды. Нәтижесінде меншікті реформалау мәселелерінде бұрынғы Одақ елдерінің көпшілігіне тән болған жартыкештік пен сөзбұйдалықтан біз ада болдық. Ал меншіктік қатынастар – бұл экономиканың негізі екенін, демек, қоғамның қаржылай және әлеуметтік тұрақтылығының ең бірінші себебі екенін саясаткерлер әрдайым есте ұстаулары керек.

Алматы темекі комбинаты, Южнефтегаз, ШНОС секілді алғашқы ірі объектілердің ақшаға сатылуы бүкіл посткеңестік кеңістіктегі революциялық қадамдар болды. Бұл бюджеттік түсімдер құрылымын жай ғана реформалау емес еді. Ең алдымен, қазақстандықтардың күнделікті өміріне жеке меншіктің

енгізілуі болды, бірінші кезекте, қоғамдық сананың реформасы болды.

Біртіндеп ақшаға сату үрдісінің динамикасы теңестірілді. Сонымен қатар қалыпты нарықтық бағаға жетуге тек 1997 жылы ғана қол жетті. 1996–1997 жылдары жекешелендіруден түскен түсімдердің өзі бюджеттің кіріс бөлігінің 20-30%-ына жуығын құрады. Бүгінгі сәтке дейін сол бір жылдары жекелеген жобалар бойынша жекешелендірілген кәсіпорындардың барлығы бюджетке салық түсімдерінің тұрақты түрде түсуін қамтамасыз ететін ең ірі салық төлеушілеріміз болып табылады.

Екінші кезеңнің аяғында ерекше экономикалық және әлеуметтік маңызы бар ірі кәсіпорындарды жекелеген жобалар бойынша жекешелендіру басталды. Мысалы, реформаларға жаңа, сапалық жағынан басқаша құрамдағы шетелдік капиталдың әлеуеті енгізілді. Сол кезеңде Қазақстанға жекешелендіруді одан әрі жүргізу үшін шетелдік қолма-қол капиталдың және шетел капиталымен жұмыс істейтін кәсіпорындар құрудың қажеттігі түсінікті болды.

*1994 жылдан бастап жекешелендірудің инвестициялық қорларына шетел капиталын салуға рұқсат берілді, ал 1995 жылдың көктемінен бастап жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларының 31%-ына дейін алуға және валютамен есеп айырысуына болатын кез келген объектілерді сату жөніндегі аукциондарға шетелдіктер жіберілетін болды.*

*Шетел инвесторлары алдына төмендегідей міндетті шарттар қойылды:*

- негізгі өндірісті инвестициялауының мерзімі, көлемі және бағыты;*
- шығарылатын өнімдердің негізгі түрлері бойынша өндіріс көлемінің өсуі;*

*– еңбекақы бойынша, бюджет пен жеткізіп берушілердің алдындағы қарыздарды төлеу жөніндегі міндеттеме алу.*

**«Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы»**

Бастапқыда шетел инвесторларына тек жекелеген ірі кәсіпорындарды ғана сату жоспарланған. 1993 жылы тізімге 38 объекті тіркелді.

Мұның өзі көптеген кәсіпорындардың тоқтап қалу және шын мәнісінде банкротқа ұшырау қаупіне тап болған кезінде, республика кәсіпорындарын осы күрделі жағдайдан шығарудың қажеттігінен туындаған еді.

Сол кезеңде (1993–1994 жылдары) жекелеген жобалар бойынша бірінші болып Алматы темекі комбинаты мен Шымкент кондитер фабрикасы сатылды. Алматы темекі фабрикасы үшін американдық «Philip Morris» компаниясы 100 млн астам доллар төледі, сондай-ақ инвестор өндіріске 240 млн АҚШ долларын салуға міндеттенді, бірден өзінің әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыра бастады: еңбек ұжымының жалақысын көбейтті, жаңа қызметшілер үшін жаңа тұрғын үйлер сатып алуға кірісті, басқа да бірқатар жеңілдіктерді енгізді. Ал шетелдік компания келгенге дейін фабрика қиын жағдайда болды, шикізаттарды, материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға қаржы жетпеді. Адамдарға еңбекақы төленбеді. Бұл алғашқы табыс және инвестордан бюджетке келіп түскен ірі көлемдегі алғашқы сома болды. Мен осы жұмысы үшін Премьер-министр С. Терещенко мен Мемлекеттік жекешелендіру комитетінің төрағасы Ж. Кәрібжановты мақтадым. Мұның өзі алға қарай басуға берілген белгі еді.

Шетелдіктердің қандай да болсын қатынасуы отанға қарсы қылмыс болып саналған кеңестік «қосүрейліктен» ба-

рып, сол кезде көптеген адамдар шетелдік инвестициялардың ешқандай да қажеттігі жоқ, жекешелендіру елдің айрықша ішкі үрдісі дегенді айта бастады. Бұл сөздердің барлығына менің айтар жауабым: біз шынында да жекешелендіруді дербес жүргізуге тырысқан едік. Бірақ тіпті жаман болды.

Төрелігін өздеріңіз айтыңыздар.

Сол уақытта қазақстандық индустрияның алыбы «Кармет-комбинат» өте қиын жағдайда болды. Комбинаттың электр энергиясы мен көлік үшін төленбеген орасан зор қарызы болды, жағдай банкротқа ұшыраудың аз-ақ алдында тұрды. Тіпті, ыстық цехтағы металлургиялық агрегаттарды түгелге жақын өшіруге дейін бардық. Комбинатты дағдарыстан шығаруға қабілетті инвесторды жан-жақтан іздеп жаттық. Бізге жас қазақстандық бизнесмендер өз қызметін ұсынды. Олар австриялық «Фест Альпина» компаниясымен бірігіп, кәсіпорынның қаржы проблемаларын шешуге және осы заманғы менеджментті енгізуге міндеттенді.

Біз оларға көмектесуге қуанышты болдық. Комбинатта талан-тараж жаппай етек алғандықтан, инвесторлардың өтініші бойынша мен оларға көмектесу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне тапсырма бердім. Кәсіпорын аумағына республикамыздың солтүстік облыстарынан нысанды қорғау ісін қамтамасыз ететін ішкі әскер бөлімдері жеткізілді.

Алайда ірі өндірістік кәсіпорынның жұмысын ұйымдастырып, металлургияда салмақты шетелдік әріптестермен жұмыс істеу үшін біздің жас бизнесмендердің саудада жинақтаған менеджменттік тәжірибесі жеткіліксіз болды. Кәсіпорынға кокс жеткізіп беру мен металл сынықтарын сату жөніндегі келісімшарттарын жасау кезінде жіберілген қателіктердің салдарынан 1995 жылдың басында небәрі үш күнге жететіндей кокс қоры ғана қалды, ал айналым қаржысы толықтайымен жоқ болды. Жалақыға бересі қарыз алты айдан асып кетті. Ақырында біздің жас бизнесмендердің

комбинаттан кетуіне тура келді. Арада бір ай өтпей жатып, біз әкелген әлгі ішкі істер әскерлері енді комбинат мүлкін жас бизнесмендер тарапынан болған талан-таражға қарсы күреске жұмылдырылды.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, біздің жастар осындай ірі істі қолдарына алғысы келгенде, біз оларға ықылас білдірдік. Бірақ оған жастар әлі дайын болмады. Не тәжірибе, не қаржы жетіспеді. Олар жекешелендіруге қатысты, бірақ әрі қарай меншікті басқарып кете алмады. Алайда мен оларға көмектестім, олар үйренуі керек еді. Metallургиялық кәсіпорындарды «Казкоммерцбанк» басқаруға ұмтылды, ШНОС та сатып алды, бірақ кейін оның бәрі қайта сатылып кетті.

Осындай жағымсыз жайға тағы бір айқын мысал – біздің азаматтық авиация. Біздің жігіттер «Эйр-Казахстанды» өз басқаруына алып, бересі қарыздары үшін шетелдік әуежайларда біздің ұшақтарымызды қамауға түсірген жағдайға дейін жеткізді. Шетелдік компаниялар ұшу сапары тым қауіпті болғандықтан, өз азаматтарының «Эйр-Казахстан» ұшақтарымен ұшуына тыйым салды. Егерде ағылшындармен бірлесіп «Эйр-Астана» компаниясын құру жөніндегі менің шешімім болмаса, қазір біз мүлде авиациясыз қалған болар едік. Біздің менеджерлер әлі де іс-тәжірибе жинақтап, басқаруды үйренер деп ойлаймын.

Бұл жағдайда тек әлемдік металл нарығында берік орныққан компаниялар тарапынан салынған ірі инвестициялар ғана кәсіпорынды құтқара алатын еді. Сондықтан металлургиялық комбинат сатылды. «Карметкомбинаттың» жаңа меншік иесі – үнділік Mittal Steel компаниясы шикізат, электр энергиясы, көлікпен қамтамасыз етушілер алдындағы және еңбекақы жөніндегі қарыздарды жапты, сондай-ақ кері талаптар бойынша да төлемдерді жүргізді. Қысқасы, кәсіпорын қарыздары бойынша инвестор-компания 350 млн АҚШ долларын төледі. Ал жекешелендіру басталғаннан кейінгі



сегіз жылдағы инвестицияның жалпы сомасы 1 млрд АҚШ доллары шамасында болды. Қысқа мерзімде домна пештерін, кокстеу батареяларын жөндеу жүзеге асырылып, аса маңызды технологиялық желілер қайта қалпына келтірілді. Сонымен бірге ыстықпен цинктеу және алюминдеу цехы, болатты үздіксіз құю машинасы іске қосылып, сортты прокат цехы салынуда.

Ерекше, баламасыз шаруашылық жағдайлардың қалыптасуына қарай металлургия алыптарын жекешелендіру өз орайымен ілеспе мүліктік кешендерді сату жөніндегі әрекеттерді туғызды. Мысалы, Қарағанды металлургиялық комбинатының активтерін сату осылайша атқарылды. Кәсіпорынның қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін өндірісті электр энергиясымен, жылумен, шикізатпен дер кезінде қамтамасыз ету проблемаларын шешу қажет болды. Осыған байланысты 1996 жыл бойына инвесторға Қарағанды ТЭЦ-2 кәсіпорнын, сондай-ақ көмір шахталарының негізгі бөлігін сатып алуға және қалыпты өндірістік циклды қалыптастыру мақсатында оларды инвестициялау проблемасын шешуге тура келді.

Келесі жылы «ИспатКармет» акционерлік қоғамына «Қарағандышахтуголь» акционерлік қоғамының қосалқы кәсіпорындары келіп қосылды. Бұл ТМД елдерін шахтерлердің ереуілдер толқыны шарпыған уақыт болатын, жоғарыда мен оның бізге де жеткенін айтқанмын.

Осындай ірі өнеркәсіп аймағында өткір әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуді кешіктіру бүкіл еліміз үшін болжап болмайтын аса ауыр зардаптарға душар қылатын еді. Біз осыдан құтылуға қол жеткіздік. Бұған көбінесе «Карметкомбинаттың» тұрақты жұмыс істей бастауы ықпал етті.

Көптеген жекешелендірілмеген қосалқы және аралас кәсіпорындардың басшылары шетел менеджментінің нәтижелерін көргеннен кейін Үкіметке өз кәсіпорындарын

аймақта жақсы жұмысымен танымал болған инвесторға сату үшін объектілер тізіміне енгізу туралы өтініш білдіре бастады. Үкімет бұл проблемалардың шешіміне аса мұқият көңіл бөлді. Оған мысал ретінде бірнеше фактілер келтірейін.

Павлодар облысындағы «Богатырь» және «Восток» кен қабаттарын жекешелендіру өзінше бір «технологиялық» тізбектердің сатылуы болды. 1996 жылдың күзінде, яғни келе жатқан қыстың қарсаңында, бұл аймақта жылу мен электр энергиясымен түрде қамтамасыз етуге арналған көмірді жеткізіп беру жүйесі толықтай істен шыққан еді. Бұл жағдайда кен қабаттарының мүліктік кешендерін Еуразиялық өнеркәсіпшілер тобы жекешелендірді. Оған дейін бұл топ өнеркәсіп орындарының тұтас бір қатарында өндірісті іске қосуда тұрақты оң нәтижелерге жеткен болатын. Мұндай әлеуметтік маңызы зор әрі күрделі объектілерді сатудың алдында Үкімет өкілдерінің жергілікті жерге барып істің жайын көруі тәжірибеге енгізілген-ді. Олар адамдарға күнделікті жағдай мен қалыптасқан қиындықтардан шығу үшін мемлекет қолға алған шараларды айтып түсіндіретін. Мысалы, «Восточный» кен қабатын жекешелендіру кезінде мемлекет органдарының өкілетті өкілдері мен инвесторлар еңбек ұжымын жинап, өздерінің инвестициялық және өндірістік бағдарламаларын таныстырды. Сол жерде жалақыны төлеу қамтамасыз етілді. Осылайша біз сөзді іспен бекіте отырып, халықты сендірдік.

Қысқасы, Еуразия өнеркәсіп тобы онжылдық кезеңде тау-кен өндірісі мен металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарында дағдарысты ойдағыдай жеңіп шықты, олардың жұмысы тұрақтандырылып, әлемдік нарықтағы беделі қалпына келтірілді. Жекешелендіруден кейін жүргізілген шаралардың тиімділігі туралы айтар болсақ, тек кәсіпорындарды оңалту мен қаржылай жағынан сауықтыруға 290 млн АҚШ доллары салынды.

Ал өткен жылдар ішінде өндірістің жалпы дамуына 900 млн АҚШ долларынан астам инвестициялық қаржы жұмсалды, бұл өз орайында жаңа өндірістік қуаттарды жасауға мүмкіндік берді. Бұдан басқа инвестициялық үрдіс қазір де жалғасуда, ол тек аталмыш кәсіпорындармен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, жаңа астананың дамуына Еуразия тобы инвестициялық 48 млн АҚШ долларын салды.

Дер кезінде қаржыландырудың тағы бір сәтті мысалы – «Жезказганцветмет». 1995 жылы бұл кәсіпорын банкротқа ұшыраудың аз-ақ алдында болды, оның жалпы қарызының көлемі 170 млн АҚШ долларын, ал соның ішінде еңбекақы бойынша қарызы 10 млн АҚШ долларын құрады. Келесі жылы компания акциясын сатып алу тендерінде оған «Самсунг» корпорациясы иелік етті. Ол қарыздардың бәрімен есеп айырысып, ірі инвестиция салды. Бұл жылдары өндіріс көлемі төрт жүз мың тоннаға дейін өсті, мұның өзі комбинат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген табыс еді.

Біз өте сақтықпен келген, жекелеген жобалар бойынша жекешелендіру бастапқыда бірнеше кезеңдермен жүзеге асырылды. Әуелі кәсіпорын басқаруға берілді. Нақ сол кезеңде мемлекет іске тартылған инвестордың қабылдаған инвестициялық міндеттемелерін орындауға және білікті менеджментті қамтамасыз етуге қабілеттілігін тексеріп, оның сенімділігіне көз жеткізуі керек болды. Әрі қарай мұндай инвестор акциялардың белгілі бір пакетін сатып алады. Бірқатар металлургиялық комбинаттар сенімді басқаруға осылайша берілді.

Алайда жекешелендіру барысында әуел бастан-ақ сенімді инвесторды тартуға әрдайым қол жете берген жоқ. Мысалы, 1995 жылы «Балхашмыс» акционерлік қоғамы «КАМ Финанс СА» компаниясына сатылды; бірақ, кейінде кәсіпорынға қатысты инвестициялық міндеттемелердің орындалмауынан келісімшартты бұзуға тура келді. Тек 1997 жылы

«Самсунг» компаниясы «Балхашмыс» акционерлік қоғамы кәсіпорындарының мүліктік кешенін сатып алғаннан кейін барып, бұл жағдай түзелді. Қазіргі уақытта түсті металлургия кәсіпорындары блогын біріктірген «Казахмыс» корпорациясы республикамыздағы ең пайдалы ірі өндіріс орындарының бірі болып саналады.

Жаңа корпоративтік құрылымдарды қалыптастыру үрдісі де кейде бірнеше кезеңдермен өтті. Мысалы, Өскемен қорғасын-цинк, Лениногор полиметалл және Зырян кен-байыту комбинаттары акцияларының айтарлықтай бөлігі жекешелендірудің алғашқы кезеңінде-ақ еңбек ұжымдарына берілген. Дегенмен, кәсіпорындарда қалыпты өндірістік үрдісті қалыптастыру проблемалары шешілмей қалды. Оның негізгі себебі, сол кездегі басқару қызметкерлері құрамының күшімен осындай жоғары деңгейдегі өндірісті инвестициялау үшін нақты қаржы көздерін тарту мүмкіндігінің жоқтығында еді. Швейцариялық «Глинкор» фирмасы атты стратегиялық инвесторды тартқаннан кейін ғана барып, бұл проблемалар шешіле бастады. Тек Өскемен қорғасын-цинк, Лениногор полиметалл, Зырян кен-байыту комбинаттарының мүліктік кешендерін біріктірудің негізінде жүргізілген қайта құрылымдау нәтижесінде рентабельді өндіріс – «Казцинк» компаниясы құрылды.

Жекешелендіру инвестициялық авантюризмге қарсы белгілі бір иммунитет енгізіп, бізді көп нәрсеге үйретті. Сондай тәжірибенің бірі Васильков кен-байыту комбинатын жекешелендіру болды. Алтын өндіретін бұл кәсіпорынды сату жөніндегі тендер Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірге дайындалды. Нәтижесінде оған қатысуға әлемдік деңгейде аталмыш салада танылған 10 ірі компанияның бесеуі ниет білдірді. Алайда соңғы сәтте кәсіпорын үшін 95 млн АҚШ доллары мөлшерінде адам сенбес жоғары баға ұсынған және осының негізінде жарыста жеңіске жеткен

«Пласер Доум Инк.» компаниясы сынды жаңа инвестор пайда болды. Дегенмен жеңімпаз фирма уәде еткен соманың тек 35 млн АҚШ долларын ғана төледі, ал кейінде инвестициялық міндеттемелерді орындамағандықтан келісімшарт бұзылды. Бірақ біз Еуропалық банк сияқты инвестициялық кеңесшінің және аталмыш келісімшартты жасаудан сақтандырған әлеуетті ірі инвесторлардың сенімінен айрылып қалдық.

Жекешелендірудің екінші кезеңі барысында біздің де шетелдік әріптестерге қатынасымыз түбегейлі өзгерді. Қазақстандағы инвестициялық климаттың жағымсыз сипаттары болғанына қарамастан (жоғары бикоммерциялық тәуекелшілдік және т.б.), шетелдік капитал мен жергілікті капитал арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етілді. Бірақ та бұл жеткіліксіз болатын. Біз өте қысқа мерзімде «Қазақстанда тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылдадық, онда шетелдік инвесторлар үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі айтарлықтай кеңейтілді.

Осы заң қабылданғаннан кейін шетел капиталы біздің экономикамыздың өсуінде шешуші рөл атқарды. Соның арқасында кәсіпорындардың еңбекақы, бюджет, зейнетақы қоры бойынша, сондай-ақ энергетиктерге, көлік және басқа да аралас мекемелер қызметкерлеріне берешек қарыздары жойылды. Түптеп келгенде, ереуілдердің беті қайтарылып, кез келген ел үшін ең қиын ресурс – жұмыс орны сақталып қалды. Шетелдік әріптестер кәсіпорындарды басқаруға жаңа элементтер енгізді. Бәсекеге қабілетсіз социалистік экономиканың қазақстандық басқарушылары тегін тәжірибеден өтті. Жекешелендіру әлеуметтік және коммуналдық салалардың инфрақұрылымының басым бөлігін сақтап қалуға жағдай туғызды.

1991 жылдан бастап жүргізілген ауыр жұмыстар мен шетелдік инвесторларды белсенді түрде тартудың барлығы алғашқы жемістерін бере бастады. Мысалы, 1995 жылы

жалпы ішкі өнім көлемі 992,5 млрд теңгені құрады, ал өнеркәсіп өндірісі 13,6% өсті, соның ішінде ол қара металлургияда 17,4%, түсті металлургияда 1,9% ұлғайды. Бұл кәсіпорындарда еңбекақы 16-18 мың теңге болып, республика бойынша орташа деңгейден 3 есе артты.

Тағы да қайталаймын, мемлекеттік кәсіпорындарды шетел капиталына сату жиі-жиі – «мемлекетті, ұлттық байлықты, отанды сату» деген жалған ұғымдармен байланыстырылып отырды. Әділдік үшін айтуымыз керек, көптеген шетелдік инвесторлар мемлекеттік кәсіпорындарды сатып алу және олардың әрі қарайғы тиімді жұмысын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін жақсы меңгерді. Атап көрсеткенімдей, отандық бизнесмендердің көпшілігінде мұндай мүмкіндіктер болмады. Оның үстіне, отандық әлеуетті меншік иелері әлі қалыптаспаған еді және олар кәсіпорындардың тиімді жұмысын қамтамасыз ете алмады. Олар өнім өткеру нарығын, нарықтық экономикадағы басқа да көптеген жайларды білмеді. Біз оны әлі алдағы уақытта үйренуіміз керек еді.

### Үшінші кезең: АҚШАЛАЙ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ, 1996–1998 ЖЫЛДАР

1996–1998 жылдары жүргізілген жекешелендірудің үшінші кезеңі экономиканың стратегиялық салаларындағы электр энергетикасы мен мұнай-газ салаларын, сондай-ақ әлеуметтік саланы – денсаулық сақтау, білім беру, ғылым мен мәдениет салаларын – қоса алғандағы секторлық бағдарламаларға көшудің кезеңі болды. Дәл осы кезеңде ірі өнеркәсіп орындарын сатып алуға қабілетті отандық толыққанды инвесторлар қалыптаса бастады.

1995 жылғы желтоқсанның аяғында заңдық күші бар «Жекешелендіру туралы» Жарлыққа қол қойдым, ал

1996 жылдың ақпанында Үкімет қаулысымен «1996–1998 жылдарға арналған жекешелендірудің екінші кезеңінің бағдарламасы» іске қосылды. Бағдарламаның мақсаты жекешелендірудің негізгі үрдістерін тезірек аяқтап, енді ақшалай яғни ақылы негізде жекешелендірудің көмегімен, меншік иелерінің тобын қалыптастыру болды. Бұл кезеңде жекешелендіру үрдісінің басым белгілері жекешелендірілетін нысандарды жаңа меншік иелеріне ақылы етіп беру болып саналды.

Үш жылдың ішінде жекелеген жобалар бойынша жекешелендірумен жалғасып, шағын жекешелендіру шеңберінде бұрын сатылмаған, ішінара жекешелендірілген сауда және әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық қызмет көрсету нысандарының, кәсіпорындардың мемлекеттік пакеттері өткерілді.

Жекешелендірудің үшінші кезеңі бағдарламасының та-раулары Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызды салалардағы, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, ғылым мен мәдениет салаларындағы жекешелендірудің секторлық бағдарламасы болды.

*«1996 жылдың ішінде Үкіметтің араласуымен 889 акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мемлекеттік акциялар пакеті мен мемлекеттік үлесі, сондай-ақ 3526 әлеуметтік сала нысандары, жылжымайтын мүліктері сатылды, жекелеген жобалар бойынша 27 нысан жекешелендірілді. Осы жылы бюджетке барлығы 31,2 млрд теңге келіп түсті.*

*1997 жыл жекешелендіруді, әсіресе энергетика және өндіру салаларында жеделдете жүргізу жылы болды. Бірқатар салаларда бұл үрдіс аяқталды. 1997 жылы барлығы 5641 қозғалмайтын мүлік объектілері, 608 кәсіпорын акцияларының мемлекеттік пакеті жекешелендіріліп,*

*денсаулық сақтау, білім беру мен мәдениет салаларының нысандары мемлекет иелігінен алынды. Жекешелендірудің сатылған және сатып алынған нысандарынан түскен қаржы сомасы 54,5 млрд теңге болды.*

*1998 жылдың ішінде 513 акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттері мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі мемлекеттік үлестер, 2716 әлеуметтік сала нысаны жекелеген мүліктік бірліктер мен кәсіпорындардың мүліктік кешендері жекешелендірілді».*

**Дереккөз: Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі**

Бұрынғылар секілді, бұл кезең де өзінің жүзеге асырылу жылдамдығымен ерекшеленді. Жекешелендіру алдындағы дайындық пен нақты сату үрдістері қысқа мерзімде жүргізілуі тиіс болып көрсетілді. Тендерге дайындалу мен жүргізуге бір ай, ал аукционға одан да аз уақыт – 15 күн берілді. Мұндай өте жылдам жекешелендірудің басты себебі – астыртын жекешелендіру жолымен кәсіпорындардың негізгі қорлары мен қаржысын «сарқып алу» үрдісінің тым тез жүруі болды.

Көптеген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары жекешелендіруді әдейі тежеп, «кәсіпорынның қанын сорып», орасан зор несиелік қарызды одан сайын өсіре отырып, өзі мен жақын туысқандарының заңсыз жолмен баюына жағдай жасады. Егер осы үрдіс ұзаққа созылған болса, онда кәсіпорындарды мұндай «коммерциялау» олардың әрі қарайғы қалыпты қызметінен бар үмітті айырып, жекешелендіру үшін іске жарамды ешқандай мүлік қалдырмаған болар еді.

Әрине, жеделдете жекешелендіру ірі шығындарға да ұшыратты. Мысалы, кәсіпорын әрдайым өзіне лайықты меншік иесінің қолына тие бермеді. Тіпті өз иелігіндегі кәсіпорынды тақыр таза тонап, белгісіз бір жаққа тайып тұрғандар да бол-



ды. Алайда сол бір өтпелі кезеңнің барлық жағдайын ескере келіп, жекешелендірудің айтарлықтай тиімді болғанын жоққа шығаруға болмас еді. Ақыр соңы, көршілес мемлекеттердегі жекешелендіру үрдісінің нәтижелерімен салыстырғанда, атқарылған істің терісінен гөрі оңы басым болды.

Жекешелендірудің үшінші кезеңінде мүлікті өткізудің негізгі екі түрі – шығарып сату (аукцион, тендер) мен тікелей жөнелтіп сату болды. Екіншісі тек бұрындары жалға немесе сенімді басқаруға берілген нысандарға арналды.

Келісімшарт бойынша сенімді басқаруға берілген 66 кәсіпорыннан кейінде 26 кәсіпорын (соның ішінде түсті және қара металлургиялық ірі кәсіпорындар) компания басқарушыларына сатылды.

Әуелгіде белгіленген жоғары көтеріңкі өтінімдер әрдайым күткен нәтижеге жеткізе берген жоқ. Мысалы, ұзаққа созылған келіссөздер барысында «Казакхтелеком» компаниясының акциялар пакетінің 100%-дық, бағасы 2-3 млрд АҚШ долларынан 60 млн АҚШ долларына дейінгі ауқымда өзгеріп тұрды. «Daewoo» компаниясының 100 млн АҚШ долларына сатылатын акцияларының 40%-ы ғана сатылғаны соның қорытындысы болды. Алайда инвестициялық міндеттемелердің орындалмауы кейінде сатып алушыны пакетті енді отандық инвесторға сату қажеттігіне мәжбүр етті.

Бірақ мұның бәрінде де қуанышты сәттер болды. Мұндай қайта сатушылық жекешелендірудің үшінші кезеңінде ірі объектілерді жекешелендіруге отандық капиталды тартудың нақты мүмкіндіктері пайда болғанын көрсетті.

Үшінші кезеңнің барысында іс жүзінде жұмыс істеп тұрған электр энергиясының стансалары түгел жекешелендірілді. Бұл сату және инвестициялық міндеттемелер түріндегі айтарлықтай қаржының бюджетке түсуін қамтамасыз етті. Дәл осы жекешелендірудің шеңберінде 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысының елді мекендері мен өнеркәсіп орын-

дарын энергиямен қамтамасыз етудегі дағдарысты жағдай түзетілді. Атап айтқанда, американдық «AES Suntime Power» компаниясына төрт жылу-энергетика орталығының (Семей, Өскемен, Согра және Лениногор) сатылуы мен екі ГРЭС-тің (Шульба, Өскемен) концессияға берілуі төніп келген аймақтық энергетикалық дағдарыстан құтқарды.

1997 жылдан бастап мұнай саласында жекешелендіру үрдісі қарқындап өсе түсті. Мұндай нысандарды бағалау үрдісі айтарлықтай күрделі болып, әртүрлі ведомстволар мамандарының күш салуын талап еткендіктен, Қазақстан Республикасы Үкіметіне салааралық комиссия құру тапсырылды. Нақ соның өзі мұнай-газ саласындағы нысандарды сату тәртібі мен шартын айқындап, сондай-ақ әлеуетті сатып алушылар үшін неғұрлым қолайлы инвестициялық жағдай орнатуы керек болды. 1997 жылы тендер жеңімпаздары – индонезиялық «Централ Азия Петролеум» компанияларымен және Қытай ұлттық мұнай-газ компанияларымен арада – «Маңғыстаумұнайгаз» және «Ақтөбемұнайгаз» ашық акционерлік қоғамдарының мұнай-газ салаларындағы ірі нысандарды сату жөніндегі келісімшарттарға қол қойылды.

Үшінші кезең жекелеген жобалар бойынша ірі және өте сирек объектілерді жекешелендіру үрдісіне де жаңалықтар енгізді. «Кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына беруден» енді оларды шетел инвесторларына тендерлік жолмен сатудың аса маңызды түріне көшуі болды. Сол кезеңде қазақстандықтардың қаржы жоқтығынан ірі кәсіпорындар үшін күресте шетел капиталымен бәсекелестікке түсуіне ешқандай мүмкіндігі болмағаны айқын еді.

Сонымен бірге Қазақстан сол кезеңде өнеркәсіп орындары акцияларын сату-сатып алу келісімшарттарын бұзудың зиянды зардаптарынан да құтыла алмады. Оған негізінен инвестициялық міндеттемелердің орындалмауы, кәсіпорындар жұмысының күрт нашарлауы, білікті

менеджменттің болмауы және қаржы мен сыртқы сауда операцияларындағы түрлі қиянаттар себеп болды.

Екінші және үшінші кезеңдерде барлығы 94 ірі кәсіпорын жекешелендірілді, соның ішінде 57-сі шетелдік инвесторлардың иелігіне берілді. Бастапқыда ірі кәсіпорындардың сенімді басқаруға берілуі, сонан кейін олардың жекелеген жобалар бойынша сатылуы мемлекеттік және жеке меншікті капиталдарының қатысуымен жаңа өнеркәсіп компанияларын құруға жағдай туғызды. Қазіргі уақытта бұл компаниялар халықаралық нарықта өз орнын тапты, сондай-ақ мыңдаған адамдардың жұмыспен қамтылуына, еліміздің экономикасын айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік берді.

Қысқасы, қазақстандық кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына беру ірі кәсіпорындардың көпшілігін қаржы және өндіріс дағдарыстарынан шығарып, олардың нарықтық экономиканың қатал жағдайына ойдағыдай бейімделуіне мүмкіндік туғызды. Кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайын сауықтыру дәл осы кезеңнен басталды.

## ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ: МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТІ БАСҚАРУ

Төртінші кезең 1999 жылдан басталды және ол мемлекеттік меншікке билік ету мен реттеу мәселелеріндегі мемлекеттік басқару деңгейі арасындағы өкілеттіктерді бөлісуде пайда болған жаңа қатынастармен сипатталады. Мысалы, 150-ден астам нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді және мемлекеттік басқару деңгейі өкілеттіктерін нақты бөліп беруді қарастырған заң қабылданды. Мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы заңнамалық база да жетілдірілетін болды.

Жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттырудың 1999–2000 жылдарға арналған

Бағдарламасының қабылдануы бұл кезеңнің алғашқы бастамасы болды. Бағдарламада жекешелендірудің бұрынғы кезеңдерінің іс жүзіндегі нәтижелері және нарықтық экономиканың негізі болған жеке меншіктің қалыптасуы жазылды. Мемлекет экономиканың жекелеген стратегиялық маңызды салаларына қатысуды өзінде қалдырды. Ондай салаларға ұлттық экономиканың негізін құраушы салалар, сондай-ақ күнделікті өмірге аса қажетті тауарлар, өнімдер мен қызмет көрсету өндірісін қамтамасыз етуші салалар жатады. Осыған байланысты мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру және басқарушылық шешімдердің жүзеге асырылуын бақылау мәселелері ерекше маңыз алады.

Бүгінде республикада «Самұрық» Ұлттық холдингтік компания» акционерлік қоғамы құрылды. Біз мемлекеттік холдинг құрудың бизнес жоспарын жасауға басқа елдерде осыған ұқсас құрылымдар құруда тәжірибесі бар тәуелсіз шетелдік консалтинг компанияларын тартуға шешім қабылдадық. Талдаудың көрсеткеніндей, мұндай тәжірибесі бар жалғыз компания McKinsey болып шықты; ол консалт-рейтинг жөнінен әлемде бірінші орын алады екен; өзі мемлекеттік активтерді басқару жөнінде дамушы және дамыған елдердің үкіметтері үшін 6-дан астам жобаны жүзеге асырыпты; солардың ішінде Сингапурдағы «Темасек» мемлекеттік холдинг де бар көрінеді.

Қазақстан жағынан бұл жобаға Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жанындағы «Маркетингтік-сараптамалық зерттеулер орталығы» акционерлік қоғамы қатысты. Жобамен жұмыс барысында Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Австралия және Океания елдері мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі агенттіктер мен 13 мемлекеттік холдингтердің алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесі зерттелді.

Холдингті құрудан бұрын ұзақ уақыт жұмыс істелді, тіпті кейде жұмыстың тоқтап бір жерде тығырықтап тұрып

қалған кездері де болды. Мен біздің холдингтер мен ірі компаниялардың қарсылық әрекеттерін, яғни өз қазанында өздері қайнап, тек өз ойлағандарын ғана істегісі келгенін түсіндім. Менің елімізде акциялардың мемлекеттік пакетін басқару бойынша мемлекеттік холдингті құру жөніндегі жұмыс тым баяу жүріп жатқанын Үкіметке бірнеше рет ескертуіме тура келді. Нәтижесінде, холдингті құру үрдісі бір жарым жылға созылды.

Ақырында, 2006 жылдың 28 қаңтарында «Самұрық» Ұлттық холдингтік компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» Жарлыққа қол қойдым. Мен холдинг басшылығы алдына мынадай өзекті стратегиялық міндеттер қойдым: корпоративтік басқаруды жақсарту арқылы ұлттық компаниялар қызметінің тиімділігі арттырылсын, демек, ұлттық компаниялар қызметінің тиімділігі мен басқару деңгейін арттыру есебінен ел экономикасының өсуі жеделдетілсін. Жеке меншік сектордың компанияларына үлгі бере отырып, бізге корпоративтік басқару сапасын жақсарту қажет, мұның өзі тұтастай алғанда қаржы жүйесінің ашықтығына жеткізеді.

Қазір адамдардың көбінде: «жалпы осы холдингтің керегі не еді?» дегенге саятын көптеген сұрақтар туындайды. Мен сондай-ақ: «ұлттық компанияларды тәртіпке келтіруден» бастап, екінші Ұлттық қорды немесе тағы сондай бірдеңені құруға дейінгі әртүрлі әңгімелерді естідім.

Ал іс жүзінде бас қатыратындай ештеңе де жоқ еді. Ойлап қараңыздаршы, жекешелендіру үрдісіне қарамастан ұлттық компаниялар мемлекеттің қарауында болады. Бұл өздігінен алғанда нарықтық ұстанымдарға қайшы келмейді, өйткені жол болмаушылық немесе сәтсіздікке ұшыраушылық деген әрдайым бола береді, – міне, сондай кезде мемлекеттің қатысы тіпті қажет. Ол – қоғамдық игіліктер өндірілетін салалар. Дәл осы себептен бір кезде біз телекоммуникация, энергиямен қамтамасыз ету және темір жол көлігі, сондай-ақ

кен өндіруші өнеркәсіптің бөлігі секілді салаларды мемлекеттік меншік те қалдырдық. Шын мәнінде, экономиканың осынау өмірлік маңызды салалары жеке тұлғалар арқылы реттелмегені олардың пайдаға ұмтылмай, сапаның жоғары, бағаның төмен болуына баса назар аударуы үшін қажет. Ал бізде қалай болды?

Біздің компаниялар ұлттық мәртебе алып, демек, белгілі бір басымдықтарға ие болып, өздерінің бастапқы қызметтерін «ұмытты» да, баяғы сол пайда үшін жұмыс істей бастады. Әрине, пайданың болғаны жаман емес. Бірақ, іс жүзінде сапаның жақсаруы да, тұрғындарға қызмет көрсетудің қолайлылығы да болмады. Ұлттық компания мәртебесі, шын мәнісінде, оның өзіндік қызмет саласында «заңдастырылған» монополиске айналатынын білдіреді. Осының есесіне компания мемлекеттік болғандықтан, демек, қоғамның мүддесіне қызмет ететін болғандықтан, ол өз кірістерін инвестициялай отырып, жоғары сапа мен бағаның қолайлы деңгейін қамтамасыз етуі керек. «Жеке меншік иелері» мұндайға әсте де бармас еді.

Ал бұған «Қазақтелеком» мысал бола алады. Бүкіл еліміз бойынша тораптардың технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін бір ғана оператор болса, бәріміз үшін әлдеқайда қолайлы екеніне келісетін шығарсыздар. Ал осы бірегейлік – пайда табудың, тіпті жоспардан тыс пайда табудың кепілі. Алайда, компания тапқан пайдасын ұсынылған қызмет көрсету ассортиментін дамытуға немесе тарифтер мен шығындарды азайтуға жұмсаудың орнына, өзінің бастықтарына аспандата еңбекақы тағайындады және тағы сондайларды істеді. Ал бізде кейбір жергілікті аудандарда әлі күнге дейін Интернет пен телефон байланыстары жоқ! Міне, ұлттық компаниялар осындай жайларға баса назар аударуы керек. Анықтап қарап айтайын, ұлттық – дегеннің мәнісі ұлтқа тиесілі деген сөз ғой. Бұл ақшалар – мемлекеттің, әрілеп айтқанда – бүкіл қоғамның

меншігі. Ұлттық компаниялар қызметінен бәрі де пайда көруі керек. «Самұрық» дәл осы үшін құрылды, ол барлығымыздың сенімімізді ақтайды деген үміттемін.

Төртінші кезеңнің өзіне тән ерекшелігі мемлекеттік меншікті басқару және оған билік ету мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктерді бөлісудегі жаңа қатынастар болып табылады. Айталық, бұл бағдарламаның түйінді мәселесі республикалық және коммуналдық меншік арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлісу болды. Мысалы, 1999 жылы коммуналдық меншікке 953 акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттері және оларға қатысу үлестері берілді. Коммуналдық меншік нысандарын жекешелендіруді шешу және жүргізу құқығы облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдеріне берілді.

Бұдан басқа, Бағдарламада мемлекеттік активтерді тиімді басқарудың тәсілі айқындалды. Сонымен, мемлекеттің «көгілдір фишкалар» түріндегі үлестік қатысы бар 10 жетекші кәсіпорын анықталды. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазцинк», «Өскемен титан-магний комбинаты», «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі», «Қазақстан алюминийі», «Қазхром» трансұлттық компаниясы», «Қазақстан Халық жинақ банкі», «Қазақтелеком», «Қазақмыс» секілді акционерлік қоғамдары болды. 1999 жылы «Қазақстан Халық жинақ банкі», ал 2000 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігіне (16,7%) жекешелендіру жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Маңғыстаумұнайгаз», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазақстан алюминийі», «Қазақмыс», «Қазақстан Халық жинақ банкі», «Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамдары және басқалардың мемлекеттік пакеттері толықтай сатылды.

Жекешелендірудің төртінші кезеңі барысында мемлекеттік мүлікті пайдаланудан бюджетке түсетін қаржыны айтарлықтай ұлғайту жөнінде Үкімет жүргізетін жұмыстар жандандырылды. 2002 жылға дейін мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынған қаржылар мемлекеттік бюджеттің кірісіне бағытталса, ал 2002 жылдан бастап олар бюджеттік тапшылықты қаржыландыруға жіберілді. 2003 жылдан бастап ірі нысандарды жекешелендіруден алынған қаржылар Ұлттық қорға аударылуда.

Бұл кезеңде республикалық мемлекеттік және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар санын оңтайландыру жөніндегі жұмыстар басталды, олар қазір де жалғасуда. Оларды тек осындай құқықтық форманы ұйымдастырмаса болмайтынына көз жеткен жерде ғана сақтауға болады.

Бұдан бұрынғы жұмыс тәжірибесі мемлекеттік мүлікті басқарудың жаңа тұжырымдамасын жасауға жағдай туғызды. Оның негізгі міндеттері мемлекет меншігіндегі барлық нысандардың түгелдей есебін алуды жүргізу, басқару нысандарының санын оңтайландыру, мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану есебінен республикалық және жергілікті бюджетке қосымша кірістер түсіру болып табылады.

2003 жылдың 4 қарашасында «Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» Заң қабылданды. Аталмыш Заң экономиканың стратегиялық салаларында жекешелендірілген нысандарға тиімді басқару мониторингі жүйесінің енгізілуін, оның одан әрі дамуы мен жетілдірілуін, сондай-ақ жекешелендіруден кейінгі бақылауға алынуын қамтамасыз етуге жағдай туғызды.

Сонымен, біздің жекешелендіру өзіміз күтпеген нәтижелерге алып келді. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасында жеке меншік секторы қалыптасты, онда республиканың өнеркәсіп өнімдерінің тоқсан пайызға жуық көлемі өндіріледі. Жеке меншік секторының одан әрі дамуы кеңестік



ықпалдың салқынынан ада, нақты бекітілген ойын ережесін, баламалы нормативті-құқық базасын талап етеді.

## ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА

Қазақстан қиындықпен, жан күйзелісі мен сілкіністері арқылы ескі өмірдің ескі құндылықтарын қирата отырып, мемлекеттік меншіктен жекеге, әкімшілік-әміршілік экономикасынан байсалды да ұтымды жоспарлау мен менеджментке, нарыққа көшті. Мұның бәрі тек ғылыми мақалалар мен кітаптарда ғана түсінікті әрі оп-оңай бола қалатын секілді. Ал өмірде – бұл буырқанған теңіз толқу мен торығу сезімдерінің, әртүрлі топтар мен тіпті ұрпақтар мүддесінің шарпысуы. Өкінішке қарай, ауыспақ заманның өмір философиясы осындай. Мұның бәрін біз өз жүрегіміздің тебіренісі арқылы өткіздік.

Біздің жас буынның көпшілігі бүгінгі табыстардың қандай алып күш-жігермен, қандай ауыр күйзелістермен келгенін біле бермейді. Олар мұның бәрі біздің іші-тысымызда болған, біздің ерік-жігеріміз бен төзіміміздің арқасында жүзеге асқан сол бір орасан өзгерістердің нәтижесі екенін білуі және есте ұстауы керек.

Қазір Қазақстан дағдарыстан шығудың жарқын мысалы болып табылады. Сарапшылардың пайымдауынша, экономикалық реформалардағы Қазақстанның көшбасшылығы ТМД елдері арасында өтпелі кезеңнің саяси-экономикалық үлгісін айрықша сәтті таңдап алуында деп санайды, олар – күшті президенттік билік және оған қосымша шапшаң да жігерлі реформалар. Бірден айту керек, реформаларды жоғарыдан жүргізуге тура келді. Бұл тік сатылы күшті биліксіз табысқа жете алмайтын уақыт еді.

Дәл осы формула тәуелсіз мемлекетімізді құру мен нығайтуға, экономика мен саяси өмірдегі реформалардың

нақты да дәйекті жүргізілуіне, ықпал етті, еліміздің ішкі саяси тұрақтылығына кепілдік берді. Сол кезеңде парламенттік басқару түрі мен төмен саяси мәдениет жағдайында Қазақстан үздіксіз экономикалық және саяси реформалар дағдарысына душар болатыны түсінікті еді. Өз тәуелсіздігін аса қатаң экономикалық дағдарыс жағдайында құрып жатқан жас мемлекетті бұл бейберекеттік пен тоқыраушылыққа апарып соқтырмай қоймайтын еді.

Солай бола тұра, мемлекеттік қамқоршылдықтан экономикалық еркіндік пен кәсіпкерлікке жеделдете көшу тек халыққа ғана емес, мемлекеттік аппараттың үлкен бөлігі үшін де өте жайлы шаралар бола қоймағанын жасырмаймын. Бұл міндет көбінесе ықпал етумен, тұрғындар үшін жанға батарлық тәсілдермен шешілді. Кейде сондай және басқадай қадамдардың қажеттігін сезіне отырып, адамдарды көндіруге, белгілі дәрежеде оларға қысым жасауға да тура келді. Кейде өмірдегі жүргізілген өзгерістер үшін жеке өзіме жауапкершілік алуға да тура келді. Осының барлығы да «бәрі ретіне келер», реформалар толықтай түсіністік жағдайында жүргізілер деп күтуге уақыттың жоқтығынан еді. Ондай жағдайда біз ештеңені де – не мемлекетті, не экономиканы реформалай алмайтын едік.

Оның есесіне қазір нәтиже көз алдымызда – ендігі жерде істің бәрін, негізінен, азаматтың өзі шешеді. Бүгінде экономиканың жеке меншік секторы тұтастай алғанда республиканың өндірістік әлеуетінің 90%-ынан астамына билік етеді. Шағын және орта бизнестің өкілдері қалыптасты, бейімделді және олардың қатары кең қанат жайып жалғасуда. Атап айтқанда, бұл адамдар қазір, көптеген бағалаулар бойынша, нағыз орта таптың негізін құрайды, жалпы олардың пайда болуына біз барлық күш-жігерді салудамыз. Қазақстан үшін бұл неліктен соншалықты маңызды?

Өздеріңізге белгілі, қоғамның нақ осы бөлігі табысқа жетуге ұмтылып, сатып алушылық зор қабілетке ие болуда және мемлекеттік қазынаға кірістердің айтарлықтай бөлігін түсіруде. Нақ осы таптың нені жоғалтары да, неге ұмтылары да және мұрагерлікке не қалдыратыны да баршылық. «Орта тапқа» тән менталитеттің мақсаты, ең алдымен, өз өмірі үшін жауапкершілік сезімі, дербестікті терең сезінуі, өз өркендеуінің кепілі ретінде білім мен біліктіліктің құндылықтарын түсінуі болып табылады. Орта тап – ол мультимиллиардер де, қайыршы да емес, олар өзін-өзі қамтамасыз ететіндер. Қысқасы, мұнда «Мен» «Біз»-ден гөрі үстем тұрады. Бұл өз өмірінің, өз тағдырының қожайыны болғысы келген адамның ұмтылысы: онысы, әрине, іс-қызметінен, соған сәйкес, әкелетін кірісінен көрініс табады.

Қазақстанда орта таптың пайда болуының маңызды болатын себебі – ең алдымен, оның қоғамда нақты орын алуы қоғамның өз ішіндегі, сондай-ақ оның топтары арасындағы және қоғам мен биліктің арасындағы өзара қатынастардың сипатын сапалық жағынан өзгертуге қабілетті. Орта тап тұрақтылыққа бағытталған және оның өзі кез келген қоғамның ішіндегі тұрақтандырудың бастауы болып табылады. Бұл – «азаматтардың ұлты» қоғамның саяси өміріне қатысу, елдегі саяси шешімдердің қабылдануына ықпал ете алатын маңызды тетік екенін түсінетін, өзін-өзі басқаратын көпшілік.

Міне, сондықтан мен өз басым бұл мәселеге аса зор көңіл бөлемін және оны өз сөздерімде ғана емес, басқадай жолдармен де үнемі көтеріп жүремін. Жекешелендіру үрдісі қазақстандық орта таптың пайда болуы үшін негіз қалап, адамдардың өзінікі деген пәтерлер алуына, бизнестерін бастауға, нәтижесінде, қожайын, меншік иесі атануға жағдай туғызды. Адамдар жұмыс істеуге, табыс табуға мүмкіндік алды. Ешкім де жоғарыдан нұсқауларды немесе жан сақтайтын шешімдерді күткен жоқ. Адамдар өз бизнесін

және өз өмірін өздері құрды. Бұл өзгерістердің барлығы, ең алдымен, қазақстандықтардың өздері үшін қажет болды, ол өздерінің пайдасына жарады. Экономиканың түбегейлі реформалары жаңалық атаулыдан шошынған біздің азаматтардың түсінбестігімен немесе тікелей қарсылық білдіруімен қатарласа жүрді. 1990-шы жылдары өздерінің тарихи отанына кетіп қалғандардың Қазақстанға қайта орала бастауы қуанарлық жай болды. Мен, шын мәнінде, соған қуаныштымын.

Бүгінде біз экономикамыздың негізгі құрылымдық реформалары аяқталды деп сеніммен айта аламыз. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жүзеге асырылып, дамыған нарықтың стандарттарына сай шаруашылық орта қалыптасты. Жекешелендіру үрдісі – бұл әрқашанда мүлік бөлінісі. Социалистік тарихы бар кез келген мемлекет жекешелендіруді жүргізіп, мемлекеттік мүлікті әділ және тиімді бөлудің проблемаларымен ұшырасты. Әрине, біздің республикамызда да жекешелендіру кезінде істің бәрі дау-шарсыз өткен жоқ. Өйткені, ол кезде жұрт «жеке меншік» деген ұғымның өзінен қорықты. Алайда жекешелендірудің әрбір кезеңін жүргізген уақытта біз, бірінші кезекте, халық пен мемлекеттің мүддесін көздедік.

Әрине, экономиканы реформалау үрдісі қате әрекеттерден, ойланбаған шешімдер мен әлеуметтік қиындықтардан ада болған жоқ. Бірақ та біздің жағдайымыздың «қатты қызған» кезінде жекешелендіру «әділетті» немесе «әділетсіз» бола алмады. Оған тек тиімді немесе тиімсіз деген баға беруге болатын еді. Өздеріңіз ой түйіп көріңіздер. Бүгінде қоғамдық тамақтандыру мен сауда, жеңіл, тағамдық, өңдеуші өнеркәсіп, түрлі қызмет көрсетулер, агроөнеркәсіп өндірісі және т.б. секілді маңызды салалар экономиканың мемлекеттік секторынан толықтай шығарылды. Энергетика және шикізат салаларының үлкен бөлігі де жеке меншік

секторға шығарылды. Денсаулық сақтау мен білім, әсіресе жоғары білім беру салаларында бәсекелестік орта жылдам дамуда.

Әрине, жекешелендіру туралы сөз болғанда, әлі күнге дейін әділетсіз жекешелендіруге жол берілді деп санайтын, меншікті қайта бөлуді қалайтын адамдар барын айту керек. Әлемде алғашқы жекешелендіру ешқашан әділ болған емес. Ешқандай қайта қараушылық болмауы керек және болмайды да. Біздің еліміздің заңы осындай. Ол – ол ма, даму заңдылықтары осындай. Біз меншікті жұрттың барлығын сөзсіз қанағаттандыратындай етіп ешқашан бөле алмаймыз. Сөзіміз ащылау естілсе кешіріңіздер, бірақ біз мінсіз әділ қоғамды құруға тырысқанбыз. Мұның өзі біз үшін және біздің көршілеріміз – бұрынғы одақтас республикалар үшін қалай аяқталғанын бәріміз де білесіздер. Тарихтың бұл беті жабық тұр. Біз алға қарауымыз керек. Жасалған істі жетілдіріп, адам өмірін одан әрі жақсарту керек.

Бүгінде біздің азаматтардың: мемлекет ісін басқарушылардың, бизнесмендердің, фермерлердің экономикалық мәселелерде «ілгері кеткендігі» туралы жиі айтылады. Кезекті бір республиканың Тәуелсіздік күніне арналған сансыз көп сұхбаттар тұсында маған: «Кімдерден жақсы басқарушылар шығады – бұрынғы өндірісте істеушілерден бе немесе білікті менеджерлерден бе?» деген сұрақ қойылды. Менде бұл мәселеде үзілді-кесілді пайымдау жоқ. Әрбір жағдай өзінше ерекше. Дегенмен, соңғы 20 жылда кадр саясатын жүргізген тәжірибеме қарап, айта аламын: қазіргі жас адамдардың көбіне тән тамаша білімділік те, жоғары біліктілік пен таза ұмтылыс та бизнесте болсын немесе мемлекеттік қызметте болсын, табысты басшы болу үшін жеткіліксіз.

Сіздер көрдіңіздер, мен кезінде өте көптеген жас бизнесмендер мен мамандарға көп мүмкіндіктер туғыздым. Отыздағы жас адамдар Үкімет мүшелері, министрлер болды,

сондай-ақ облыстардың, ведомстволардың, ірі компаниялар басшылығына жоғарылатылды. Ақиқатын айтсам, биліктің сынағына барлығы бірдей шыдап бере алмады. Бүгінгі күні мен ең алдымен, жасына қарай емес, ақыл-парасаты толысқан, айналасындағы мән-жайды байыппен байқап, ең бастысы – өз мүмкіндігін тани білетін адам ғана басқарушы лауазымында болуы керек деген пікірге көбірек ойысамын.

Бұрын біз басқарушы деп комбинат немесе зауыт директорын айтушы едік. «Менеджер» сөзі – шет елдікі. Ал мағынасы сол. Көптеген бұрынғы директорлар нарық жағдайында жақсы менеджерлер болып кетті. Тәуірі де, төмені де – нақты істе тексеріледі. Адамдар мен істі кім табысты басқарса, жақсы – сол.

Реформаларды, соның ішінде меншік иелері табын қалыптастыруға бағытталған реформаларды жүргізе отырып, біз, бейнелеп айтқанда, экономиканың «күретамыры» болып табылатын тиімді қаржы жүйесін құрудың қажеттігіне кез келдік. Ұлттық қаржы жүйесін қалыптастыру үрдісінің қалай өткені туралы келесі тарауда айтылатын болады.



# ҰЛТТЫҚ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ



Осы кітаптың өткен тарауларында мен мемлекетті жанды организммен салыстырған болатынмын. Маған осы теңеу өте ұнайды. Қазақстанды құруға кіріскенде, мен оны көзіме дәл солай – бір жердің аумағында, бір заңның аясында және бір қоғамның шеңберінде тұрып жатқан адамдардың өзіндік бір бірегей бірлестігі, өсіп-өнген, қалыптасқан біртұтас организм түрінде жиі елестететінмін. Осы теңеуді одан әрі дамытатын болсақ, онда экономика – бүкіл организмнің тіршілік қызметін, елдің жалпы «зат алмасуын» қамтамасыз етіп отыратын күре тамыры, ал қаржы, өз орайымен экономиканың «қан таратушы жүйесі» болып шығады.

Сол себепті жақсы қалыптасқан қаржы жүйесі болуының маңызын ескере отырып, 90-шы жылдарда басталған және одан кейінгі кезеңдерде іске асырылған экономикалық қайта құрулардың көпшілігі қаржы саласына қатысты болды.

Жағдай солай болды, біз бұл реформаларды өте күрделі уақытта бастадық. Дегбірі қашқан жұрт болып жатқан барлық жағдайды қынжыла қабылдайтын. Кеңестік жүйенің күйреуімен «күйзелген» экономика нағыз «қаржы дауылын» басынан кешіріп жатты. Халық тұтынатын тауарлардың тапшылығы, ақшаның қатты құнсыздануы, халықтың жинақтаған барлық салымдары мен күнделікті табыстарының құнын жоюы – осы құбылыстардың барлығы орасан екпінмен өсіп отырды. Экономикадағы қаржыны тұрақтандыруды қамтамасыз ету және инфляцияны ауыздықтау керек болды. Халықтың мұқтаждықтарын және мемлекеттік қызмет көрсету мен оны атқаруды барынша қамтамасыз ететін айқын, тиімді және тұрақты бюджетті орнықтыру қажет болды.

Реформаның әлеуметтік бағасының өте қымбатқа түсетінін біз түсіндік. Сонымен қатар басқа дамыған елдердің тәжірибесінен нарықтың қалыптасу процесі реформаның әлеуметтік жақтарын ысырып тастамайтынын көрдік. Біз реформаны халықты барынша қорғаштай отырып іске асыруға

тырыстық, бірақ гиперинфляция жағдайында оны осылай жүргізу өте қиын болып еді. Осындай ахуалда кешеуілдеу мүлде апатқа ұшыратуы мүмкін еді.

Сол кездерді еске ала отыра, мен, бәрінен бұрын осы реформаларға кірісердегі біздің өзімізге алған жауапкершіліктің аса ауыр салмағын да ойлаймын. Кеңестік экономика құлағаннан кейін, жылдар бойы жиған-тергендерін жоғалтқан адамдарды біздің еліміздің қаржы жүйесіне қайтадан сендіре қою қиын еді. Барлық қайта құрулардың әр жағында, ол неге қатысты болмаса да, мейлі салық, мейлі қаржы реформасы бола ма, біз бәрінен бұрын өз азаматтарымызды ескердік, солардың алаңсыз тұрмысына деген жауапкершілік біздің мойнымызда еді.

Бүгіндері мені көп адамдар сынай берсін. Кейде маған жұрттіпті ақылға сыймайтын кінәлар тағады. Мен осы бос сөздер мен негізсіз сындарға көңіл аудармасам да болатынын білемін, өйткені, маған сенсеңіздер, бұл менің өзіме және менің үзеңгілестеріме алған жауапкершілік жүгімен салыстырғанда түкке тұрмайды. Мұндай реформаландырудың тәжірибесі болмағандықтан, біз тәуекелге барғанбыз. Біз бір нәрсені ғана білдік – мемлекеттік аппарат пен біздің экономикамыздың қалыпты қызмет жасауына мүмкіндік беретін, тәуелсіз қаржы жүйесін құруды тақыр жерден бастау керек болды.

Біздегі ұлттық қаржы жүйеміздің реформалануы мен оның даму эволюциясын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – шамамен 1991 жылдан 1997 жылға дейін қамтиды. Бұл жылдары біздің алдымызда экономиканы ырықтандыру және макроэкономикалық тұрақтануға жету мәселелері тұрды. Екінші кезең – Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтанудан кейін нығайтып, одан әрі қарқынды дамуы – 1998 жылдан басталды. Дүниежүзілік қаржы дағдарысын еңсергеннен басталған бұл кезең, менің ойымша, бүгіндері де жалғасып келеді.

Ашығын айтсақ, егер шын мәнінде біздің қаржы жүйеміздің қалыптасуын кезең-кезеңімен, барлық іске асырылған қайта құруларды сипаттай отыра көрсететін болсақ, онда бұл жеке кітап жазуды талап етер еді. Ал мен бұл тарауда реформаландырудың жалпы процестеріне және біздің қаржы жүйемізді дағдарыстан шығарудың жолдарын қалай іздестіруге, соның нәтижесінде ТМД елдерінің ішіндегі топ-басшысына қалай айналғанымызға тоқталғым келеді. Бұл тарауда біздің банк жүйесінің, мемлекеттік қаржы саласының, сол сияқты зейнеткерлік реформасының және ұлттық қорды қалыптастырудың мәселелері жекелей қарастырылады. Бұдан басқа да сөзсіз көңіл аударуға тұрарлық сәттер көп: қазақстандық қор нарығының, бағалы қағаздар нарығының, елдің мемлекеттік қарыздарын басқарудың қалыптасуы және т.б. көптеген мәселелер.

Біздің ұлттық қаржы жүйеміздің қалыптасуының барысында реформаландыруға, бірінші кезекте, оның банк саласы, салық және бюджеттік құрылымы жататын еді. Кейбір мағынада, зейнеткерлік реформаны іске асыру және Ұлттық қорды құру менің ерекше мақтанышыма айналды. Бұл тарау сіздерге барлығының қалай болғандығы туралы, сол кезеңде қандай қиындықтарға тап болдық және әлем қауымдастығының біздің қаржы жүйемізді мойындауына біздің қалай келгенімізді баяндап береді.

### АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР: ЭКОНОМИКАНЫ ЫРЫҚТАНДЫРУ, 1991–1997 ЖЫЛДАР

«Әркімнің – қабілетіне қарай, әркімге – еңбегіне қарай» дейтін коммунистік «Алыстағы Тамашаға» жетуге ұмтылған Кеңес Одағының басшылығы көп жағдайда шаруашылық және өндірістік қатынастарды құрғанда, экономикалық мәннен әлдеқайда қашық жататын ойды басшылыққа

алды. Нәтижесінде, экономикалық тұрғыдан негізделмеген өндірістік тізбектерге ұқсас, өзінше бір «жасанды тыныс алдыру» аппараты сияқты, орталықтан жоспарланатын тетіктің құлауымен бірге, Одақтық экономикалық жүйенің барлық қайшылықтары және жасандылығы жалаңаштанып сыртқа шықты.

Сондықтан, нарыққа өтуге апаратын біздің жолымыздың ең басында, бізге шаруашылық жүргізудің негіздерін өзгерту талабы қойылды. Бәрінен де бұрын, ресурстарды бөлу жөніндегі экономикалық шешімдерді мемлекеттік деңгейде өндіріспен тікелей айналысатын субъектілерге аудару қажет болды. Бұл өндіріс орындарының қаржылық дербестігін қамтамасыз етіп, оларға инвестициялардың нәтижесі мен тиімділігі үшін жауапкершілікті жүктеуге мүмкіндік беретін еді.

Бұрын, Одақ кезінде қалыптасқан тауар-ақша қатынастары, қажетті шешімдерді қабылдауға мұрсат берілген күнде де, олардың барлығын орталық ведомстволар деңгейінде шешуді талап ететін. Осы «қолапайсыз» қатынастардың мәні мынаған келіп тірелетін. Өндірістік-шаруашылық қызметтің кез келген субъектісі өзінің қаржы ресурстарын КСРО-ның Мемлекеттік банкінде немесе оның одақтық республикадағы есепшотында ұстайтын. Егер осы ресурстарды өзіне қажетті мақсат үшін мысалы, құрылыс салуға, азық-түлік сатып алуға және т.б., пайдаланғысы келсе, кәсіпорын осы мәселені Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісетін, ол қанағаттанарлық шешім қабылдаған жағдайда, қажетті қаржыны бөлу үшін осыған сәйкес тапсырманы Мемлекеттік банкке беретін.

Сайып келгенде, кез келген мемлекеттің банк секторы мен мемлекеттік қаржысының негізін қалаушы бірнеше салалардың – салық және бюджет сияқты жүйелерінің мәселелерін шешуді бір мезгілде талап етті. Оларды сәтімен реформаландыру осыларды бір-бірімен өзара байланыстырғанда ғана мүмкін болатын.

Ашық нарықтық қатынастарды құру бізден экономика-ның негіздерін түбегейлі өзгерістерге апаратын қадамдар жасауды талап етті. Мойындауым керек, бұл оңай емес еді. Осындай шешімдердің бірі 1993 жылғы нарықтық қатынастарды ырықтандыру болды. Нарыққа барар жолдағы осы қадамға біз тауар тапшылығы мен өсіп отырған гиперинфляция жағдайында бардық. Ырықтандыруды іске асырудың басталуымен бірге әртүрлі қаржы ұйымдарының жылдам өсуі басталды. Олардың ішінде коммерциялық банктер мен банк операцияларының жеке түрлерін іске асырушы ұйымдар ерекше орында тұрды. Мәселен, 1993 жылдың соңына қарай Қазақстанда 200-ден астам коммерциялық банктер құрылды. Бұл жағдайдың пайда болуы, заңнамадағы кемшіліктерге байланысты еді. Соның салдарынан кез келген кәсіпорын мен кооперативке өзінің меншікті банкін құрып алуға мүмкіндік туды. Бұлардың көпшілігі кейіннен қаржы жағынан қауқарсыз болып шықты. Олар аса жоғарғы инфляция мен валюта нарығындағы тұрақсыздық жағдайында, алыпсатарлық пайда табу үшін ғана құрылды.

Бұл, өз кезегінде, ырықтандырудың бірінші кезеңінің инфляцияның өсуімен және төлем қабілеттілігіне деген сұраныстың қысқаруымен қосарлас жүруіне әкеліп соқты. Мәселен, 1993 жылдан 1995 жылдың соңына дейінгі кезеңде жылдық орташа инфляция 1200%-ға тең болды да, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы 1995 жылдың өзінде ғана шамамен 40 млрд теңгені құрады, ал екінші деңгейдегі банктердің кәсіпорындарға несиесі бойынша жылдық көрсеткіші 400%-ға жетті.

Ырықтандырудың бастапқы кезеңінде тауарлардың белгілі бір түрлерінің бағаларына мемлекеттік бақылау әлі де болса сақталған еді. Мемлекеттік қажеттіктер үшін әкелінетін тапсырыстар тәжірибесін және басқа да шектеулерді мемлекет кәдімгі жай тіршілік мақсатында пайдаланды. Азық-түлікке

және бірінші қажеттегі тауарларға нақты бекітілген бағалар қойылды. Осыған байланысты кәсіпорындар шығынға ұшырады. Бұл шығындардың орнын жеңілдіктер берілген көтерме шаралар да, несиелерді қайтару мерзімін өзгерту саясаты да толтыра алмады.

Сонымен бірге, ол кезде мемлекет тұрғындарды қажетті тауарлармен жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмады, осыдан келіп олардың үлкен тапшылығы туды. Біздің экономикамыз тар шеңберде шектеулі болатын, кеңес уақытында бірінші қажеттіліктің көптеген тауарлары оларды өндіретін басқа одақтық республикалардан жеткізілетін. Енді бірінші зәруліктегі тауарлармен қамтамасыз ету үшін, Үкімет көрші өндіруші-елдерден «тауарлық (матасқан) несиелер» алуға мәжбүр болды. С. Терещенко Үкіметі 100 млн АҚШ доллары сомасында осындай несиелер алды. Олардың тауарлық деп аталған себебі – бізге несие беріп отырған елдердің тауарларын сатып алу қажеттілігі үшін берілетін. Қойылған шарт осылай болғандықтан, алынған несие олардан қант, темекі, май, шұжық және т.б. сатып алуға жұмсалатын.

Көптеген адамдар, осы жағдайды естігенде: «Неге бұлай істелді, алынған несиелер неге басқаша жұмсалмады?» деген орынды сұрақ қоюлары мүмкін. Бізге жалпы тапшылыққа байланысты пайда болған әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету үшін нарықты тауарларға толтыру қажет болды. Біздің адамдар азық-түлікті тапшылықтан сатып ала алмай жатқанда, қайдағы бір реформа туралы айтудың өзі қисынсыз еді. Дүкендердің сөрелері қаңырап бос қалған. Жаныңды тітіркендіретін көрініс қой – дүкенге кірсең, тауар жоқ. Мұны тек көзбен көру керек еді.

Үкімет бұл несиелерді бизнеспен енді ғана айналыса бастағандарға бөлуді ұйғарды. Өйткені олардың нарықтағы қызметін қолдау керек болды. Біз бір жағынан, олар бұл несиелерді тұрғындарға қажет азық-түлікті, дәрі-дәрмек сатып алу үшін мемлекеттік органдарға қарағанда әлдеқайда

тиімді пайдаланар, содан соң несиелерімен өздері есептесер деп үміттендік. Дүкендегі саудадан түскен ақшаны жоғары инфляция құнсыздандырып отырды, ол алынған несиенің көлемін жаба алмады. Сонымен қатар, инфляция мен валюта бағамының арасындағы айырмашылық деңгейінде алаяқтық жасап, мемлекеттің осы шарасын пайда табу үшін олжаланып қалған бизнесмендер де болды. Бұл олардың алғашқы капиталдарын қалыптастырудың бір көзі болған. Бірақ та олардың несиені қайтаруға мүмкіндіктері болмады да, оларды мемлекеттің төлеуіне тура келді.

Барлық мәселенің түп тамыры – бағаны ырықтандырудан туындаған салдарға біздің тез жылдам қалыптаса алмағанымызда жатты. Қазақстандық кәсіпорындар, орасан зор құрылымдық проблемалармен бетпе-бет келгенде, өздерінің нарық ауқымдарынан айрылып қалды. Тұрақты макроэкономикалық жағдайды құру үшін бірқатар кезек күттірмейтін шараларды іске асыру қажет болды.

Енді мемлекет орталықтандырылған несиелер беру практикасын, салық түрлерін және т.б. азайтуға тиіс болды. Қаржы жүйесі ресурстарды бөлудегі мемлекеттің рөлін қысқарту жолымен несиенің нақты бағасын қалпына келтіруді талап етті. Мемлекеттің несие түріндегі жасырын дотациялары арқасында шығынмен өмір сүріп отырған кәсіпорындарға құрылымдық өзгерістер жасап, оларды жауапкершіліктері жоғары жеке кәсіпкерлердің қолына беру керек болды. Сөйтіп, тек 1994 жылы ғана жеңілдіктермен берілетін несиелерді беру практикасы және кәсіпорындардың несие сұрап елдің жоғарғы банкіне тікелей шығуы тоқтатылды.

Ол кездерде мен табан астында шешуді талап ететін толып жатқан проблемаларға үлгермейміз бе деп қауіптенгенмін. Оның үстіне, солардың барлығы да іс жүзінде еліміздің шаршаған, көңілдері қалған, алғашқы сылтаумен-ақ бұрқ етуге дайын тұрған тұрғындарымен байланысты еді. Қазір,

реформаның табысты болуының себептері туралы сұрақтарға жауап бергенде, мен кейде белгілі бір анықтаушы факторды бөліп көрсетуге қиналамын. Кейбіреулер, бұл факторды адамдардың қайта құруға дайын тұратын, оларды іске асыру қажеттігін түсінетін және қарсы алатын қоғамдық «аужай» деп есептейді. Бірақ біз реформаны мүлде қарамақарсы «аужайдан» бастадық деп айтуымызға болады. Одақтың ыдырауы, жұрттың сақталған ақшалары мен жиған-терген қорларының жойылып кетуі, ең бастысы – олардың Идеяға және ертеңгі күнге деген сенімді жоғалтуы, біздің адамдарды өздерін ешкімге керексізбіз деп, алданып қалдық деп ойлауға мәжбүр етті. Ал көпшілігі белгілі дәрежеде осы түңілулерін, осы сенбеулерін біздермен де байланыстырды. Бірақ реформа іске асты – айтарлықтай табысты болды.

Кейбір ғалымдар немесе сарапшылар реформалаудың барысында сол реформаның өзінің әзір болу-болмауын бірінші қатарға қояды. Бұл сияқты реформаның «инкубациялық» кезеңдерінің 4 жылдан 5 жылға дейін созылғандығын көрсететін көптеген мысалдар бар. Бірақ, тағы айтайық, бізде мұқият дайындыққа немесе ұзаққа созылған зерттеулерге, оларды сынап көруге мұрша болған жоқ. Уақыт аймен, аптамен, кейде тіпті әрбір күнмен өлшенді. Жағдай күн сайын өзгерістерге ұшырап тұрды. Бірақ қалай болғанда да бұл реформалар табысты өтті.

Мен біздің реформалардың табысты болуында ең үлкен рөлді адам факторы атқарды деп есептеймін. Нақты қалай болғанын, бәлкім, мен тап басып айта алмаспын, бірақ жалпы алғанда, біздің адамдардың менталитетінің кейбір жақтары, олардың жаңаны қабылдауға немесе сырттан келген өзгерістерге оңтайлана алатын ерекше қабілеттері, ал жекелей алғанда – сол кездегі реформаторлар жасағына кірген адамдардың тұлғалық қасиеттері табысымыздың кепілі болды.



Сөйтіп, 1999 жылға қарай реформаның ықпалды көмегімен адрестік әлеуметтік көмекке өте отырып, зор көлемдегі әлеуметтік тәртіптің жеңілдіктердің проблемаларын шешу мүмкін болды. Сол кездегі қолданыстағы ынтымақтастық зейнет жүйесінен жаңа – жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу іске асырылды. Бюджеттік қатынастар және оған сәйкес еліміздің салық жүйесі қайта қарастырылып, қайтадан құрылды. Барлық осы қайта құрулардың нәтижелі болуының кепілі, ең алдымен, ТМД-дағы ең үздік деген мәртебеге заңды түрде ие болған біздің күшті де серпінді банк жүйеміз болды.

## БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Қазақстан өзінің банк жүйесін құруға егемендікті алғаннан кейін, 1990 жылы желтоқсанда бірден кірісті. Кеңестік икемсіз банк тетіктерінің барлық «тамашаларын» бастан кешірген біздер, енді экономиканы толыққанды дамыту үшін, бүкіл дүние жүзінде нарық жағдайында ең тиімді деп танылған, осы заманғы қос деңгейлі банк жүйесінің керектігін түсіндік. Ол біздің тәуелсіз ақша-кредит саясатын жүргізуімізге, инфляцияның және мемлекет пен қоғамды қаржымен қамтамасыз ету сұраныстарының проблемаларын шешуімізге мүмкіндік беретін еді. Бізге капиталдың шынайы өзіндік құнын пайыздық мөлшерлермен көрсететін, ал банкілерге қарыз алғандардың қаржылық өміршеңдігі және несиелеудің экономикалық тиімділігі негізінде несие беретін жүйе қажет болды.

Шын мәнінде, «Қазақ КСР-індегі банктер мен банк қызметі туралы» 1991 жылы қаңтарда қабылданған Заң еліміздегі банк реформасының басы болды. Аталмыш Заң қос деңгейлі банк жүйесінің негіздерін қалауды қамтамасыз етті. Мысалы, облыстық басқармалары және бөлімшелері бар

Республикалық мемлекеттік банк Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне айналдырылды.

Республикалық Өнеркәсіп-құрылыс банкі акционерлік-коммерциялық «Тұранбанкке», Агроөнеркәсіп банкі – «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп банкіне» айналды, акционерлердің ортасынан кейіннен «Қазкоммерцбанк» атанған «Қазақстан Коммерц» банкі шықты, Сыртқы сауда банкі – акционерлік-коммерциялық «Әлембанк», Республикалық жинақ банкі – акционерлік-коммерциялық «Қазақстан Республикасының Жинақ банкі» болып аталды. 1993 жылы осы банктердің барлығы акционерлік банктерге айналды, ал Жинақ банкінің аты Қазақстан Республикасының Халық банкі деп өзгертілді. Қазір біздің банк жүйесінің екінші деңгейінің негізгі құрамы болып отырған бұл банктер Қазақстандағы аса ірі жеке меншік банктері болып табылады.

Сайып келгенде, 1993 жылы теңгені енгізудің қарсаңында Қазақстанның банк жүйесінде елеулі реформа болды: қос деңгейлі банк жүйесі қызмет етті, барлық мамандандырылған банкілер акционерлік банкіге айналды, ал Ұлттық банк орталық банктің кейбір қызметтерін атқаратын болды. Осының бәрі белгілі мөлшерде өзіміздің ұлттық валютамызға өтуді жеңілдетті.

Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы күндерінен-ақ Ұлттық банктің ұйымдасқанына қарамастан, ол бәрібір әлі де еліміздің классикалық түрдегі орталық банкі бола алмады. Ұлттық банк екінші дәрежедегі атқаратын қызметтерін жалғастыра берді, сол сияқты, мемлекеттік органдар жүйесіндегі оның мәртебесі де айқын болмады. Мысалы, Ұлттық банк 1991 жылдан 1993 жылдың соңына дейін биліктің барлық тармақтарына бағынып келді. Үкімет оған тапсырмалар берді, депутаттар оның қызметін бақылап отырды және қосымша жүктемелер беріп, олардың бірден

орындалуын талап етті. Барлығы да әртүрлі қажеттіліктеріне қаржы бөлуін сұрай бастады.

Осы проблеманы шешу үшін 1995 жылы наурызда мен заңды күші бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Жарлыққа қол қойдым. Ол бойынша Ұлттық банк өзіне заңнамалық актілер берген өкілеттіліктің аумағы көлемінде тәуелсіз қызмет жасайтын және Президентке ғана есеп беретін болды. Содан бері өкілетті және атқару билігінің ешқандай да органдарының Ұлттық банктің қызметіне араласуға құқығы жоқ. Бірақ та, әрине, барлық басқа елдердегі сияқты, біздің Ұлттық банк жалпы мемлекеттік экономикалық саясаттың мәселелерін Үкіметпен үйлестіріп отыруы тиіс. Сол 1995 жылы біз республиканың банк жүйесін реформалаудың бірінші бағдарламасын қабылдадық. Бұл бағдарламаның мәні банктердегі тұрғындардың өз беттерімен салған жинақтары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің бос қаржылары және сыртқы заемдары есебінен, экономикаға несие бөлуді қамтамасыз етуінде болды. Сөйтіп біз, Ұлттық банкті саяси қысымнан және екінші деңгейдегі банктер әлдеқайда тиімді орындай алатын қызметтерді атқарудан «азат еттік».

Енді ол орталық банктің тікелей қызметтерін атқаруға – тәуелсіз ақша-кредит саясатын іске асыруға және қазіргі талаптарға жауап беретін банк жүйесін құруға кірісті. Әртүрлі уақыттарда Ұлттық банкті Ғ. Байназаров, Д. Сембаев, О. Жандосов, Г. Марченко, К. Дамитов басқарды. Бұлардың барлығы да ел үшін күрделі кезеңде қызмет атқарды және банк жүйесінің дамуына өз үлестерін қосты.

Біздің банк жүйесінің дамуындағы келесі маңызды қадам – екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есеп берудің халықаралық стандартына өтудің бағдарламасы, ол 1996 жылы желтоқсанда қабылданды. Бұл бағдарлама бойынша, Қазақстандағы барлық қызмет жасап тұрған банктер 2000 жылдың соңына дейін өтімді капиталдың жеткілікті

мөлшері, активтердің сапасы, бухгалтерлік есеп, менеджмент деңгейі, ақпаратты енгізу және жеткізу салалары бойынша халықаралық стандартқа жетулері тиіс болды. 2001 жылдың басында осы бағдарламаның жазбаша өкімдерінің орындалуын бақылау мақсатында, банк қызметін қадағалауды жүргізу үшін, Ұлттық банкке өкілеттілік берілді. Сөйтіп, 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап жаңадан құрылған банктерге ең кем дегенде 2 млрд теңге қатаң деңгейдегі жарғылық капитал белгіленді. Бұл көрсеткіш аймақтық банктер үшін кемінде 500 млн теңгеден, ал басқа қызмет жасап тұрған банктер үшін 1 млрд теңгеден астам болды.

Банктер капиталының өсуі ұсақ банк құрылымдарының жойылуы, банктердің шоғырлануы және қосылуы сияқты кінәратты үрдістермен қатар жүрді. Бірақ осы үрдіс елдің бүкіл қаржы жүйесіне кереметтей пәрменді әсер етті, қаржы жағынан тұрақты, зор мүмкіндіктер мен әлеуетке ие ірі банкілер құрылды.

Әдетте, осындай ірі банкілер дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде банк жүйесінің «ұйытқысы» болып табылады, оларда бірнеше ірі коммерциялық банктердің үлесіне барлық банктердің активтер сомасының басым бөлігі келеді. Сонымен қатар, банк капиталының шоғырлануы осы банктердің арасында бәсекені қамтамасыз етті, ол өз орайында банктердің қызмет көрсету сапасының артуына алып келді. Біздің банк жүйесінің осы ерекшелігін банк секторының көптеген сарапшылары мен мамандары атап көрсетті.

Осындай түбегейлі өзгерістерді іске асыру барысында біз «күштілер ғана тірі қалады» дейтін нарықтың әрі қарапайым, әрі қатаң логикасын басшылыққа алдық. Біздің қаржы жүйеміз мемлекеттің өзі құптаған жеке меншік коммерциялық банктердің пайда болуын, қалыптасу кезеңін басынан өткізді. Ендігі әңгіме осы банктердің жұмыс деңгейлері мен көрсетілетін қызметтерінің сапасы туралы болуға тиіс еді.

Шынында да, Ұлттық банк пруденциалдық нормативтерді күшейткеннен кейін, еліміздегі коммерциялық банктердің саны үш есе қысқарды, өйткені жұмыс деңгейін көтеруге олардың кейбіреулері ғана дайын болды. Бірақ, екінші жағынан, банктердің меншікті капиталдарын өсіру жөніндегі Ұлттық банктің қатаң талаптары және реформаның барысында, жасалған басқа да нормативтер республиканың банк жүйесіне 1999 жылғы сәуірдегі теңгенің құнсыздану салдарын онша ауыртпалықсыз көтеріп кетуге, сөйтіп Ресейдегі және басқа елдердегідей қаржы дағдарысын болдырмауға мүмкіндік берді.

Бірақ, сонымен бірге, осындай қадамды іске асыру барысында біз өзіміздің ерекшеліктерімізді де есепке алғанбыз. Мысалы, бізде қызметтері негізінен ұсақ бизнес пен ауылшаруашылық өндірісі басым болған аймақтарда шоғырланған банктер болды. Осылардың басым бөлігі қаржы тапшылығын көрді. Республиканың көптеген облыстарындағы өтімділік тапшылығы, амалсыздан, жергілікті клиенттердің шектеулі шеңберінде қалып қойған банктердің жұмыс мүмкіндіктерін шектеді. Республика экономикасының осал жері – бір-бірінен алыс қашықтықта орналасқан әртүрлі аймақтарға қаржы ресурстары біркелкі бөлінбей келгені ешкімге де құпия емес. Осы жылдары адал адамдарды алдай соққан алаяқтардың банк «пирамидалары да» біздерді орағытып кеткен жоқ.

Ұлттық банк қойған жоғарғы талапты осындай «жергілікті» банктердің орындай алмайтынын түсініп, біз 1998 жылдан бастап, барлық жерлерде микрокредиттік ұйымдарды, ал одан кейін кредиттік серіктестіктерді құра бастадық. Оларды құру, ең бірінші, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күреске бағытталды. Ауылдық жерлерде банктік қызмет көрсетуге жол ашуды қамтамасыз ету мақсатында пошта-жинақ мекемелерінің саласын кеңейту жөнінде шешім

қабылданды. Бұл банк секторына шалғай өңірлерде тұратын тұрғындардың басым бөлігінен олардың жеке салымдарын тарту мақсатында балама әдістер ұсынуға мүмкіндіктер берді. Сонымен бірге, мұндай кредиттік серіктестіктер несиелеудің үш деңгейлі жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндік туғызды. Бұл жүйеге банк қызметтерін көрсету түрлерімен айналысатын жеке банктер мен микрокредиттік ұйымдардан құралатын болды.

Содан кейін, біз Ұлттық банктің ел экономикасындағы рөлін күшейту мақсатында келесі қадамдарды жасадық. Бәрінен бұрын, бұл қаржы жүйесі субъектілерінің қызметтерін реттеуде тәртіп енгізу үшін қажет болды. Ол кезде мұндай реттеулерді әртүрлі бақылау органдары іске асыратын. Мысалы, банктердің қызметін Ұлттық банк, сақтандыру компанияларын – Қаржы министрлігі, зейнетақы қорларын – Еңбек министрлігі реттейтін. Нәтижесінде, елдің қаржы жүйесін реттеу жөнінде, қандай да болмасын жалпы саясатты іске асыру үшін қаржы нарығының әртүрлі бөліктерін үйлестіру үрдісі ұзаққа созылып кетті және тиімсіз болды.

Сонымен, 2000 жылы Ұлттық банкте сақтандыру және банктік бақылау, 2001 жылы бағалы қағаздар нарығын бақылау, ал 2002 жылы жинақтау зейнетақы қорын басқару қызметтері шоғырландырылды.

Кейін келе, 2004 жылы, бағалы қағаздар нарығының, сақтандыру нарығының, зейнетақы жүйесінің қызметін реттеу қызметтері Ұлттық банктен дербес орган – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау жөніндегі Агенттікке берілді, ол елдің Президентіне тікелей есеп беріп тұратын болды.

Бұл Агенттік еліміздің қаржы нарығындағы тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс болды. Ол зейнетақы қоры жүйесіне, бағалы қағаздар нарығына және одан да басқаларға қатысты, көптеген ережелер мен заңнамалық заңдар жинақтарының

шеңберінде тиімді жұмыс істеуде. Айта кетейін, мені Агенттіктің жұмыс нәтижесінің мынадай мәліметтері ерекше қуантты. 2005 жылы Агенттік 762 жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеді. Бір қарағанда, бұл аса көп те емес. Бірақ біздің адамдар әртүрлі себептер мен қандай да бір мәселелерді көтергісі келмейтіндерін еске алсақ, онда бұл сандар қомақты көрінеді. Мысалы, осындай бір өтініш бойынша, Агенттік банкоматтардың қызмет жасауының мәселелерімен айналысты. Дәлірек айтқанда, олардың қызмет жасамай, босқа тұрып қалатынына қатысты іспен шұғылданды. Осыған жауап ретінде, екінші деңгейдегі банктерге банкоматтардың жұмыстарын ұйымдастыру және олардың тиісінше дұрыс қызмет жасауын қамтамасыз ету жөнінде қойылатын талаптар көрсетіліп Нұсқаулар жобасы жасалды және осы Нұсқауларды іске енгізу жоспарланды.

Жеке мен үшін бұл жағдай, менің ойлауымша, белгілі бір дәрежеде біздің барлық мемлекеттік органдардың қалай жұмыс істеуі керектігінің мысалы болуға тиіс. Азаматтардың барлық өтініштері назарға алынып, ой елегінен өткізіле қарастырылуы және барлық сұрақтарға жауап берілуі керек. Жаңа тарихи жағдайларда жұртты: «адам – мемлекет үшін емес, мемлекет – адам үшін» деген қағидаға үйрету қажет. Кәнеки, келіңіздер, білуге тырысыңыздар, сұрақ қойыңыздар, мәселе көтеріңіздер, соның жауабын алуға тырысыңыздар. Сіздер – Қазақстанның азаматтарысыздар. Демек, бір кездерде мысқылға айналған: «халықтың қызметшісі» деген жораны шындыққа айналдырайық.

Тұтастай алғанда, біздің қаржы жүйемізді нығайтудан, оның халық сеніміне ие болуынан және оның алғашқы табыстарын әлем қауымдастығының тануынан қорытынды шығарып, 90-шы жылдар келмеске кетті деп заңды түрде айтуға болады. Дәл осы кезеңде болып өткен дағдарыстан кейін елдің экономикасының көтерілуі басталды. Мысалы,

1997 жылы ішкі жалпы өнімнің өсуі одан бұрынғы жылмен салыстырғанда 101,7% болды. Қолайлы экономикалық ахуал, бәсекеге түсе алатын нарықтың қалыптасуы даму үрдісімен бірге жүріп, банк секторының динамикалық дамуына ықпал етті.

Осы жерде мен, біздің банк жүйесін реформалаудың жеке бір сәті ретінде, халықтың сенімін арттыруға байланысты шаралардың болғанын тағы да бір атап өткім келеді. Бұл – бүгінде біздің адамдарымыз пайдаланып отырған несиелердің: автомобиль, ипотека және т.б. алуға арналған түрлері. Бір кездерде біздің адамдар «несиемен өмір сүруге» қорқатын. Демек, бұл жерде, еліміздің қаржы жүйесіне деген адам сенімдерінің деңгейін әлдеқайда арттырған – халықтың салымдарын сақтандыру жөніндегі шаралар зор рөл атқарды. Мысалы, 1999 жылдың соңына қарай Қазақстанның жеке адамдар салымына кепілдік (сақтандыру) қоры құрылды. Оның қызметі – осы жүйеге кірген банктер жойылған жағдайда, азаматтарға олардың салымдарын қайтарып беруді қамтамасыз ету болды.

Соңғы осындай мысал – «Наурыз-банк» төңірегінде болған жағдай. Бұл банк мемлекеттік құрылымдардың қолдауымен құрылған еді, бірақ оның қабілетсіз басшысы банкті банкротқа ұшыратты. Салымшылар, оның ішінде мемлекет те бар, ақшаларынан айрылды. Банктің басшылары қашып жүр. Қор жеке тұлғалардың ақшаларын қайтаруға мәжбүр болды. Қазіргі кезде Салымдарға кепілдік беру қоры, халықаралық стандартқа бірте-бірте өтуді іске асыра отырып, тұрақты қызмет жасауда. Кейінірек, 2001 жылы халықаралық сарапшылардан жоғары баға алған Актуар орталығы құрылды. Бұдан басқа, Несие тарихының бюросы және Ипотекалық несиелер кепілдігінің қоры бар. 2005 жылдың 30 желтоқсандағы жағдайы бойынша қор жалпы сомасы 5 млрд теңгеге тең ипотекалық несиелердің кепілдіктерін



қолдады. Қазақстанның 20 банкі мен ипотекалық компаниялары ипотекалық несиелер кепілдігі жүйесінің қатысушылары болып табылады.

Менің ойымша, біздің қаржы жүйеміздің табысты болуын шетелдік сарапшылардың бағалауы немесе қандай да болмасын экономикалық есептеулер емес, мына төмендегі дерек айқын дәлелдейді.

1999 жылдың 1 сәуіріне таман екінші деңгейдегі Қазақстан банктеріндегі халықтың салымдары 348 млн АҚШ доллары мөлшерінде болды. Бірақ, әртүрлі сараптамалық бағалаулар бойынша, азаматтардың жасырын жинаған ақшалары 1 миллиардтан 3 миллиардқа дейінгі АҚШ долларына тең делінеді. Бұл сома сол кезеңдегі банк есепшоттарындағы және зейнетақы жинақтау жүйесіндегі сомандан кем дегенде бір жарым есе артық болды. Жүргізілген реформаның көмегімен, біз азаматтар жинақтарының біздің қаржы жүйемізге ағылып келуіне қол жеткіздік, сөйтіп бүгін «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беретін Қазақстан қоры» акционерлік қоғамының резерві 339 млрд теңге шамасында болып отыр.

Сол уақыттарды еске ала отырып, мен: оның арғы жағында қаншама реніштер, кейде тіпті күлкілі оқиғалар болғанын ойлаймын. Мысалы, маған солардың ішінде мына бір жағдай өте ұнайды. Тұрғындардың қаржыларын банкілерге тарту науқаны жүріп жатқан кезде сондағы Ұлттық банктің төрағасы Григорий Марченко бірде: «бұл науқан нәтижелі болып аяқталған жағдайда, өзімнің сақалымды қырып тастаймын», – деп көпшіліктің алдында маған уәде бергені бар. Сонымен бірге, егер жеке тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі салымдары 1 млрд АҚШ долларына жетсе, соны нәтижелі деп есептейтін болдық.

Григорий Марченконың мәлідемесі әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарына ұнап қалыпты. Көптеген экономистер

мен журналистер: «Марченко енді өмір бойы сақалмен өтетін шығар» деп айтып та, жазып та жүрді. Содан арада тура екі жыл өтісімен, атап айтқанда, 2001 жылы 7 қыркүйекте, ол баспасөз конференциясына «кенеттен жасарып» кіріп келіпті. Жұрттың бәрінің көзінің түскені – оның ақ кіре бастаған сақал-мұрты жып-жылмаған тап-тақыр қылып қырып тастапты, дейді. Ол сол жерде жеке тұлғалар жинақтарының мөлшері 1,116 млрд АҚШ долларына жеткендігін хабарлапты.

Тұрғындар қаржысын Қазақстан банкілеріне тартуда осы бір бәстесудің пайдасы жарнамалық және ақпараттық шаралардан артық болмаса кем болмауы әбден мүмкін. Кейіннен, Марченко қаржы нарығының жеке бөліктері тиімділікпен дамитын болса, сақалымды қырып тастаймын деп тағы да екі рет уәде берді. Бірақ енді онымен бәстесуге ешкім шықпады.

Григорий Александрович Марченко – «Евромани» журналы «ең үздік банкир» деп таныған, өзінің позициясын қорғай білетін және айтқандары көп жағдайларда дұрыс болып шығатын, кәсіби біліктілігі жоғары маман. Ұлттық банктің төрағасы ретіндегі оның қызметін мен қашанда қолдап отырдым. Оның бірбеткейлігіне байланысты Үкіметпен және Парламентпен қағысып қалуы аз болмайтын, бірақ ол қашанда өз пікірін қорғап шығатын.

Жинақ ақшаны сақтаудың және оған халықты ынталандырудың идеясын мен 1999 жылы мамырдың аяғында Республика қаржыгерлерінің I Конгресінде-ақ ұсынғанмын. Ол кезде біздің экономикамыз, дүниежүзілік қаржы және тауар нарықтарындағы күрт өзгерген жағдайларға бейімделу салдарынан өте ауыр проблемаларға ұрынған болатын. 1998–1999 жылдардағы дағдарыс, экономиканы дамыту үшін инвестициялық ресурс ретінде, азаматтардың ішкі жинақтарына көңіл аударуға итермелеген. Ал оған дейінгі экономиканы қолдап тұруға және дамытуға қажетті қаржының жетіспеуін, банк қауымдастығы, сыртқы заемдар мен шетел

инвестицияларының ағылып келуі есебінен шешіп келген болатын. Қаржы жүйесінің осы және басқа да мәселелеріне мен қашан да мұқият көңіл бөлетінмін. Мемлекеттік және жеке секторлардың өзара ынтымақтасуы экономика үшін, біржақты мемлекеттік жоспарлауға қарағанда, әлдеқайда пайдалы екендігі кімге болсын құпия емес-ті.

Атап айтқанда, I конгрестің арқасында қаржы нарығының барлық секторларының өкілдері, Қазақстан қаржы нарығының даму проблемаларын талқылауға бірінші рет өз еріктерімен бірікті. Мысалы, олар экономикалық дамудың және халықтың әл-ауқатын жақсартудың орасан зор міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін инвестициялық салымдарды кеңейту және жаңа қаржы құралдарын қалыптастыру проблемаларын қарастырды.

Салымдардың кепілді жүйесін құрумен бір мезгілде салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатында банк құпиялары бойынша заңнама күшейтілді. Мысалы, жеке тұлғалардың есепшотындағы ақшаның қалдығы және ақшаның қозғалыстары туралы мәліметтер тексеру органына тек қылмыстық іс қозғалғанда және прокурордың санкциясы болғанда ғана беріледі. Сонымен бірге, салық және кеден органдары банк құпиясы болып табылатын мәліметтерді алу құқығы бар мемлекеттік органдар тізімінен шығарылды.

Біздің қаржы жүйеміздің табыстылығының тағы бір жарқын көрінісі – Қазақстан капиталының көрші елдердің нарықтарына экспансия жасауы және біздің қаржы нарығымызға шетел капиталының келе бастауы болды.

Бір кездерде біз бұл туралы ойға да ала алмайтынбыз. Біз бүтіндей алғанда өзіміздің қаржы жүйеміз бен экономикамыздың дұрыс қызмет жасауын қамтамасыз етуді ғана ойладық. Бірақ нәтиже басқаша болып шықты, реформаның нәтижесі біз ойлаған ең батыл нәтижелерден артығымен асып түсті. Қазір Қазақстан экономикасының

монеталану деңгейі – ТМД елдері ішіндегі ең жоғарғысы. Бұл біздің банктерге көршілеріміздің қаржы нарықтарына белсенді түрде экспансия жасауға мүмкіндік беріп отыр. Көрші елдердікімен салыстырғанда әлдеқайда дамыған банк жүйесі бар біздің банктерге, олар сияқты капиталы және ең бастысы – салымдардың қауіпсіздігі мен табыстылығына кепілдемесі жоқ, олардың жергілікті банктермен бәсекелі күресте жеңіске жете отырып, көп жағдайда өздеріне тиімді пайда пайыздары мен шарттарын ұсынуға мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстандағы орташа жылдық пайыздық мөлшерлеме 10-15 пайыз арасында ауытқып отыратын болса, Тәжікстандағы бұның бір жылдық көрсеткіші 36 пайызға тең. Келісіңіз, айырмашылық өте үлкен.

Микроэкономикалық ахуалдың тұрақтылығы, өсіп отырған біздің адамдардың тұрмыс деңгейі, өз орайында, Қазақстанды, шетел қаржы компаниялары үшін аса тартымды етеді. Егерде біздің пайыздық мөлшерлеме ТМД елдерінікімен салыстырғанда төмен деп есептелінсе, онда батыстың тұтынушылары үшін осы 10-15% келісуге болмайтын тым көтеріңкі деп есептеледі. Шетел банкілерінің келуі Қазақстанның қаржы нарығындағы бәсекені дамытуға мүмкіндік береді.

Мысалы, қазірдің өзінде біздің нарықта Чехияның аса ірі «Хоум Кредит» (Home Credit Group) сақтандыру компаниясы қызмет жасай бастады, бұрынырақта «Хоум Кредит Қазақстан» акционерлік бірлестігі құрылған. Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары тұтынуды несиелеу болып табылады. Компания Қазақстан нарығында несиелік қызмет көрсетудегі өзгерістерге өте шапшаң рай білдіре отырып, клиенттер мен әріптестерге несиелеу мен ынтымақтастықтың қолайлы шарттарын ұсынады. Қазақстандағы ең табысты кәсіпорындар «Хоум Кредит Қазақстан» акционерлік қоғамының әріптестері болып табылады, бұлардың ішінде

ірі сауда жүйелері «Технодом», «Евросеть», «Сулпак», «М-Техникс», сондай-ақ елдің барлық аймағындағы мамандандырылған жеке дүкендер және басқа да компаниялар бар. Әріптестік байланыстарды үздіксіз кеңейте отырып, компания сенімді және тәжірибелі әріптестермен іскерлік өзара қарым-қатынастарды дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Тұтынуды несиелеу нарығының өсуі Қазақстанға шетелдік жаңа ойыншыларды тартуда. Чех қаржы тобынан кейін іле-шала еуроаймақтағы аса ірі тағы бір қаржы тобы Қазақстанның бөлшек саудасын игеруді жоспарлап отыр. Француздың «Societe Generale» банк тобы таяу араларда Қазақстанда өзінің бөлімшесін ашқысы келеді.

Бұл кейбіреулерге ерсі көрінуі мүмкін, бірақ мен шетел капиталының келуіне кәдімгідей қуанамын. Өйткені жоғары пайыз алу несие салудың күшті тәуекелдігімен байланысты болған кез артта қалды. Қазір тұрғындардың тұрақты табыстары және тиянақты қаржылық жағдайлары бар. Ал, біздің банктер жоғары пайыз алу әдетімен әлі де «қоштасқылары» келмейді. Шетелдіктер қаржы қызметін көрсету нарығындағы бәсекенің деңгейін көтереді, нәтижесінде қоғам ұтады.

Жалпы алғанда, банк секторы дамуының қорытындысын түйіндей келе, оның осы уақыттар ішіндегі дамуы, мемлекеттің жан-жақты қолдауының және мемлекеттік қаржы жүйесін кең көлемде реформалаудың нәтижесінде іске асты деп, айтуға болады. Сондықтан, әсіресе нарыққа өту кезеңіндегі үрдісте біздерге бюджет жүйесі саласында да, сол сияқты салық салу саласында да түбегейлі реформаларға баруға тура келген кезде, оларды жетілдіру үрдісін босатып жіберу әділетсіздік болар еді.

## БЮДЖЕТ ЖӘНЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Менің осыған дейін айтқанымдай, банк жүйесі өзінің дамуына қарай қадам басуы үшін, мемлекет қаржысы саласында, мемлекеттің бұған сайма-сай келетін саясатын қамтамасыз ету қажет болды.

Бұрынғы одақтық бюджеттен берілетін субвенциялар мен дотациялардан (1991 жылы олар біздің республика бюджетінің алтыдан бір бөлігін құрады), сол сияқты қаржыландырудың ведомстволық көздерінен айрылған, бұрындары, әдетте, Одаққа тікелей қараған деген желеумен республикадағы өндіріс көлемінің жалпы 90% астамын алып тұрған салалар мен кәсіпорындардың ауыр дағдарысын сезіндік. Осылардың бәрі жаңа бюджет жүйесін құруды талап еткен.

Мемлекеттік қаржы саласын реформалау жөніндегі алғашқы қадамдардың бірі – 1991 жылы Қазақстанның бюджет жүйесі туралы өз заңын қабылдауы болды. Осы заңның арқасында, Қазақстан Республикасының бюджетін қалыптастырудың принциптері өзгертілді, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы өзара қарым-қатынастар анықталды. Оның негізін салушы республикалық және жергілікті бюджеттердің дербестігі туралы принцип болды.

Сонымен бірге, оқиғалардың жылдам өрістей бастағанынан көп ұзамай, қабылданған заң ендігі талаптарға жауап беруден қалды. Тиімділігі жоғары бюджет жүйесін құруда ең негізгісі деп саналатын «әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің бірлігі» принципінің өзі тағайындалмағанын және оның үстіне, кезектегі жылдың бюджеті сияқты, қосымша бюджет жасауға рұқсат етілетінін, сонсоң олар да арнайы қаралып, бекітілетінін айтсақ та жеткілікті.

Мемлекеттік қаржы жүйесін басқару туралы айтатын болсақ, 1994 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің орындалуымен Ұлттық банк те, Қаржы министрлігі де айналысты. Мұндай күлкілі жүйе тиімді бақылауды қамтамасыз ете алмады. Оны жетілдіру мақсатында біз Қаржы министрлігінің құрамында Қазынашылық бас басқармасын құрдық. Бұл 1996 жылдан бастап бірыңғай қазына есепшоты арқылы, кірістердің және жүргізілген кассалық шығындардың жалпы сомасын есепке алу мен шығынын есептен шығару жөніндегі операциялардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бір жылдан кейін жергілікті бюджет бойынша төлемдік тапсырыстар арқылы шығындарды қаржыландыру тетігі тоқтатылды, қаржыландыру ісі қаржылық және бюджеттік рұқсат түріндегі лимиттер беру арқылы іске асырыла бастады. Бұл еліміздің бюджет жүйесін жетілдіру бағытындағы алғашқы қадамдарымыздың бірі болды.

Реформаларды жүргізгенге дейін бүкіл бюджет процесі бюджет өтінімдерін бұрынғыша біріктіру түрінде болды, содан кейін барып қана, онсыз да аз қаржыны бюджет мекемелері арасында бөлу жүргізілетін. Бұл процесте іс жүзінде бюджет аясында іске асырылуға тиісті, макроэкономикалық ахуал есепке алынбады, сол сияқты экономикалық саясаттың принциптері мен басымдылықтарына сәйкес шығындарды байланыстыруға әрекеттер жасалмады. Сөйтіп, бюджетті дайындау процесі Үкімет іске асыруға тиісті басымдылықтар мен бағдарламаларды талқылаудың орнына, сандарды сапырылыстыру түрінде ғана өтті. Тіпті дайындау үрдісінің соңғы қорытынды кезеңінде, Парламентте бюджеттің түпкілікті нұсқасы талқыланып жатқан уақытта, шығындардың кейбір баптарына байланысты ғана дауласу жүріп жатты. Сонымен бірге шығындарды бағдарламалық басымдылықтармен байланыстыру әрекеттері мүлде болған жоқ.

Осы саладағы маңызды қадамдардың бірі 1997 жылы жасалды. Ол кірістер мен шығындардың халықаралық стан-

дарт талаптарына сай жаңа классификациясын енгізу еді. Мұның енгізілуі барлық деңгейдегі бюджет шығындарын өзара байланыстыра отырып, мемлекеттің бағдарламалық міндеттерін орындауға, сонымен қатар орындаушылық тәртібін жақсартуға және бюджетті қалыптастырудың шынайылығын арттыруға мүмкіндік берді.

1999 жылы Қазақстан Республикасының «Бюджет жүйесі туралы» үшінші заңы қабылданды. Бұл заң бюджет жүйесінің бірлігі принципін қамтамасыз етуге, бүкіл республика аумағындағы тұрғындарға бірдей мемлекеттік қызмет көрсету деңгейін қамтамасыз етуге және аймақтар арасындағы сәйкессіздікті теңестіруге мүмкіндік берді. Сол сияқты осы заңмен бюджетаралық қатынастар, бюджеттік кемітулер мен субвенциялардың тетіктері орнықтырылды, белгілі бір мемлекеттік қызметтерді республикалық және жергілікті бюджеттерге сәйкес қаржыландырудың арасына шек қойылды. Бұл кезеңде реформаландырудың басты назары бюджет ақшасын мақсатты әрі тиімді пайдалануға және бюджеттің кредиторлық қарызының өсуін болғызбауға шоғырландырылды. Біз барлық мемлекеттік мекемелердің өздеріне бюджет заңнамалығымен жылына тағайындалған, белгілі бір бюджеттік сомадан тыс мөлшерде қаржылық міндеткерліктер алуына құқығы жоқ деген тәртіпті бірінші рет заңнамалық негізде анықтап бердік.

Тұрақты негізде құрылған бюджет комиссиялары біз үшін артықшылығы бар мәселені, яғни кезекті жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекет шығындарының орындылығын қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік бюджетті ағымдағы бюджетке бөлу жүзеге асырылды, соның есебінен мемлекеттің ағымдағы қажеттіктерін орындауға бағытталған және экономикаға жұмсалатын инвестициялық шығындарды, яғни инфраструктураны, қала құрылысын дамытуға, ақпараттық жүйені құрып, дамытуға, ғылымға, адам капиталына инвестиция



салуға жұмсалатын бюджеттік бағдарламалар орындалды. Бюджеттің осылай бөлінуі, мемлекеттің заңнамамен анықталған міндеттерін орындауына, яғни мемлекеттік мекемелер жүйесін ұстауға бағытталған қаржының нақты құнын, әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталған мемлекеттің инвестициялық үлесінің көлемін, сол сияқты бюджеттік бағдарламаларды жүйеге келтіру шығындарын шынайы бағалауға мүмкіндік берді.

Бюджеттік саланы реттеуде жүйелік тәсілді қалыптастыру үшін Бюджет кодексі жасалынды, ол қолданыстағы заңнамалық нормаларды тәртіпке және жүйеге келтіруге мүмкіндік берді, олардың оралымды құрылымын қамтамасыз етті. Ұлттық қор бірінші рет еліміздің бюджет жүйесінің құрамдас бөлігі деп жазылды.

Бұл Кодекске бюджет жүйесінің орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз еткен жаңа принциптері негізделді, бюджеттік жоспарлаудың бұрын қолданылып келген принциптері, барлық деңгейдегі бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерін қалыптастыру тәсілдері қайта қарастырылды. Бұл жердегі маңызды нәрсе сол, осы Бюджет кодексінде тиісті есептеулер жүргізу негізінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау, олардың негізделуін сараптау, олардың орындалу барысы мен елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тигізіп отырған ықпалын, тиімсіз бағыттарын анықтау қарастырылған.

Мемлекеттік борышты басқаруға қатысты қолайлы шешімді іздестіру бюджеттік реформаның аса маңызды аспектілерінің біріне айналды. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру туралы мәселе күн тәртібіне ерекше өткір қойылды, ел бюджетінің кең көлемдегі қаржы тапшылығын жабу үшін мемлекеттік қарыз алудың нақты лимитін заңнамалық түрде орнықтыруға біз бірінші рет бардық.

Бұрын Үкімет бюджет тапшылығын қаржыландыруды Ұлттық банктен қарыз алу арқылы іске асыратын, бірақ бюджет тапшылығын Ұлттық банктің несиелеуі біздің инфляция деңгейін төмендету және ұлттық валютаның тұрақтылығын ұстап тұру жөніндегі әрекеттеріміздің бәрін жоққа шығаратын. Сондықтан мемлекет қаржы тапшылығын Ұлттық банктің қаржысы есебінен қысқартуға барды да. Сырттан қарыз алуға көшті; ал ондай қарыздардың үлесі 1994 жылы – 55%, 1997 жылы – 81% болды. Макроэкономикалық тұрақтану да сыртқы қарызды көбірек алуға жағдай туғызды. Нәтижесінде 1998 жылға қарай республика Үкіметі Ұлттық банктен тікелей қарыз алуды біржола тоқтатты.

Ақырында, экономиканың көтерілуі арқасында және 1998 жылы 76%, 1999 жылы 63% болған осы қарыздардың біршама қымбаттығына байланысты сырттан қарыз алудың көлемі бірте-бірте азая берді. Үкіметтің сырттан қарыз алуы халықаралық суверенді облигацияларды 4 рет шығару арқылы іске асырылды. Олар: үш жылдық (1996 жыл), бес жылдық (1997 жыл), бес жылдық (1999 жыл), жеті жылдық (2000 жыл) болды. 1999 және 2000 жылдарда еурооблигацияларды орналастыру Қазақстанның халықаралық имиджінің нығаюына ерекше әсер етті, өйткені ол халықаралық капитал нарығында дамушы елдерге деген сенімнің біршама төмендеген жағдайында орын алды. Халықаралық сарапшылар соңғы орналастыруды осылай деп бағалады.

Алайда, өзіміздің бюджет жүйемізді қалыптастыруға кірісе отырып, біз бюджеттің табысты бөлігін қалыптастыру проблемаларымен соқтығысып қалдық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осы заманғы салық салу мәселелері бойынша кәдімгі заңнамалық актілердің болмауы бізді тығырыққа әкеліп тіреді. Кеңестік кезеңде барлық салық саясаты біздің республикадан тыс жерде қалыптасты да, біздің ондай тәжірибеміз болған жоқ. Сонымен бірге құрылып

жатқан кәсіпорындар санының күрт өсуі шаруашылық және салық есебінің күрделіленуіне алып келді. Осы факторлардың барлығы салық салу жүйесінің өзін реформаландыру қажеттігі туралы мәселені көлденең тартты.

Сонымен бірге, мемлекеттің бюджеттік құрылымының жаңа принциптерін анықтау туралы айтқанда, қалған заңнамалық базаны жасай отырып, біз осы қадамға қарай жоспарлы түрде жүргенімізді атамай кетуге болмас еді. Бұл оңайға соқпайтын міндет болатын. Елімізге соншалықты қажетті заңдар ұзақ уақыт Жоғарғы Кеңесте қозғалыссыз жататын. Олар бойынша талқылаулар жарты жылдықта бір рет қана өткізілетін, ал елдегі ахуал әсірелеп айтқанда, күн сайын емес, сағат сайын өзгеріп отырды. Көбіне, нашар жағына қарай.

Қалыптасқан ахуалға қарамастан, 1991 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында біз қалай болғанда да, салыққа қатысты құқықтық нормативтік актілердің республикалық пакетін қабылдадық, оған он төрт заң кірген. Жалпы алғанда «Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы» Заңы 16 жалпы мемлекеттік, 10 жалпы міндетті және 17 жергілікті салықты қарастырды. Осы Заң мемлекет экономикасын реформаландырудағы алғашқы қадамдардың бірі болды.

Бюджет жүйесін жетілдірумен қатар, біз салық жүйесін де осы заманның шындығына қарай жақындату үшін жұмыстар жүргіздік. Бұған қарай жасалған бірінші қадам 1995 жылы «Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Заңның қабылдануы болды. Бұл заңның қабылдануымен салық жүйесінің тиімділігін көтеруге мүмкіндік туды. Осы нормативтік актінің қабылдануымен салық саясаты салық санының өсуіне қарай емес, оны оңтайлатуға қарай бағытталды. Ол шаруашылық жүргізуші субъектілерді іскерлік белсенділікті арттыруға және өндірісті

дамытуға ынталандырды, тиімділігі жоғары технологияларды дамытуға және ұзақ мерзімді капитал салуға, шетел инвесторларын тартуға жағдай туғызды.

Заңның негізгі принципі – әділеттілік принципі еді, ол «жоғарыдан төмен» қарай да, «оңнан солға» қарай да теңдік болуын қарастырған. Бұл жүйеде салық, төлеушілердің барлық табыстарына, олардың көлеміне, сонымен бірге оны қалай табатындарына және жұмсауларына қарамай, бірдей тең жағдайда салынады. Реформаланған салық жүйесінің артықшылықтарына оңтайлылығы, салық салудағы экономикалық бейтараптығы, салық мөлшерлемесінің шектеулілігі және салыстырмалылығы жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасында қолданыста болған салықтың және ақша түсімдерінің 45 түрінің, сондай-ақ мақсаттық қорға деп бөлінген соманың 6 түрінің орнына салық пен ақша түсімдерінің 19 түрі ғана қалды.

Инвестициялық ынталандыруларға, негізгі қаржы паркінің жаңаруына және өндірісті жетілдіруге мүдделілікті арттыру мақсатында пайдалану мерзімін ұзарту мен шығындарды азайтудың, оларды есептеудің қарапайым түрі қарастырылды.

Сонымен бірге, бұл заң жаңару кезінде туындайтын проблемаларды толықтай шеше алмайтын еді. Салық жүйесінің жетілмегендігі және оның одан әрі реформаландыруды талап ететіні анық байқалды.

Сол кезге таман қалыптасқан салық жүйесі «іріктемелі жеңілдіктер жасау» принципі бойынша қызмет жасады. Мысалы, түскен пайдаға салынатын салық бойынша тоғызға дейін мөлшерлеме көлемі әртүрлі – 0-ден 70% дейінгі көрсеткіштер (меншіктің түріне, саласына, қызмет көрсету түріне байланысты) және салық төлеуден босатудың немесе салықтың мөлшерлемесін кемітудің (пайданы жұмсау бағытына, оның түсу көздеріне байланысты) 40-тан астам түрі қолданылды. Салықтың басқа да түрлеріне жасалынатын жеңілдіктердің

саны арта түсті. Жүйенің тиімсіздігіне тағы бір мысал: түскен пайдаға салынатын салықтың мөлшері салалық принцип пен меншіктің түріне қарай саралап жіктелінді.

Сонымен бірге, сол жылы салық органдарына тәуелсіз мәртебе бере отырып, біз салық жүйесін құрудың жалпы принциптерін, салықты салудың тәртібін, салықтың жаңа түрлерін енгізудің тетіктерін тәртіпке келтірудің, ставкалардың мөлшерін анықтай алдық. Сөйтіп, салықтық әкімшіліктің ағымдағы жүйесінің негізі қаланды.

Салық салу тәжірибесіндегі аса қомақты және принципті өзгеріске 1992 жылы енгізілген, және біз үшін жаңалық болған, қосымша құннан алынатын салықты (ҚКС) жатқызамыз. Оны енгізу республиканың бюджетін сенімді және тиімді пайда көзімен қамтамасыз етті, тұтыну сұранысын реттеу жөнінде маневр жасауға біршама еркіндік берді. Ол сол кезеңде бюджет қаржысының инфляциялық құнсыздануының алдын алу құралы болды, себебі ол салық түсімдерін бағаның өсуімен тікелей байланыстырды.

Одан әрі, экономикалық ахуал да 1995 жылдан бергі кезеңде қалыптасқан өзгерістерді ескере келе, 2001 жылы жаңа Салық кодексі жасалды да, ол 2002 жылдың басынан қолданысқа енгізілді. Жаңа Салық кодексінің ережелері салықтардың фискалдық және ынталандырушылық қызметтерін қоса атқаруды барынша оңтайландырды әрі жеткілікті дәрежеде жүргізіліп отырған салық саясатының негізгі мақсаты – мемлекет пен салық төлеушінің мүдделерін үйлестіретін салық жүйесін құруды іске асыруға жеткілікті мөлшерде мүмкіндік берді.

Жаңа Салық кодексін қабылдау Қазақстанның салық заңнамасының дамуындағы бір жаңа кезең болды. Салық кодексі, алдыңғы жылдарда қалыптасқан салық жүйесінің концепциялық негіздерін нығайтып, салық саласындағы құқықтық тетіктердің тиімділігін бір мезгілде арттырды. Ко-

декс салық заңнамасының тұрақтылығы, салыққа жеңілдіктер беру жүйесінің бірлігі принциптерін бекітті, нақты бір салық төлеушіге жеке тұрғыдан жеңілдіктер беруді алып тастады. Соңғы жылдары салықтың мөлшерлемесі: жеке зейнетақы салығы – 10%-ға, қосымша құннан алынатын салық – 14%-ға дейін айтарлықтай төмендетілді, оларды одан әрі оңтайландырып, төмендету көзделіп отыр. Қазақстанның қаржы жүйесінің осы бір бөлігін реформалау оның қалыптасуы мен нәтижелі дамуында маңызды рөл атқарды. Біздің қаржы жүйеміздің ТМД елдері ішіндегі ең үздігі деп халықаралық деңгейде танылуы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері мен Ресейді дүр сілкіндірген, 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан біздің ойдағыдай өтуімізден кейін болған еді.

## 1998 ЖЫЛҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

1998 жылғы экономикалық дағдарыс біздің жас еліміздің және оның қаржы жүйесінің беріктігіне өзінше бір сынақ болды. Дүниежүзілік қаржы нарығындағы болған ғаламдық өзгерістердің нәтижесінде, бірқатар елдердің – Қазақстанның сауда әріптестерінің ұлттық валюталары біршама құнсыздануға ұшырады. Бұл жағдай қазақ теңгесінің нақтылы түрде қымбаттауына және Қазақстан экспортының бәсекелік мүмкіншіліктерінің төмендеуіне әсер етті. Дүниежүзілік дағдарыстың Қазақстан экономикасына жағымсыз салдарының әсері Ресей рублінің құнсыздануынан кейін тіпті күшейіп кетті. Бұл ішкі тауар өндірушілерді Қазақстан нарығында шетел тауарларының экспансиясынан қорғаумен және теңгенің тұрақты айырбас бағамын қолдаумен байланысты проблемаларды туғызды.

Сол кезде Ресейдегі қалыптасқан ахуал қалай бағаланса, соны сол күйінде Қазақстанға жай көшіре салу әдеті ішкі валюта нарығында шетел валютасына өрепкіген сұраныс туғызды.

Валюта нарығындағы ахуалды реттеп, теңгенің сол кездегі тіркелген бағамын қолдау үшін Ұлттық банк үлкен валюталық интервенциялар жасады да, өз алтын валюта қорының біршама жалпы төмендеуіне алып келді. Мысалы, осы кезеңде тұрақты курсты қолдауға 600 млн АҚШ доллары жұмсалды. Бұл теңге үшін аса қиын кезең еді. Алтын валютаның одан әрі азаюының алдын алып, экономиканың бәсекеге түсу қабілетін қалпына келтіру үшін теңгені құнсыздандыру қажет болды. Сіздер оған кімнің қарсы болғанын жақсы білесіздер. Біз тағы да бір дақпыртты тас-талқан қылдық деуімізге болады.

Қазіргі уақытта теңгені құнсыздандыруды, ертерек, Ресей рублінің құлауынан кейін іле жасау керек еді деген пайымдауларды естиміз. Бірақ мен кәміл сенімдімін, егер ТМД елдеріндегі қаржы нарығының тұрақсыздық жағдайы аясында, сол сияқты ел ішіндегі біршама құнсыздандуды күту жағдайында бірден құнсыздандыру шараларын жүргізсек, ол күткендей нәтиже бермейтін еді. Осындай жағдайдағы құнсыздандыру нәтижесінде орнықтырылған валюта курсының қандай да тепе-теңдігі өзінің ара салмағын тез арада жоғалтып алар еді. Сол кезеңдегі негізгі міндет валюта нарығының құлауын болдырмау және халық экономикалық субъектілердің банк жүйесіне деген сенімдерін жоғалтып алмау керек болды, бұлай ету оның күйреуіне апарып соғар еді.

Сол уақытта Г. Марченко басқарған Ұлттық банк дәл дағдарыс кезеңінде теңгені құнсыздандырудың қажеті жоқ деген позицияны ұстанды. Бізде жеткілікті түрде қор бар еді, біз дағдарысты ауыздықтау үшін оның бір бөлігін жұмсауға дайын едік. Солай болып шықты да. Ұлттық банк осы кезеңде валюталық қордың едәуір бөлігін жоғалтқанына қарамастан, банк жүйесінің валютамен және мемлекеттік бағалы қағаздармен алып-сатарлық жолмен жоғары табыс табуына шын мәнінде ықпал жасады, біз дағдарысты қалай болғанда да елеулі шығынсыз-ақ жеңіп шықтық.

Ұлттық банктің жаңа төрағасы К. Дамитов құнсыздандыруды жүргізу жағында сияқты көрінген. Бірақ қатты толқу үстінде болды, өйткені жауапкершілік күшті еді. Мен оны өзіме шақырып алдым; «иә» мен «жоқты» таразының екі басына салып, ұзақ талқыладық, тек Ресейдегі қаржы ахуалы тұрақтанғаннан және ел ішіндегі күтілген құнсыздану төмендегеннен кейін ғана барып, 1999 жылы сәуірде теңгенің өзгермелі еркін айырбас курсының режимін енгізуге бардық.

Теңгені құнсыздандыруға байланысты жұмыстар 1998 жылы қыркүйекте-ақ іске асырыла бастаған-ды. Соның арқасында, теңгенің өзгермелі еркін айырбас курсының режиміне өтуі ойдағыдай іске асырылды. Бұл жерде негізгі принциптер мен реттемелік мәселелерді мұқият қарастырудың да маңызы зор болды. Мәселен, айырбас курсының жаңа режимін таңдап алу үшін сыртқы экономикалық ахуалдың дүние жүзінде, әсіресе Ресейде одан арғы дамуының ықтимал сценарийлері сараптаудан өткізілді. Әрбір нұсқаның артықшылықтары мен кемшіліктері: күтілген теңге курсының тепе-тең салмақтағы деңгейі, төлем балансы, алтын валюта қоры, бюджет тапшылығы, қаржы нарығының әрбір бөлігі және әлеуметтік көрсеткіштер тұрғысынан бағаланды. Тәжірибелерді жан-жақты зерттей келіп, осы режимді жылдам енгізудің арқасында валюта нарығы мен банк жүйесінің құлауын болдырмауға мүмкіндік туды.

Біз валюта нарығын қолдау үшін сәуірде уақытша экспорттан түскен табыстың 50%-ын сату сияқты шараны енгіздік те, оны сол жылғы қарашаның ортасында тоқтаттық. Сонымен қатар халықтың теңге түріндегі салымдарын және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктерге салған депозиттерін, сол сияқты зейнетақы қорларының теңге түріндегі активтерін қорғауға барынша күш салдық. Бірқатар компенсациялық шаралар іске асырылды. Мысалы, өздерінің теңге түріндегі депозиттерін теңгенің өзгермелі еркін айырбас курсы



енгізілгеннен кейін 9 ай бойы алмаған банк салымшыларына, оларды құнсыздануға дейінгі қолданымдағы бағам бойынша АҚШ долларына толық көлемінде конверсиялауға мүмкіндік берілді. Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы активтерін қорғау мақсатында Қаржы министрлігі, айналым мерзімі бес жыл болатын және арнайы номиналдық құны 100 АҚШ долларына тең валюталық облигациялар (АВМЕКАМ) шығарды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде, жаңа валюта саясатына көшу тыныш жағдайда өтті, банк жүйесі тұрақты қызмет жасап тұрды. Айырбас пункттеріндегі теңгенің курсы бірнеше күннің ішінде тұрақтанып үлгерді. Өзгермелі еркін айырбас курсының режимін енгізу Қазақстан экспортының бәсекеге белсенділік позициясын қалпына келтіруге және өндірістің өсуін қайта жандандыруға ықпал етті. Мысалы, экспорт 1998 жылы 6,012 млрд астам АҚШ долларын құрады.

Өзгермелі еркін айырбас курсын енгізу тек экономикалық қана емес, сонымен бірге ол, бәрінен бұрын, халықтың көз алдында тұрақты экономикалық саясатты қамтамасыз еткен саяси тұрғыдағы да қадам болды. Халықаралық қаржы ұйымдарының кейбір ұсыныстарына қарамастан, біз жеке және заңды тұлғалардың салымдарын қорғау бойынша барынша ықтимал шараларды жасадық. Біз банктердің клиенттеріне олардың салымдарын ақшаның құнсыздануына дейін болған бағам бойынша конверсиялауға құқық бердік.

Бұл шаралар теңгенің айырбас бағамының шынайы мағынасынан асыра бағалануын жоюға мүмкіндік берді. Құнсыздандыру жылының қорытындысы бойынша төлем балансы біршама жақсарып, мемлекеттің алтын валюта активі өсіп, ең бастысы, экономикадағы өндірістің өсуі қалпына келді. Саудадағы, негізгі әріптес елдердің валюталарымен салыстыра алынған өзгермелі еркін айырбас курсы енгізілгеннен кейінгі 3 жылда жеткен теңгенің айырбас бағамының шынайы

тиімділік деңгейі 1999 жылдың аяғында тіркелген мәнге сәйкес келді. Мен, өзгермелі еркін айырбас курсы режимінің енгізілуі өзін-өзі ақтады және өмірлік қажетті болды деп есептеймін. Осы пікірге шетел сарапшылары да қосылады.

*1998 жылы ресейлік қаржы дағдарысы басталған уақытқа таман Қазақстанның дайындығы көбірек болды: теңге бір жылдың ішінде бар-жоғы өз құнының жартысын ғана жоғалтты. Ұлттық банк өзінің орнықты жүргізген саясаты арқасында Парламенттің, кәсіпкерлердің және үкіметтің көз алдында беделге ие болды.*

**«EuroMoney» журналы (Ұлыбритания),  
«Қазақстан кереметі», 1 сәуір 2004 жыл**

Қарастырылған шаралардың нәтижесінде, біз дүние-жүзілік қаржы дағдарысының жағымсыз әсерін ең төмен мөлшерге дейін түсірдік те, макроэкономикалық тұрақтануды ұстап тұра алдық, ол жұмысымыз шетелдік банк кредиторлары мен ірі инвесторларының сенімдерін ақтай отырып, халықаралық қаржы институттарының жоғары бағасына ие болды.

Бірақ Қазақстан экономикасының кемшіндігі әлі де болса елеулі проблема болып қала берді. Ақшаның құнсыздануынан кейін, біз мәселенің екінші жағымен – бүгіндері көкейтесті болған ревальвациямен бетпе-бет кездескенімізді айтсақ та жеткілікті. Теңгенің нығайып келе жатқаны байқалғанымен, экономиканың доллардан арылуы байқалмады, бұлай болуы мұнайды сату арқылы ағылып келіп жатқан шетел валютасына байланысты болды.

Сонымен қатар, банктердің көлемді сыртқы қарыздары мен экономикаға шеттен тартылған инвестициялар да өздерінің әсерін тигізіп отыр. Былай алғанда бұл жаман да емес. Бірақ мемлекет бұрын инвестицияны тартуға

ғана әрекет еткен болса, менің ойымша, енді біз бүгін инвестиция салудың «сапасына», яғни бұл ақшаның қайда кететініне, қандайлық шынайы тиімділік әкелетініне, қандай мерзімге салынатындығына және т.б. көңіл аударуға тиіспіз. Инвестициялаудың «сапасы» туралы айтқанда, ең алдымен «шұбалаң» – ұзақ мерзімге салынған инвестицияны (15 жылдан, одан да көп уақытқа) ауызға алсақ та жеткілікті. Мұндай «шұбалаң ақшалар» ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қашан да қажет-ақ. Олардың қайтымдылық және қайтарылу мерзімі капиталды инвестициялау нарығындағы орташа көрсеткіштен асып түседі. Турасын айтсақ, бұлар сол – ғылыми талдамалар жасау және оны енгізу, жаңа технологиялар мен өндірістік желілерді – біздің экономикамызға қажеттілердің барлығын енгізу жобалары.

Көп адамдар, бізде мынадай ақшалар – зейнетақы жинақ қорының активтері бар деп ауыз толтырып айтады; сондағы мегзейтіндері – бұлар қалай болғанда да қолдануға заңмен шектелген ақшалар. Біз, сол активтерді экономикамызға тартқан жағдайда қандай зор тиімділік беретінін білеміз. Бірақ оған асықпау керек. Біз үшін, бұлар – ең алдымен, жұрттың ақшасы. Сондықтан бұл салымдарды қорғау мәселелерін және болашақ жобалардың шама-шарқын жан-жақты анықтап алу қажет.

Біздегі зейнетақы жүйесі таяуда ғана құрылған. Оның ең үлкен жетістігі, менің ойымша, активтердің көлемі және т.б. емес, адамдардың сенімі. Атап айтқанда, осының өзі – зейнетақы жинақ қорының ең бағалы «активі». Оның пайдасына, тағы басқаларына қарағанда, өзін-өзі айқындап тұрған нағыз көрсеткіші осы. Зейнетақы ақшаларын ойланбай инвестицияға жұмсаудың салдарынан халықтың сенімі жоғалса, ең қиыны сол болар еді.

Зейнетақы қорларының қаржыларын инвестиция қаржысы ретінде пайдалану – сөзсіз болатын нәрсе, бірақ ол адам-

дардың зейнетақы жинақтарының пайдалылығын және кепілді қауіпсіздігін ұтымды үйлестіргенімізде ғана іске аспақ. Мен тікелей осы мәселеге ерекше көңіл аударамын, себебі бір кездерде барлығын жоғалтып алған адамдардың реніштері мен парыздылығы әлі ұмытылған жоқ. Сонымен бірге мен оларға аса ризашылығымды да білдіремін, себебі – осының барлығына қарамай, олар бізге сенді және 1997–1998 жылдардағы зейнетақы реформасын қолдады.

### ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАСЫ, 1997–1998 ЖЫЛДАР

Зейнетақымен қамтамасыз ету үнемі Үкіметтің көз алдында болатын әлеуметтік мәселелердің қатарына жатады. Мұның дүние жүзіндегі кез келген мемлекетке қатысы бар. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан да сырт қалмайды, азаматтардың қартайғанда әлеуметтік қамтамасыз етілулерінің құқықтары оның Конституциясында бекітілген. Қазір зейнетақының жинақтау жүйесі қазақстандық қаржы жүйесінің мақтанышына айналып отырғанын атап айтуға хақылымыз. Қазақстан зейнетақы жинақтау жүйесіне өтуді бұрынғы ынтымақтық жүйе зейнеткерлер алдындағы өз міндеттерін түгелдей атқара алмаған жағдайда іске асырды.

90-шы жылдардың ортасында зейнетақымен қамтамасыз етудің мәселелері аса зәрулік мәнге ие болды. Бұл жалпы ішкі өнімнің құлауымен, жұмыссыздықтың өсуімен, инфляцияның жоғарғы қарқынымен, ұлттық табыстың төмендеуімен, бюджет тапшылығының өткір сезілуімен байланысты еді. Нәтижесінде – зейнетақымен қамтамасыз етуде мемлекеттік қаржыландыру үлесінің төмендеуі, зейнетақыны төлеу бойынша қарыздардың өсуі және т.б. жәйттер көрініс берді.

Қажетті зейнетақылық шығындарды жеткіліксіз қаржыландырумен байланысты проблемаларға демографиялық үрдістер келіп қабаттасты. Бұл, дәл біздің республикадағы

сияқты, дүние жүзінің басқа да елдеріндегі тұрғындардың жас мөлшері кәрілікке қарай ойысуына байланысты еді. Мысалы, Германия мен Франциядағы әлсіз экономикалық конъюнктура және демографиялық ахуал осы елдердің үкіметтерін, зейнеткерлік жас пен зейнеткерлік жарнаға аударылатын қаржының мөлшерін өсіру жөнінде шаралар қолдануға итермелейді.

Қазақстанда да осындай ахуал байқалды. Мысалы, егерде 1980 жылы 100 қызметкерге 30 зейнеткерден келсе, 1997 жылы зейнеткерлер саны 73-ке дейін көбейген, ал 1998 жылдары жұмыс істейтін бір адамға 83 зейнеткерге дейін келген. 1980 жылдан бастап жалпы халықтың құрамындағы зейнеткерлердің үлесі 11,9%ға, 1997 жылы – 17,1%-ға өскен. Оған қоса 90-шы жылдардағы кең етек алған миграциялық үрдістер бұған өз үлесін қосты. Негізінен жақсы өмір, жайлы қоныс іздеген жас адамдар ол кезде Қазақстанды тастап кетіп жатты. Ал зейнеткерлердің олай көшіп кетуге мүмкіндіктері жоқ: айталық, біреулерінің баратын жерлері болмаса, екінші біреулерінің қаражаттары болмады.

Осылардың барлығына қосымша, зейнеткерлік жүйе тәуелділігінің жоғары болуы, дәлірек айтқанда, зейнетақы алушылардың сол жарналарды төлеушілермен арақатынасы бұрынғы КСРО-дағы ескі зейнетақы заңнамасының нәтижесі болатын. Ол кезде зейнеткерлікке шығудың жасы еркекке 60 жас, әйелге 55 жас болатын. Сонымен қатар, зейнеткерлікке бұл көрсеткіш-терден де ертерек, жастау кездерінде шығуға жиі рұқсат берілетін.

Сонымен, зейнетақы тағайындаудың қолайсыз құрылымы зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты мемлекет шығындарының өсуіне себепші болды. Мысалы, ол шығын 1996 жылы жалпы ішкі өнімнің 7,9%-ына тең болды, ал бұл көрсеткіш 1989 жылы 5,6%-ды құраған. Егер мемлекет инфляцияға байланысты зейнетақы төлемдерінің шеккен

зиянын толық өтеп отырса, бұл шығындардың көлемі әлдеқайда үлкен болуы мүмкін екендігін атап айтқан жөн.

Қазақстан Республикасында 1998 жылға дейін қолданыста болған ынтымақтастық зейнетақы жүйесін сол күйінде сақтап қалу, экономикадағы және соған сәйкес республиканың әлеуметтік саласындағы дағдарыстық құбылыстардың шиеленісуіне әкелуі мүмкін еді. Мен Үкіметке басқа елдердің тәжірибелерін зерттеп, ұсыныстар енгізуді тапсырдым. Министрлер кабинеті мен Ұлттық банк Чилидің тәжірибесін пайдалана отырып, зейнетақы реформасын бастау орынды деген ұсыныс енгізді.

Бұл жоба қоғамда қызу талқыланды, қарсылар аз болған жоқ. Күмән көп болды, бірақ сол кезеңде бізде бұдан шығудың басқадай жолы болмады. Сол уақыттағы елдің экономикасы қалыптасқан жағдаймен күресте жеңіп шыға алмайтын еді.

Неліктен біз нақ осы Чили тәжірибесін таңдап алдық?

Өткен ғасырдың ортасында дүние жүзі елдерінің көпшілігі тұрғындардың қартаюуы проблемасымен бетпе-бет келген, яғни өмір жасының ұзақтығы өскен, ал бала тууы төмендеген. Ынтымақтық зейнетақы жүйесі жағдайында өмір жасының ұзақтығы жұмыс істейтін адамдардың мойнына үлкен ауыртпалық болып түсті. Халықтың экономикалық жағынан белсенді бөлігіне түсетін салықтың салмағы, олардың саны зейнеткерлерден аз болған жағдайда ауырлай түсетіні айқын. Олай болмағанда, қаржының тапшылығы пайда болады да, оны жабудың әртүрлі әрекеттері, мәселен, зейнетақы мөлшерін кеміту қоғамда үлкен әлеуметтік шиеленіс туғызуы мүмкін.

Зейнетақы жүйесін жекешелендіру арқылы қиындықтан шығудың жолын 1989 жылы Чилидің еңбек министрі Хосе Пиньер ойлап тапқан. Ол ұсынған жүйеде әрбір қызметкерге өзінің болашағы жөнінде өз бетімен қам жеуге құқық пен міндеткерлік берілді. Салық түсімдерінен төленетін

мемлекеттік зейнетақының орнына бағалы қағаздарға инвестицияланған дербес жинақтар енгізіле бастады. Жұмыс істейтін азаматтардың өз еріктерімен жаңа жүйеге өтуіне мүмкіндік берілді, ал бірінші рет жұмысқа кірген адамға бұл автоматты түрде қолданылатын болды.

Осы реформаны іске асыру әлеуметтік проблемалардан басқа Қазақстанның экономикасын дамытуға қосымша ын-таландыру туғызатын еді. Зейнетақы жинақтары қор нарығы арқылы ішкі экономиканы дамытудың инвестициялық көз-деріне айналуы мүмкін екендігін (Чилидегі сияқты) айтсақ та жеткілікті.

Сондықтан ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бірінші болып жоспарлы түрде зейнетақымен қамтамасыз етудің жинақ жүйесіне өтуді бастады. Үкімет белгілі бір кезеңде сақталып қалған ұрпақтардың ынтымақтастығы принципінен біртіндеп стратегиялық бағыттағы дербес зейнетақы жинағына өтуді көздейтін зейнетақы жүйесін реформалау тұжырымдамасын қабылдады. Іс жүзінде бұл нарық талаптарына жауап беретін, жаңа зейнетақы жүйесін қалыптастырудағы сапалы қадам болды.

Зейнетақы реформасын іске асырудың негізгі мақсаты, зейнетақы жарнамаларының дербестендірілген есебі арқылы, еңбек үлесінің зейнетақыға сәйкес сай келетін қаржылық жағынан тұрақты және әділетті жүйесін қалыптастыру болды.

1998 жылы, аралас зейнетақы жүйесін енгізуді қарастырған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданды. Онда мемлекеттік зейнетақымен (ынтымақтастық зейнетақы жүйесі) қамтамасыз етуді енді құрылатын және қазіргі кезде дамып отырған жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қатар сақтау қарастырылды.

Ынтымақтастық жүйеде зейнетақыны, әлеуметтік салық-тың және республика бюджетінің басқадай түсімдерінің есебі-нен төлеуге негізделген болатын. Жинақтаушы зейнетақы

жүйесі – қызметкер табысының он пайызы көлеміндегі зейнетақы жарналарының міндетті түрдегі аударымдарынан және, сонымен бірге, ерікті түрдегі зейнетақылық аударымдардан құралатын болды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өту кезеңінде мемлекет зейнеткерлікке іліккендердің зейнетақы алу құқықтарына және сол сияқты зейнетақы реформасының қарсаңында еңбек өтілі бар азаматтардың алдында кепілдік беруге міндеттенді. Қатардағы зейнеткерлерге зейнетақыны төлеу бойынша мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақының көлемін сақтауға, сол сияқты тұтыну бағасының өсуіне сәйкес шеккен зиянды өтеуге кепілдік берілді.

Өткен он жылдың ішінде қабылданған және оның экономикалық жағдайына толық сәйкес келетін ең аз мөлшердегі үнемі өсіріп отыру және зейнетақыны инфляцияның деңгейіне қарай зейнетақының зиянын өтеу еңбек зейнетақысын саралауды тарылтуға және зейнеткердің еңбек өтілі мен бұрынғы еңбек ақысына тәуелсіз, оларды теңестіруге алып келді.

Еңбек зейнетақысының жеткіліксіз түрдегі саралануы, берілетін зейнетақы мен табыстың орнын толтыратын коэффициенттің төменгі деңгейі, елдің экономикалық жағдайының тұрақты жақсаруы жағдайында халықтың осы бөлігінің төлем қабілеттілігінің сұранысына тежеу болатын фактор ретінде ерекше маңыздылыққа ие болды. Бұл проблеманы шешу үшін зейнетақыны өсірудің саралық тетігі жасалынды. Ол зейнетақы көлемін еңбек стажына, зейнетақы мөлшерін тағайындау үшін ұсынылған еңбек ақыға және зейнетақыға шығу кезінде жұмыс істеген, экономика саласындағы орташа айлық еңбекақыға қарай тағайындауды көздейді.

Мемлекет жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерінің қызметін реттеудің құқығын өзінде сақтап қалды. Оларға жинақтау зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестицияға жіберуді іске асыратын банк-кастодиандар мен ұйымдар



жатады. Барлық субъектілердің қызметтері лицензиялана бастады, активтерге билік жүргізу өкілеттілігіне заңмен шектеулер қою, жүйе субъектілерінің қаржы жағдайы жөніндегі мәліметтердің жариялылығы мен шынайылығына қойылатын талаптар анықталды. Зейнетақылық салымдарды инвестициялау тиімділігін, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зейнетақылық жинақтаулардың құнсыздануын болдырмау мақсатында, инвестициялау үшін заң жүзінде тағайындалған активтердің тізімі жасалынды. Сонымен қатар жеке қаржы көздерінен ерікті зейнетақы жарналарының болуы да мүмкін еді. Еліміздегі соңғы кездердегі қайта жаңарулардың аясында, зейнетақы қорларының активтерін инвестициялаумен айналысып жүрген компаниялармен қатар, зейнетақы қорлары өздерінің портфельдерін тікелей инвестициялай алады. Аталған өзгерістер зейнетақы активтерін басқарудағы монополияны жоюға және әкімшілік шығындарды азайтуға бағытталған.

Зейнетақы реформасын іске асыру қаржы ұйымдарының қызметін одан әрі дамытуға мүмкіндік берді.

Зейнетақы активтері, экономиканың нақты секторларына отандық ұйымдардың мемлекеттік емес бағалы қағаздары арқылы, ал екінші деңгейдегі банктердегі жинақтарға (депозиттерге) инвестиция жасау жолымен тартылған, олар өз тараптарынан бұл ресурстарды Қазақстанның экономикасын несиелеуге пайдаланады. Тек 2006 жылдың 1 қаңтарына таман отандық ұйымдардың мемлекеттік емес бағалы қағаздары арқылы зейнетақы активтерін инвестициялау мен екінші деңгейдегі банктердегі салымдар көлемі 218,6 млрд теңгеге тең болды.

Зейнетақы реформасын жүргізу, бәріміз білетіндей, бір мезгілдік қадам болып табылмайды. Мысалы, жаңа зейнетақы жүйесін енгізу қарсаңында жастары зейнеткерлікке жақындаған азаматтар көп ештеңе жинақтап үлгермейді.

Осыған байланысты, Қазақстанда жинақтау зейнетақы жүйесіне толық өту 2038–2040 жылдарға дейін жүргізіледі.

Қазір, мен жүргізілген реформа туралы ойлағанда, кейде өзіме: «Осыны іске асырғанымыз қандай жақсы болды!» деймін. Біздің адамдарымыз өздері ақша жинақтап, сол арқылы, лайықты қарттықты қамтамасыз ете алады. Енді зейнетақы үш құрамдас бөліктен тұрады: мемлекет + жұмыс беруші + азаматтың өзі. Мемлекет біртіндеп осы құрамдас бөліктерден алыстай бермек. Сондықтан әрбір қазақстандық өзіне лайықты қарттықты қамтамасыз еткісі келсе, жинақтау зейнетақы қорының қатысушысы болуы керек. Осылайша зейнетақы қорларында жинақталып жатқан ақша экономикаға жұмыс істей алады.

Бірақ мен осы маңызды кезеңге тағы да қайтып оралдым. Ең бастысы мынада, мемлекет бұл ақшалардың қол сұғылмайтынына және олардың қауіпсіздігіне кепілдік береді. Олар ешқашанда қауіпті жағдайда болмаулары керек. Сондықтан да бұл ақшаларды инвестициялық мақсатта қолданғанда, көптеген нәрсені алдын-ала ойластыру қажет: бұл қандай кәсіпорын, бұл қандай компания деген сияқты. Секьюрендіру туралы заңның жобасы дайындалды. Мұнда осы мәселені қарастыра отырып, зейнетақы қорларына ақшаны сенімді кәсіпорындарға салуға мүмкіндік беру мәселесі қарастырылған. Бұл борыштық бағалы қағаздар нарығының дамуына қолдау жасап, несиенің құнын төмендетеді.

Мысалы, алғашқы қарлығаш – Шар-Өскемен темір жолының салынуы, біз оны осыған саламыз. Мұнай жобаларына да, мемлекеттің кепілдігіндегі инфрақұрылымдарға да салуға болатын шығар, индустрияландыру бағдарламасын іске асыру барысындағы нысандарды да көруге болады. Сол сияқты, тұрғын үй құрылысына да салынуы мүмкін. Біз үлкен байсалдылықпен зейнетақы қорлары біздің болашақ

зейнеткерлерімізге жап-жақсы пайыздар әкеп тұруына және осы ақшалардың экономика үшін қалыпты жұмыс істеуіне байланысты мәселелермен шұғылданудамыз. Дүние жүзінде де тура осылай болып жатады.

Зейнетақы жинақтарын инвестициялау және ішкі инвестициялау мәселелеріне қайта орала отырып, мынаны айтқым келеді. Қаржы жүйесін реформалап және халықтың ақшасын экономиканың жұмыстарына тарта отырып, біз «сұр ақша» проблемасына кездестік. Бұл ақшалар, зейнетақы қорларының активтері сияқты, еліміздің экономикасын инвестициялаудың тағы бір қаржы көзіне айнала алар еді. Қазіргі іске асырылып отырған, табыстарды заңдастыру қадамдары, «көлегейлі» экономиканың пайда болуының себептерін шешуге және капиталдың сыртқа кетуіне тосқауыл қоюға жасалынған талпыныс болды.

## ҚАРЖЫ АМНИСТИЯСЫ ЖӘНЕ МҮЛІКТЕРДІ ЗАНДАСТЫРУ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы біздің нарық институттарымыздың әлсіздігінен, пәрменді заңнамалық актілердің болмауынан, Қазақстаннан сырт жерлерге, 1,2-ден 2 миллиардқа дейін АҚШ долларының астыртын кетуіне мүмкіндік туғызды. Салыстырмалы түрде айтсақ, Ресейде бұл сома 40-50 млрд АҚШ долларына жететін еді. 1999 жылы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі көлегейлі сектордың көлемін жалпы ішкі өнімнің 20-25%-ына тең деп бағаласа, ал тәуелсіз сарапшылар бұдан да көп цифрды атап, жалпы ішкі өнімнің 45-50%-ына дейін апаратын.

Көлегейлі айналымда осындай үлкен соманың болуы бізден еліміздің экономикасын дамытуға қажетті осы капиталды елге қайтару үшін жағдай туғызуды талап етті. Экономикалық амнистия жүргізудің қажеттігі туып келе жатты.

Экономикалық амнистия Қазақстан Республикасы азаматтарының бұдан бұрын декларацияда көрсетілмеген және ашық экономикалық айналымнан шығарып жетілген ақшаларына тек бір рет қана болатын заңдастыру деп ойластырылды. Осы аталған акцияның мәні тұлғалардың өздері заңды түрде тапқан, бірақ үлкен салықтарға байланысты заңдастырылмаған капиталдарын заңдастыратын болса, салықтан және жауапкершіліктен босатылатындығында еді. Біз сәтті өткен осы акцияны кейінірек тағы қайталау қажет деп есептедік.

Заңдастыру үрдісіне дайындық кезінде мен бүкіл дүние жүзінің, осы саладағы бар тәжірибелерін (жағымдысында, жағымсызында) зерттеуге тапсырма бердім. Осы тәжірибелерден алынған негізгі қорытынды сол – көбіне азаматтардың жасырын капиталдарын заңдастыру үшін қалай жағдай туғызылса, мұндай акциялар сәтті өтеді екен. Реформаның тиімділігін қалыптастыруға қажетті жағымды жағдайды жасауға Қазақстан Үкіметі тарапынан зор көңіл бөлінді.

Мысалы, Швейцарияда жүргізілген бірінші амнистияның тәжірибесі зерттелді. Бұл акция Швейцарияның банк жүйесіне жағымды әсер етіп, инвестициялық климаттың күрт жақсаруына, өндіріс деңгейі мен елдің макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсуіне жалпы қолайлы жағдай туғызыпты. Сонымен бірге, амнистия Франция (1982, 1986), Аргентина (1987), Индия (1997), Қытай сияқты және бірқатар елдерде де жүргізілген, бұл да олар үшін нәтижелі болып шыққан. Мысалы, Қытайда азаматтар капиталдарын ресми декларациялап, салықтарын төлегеннен кейін, салық органдарының тіркелген тетіктерді іске қосуынан қорықпай-ақ, өздерінің мүліктерін өз қалауларына ұстауларына мүмкіндік алған. Сонымен бірге мемлекеттік бюджетке бірнеше миллиард АҚШ доллары түскен көрінеді. Ирландияда салық амнистиясынан түскен сома бюджеттің көлемінен асып түсіп, жалпы

ішкі өнімнің 2,5%ына тең болған. Мексика осындай акциядан 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тапқан.

2001 жылы сәуірдің басында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының азаматтарына ақшаларын заңдастыруға байланысты амнистия жасау туралы» Заң қабылданды. Заң тетігі мынада еді. Қазақстан азаматтары ақшаларын салымдардың ұжымдық кепілдігі жүйесіне кіретін, екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттарына салулары немесе аударулары тиіс болды (заңдастыру кезеңінде оларды пайдалануға құқық берілмеді). Ұлттық немесе шетел валютасы түріндегі жинақ ақшаларын салғаннан кейін немесе шетел банкілеріндегі жеке есепшоттарындағы ақшаларын соларға аударғаннан кейін, банк салымшыға салынған соманың көлемі, салу мерзімі көрсетілген ресми құжат (ақшаны заңдастыру бойынша арнайы есепшотқа салынған ақша туралы куәлік) берді. Арнайы есепшоттарға енгізілген сома салық салынатын табысқа кіргізілмеді.

Ақшаларын салған азаматтар заңдастыруға дейінгі жасалған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылды. Сонымен бірге қылмыстық жауапкершіліктен босату лицензиясыз, заңсыз кәсіпкерлік қызметке ғана байланысты емес, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен, өтірік кәсіпкерлікпен және т.б. айналысқандарға да жататын болды.

Заңның күші заңдастыру кезеңі басталғанға дейін қылмыстық және әкімшілік іс қозғалған, сол сияқты сотталған және әкімшілік жаза алған тұлғаларға тарамайтын болды. Сонымен қатар оның күші, коррупциялық құқық бұзушылық негізінде алынған ақшаларды заңдастыруға, сондай-ақ тұлғалардың жеке басына, адамзаттың бейбітшілігі мен қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыстың негізіне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен ізгілігіне қарсы жасалған қылмыстарға, сол сияқты басқа

біреулерге тиісті немесе несие түрінде алынған ақшаларға таратылмады.

Заңдастыру үрдісінің ерекше шарты оның құпиялылығы болды. Арнайы есепшоттарды және олардағы ақшаның мөлшерін жариялауға болмайды, ал арнайы есепшоттың болуы қандай да тергеу-тексеру және оның ішінде қылмыстық қудалаулар әрекеттерін жүргізуге немесе әкімшілік жаза қолдануды іске асыруға негіз бола алмайды деп атап көрсетілді. Заңдастыруға ұсынылған ақша мемлекет меншігіне тек осы заңға сәйкес амнистияға жатқызылған азаматтардың мүліктерін тәркілеу жөнінде сот шешімі (үкімі) болса, сол шешім заң күшіне енген жағдайда ғана алынады. Ұлттық немесе шетел валютасы түрінде арнайы есепшотқа түскен ақшаға салымшы заңдастырудың мерзімі аяқталған күннің ертеңінде-ақ иелік ете алады.

Осы шараның нәтижесінде тек 2 айда (2001 жылдың маусым-шілде айларында) тұрғындардың банк жүйесіндегі салымдары 46%дан астам (51,7 млрд теңгеге) өсті. Заңдастырылған қаржының жалпы көлемі 480 млн АҚШ долларына немесе жалпы ішкі өнімнің 2%-ына тең болды. Шамамен осы қаржының 55%-ы банк жүйесінде депозиттер түрінде қалды, бұл банктердің ресурстық базасының едәуір өсуіне ықпалын тигізді.

Рақымшылық жасалған қаржыны тиімді пайдалану аясында 2001 жылдың мамыр айынан бастап маусым айының аяғына дейін мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссия көлемін жоспар бойынша 2001 жылдың шілдесіне дейін көбейтіледі деп шамаланған деңгейден едәуір төмендетті. Осыған орай, бағалы қағаздарды заңдастыру кезеңінің аяқталуына таман орналастыру үшін, ірі кәсіпорындардың, оның ішінде ұлттық компаниялардың бағалы қағаздар шығару жөніндегі шараларының мерзімі ұзартылды. Сонымен қатар Қазақстанда салықтарды төмендету іске асырылды, 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қосымша құн салығына

салынатын салықтың мөлшері 4%, ал әлеуметтік салықтікі – 5% төмендетілді.

Қорытындысында айтқым келетіні – Қазақстандағы экономикалық амнистия посткеңестік кеңістіктегі ерекше бір құбылыс болды. Акцияның мақсаты бұрынырақта заңды айналымнан шығып қалған қосымша қаржыларды Қазақстан экономикасына тарту болды. Нәтижесінде жарты миллиардқа жуық АҚШ доллары заңдастырылды. Заңдастырылған ақша жекенікі болып табылғанымен және мемлекет салық төлемі ретінде бір теңге алмаса да, одан келетін түпкі экономикалық пайда айқын еді. Банк секторына орналастырылған капитал қазіргі уақытта мемлекетпен қоғамның игілігіне жұмыс істейді, ал шетел валютасының ақшадай құйылуы Қазақстанның ұлттық валютасының позициясын нығайтты.

Көлегейлі бизнес капиталдарын заңдастырудың мемлекеттік қазынаға тигізген жағымды әсеріне салық салынатын базаның және салық төлеушілер санының өсуі де жатады, өйткені ол сөзсіз өз тарапынан бюджетке түсетін түсімдерді молайтатын еді.

Қазақстандағы бірінші заңдастыруды жүргізудің жағымды тәжірибесін есепке ала отырып, осы қаржыны заңдастырудың қисынды жалғасы ретінде біз қазір мүлікті заңдастыру мәселесімен айналысудамыз. Оны нәтижелі іске асыру «көлегейлі меншікті» жоюға мүмкіндік береді, сол сияқты оны заңды есепке алу арқылы экономикалық қатынастардың жүйесіне енгізеді.

Бүгінгі күні, Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде жылжымайтын мүліктер орталығына иелену құқықтары тіркелмеген 4,7 млн нысан бар екен. Бүгінге дейін тіркелмеген жылжымайтын мүліктің үлесі нысандардың жалпы санының 30% -ға жуығын құрайды. Алдын ала жасалған бағалау бойынша, осы нысандарды заңды айналымға енгізгенде, еліміздің экономикасына 4 млрд теңгеге жуық пайға келмек.

Біз осы науқанды жүргізуді неліктен қолға алдық?

Біріншіден, алдында айтқанымдай, мүлікті заңдастыру одан бұрын жүргізілген қаржы амнистиясының логикалық жалғасы болып табылады. «Көлегейлі экономиканың», соған сәйкес, «сұрқай ақша» мен мүліктің проблемалары заңның жетілмегендігінен әрі өткен жылдардағы экономикалық ахуалдың тұрақсыздығынан туындаған болатын. Қазір, аталған көрсеткіштер біршама жақсарған кезде, біз тығып тасталған заттарды сыртқа шығарып, заңды айналымға енгізуге мүмкіндік беруіміз керек. Осы жерде де менің Заңға сәйкес заңдастыру жөніндегі шаралар ақшалары қылмыстық жолмен табылған кейбір адамдарға тарамайтынын атап көрсетуім керек шығар.

Бұл шараның сыншылары жеткілікті, бірақ біз кез келген сарыуайымшыл сыншының айтқандарын тыңдай бермеуіміз керек. Менің білуімше, мұндай адамдар қашан да болған, олар біздің қай реформамыз жөнінде де қоғамда дау-дамай туғызуға әрекет жасайды. Нәтижесінде солар не ұтты? Біз бүгіндері түбегейлі өзгерістердің жағымды нәтижелерін іс жүзінде көзбен көріп, әрбір азамат олардың пайдасын өзінің күнделікті өмірінде сезініп отырғанда, сол сыншылар қайда жүр?

Мен әрқашанда: «Сынайды екенсің – ұсыныс жасай біл» деген принципті басшылыққа аламын. Сонымен бірге, сын жағымды мағынада болуы керек, ал бізде оны көбіне басқа сынмен шатастырады. Мен өзім алғашқы принципті ұстанамын. Егер менің көңіліме бір нәрсе жақпаса, ең алдымен, мен өзіме: «Жарайды, бұл ұнамайды екен, сонда мен оған не ұсына аламын?» деген сұрақты үнемі алдыма тартамын. Ал бірақ көлегейлі меншікпен күресудің дүние жүзіне белгілі әдістерінен басқа, жолдарын ешкім де ұсынған жоқ. Біз диалогқа дайынбыз және ақылға сыйымды ұсыныстардың бәрін құптап қарсы аламыз. Бірақ тағы да айтамын: кез келген нәрсеге бола орынсыз наразылыққа толы бос сөздер



емес, нақты ұсыныстар қажет. Біздің сын маған көбіне «кім кінәлі» деген мәңгілік тақырыпқа құрылған кеңестік «ас үйдегі әңгімені» еске түсіреді. Сонда біз 4,7 млн жылжымайтын нысан иелерін, тіпті олардың мүліктері құқықтық сауатсыздықтан немесе салақтықтан заңдастырылмаған болса да, түрмеге отырғызуымыз керек пе? Керегі жоқ деп ойлаймын.

Мысалы, мүлікті заңдастыру туралы Заңды әзірлеу барысында құпияны сақтау шаралары есепке алынбады, ол туралы айтылған. Қазір осы кемшілікті жою жөнінде жұмыс істелуде. Сонымен бірге азаматтардың жылжымайтын меншікке құқықтарын мойындайтын мемлекеттің осы шарасы туралы кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Тағы да бір рет айтайын – бұл шара мүлкін жасырған кінәлілерді іздеу үшін емес, сол мүліктерді заңды айналымға кіргізу үшін іске асырылды, яғни олардың меншігі тиісті түрде ресімделіп, өздері меншік иелеріне қатысты тиісті құқықтардың сақталу кепілдігіне ие болды.

Егер азаматтың меншігі заңдастырылса, тіркелсе ғана, оны сатуға немесе біреуге сыйлауға болады. Ең бастысы – бұл меншік өзінің бизнесін жүргізуге банкіден несие алу үшін кепіл бола алады. Сөйтіп, шетелдіктерден алынатын инвестицияға қарағанда, оны біздің экономикаға өзіміз әлдеқайда көп саламыз. Тағы бір айтатын жайт – мүлкін заңдастырып алып, адам меншік иесіне айналады және тыныш ұйықтай алады.

Екіншіден, кеңестік құрылыс жылдарында біздің халықтың негізгі бөлігі меншік қатынастарын құрметтеуді және оларды тиісті құқықтық жолмен ресімдеуді ұмытты. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, заңтану бойынша бірде-бір кеңестік оқулықта, бірде-бір заңда «жылжымайтын дүние-мүлік», «заттық құқық» деген атаулар болған емес. Адамдардың көпшілігі, көбіне өздерінің іс-әрекеттерінің заңға қайшы келетіні туралы ойланбайды, олар мүлкін әдейілеп жасырмайды. Мүлікті екінші бір адамға ресімдеудің себептері көбінесе өте

бейкүнәлік іс болып шығады. Мысалы, КСРО паспорттарын жеке куәліктерге айырбастау кезеңінде азаматтардың көбі салақтық білдіреді, мезгілімен ауыстырмайды немесе оларды жоғалтып алады. Егер сондай кезеңде бір қолайлы келісім ұсыныла қалса, оны босқа жіберіп алмау үшін, басқа біреудің атына жаздырады. Осындай амалсыздық салық төлеушінің тіркеу нөмірі жоқ кезде де болды. Қалай болғанда да, мүлікті заңдастыру, қаржыны бірінші амнистиялаған кездегідей, азаматтарымызға да, елімізге де пайдалы болатыны сөзсіз. Біздің азаматтарымыз капиталының 10%-ын мемлекетке салық ретінде төлеп, өзінің қаржысын заңдастыруға тағы да бір үлкен мүмкіндік алып отыр, біз мұны елдегі атқарылып отырған осы маңызды шараның ерекшелігі дейміз. Мұның шетелдердегі ақшаға да қатысы бар. Оларды Қазақстанға аудару міндетті емес. Сонымен бірге біз бұл мемлекеттің амнистия бойынша жүргізіп отырған соңғы акциясы екендігін азаматтарымызға ескерткенбіз.

Капиталды заңдастырудың тәжірибесін еске алғанда айта кететін нәрсе – оны жүзеге асыру экономиканың өсуіне және мұнайға қойылған жоғарғы бағаға сәйкес келді. Республиканың мұнайдан түсетін табыстары осы кезеңде күрт көтеріле бастады. Мысалы, тек қана 2000 жылы біз 35 млн тонна шикі мұнай өндіردік. Сол жылғы экспорт көлемі 4,2 млрд АҚШ долларына тең болды. Салыстырмалы түрде айтсақ, 1995 жылы бұл көрсеткіштер 23 млн тонна және 0,7 млрд АҚШ долларына тең келді. Сонымен қатар, бізді қорқытқан мұнайды сатудан түсетін табыстың көлемі емес, оның тұрақты өсу динамикасы болды. Өсудің осындай үрдісі барысында біз «экономиканың қызып кетуі» сияқты проблеманы және нарықтық экономиканың бұдан басқа да «тамашаларын» өзімізге сынақ ретінде қабылдадық. Сондықтан, осындай проблемалардан құтылу үшін біз Ұлттық мұнай қорын құруға бардық.

Бұл кезең дүние жүзінің тәжірибесін қажетінше зерттеумен және бұл жұмыстарға шет елдердегі біздің елшілерді қатыстырумен сипатталады. Біздің алдымызда, басқа елдердің тәжірибелеріндегідей, өзіміздің мұнай қорымызды құру міндеті тұрды. Үкімет трансұлттық компаниялардың басшылығымен сыртқы қарым-қатынасты көп жасауға тиіс болды. Осыны ескере отырып, 1999 жылы Премьер-министр болып кәнігі дипломат, өзінде Сыртқы істер министрінің мол тәжірибесі бар Қасым-Жомарт Тоқаев тағайындалды. Өкінішке қарай, бұл кітапта мен ол екеуіміз бірге атқарған орасан зор сыртқы саяси қызметіміз туралы айта алмаймын.

## КЕЛЕР ҰРПАҚТАРДЫҢ ҚАЗАКСТАНДЫҚ ҚОРЫ

Ұлттық қор құру туралы идея алғашында 1997 жылдың өзінде-ақ, «Қазақстан стратегиясы – 2030» дайындалып жатқан кезде пайда болған еді. Ол кезде халықаралық кеңесшілердің, отандық басқарушылардың және экономистердің көбіне бұл идея сандырақ сияқты болып көрінді. Сонымен қатар, ақырында оны халыққа жариялағаннан кейін, біраз уақыт өткен соң, 1998 жылы тамызда Ресейді дағдарысқа ұшыратқан мұнай бағасының опырыла құлауы себеп болды. Сондықтан біз Ұлттық қорды құру мәселесіне тек 2000 жылы ғана қайтып келе алдық.

Сол кезеңдегі уақыт және дамудың бет алысы бізден тәуекелшілік жүйесі жағдайында ахуалды тұрақтандырудың мүмкін жолдарын табу арқылы шаралар қабылдауды талап етті. Бұған мұнай бағасының күрт құлауын, «экономиканың тым қызып кетуін» және голландтық ауруды, мұнай ресурстарының күрт азаюын жатқызамыз.

Қор құру туралы шешімнің қабылдануы қоғамда үлкен дүрбелең туғызды. Алдымен, бұл көпшіліктің мемлекетті дамыту қорларының рөлін ұқпағандығынан болды. Қор

құрудың сыншылары, халықтың осы мәселе жөніндегі бейхабарлығын пайдаланып, қысылып-қымтырылмастан, осыған қатысты ұғымдарды әдейі шатыстырып, мұны жергілікті басшылардың тағы да бір ақша жинап алу үшін қолдан жасап отырған қулығы сияқты қылып көрсетуге тырысты.

Көптеген сұхбаттар кезінде жұрт маған осы сұрақты қайта-қайта беріп, оны құрудың қанша қажеттігі барын түсіндіруді сұрайтын. Осындай сұрақтарға жауап бере келіп, мен бұл қорды құрғанда, біз жаңадан ештеңе ойлап тапқан жоқпыз дейтінмін. Шикізат ресурстарымен жұмыс істейтін көптеген мемлекеттер осындай қорларды құрған. Өйткені әлемде баға өзгеріп тұрады, ал қазір мұнай сатудан үстеме пайда түсіп тұрса, біз оны әртүрлі алмағайып жағдайға арнап қорландыра беруіміз керек. Мен үнемі: мемлекет алға, болашаққа қарай сеніммен жүріп отыруы керек және ол үшін ішкі резервтер қажет, – деп айтып отырдым.

Ұзаққа созылған пікірталастардың нәтижесінде, сын толқынының көптігіне қарамай, Ұлттық қор бәрібір құрылды. Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақ үшін қаржы жинақтау және сыртқы қолайсыз факторлардың әсеріне экономиканың тәуелділігін шектеу оның басты мақсатына айналды.

Қор құру туралы шешім қабылдау процесінде біз әлемдегі қолданыстағы барлық мұнай қорларының тәжірибелерін зерттеп шықтық. Соңғы 40 жылда осындай тұрақтандырғыш-жинақтаушы қорлар әлемнің көптеген елдерінде құрылған. Мұндай қорды Бразилия кофеден, Чили – мыс рудасынан жинаса, Венесуэла, Сауд Арабиясы, Ливия, Оман, Иран, Кувейт, Америка штаты Аляска, Канада провинциясы Альберта – мұнай мен газдан түскен табысты жинақтапты.

Осындай қорлардың қызметін зерттеу барысында біз өзімізге ылғида: «Қордың қызмет жасау тетіктері Қазақстан-

ның ерекшеліктерін ескере ме?» – деген сұрақты қоятынбыз. Мысал үшін, Кувейт, 50-ші жылдарда ірі көмір-сутегі кеніштерінің ашылуы және мемлекет табысының шығыннан үздіксіз асып түсуі арқасында, өзінің Жалпы резервтік қорын 1960 жылдың өзінде-ақ құруға мүмкіндік алды. Кейінгі он бес жылдың ішінде барлық мемлекеттік инвестициялар Кувейт экономикасына аталмыш қор есебінен жасалынған. 1976 жылға қарай елдің байығаны сондай, олар өздеріне тағы бір қаржыландыру көзі – Болашақ ұрпақтар үшін жинақ қорын құруға мүрсат берді.

Америка штаты Аляска да екі қордың иесі: Алясканың тұрақты қоры 1976 жылдан, ал штаттың Конституциялық бюджеттік резерв қоры – 1990 жылдан қызмет жасайды. Біріншісі – негізінен келер ұрпаққа жасалған резерв, ал екіншісі бюджеттің ағымдағы тапшылығын жабу үшін пайдаланылады. Олардың қызмет ету принциптері, ережелері, нәтижелері үздіксіз жарияланып отырады, ал енді бұл екі қор тек атқару және заң шығару биліктеріне ғана есеп беріп қоймайды, олар штаттың тұрғындарына да тікелей есеп беріп отырады.

Чилидің тұрақтандырғыш мыс қоры 1985 жылы ұлттық валютаның айырбас бағамының және салық түсімдерінің құбылуын бәсеңдету үшін құрылған. Сонымен бірге қордың жағдайы Чилидің мемлекеттік мыс компаниясының аударымдарына ғана байланысты, ал қорды басқару ісін елдің орталық банкі атқарады.

1998 жылы мұнайдан түсетін табыстың есебінен Венесуэланың макроэкономикалық тұрақтану қоры құрылды. Оның басты мақсаты – елдің бюджеті мен экономикасын көмір-сутегі шикізатының бағасы құбылуынан туындайтын қиындықтардан қорғау.

Әлемде бар үлгілердің ішінен біз үшін қолайлысы Норвегия мұнай қорының үлгісі болып шықты. Әлемдегі осы бір ірі қордың іргесі 1990 жылы қаланған. Оны құрудың қажеттігі

ел тұрғындарының қартая бастауы және мұнай өндіру көлемінің төмендеуімен тікелей байланысты еді. Сондықтан ол әрі жинақтаушы, әрі тұрақтандырушы қор болып табылады. Ол, ең алдымен, ұзақ мерзімді болашақта бюджет саласының тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Олардың заңнамасына сәйкес, үкімет қордың қаражатын таяу арадағы мақсаттарға (мысалы, егер бюджеттің табыстары төмен түсіп кетсе) және, айтаық, мұнай өндірудің төмендеуіне немесе әлеуметтік шығындардың өсуіне байланысты, бюджет табысының көлемін теңестіру үшін – ұзақ мерзімді болашақта пайдалануға парламенттен рұқсат сұрайды. Үкімет немесе қаржы министрлігі осы қордың қаржысын инвестициялаудың негізгі бағыттарын анықтайды, сол сияқты «тұрақтандыру» құралдарын пайдаланудың тиімділігін бағалайды. Қор активтерін күнделікті басқару елдің орталық банкі арқылы іске асырылады. Қазіргі уақытта Норвегия Тұрақтандыру қорының активі мемлекеттік облигациядан, яғни компанияның мұнаймен байланысты емес бағалы қағаздарынан тұрады.

Оның моделі Қазақстанның мүддесіне әлдеқайда толық жауап беретін, өйткені біздің елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдерінде сәйкес келетін көптеген ұқсас өлшемдері болды.

Біраз алға оза отырып айтпағым, қордың қызмет жасаған кезеңінің өн бойында оның қызметін басқарудың мәселелеріне байланысты сын біршама болған. Мен сын қашанда сындарлы болуы керек, сонда ғана одан пайда болады деген принципті әрқашанда ұстанамын. Бірақ, кейде сондай бір ескертулер айтылғанда, еріксізден сол адамдардың айтқан сөздерінің дұрыстығына күмәндана бастайсың. «Бізге оның ешқандай да қажеті жоқ, мұнай бізде онсыз да көп» дегеннен бастап, мұны менің жеке қорым екен дегенге дейінгіні де естуге тура келді. Осындай негізсіз сындарға бара-бара көңіл аудармайтын болдым. Дұрысы сол екен.

Сонымен бірге әділетті сын ескертулер де болды. Мысалы, қорды құруға қарсы болғандар оның активтерін шетелдерде орналастырғанда ғана, ол шетелдің экономикасын инвестициялау болып шығады, ал Қазақстанның өзі де инвестициялауға мұқтаж емес пе деген дәйектерді алға тартты.

Осындай ескертулер қордың қызметін жетілдіру барысында үнемі ескеріліп отырды. Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамудың көрнекі түрде көрсетіп отырғанындай, егер біз қаржыны сыртқа шығарып, инвестицияға жұмсамағанда, елдегі инфляция деңгейі әлдеқайда жоғары болатын еді.

Қазір қордағы жинақ, бір жағынан, біздің экономиканың тұрақтылығын біршама күшейтуге, екінші жағынан, басқа елдердің Қазақстанға деген сенімін көтеруге қызмет істейді.

Сонымен бірге, қазіргі кезде басқа түрдегі ескертулер де пайда болды. Бұл ескертулердің мәні, Ұлттық қордың активтерін әлдебір қордың қолына беру керек, сонда оған бүкіл қазақстандықтар қатысушылар болады дегенге саяды. Президентті сайлау науқаны кезінде біздің оппозиция елдің бәріне ортасында 17 мыңдық теңгенің фотосуреті бар қағаздарды үлестірді. Егер де олар жеңіп шықса, әркімге осынша ақша үлестіруге уәде берді. Сонда осы ақшаларды олар мұнай қорынан төлемек болды. Осының бәрі біздің істеген ісімізбен салыстыруға келе ме? Біз зейнеткерлердің зейнетақыларының көлемін кәдімгідей көтеріп тастадық, бюджеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақысын 30% көтердік, көп балалы аналарға, мүгедектерге төлемдер көлемі артуда, жұмыс орындары жасалуда. Бұл дегеніңіз – адамдардың қамын нағыз ойлау ғой.

Бірақ біз «әрбір сіңліге – бір сырғадан» дейтін принцип бойынша меншікті қайта бөлуге жол бермеуіміз керек. Мұндай болған. Халыққа ақша таратқан Сауд Арабиясының мысалын келтірсек те жетеді. Бүгінгі күндері олар мұндай қадамнан

бас тартып отыр, өйткені олар бұдан халықты масылдыққа ұрындыратын қауіпті көруде. Исламның екі қасиетті орнының сақтаушысы, Сауд Арабиясының королі маған арабтарды өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында қайтадан жұмыс істетудің аса қиындығын айтқан еді.

Сонымен бірге, нарық экономикасында мемлекет адамның өз әлеуетін мүмкіндігінше толық қолдануына және сол үшін әділетті сыйақы алуына жағдай туғызуы қажет. Өнімді еңбекке ынта барынша мол болуы керек. Осындай жағдайлар жасалмаса, тұрғындардың көп бөлігі дивиденд алуды күтетін болса, бұл масылдықты туғызады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, «бәрін алу керек те, жұртқа бірдей қылып бөліп беру керек» дейтін жораны алып қолдана салу орны толмас апатты зардаптарға соқтыратыны сөзсіз.

Менің ойымша, кітапта Ұлттық қордың тетіктерін ашу қор құрудың пайдалы екенін және жалпы алғанда оның еліміздің экономикасына тигізетін маңызын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде, Ұлттық қор заңды тұлға болып табылмайды, шынтуайтында ол Үкіметтің Ұлттық банк есепшоттарында шоғырланған қаржы активтерінің жиынтығы болып табылады. Қор екі бірдей қызмет атқарады: бірі – жинақтау (болашақ ұрпақтар үшін жинақтарды қалыптастыру), ал екіншісі – тұрақтандыру (бюджет түсімдерінің дүниежүзілік бағаның жағдаятына тәуелділігін азайту).

Тұрақтандыру міндетін атқаруды қамтамасыз ету үшін шикізат секторындағы ұйымдардан бюджетке түсетін салық және басқадай міндетті төлемдердің, республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген сомадан артығы қаржы қорына аударылады. Бұл түсімдерге жататындар: корпоративтік табыс салығы, қосымша құнға салынатын салық, жоғары пайдаға салынатын салық, бонустар, роялти, ауыл шаруашылық мақсатындағы жер бөліктерін мемлекеттің жеке меншікке сатуынан түсетін, өнімдер мен қаржыны



бөлу туралы келісімдер бойынша Қазақстанға тиетін үлесі. Жинақтау қызметін іске асыру мақсатында қор республикалық және жергілікті бюджеттердің трансферттері есебінен, жоғарыда көрсетілген түсімдер бойынша жоспарланған соманың 10%-ынан құралады.

Басқару мәселесін құрамына Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат пен Мәжілістің Төрағалары, Президент Әкімшілігінің басшысы, Премьер-министр және оның Бірінші орынбасары, Ұлттық банктің Төрағасы, Қаржы министрі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, сол сияқты Республикалық бюджеттің орындалуын қадағалау жөніндегі санақ комитетінің төрағасы кіретін Кеңес шешеді. Көріп отырғанымыздай, Кеңеске мемлекеттік биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтары қатыстырылған, ал мұның өзі мүдде қақтығыстарын мүлде болдырмайды. Кеңестің барлық шешімдері алқалы түрде қабылданады. Кеңес мүшелерінің ешқайсысы Қордың активтерін жеке-дара пайдалана алмайды. Қорға Парламент бақылау жасайды; демек, ол шын мәнінде халық пен елдің резерві болып табылады.

Қордың активтерін тікелей басқаруды, инвестициялық стратегияға сәйкес, сенім көрсету арқылы басқару туралы Үкіметпен арадағы Келісімшарттың негізінде, Ұлттық банк жүзеге асырады. Инвестициялық стратегия қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асырудың жалпы тәртібін, соның ішінде, валюталар, құралдар кластары, сыртқы басқару және кастодиан негізінде түрі мен үлес салмағы бойынша шектеулерді анықтайды. Сонымен қатар ол қорды басқару кезінде пайда болатын тәуекелділікті басқарудың, эталондық портфельді таңдаудың, Ұлттық банктің қорды сенім арқылы басқару қызметі бойынша Үкімет алдында есеп беруінің мерзімі мен мазмұнының тәртіптерін белгілейді.

2006 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтері он екі миллиард АҚШ долла-

рынан асып түсіп, 12 087,39 млн АҚШ долларына жетті. Жинақталған сома екі жарым жыл уақытқа, яғни мұнай бағасының құлдырауы бола қалған жағдайда ақша бір жарым – екі жылға жетеді, бұл мемлекеттің өзіне алған әлеуметтік міндеттемелерін толық атқаруына мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш Каспий теңізінің қазақстандық секторын жоспарланған кең көлемде игеруге және мұнай ресурстарын экспортқа шығаруға байланысты өсе бермекші.

2010 жылға қарай мұнай шығару 100 млн тоннадан аспақшы. Осыған байланысты валюта бағамына түсетін үлкен салмақты ескере отырып, ақша массасын стерилдеудің қуатты құралы ретінде Ұлттық қордың қызметі үнемі өсіп отырмақ.

Ақша массасын Қордың және Ұлттық банктің күшімен бір ғана стерилдеумен шектеп қалуға, сөз жоқ, болмайтын шығар. Түсіп жатқан ақша ағымын экономиканың шынайы секторы игеруі қажет. Осы бағыттағы қозғалыс қана бағалы қағаз нарығының толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, банк құрылымдарын капиталдың салааралық түсімдерінің қызметіне назар аударуға итермелейді; капиталдың осы түрінің валюта-қаржы саласындағы және экспортқа бағыт ұстанған салалардағы біршама артық болуы, бәсекелік әлеуеті жеткілікті, бірақ нарықта үлкен қолданыс таппаған өңдеуші өнеркәсібіндегі, ауыл шаруашылығындағы капитал тапшылығымен қатарласа жүреді.

Бұл ақшалар тек қана тұрақтандырушы рөл атқарып қоймайды, сонымен бірге олар мұнайға деген бағаның төмендеуі жағдайында, өзінше бір сақтандырушы да болып табылады. Оны дұрыстап пайдаланғанда ғана үстеме пайда біздің экономиканың түрлі салаларын жаңғырту және дамытудың негізгі көзіне айналары анық. Сондықтан да, қорды толтыруға бағытталған қаржының бір бөлігін біз мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру үшін пайдаландық. Атап айтқанда, Индустриялық-

инновациялық даму стратегиясы шеңберінде Даму банкін капиталдандыруға 24,3 млрд теңге, Инвестициялық қорға – 23 млрд теңге, Инновациялық қорға – 11,5 млрд теңге, экспортты сақтандыру жөніндегі Мемлекеттік сақтандыру корпорациясына – 7,7 млрд теңге жіберілді. Сол сияқты 2005 жылға арналған бюджеттен Қазақстанның Даму банкіне, Инжиниринг және трансферт технологиясы орталығына, Маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығына, Инновациялық қорға қаржы бөлу қарастырылды. Ұлттық қордың қаржысынан Ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы мен Ипотекалық тұрғын үй құрылысы бағдарламасы қолдау алды. Сонымен бірге, 550,5 млн теңге ақпараттық технологиялар паркінің дамуына бөлінді. Осы кешенді шараларды іске асыру экономиканы диверсификациялаудың өсуіне жағдай туғызады деп жоспарланды.

Жекелей атап айтқым келетіні, Қордың көлемін кеңейте отырып, сонымен бірге Қорды басқарудың тиімділігі және осы процестің жұрт көретіндей ашықтығы үшін Ұлттық банк пен Үкіметтің жауапкершілігін көтеру қажет деп есептеймін. Мен бұл жерде Қорды толтырып отыратын жаңа көздерді іздестіруді ғана айтып отырғаным жоқ, қолда бар қыруар соманың жоғарғы тиімділікте қызмет жасағанын және инвестицияланғанын көргім келеді. Өйткені, Қордың көлемін ескере отырып, таяу арада Қордың тұрақтандырушы және жинақтаушы бөліктері арасындағы арасалмақтары, соның ішінде ұзақ мерзімді жоспар түрінде де анықталады. Біз өзіміздің ұзақ мерзімді инвестициялау стратегиямызды сөз жүзінде емес, іс жүзінде де ұстануымыз керек. Табыстылықтың қысқа мерзімді ауытқулары инвестициялаудың жалпы стратегиясына түбегейлі ықпал етпеуі керек.

Қордың көлемі туралы мәселе де аса маңызды болып табылады. Бұл көлем шикізат ресурстарынан Қорға бөлінетін

табысқа тәуелді болуы керек. Мәселен, таяу он жылдың ішінде мұнай өндіруден ғана түсетін табыс, сарапшылық бағалау бойынша, 20 млрд АҚШ доллары көлемінде болуы мүмкін, осыған байланысты Қор көлемінің жоғарғы шегін белгілеудің ешқандай да мәні жоқ.

Сонымен қатар Қор өз дамуының бастапқы кезеңінде тұрғанын мойындауымыз қажет. Оның табыстылығы көбіне-көп оны басқарудың кәсіби шеберлігі қаншалықты дәрежеде болуына байланысты. Мемлекет біздің жинаққа қанша бөлетінімізді және бюджетке қанша қалдыратынымызды айқын білуі керек. Қорды толтырудың әртүрлі нұсқаларының динамикасын, дүниежүзілік нарықтағы экономикалық дамудың көріністері мен ахуалдарына байланысты алдын ала қарастырып отыру қажет.

Экономиканың бәсекеге түсу қабілетін көтеру және «голландық ауруды» болдырмау мақсатында ақша-кредиттік, фискалдық саясатты және шикізат секторынан түсетін пайданы басқаруды, қазіргіден әлдеқайда тығыз үйлестіруді ойлану қажет. Осы бағытта белгілі бір қадамдар жасалды да.

Мәселен, 2005 жылдан бері қарай Ұлттық қор бюджет жүйесінің бөлінбейтін бөлігі ретінде қызмет жасап келеді. Бұл Ұлттық қор мен бюджет үшін нақты жағдайды көрсете алады. Сонымен қатар, орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді перспективаға арналған, Ұлттық қордан бюджетке трансферттеудің кепілді анықтамасының нақты тетігі жасалынууда.

Жалпы, Ұлттық қор, оның ішінде мұнай экспортынан түсетін табыс мәселесі – журналистер мен басқада көпшілік үшін ең қызықты тақырып болып қалмақ. Бүгіндері біз негізгі табысты түсті металдардан, мыс өткізуден, қорғасын, мырыш, алтын, алюминий, ферроқортпа, минералды тыңайтқыштар және жыл сайын 5-6 млн тонна астық экспорттаудан табамыз. Қазақстан дегеніміз – бұл тек мұнай, газ, көмір ғана емес.

Сірә, осылардың бәрін дүниежүзіне дәлелдеуге тырысқаннан гөрі, алдымен өзіміз ұғынып алуымыз керек сияқты.

Осы ақшаның барлығына Қазақстанның Қазынашылық мекемесі мен Қаржы министрлігі қатаң бақылау жасап отырады. Осы ақшалардың барлығы, оның ішінде мұнайдан түсетіндері де, бюджетке құйылады. Бюджетке мұнайдан түсетін штаттық түсімдер бүгіндері жалпы көлемнің 26 пайызын ғана құрайды. Қазір бұл сомалар басы ғана болса, ал болашақ көлемі – әлі алда.

Сонда, осы ақшалар қайда кетеді? Біріншіден, олар бюджетке түсіріледі. Мысалы, ол биылғы жылы 14,5 млрд АҚШ долларына тең, яғни 1,5 триллион теңгені құрады. Байқайсыздар ма, біз триллион деген тылсым саннан аттап өттік! Екіншіден, болашақ ұрпақтардың Ұлттық қорына, яғни олардың тұрақтандыру қорына 10 млрд АҚШ доллары жинақталады.

Көріп отырсыздар, әрбір тиын есепте. Біз жыл сайын баспасөзге ненің қайда кететінін үнемі жариялап тұрамыз. Яғни осы істің барлығы транспарентті және ашық. Мұнай туралы айтатын болсақ, біздің ресурстарымызды игеруші шетелдіктер төлейтін салықты, әлеуметтік салықты, жер қойнауы, экология, еңбек үшін төленетін корпоративтік салықты қосып санағанда, осы мұнай компаниялары табыстарының 70 пайызынан астамы Қазақстанның қазынасына түседі екен. Мен ішкі жалпы өнімнің өсімін 3,5 есеге жеткіземіз деп айтқанда, ішкі жалпы өнімді жан басына шаққанда 5800, ал одан әрі 9000 долларға жеткіземіз деп айтқанда, экономикадағы осы салалардың дамуына сүйеніп айтамын.

Біз қазір Қорға жекешелендіруден түскен ақшаны да салудамыз. Бірақ соның ауыл шаруашылығын дамытуға (1150 млн теңге), тұрғын үй құрылысына, индустриялық бағдарламаға кететін бөліктері бар. Біз өзіміздің даму институттарымызды, даму банкін және даму қорын және т.б., капиталдандырдық.

Мұнай ақшасын бізге үнемі құбыжық етіп көрсететін «голландық ауруды», экономиканың «қызып кетуін» және т.б. проблемаларды тауып ала отырып та, жұмсауға болады, немесе, оларды осы болжамдарға қарамастан, экономиканы нығайтуға, елімізге қажетті басымдықтарды қолдауға және дамытуға жұмылдыруға да болады. Мұнай бағасы жоғары болған осы кезең, бәлкім, Қазақстан үшін дүниежүзілік экономикада және жалпы дүние жүзінде «күн астында күн көру үшін» қатаң күреске түсудің қарсаңындағы бой жинау мен күш жинаудың мүмкіншілігі болар. Бұл – қазіргі біздің артықшылығымыз, бірақ біз мұнай долларларына сеніп отыра бермеуіміз керек. Бұл уақытты старт алдындағы кезең деп, мүмкін, Тарихтың бізге тыныс алу үшін берген уақыты деп түсінген дұрыс болар. Біз не нәрсеге дайындалуымыз керек? Әрине, өзіміздің болашағымызға. Қатаң бәсекелестікке. Сыртқы дүниенің күш сынасуына. Қазақстан жолын осы 15 жылдан бастап қана басталғанына сенемін. Ең қиыны мен қызығы – алда.

Біз барлығын бастағанда мемлекеттің қазынасы бос еді, бүгіндері өзіміздің резервтеріміз туралы айтуға жеттік. Аллаға шүкір!

Мен жоғарыда айтқандай, теңгені енгізер алдында бізде тіпті соған керекті 500 млн АҚШ доллары көлеміндегі алтын валютаның резерві де жоқ болатын. Қазір біз 25 млрд АҚШ долларына тең валюта қорының иесіміз.

## МАҚТАУДЫҢ ЕҢ ЖАҚСЫСЫ – МОЙЫНДАУ

Қазақстанның экономикалық дамуының жоғарғы бағасы халықаралық қауымдастық тарапынан тартымды инвестициялау рейтингін алу болып табылады. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып инвестициялау деңгейінің рейтингін дүние жүзіне белгілі үш бірдей агенттіктерден алды. Олар: «Moody's», «Standart & Poor's» және «Fitch Rating's Ltd».

Үлкен жетістігіміз, таяудағы рейтингтер бойынша болжауда, ең беделді агенттік «Standart & Poor's» көрсеткендей, 1996 жылдан бері келе жатқан «Тұрақты» рейтингінен «Оң» деген рейтингке өтуіміз болды. Мысалы:

*Рейтингті беру тарихы:*

*2006 ж. маусым: рейтингтер бойынша болжам «Тұрақтыдан» «Оңға» өзгертілді.*

*2004 ж. мамыр: ұлттық және шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша ұзақ мерзімді рейтингтер «BBB» және «BBB»ге дейін сәйкес көтерілді; қысқа мерзімді рейтинг шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша «А-3» көтерілген; болжам – «Тұрақты».*

*2003 ж. мамыр: ұлттық және шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша ұзақ мерзімді рейтингтер «BBB-» және «BB+»ге дейін сәйкес көтерілді; қысқа мерзімді рейтинг ұлттық валютадағы міндеткерліктер бойынша «А-3» көтерілген; болжам «Тұрақты».*

*2001 ж. мамыр: ұлттық және шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша ұзақ мерзімді рейтингтер «BB+» және «BB» дейін сәйкес көтерілді.*

*2000 ж. шілде: ұлттық және шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша ұзақ мерзімді рейтингтер «BB» және «BB-» дейін сәйкес көтерілді.*

*1998 ж. қыркүйек: ұлттық және шетелдік валютадағы міндеткерліктер бойынша ұзақ мерзімді рейтингтер «BB-» және «B+» дейін сәйкес төмендеді.*

*1996 ж. қараша: ұлттық валютадағы міндеткерліктер бойынша «BB+/B» және шетелдік валюта бойынша «BB-/B» рейтингтері берілді; болжам – «Тұрақты».*

**«Standart & Poor's»: «Қазақстан Республикасы – несие рейтингі», жарияланған уақыты:**

**11-07-2006 MSK**

Қазақстан экономикасына қатысты көптеген жағымды бағалаулардың ішінде, 2002 жылы желтоқсанда Халықаралық валюта қоры миссиясының кеңесшілері берген бағаны келтіруге болады. Олардың бағалауында, «соңғы жылдары Қазақстан экономиканы тұрақтандыруда айтарлықтай табыстарға жетті. Орта және ұзақ мерзімдегі кезеңдерге төтенше қолайлы келешегі бар. Халықаралық валюта қорының ресурстарына мұқтаж емес» деп атап көрсетілді.

*«2002 жылы желтоқсанда айтылғандай, Халықаралық валюта қорының Қазақстандағы өкілдігі 2003 жылы тамызда жабылады. Бұл шешім Қазақстанның экономиканы тұрақтандырудағы әсер қалдыратындай табыстарының, экономиканың орта және ұзақ мерзімдегі болашағының елдегі Қордың ресурстарын болашақта пайдалануға мұқтаждықтың тууына қажеттіліктің барынша аздығы нәтижесі ретінде қабылданды».*

**Халықаралық валюта қорының  
Қазақстан Республикасы үшін  
IV Бапқа сәйкес Консультациясы бойынша  
қорытынды мәлімдемесінен, 10 наурыз 2003 ж.**

Отандық қаржы жүйесі өткен қалыптасу жолын еске түсіре отыра, біздің дұрыс шешім жасағанымызға, өзіміздің, дамудың қазақстандық жолын таңдап алуымыздың дұрыстығына менің көзім тағы да жете түседі. Осы туралы көп адамдар айтуда. Бұл және қаржы жүйесінің халықаралық стандартқа сәйкес келуі, ол дүниежүзілік қауымдастық мойындайды. Бұл және дүниежүзілік аты бар жетекші қаржы мекемелерінің біздің банктермен және компаниялармен бірігіп істеген жұмыстары. Бұл және Қазақстан компанияларының ТМД кеңістігіне жасай бастаған «экспансиясы». Дәлірек айтқанда, мемлекеттің қаржы секторымен әріптестігінің арқасында, біз



дер кезінде проблемаларды көре білдік және олардың тез шешілуіне қолайлы жағдайлар туғыздық.

Қазір қазақстандық жаңа форматтағы жас менеджерлер дүниежүзілік қаржы жүйесінде танымал болуда. Осы жетекшілердің көбін мен жеке білемін, бұлардың көпшілігіне аяқтарынан тік тұрып кетуге жағдай жасадық, басқаша айтқанда, «өмірлеріне жолдама бердік». Екінші деңгейдегі банктердің қалыптасуының жүруі оңай болған жоқ. Бұрынғы ескілер бір жағынан жұмысын жалғастыра берді, шаруашылық жүргізуші субъектілер, жеке меншіктегі және мемлекеттік кәсіпорындар да, сол сияқты жергілікті жердегі бюджеттер де несиелер алды және заңның әлсіздігін пайдаланып, банктерге ақшаларын қайтармады. Бұл кейде банктер үшін күрделі проблемаларға айналып отырды. Мысалы, менің өзім тікелей «Қазкоммерцбанкке», «Халық банкіне», «ТұранӘлем» банкіне осындай несиелерді қайтаруына көмектестім. Уақыт солай болды. Олар менің тікелей көмегімді қажет етті.

Бір жағынан, банктер жүйесінің батыстық стандарттарға сәйкес дамуына 90-жылдардың басында менің шетелдік сапарларымда үнемі бірге еріп барған адамдардың бәрі де ықпал етті. Осы ресми сапарлар барысында олар «әлемдік бизнестің алыптарымен» танысып, дүние жүзінің жетекші банктері мен компанияларында тәжірибе жинақтады, батыстың алдыңғы қатарлы атқарылған жұмыстарын өз қызметтеріне енгізіп, қаржы қызметінің принциптерін қабылдады. Қазір қазақстандық банктер ТМД аумағында ең жоғары рейтингке ие болып отыр.

Ең бастысы, банк жүйесінің қалыптасуы бұрынғы Одақ аумағындағы өте жоғары дамыған жүйенің бірі болып табылады.

Халық банкі жүргізген дербес ақша-несие саясаты сол жылдардың экономикалық шындығын ескерді және сонымен бірдей болды. Бұл саясаттағы ең тиімді жетістіктердің

бірі – ел экономикасының кезеңді өсуі үшін жағдай жасау және гиперинфляцияны жеңу еді.

Мемлекеттің қолдауы мен реформалардың арқасында біздің қазақстандық бизнесмендер мен азаматтар, үйден ұзап шықпай-ақ, банктер мен қаржы қызметтерінің барлық түрін пайдалануға мүмкіндік алды.

Қазірдің өзінде Қазақстанда аттары әлемге әйгілі қаржы мекемелерінің өкілдіктері жұмыс істейді. Біздің отандық коммерциялық банктер әлемдік қаржы секторында жинақталған ең қымбат құндылықтарды іс жүзінде меңгеріп, олармен тепе-тең жағдайда бәсекелестікке түсуде. Бұған қоса, отандық капитал өз филиалдарын ашып және сыртқы нарықты игере отырып, шет елдерге шығуда. Сонымен бірге біздің нарықты жаңа қаржы құралдарымен байытып, толтыру қажет. Әңгіме, ең алдымен, жобалық облигациялар туралы болып отыр. Оларды басып шығаруға еліміздің экономикасы үшін маңызды бірнеше инвестициялық жобалар іріктеліп алынды. Ол үшін темір жол және автокөлік жолдары, вокзалдар мен теңіз айлақтары құрылысы жөніндегі инфрақұрылымдық жобалар сай келетін еді. Жаңа инвестициялық жобаларды мемлекеттік даму институттарымен бірлесе отырып, халықаралық қорларға шығару қайта құрылған өндірісті қаржыландыруға мүмкіндік туғызып, дамудың Индустриялық-инновациялық стратегиясын жүзеге асыруға түрткі болатын еді.

Мұның бәрі әлемдік еңбек бөлінісінде лайықты орын алу мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сондай-ақ посткеңестік кеңістікте интеграциялық үрдістерді одан әрі дамыту мақсатында экономиканы құрылымдық диверсификациялауға көшуге мүмкіндік береді.

Бұл бағытта біз қабылдаған шаралар басқа мемлекеттердің орынды қызығушылығын тудыруда. Біздің іс-тәжірибемізге ерекше ынта білдірген көптеген елдерден қонақтар

келуде. Менің сапарларым барысында да бұл елдердің өкілдері осы туралы жиі сұрайды. Есте қаларлығы сол, басқа елдердің іскер топтарының өкілдерімен, саясаткерлермен, әлемнің жетекші оқу орындарында білім алып жүрген жастармен кездесулерімде олар біздің қаржы жүйемізге таңданыс білдіреді. Олардың көз жанарында бір ғана сұрақ тұрады: «Таяуда ғана әлемнің шеткі аймағы болған бұл ел, мұндай табыстарға қалай жете алды? Қазақстандық компаниялар біздікілермен енді қалайша тығыз қызмет жасайды, қалайша олардың стратегиялық әріптесі болып табылады?»

Мен ойлаймын, мұның бәріне біз жүргізген, соның ішінде қаржы секторындағы реформалардың арқасында қол жетті, сондай-ақ бұрын да айтқанымдай, тағы адам факторының маңызын ерекше атап айтамын. Әрине, бұл туралы тараудың басында айтқанымдай, біздің қаржы жүйесінің барлық ерекшеліктерін бір тарауда ашып көрсету мүмкін емес, бұл – тек оның қалыптасуының небәрі қысқаша тарихы.

Енді біз осы күш-жігеріміздің жемісін көріп отырмыз. Қазақстанда, негізінен, нарықтық экономиканы құруға бағытталған институционалдық қайта жаңарулар аяқталды. Соңғы жылдары біздің еліміз экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын тұрақты ұстап келеді. Көбіне экономикалық дамудың табыстары Қазақстан қаржы жүйесінің дамуымен ерекшеленеді. Елімізде зейнетақы жүйесі мен дамыған инфрақұрылымы бар қаржы нарығы жұмыс істейді. Мен соны мақтан етемін. Бірақ бізге қол жеткен жетістіктермен тоқмейілсуге болмайды. Бізде алдағы келешегіміз үлкен, мен оған сенемін.

Мен банк секторын әрқашан қорғадым және жан-жақты қолдадым. Кезінде біз осы жүйені дамытуға бар күшімізді бағыттадық, бұл Қазақстан экономикасының сенімді қаржыландыру көзін алуына жағдай туғызды. Түбірлі қайта құрулар жүргізілді және қажетті заңдар жедел қабылданды.

Біз оның қалыптасуын қолайлы жағдаймен, соның ішінде тікелей ынталандыру, әсіресе салық салуда жеңілдіктер беру шараларын енгізу арқылы қамтамасыз еттік. Енді, банк секторы аяғынан нық тұрған кезде, ел экономикасының дамуын әрі қарай қамтамасыз етуде одан осындай көмекті талап ету әділ болады деп ойлаймын. Мен бұл арада бизнестегі «әлеуметтік жауапкершілік» деген ұғымды айтып тұрмын. Бұл ұғым ұйым өзі ресурстарын пайдаланып отырған қоғамның мүддесі үшін әрекет етуі керек дегенді білдіреді.

Менің ойымша, бұл принципті біздің компаниялардың қызметтеріне енгізу қажет. Бизнестің жауапкершілік ауқымын кеңейту – сол бизнестің ықпал ету аясын кеңейту сияқты, сөзсіз болатын үрдіс. Бірінші кезекте, біздің еліміздің азаматы болып табылатын әрбір бизнесмен жалпы еліміздің экономикалық гүлденуіне ықпал жасауы керек.

Бүгінде Алматыда қаржы орталығын жасау үрдісі жүріп жатыр. Бұл маңызды және күрделі жоба. Ол дүние жүзінің ірі банк институттарын өзіне тартуы керек. Заңдар қабылданды, преференциялар қаралды, ендігі мәселе – біздің мамандар қаржы орталықтарын құруды шешуге тиіс. Олар тырысатын болады және табыстарға жетеді деп сенемін.



# ЖЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

1994 жылдың 27 ақпанында Ақмола қаласы тың және тыңайған жерлерді игерудің 40 жылдығына арналған республикалық аграрлық кеңеске келген республиканың бүкіл аграрлық басшылығы мен Қазақстанның барлық ұжымшарлары төрағаларын қабылдады. Мерекелік кеңес бірте-бірте ұлғайып, Қазақстанның апатты жағдайда тұрған ауыл шаруашылығының болашағы туралы салмақты әңгімеге ауысты.

Біздің тәуелсіздігіміздің үшінші жылы аяқталып қалды. Қоғам «талма дерттен есеңгіреген» халден жайлап шығып, өз өмірін жаңа экономикалық жағдайға бейімдей бастады. Алайда қалаларда азаматтардың жеке бастамасы шағын және орта бизнестің қарқынды дамуына демеу болса, ал ауылдық жерлерде жағдай мүлде басқаша қалыптасты. Аграрлық секторда экономикалық реформалар белуардан батпаққа батып жатты.

Біздің ауыл тұрғындарының ескі түсінік бойынша мәселенің шешімін жоғарыдан күткен көңіл күйі мені қатты алаңдатты. Ескі дәстүр бойынша, біздің елімізде ауыл шаруашылығына қашанда баса назар аударылып келген. Бұл көп жағдайдан көрініс тауып еді: тың жерлерді игеру жөніндегі бүкілодақтық науқанның қанат жаюынан бастап, Қазақстанның кеңес елінің «ырысты өлкесі» деп аталуына дейін, демек, бүкіл кеңестік кезең бойында мемлекет тарапынан әрдайым ауыл шаруашылығын қолдау мен дамытуға айтарлықтай қаржы салу жүзеге асырылып келген. Алайда орталықтандырылған жоспарлы экономиканың күйреуі салдарынан ауыл шаруашылығына капиталдың құйылуы тоқтатылды. Соның нәтижесінде болып, өндіріс көлемі қысқарды, ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейі төмендеді, ауылдық жерлерде әлеуметтік шиеленіс күшейді.

Дегенмен де, тұралатқан дағдарысқа және ауыл жағдайының нашарлауына қарамастан, сол кезеңдері, 90-шы

жылдары, аймақтарда ауыл шаруашылығының өндірушілері бұрынғыша мемлекет тарапынан көрсетілер көмектің қайта қалпына келтірілуін күтті және өздерінің барлық экономикалық проблемаларын сырттан шешіледі деп үміттенді. Бірақ, ең қызығы, бір жақсылық болар деп осылай күтушілік тәуелсіздіктің бүкіл он бес жылына созылды және сол үміт біздің ауыл шаруашылығы өндірушілерінде әлі күнге дейін сақталып келеді. Соның ең бір тұрақты мысалы – егін егу мен астық жинау науқандары тұсында жанар-жағар май бағасы төмендетілсін деп мемлекетке қойылатын жыл сайынғы талаптар. Жанар-жағар май өндірушілер де табыс табуға ұмтылған жеке меншік компаниялары бола тұра, дәл осы талаптар мемлекетке қойылады да жатады.

Нақ осы жағдай бізді мемлекеттің ауыл шаруашылығына қатынасын нақтылап айқындауға мәжбүр етті. Осы орайда маған көптеген жағымсыз жайттарды айтуға тура келетінін сезіне отырып, мен бәрібір ахуалды түсіндіре бастадым. Сол кезде айтылғандардың мәнісі мынаған келіп саятын еді.

Кеңес Одағының құлауымен бірге Қазақстанда саяси және экономикалық ахуал өзгерді. Мемлекет енді ауыл шаруашылығын бұрынғы көлемде қаржыландыра алмайтын халде болды, оның үстіне, жаңа нарықтық қатынастар агроөнеркәсіп кешенін түбегейлі қайта құруды талап етті. Бірінші кезекте мұндай экономикалық тетікті құру, бір жағынан, ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімді жұмыс істеуін ынталандырса, екінші жағынан, ескі өндірістік қатынастардан бас тартуға мәжбүр ететін еді. Мен мемлекет өзінің ауыл шаруашылығына қатынасуын қысқартатынын, ауыл тұрғындарының ынта-ықыласына сене отырып, фермерлік шаруашылықтарды қарқынды түрде дамытатынын, мұның бәрі ерте ме, кеш пе – ұжымшарлар мен кеңшарларды таратуға және жеке меншікті енгізетінін сездірдім. Сондай кездесулерге қатысушыларға: көп кешікпей ұжымшар-



лар мен кеңшарлар болмайды деп айтқанымда, олардың 99%-ы мұны әдемі қалжың ретінде қабылдайтын еді. Сол есімде қалыпты.

Біздің тарихымыздың өзіне тән қайшылығы сол, мен осы идеяларды тың және тыңайған жерлерді игерудің 40 жылдығына арналған кеңесте жария еттім. Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуда, тұтастай алғанда, бүкіл еліміздің дамуында тың жерлердің қандайлық орасан зор маңызды болғанын біздің барлығымыз түсінеміз. Бұл деректі жоққа шығару ақылсыздық болар еді, бірақ та кеңестік басшылық ойлағандай, бәрі де теп-тегіс, тамаша бола қойған жоқ.

*«Егер де бүгінгі нарықтық көзқараспен тың экономикасының оң мен теріс жақтарына талдау жасап байқасақ, онда сондайлық көріксіз бейне көрініс береді, бірақ маған ол туралы айтпасқа болмайды. Осы 40 жылдық тарихтың 10 жылы мүлде құрғақшылық жыл болды. Қазақстанның өзі астық пен мал жемін жиі сырттан сатып алуға мәжбүр болды. Кейбір жылдары мұндай сатып алулар 2 млн тоннадан астам көлемге жетті. Ауылдық жерлердің қарыздарын осы 40 жыл бойына жыл сайын мемлекет жауып келді. Соңғы бесжылдықта шамамен 350 шаруашылық үнемі шығынға ұшырап келді, яғни әрбір бесінші шаруашылық осындай күйде болды. Жалғыз ғана принцип үстем болды – қайткен күнде де, қандай сапада болса да астық. Тек 1992 жылы ғана астықтың орташа шығымдылығы ең жоғарғы деңгейде болды – гектарына 14,8 центнерден келеді. Осы 40 жылдың тек 13 жылында ғана көрсеткіш 10 центнерден асты. Әлемдегі бірде-бір ел өз ауыл шаруашылығында мұндай деңгейдегі шығынды көрген емес. Ол баяғыда-ақ банкротқа ұшыраған болар еді. <...>*

Біздің агроөнеркәсіп кешеніміз қазір ең қиын уақытты бастан өткеріп жатқанын да өзіміз айқын сезінеміз. Бұл тың стратегиясы мен тактикасындағы және эконо-

*микадағы өзгерістер үрдісінің объективті дамуындағы жаңсақтықтардың нәтижесі еді. Әрине, біз дағдарыстар ахуалынан шығу жолдарын үнемі іздейміз және табамыз да: бірақ ауылдық тауар өндірушілердің тек тиімді жұмыс істейтіндеріне мемлекеттің берген қаржысын қайтара алатындарға ғана барынша көмектесетін боламыз. Үнемі шығынға батқан кәсіпорындарды өз мойнында ұстауға мемлекеттің мүмкіндігі де, ықыласы да жоқ».*

**Республиканың агроөнеркәсіп кешені  
қызметкерлері мен қоғамдық өкілдердің салтанат-  
ты жиынында сөйлеген сөзінен, 1994 жыл**

1994–1996 жылдар ауыл шаруашылығындағы ең дағдарысты кезең болды, оған бағаның теңсіздігі деп аталатын жағдай негізгі себеп болды. Мемлекет энергия қуаттарына, өнеркәсіп тауарлары мен басқа да қызмет түрлеріне бағаны «босатып» жіберді (ырықтандырды). Негізгі тағамдық азық-түліктерге бағаның күрт өсуін болдырмау үшін мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын әлі де іркіп ұстап тұрды. Өз өнімдерін әлі белгіленген мемлекеттік баға бойынша өткізіп келген шаруашылықтар бұл жағдайда өндірістің айналым қаражатын енді нарықтық баға бойынша алуға мәжбүр болды. Баспа-бас айырбас жаппай етек алды. Өз өнімін сыртқы нарықта өткеру мүмкіндігі тек аздаған өндірушілерде ғана болды, сонымен қатар көп жағдайда бұлай өткеру ұшырады, бір немесе бірнеше делдал жүруі қажет болды.

Барлық қиындықтарға қарамастан нарық ережесі бойынша жұмыс істеуге тырысқан белсенді фермерлермен арада болған көптеген кездесулер, жаңа экономикалық жағдайға сәйкес аграрлық реформалар жүргізу қажеттігіне менің көзімді жеткізді. Экономиканың аграрлық секторында жаңа қатынастардың қалыптасуы, сондай-ақ жерді тиімді пайдаланбау тенденциясының күшеюі жерге меншік

иесінің мәртебесін айқындау және жаңа жер қатынастарын қалыптастыру қажеттігі туралы мәселені алға тартты. Басқаша айтқанда, нақты меншік иесі – өзіне жауапкершілік алып шешім қабылдайтын негізгі экономикалық агент кім болуы керек, соны айқындап алмайынша пәрменді нарықтық тетікті жасауға болмайтын еді. Және, ең алдымен, мұның өзі ауыл шаруашылығындағы негізгі құрал ретінде жерге қатысты болды.

Алайда реформаның алғашқы жылдары жерге жеке меншік құқығын енгізу қажеттігі туралы бір ауызды пікір болмады. Ол былай тұрсын, тұрғындардың басым көпшілігі жерге мемлекеттік иелікті жекелеген адамдардың қолына берудің заңдылығын принципті түрде теріске шығарды. Респубикада жерге жеке меншік институтының қалыптасуына қазақстандықтардың көпшілігінің мұндай көзқараста болуы, ең алдымен, ауыл тұрғындарының жаңа нарықтық қатынастарға бейімделу деңгейінің төмендігінен еді. Адамдар тек әлі нарықтық жағдайда өмір сүруді, ең бастысы, жаңаша ойлауды бастамаған еді.

Сондай-ақ тарихи фактор да айтарлықтай маңызды рөл ойнады. Қазақстан тарихында жерге жеке меншікті іс жүзінде толықтай жоққа шығарған қауымдық (рулық) жер пайдалану белең алған кез болған. Әрбір ру өз жерінің аумағында көшіп-қонған, ал оның шекарасын тікелей ешкім де өзгерте алмаған. Кейінде, патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалары жер мемлекет меншігінде болады деген ережені бекітті, онда бұл жерлердің ауыл-ауылдың пайдалануына берілетіндігі айтылды. Ақырында, дәл осы заңдық актілердің негізінде патша үкіметі Қазақстандағы барлық жерлерге өз билігін жүргізді. Мысалы, Бөкей ордасына Еділ мен Жайық өзендерінің аралығындағы жер бөлінді де, оның ең шұрайлы өңірлері казактардың қауымдастығына бекітіліп берілді. Демек,

бізде іс жүзінде ешқашан жерге жеке меншік деген толық мағынасындағы түсінік болған жоқ. Біздің жеріміз әрдайым не рудың, не патшалық Ресей, не Кеңес Одағы, ақыр соңы Қазақстан Республикасы мемлекеттерінің меншігі болып келді.

Осындай тарихи көрініспен қатар, Қазақстанда жер реформасының бірқатар мықты ерекшеліктері болды. Ең алдымен, жерге жеке меншікті енгізу туралы мәселенің күрделілігі және ол жөнінде бірыңғай қоғамдық пікірдің болмауы себепті, ауыл шаруашылығын реформалау, тегінде, барлық өткен жылдардан қазіргі кезге шейін созылып келді. Адамдар жерді жеке қолдарға беруге дайын болмады, ал онсыз бүкіл ауыл шаруашылығын қандай да бір мағынада және түпкілікті реформалау туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін емес еді. Сондықтан барлық басқадай салалардан оның айырмашылығы – бір жерде уақыт бізді тықсырып асықтырып, енді бір жерлерде біздің алдымызға түсіп алып озық жүрсе, ал ауыл шаруашылығында біз реформаны мұндай «жанып-күйіп бара жатқан уақытпен» шектемедік.

Ауыл шаруашылығы мемлекеттің қолдауынсыз күн көре алмайтынын мойындай отырып, біз, сол жылдарда жария етілген нарықтық экономиканы құру мен жекешелендіру бағытына қарамастан, жерге жеке меншік туралы мәселені кейінге қалдырып, жартылай шаралармен және өтпелі кезең моделдерімен ғана шектелдік. Десек те, біздің алдымыздан бой көрсетіп шыққан, мысалы, өнеркәсіптегі проблемалар, ауыл шаруашылығында да зәру күйінде қала берді. Мемлекеттік мүліктің жаппай тонау мен талан-таражға салынуы, бұған қоса азық-түлік тағамдары бағасының күрт төмендеп кетуі бүкіл елімізде аграрлық және азық-түлік секторын аянышты халге жеткізді. Қаңыраған дүкен сөрелері, азық-түлік тағамдарының тапшылығы және т.б. аға ұрпақ есінде ұмытылмастай болып сақталып қалды.

Әйтсе де, біздің асығыстық жасауымызға болмады. Ауыл шаруашылығы реформасының табысты болуы оның орындалу мерзімінен маңыздырақ болды. Халқының 40%-ынан астамы ауыл тұрғындары саналатын біздің республикамыз үшін аграрлық секторды реформалаудың тек экономикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік бағыттылығы да болды. Өйткені барлық гектарлар, сүт өндірулер мен малдың күйлілігін арттыру деген ұғымдар атаулының ар жағында тек кеңшарлар мен ұжымшарлар ғана емес, ең алдымен, ауылдық жерлердің тұрғындары бар еді, ал олар нарықтық реформаларға әлі әзір емес еді, демек, әлеуметтік тұрғыдан өте әлсіз еді.

Біздің алдымызда екі түрлі мәселе тұрды: біріншіден, ауыл мемлекеттің қолдауына өте мұқтаж, екіншіден, мемлекеттік қаржыға арқа сүйеген ауыл шаруашылығымыз ешқашан бәсекеге қабілетті бола алмайды. Осындай пайымдауларды негізге ала отырып, жаңағы екі мәселені бірдей ескеретін даму жолын таңдап алу қажет болды.

Ал әзірге ауыл тұрғындары нарықтық қайта құрулардан тыс қалып келді. Сонымен бірге ауылда түбегейлі нарықтық қайта құрулардың қажеттілігі барған сайын айқындала түсті. Дегенмен, шет елдердің тарихи тәжірибесі көрсеткендей, көптеген елдердің табысты экономикалық дамуы жер реформаларын жүргізу мен аграрлық секторды дамытудан басталған. Батыс Еуропа, Солтүстік Америка және Австралия елдері осы жолмен жүріп өтті. Ал енді бізге даму үлгісі жағынан өте жақын Шығыс Еуропа елдеріне келсек, Венгрияда жердің негізгі бөлігі жеке меншік иелігіне 1989 жылдан бастап берілді. Сол жылы жерге жеке меншік құқығы Польшада заң жүзінде бекіді. 1990 жылы Румынияда қабылданған аграрлық реформалау бағдарламасы еркін шаруашылық жүргізу түрін таңдауға, жерді пайдалану мен билік етуге құқығы бар тиімді жер иеленушілердің кең жүйелі тобын қалыптастыруға

бағытталды. Жерді сату-сатып алу заң жүзінде бекітілді. Сондай-ақ Чех республикасында да 1989 жылдан кейін жерге жеке меншік институты енгізілді.

Осы жер реформаларының барлығы да табысты болды және аталмыш елдер экономикасының дамуына түрткі болды. Алайда, әділдік үшін айтуымыз керек, барлық Шығыс Еуропа елдерінде іс жүзінде жерге жеке меншік шектеулі мөлшерде болса да социалистік басқару уақытында да болған. Ал оларда жерге жеке меншік институты Кеңес Одағы құрылғаннан көп бұрын пайда болған-ды. Одақтас республикалардың бірі ретінде Қазақстанда жер толықтай мемлекеттің иелігінде болды. Оның үстіне, біздің ауыл шаруашылығымыз өзінің таза кеңестік құлаш сермеуімен және тепе-теңдігі жоқтығымен ерекшеленген. Яғни, жоғарыда аталған елдердің моделі, жалпы ахуалы жақын болғанына қарамастан, бізде қолдануға келмейтін еді. Иә, тұтастай алғанда, Қазақстан – ол Эстония да, Чехия да емес, олар хуторлық жер шаруашылығы деп аталатын тарихи дамуды бастан өткерген. Қазақстан өзінің табиғи-климат жағдайы бойынша егін шаруашылығына онша қолайлы емес, тәуекелді аймаққа жатады. Мұнда құрғақшылық, көктемгі бозқырау жиі болып тұрады, мұның өзі агротехникалық дақылдардың өнімділігіне кері әсерін тигізеді. Көптеген сарапшылар мен ғалымдардың айтуынша, осы себептерге байланысты Қазақстанда жерді өңдеу мен еңбектің тек ұжымдық түрлері ғана мүмкін делінді. Олай болса, жерге жеке меншік иесін анықтау да өзінің алғашқы мағынасын жоғалтады-мыс. Мен мұндай көзқараспен толықтай келісемін немесе толықтай келіспеймін деп айта алмаймын. Бір ғана айтарым, тіпті ұжымдық еңбек түрі де – кім не істейді және кімге не тиесілі деген нақты түсінікке құрылуы керек. Ұжымшылдықтың негізгі кемшілігі, яғни күні бүгінге дейін бұрынғы көптеген кеңшарлар мен ұжымшарлардың күнәға батып келе жатқанының себебі: жеке

бастың жауапкершілігінің жоқтығы, бізден басқаның бәрі кінәлі деушілікте. Кім шешім қабылдауы керек? Кім жауапты болуы тиіс? Әрине, жер меншігінің иесі, өйткені жер – бар байлықтың түп негізі. Тіпті, қашан да бір белсенді фермер пайда болып, бір нәрсеге сол ұмтылса және барлық жұмысты сол ұйымдастырса, халық ескі түсінігі бойынша барлық шаруаны, бүкіл жауапкершілікті соған артатын және барлық нәтижені содан күтетін. Егер де ол сізді алдаса, сол алдауға жол берген өзіңіз кінәлісіз. Осыны түсінетін уақыт жетті ғой.

Сонда бізге қандай ауыл шаруашылығы қажет? Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражатпен ғана өмір сүріп, тек әлеуметтік қызмет қана атқаратын ауыл шаруашылығы ма? Әлде, нарықтық экономиканың қатал заңы бойынша өмір сүріп, кейде тек ең бәсекеге қабілеттісі ғана аман қалатын ауыл шаруашылығы ма?

Осы сұрақтарды алдымызға қоя келіп, біз бұл екеуінің бірде-біреуі де таза жеке күйінде біздің қолдануымызға жарамайды деген қорытындыға келдік.

Сол кезеңде өзіміздегі бар тарихи тәжірибеге, сондай-ақ шет елдер тәжірибесіне сүйене отырып, біз өзіміздікі деген бір аралас түр жасау қажет болды. Мұндай септесудің нәтижесінде ауылдық аймақтардың, бір жағынан, әлеуметтік салалары мен экономикалық реформаларды мемлекет қолдап отыратын, екінші жағынан, тыңғылықты дамытылған, сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы болуы керек.

Былайша айтқанда, біз ауылды мемлекеттік қолдаудан бас тартпаймыз. Шынында, ол ауылдың әлеуметтік саласына: білім беруге, денсаулық сақтауға, ауыл тұрғындарының мәдени демалысына, сондай-ақ ауылды көріктендіру мен олардың инфрақұрылымына қатысты инвестицияға топтастыру керек болды. Қандай да бір табысы мол фермердің өздігінен ауызсу проблемасын шешуге немесе бір өзі жаңа трассалар мен жолдар салуға шамасы жетпейтініне, әрине,

келісесіздер. Ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер өз проблемасын өздері шешетін, өз пайдасын және басқасын таба алатын дербес экономикалық агенттер дәрежесіне көтерілуі керек. Ауыл шаруашылығы да – өнеркәсіп, тасымал және энергетика секілді экономиканың саласы. Оның өз тауары, өз ерекшелігі және өз артықшылығы бар, демек, бәсекеге қабілетті және табысты болуына мүмкіндігі бар. Экономиканың аграрлық секторын реформалаудың барлық кезеңі аталған мақсатқа жетуге бағытталған еді. Экономиканы жүйелі реформалаудың тәжірибесі болмағандықтан, біз бұл істе бірте-бірте, көбінесе сынақтар пен қателіктер арқылы жүрдік.

## ЖЕР РЕФОРМАСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ, 1991–1994 ЖЫЛДАР

Жерге жеке меншік – бұл нарықтық экономиканың жұмыс істеуінің міндетті бір шарты. Мен бұл пікірді өзімнің сансыз көп сөздерімде талай айттым, әлі де айта беремін. Меншіктің принциптік маңызы бар, өйткені ол тұрақтылық пен сенімділік әкеледі. Кімге не тиесілі деген сұрақтың жауабына келгенде күмәнданатын қоғам ұзақ уақыт табысты түрде дамуға үміт арта алмайды. Оның үстіне, жеке меншік адамның өзін-өзі қожайын ретінде сезінуін қалыптастырады және жекелеген бизнесті инвестициялау үшін кепілдік береді.

Екінші жағынан, 1991–1994 жылдары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншікті енгізу көпшілік ауыл тұрғындарының өз жерлеріне билік етуге дайын болмауы жағдайында келеңсіз зардаптарға ұшырауы мүмкін еді. Өйткені өз мүлкіне ебін тауып билік ету үшін оның шынайы құндылығын білу қажет және оны біліктілікпен пайдалану керек.

Біз жерге жеке меншікті енгізуге тікелей көшуді бірден жасай алмадық. Жер реформасының бастапқы кезеңінде ауыл



шаруашылығында тұрақты экономикалық қарым-қатынас болмады, ауыл шаруашылығы өндірісінің табыстылығы күрт төмендеп кетті, сондай-ақ жердің нақты бағасы болмады. Мұның бәрі ауыл тұрғындарын өздерінің жер телімдерін сатып жіберу туралы ойластырылмаған шешімдер қабылдауына итермелеп, кейіннен олардың көбі осы ісіне өкінген болар еді. Нәтижесінде мұндай реформа тағы да үлкен дағдарысқа, ең алдымен, әлеуметтік дағдарысқа әкелген болар еді.

Реформаны дайындай отырып, біз, әрине, кеңестік Жер кодексі жер қатынастарындағы қоғамдық қажеттерді қанағаттандыра алмайды деген қорытындыға келдік. 1991 жылдың маусымында қабылданған «Жер реформасы туралы» Заң жерде әртүрлі шаруашылық нысандарының тиімді жұмыс істеуі үшін экономикалық және құқықтық жағдайларды жасауға тиіс еді. Сонымен қатар бұл заң жеке меншік институтын енгізген жоқ. Ол, ең дұрысы, аграрлық сектордағы дағдарысты ахуалды жою үшін жағдай жасады. Аталмыш заңның өтпелі сипаты бар екенін бәріміз де түсіндік. Ауыл шаруашылығында жер қатынастары бұрынғысынша мемлекеттің жерді жалға беруіне негіздей құрылды.

Аталмыш заңның негізгі бағыттары жерді неғұрлым тиімді пайдалану үшін оны кейініректе қайта бөлу мақсатында арнайы жер қорын құру, ауылдық елді мекендердің шекарасын белгілеу, жер телімдерін пайдалану құқығын беретін құжаттарды хаттау және қайта хаттау болды.

Егер ауыл шаруашылығы өндірісінде меншік түрінің өзгеруі мемлекеттіктен ұжымдыққа, сонан соң – дербестендірілген, жеке меншікке қарай жүрсе, ал ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа салаларында (қызмет көрсету, өңдеуші, жабдықтаушы және т.б.) бұл үрдіс ірі мемлекеттік акционерлік қоғамдар (МАҚ) құру арқылы жүрді, кейін олар жеке иелікке көшті. Сөйтіп, меншік түрінің өзгеруі аз тиімділіктен жоғары тиімділікке қарай кезең-кезеңімен жүрді.

Жер реформасының динамикасында да осындай сатылар бар. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер үшін ол ауыл тұрғындарына шартты түрдегі жер үлестерін таратып беруден басталып, 2003 жылғы Жер кодексінде жазылған жеке меншікті енгізумен аяқталды.

90-шы жылдардың басында қабылданған базалық заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер ауыл шаруашылығында жерді мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде кең көлемді жұмыстарды бастауға мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, агроөнеркәсіп секторындағы реформамен қатар мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарлама қабылданды. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендірудің бірінші кезеңінде оларды ұжымдық кәсіпорындар етіп қайта құру жүзеге асырылды. Осындай тәсілмен республика бойынша 472 кеңшар жекешелендірілді. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін еңбек ұжымдарының мүшелеріне мүліктік жарналар арқылы бөліп беру іске асты да, ол жекешелендіру куәліктермен расталды. Айта кету керек, тұрақты жұмыс істейтін ірі кеңшарлардың тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында, 20 жыл басшылық жұмыс стажы бар бірінші басшыларына аталмыш шаруашылықтың мүліктік жарнасының 10%-ы біржолата меншігіне және басқаруға 10%-ы тағы 5 жылға берілді. Шаруашылық қызметінде тиімді нәтижелерге жеткен жағдайда бес жылдан кейін мүліктік жарнаның бұл бөлігі олардың меншігінде қалдырылды. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік базасын сақтау мәселесі қаншалықты маңызды болғанымен, оның негізі бәрібір жер болды. Бірақ та кеңшарлар мен ұжымшарлардың жекешелендірілген жерлері кімге қалатын болады, жердің сапасын, оның құнарлылығын сақтау туралы қамқорлықты шынында кім жасай алады, жерді беру қандай түрде жүргізілуі тиіс? Міне, осындай маңызды сұрақтар маған маза бермеді,

мен әрдайым соларға оралып соғып отырдым. Жердің нағыз, ыждағатты, жаны ауырып сүйетін, іскер иесін табу керектігі түсінікті болды.

Әрбір ауыл тұрғынына шартты жер үлесін бөліп беруге шешім қабылданды. Ұсынылған шартты жер үлесінің мөлшері орташа жер үлесімен айқындалып, оны әрбір нақты шаруашылықтың еңбек ұжымы тағайындайтын, сонсоң, ауданның атқарушы органы бекітетін болады. Орташа жер үлестерін айқындағанда, елді мекендердің аумағына және аудандық атқарушы органның жер қорына жатқызылған алқаптарды алып тастағандағы шаруашылықтың ауыл шаруашылығында пайдаланылатын барлық жерлері ескерілді.

Республика бойынша жекешелендірудің екінші кезеңінде (1993–1995 жылдар), тұтастай алғанда, 1490 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жекешелендірілді. Шартты жер үлестері мен мүліктік жарналар иелерінің ерікті түрде бірігуі арқылы заңды тұлға құқығымен мүлікке жеке меншікке негізделген шағын кәсіпорындарды, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін, шаруа қожалықтары мен олардың бірлестіктерін құруына құқығы болды.

Бұл шаралар ауыл шаруашылығы ұйымдары мүшелерінің жерде шаруашылық жүргізу түрін ерікті түрде еркін таңдай алуына жағдай туғызды. Барлық ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметкерлерінің шартты жер үлестерінің мөлшерін анықтау жөніндегі жұмыстар 1993–1994 жылдары жүргізілді. 1995 жылдан бастап реформаланған және қайта құрылған шаруашылықтар қызметкерлерінің шартты жер үлесіне құқығы туралы куәліктерді толтыру және үлестіріп беру іске асырылды.

Сонымен қатар тағы бір келісімсіз жағдай пайда болды. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіргеннен кейін ортадағы жердің иесі де өзгеруі керек еді ғой. Алайда сонымен бірге 1993 жылғы Конституция бойынша жерге мемлекеттік меншіктің ерекше

құқығы болғандықтан бұл телімдерді жекешелендірілген нысандардың иелеріне үлестіруге мүмкіндік бермеді.

Яғни, бір жағынан алғанда, былайша болды: біз ауылды реформалауды бастап, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жөнінде белгілі бір нәтижелерге жеттік. Бірақ бұл мүлікті одан әрі қарайғы тиімді пайдалану, оны жаңғырту үшін инвестициялауды жүзеге асыруға келгенде, жер мәселесінің шешілмеуіне байланысты инвесторлар күмәнданатын болды. Егер егін егіп, дән себетін жер болмаса, трактор мен тұқым сепкіштер сатып алудың қандай мағынасы бар? Осының бәріне қоса, бұл шаралар бәрібір біздің кең-байтақ және бір кезде жақсы дамытылған ауыл шаруашылығымызды құтқара алмайтын еді. Ол біздің көз алдымызда қиратылмай, әлі күнге осыдан ақырына дейін оңала алмай келе жатқан.

Қорыта келгенде мынаны айту керек: 1992 жылы Еуропалық қоғамдастық комиссияның тапсыруы бойынша Біріккен Ұлттардың Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдары бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде азық-түлік жағдайына зерттеулер жүргізді. Комиссия алынған нәтижелерді сараптай келіп, бұл елдердегі азық-түлік жағдайын бағалау үшін жауап беретін ұйымдардың жұмысындағы жалпы кемшіліктерді атап көрсетті. Бұл кемшіліктер нақты өнім тепе-теңдігінің болмауынан туған. Ол тепе-теңдік бүкіл әлемдегі сияқты бір орақтан екінші ораққа дейін емес, күнтізбелік негізде – қаңтардан қаңтарға дейін жасалған. Мұндай сәйкессіздік, бұрынғы Одақтың басқа республикалары секілді, Қазақстанда да: қаншалықты және қандай азық-түлікті шетке сатуға және оның қандай бөлігін сырттан әкелуге болатынын білмеушілікке әкеліп соққан.

Комиссия аймақтағы азық-түлік жағдайына талдау жасай келіп, Қазақстан Орталық Азияның басқа елдеріне қарағанда тұрғындарды тағамдық өнімдермен қамтамасыз ету жөнінде айтарлықтай орнықты жағдаймен ерекшеленетінін атап өтті.

Тексеру кезінде Қазақстан ТМД елдерінің ішінде азық-түліктің және, бірінші кезекте, астықтың молшылығы бар бірден-бір республика болып шықты.

Жинақталған барлық келеңсіздіктерге қарамастан, біз табанымыз тайғақ болса да, ауыл шаруашылығының одан әрі қарайғы құрылуы мен реформалануы үшін нақты айқындалған жолды сезіндік. 1991 жылғы «Жер реформасы туралы» «өтпелі» Заң ауылда меншікке қатысты проблеманы уақытша шешуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру алғашқы фермерлік және шаруа қожалықтарын қалыптастыру үрдісін жүргізуге жағдай туғызды. Алайда бұл нәтижелер тұтастай ауыл шаруашылығының кері кетуін тоқтатпады және ауылдың ұзақ мерзімді дамуының кепілі бола алмады. Оқиғаның уақыты мен қисыны одан ары қарайғы қайта жаңаруларды талап етті.

### ЖЕР РЕФОРМАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ БАНКРОТҚА ҰШЫРАҒАН МЕЗГІЛІ, 1994–2001 ЖЫЛДАР

Жер реформасының екінші кезеңі жер қатынастарын жетілдіру мәселелері жөнінде 1994 жылы Президенттің екі бірдей заң күші бар Жарлықтарына (24.01.94 ж. және 05.04.94 ж.) қол қоюымен басталғанын айтуға болады. Осы жарлықтарға сәйкес жер пайдалану құқығы енді азаматтық-құқықтық ымыраның мәселесіне айналды. Аталмыш Жарлықтар сондай-ақ өзінше өтпелі кезеңнің актілері болды және жерге мемлекеттік меншіктің ерекше құқығын сақтады. Алайда бұл Жарлықтардың негізінде жер телімдеріне иелік ету құқығын сату-сатып алу, жерді пайдалану және жалға беру тәртібі бекітілді. Біз әлі жерге жеке меншікті енгізумен тұрғындарды таң қалдыра алмадық, сондықтан да жерге меншік оған иелік ету құқығына ие болумен алмастырылды. Іс жүзінде осы кезеңнен жерге жеке иелік ету және жер

нарығының алғашқы белгілерінің қалыптасуы басталды. Жерге иелік ету құқығын ақы төлеу негізінде алу мүмкіндігі пайда болды, оның, іс жүзінде, жерге жеке меншік құқығынан айырмашылығы аз болды.

Жекешелендірілген нысандардың меншік иелері жер құқығын ала бастады және мемлекет тарапынан ешқандай рұқсатсыз оған еркін билік жүргізді. ТМД елдерінің арасында жер заңнамалары тарихында тұңғыш рет жаңа институт – жер құқығына билік ету институты пайда болды. Азаматтық айналымға жер учаскелерінің өздері емес, соған өмір бойы мұрагерлік жолмен иелік ету құқығы, жерді пайдалану құқығы мен жерді жалға беру құқығы енгізілді. Ол кезде осы заңнамалық жаңалықтардың барлығына қоғамдық пікір пәлендей ілтипат білдіре қойған жоқ, қайта мұның өзі жерді саудаға салғандық, конституциялық ережелерді бұзғандық деген пікірлер айтылып жатты.

Өткенге қарайлай отырып, біз бұл құқықтық актілер өте маңызды болғанын көреміз. Өйткені дәл сол кезде жер заңнамаларының нарықтық экономикаға бет бұруы басталды, атап айтқанда, олар қабылданғаннан кейін жер нарығының алғашқы белгілері пайда болды, жердің нарықтық құнының қалыптасуы басталды.

Мен мынадай ойды әлденеше рет айтып ескерттім: жерге меншік мәртебесін айқындау тек экономикалық тиімділігімен ғана емес, Қазақстан халықтары мүдделерінің, салт-дәстүрлерінің, адамдар тағдырлары мен келешек ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершіліктерінің сақталуын талап етеді. Сондықтан түпкілікті шешімді қабылдау үшін қоғамның барлық қалауы мен пікірінің жиынтығын тыңдау қажет болды.

Қазақстанда жерге жеке меншікті енгізу туралы идеялар, іс жүзінде, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап айтылумен болды. Бірақ реформалаудың алғашқы жылдары жерге жеке меншік құқығын заңды түрде бекіту бірқатар себептерден мүмкін болмады.

Жоғарыда айтып ескерткенімдей, жердің жаңа иесін таңдаудың түйінді мақсаты жер пайдалану тиімділігін арттыру болып табылды. Жаңа нарықтық қатынастарға көшу жағдайында жерді меншіктенушілердің мойнына салмақты проблемалар жүктелді. Олар өндірісті дербес жүргізуге, ал оның табыстылығы тек меншік иесінің тек иелік етуіне ғана емес, оның іскерлігіне, жерді меңгере білуіне байланысты еді.

Мемлекет, өз кезегінде, жерге жеке меншікті енгізу үшін тиісті институттарды (жерді меншіктенушілерді тіркеу қызметі, жер телімдерінің бағасын анықтау және т.б.) құруы керек болды. Жерге жеке меншікті енгізу туралы түпкілікті шешімді қабылдау қалыптасқан ахуалды, әсіресе мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру мен олардың мүлкін таратудың ерекшелігін ескере отырып, оны жеке адамдардың қолына берудің мұқият жасалған тетігі болуын талап еттім. Сірә, бұл арада «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген ескі мәтел өзін толық мағынасында көрсете білді. 1995 жылға дейін жердің тек қана мемлекет иелігінде болып келуі әбден заңды еді. 1995 жылы бүкілхалықтық референдуммен қабылданған еліміздің Конституциясы, біздің тарихымызда тұңғыш рет, Қазақстанда жер мемлекет меншігінде де, жеке меншікте де болатынын айқындады.

*«1-бөлім «Жалпы ережелер», 6-бап.*

*3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде, жеке меншікте де болуы мүмкін».*

**Қазақстан Республикасының Конституциясы.  
1995 жылдың 30 тамызында  
жалпыреспубликалық референдумда  
қабылданған**

Бұл ережелер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын тағайындаушы заңнамалық актілердің туындауына мүмкіндік жасады. Бұл мәселе бойынша Парламентке ұсынылған бастапқы Заң жобасы өтпеді. Ол ұзақ талқыланды. Бірауыздылық болмады. Тіпті, құнарлы жерлерге қандай ұлттың адамдары иелік ете алады, ал қайсысы иелік ете алмайды дегенге дейін бардық. Бұл жерде талас, негізінен, басқа республикалардың адамдары келіп жұмыс істеген тың жерлер туралы болды. Мен ол кезде кесімді пікір айтқан жоқпын. Бірақ жердің жеке меншікке берілуін нығарлап айттым.

1995 жылдың желтоқсанында «Жер туралы» Жарлықты жарияладым, сөйтіп жаңа жер қатынастары заң жүзінде айқындалды. Республиканың мемлекеттік емес заңды тұлғалары мен азаматтарына жеке қосалқы шаруашылығын, бау-бақшасы мен саяжай құрылысын, сондай-ақ өндірістік және өндірістік емес құрылыстарын, соның ішінде тұрғын үй ғимаратын, тағы басқа ғимараттары мен олардың кешенді құрылыстарын, бұларға қоса оларға қызмет көрсету үшін арналған жерлердің жұмыстарын жүргізуге қажетті жер телімдерін жеке меншік иелікке беру мүмкіндігі мойындалды. Сонымен бірге аталмыш Жарлыққа сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, сондай-ақ қорғаныс мақсатындағы, орман және су қорларындағы, ерекше күзетілетін аумақтардағы, арнайы экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, демалыс және емдеу-сауықтыру мақсаттарындағы, елді мекендердегі жалпы пайдаланымдағы жер телімдері жеке меншік иелігіне берілмейтін болды.

Жарлық тағы да ымырашылдық сипатта болды, себебі оның ережелері ауыл шаруашылығы жерлеріне жеке меншік құқығын енгізуге шектеулерді бекітті. 1995 жылы, ауыл шаруашылығы экономиканың ең пайдасыз саласы болған (ауыл шаруашылығы өнімдерін де өткізу шығындарының



деңгейі 17,9%, өсімдік шаруашылығы өнімдерінде – 2,9%, мал шаруашылығында – 30,7% болды) және ауыл тұрғындарының төлем қабілеті төмендеген кездерде, жеке меншікті енгізу республикада азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты қиындықтар тудыруы мүмкін еді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясында мен бүгінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жұмыс істейтін біздің азаматтарда қаржының жоқтығы кезінде, оны жаппай сатып алу мен қайта сатуды беталды қоя беру – осы адамдарды тақыр-таза тонау, оларды жалшылық жұмысқа мәжбүр ету болатынын атап ескерттім. Әлі меншік иесі екенін сезініп, меншік құқығының құндылығын терең түсіне қоймаған адамдар тез пайда таба қоюға асығып, өз жерлерін сатып жіберуі мүмкін еді. Немесе сырттан тартылған капиталмен бәсекелесе алмайтын еді. Ал сонан кейін өз жерлерін сатып алғандарға жалданып барып жұмыс істеуге мәжбүр болар еді. Біздің қоғам әлі де жерге жеке меншікті жаппай енгізуге дайын емес еді.

Жекешелендірудің үшінші кезеңінде (1996–1997 жылдар) республикада 162 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жекешелендірілді. Мүліктік жарналар мен шартты жер үлестері иелерінің оларды сатуға немесе жалға беруге құқығы болды. Алайда ауыл шаруашылығы мемлекеттік қолдаудың күрт қысқаруы жағдайында да жоспарлы экономика жылдарындағы ескі жоба бойынша жұмыс істей берді. Бұрынғы ұжымшарлар мен кеңшарлардың көптеген қызметкерлері шартты жер үлесі құқығын иеленіп, мүліктік жарнаны тегін алғанымен, ақпараттың жетімсіздігі мен дәстүрлі кертартпалықтан болып жатқан өзгерістердің мәнін жете түсінбеді және бұл меншікке барынша тиімді билік ете алмады. Жергілікті биліктің қолғабыс тигізуімен бұрынғы ұжымшарлар мен кеңшарлардың директорлары («қызыл директорлар» аталатын) құрған өндірістік кооперативтердің

басым бөлігі өздерінің негізгі және айналымдағы қаражатынан тез арада айырылып қалды. Олар өздеріне тиесілі ұқсатушы, қызмет көрсетуші ұйымдардың акцияларын тіпті арзан бағаға сатып жіберді: бұл жағдай ауыл шаруашылығы өндірушілерін оны басқаруға қатыстыру идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Олар жерге және өндірген өнімдеріне әрдайым тиімді билік ете алмады. Тіпті мұндай шаруашылық басшылары астықтың тоннасын 20-30 АҚШ долларына сатқан келеңсіз жағдайлар да болды.

Бұдан басқа, бағаның құнсыздануы, «жабайы баспа-бас айырбастың» кең қанат жаюы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығының тарылуы жағдайында шаруашылықтардың қарызы көбейіп кетті. 1998 жылдың басына қарай аталмыш саланың қарызы 120 млрд теңгеге жетті. Ауыл шаруашылығы инвесторлар үшін өте тартымсыз болды.

90-шы жылдардың соңында ел экономикасының ауыл шаруашылығы өндірісіндегі инвестицияның үлесі 0,4 % төмендеді. Өнімді өткізу мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жабдықтаудың қалыптасқан жүйесінің бұзылуы, өз кезегінде, астық, ет, көкөніс және басқадай ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізудің ең ірі арналарын жоғалтуға апарып соқты.

Ішкі рынокты қорғау жүйесінің жоқтығы отандық тауарларды ығыстырып, шетелдік өнімдердің ағылуына жол ашты, мұның өзі өндірістің құлдырауына қосымша себеп болды. Қалыптасқан ахуал реформаланған шаруашылықтарды жекешелендіруден кейінгі кезеңде қолдауды, нарық жағдайында ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің қалыптасуына ықпал ететін мемлекеттік қолдау жүйесін жасауды қамтамасыз етудің кезек күттірмейтін шаралар кешенін қабылдауды талап етті.

Сонымен қатар, егер 1998 жылы мемлекеттің көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын банкроттау үрдісін

тиімді өткізгеніне тоқталып өтпесек, жер мәселесінің тарихы толық болмас еді. Сол кезеңде бұл ең бір дұрыс шешім болды. Жүргізілген жұмыстардың мәні мен мағынасы ауыл шаруашылығы құрылымдарын қордаланған қарыздардан құтқаруға келіп тірелді. Бұл бізге банкроттау шараларын жүргізу арқылы ауыл шаруашылығын қайыры жоқ қарыз иелерінен «тазалауға», соған сәйкес олардың орнына жаңа меншік иелерін әкелуге мүмкіндік берді.

Соған қоса, ауыл шаруашылығы саласының қаржы жағдайын нығайту мақсатында, 1998 жылдан республикада қарызын өтеуге дәрменсіз ауыл шаруашылығы құрылымдарын, оларға банкроттау шарасын қолдану арқылы қаржылай оңалту мен сауықтыру үрдісі басталды. Осыған орай арнайы республикалық ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды: ол жасалған ұсыныс нұсқауларға сәйкес әр он күн сайын Қазақстан Республикасы Үкіметіне ауыл шаруашылығын қаржылай оңалту мен сауықтыру үрдісінің өткізілуі туралы ақпараттар беріп отырды.

Республиканың барлық шаруашылықтары үш топқа бөлінді. Бірінші топ – тұрақты экономикалық және қаржы көрсеткіштері бар рентабельді жұмыс істейтін шаруашылықтар. Екінші топ – қаржылай сауықтыру шараларын жүзеге асыру арқылы қаржылық қауқарға ие болатын шаруашылықтар.

Ақыры, үшінші топқа банкроттау алдындағы шараларды жүргізгеннен кейін, банкроттауға ұшыратуды қажет ететін шаруашылықтар жататын болды.

Банкроттауды классикалық үлгісінде қолдану шаруашылықтардың өз активтерінен түгел айырылуына және ауыл тұрғындарының мүлде құр қол қалуына алып келетіні түсінікті еді. Сондықтан жергілікті жерлерде банкроттауды жүргізгенге дейін банкроттау алдындағы шаралар жүргізілді. Мысалы, іс жүзіндегі заңдылықтар шеңберінде дәрменсіз шаруашылықтардың өндірістік және технологиялық

үрдістерінің негізін құрайтын өндірістің негізгі қорлары еңбек ұжымдары мүшелерінің жалақысын төлеу бойынша, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін енгізуге мүдделі негізгі несие алушылардың қарыздарын жабу есебінде таратып жіберілді. Өндірістің негізгі қорларын алған еңбек ұжымдарының мүшелері өздерінің шартты жер үлестерімен дәрменсіз шаруашылықтардан шығып, жоғарыда аталған негізгі несие алушылармен бірге ешқандай қарызбенен былықпаған жаңа шаруашылық субъектілерін құрды, сөйтіп таза орында жаңадан жұмыс істеуді бастады. Ал өтімсіз активтермен және орасан зор қарыздармен қалған дәрменсіз шаруашылықтар банкротқа ұшырады.

Дәрменсіз шаруашылық субъектілеріне банкроттауды жүргізу кезінде несие алушылардың үлкен бөлігі қанағаттанғысыз болып қалды, әрине, қарыздары алынып тасталды.

1998 жылдан 2001 жылға шейін аграрлық секторда реформаны жүргізу уақытында 2284 шаруашылық банкрот деп жарияланды, ал 2001 жылдың басына қарай солардан 1981 шаруашылық (87%), соның ішінде 1574-і – сот тәртібімен, 407-і – сот тәртібінсіз жойылды.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарына банкроттауды жүргізу бізге не берді? Бірінші кезекте, бағаның құнсыздануы мен дағдарысты кезеңдерде қордаланған қарыздардан шаруашылық субъектілерді құтқарып қалуға мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, банкротқа ұшырап жойылғандардың негізінде жаңадан құрылған кәсіпорындарды айтпағанда, көптеген шаруашылықтар өз қызметін жаңадан қарызсыз бастауға мүмкіндік алды. Мысалы, банкроттауды жүргізу кезеңінде (1998–2001 жж.) бұрынғы жекешелендірілген ұжымшарлар мен кеңшарлардың негізінде 35 мың шаруа қожалықтары құрылды. Олардың негізгі бөлігі екі облыстың: Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары еңбеккерлерінің үлесіне тиді.

Аграрлық секторда нарықтық қатынастарға қарай бет бұру баяу жүрді. Бұл негізінен саланың өз ерекшелігіне және еліміздің ауыл шаруашылығында жинақталған үлкен проблемалардың жүгіне байланысты болды. Ауыл шаруашылығында айналым капиталының болмауы саланың дамуын тежеді; ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қарыз ауыртпалығынан босату қаржының барлық проблемаларын шеше алмады. Негізгі қорлар мен активтерге мұқтаждық ауыл тұрғындарын несиелер алу үшін коммерциялық банктерге баруға мәжбүр етті, алайда жерге деген құқықты ипотекалық несие алу үшін кепілге салудың нормативтік-құқықтық базасының реттелмеуі, сондай-ақ кепілдік мүліктің өтімсіздігі несие бермеуге негіз болды. Жерге жеке меншік кезінде экономика ипотекалық несиелеудің бұрыннан жетіспей келген тетігіне ие болатын еді де, сонда белгілі бір нақты меншік құқығы қажетті қаржыны алу үшін жарамды кепіл бола алатын еді.

Ауыл шаруашылығы сол уақытта ұзақ мерзімді инвестицияларға өте мұқтаж болды, ал шаруашылық жүргізуші субъектілер заңмен қорғалатын жер шекаралары болмаған жағдайда, олардың жерді уақытша пайдалануы ауыл шаруашылығы секторына капиталдың ағылуын қамтамасыз ете алмады. Сонымен бірге, жалға беру мерзімдерін айқындаудағы, келісімшарттарды бекіту, олардың мерзімін ұзарту мен бұзудағы басты рөл жергілікті деңгейдегі шенеуніктердің қолында болды.

Мұндай жағдай жерді бөліп беру, оны астыртын пайдалану және тапқан кірістерді жасырып қалу жөніндегі әкімшілік шешімдерді көлегейлі сауданың құралына айналдырды. Жекелеген сарапшылардың бағалауы бойынша, ауыл шаруашылығы мақсатындағы бір гектар жерді жалға алу жөніндегі әкімшілік шешімінің бағасы жиналған астық өнімі құнының 6-дан 10 пайызына дейін жетті.

Бұл келеңсіз сәттердің барлығы жер реформасына қарсы шығушылар сөздеріне желеу болды. Сондай-ақ олардың бұл жорамалдары жерді жекелеген қолдарға бергеннен кейін жерді пайдаланудың тиімділігі артқан жоқ деген сылтаумен ушықтырылды. Алайда жерге жеке меншік құқығының енгізілуі, әсіресе, қазақстандық экономиканың, соның ішінде ауыл шаруашылығы секторының даму жағдайында, өте қысқа мерзімде жерді пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуге және ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға кепілдік береді деп сендірсек, онда бұл қате болар еді.

Бұған қоса, жер телімдерімен алаяқтық операциялар көбеймей қоймайды деген пікірлер де келтірілді, оған дәлел ретінде таяу болашақта бағасы айтарлықтай өсуі мүмкін шектеулі активтерге қаржы алаяқтарының қол салуына жерге меншік құқығының заң жүзінде мойындалуы ықпал етеді деген долбар да болды.

Өткенді көксеген көзқарастар да айтылды. Жерге мемлекеттік меншікті жақтаушылар жер қатынастары екі экономикалық нәтижені – кәсіпкерлік кіріс пен рентаны туғызады деп сендірмек болды. Егер де жер иелері иемденсе кәсіпкерлік кіріс әбден дәлелді болуы мүмкін, ал ренталық кіріс жер иесінің еңбегі болып табылмайтындықтан рентаны қоғам иемденуі керек қой.

Осылармен қатар жерге жеке меншікті сынаушылар мәселеге жәнсіз саяси реңк берді, Қазақстанда жерге жеке меншікті енгізу қазақ халқының тарихи орнықтылығы мен салт-дәстүріне қайшы келіп, әлеуметтік толқуларға әкелуі мүмкін деп соқты. Олардың пікірінше, меншікті қайта бөлісу болмай қалмайды, мұның өзі жерге байланысты кикілжіңдерді тудырады-мыс.

Өткенге көз жібере отырып, жерді жеке меншікке беруге қарсы шығушылардың сөздерінде кейбір дәлелді қисындар бар екенін және онымен келіспеске болмайтынын атап өткім

келеді. Атап айтқанда, біз мемлекет үшін жерге иелік ету мен оны жалға беру құқығын өзіне қалдыруының тиімділігі туралы пікірмен келістік. Жерге мемлекеттік иелікті сақтай отырып, жерді сату-сатып алусыз жалға беру ауылдық жерлерде нарықтық тетіктердің шектеулі әрекетін қамтамасыз ете алатын еді.

Нарықтық экономиканың одан әрі дамуы мен жер қатынастарындағы жаңа өзгешеліктердің пайда болуы «Жер туралы» жаңа Заңның қабылдануын талап етті. Аталмыш заң қалыптасқан жағдайды ескере отырып және нарықтық экономиканың толыққанды жұмысын қамтамасыз ету үшін қалыптасатын болашаққа арналып, қайта пысықталып жасалды. Парламент мүшелерімен болған бір кездесуде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу жөніндегі пікірімді тағы да айттым. Бұл негіздей айтылған пікір болатын, себебі дүниежүзілік тәжірибенің де, біздің практикамыздың да көрсетіп отырғанындай, ауыл шаруашылығындағы жағдай көбіне-көп жер факторының нарықтық қатынастарда қай мөлшерде қызмет ететініне байланысты болады. Оның үстіне, қазіргі қолданылмай жүрген заңнамалық актілер бұған қажетті құқықтық базаларды жасады.

Бұдан кейінгі оқиғалар экономиканың аграрлық секторы мен біздің халықтың мұндай күрт өзгерісті шешімге әзір еместігін көрсетті. 1999 жылы шілдеде Республика Парламентіне қайта пысықталып ұсынылған «Жер туралы» Заң жобасын Үкімет жерге, соның ішінде ауыл шаруашылық жерлеріне де жеке меншік енгізуді регламенттеу жайында сөз болған ережелердің сыналуына байланысты кері қайтарып алды. Заң жобасын жасаушылар бірқатар елеулі қателіктер жіберген, себебі жобаны жасау жұмысына ғалымдар, аграрлық сектордың қызметкерлері тартылмаған және, ең бастысы, ауыл тұрғындарының мүддесі толықтай ескерілмеген.

Екі жылға созылған айтыстан кейін барып, 2001 жылдың қаңтарында бұл мәселені шешудің ымыраға келушілік нұсқасы ретінде «Жер туралы» Заң қабылданды. Алайда оны түпкілікті деп бағалаудың жөні жоқ еді. Солай болғанымен де, заң Қазақстан азаматтарына жерді жеке меншіктеу және оны жалға беру құқығын берді, ал мұның өзі ауылдық жерлерде экономикалық қатынастарды капиталдандыруды көздеген-ді. Менің ойлауымша, бұл заңмен жерді меншіктенушілер табын қалыптастыруға маңызды қадам жасалды. Бұл меншік иелері ойдағыдай дами отырып, кейіннен жер реформасын толықтай аяқтаудың басты күші болды.

2001 жылдың қаңтарында қабылданған Заңға сәйкес, республикада жерге жеке меншік пен мемлекеттік меншік тең жағдайда мойындалып, қорғалады. Мысалы, жеке меншікке тікелей өз шаруасын, үй шаруасын (қосалқы), бау-бақшасын және саяжай құрылысын жүргізу үшін ұсынылған жер телімдерінен басқа ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер берілмеді. Ауыл шаруашылығы жерлеріне мемлекеттік меншіктің қатынасына байланысты 2001 жылдың қаңтарында қабылданған Заңның мәні бұдан бұрынғы заңдық актілермен салыстырғанда өзгерген жоқ. Жер шетелдіктер мен азаматтық алмаған тұлғалардың жеке меншігіне берілмеді, олардың жерді тұрақты пайдалану құқығы мүмкін болмады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тек тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін, қорғаныштық орман ағаштарын өсіру жұмысын, ғылыми-зерттеу, тәжірибе және оқу мекемелері жұмысын, қосалқы ауыл шаруашылығын, бақшашылық пен мал шаруашылығын жүргізу үшін республиканың заңды және жеке тұлғаларына беріледі.

Әрбір ауыл тұрғынына өзінің шартты жер үлесіне қалай билік етуін өзі айқындау мүмкіндігі жер реформасының екінші кезеңінің нәтижесі болып табылады. Ауыл тұрғындары алдарынан ашылған жаңа мүмкіндіктерді барынша жақсы



пайдалануды міндеттейтін жерді меншіктену рөліне үйрене бастады. Ауыл тұрғындарының санасындағы нақ осы өзгеріс біздің жерге жеке меншікті енгізуге қарай батыл қадам жасауымызға – Қазақстан Республикасының жаңа Жер Кодексін қабылдауымызға мүмкіндік берген шешуші фактор.

## ЖЕР КОДЕКСІНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ҚАБЫЛДАНУЫ, 2002–2003 ЖЫЛДАР

Жер Кодексін қабылдау және сонымен бірге ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу мәселесіне еліміз бірден келе қалған жоқ, бұл өтпелі кезең мен экономикадағы нарықтық қателіктерді дамыту жағдайында жер заңнамасын жетілдірудің ұзақ эволюциялық жолы болды.

Жер реформасының бірінші және екінші кезеңдері, дұрысында, ауыл шаруашылығында сол кезде кенеттен болған дағдарысты еңсеру жөніндегі өтпелі кезеңнің уақытша шаралары еді. Реформаның бірінші кезеңінің негізгі мақсаты жерге шаруашылық жүргізуші субъектілердің мәртебесін айқындау, олардың мемлекетпен өзара қатынасын ретке келтіру болды. Ол кезде және сондай жағдайда жерге жеке меншік деген ұғым, қалай десек те, қабылдарлық болмады. Жер реформасының бірінші кезеңі социалистік жер заңнамаларынан бас тартуды көздеді. Жермен жұмыс істеген адамдардың барлығына олардың мемлекетпен арадағы жер қатынастарына байланысты анық түсіністік беру қажет болды, ал мемлекет ол кезде жерге меншіктің ерекше дербес құқығына ие болатын.

Жер реформасының екінші кезеңінің негізгі міндеті аграрлық секторды нарықтық қатынастарға кеңінен тарту болып табылды, өйткені жердің жекелеген категорияларына жалға беру институты мен жеке меншік құқығы енгізілгендіктен, сондай қатысуға мүмкіндік туған. Өздеріңізге

мәлім, жерге жеке меншіктің енгізілуін көздеген 1999 жылғы «Жер туралы» заң жобасын Үкімет Парламенттен кері қайырып алды. Бұл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік институтын енгізу қажеттігіне Парламент мүшелерінің көзін жеткізу жөніндегі сәтсіз талпыныс еді. 2001 жылдың қаңтарында «Жер туралы» Заңның ымырашылдық нұсқасының қабылдануы Парламент пен Үкімет арасындағы пікірталастың нәтижесі болды. Алайда бұл заңда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын енгізуді қарастырмады.

Жер реформасының бірінші және екінші кезеңдері де, сонымен қатар сол уақыттың ағымдағы міндеттерінің орындалуы еліміздегі жер реформасындағы ең маңызды оқиға – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу алдындағы өзінше бір дайындық сатысы болып табылды. Осы уақыт ішінде республикада 150 мыңнан астам шаруа қожалықтары жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 40 пайызы олардың пайдалануында болды, мұның өзі жердің азғантай ғана топтың қолында шоғырлануына жол бермеді.

2003 жылға қарай еліміздің экономикасы 90-шы жылдардағы дағдарыстан толықтай айығып қана қоймады, дамудың жоғары қарқынын көрсетті. Соңғы жылдардың ішінде жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсуі байқалады. Мысалы, тек 2003 жылы ғана еліміздің жалпы ішкі өнімі 109,3% болды. Республика экономикасындағы жалпы қолайлы ахуал аграрлық секторды қолдау мен тереңдетілген реформаларды жүргізу үшін қосымша едәуір қаржы бөлуге мүмкіндік берді. Дегенмен, қолдау орталықтандырылған экономика кезеңіндегідей, жаппай баршаны қамтитындай болмауы керек еді. Аграрлық секторды қолдау ішінара сұрыпталған болуы қажет еді.

Менің тапсыруым бойынша «2003–2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік Бағдарламасы»

жасалды, онда аталмыш саланы дамытудың стратегиялық бағыттары айқын берілді. Бағдарлама сондай-ақ ең жоғарғы бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында мемлекеттік қолдау басымдық болып саналатын салаларды, ақыр соңында мемлекеттік қолдаудың нақты көлемі мен тетіктерін айқындауға тиіс болды. 2003 жылғы Қазақстан халқына Жолдауымда, менің айтуыммен, ауылды жаңарту Үкімет жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі болып айқындалды, ал 2003–2005 жылдар ауылды жаңарту жылдары болып жарияланды.

*«Біз есте ұстауымыз керек: нақ осы ауыл тұрғындары кез келген ұлттың түпкі шыққан негізі болып табылады. Атап айтқанда, ол бәрінен бұрын тұрақтылыққа және мықты эволюциялық дамуға ұмтылады. Ол біздің ата-бабамыздың арман-тілегі мен үмітін мәңгі-бақи санасында берік ұстап сақтағандықтан, тәуелсіздік пен күшті мемлекеттілікті анағұрлым өткір және нәзік қабылдайды».*

**2003 жылға арналған Қазақстан халқына  
Жолдаудан, 2002 жылдың сәуірі**

Ауыл тұрғындары туралы айтқанда, мен жер реформасы біз үшін Иранның көрнекті мысал болатынын әрдайым еске аламын. Қазақстан ауыл шаруашылығы секілді қиын саланы түбегейлі реформалау үшін қолайлы уақытты таңдап алды. Экономика, тұтастай алғанда, өсудің ұзақ кезеңін өткеріп жатыр және оның келешегі толық үміт күттіретіндей болып бой көрсетуде. Иран шахы кезінде осыған ұқсас әрекетке барған. Кезекті араб-израиль соғысынан кейін оларға әлемдік энергетика дағдарысы тап болған кезде елдің мұнайды экспорттаудан түскен кірістері бірнеше есе ұлғайған. Тегерандағы үкіметке еш нәрсе алаңдатпайтындай болып көрініп еді. Алайда ауыл шаруашылығы реформаларының нәтижесінде

жерсіз қалып, дәстүрлі кәсібінен айрылған миллиондаған шаруалар қалаға ағылып келе бастады. Содан соң онда, әсіресе Тегеранда дау-жанжал іздеп, қарсылық білдіргендердің саны өсе түсті. Мұның бәрі қалай біткені баршаңызға мәлім. Ал 70-ші жылдардың соңы шах билеген кезеңіндегі Иран экономикасы үшін ең бір жақсы уақыт болған. Аяғы қайғылы болып бітетіндей ештеңе сезілмеген-ді. Ол жылдары Қазақстанның өзінде де бәрі тыныш секілді болғанмен, Одақтың құлауы мен өмір сүру жағдайының нашарлауы біздің адамдарды есеңгіретіп жіберді.

Жер реформасын жүргізе отырып, біз әрдайым ирандық тәжірибені қайталамасақ екен деп алаңдадық. Бір кездерде астық та мұнай секілді «сары алтын» аталып еді, ал қазір ауыл тұрғындары өз күнін әрең көріп отыр. Олар үкімет тарапынан көрсетілген көмектің азаюын да дұрыс қабылдай бермеді. Бұл жағдайда ауылды және ауыл тұрғындарының бұрыннан қалыптасқан тұрмысын реформалау секілді әлеуметтік ауыртпалық әкелетін өзгерістерді жүргізу күтпеген оқыс нәтижелерге апарып соқтыруы мүмкін. Экономикалық көрсеткіштер жақсарып, қала тұрғындарының тұрмыс деңгейі көтерілген сайын біз кеңестік экономиканың жетілмегендігінен ауыл шаруашылығы, атап айтқанда, нақ соның еңбеккерлері нарыққа өту кезеңінің зобалаңын көбірек тартып, барлық қиындығын солар көріп отырғанын біз жақсы түсіндік. Сонымен қатар, біз ауыл шаруашылығын жаппай қаржыландырудың кеңестік жүйесіне қайтып оралудың мүмкін еместігі туралы анық та ұғынықты етіп мәлімдедік.

*«Жұрттың барлығына нақтылап айқын ұғындыратын нәрсе: ауылды қолдау дүниенің бәрі-бәрісін түгелдей мемлекеттің демеуші қаражаты мен қайтарымсыз қаржыландыруында болмауы керек және олай болмайды да. Біз бұрынғы болған масылдық пен мемлекеттік қамқорлықтың тәжірибесін қайта қалпына келтіре алмаймыз және олай істемейміз.»*

*Адамға, оның өзі үшін және отбасы үшін табыс тауып, күн көре алатындай жағдай туғызуға алдағы уақытта да мақсатты жұмыс істеу керек, кім жұмыс істей біледі және кім өзінің еңбексүйгіштігін көрсетеді, соларды қолдауға тиіспіз. Міне, халық пен оның болашағы алдындағы мемлекеттік жауапкершілік осыдан тұрады.*

*Мемлекеттің барлық қаржы-экономикалық, соның ішінде әлеуметтік және ауыл шаруашылықтық саясаты, тек адамдардың өмір тіршілігі мен нарықтың жұмыс істеуі тұрғысынан тиімді аумақтарға ғана сұрыпталып бағытталуы керек».*

**2003 жылға арналған Қазақстан халқына  
Жолдауынан, 2002 жылдың сәуірі**

Экономиканың басқа да салалары жоғары қарқынмен өскен жағдайда еліміздің аграрлық секторы әлі де ауыр жағдайда болды. Мысалы, 2000–2003 жылдардың кезеңінде жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі орташа есеппен алғанда небәрі 8,2% болса, ал республиканың барлық тұрғындарына (маусымға байланысты) шаққандағы ауылдық аймақтар тұрғындарының үлесі – 35%-40%-ға жуық болды. Ауыл шаруашылығы өндірісінде жаңа технологиялардың баяу енгізілуі, қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі, сондай-ақ басшы кадрлардың басқарушылық деңгейінің төмендігі себебінен ауыл еңбеккерлері жұмысының өнімсіздігі көзге ұрып тұрды.

Елімізде мықты ауыл шаруашылығының секторы болуы онымен байланысты минералдық тыңайтқыштар өндірісі, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ технологиялық тізбек бойынша тағы басқа да салаларды аяғынан тік тұрғызуға көмектескен болар еді. Демек, мұндай экономикалық көрсеткіштердің әсері еліміздің экономикасы үшін орасан зор болар еді. Біздің ауылға деген ерекше көзқарасымызға себеп болған

демографиялық, көші-қон және әлеуметтік факторларды да айтпай кетпеске болмайды.

Менің айтуыммен болашақта ауылдық аумақтардың тұрғындарын қалай қоныстандыру моделін жасау тапсырылды. Бірқатар уақыт тоқырап қалған шағын қалалардың тағдырын шешуді де батыл түрде айқындау қажет болды. Елімізге келешегі бұлыңғыр аумақтардан дамыған аумақтарға, аудан орталықтары мен шағын қалаларға қарай қоныс аудартатын ішкі көші-қонды ынталандыру жөнінде мемлекеттік саясат керек еді. Ол көші-қон тасқынын басқару мен жоспарлау, орналастыру, тұрғын үй және жермен қамту, оралмандарға жаңа мамандық беру мәселелерін ескеруі қажет болатын.

Қазақстанда ауылдық жерлерге адамдардың қоныс аударуы, тарихи тұрғыдан алғанда, әсіресе кеңестік әміршілдік-әкімшілдік экономика дәуірінде өте сәтсіз болды, мысалы, бұл қазіргі нарықтық экономика тұрғысынан алып қарасақ та, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық түсініктер бойынша да тым жайсыз еді. Нәтижесінде көптеген ауылдық жерлерде экономикалық тоқырау үйреншікті жағдай болды.

*«<...> дағдарыс ауыл шаруашылығы өндірісінде тұрғындардың жаппай қоныс аударып көшуіне және ауылдық елді мекендердегі өмірді қамтамасыз ету жүйесінің құлауына әкелді. Бұл үрдіс қазір де жалғасуда. Тек 2000–2002 жылдары 300-ге жуық елді мекендер өз-өзінен құрып кетті. Әкімдіктердің мәліметі бойынша, бүгінде тұрғыны жоқ 136 қысқартылмаған ауылдық елді мекен есепте тұр.*

*Облыстық әкімдіктер берген ресми мәліметтердегі 7660 ауылдық елді мекендердің 500-інен астамында тұратын адам саны 50-ге жетпейді, сондай-ақ қалалардың (317) шекаралық аумақтарына сансыз станциялар мен разъездер (257), ауылдар біріктірілген, олардағы тұрғындар іс жүзінде ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысады. Олардағы*

*тұратын тұрғындар саны 579540 адамды құрайды, бұлар өздерін ауылдықтармыз деп есептейді және ауыл проблемасына мемлекеттің назар аударуына үміттенеді. <...>».*

**Қазақстан Республикасы ауылдық  
аумақтарының 2004–2010 жылдарға  
арналған Мемлекеттік бағдарламасынан**

Дегенмен, шынында аграрлық секторды терең реформалау, жер қатынастарына байланысты ең негізгі мәселені шешу жердің түгелдей мемлекеттік меншікте болуынан бас тартпайынша мүмкін болмады. Жерге үстемдік етуші мемлекеттік меншік түрінің басты кемшілігі, оған деген шалағай көзқарас, оны ұқыпсыз, тіпті астыртын пайдалану болып келді. Мысалы, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жүргізген зерттеулері 3 мың гектар жерге астыртын егін егілгенін анықтады.

Жерді тек уақытша пайдалануды қарастырған заңнама ауыл шаруашылығында тұрақты жер қатынастарының дамуына ықпал етпеді және жер пайдаланушылардың ертеңгі күнге деген сенімін арттырмады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншіктің жоқтығы аграрлық секторда инвестицияның өсуіне кедергі келтірді. Жеке меншік капитал тәуекелдікті барынша азайту мақсатымен өзінің қаражат салымдарын алғашқы жылы-ақ пайда беретін ең жақсы жерлерге салуға ұмтылды. Жер реформасының үшінші кезеңінің басына таман ауыл шаруашылығы үлесіне инвестицияның жалпы көлемінен небәрі 1,5% тиді.

Оның үстіне, қолданыстағы заңнама кепілдік қатынастардың дамуына ықпал етпеді. Топырақ бонитеті және бағалаудың осы заманғы әдістері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі жер салығы мөлшерін нақты айқындау мен саралап жіктеуге мүмкіндік бермеді. Топырақ құнарлылығын арттыруға ынталандыратын экономикалық тетіктің бол-

мауы шаруашылықтардың жерді пайдалану жауапкершілігін төмендетті. Нәтижесінде қолданыстағы жер құқығы ауылдағы нарықтық қатынастардың дамуын тежеп келді.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мен 2003 жылға арналып, 2002 жылдың сәуірінде жария болған Қазақстан халқына Жолдауымда Үкіметке «Жерге жеке меншік туралы» заң жобасын жасап, Парламентке ұсынуды тапсырдым. Заң жобасын талқылау бойынша өріс алған пікірталастардың нәтижесі жыл өткеннен кейін Үкімет пен Парламент арасында текетірес туғызды да, оның ақыр соңы Үкіметтің отставкаға кетуімен аяқталды.

Бұл текетірестің бірнеше негізгі себептері болды. Біріншіден, жобаны жасаушылар депутаттардың жер телімдері шартты жер үлестерін иемденушілерге тегін таратылып берілсін деген ұсынысымен келісе алмады, өйткені бұл мұндай үлесі жоқ азаматтардың конституциялық құқығын бұзу болып табылатын еді. Жердің өзі базалық және кадастрлық құны бар өндіріс құралы болғандықтан да жағдай өте күрделілене түсті. Үкімет қорғап шыққан екінші пункт жеке меншікке сату үшін арналған телімдердің мөлшері туралы болды. Оның алғашқы нұсқасында бұл ауданның ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің жалпы көлемінің 10%-ынан аспауын қарастырды, оған қоса түпкілікті шешім қабылдау жергілікті биліктің еншісінде қалды. Мәжіліс Жер Кодексінің жобасында екі есе кем көлемді бекітуді ұсынды. Алайда мамандар бұл нұсқа барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарының 60%-ын бөлшектеп жібереді деп санады. Яғни ірі жер иеленушілердің ауыл шаруашылығы телімдерінің қандай да бір бөлшегі мемлекеттің иелігінде, ал басқасы – жекелеген адамдардың қолында қалатын болды. Бұл инвесторларды үркітіп, қолданыстағы шаруашылық субъектілерінің әрі қарай ұсақтап кетуін тудыратын еді.



Үкіметтің келесі қарсылық білдіруі заңды және жеке тұлғалар үшін жеке меншікті енгізудің түрлі мерзімдерінің тағайындалуы жөнінде болды. Депутаттар ұсынған нұсқада ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді Жер Кодексі күшіне енісімен бірден жеке тұлғалардың меншігіне, ал заңды тұлғаларға тек 3,5 жылдан соң беру мәселесі айтылды. Бұл шаруашылық субъектілері теңдігінің принципін бұзатын болды. Яғни жеке тұлға ретіндегі шаруа қожалығы жер телімдерін жеке меншікке бірден сатып алса, ал заңды тұлға ретіндегі өндірістік кооперативтер, шаруашылық серіктестіктерге мұндай құқық тек 3,5 жылдан соң ғана берілмек. Ал егер де бұл заңды тұлғалардың жерлері олардың мүшелерінің, яғни жеке тұлғалардың шартты жер үлестері есебінен құралатынын ескеретін болсақ, онда заңды тұлғалар 3,5 жыл бойына өз мүшелерінен жерді жалға алуы керек, басқаша айтқанда, еңбек ұжымы өз-өзінен жерді жалға алуы тиіс. Бұл таңданыс туғызды.

Мәжіліс депутаттары ұсынған қосалқы жалгерлікті 2007 жылға дейін ұзарту мәселесіне қатысты тағы бір келіспеушілік болды. Үкіметтің пікірі бойынша, бұл нұсқа, бір жағынан, жалға берушілердің масылдық мерзімін ұзартуға, екінші жағынан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының негізсіз өсуіне апарып соқтырған болар еді.

Принципті маңызы бар соңғы пункт – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді сатудан түскен қаржыны дайын тұрған Ұлттық қорда емес, жаңадан құрылатын институттарда жинақтау туралы еді, мұның өзі қосымша бюджеттік шығыстарды туындататын болды. Әрі концепциялы, әрі принципті алауыздықтар көрер көзге айқын болып тұрды. Үкіметтің ұстанымы: «Егер де Жер Кодексі осы нұсқасында өтетін болса, онда ол біздің ауыл шаруашылығымызды қиратуы мүмкін» дегенге келіп тірелді.

Бұл Заңның қабылдануы мүмкін екендігін түсінген Үкіметтің кейбір шегіністерге баруын депутаттар өздерінше

бопсалай бастады. Депутаттардың ұстанымы мынадай болды: «Егер де біздің өзгертулерімізді енгізбесеңдер – бүтіндей Заң үшін дауыс бермейміз».

Сонымен, бір шегіністен кейін, бір баптан кейін бір бап; ақырында, сен маған, мен саған деген сияқты, бап соңынан бап талқыға түсті, ақырында, кабинет мүшелері Мәжілістен Сенатқа мүлде өзгеріп кеткен нұсқа берілді дегенді айтысты. Іс жүзінде, басқа заңнамалық акт берілді, ал Үкімет ұсынған нұсқа кері қайтарылған болып шықты.

Парламент депутаттарының барлық дәлелдері мен қарсылық уәждері, олар сайлаушыларының пікірін көрсететіндіктен, маңызды саналды, бірақ олардың бәрі бірдей іске жарамды емес еді. Сөйтіп, екі жақтың да әрбір дәлелі, әрбір қарсылығы ескеріліп, сарапталды, бағаланды, назарға алынды. Әйтсе де, заң жобасының бірқатар баптарына Үкімет енгізген өзгертулерге қарамастан, депутаттардың бұл мәселе бойынша Үкімет ұстанымымен сай келмейтін ұстанымдары айтылды. Бірден-бір құқықтық жол қалды, ол Парламенттің Үкіметке сенім білдіруі туралы мәселе еді. Егер де Парламент үштен екі дауыспен сенімсіздік білдіру туралы шешім қабылдаса, онда Президент Парламентті немесе Үкіметті таратуды шешуі керек. Егер Парламент сенімсіздік білдіру үшін дауыс санын жинап ала алмаса, онда Үкіметтің заң жобасы өтеді. Дауысқа салу кезінде дауыс былай бөлінді: Мәжілістің жетпіс жеті депутатынан елу бес депутат және Парламент Сенатының отыз жеті депутатынан үш депутат Үкіметке сенімсіздік білдірді, бірақ та сенімсіздік білдіруге Сенаттың үштен екісі дауыс беруі керек еді.

Сонымен, іс жүзінде бүкіл Парламент қажетті дауыс санын жинап алмады. Алайда Иманғали Тасмағамбетов егер де Мәжілістің елу бес депутаты (басым көпшілігі) оған қарсы болса, онда ол Премьер-министр болып қала алмайтынын айтты да, өз еркімен қызметтен кетемін деп шешті. Оны мен

Мәжіліс спикері арасындағы жақсы қалыптаспаған қатынас та бұл жерде аз рөл атқарған жоқ.

Экономиканың жақсы өсу қарқынымен бірге бізде азаматтардың әлеуметтік жағдайын оңалту, мәдениетке, білім беруге, денсаулық сақтауға баса көңіл бөліп, адам ресурстарын дамыту мүмкіндігі пайда болды. Бұл жұмысқа әлеуметтік салада жұмыс тәжірибесі бар адам сай келетін еді. Сондай адам Иманғали Тасмағамбетов болды. Ол менің көптен бергі сенімді әріптесім болатын. Әкім болып та үлгерген еді және Үкіметке де тосыннан келген адам емес еді. Парламентке ұсынылған заңдардың баяу қарастырылуы оның белсенді болмысын бұзды. Осы жағдайды айқындай айтқанда, жас ұрпаққа сабақ боларлық ақыл берсем деймін: мемлекеттің жоғарғы басшылары ел мүддесі туралы әңгіме жүріп жатқанда, өздерінің сезімін ұстай білуі керек.

Үкімет отставкаға кеткен соң, мен Сенаттың да, Мәжілістің де депутаттарымен кездестім. Үкімет ұсынған заң жобасының нұсқасын сан рет түсіндіріп, қорғауыма тура келді. Жер мәселесінің шешілуі қарағайдың жас өскінін еске түсіреді. Ол құрғақшылыққа, кейде дауылдатып соққан желдің екпініне қарамастан, қасарысып биікке бой көтереді. Бірақ оның жолында кездескен кедергілер осынау қуатты да сымбатты ағашты бір бұратылған сиықсыз кейіпке түсіретіндей қатер төндіртеді. Жеке меншікті енгізу керек пе, әлде керек емес пе деген мәселелер ауыл шаруашылығының дамуы мен одан әрі өсуі үшін кедергі болды, сондықтан оның шешімін ұзаққа созу бізді мүлде «күдіктің құй батпағына» батырып жіберетін еді.

Мен Конституциялық кеңеске жүгіндім: егер ол сол кезде Жер Кодексінің барлық ережелерін Конституцияға сәйкес деп таныса, мен оған қол қойған болар едім де, ал жоба іске асып кетер еді. Алауыздықты депутаттармен тағы да талқылай келіп, біз ортақ тіл таптық. Осылайша бұл кодекс үшін күрес

қызу шиеленіспен өтіп, еліміздің ауыл шаруашылығын реформалау жөніндегі ең соңғы ірі қадам жүзеге асырылды, сондықтан жаңа Жер Кодексі ауыл тұрғындарының игілігі мен Қазақстан ауылдарының қалыптасуына жұмыс істеуі керек.

2003 жылдың 20 маусымында мен Жер Кодексіне қол қойдым, оның ең басты және маңызды өзгерісі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік институтының енгізілуі болды.

Республиканың ерекшелігі мен өткендегі тәжірибесін ескере келіп, Кодекс жер пайдаланудың үш түрін – тұрақты пайдалану, уақытша пайдалану (жалға беру) және жеке меншік түрлерін қарастырды. Кодекске сәйкес, мемлекеттік кәсіпорындар тұрақты жер пайдаланушылар болды, ал шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалардың кемінде 10 жыл мерзімге тек жалға алуға ғана құқығы болды, бірақ олардың жер телімдерін кепілдікке беруден басқа ешқандай келісім жасауға құқығы болмады. Енді Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары мен мемлекеттік емес заңды тұлғалары мемлекет меншігіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін иеленуге жеке меншік құқығын алды. Сонымен қатар аталмыш жер телімдеріне иелік ету құқығын кадастрлық құны (бағаланған) бойынша және Үкімет тағайындаған кадастрлықтың 75%-ы мөлшерінде, жеңілдетілген баға бойынша сатып алуға болады. Осы екі жағдайда да жердің құнын 10 жыл мерзімге дейін бөліп-бөліп төлеу қарастырылған. Жеке меншік институтымен қатар 49 жылға дейін жалға беру институты сақталды, бірақ оны кепілге беруден басқа қандай да бір келісім жасауға болмайды. Басқаша айтқанда, жерді мемлекеттен міндетті түрде сатып алу шарт емес, оны жалға алу мерзімін жалғастыра беруге болады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке сатудан түскен қаржы Ұлттық қорға аударылады.

Жер мәселесі шынында да даулы мәселе болды, ол қазақстандық қоғамның әртүрлі топтары арасында сан алуан пікірталастар, қайшылықтар туғызды. Сын түрінде айтылған пікірлерді талдай келіп, біз жеке меншікке қарсылардың келтірген уәждерінің көбі жеткілікті түрде дәлелді емес екенін және қазақстандық жер пайдалану тәжірибесіне сәйкес келмейтінін байқадық.

Мысалы, ең үлкен қауіп жерді «латифундистер» дейтіндер сатып алады дегеннен шықты. Олар, шынында да, ауыл шаруашылығында қосалқы жалгерлік жағдайында жұмыс істейтін инвесторлар болып табылады. Сондықтан жер шаруалар үшін қол жетпестей болып қалуы мүмкін деген сөздер айтылды. Әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде АҚШ пен Ресейде, мұндай компаниялар өндірісті интеграциялаушы деп аталады, олардың иелігінде жер мүлде болмайды. Жаңағыдай жағдайға жол бермеу үшін Кодексте белгілі бір шаралар қарастырылды. Жердің бір қолға шоғырлануын болдырмау мақсатында азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігіне мемлекет ұсынған жер телімдерінің ақырғы мөлшеріне шектеу енгізілді. Ауыл шаруашылығы жерлерін ең алғашқы кезекте сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылық білімі, аграрлық секторда жұмыс істеген тәжірибесі бар және аталмыш ауылда тұратын азаматтарға шаруа (фермерлік) қожалықтарын жүргізу үшін жер телімдерін алуға артықша құқық беру қарастырылды.

Жер нарығын толықтай ырықтандыруды жақтаушылар оны сатудағы, соның ішінде шетелдік азаматтарға қойылатын барлық шектеулерді алып тастауды ұсынды. Бұл тұста ауыл шаруашылығына шетелдік инвестицияны тарту қажеттігі басты дәлел болды. Бұл уәж жеткілікті түрде дәлелді болмады, өйткені, ауыл шаруашылығының ерекшелігін ескерсек, әлемдегі барлық елдерде ауыл шаруашылығы секторына демеу қаражаты көрсетіледі және онда тек ұлттық капитал ғана жұмыс істейді.

Кодекс қабылданғаннан кейін де ай бойы түйінді мәселелер бойынша пікірталастар тоқталған жоқ, ал кезекті астық жинау науқаны ауыл тұрғындарын жаңа Жер Кодексі жағдайында өздерінің үйреншікті істерімен айналысуына мәжбүр етті.

## ЖЕР КОДЕКСІН ҚАБЫЛДАҒАННАН KEЙІН

Мен осы тарауды жазған кезде, Жер Кодексінің қабылданғанына және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншіктің енгізілгеніне екі жылдан астам уақыт болып еді. Мен қабылданған шешімнің және таңдап алған саясаттың дұрыстығына көзімді тағы да жеткізе түстім. Жеке меншік қоғамдағы саяси тұрақтылықтың іргетасы болды және әлі де бола бермек. Жер реформасы нарықтық институттардың дамуы мен нығаюына бағытталған. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізуге қарсы болғандардың болжамдары, жерді «латифундистер» жаппай сатып алып қояды деген сәуегейліктері ақталмады.

2004 жылғы 20 тамыздағы дерек бойынша, жеке меншікке 30 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алыныпты. Сарапшылардың пікірінше, таяу арадағы он жылда жердің 10-15%-дан аспайтын ғана көлемі сатып алынбақ. Жерге қойылған бағаның жоғары болуына байланысты, фермерлер үшін ең қолайлысы – оны мемлекеттен жалға алу. Бұл біз сияқты жоспарлы экономикадан нарықтыққа өткен Шығыс Германияның тәжірибесімен дәлелденеді. 1991 жылдан 2003 жылдың өн бойында Шығыс Германияда, мемлекеттің меншігінде болған жерлердің бар-жоғы 6%-ы ғана сатып алынған. Бірақ ол тәжірибеге қарамай-ақ, талқылау барысында депутаттар енгізген кейбір шектеулер Жер Кодексінде орнын тапты. Менің ойымша, жекелей алғанда, сатып алынғаннан бергі он жылдың ішінде

қайта сатуға тыйым салатын бұл шектеулер артық және тиімсіз болып табылады. Бірақ ең басты нәрсе бұл емес.

Жер реформасының табысты болуы ұзақ мерзімді кешенді шараларды іске асыруға тікелей байланысты. Ауыл-шаруашылық мақсатындағы жерлердің жеке меншігіне рұқсат еткен Жер Кодексінің қабылдануы Қазақстандағы жер қатынастарын жетілдірудің және жер нарығын дамытудың жолындағы тек алғашқы қадамдар ғана. Айта кету керек, осы қадамның өзі-ақ экономиканың аграрлық саласын серпілтіп тастады. Жеке капитал ауылдағы мемлекеттік саясатқа сенді және енді қаржыны кәдімгідей агроөнеркәсіптік кешенге сала бастады.

2002–2005 жылдарда ауылды қолдауға арналған бағдарламаның уақытында қабылдануы өзінің нәтижесін беруде. Мемлекет ауыл тұтынушысын қолдауға бір жарым миллиард АҚШ долларын жұмсады. Бұдан басқа ерекше салық жеңілдіктері берілді. Жанұялар тек жер салығын ғана төлейді, ол барлық басқа салалар төлейтін салықтардың 20%-ы ғана. Мемлекет малды асылдандыруға, тұқымды жақсартуға, суармалы жер шаруашылығына, минералды тыңайтқыштарға демеу қаржы беріп отыр. Инфрақұрылымды, ауызсумен қамтамасыз етуді, мектептер мен ауруханалар құрылысын жақсартуды қарастыратын ауылдық жерлерді дамыту бағдарламасы өз алдына іске асырылды. Өндірілген өнімнің шынайы иесіне айнала отырып, ауылдықтар лизингке қазіргі заманның техникасын сатып алуға қол жеткізді. Аграрлық секторды жүйелі түрде дамытуға қажетті заңдар қабылданды. Бұл жерде ауылдың мәселелерін жүйелі түрде шешу жөнінде жұмыстар жүргізіп отырған ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімовтің еңбегін атап кеткен жөн. Тәжірибелі маман, басқарушы, өз ісіне берілген адам, тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардың ішіндегі ең үздік ауыл шаруашылығы министрі.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2006 жылдың бірінші жарты жылдығында жалпы республика бойынша 77,5 млрд теңге болды, бұл 2005 жылдың осы кезеңіне қарағанда 3,8% артық.

Сонымен қатар, жер реформасын одан әрі тереңдетуге байланысты және Қазақстандағы жер нарығының өркениетті түрде қызмет істей бастауына серпін беру үшін үлкен жұмыстар атқарудың қажеттігін мен түсінемін.

Мемлекет үнемі іске асырылып жатқан жер реформасының негізгі жағдайларымен және оны іске асырудың тетіктерімен ауыл халқын үздіксіз хабардар етіп тұруы тиіс. Фермерлерді қолдайтын тұрақты консультациялық-құқықтық жүйені қалыптастыру, жерді тиімді пайдалануға және топырақ құнарлығын арттыруға жұртты ынталандырып отыратын тетіктер жасалуы керек.

Қазіргі кезде бекітілген жер салығы мөлшерінің көлемі жер қыртысы бонитетінің балдары бойынша есептеледі, ол жердің кадастрлық (бағалаулық) құнына байланысты емес. Жер тиімді пайдаланылмаған, оны өңдеудің тәртібі бұзылған, оның пайдалану бағыты өзгерген жағдайда, Жер Кодексінде жазалау шаралары ғана қарастырылған (жерге меншік құқығы және оны пайдалану құқығы жойылады). Нарықтық экономика жағдайында топырақ құнарлығын сақтауға, жерді үнемді және тиімді пайдалануға ынталандыру үшін бұл шаралар жеткіліксіз. Қарапайым тілмен айтқанда, үнемсіз пайдаланған жағдайда тек қана жазалап қана қоймай, сондай-ақ жерге ұқыптылықпен қарауды ынталандырып отыруымыз да қажет. Өйткені топырақ құнарын қалпына келтіруге байланысты шаралар қолданғаннан гөрі тиісті талаптарды бұзбау әлдеқайда оңай.

Ауыл шаруашылығын несиелеу жүйесін дамыту қажет. Кепілдік базасының жетіспеушілігінен және банк пайыздарының қымбаттығынан ауыл шаруашылығы тауарларын



өндірушілерге несие алу әлі де қиын. Жер нарығының дамуына байланысты бұл проблемалар біртіндеп жоғалады.

Осымен қатар істің бюрократтығын одан әрі азайту шаралары қабылдануы керек. Тек қазірдің өзінде барлық жерлерде мемлекеттік органдардың қызметінде «бір терезе принципі» енгізілді және нәтижелі қызмет атқарып тұр. Лицензиялау түрлерінің саны азаюда. Жер бөліктеріне құқық алу тәртібі біраздан кейін мүлде жеңілдейтін болады. Бұл проблема мемлекеттік органдардың әртүрлі қозғалмайтын мүлікке құқықты тіркеу жүйесінің жетілмегендігіне және бірін-бірі қайталайтындығына байланысты болып отыр. Қазақстанда электронды үкіметтің дамуымен, қарапайым шаруаларға жер құқығын бекітетін құжаттарды алудың тәртібін жеңілдететін, электронды кадастр жасалады.

Сонымен қатар реформаны жүргізу барысында жалпы салаға баса назар аудару қажет, себебі ауыл шаруашылығы – бұл экономиканың бір саласы ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік мәселелердің үлкен жиынтығы. Бұл сала мемлекеттің өмірінде ерекше рөл атқарады. Бұған қоса, ауыл шаруашылығын қолдай отырып, мемлекет масылдық менталитеттің қалыптасуына өзі жағдай туғызып алмауы керек.

Мемлекет қолайлы жағдайды тек болашағы бар жерлерге ғана туғызады. Бұл қолдау инфрақұрылымға және әлеуметтік салаға инвестиция салу түрінде болады. Дәлірек айтқанда, ол салынатын мектептер, ауруханалар, жолдар және ауызумен қамтамасыз ету жүйесі түрінде болмақ. Тиімді ауыл шаруашылығын қалыптастыру, бірінші кезекте, фермерлік шаруашылықтардың өздеріне, адамдардың жаңа нарықтық принциптер бойынша жұмыс істеу және оған сәйкес қайтадан оқып-үйрену ниеттеріне байланысты. Тиімді шаруашылықты қалыптастырудың үлгісі ретінде мынадай мысалды келтіруге болады. АҚШ-та 1 фермер жылына 38 мың доллар өнім өндіреді екен. Бұл көрсеткіш Австралияда – 22 мың АҚШ

долларына, Канадада – 17 мың АҚШ долларына тең көрінеді. Қазақстанда ауыл шаруашылығының бір қызметкеріне әзірге жылына 900 АҚШ доллары келеді.

Сондықтан мемлекеттің таяу арадағы негізгі мақсаты – мемлекеттің ешқандай тікелей араласуынсыз, еңбек өнімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті жеке меншік агроөнеркәсібінің қызмет істеуі үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру. Таяу уақыттарда Қазақстанның ауыл шаруашылығында инвестициялық тартымдылықты және осы саланың экономикалық тиімділігін ынталандыратын, өркениеттендірілген жер қатынастарының орнайтынына менің сенімім мол.

Осындай оптимистік болжаулар жасауға, менің пікірімше, мүмкіндік беретін не нәрсе? Бұл – біріншіден, жер қатынастарын реформалау саласындағы жетістіктер: ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығының енгізілуі, қосалқы жалгерлік институтын жою, жер заңнамасын жүйелеу. Екіншіден, ауылдағы жағдайдың жақсарғандығын дәлелдейтін аграрлық сектордың соңғы жылдардағы экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуі. Үшіншіден, Жер Кодексінің қабылдануы жер қатынастарындағы реформаның аяқталғандығын көрсетпейді.

Эволюциялық үрдіс шексіз, яғни біз бірлесіп келешек туралы ойлауымыз керек. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды, осыған сәйкес 9-ыншы және 13-інші баптарға қосымшалар енгізілді. Бұлар бойынша жер телімдерін халықаралық ұйымдар қатынасатын ғылыми орталықтарға тегін беру, сол сияқты және жеке тұрғын үй құрылысына жер телімдерін берудің Ережелерін бекіту жөніндегі Үкіметтің құзыретін кеңейту қарастырылған.

Енді жерге жеке меншік енгізілгеннен кейін, айтып жүрген, ауыл шаруашылығының өзіміз таңдап алған моделін іске асыру жөнінде бұдан да батыл шараларға кірісе аламыз. Мен

мұны бұрынырақта айтқанмын, бұл жерде бірінші және негізгі бағытқа ауылшаруашылық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі жатады. Мен бұл туралы жиі айтамын, соған қарамастан, кейде маған, осы сөздерді ауыл тұрғындары әлі күнге дейін көкейлеріне түймеген болып көрінеді. Олар көбіне алдағы болғалы тұрған Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру және импорттық өнімдердің қаптап кететіні туралы ғана ойлайды. Менің ойымша, бұл қисынсыз. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, біздің өндірушілерге өз тауарларын тасымалдау және орналастыру туралы алаңдаудың қажеті жоқ, ал мұның өзі көп жағдайда шығынды азайтады. Сонымен қатар, енді олар тұтынушылар мен рынокты жақсы білетін болды. Және ең бастысы – бұларды тұтынушы жақсы білетін болды. Кез келген батыс компаниясы үшін осы артықшылықтар – бірден-бір қажеттісі. Шығынды азайтыңдар, сапаны көтеріңдер, тұтынушымен жұмыс істеңдер – сонда ешқандай да еуропалық тауық немесе ұн сендердің рыноктарыңды еш уақытта жаулап ала алмайды. Ал қандай да болмасын мемлекет тарапынан болатын қорғау шараларын немесе қатаң қамқоршылдық саясатты ұмытуға болады. Біз енді еш уақытта бұған қайтып оралмаймыз. Қазақстан нарығына келгісі келгендерді шектемей-ақ, біз өзіміздің ауылшаруашылық өнім өндірушілерін қолдаймыз және олардың бизнесінің дамуына қолайлы жағдай жасаймыз.

Бәрінен бұрын, біз ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату саласын дамытуымыз керек. Қазақстан – астықты экспортқа шығаратын ірі ел. Алайда оны ұқсататын саланы дамытатын болсақ, біз ақырғы өнімді экспорттаушыға айналамыз, бұлай жасау әлдеқайда тиімді. Біздің ауылшаруашылық өнімдеріміз халықаралық стандарттарға көшірілуі тиіс. Қазірдің өзінде астықты, сүтті, бағбаншылық пен көкөніс өнімдерін және мақтаны ұқсату жөнінде кластерді қалыптастыруда көп жұмыс істелді. Біз аграрлық ғылымды дамытуға зор көңіл

бөлмекпіз. Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы ерекше. Біздің артықшылығымыз да, осал жеріміз де – осында. Біздің ауылшаруашылық ғалымдарымыз күндердің күнінде жеріміз бен ауа-райымызға барынша сәйкес келетін дақылдар шығаратынына менің сенімім мол.

Ауыл шаруашылығының қазақстандық моделін жасау шеңберіндегі екінші бағыт – бұл ауыл шаруашылығы аумақтарын дамыту. Ауылдың айтарлықтай көтерілуі шаруаның тұрмыс жағдайын, оның сапасын және тұрмыс салтын батыл өзгертпей болмайды. Сондықтан біршама күшті ауылдық аумақтарды абаттандыруға бағыттау керек. Ең бастысы, шаруалар өз қарекетін, және өз ауылдарын өздері жайластыруға мүмкіндіктері болуына жағдай туғызу. Сонымен қатар, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру жоспарына сәйкес, «Қазына» орнықты даму қорымен және «Самұрық» холдингімен қатар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары, ал ауыл шаруашылығы секторын дамыту үшін – ұлттық «ҚазАгро» холдингі құрылмақ.

Жер реформасының негізгі жетістіктерін айта отыра, ең бастысын ұмытып кетпеу керек. Ертеден келе жатқан: «Біз табиғатты өз ата-бабаларымыздан мұраға алмаймыз, біз оны өзіміздің ұрпақтарымыздан қарызға аламыз» деген мәтел бар. Жер қатынастарының мәселелерін шешу жөнінде дәл осындай қадамдар керек. Менің бұлай батыл айтуым жердің нағыз қожасы ғана оған аялап қарайды және ұрпақтарға сол күйде беріп кетеді деген сенімге негізделген.

Егер де сол уақытта менің бойымды билеген сезімдер туралы айтатын болсақ, оларды тек сол кездерде осындай шешім қабылдаған адам ғана түсінеді деп ойлаймын. Мен мойнында халық алдындағы жауапкершілік жатқан мемлекеттің жоғарғы басшысының жапа-жалғыздығы туралы айтқан көптеген аса көрнекті тарихи тұлғалардың,

мемлекет басшыларының пікірлерімен келісемін. Бүкіл ел үшін, оны сайлаған халық үшін, мемлекет Басшысына ерекше жауапкершілік жүктеледі. Ол өзінің елі тұтқиылдан қиындықтарға тап болмауы үшін барлығын жасауы керек, ахуалдың шынайы дамуын сезінуі тиіс.

Дүниенің барлығын «иә» немесе «жоқ» деп түгендеп шығу деген шын мәнінде болмайды, болашаққа үңілу қиын, өткенді өзгерту мүмкін емес. Бұндай жағдайда тек қана күдік пен күптілікті ғана сезінесің. Әрине, кеңесшілер бар, арасында шетелдіктері де жоқ емес, көмекшілер де бар, кеңес бере алатын Үкімет бар. Барлық, кейде қарама-қарсы бірін-бірі жоққа шығаратын ұсыныстар мен пікірлерді түгел тыңдағаннан кейін, ең маңызды әрі тағдырлық шешімдерді қалай болғанда да өзің қабылдауға тура келеді. Мұнан да мемлекеттің бірінші басшысының орасан зор жауапкершілігі мен қиындықтарын көруге болады.

Бұрынғы елде жұмыс істеуге үйренген бұрынғы басқарушы элитаның өкілдері жаңа жағдайда жұмыс істегілері келмеді және жұмыс істей де алмады. Олардың көпшілігі ұжымшарсыз және кеңшарсыз Қазақстанда аштық болады, ауыл шаруашылығының экономикасы күйрейді деген қауіп айтты. Бірақ өмір басқаны көрсетті. Көп жылдар бірге істеген ескі достармен айрылысуға да тура келді. Мен оларды түсінетінмін, бірақ оларды қызметтерінде қалдыра алмадым, өйткені іске кедергі болды. Олардың біреулері мұны түсінді, екінші біреулері ашық оппозицияға кетті, менің біріншілеріне де, екіншілеріне де араздығым да, өкпем де жоқ. Бізге төрелікті тарихтың өзі берсін.

Осыған қарамастан жүргізілген реформалардың тиімділігінің арқасында, еліміздің орнықты дамуын, экономиканың одан әрі өсуін, халықтың әл-ауқатының көтерілуін қамтамасыз ететін бекініс жасадық деп, біздің толық негізде айтуымызға болады.

Іс жүзінде, жерге жеке меншік институты біздің еліміздің бүкіл тарихында бірінші рет енгізілді. Бұл Қазақстан үшін көзге көрінетіндей айшықты болды. Мен әлде бір идеялар мен жобалар ешкімнің ойына кірмеген екен деп, олардан бас тартуға болмайтынын бұрында ойлайтынмын. Барлығы да әйтеуір қашанда болмасын бірінші рет іске асады. Сонымен, 1991 жылы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері біздің ғарыштағы ерліктеріміздің жаңа дәуіріне жол салып, ғарышқа ұшуды жүзеге асырды.



# ЖҰЛДЫЗДАРҒА ЖОЛ САЛҒАН ҚАЗАҚСТАН



## ЖЕР КІНДІГІ

Осыдан он бес жыл бұрынғы оқиғаларды еске ала отырып, мен, бір үлкен рәміздік мәні болған тарихи жағдайдың түйісуіне таң қалдым. Қазақстан егемендігінің орнауы ғарыштың өзінен басталды. Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңында, 1991 жылы тамызда «Байқоңыр» ғарыш айлағы республиканың меншігі деп жарияланды, осы жылдың қазанында ғарышқа бірінші қазақ ғарышкері ұшты, ал Қазақстанның тәуелсіздігі туралы Декларацияны біз желтоқсанда қабылдадық. Яғни ұлттық мемлекет болғымыз келген ниетімізді, біз, жерден гөрі, ғарышта бұрынырақ мәлімдеген сияқтымыз! Мен бұл жөнінде қазір, көп жылдар өткеннен кейін, жоғарыдан берілген ишараны көремін.

Менің ғарышқа деген көзқарасым, басқа да адамдардікі сияқты, ерекше болды және бүгін де солай қала береді. Бұл – бүкіл ғаламның, жерден тыс өркениеттердің кереметтей құпияларын бойына жинаған, ата-бабалар рухымен байланыстырып тұрған тылсым дүние. Ол мені қашанда қызықтыратын, жан дүниемді баурайтын.

Бір қызығы, Байқоңыр жерінің ғарыштық болашағы туралы, өз заманында Қорқыт ата көріпкелдікпен айтып кеткен. Сақталып қалған аңыздарда, бірен-саран жазбаларда Қорқыт атаның қасиетті жерді және мәңгілік өмірді іздегені айтылады. Жер-дүниені кезген ізденістері кезінде, оның соңынан ылғи да, өзі қатты қорқатын өлім еріп жүреді. Ақырында ол ғайыптан: «Егер жердің кіндігін тапсаң, онда аман қаласың» деген сөзді естиді. Қорқыт ата Шығыстың көптеген елдерінде болады. Ол еш уақытта соғыс, табиғат апаттары болмайтын және өлім дегенді білмейтін жерді іздеген. Ол Жер бетінде сондай жердің бар екеніне сенген және оны жырлап өткен.

Ақырында, Қорқыт ата туған жеріне, Сырдарияның жағасына қайтып оралады. Ойлана келе, ол мәңгілік өмір –

өнерде деген тоқтамға келеді. Сөйтіп, жан дүниенің тебіренісін сыртқа шығара алатын аспапты – қобызды ойлап табады. Аңыз бойынша, Қорқыт ата дарияның ортасына, судың бетіне кілемін төсеп, қобызын тартатын көрінеді. Сонда күйдің құдіреті оны судың бетінде қалқытып, батып кетуге жібермепті. Қорқыт ата қобызын тартып отырғанда өлімнің өзі де ол жерден қашып, бақытты өмір ғана қалады екен. Бірде ол ұйықтап кетсе керек, сол кезде судан бір кішкентай жылан шығып шағып алыпты, абыз содан көз жұмыпты.

Данышпанды кең даланың төріне жерлеген. Өлерінің алдында ол өзінің қасиетті жерді тапқанын айтады. Бұл жер – Сырдарияның бойы екен. Ол өзі көз жұмған жерін «жер кіндігі» деп атаған көрінеді. Қорқыт ата дәл осы жерде өзінің аспанмен және Жаратушымен байланысты сезінгенін айтыпты.

Талай ғасырлар өткеннен кейін Сергей Королев бастаған кеңес ғалымдары ғарыш айлағын салу үшін қазіргі Байқоңырды таңдап алды. Бұл Қорқыт ата жерленген өңірге таяу тұрған жер. Қателеспепті. Бірнеше ондаған ғарыш айлақтарының ішінде, Байқоңыр өзінің орналасуы бойынша ең қолайлысы деп табылды. Ол экваторға әжептәуір жақын орналасқан. Механиканың заңы бойынша ғарышқа ұшыру үшін отын аз жұмсалатын көрінеді. Сонымен бірге экватордың өзінде орналасқан ғарыш айлақтарынан ерекшелігі сол, мұнда жауын-шашын жоқтың қасы. Күн жылдың 300 күнінде жарқырап тұрады.

Шынында, Байқоңыр дүние жүзі ғарышкерлігінің бесігіне, ғарыш орталығына, адамдар ғарышқа аттанатын Жердің айлағына айналды. Дәл осы жерде, қазақ жерінде, олар ғарышкерлер атанды.

Ал біздің қазақтан шыққан ғарышкеріміз қайда? Осындай қисынды, нақ және анық сұрақ менің, яғни Қазақ КСР-і Президенті ретіндегі менің алдымнан 1990 жылы шықты.

Оның көкейтестілігі КСРО-ның өміріндегі болғалы тұрған үлкен өзгерістердің қарсаңында тіпті айқындала түсті. Жалпы бұл идеяны қолдаған Ресейдің ғарыштық және әскери ведомстволарының басшыларымен алдын ала келіскеннен кейін, біз КСРО Жалпы машина жасау министрі Олег Николаевич Шишкин екеуміз арнайы ұшақпен ғарыш айлағына ұшып келдік.

1991 жылы 12 қаңтарда Байқоңыр бізді қоңырқай күн райымен қарсы алды. Ленинскі қаласының «Крайний» әуежайына ұшып келген ұшақтың басқышынан түсіп келе жатқан мен, бізді қарсы алған әскери басшылардың сұр шинельдерінің арғы жағынан жабырқау табиғаттың көрінісін байқағанмын. Кенет қыстың ызғарлы аязы мен өңменіңнен өтетін желіне қарамай, от-жалындай шалқып, қолдарында гүл шоқтары бар балалар маған қарай жүгіріп келе жатты. Бес-алты жастағы қазақтың ұлы маған қан-қызыл қалампыр гүлін ұсына берген. Мен сол кезде еріксіз ойланып қалдым. Байқоңырға байланысты жоспарлардың, қандай да болмасын кедергілерге қарамай, іске асуы керек деген берік ойға келдім. Мен үшін табан жолда Қазақстанның болашақ ғарышкерлігінің рәмізіне ұқсап кеткен жеткіншек баланы бауырыма басып, үлкен ризалық сезіммен қолын қыстым, сонсоң жанында тұрған қыз баланың басынан сипадым.

Екі тәулік біз Байқоңырда жұмыс істедік. Жұмыс кестесі өте тығыз болды. Маған ғарыш айлағындағы, Ленинскі қаласындағы жағдайды бүге-шігесіне дейін білу, Байқоңырдың іргесіндегі Төретам және Ақай елді мекендерінің тұрғындарымен кездесу, республикалық ғарыш мектебіне бару және ең бастысы – Қазақстанның атынан Байқоңырға байланысты саяси мәлімдеме жасау керек болды. Орталық және Қазақстан тележурналистері қатысқан баспасөз конференциясында мен Қазақстанның ғарыш кеңістігін игеруге қатысу ниеті туралы айта келіп, ғарыш кешенін ұстап тұру

және сақтау Кеңес Одағы республикаларының ортақ күш салуының арқасында ғана мүмкін екендігіне баса назар аудардым. Ғарыш айлағының жаңа, қазақстандық мәртебесі туралы ой әлі ешкімнің басына қона алмай, ауада қалқып жүреді. Сондықтан осында отырған адамдардың ой-ниетінің әрқилы екенін айтпай-ақ көруге болатын. Байқоңырға Қазақстанның Президенті ретінде барған бірінші сапарымда біз «Прогресс» жүк тасу кемесінің дайындығын көрдік. Сол кезде ғарыш айлағында жылына екі рет, көктемде және күзде, пилот басқаратын ұшыру іске асырылатын, қазір де солай. Мен біздің ғарышкердің ұшуы қажеттігі туралы мәселені күн тәртібіне қойдым, әңгіме іс жүзінде 1991 жылдың қыркүйек-қазаны туралы болды.

*«Байқоңыр» ғарыш айлағы Ғалам жағалауындағы бірінші айлаққа айналды. 1954 жылы ғарыш айлағын салатын жерді таңдап алу үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссияның төрағасы болып «Капустин Яр» сынақ полигонының бастығы, артиллерия генерал-лейтенанты В.И. Вознюк тағайындалды. Елдің бірнеше аудандарында болып, жер жағдайын байқағаннан кейін, комиссия ғарыш айлағын Арал теңізінен шығысқа қарай жатқан Байқоңыр елді мекенінен бірнеше жүз шақырым қашықтықтағы Қазақстанның шөлдіөңіріне орналастыруды ұсынды. Бұл жердің басқалармен салыстырғанда бірнеше артықшылықтары бар еді. Атап айтқанда, олар: ғарыш айлағының ғана емес, сонымен бірге зымыранды ұшыру трассасының өн бойындағы жерлерде де халықтың аз қоныстануы; ортаазиялық ірі Сырдария өзенінің болуы; таяу маңнан темір жол магистралі мен автомобиль трассасының өтуі; үш жүз күн бойы күннің жарқырап тұруы және, ең бастысы, Жер айналып тұрғанда, қосымша жылдамдықты пайдалануға мүмкіндік беретін, экваторға жақын орналасуы болатын.*

Осы жылдардың бәрінде Байқоңыр Қазақстан үшін жабық болды, енді қазақ ғарышкерінің ғарышқа ұшатын уақыты келді – өмірдің өзі тудырған, менің дәлелім қарапайым да қисынды болды. Бақытымызға қарай, одақтық басшылықтың көптеген өкілдері мұндай ұшу сапарын жерінен отыз жыл бойы ғарышқа ғарыш кемелері самғап жатқан республика үшін әділеттіліктің ишарасы деп түсінді. Мен Қазақстанның ғарышқа қарай жасайтын осы бір алғашқы қадамы уақыттың өзі қойған талабы екенін айқын ұғындым.

Ғарышкер болуға үміткерлерді іздеу сияқты едәуір қиын жұмыс басталды. Оларды әскери ұшқыштар арасынан іздедік. Мен КСРО Қорғаныс министрінен Әскери әуе күштері қызметкерлерінің арасынан ұшқыш қазақты іздеулерін сұрадым. Шағын ұшақтармен биікке ұшудан рекордтар жасаған нұсқаушы-ұшқыш – Талғат Мұсабаевтың кандидатурасын ұсынды. Бірақ оны дайындауға уақыт қажет болды. Одақтық ғарыш ведомствосы біздің ғарышкерді аса қаламады, кезекте олардың өздерінікі тұрды. Бірақ мен бұл мәселені жылдам шешкім келді. Өйткені М.С. Горбачевпен және Қорғаныс министрлігімен жүргізілген ауыр келіссөздердің барысында бұл мәселе шешілген болатын. Бірде мен біздің газеттерді оқып отырсам, Шымбұлақта біздің жерлесіміз – әскери ұшақтардың сынаушы-ұшқышы Тоқтар Әубәкіров демалып жатыр дегенді жазыпты. Мен қолма-қол оны өзіме шақырып алдым. Содан кейін-ақ қандай қиындықтар болды десеңізші: біресе оның жасы 45-те, жарамайды деді, біресе денсаулығынан кінәрат тауып алды. Бірақ мен де тұрып алдым, ақыры ол ғарышқа көтерілді.

Бірнеше айдың ішінде Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының Президенті Өмірзақ Сұлтанғазин және Виктор Дробжев бастаған республиканың жетекші ғалымдары, менің тапсырмам бойынша, Қазақстанның бірінші ұлттық ғарыш бағдарламасын құрастыруға кірісті. Атап айту керек, бағдар-

ламаның ғылыми жағы бұрынырақ жасалып қойылған болатын, ол өзінің жұлдызды сәтін күтіп жатқан. Бірінші қазақ ғарышкерінің ұшуына байланысты бағдарламаға сәйкес түзетулер енгізу қажет болды.

Ғарыш бағдарламасын дайындауға байланысты бәрі осылай ап-анық болса, ал анау ғарышкерді дайындау жайы оңайға түскен жоқ. Ұшу сапары кезектен тыс еді, дайындыққа уақыт мүлде аз қалған және сондықтан ғарышкерге үміткер, сол кезде Кеңес Одағының Батыры атағы бар, КСРО-ның еңбегі сіңген сынаушы-ұшқышы Т. Әубәкіров негізгі экипаждың мүшесі ретінде, ал Т. Мұсабаев оның дублері ретінде белгіленді.

Ресейдің ғарыш ведомстволарының және Ғарышкерлерді дайындау орталығының жоспарларындағы үлкен өзгерістерге байланысты, жетекшілерімен, мамандармен, әскери адамдармен көптеген келіссөздер жүргізіліп, ақыл-кеңестер алынды. Нәтижесінде әзірге саяси шешім қабылданғанға, дейін менің КСРО Қорғаныс министрі Дмитрий Язовқа және тіпті Кеңес Одағының Президенті Михаил Горбачевке тікелей шығуыма тура келді.

1991 жылы ақпанда біздің шақыруымыз бойынша Алматыға Мәскеуден ғалымдардың үлкен бір тобы – Ресей ғарыш агенттігінің бас директоры Юрий Коптев, «Энергия» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры Юрий Семенов, Ғарышкерлерді дайындау орталығының бастығы Владимир Шаталов, КСРО Ғарыштық зерттеу институтының директоры және т.б. ғарыш мамандары келді. Республиканың Ғылым академиясында кездесу болды, нәтижесінде Қазақстанның бірінші ғарыш бағдарламасы бекітілді.

Осы уақыттарда Байқоңырда Юрий Гагариннің ғарышқа ұшуының 30 жылдығын ұйымдастыру жөнінде Одақ және Ресей ведомстволарының басшыларымен де қатарлас келіссөздер жүріп жатқан. Бірінші қазақ ғарышкерінің

ұшуы қарсаңында осы мерекелік шараларды ғарыш айлағында Қазақстанның басшылығымен өткізу шешілді. Мен республиканың Министрлер Кеңесіне Байқоңырдағы салтанатты дайындау мен өткізуді өз қолдарына алу жөнінде тапсырма бердім. Үш айдың ішінде ұлан-ғайыр жұмыстар атқарылды.

1991 жылы 12 сәуірде Байқоңырда менің қатысуыммен кереметтей үлкен сауық болып өтті. Ол тікелей эфир арқылы Мәскеуге берілді. Ленинскі қаласының көшелерінен мыңдаған карнавал шеруі өтті, Орталық стадионда жұртшылыққа сирек кездесетін жүк тасушы, бортында Ресейлік «Энергия – Буран» атты зымырантасушы бар «Мрия» ұшағының үлгілі ұшуы көрсетілді.

Байқоңырдың маңайындағы асығыс жасалынған ипподромда ат жарыстары болды, ал ғарыш айлағының Гагарин старт алған алаңында кеңестік эстрада жұлдыздарының гала-концерті аншлаппен өтті.

Бір сөзбен айтқанда, фестиваль көлемі жағынан да, елді баураған жан тебіренісі жағынан да ғарыштық болды. Көрген жұрттың айтуы бойынша, Байқоңыр Жердің бірінші перзентінің ғарышқа ұшуының 30-жылдығы құрметіне өткізілген мұндай орасан зор көріністі – халықаралық «Ғарыш, спорт, эстрада жұлдыздары» сияқты фестивальді бұрын-соңды көрген емес. Бұл менің Байқоңырға екінші келуім, ал Қазақстанның ғарышқа қарай жасаған алғашқы саяси қадамы болатын.

Сөйтіп, тарихи күн – 1991 жылғы 2 қазан да келді. Бұл Байқоңырға жасалған менің үшінші сапарым болатын. Мен ғарыш айлағына таңертеңгі сағат 7-де ұшып келдім, 11:59-да кеңестік-австриялық экипаждың старты күтілуде еді. Бірнеше сағаттың ішінде 251-ші алаңқайдағы «Юбилейный» аэропорты бірнеше ондаған ұшақтарды қабылдады. Ғарыш айлағына Австрия канцлері Франц Враницкий, КСРО Жоғарғы

Кеңесінің төрағасы Иван Степанович Силаев, барлық одақтас республикалардың басшылары, Ресейдің, Қазақстанның, Украинаның, Австрияның құрамында көп адамдары бар делегациялары, шетел мемлекеттерінің ғарыш ведомстволарының өкілдері келді. Халықаралық экипаждың ұшуына көңіл аудару саяси себептерге байланысты да жоғары болды. Бір ай шамасы бұрын, 1991 жылы 31 тамызда, Қазақстанның территориясында орналасқан Байқоңыр ғарыш айлағы республиканың меншігі деп жарияланды. Сондықтан мені тек болғалы тұрған ұшу ғана емес, сонымен қатар Байқоңырдың болашағы да толғандырды.

1991 жылғы 2 қазан, сағат таңертеңгі 10:00. «Союз» старт кешені құрастыру-сынақ корпусы алдындағы алаңға ғарышкерлер: ресейлік Александр Волков, қазақстандық Тоқтар Әубәкіров және австриялық Франц Фибек шықты. Бірнеше килограмдық салмағы бар қондырғылармен жабдықталған өздерінің скафандрларында олар ебедейсіз, жерде алғашқы қадамдарын жасай бастаған нәресте сияқты көрінді.

Командир, полковник Волков Мемлекеттік комиссияның төрағасына саңқылдатып, экипаждың ұшуға дайын екендігін мәлімдеді. Осы жерде Мемлекеттік комиссиясының төрағасы, генерал Владимир Иванов, тегі, сол сәттің маңыздылығын түсінген болуы керек, алдымен маған қарап, содан кейін микрофонды Әубәкіровке бұрды, оның сөз айтуына мүмкіндік берді.

Тоқтар абыржусыз қазақ тілінде: «Құрметті Президент! Ғарышкер Әубәкіров Қазақстан жерінен ғарышқа ұшуға дайын!» – деп рапорт берді, мен қолдап басымды изедім. Барлығы жоспар бойынша жүріп жатты. Біз қонақтармен бірге стартқа дайындықтың, ғарышкерлерді зымыранның өзіне дейін шығарып салған барлық кезеңдеріне қатыстық. Оларға және ұшуды басқару үшін бункерде қалған «Энер-



гия» ғылыми-өнеркәсіп бірлестігінің бас директоры Юрий Семенов пен «Байқоңыр» ғарыш айлағының бастығы, генерал-лейтенант Алексей Шумилинге сәттілік тілеп, мен №18 бақылау пунктіне келдім.

Бұл шағын старт алаңы жалаулармен безендіріліпті, айналдыра киіз үйлер тігілген, олардың жанына Қазақстан ғарышының тірі символы – ақ бота ноқтасынан байланыпты, барлық жерде халық музыкасы естіліп тұрды. Маңайдағының бәрі шағын мерекелік ауылды елестеткендей.

Стартқа дейін бірнеше минут қалды. Маған журналистердің болып жатқан оқиғаға түсінік айтыңыз деп қайта-қайта айтқан өтініштеріне құлақ асуға тура келді. Баспасөзге берген өзімнің сұхбатымда: «Болашақта ғарышты игеруді Одақтың барлық республикаларының қатысуымен іске асыру керек деп ойлаймын, өйткені ғарыш айлағы – біздің дүниежүзілік экономикалық жарыстағы бірден-бір басымдылығымыз», – деп ерекше атап көрсеттім. Ал бақылау пунктінде жанымда тұрған КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Иван Степанович Силаев: «Нұрсұлтан Әбішұлы, мен Сізді толық қолдаймын. Енді ғана жаңа экономикалық формация құрылды (ТМД-ның құрылғанын айтып тұр), бұл ғарыш айлағының және ғарыш кеңістігін игерудің болашағына байланысты жағдайды өзгертеді. Осы жерде республикалардың барлық басшылары тұр. Және осы жағдайда, олардың өздері Байқоңырдың мүмкіндіктерін, әлеуетін, орасан зорлығын өз көздерімен көргендері маңызды», – деп қосты.

Міне, сөйтіп көтеріңкі дауыспен байланыс арқылы минуттық дайындық жарияланды. Мен сағатыма қарадым, тілектестік белгісі ретінде жанымда тұрған Тоқтардың туысына: «Жолы болсын!» дедім. Айналада құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады, тек: «Стартқа кілтті аш, от алдыр, жібер!» – деген нақты бұйрықтар естіліп тұрды.

Мыңдаған көздер металл конструкцияға оранған «Союз ТМ-13» ғарыш кемесі тұрған старт позициясына қадалды. Кө-

рініс айдан-анық көрініп тұр. Міне, қызмет көрсетіп тұрған фермалар баяу қозғалып кейін жылжыды, бұрқ еткен ақ түгіннің ортасынан көрінген, ғарыш кемесін өзімен бірге ілестіре, айбынды отты шар көтерілді. Жердің тартылу күшін жеңе отырып, зымыран көкке қарай ұмтылды. Тек біраз уақыт өткеннен кейін ғана барып, бізге жерді сілкіндіріп жіберген қуатты гүріл естілді.

Бұл әрбір адам Ғаламның қуатын және адамдардың ғарыш алдындағы бірлігін шын мәнінде түйсінген ерекше бір сезім еді. Өзінің ұлдарын қауіпті алыс сапарға шығарып сала тұрып, жер тұрғындарының біртұтас жанұясына айналған біздің бәріміз осы бір ғарыш стихиясының алдында өзіміздің тең екендігімізді сезіндік.

Мен ғарышқа ұшу сапарларын бұрын да талай көргенмін, бірақ бұл жолғы ұшу, әрине, ерекше болатын. Тұрғандардың біреуі алақанын шапалақтап қалды. Мен: «Әлі ерте, қолды орбитаға шыққаннан кейін соғу керек», – дедім.

Зымыран Байқоңырдың үстіндегі күздің ашық аспанына қарай самғап барады. Оны көзден таса қылмай, жұрттың бәрі кеменің ұшу траекториясын бақылап, жоғары қарап тұр. Жалпы елдің толқуы маған да берілді, бірақ мен сабыр сақтауға тырыстым. Иван Степанович Силаевтың бақылау пунктiнiң күнқағарының астынан, зымыранды көремiн деп төмен еңкейгенi сондай, таяныш сөреге жатып қалған сияқты болды. Осы бір «жанды» суретi бар телевизия кадрлары дүние жүзiн айналып шықты.

Бұл кезде артында тек ақ жолақ iзiн қалдырған «жұлдызшаның» көзден таса болғанына қарамастан, елдің бәрі он минуттай, қобалжумен аспанға қарап тұрды.

Трибуналар босап қалды, жақсылап көру үшін елдің бәрі алаңқайға жүгiрдi.

Тек Мәскеу митрополиттi Питирим ғана сол орнында қалып, алысқа ойлана қарап тұрды. «Бәлкім, ол осының бәрiн

өз көзімен көріп: Құдайдың және Ғарыштың алдында біз – пенделердің қаншалықты бір екенімізге көзі жеткен шығар» деген ой келді маған.

Міне, ақырында, радиодағы дауыс, өзінің ресми үнінен қайтып: «Ажырасу болды! Кеме орбитаға шығарылды!» деп айғайлады.

Тыныштықты ду қол шапалақтау бұзып жіберді. Маңайдағылардың бәрі құшақтасып, бір-бірімен сүйісіп жатты. Көбінің көзінде қуаныштың көз жасы тұрды. Көптеген құттықтауларды қарсы ала тұрып, біз канцлер Враницкий екеуміз өзімізді бақытты сезіндік: біздің елдерімізден жұлдыздарға қарай жол салынды.

Қазақтың қонақжайлық дәстүріне сәйкес, Гагарин старт кешені бір күнге, 1991 жылдың 2 қазанында, Қызылорда облыстық атқару комитеті мен жергілікті атқару орындарының тырысуы арқасында, безендірілген киіз үй қалашығына айналды. Бұл жерде көл-көсір аста, сыйлықтарда, базарлықтарда, ұлттық киімдегі әртістер де, ең бастысы, менің қазақ халқымның орнымен келген әділетті салтанат рухы болды. Байқоңырдағы күздің осы бір шуақты күні Қазақстан ғарышкерлігінің жылнамасын ашты.

Біраз уақыттан кейін, осы жерде, бақылау пунктінің аумағында, біз Австрияның канцлері Ф. Враницкий екеуміз журналистерге баспасөз конференциясын бердік, онда мен тағы да: «Байқоңыр – бұл кеңес халқының игілігі, бүкіл елдің байлығы ғана емес, сонымен бірге біздің әлемдегі ортақ басымдылығымыз» деп атап көрсеттім.

Осы жерде мен өзім жарлығыммен Қазақстанда Ғарыштық зерттеулер бойынша агенттіктің құрылатындығын және оны республика академиктерінің бірі басқаратынын хабарладым. Біздің алдымызда, конверсия шеңберінде, ғарыш кешенінің мүмкіндіктерін Қазақстанның экономикалық мүддесіне қарай бұру міндеті тұрды.

Ел бюджетінің ғарыштық ведомстволар талаптарын қамтамасыз ете алмайтындығы жұрттың бәріне айқын болатын, ал бұл дегеніміз ғарыштық жобалардың іс жүзінде тоқтауы деген сөз еді. Мен ғарыш айлағына келген барлық республикалардың басшыларына: «Байқоңырда жұмыстың тоқтамауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек» – дедім.

Біздің кеңестік-австриялық экипажбен ғарыштық байланысымыздың бірінші сеансы қалай болғаны әлі есімде. Ұшу сапарларын басқару орталығының қызметкерлері, менің «Мир» орбиталық стансасы арқылы Алматыдан сөйлесуімді қамтамасыз ете отырып, ел Президентінің өзінің ғарышкерлермен сөйлескісі келетініне таң қалғандарын жасыра алмады. Менің халықаралық экипажбен сөйлескен сөздерім кәдімгі қарапайым адамдық, керек десеңіз – әкелік қамқорлық сөздер болатын.

Иә, қазақ халқының ұлы тұңғыш рет ғарышқа ұшты, мен бұған өз мақтанышымды жасырған жоқпын. Өзіміздің ана тілімізде сөйлескен кезде, Тоқтар ғарыштан қарағанда біздің Жердің қандай әдемі екендігін және Қазақстанның аумағын зерттеу жөнінде қандай сынақтар жүргізіп жатқанын айтты. Жалпы, экипаж өте ынтымақты, көңілді, ұшқыр ойлы болып шықты. Кейіннен Ұшу сапарларын басқару орталығының басшысы Владимир Соловьев атап өткендей, жігіттер орбитада бірде-бір ақаусыз жұмыс істеді, бұл олардың тек кәсіби біліктілігін ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге шағын ұжымның ішіндегі қалыптасқан жағымды ортаны да көрсететін еді.

## ҚИЫН ПЕРЗЕНТ – БАЙҚОҢЫР

Байқоңыр – бұл, шындығында, Кеңес Одағының қолтума перзенті. Бірақ, Қазақстан ең соңында жүрген «суверенитеттер шеруінен» кейін, біздің бұрынғы одақтас республикалардың

ғарышқа қарауға да уақыттарының жоқ екендігі айқын көрінді. Ғарыш айлағын іс жүзінде қамтамасыз ету негізгі ғарыштық бағдарламалары Байқоңырмен байланысты болған Ресейдің және тарихи қалыптасқан жағдайлармен оның меншік иесіне айналған Қазақстанның ғана қолынан келетін еді.

Жас егемен мемлекеттің атқару билігінің жаңа түрі – әкімшілік басшылығы Ленинскі қаласын да орағытып кеткен жоқ. 1992 жылы ақпанда менің Жарлығыммен Байқоңырдың тарихында бірінші рет Ленинскі қаласының әкімшілік басшысы болып Виталий Брынкин тағайындалды.

Сол кезде ғарыш айлағының әкімшілік орталығы – Ленинскі қаласы республикалық дәрежедегі қала мәртебесін алды, ал оған іргелес жатқан Төретам және Ақай елді мекендері қала құрамына енді. Өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарына қарамай, дәл осы уақытта қаланың коммуналдық қызметінің негізі қаланды, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік органдары құрылды, ғарыш айлағында қазақстандық қоғамдық ұйымдарды дамыту да белсенді түрде жүріп жатты. Біздің республиканың көгілдір жалауы Байқоңырдың үстінде сенімді түрде желбіреп тұрды.

1993 жылы 25 ақпанда Қазақ КСР-нің Ғарыштық зерттеулер агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыштық агенттігіне айналдырылды, бас директоры болып бірінші қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров тағайындалды. Байқоңырда іле-шала «Байқоңыр ғарыш айлағы» деп аталған Қазақстанның Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің басқармасы құрылды.

Қазақстанның Байқоңырдағы екі жылғы басқаруы кезінде біздің отандастарымыздың көбіне ғарыш айлағын көруге, Қазақстан баспасөзіне жабық болған режимді нысандарды көрсетуге мүмкіндік туды. Өйткені сол кездегі идеологиялық міндеттердің бірі ғарыштық кешеннің мүмкіндіктерін

Қазақстанның мүддесіне қарай бұру болатын. 1993 жылдың жазында ғарыш айлағына Қазақстан журналистерінің үлкен бір тобы келді, мұнда олар Қазақстан Журналистер одағының көшпелі мәжілісін өткізді.

Байқоңырды қорғау және қолдау қажет болды, өтпелі кезеңнің, экономикалық және әлеуметтік төмендеудің жалпы ТМД бойынша барлық проблемаларын мүдделілік көрсеткен бұқаралық ақпарат құралдары жергілікті жердегі қазақстандық атқару билігінің қауқарсыздығына жапты. Ресейдің орталық телевизиялық арналары Байқоңырдың құлдырауының «жан түршіктірерлік» көріністерін беріп жатты. Бұған кінәлі ретінде, жанамалап болса да, «кеудемсоқтығы» мол Қазақстанды айыптауға тырысты.

Уақыт және жағдай өз талаптарын қойды. Ресей жағының қаржыны қысқартуына байланысты тоза бастаған Ғарышкерлік кешенді сақтауға шұғыл шаралар қабылдау керек болды. Ленинскі қаласы бүтіндей Қазақстанның мемлекеттік қамтамасыз етуінде болды, бірақ одақтық маңызы бар қаланы ұстап тұруға бюджет тапшылығы қол байлау жасады. Осы кезде Байқоңырды кәдімгідей құрып кетуге апарып соқтыруы мүмкін «адам факторының» дағдарысы пайда болды.

Адамдар, ғарыштық техниканың табылмайтын білікті мамандары, ғаламның ғарыш айлағының романтиктері мен патриоттары Байқоңырдан өздерінің тарихи отандарына қоныс аудара бастады. Миграция ұлттық сипатта болған жоқ, адамдар жай ғана тәуір тұрмыс пен тыныштықты іздеді.

Сондықтан республиканың Ұлттық Аэроғарыштық агенттігі бүкіл дүние жүзінен бірлесіп ғарыштық қызмет жасауға әріптестер іздеді. Байқоңырдың негізінде Халықаралық ғарыштық компания құру идеясы оның жұмысындағы басты бағытқа айналды. Бірақ уақыт өтіп жатты, ғарыштық дамуды және Байқоңырды игерудегі шын мәніндегі серіктестер тағы да Ресей мен Қазақстан болып шықты.

1994 жылы 28 наурызда біз, Ресей Федерациясының Президенті Борис Николаевич Ельцин екеуміз, Байқоңыр жөнінде теңдесі жоқ жауапты шешім қабылдап, «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың шарттары мен негізгі принциптері туралы» халықаралық келісімге қол қойдық. Онда егеменді екі мемлекеттің тарихында бірінші рет «Байқоңыр» ғарыш кешенін жалға беру туралы мәселе қойылған.

Біз Ресей Президентімен екеуміз осы шешімді жариялағанда, Кремльдің Георгий залында таң-тамаша болған дауыстар гу ете түсті.

Ресейліктер риза еді, өйткені жұмысты жалғастыру үшін оларға да бұл бірден-бір қолайлы шешім болатын. Ал бірталай жылдан бері Халықаралық ғарышкерлік компаниясы туралы идеямен жүрген қазақстандықтар опынып қалды. Сонымен қатар «жалға беру» деген ұғымның өзіне көпшілік түсінбей жатты. Мен мамандардың жалға беру деген тек ғарыш айлағындағы нысандар мен техникаға ғана қатысы бар, әңгіме адам туралы емес деп дәлелдеп жатқандарын естідім. Шын мәнінде, барлық проблемалар сол «адам факторына» тіреліп жатты. Ғарыш айлағын қаладан бөлуге болмайтын. Ақырында біз «ғарышкерлік кешені» деген атауды таптық, бұл ұғым ғарыш айлағының нысандарын және Ленинскі қаласын тұрғындарымен бірге қамтыды. Тек осындай жағдайда ғана ресейліктер Байқоңырдың одан арғы қызмет жасауына баратын болды, біздің жақ осыны қабылдады. Мен Байқоңырдағы біздің отандастарымыздың мораль тұрғысынан алғанда қысым көру ықтималдығын айқын түсіндім. Бірақ ғарышкерлік кешенінің ғылыми-техникалық және интеллектуалдық әлеуетін сақтаудың қажеттігі Қазақстанның мемлекеттік мүдделерінен де жоғары тұрды, ол әлемдік деңгейдегі міндет болатын. Сонымен қатар бізге, қазақстандықтарға, ғарышкерлік қызметте орасан зор тәжірибе жинақтаған ресейліктерден әлі де көп нәрсені үйрену қажет еді.

«Байқоңыр» кешені бойынша қазақстандық-ресейлік келісімшарт негізінің өзіндік ерекшелігі бар. Қол қойылып, жасалынып жатқан жаңа келісімдер тек бірлескен ғарышкерлік қызметті ғана қамтып қоймайды, ең бастысы – Ресей Федерациясы жалға алу жағдайындағы «Байқоңыр» кешенінің жан-жақты тіршілік әрекетін де қамтиды. Сонымен бірге «Байқоңыр» кешені дегенде, «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы сынақтық, технологиялық, ғылыми, өндірістік-техникалық, әлеуметтік және қамсыздандыру нысандары және әлеуметтік құқықтары тиісті екіжақты келісімдердің араласуымен реттелетін, тек Ресей азаматтары ғана емес, Қазақстан Республикасының азаматтары да тұратын Байқоңыр қаласы деп түсінуіміз керек-ті.

Байқоңыр жөнінде негізгі әріптесімізбен арадағы қатынастарды орнықтырған келесі нақты қадам Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісім болды, соның негізінде 1994 жылы 10 желтоқсанда «Байқоңыр» ғарыш кешенін одан әрі он жылға ұзартуға болатын, жиырма жыл мерзімге жалдау туралы келісімшартқа қол қойылды. Бұл құжаттың кіріспесінде екі жақ екі мемлекетті мүддесі үшін ғарыштық зерттеулердің одан әрі жалғастырылуын қамтамасыз етуге екі жақтың да ниеті бар екендігін айта отырып, осы қадамның Ресей мен Қазақстан үшін тарихи маңызы бар екенін атап көрсетті.

Ғарыш айлағын пайдалану үшін төленетін жалақысы 115 млн АҚШ долларына тең болды. Екі жақтың жұмысын реттеп отыратын орган болып, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Өзара ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның қарамағында болатын «Байқоңыр» кешені жөніндегі комиссия көрсетілді.

Мен Байқоңырдың күрделі тағдыры туралы жиі ойланамын. Мұнда ғарыштық биіктіктер мен жер үстінің проблемалары ұштасып жататын, ол ешқашан екі жақтың ешқайсысына



ешбір жаққа басымдылық бергізбей, мемлекетаралық мақсаттардың тең ортасында тұрды. Ұлы Одақтың осы бір қолтума жұрағаты Қазақстан мен Ресейдің ортақ, бірақ шөре-шөре емес, сүйікті перзентіне айналды, ол өзіне кім ыстық, кім жақын деп еш уақытта ойламайды.

Бұған тек уақыттың өзі ғана бас төреші бола алады. Біздің бірінші қазақ ғарышкері ұшқан сәттен бергі өткен он бес жыл және жалға беру туралы келісімшартқа қол қойылғаннан бергі он екі жыл бұл шешімнің дұрыс екендігін тағы да дәлелдеп отыр.

Осы жылдары Ресей өзінің негізгі ғарыш бағдарламасын орындау үшін басты старт алаңын сақтап, қайта жарақтандырды.

Қазақстан, ресейліктермен тығыз ынтымақтастықтың арқасында, екі ғарышкердің – ғарышта бірінші ұлттық ғылыми бағдарламаны орындаған Тоқтар Әубәкіровтың және Қазақстан Республикасының мүддесінде ғарыштық сапарда үш рет болып, орбитаға шығудың ардагері атанған Талғат Мұсабаевтың ұшуын қамтамасыз етті.

Қазақстанның ғарыштағы жетістіктері туралы айтатын болсақ, Ресейдің Батыры және Қазақстанның Халық Батыры, екі елдің ұшқыш-ғарышкері Талғат Мұсабаевтың рөлін ерекше атап өткім келеді. Оның ғарышкер болып қалыптасу тарихы Байқоңырдың тарихын таң қаларлықтай етіп қайталайды. Өзі қазақ – ол ғарыштағы жұмыстарды жалғастыру үшін, Ресей азаматтығын алды. 1994 жылғы бірінші ұшуынан кейін, орбитада бортинженер ретінде жарты жылдық вахтада болған Талғат Мұсабаевқа Юрий Маленченкомен бірге Ресейдің жоғары наградасы тапсырылды. Екінші рет ұшуға дайындалу қарсаңында ол менімен ақылдасты. Талғат экипаждың командирі болып ұшқысы келді, бірақ ол үшін «Ғарыш туралы» Ресей Федерациясының Заңына сәйкес, оған Ресейдің азаматтығын алу керек болды.

Оның бірінші ұшу сапары кезінде жүргізген ғылыми экспериментті әрі қарай жалғастыруды қажет етті.

Дәлел аз емес еді, бірақ азаматтықтың этикалық жағы қатты ойландырды. Мен оның күдігін сейілттім: «Сен бұрын да қазақ болатынсың, қазір де қазақсың, Қазақстанның ғарыш бағдарламасын орындау үшін саған бұл шартқа баруың керек» дедім. Бір емес, үш рет ұшу сапарларының барысында Т. Мұсабаев өзінің батылдығы мен ерлігін көрсетті. Т. Мұсабаев 1998 жылғы екінші ұшу сапарында төтенше жағдайда «Мир» орбиталық стансасын шын мәнінде құтқарып қалды дегенді естігенде, мен таң қалған жоқпын. 2001 жылы орбитаға ғарыштық бірінші турист, американдық миллионер Деннис Титоны «апарып келу» тікелей соған тапсырылған болатын. Екі елдің ғарыш бағдарламаларын орындаудан басқа, Талғат мүмкіндігі бола қалған жағдайда Қазақстанға көңіл бөлуге үлгіретін. Оның халықаралық «Азия дауысы» фестивалін құттықтауы, ұлы Абайдың өлеңін ғарышта жүріп айтуы, Қазақстанның жаңа астанасы – Астананың тұсау-кесеріне қатысуы – соның көрінісі.

Қазақ тілінде ғарыштан лебіз есту адамның жан дүниесін қалай тебіренткенін қаланың халқы әлі де ұмытпаған шығар, сірә. Орбитадағы бірінші жалау, мұсылмандардың ғарыш нұрымен қасиеттелген Құраны, қазақ жерінің бір уыс топырағы – осының бәрі Талғаттың атымен байланысты еді.

Ғарышқа ұшу барысында да және орбитадағы жұмыстары аяқталғаннан кейін де, ол қашанда өзінің орнын қажетті жерден тауып отырды.

Міне қазір де, белсенді ұшу қызметін аяқтағаннан кейін, ол бірлескен Ресей-Қазақстан «Бәйтерек» кәсіпорнының басшысы қызметінде жүріп, жаңа зымырандық ғарыш кешенін құру жөнінде жауапты міндеттерді атқаруда. Жауапкерлігі үлкен осы қызметке тағайындағанда тағы да Мұсабаевтың ресейлік-қазақстандық болмысы ескерілді.

Ізбасарлар туралы ойланудың керектігін жұрттың бәріне жариялап айтқан да сол болатын. 1997 жылы Мұсабаев маған Қазақстан Республикасының ғарышкерлігіне үміткерлерді дайындау мәселесінің созылып бара жатқандығы туралы баяндамамен келді.

Осыдан кейін сұрыптаумен айналысатын жұмысшы тобы құрылды. 800 адамның ішінен медициналық комиссиядан тек төртеуі ғана өтті, ал Мәскеудегі негізгі медициналық комиссияның талаптарына Мұхтар Аймаханов пен Айдын Айымбетов қана сәйкес келді, олар осыдан кейін Жұлдызды қалашыққа дайындықтан өтуге жіберілді.

*Т. Мұсабаев «Союз ТМ-19» Ғарыш кешеніне бірінші ғарыштық ұшу сапарын 1994 жылы 1 шілдеде жүзеге асырды, бортинженер ретінде Ю. Маленченкомен және В. Поляковпен бірге орбитада 126 сағат жұмыс жасады. Жалпы ұзақтығы 11 сағат 07 минутқа созылған уақыт бойы екі рет ашық ғарышқа шығуды іске асырды.*

*29 қаңтар – 25 тамыз 1998 жыл – Н. Бударинмен және Л. Эйрартицпен (Франция, 1998 ж. 19 ақпанға дейін), сол сияқты Э. Томаспен (АҚШ, 1998 ж. 8 маусымға дейін) «Союз ТМ-27» Ғарыш кешені және «Мир» орбиталық кешені командирі ретінде екінші рет ғарышқа ұшты. Ұшу барысында жалпы ұзақтығы 30 сағат 08 минутқа созылған уақытта 5 рет ашық ғарышқа шығуды іске асырды. Ұшудың ұзақтығы 207,5 тәулік болды.*

*2001 жылғы 28 сәуірден 6 мамырға дейін – «Союз ТМ-32» Ғарыш кешені командирі ретінде Ю. Батуринмен (бортинженері) және бірінші ғарыш турисі, АҚШ азаматы Деннис Титомен бірге үшінші рет ұшуды іске асырды.*

Әңгіменің хронологиясына қайтып орала отырып, 1995 жылды еске түсіремін. Мемлекетаралық келісімдерге

сәйкес, Ленинскі қаласының мәртебесі өзгерген. Қазір ол, бұрынғыша, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлшегі болып табылады, бірақ жалға беру уақытына сәйкес, Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қалалары қатарлы мәртебеге ие. Бұл қаланың Ресей Федерациясының құзырына жататынын, қаржыландыру көздері де Ресейдікі екендігін көрсетеді. Ленинскі қаласында тұратын Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнайы өкілі қорғайды. Менің шешіміммен 1995 жылы қаңтарда осы қызметке Байқоңырдың ардагері, ғарыш айлағының құрылысшысы Ерғазы Нұрғалиев тағайындалды.

Біртіндеп қала мен ғарыш айлағының тіршілік тынысы қалпына келе бастады. 1995 жылы Байқоңыр тұрғындары маған Ленинскі қаласын Байқоңыр деп атау туралы ұсыныспен шықты және жылдың соңына қарай бұл шешім қабылданды, қала өзінің қазақша Байқоңыр деген байырғы атын алды.

*Ғарыш айлағымен бірге, 1955 жылы 5 мамырда сынаушылар поселкесінің құрылысы басталды, ол бас кезінде «Заря» поселкесі деп аталды да, кейіннен, саяси ахуалға байланысты, атын талай рет өзгертіп, Ташкент-90, Төретам поселкесі, Ленинск, Звездоград поселкесі, Ленинскі қаласы (21 маусым 1966 жыл) және, ақырында, 1995 жылы 20 желтоқсанда бүгінгі, дүние жүзіне белгілі – Байқоңыр деген атқа ие болды. Бүгінгі Байқоңыр – заңды түрде шөлдегі жазира деп атауға тұратын, осы заманғы әлеуметтік-мәдени және әкімшілік орталық. Қаланың инфрақұрылымында 1200-дей нысандар мен ғимараттар бар, тұрғын қоры жалпы көлемі миллион шаршы метрден артық көп қабатты 367 үйден тұрады. Қалада жалпы білім беретін 13 мектеп, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 9 мекеме, Мәскеу авиация институтының филиалы,*

*электрорадиотехника техникумы, медицина училищесі, кәсіптік-техникалық училище бар. Байқоңыр қаласының халқы – 80 мыңға жуық. Байқоңырлықтар жылына Ресей мен Қазақстанның 16 мерекесін атап өтеді.*

Бүгінде Байқоңыр қаласында Ресей құрылымдарымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік заң құзыретін және Байқоңыр тұрғындарының тең жартысынан астамын құрайтын Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін қазақстандық басқару органдары қызмет жасайды.

Қаладағы ресейлік кәсіпорындар мен мекемелерде Қазақстан Республикасының жеті мыңнан астам азаматтары жұмыс істейді. Өткен он екі жылда Байқоңырдағы қазақ тілінде сабақ жүргізетін мектептердің саны бірден алтыға дейін көбейді, яғни қаладағы мектеп үлгісіндегі оқу орындарының тең жартысын құрайды.

Жалға берудің тағы бір шарты ғарыш саласында жұмыс істеу үшін қазақстандық мамандарды дайындау болатын, бұл мәселеге қазір ерекше көңіл бөлінеді. Соңғы бес жылдың ішінде Мәскеу авиация институтының Байқоңыр қаласындағы филиалын Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің квотасына сәйкес ғарыш мамандықтары бойынша жүзден астам адам ойдағыдай бітіріп шықты. 2006 жылы, министрліктің күш салуымен, мемлекеттің есебінен оқитын студенттердің саны 100 адамға дейін көбейтілді. Байқоңыр электрорадиотехника-байланыс техникумының қырық жылдық тарихында Қазақстан Республикасының жүздеген азаматтары Байқоңырда өз білімдеріне қолданыс тапты.

*Бүгінгі күні «Байқоңыр» ғарыш айлағы – техникаға қаныққан ғылыми-техникалық кешен. Ғарыш айлағының жердегі инфрақұрылымында, ғарыш аппараттарын, зы-*

мыран жеткізгіштерді және жылдамдықты үдету блоктарын жинауға және сынауға арналған 11 монтаждаушы-сынақ корпустары, 9 старттық кешен (14 ұшырғыш қондырғы), 8 шахталық ұшырғыш қондырғы, ғарыш аппараттарына және жылдамдықты үдету блоктарына отын компоненттерін және сығымдалған газды құятын 4 құйғышбейтараптандырғыш стансалар, 2 аэродром, есептеу орталығы құрамындағы өлшеу кешені және 5 өлшеу пункті бар.

Сонымен бірге, Байқоңырдың инфрақұрылымына 360 км жылу тораптары жүйесі, 470 км темір жол, 1200 км астам автомобиль жолдары және 2500 км байланыс жүйесі кіреді.

Байқоңырда 13 ракета-ғарыш техникасын пайдалану мен сынақ орталықтары құрылып, қызмет жасауда. Ғарыш айлағын құрған жылдардан бері 2500 ғарыштық және әскери мақсаттағы зымырандар, 3000-нан астам ғарыш аппараттары мен жер серіктері ұшырылды, ғарыштық орбитаға 150-ден астам ресейлік және шетелдік ғарышкерлер көтерілді.

Қазіргі «Байқоңыр» ғарыш айлағы туралы айтқанда, оның бес түрлі зымыран-жеткізгіштерді ұшыруға мүмкіндігі бар екендігін атаған жөн. Қазіргі кезде жеңіл («Циклон-2»), орташа («Протон-К») және аса ауыр («Энергия») кластарындағы 15 ұшырғыш қондырғысы бар зымыран-жеткізгіштерден тұратын 9 старттық кешені, зымырандар мен ғарыш аппараттарын дайындау 34 техникалық кешен пайдаланылуда.

Қазақстандағы ғарыш қызметінің даму барысын жалпы сараптай отыра, оны бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші кезең 1991–1994 жылдарды қамтиды, ол ашық ұлттық сипатта болды: екі қазақ ғарышкері ұшты, Қазақстанның бірінші ғарыш бағдарламасын іске асыру басталды.

Екінші кезең, ғарыш кешенінің экономикалық және саяси жағдайымен тығыз байланыстағы, 1994–2004 жылдарды қамтитын соңғы он жылдағы нормативтік-базалық кезең. Бұл кезеңде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында «Байқоңыр» кешенін жалға беру жағдайындағы ғарыштық және әлеуметтік-құқықтық қызметтерді реттейтін, 30-дан астам халықаралық келісімшарттар мен келісімдер жасалынды.

Үшінші кезең 2005 жылдан басталды. Бұл кезеңді мен Қазақстанның іс жүзіндегі ғарыш қызметінің белсенді даму кезеңі деп атар едім. Ол туралы мен тереңірек айтқым келеді, себебі ол осы саладағы біздің болашағымызды қамтиды.

### «БӘЙТЕРЕК» – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒАРЫШТЫҚ ДІНГЕГІ

2004 жылы қаңтарда Астанада, Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға келген ресми сапары кезінде, Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту туралы келісімге қол қойдық, бұл екі жақтың ұзақ мерзімді ғарыш бағдарламасын білдіреді. Ал дәл бір жылдан кейін, 2005 жылы 25 қаңтарда, мен өзімнің Жарлығыммен Қазақстан Республикасының ғарыштық қызметінің 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік даму бағдарламасын бекіттім. Осыған сәйкес, экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоғары талап қоятын зымырандық-ғарыштық кешеннің құрылысы бойынша біріккен «Бәйтерек» Ресей-Қазақстан жобасын іске асыру басталды.

Қазіргі кезге дейін техникалық және старттық кешендерді құрудың жұмыс кестелерінің, сол сияқты «Бәйтерек» зымырандық-ғарыштық кешенінің құрылыстарын, техникалық жүйесін және технологиялық құрал-жабдықтарын жасау кестесінің жобалары жасалынды.

«Байқоңыр» ракеталық-ғарыштық кешені салынатын «Байқоңыр» ғарыш айлағының 200-ші алаңында инженерлік-іздістіру жұмыстары, сол сияқты жалға беруден шығарылатын және біріккен кәсіпорынға берілетін ПУ №40 құрылысының тізімін анықтау жөніндегі жұмыстар аяқталды. Жобаны іске асыруға қатысып отырған Ресейдің бас ұйымдарымен келісімшарттарды істелетін жұмыстар көлемінің тізіміне сәйкес келісу жұмыстары одан әрі жалғастырылуда.

*Біріккен «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей кәсіпорны «Байқоңыр» ғарыш айлағының ғарыштық инфрақұрылымы нысандарының базасы негізінде экологиялық жағынан қауіпсіз жаңа «Бәйтерек» зымырандық-ғарыштық кешенін жасау және одан әрі ғарыштық кешенін коммерциялық ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды орындау, сол сияқты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық ғарыштық бағдарламаларын іске асыру, мақсатында құрылған.*

*Осы инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде, Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық аэроғарыштық өнеркәсібін және ғарыштық бағдарламаларын дамытуға, барлық халықаралық стандартқа және жаңа жұмыс орындарын жасауға жауап беретін, перспективасы жоғары, экологиялық жағынан таза зымырандық-ғарыштық техниканы пайдалануға қолайлы мүмкіндіктер алады.*

*«Бәйтерек» зымырандық-ғарыштық кешені Ресей мен Қазақстанның ғарыштық бағдарламаларын орындау мүддесін көздеп, әртүрлі қолданымдарға арналған ғарыш аппараттарын, сол сияқты коммерциялық бағдарламаларды орындау үшін төменгі, орташа және жоғары шеңбердегі және эллипстік орбиталарға (соның ішінде күн-синхронды, геостационарлы, полярмаңында, жарты тәуліктік), сондай-ақ Күн жүйесінің ғаламшарларына*



*ұшып бару траекториясына шығару мақсаттарына арналған. Қазақстан Республикасының ұлттық ғарыш бағдарламасы бойынша ең үлкен мүдделілікті туғызатын нәрсе – жан-жақты міндеттерді орындау үшін ұшырылатын ғарыштық байланыстың жасанды жер серіктері еді.*

2005 жылы наурызда құрылған «Қазкосмос» ұлттық компаниясы белсенді қызмет жасайды. Оның арсеналында тоғыз ғарыштық жоба бар, соның бірі – ғарыш айлағында іске асырылатын Ресейдің «Энергия» ғарыштық корпорациясымен бірлесе отырып, ғарыш техникасының арнайы конструкторлық бюросын құру.

Компания Қазақстан Республикасының «Сарышаған» полигонында командалық-өлшеу кешенін, Жерді алыстан бақылайтын ұлттық ғарыштық жүйені, ғылыми бағыттағы ғарыш аппаратын, көп қызметті жеке жасанды жер серігі байланысының жүйесін құру жөнінде жұмыстар жүргізуде, сол сияқты авиациялық зымырандық-ғарышкерлік «Есіл» кешенінің нобайлық жобасын және техника-экономикалық негіздеуін жасау жөнінде жұмыстар атқарылды.

2006 жылдың басында Қазақстан Республикасындағы ғарышкерлік қызметті дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тағы бір объектісі пайдалануға қабылданды. Бұл Астанада орналасқан, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан старт алатын ұшырғыш-ракеталар туралы ұшу ақпаратын беріп тұратын орталық.

Ғарыш саласындағы ғылыми-зерттеулерді іске асыруы барысында Астрофизикалық зерттеулер орталығында белгілі нәтижелер алынды. Бұл – ғарыш кеңістігінде радиациялық мониторингінің халықаралық жүйесін құру, халықаралық ғарыш стансасының бортында Қазақстан Республикасының зерттеулері мен тәжірибе жұмыстарын жүргізуге арналған кешенді бағдарлама жобасын жасау, жоғарғы атмосферадағы

оптикалық құбылыстарды зерттеу негізінде, кешенді зерттеулерді іске асыру жөніндегі және басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарына тікелей қатысты мәселелер.

Біз бүгін Байқоңырда Ғарыш индустриясының орталығын құру үшін осы жерде ғарыштық қызметтің отандық әлеуетін шоғырландыруымыз қажет.

Осы мақсатпен Байқоңыр қаласында қазірдің өзінде «Қаз-космос» және «Бәйтерек» бірлескен жобасының филиалдары құрылып, қызмет жасауда, Астрофизикалық зерттеулер орталығының құрылымдық бөлімшелерін қайта орналастыру жүргізілуде.

*Қазақстанда ғарыштық зерттеулердің бұрыннан келе жатқан дәстүрі бар. 1950 жылы астрофизикалық бақылаулар галактикалық және галактикадан тыс нысандарды – Күн жүйесіндегі жұлдыздар мен планеталарды теориялық тұрғыдан зерттеулер үшін В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институты құрылған болатын. 1983 жылдан бастап, Күн-Жер байланыстарының тетіктерін, динамикалық процестерді зерттеумен, әртүрлі орталардың (атмосфера-ионосфера-магнитосфера) өзара іс-әрекеттерін анықтайтын, сол сияқты Қазақстан аймағындағы мониторингпен және ғарыштық ауа райы болжамымен айналысатын Ионосфера институты қызмет жасауда.*

*1991 жылы 12 тамызда академик Ө. Сұлтанғазиннің бастамасымен республикада ғарыштық мониторингтің және экологиялық болжаудың әдістері мен технологиясын жасауға бағыттандырылған Ғарыштық зерттеулер институты құрылды.*

Қазақстанның әлемдегі ғарыш державаларының клубына кіруінің келесі нақты қадамы қазақстандық бірінші «КазСат» жасанды жер серігін ұшыруы болды.

Осы бір айтулы оқиғаға қатысу үшін 2006 жылы 18 маусымда мен Ресей Президенті Владимир Путинмен бірге Байқоңырға келдім.

Дәл кесте бойынша, 18 маусым, 4 сағат 44 минутта, ғарыш айлағының 200-ші алаңынан, бортында Қазақстанның бірінші ғарыштық жасанды жер серігі бар, «Протон-К» зымыран-ұшырғышы старт берді. Владимир Владимирович Байқоңырдан ұшатын зымыранның стартын бірінші рет қарап тұрды. Мұның бір жағынан рәміздік мәні бар еді, себебі – бұл бірлескен ынтымақтастықтың нәтижесінде мүмкін болған, «КазСаттың» ұшуы болатын.

Баспасөздің күткеніне қарамай, біз сәтті стартқа түсініктеме бермедік, өйткені Жердің жасанды серігінің орбитадағы негізгі қызметі белгілі бір уақыттардан кейін басталатын еді.

Сол күнгі сағат 20-да Ақкөлдегі жерден басқару кешеніне Жердің жасанды серігінен борттағы ретрансляциялық кешен антенналарының ашылғандығы туралы сигнал келді. Бұл ғарыш аппараты жұмысқа дайын деген сөз болатын. Жердің жасанды серігін екі ай бойы Ресей мамандары Ақкөлдегі жерден басқару кешенінің біздің қазақстандық қызметкерлерімен бірлесіп орбитада сынағаннан кейін барып қана Қазақстан «КазСатты» пайдалануға алды.

«КазСаттың» 12 белсенді транспондерлері бар, олардың төртеуі тоқтаусыз телехабарларды қамтамасыз етеді және сегіз оқпаны БРТК Ku және БРТК 72 МГц. диапазоны жиілігіндегі тіркелген байланыстарға арналған. Сигналдың берілуін жердегі басқару кешені мен Қазақстан аумағында Ақкөлде, Астанадан 100 км қашықтықта орналасқан, байланыс мониторингі жүйесі және Ресейде оқып келген білікті қызметкерлер құрамы қамтамасыз етеді.

Жердің жасанды серігі өзінің орбитасында Қазақстанның бүкіл аумағын, сол сияқты Сібір, Еділ бойы аймақтарының аумағын спутниктік байланыспен және телеарналар хабарларын таратумен қамтамасыз етеді.

*«КазСат» 92 градус шығыс бойлығының орбитасында ұшу конструкторлық сынаудан өтті, содан соң 103 градус шығыс бойлығындағы орбитаға ауыстырылды да, сол жерде жұмыс істеуге кірісті. Бұл орбиталық орын Ресейдің резервінде сақталып келген еді. Кейін келісім бойынша, 2021 жылға дейін Қазақстанның пайдалануына берілді.*

Байқоңыр ғарыш кешені қызмет жасаған жылдардың ішінде Қазақстан бірінші рет жалға беру жағдайында қала мен ғарыш айлағының инфрақұрылымын дамытуға қатысады. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Даниал Ахметов Байқоңырға жұмыс сапарымен барып қайтқаннан кейін, Байқоңыр қаласында ұлттық білім беру орталығын салу, Қазақстанның ғарыш ведомствосына арналған біртұтас ғимаратты қайта құру, сол сияқты қазақстандық мамандарға арнап бірнеше тұрғын үйлер салу туралы шешім қабылданды.

Қазақстанды индустрияландыру, тұрғын үй құрылысын жасау бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Премьер-министр Даниал Ахметовтың жасампаз еңбегін атап өткім келеді. Ол қашанда жұмысқа белсенділігімен және табысқа ұмтылуымен көзге түседі. Ғарыш қызметін дамытудың бағдарламасын іске асыруда, біздің бірінші байланыс жасанды жер серігімізді ұшыруда, «Бәйтерек» кешенін салуда ол аз күш жұмсаған жоқ.

Қазақстан Республикасындағы Ғарыштық қызметтерді дамыту мемлекеттік бағдарламасында мамандарды дайындауға және олардың біліктігін көтеруге басымды маңыз беріледі. Қазірдің өзінде Президенттің «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Ресейдің, АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Францияның, Германияның, Нидерландының және Қытайдың жоғары оқу орындарында ғарыштық мамандықтар бойынша оқыту ұйымдастырылған. Қазіргі кезде ғарыштық қызмет көрсету саласында жүзге жуық адам стипендияға ие болып отыр.

Егер ғарышкерлерді дайындау туралы айтатын болсақ, онда ғарышкерлікке үміткер екі қазақстандық ғарышкерлер дайындайтын Ю.А. Гагарин атындағы Ресей Мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында жалпы ғарыштық дайындықтан өтуді аяқтады, енді ұшу бағдарламасы бойынша шешім күтуде.

Жаһандық жасанды жер серігі навигациялық жүйесін пайдалану және қолдану мәселесіне байланысты біздің Ресей Президентімен бірлескен тапсырмамыз бойынша біріккен Қазақстан-Ресей сарапшылар тобы тыңғылықты жұмыс істеді, оның қорытынды материалдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырылды.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінде елімізде ғарыш қызметін дамыту бойынша тыңғылықты және бағытты жұмыстар жүргізілуде. Соңғы екі жылда біз Владимир Путинмен Байқоңырда екі рет болып үлгердік. 2005 жылы біз Байқоңыр ғарыш кешенінің 50 жылдығына арналған салтанатқа қатыстық. Байқоңырлықтардың, Ресей мен Қазақстанның ғарыш салаларындағы құрметті адамдарының алдында сөйлеген сөзімде, мен Байқоңыр кешенін жалға беруді 2044 жылға дейін ұзарту туралы құжатқа қол қойылғанын, ғарыштық бағдарламаларды бірлесіп іске асыруға, қазақстандық ғарышкерлерді және ғарыш саласының мамандарын дайындауға шешім қабылданғанын еске салдым. Сол жерде мен: «Сөйтіп, біз Владимир Владимировичпен бірге Байқоңыр ғарыш айлағындағы біздің ұрпақтың өмірін, бірлескен қызметін шештік. Мен бұған, принцип ретінде, біздің мәңгілік достығымыздың шын мәніндегі орнаған жері және дәлелі ретінде қараймын», – дедім.

Менің сөздерім жұртты дүрсілкіндірген қол шапалақтаумен қарсы алынды. Мен олардың осыны түсінгеніне ризамын. Байқоңырлықтар – ерекше халық, олар ғарыш айлағы Қазақстан мен Ресейдің өзара тиімді халықаралық

ынтымақтастығының сенімді қолдарында, ал оның болашағы екі ел басшыларының тікелей бақылауында екендігіне шын жүректен қуанды.

Жалпы, кешенді жалға бергеннен кейінгі, Байқоңырға сол жолғы бірінші баруым маған рух берді. Мен ғарыш айлағында он бір жыл бойы болған жоқ едім, оның әлі де сол рухымен күшті екенін көрдім. Бейнелеп айтқанда, баяғы Алланың нұры түскен сол киелі перзент – Байқоңыр – күшті, ақылды да, білімді, алдына өмірлік батыл жоспарлар қойған бозбалаға айналыпты.

Мейлі, ол ең бір қиын да ауыр сынақтардан өтсе де, солары оған тек қана шыдамдылық, күш пен сенім қосыпты. Оның ата-анасының бірі ретінде Қазақстан заңды түрде ол үшін мақтана алады.

Өткен жылдардың ішінде, жалпы алғанда айтарлықтай жағымды өзгерістер Қазақстан Республикасында да, сол сияқты «Байқоңыр» ғарыш кешенінде де болды. Бүгінгі Қазақстанның дамыған нарықтық экономикасы бар, қысқа мерзімнің ішінде біз табысты реформаны іске асырдық, қазір ол еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуде.

Қазақстан бүгін – әлемдегі ең серпінді дамып отырған мемлекеттердің бірі. Экономиканы басқарудың принципті түрде өзгеше жүйесін құру басталды, экономиканы әртарап-тандыруға бағытталған индустриалды-инновациялық стратегия іске асырылуда, посткеңестік кеңістіктегі ең бір прогресті қаржы жүйесі жасалды. Бәсекеге қабілетті экономикалық әлеуеті бар, басыңқы салалары даму үстіндегі экономиканың моделіне бағыт ұсталынып отыр. Күн тәртібінде Қазақстанды одан әрі қарай жаңғырту, демократияландыру, интеграциялау және бәсекеге барынша қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына өткізу мәселелері тұр.

Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметін дамытудың міндеттері осы стратегиялық мақсатпен үндесіп жатыр.

Еліміздің экономикалық өрлеуі ғарыштық бағдарламаларды жасауға және оны іске асыруға негіз болды. Қазақстан Республикасындағы ғарыштық қызметті дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған бірінші бағдарламасы қабылданып іске асырылуда. Менің тапсырмам бойынша Қазақстандағы ғарыштық қызметті дамытудың 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді бағдарламасы да жасалып жатыр.

*Қазақстан Республикасы қазіргі уақытта халықаралық ғарыш құқығының субъектісі болып табылады.*

*1995 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы комитетінің мүшесі болып қабылданды. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының ғарыш бойынша бес негізгі халықаралық келісімшартына қосылды.*

*Олар:*

*– Мемлекеттердің ғарыш кеңістігін, Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметтері туралы 1967 жылғы 27 қаңтардағы келісімшарт;*

*– Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген нысандарды қайтару туралы 1968 жылғы 22 сәуірдегі келісімшарт;*

*– Ғарыштық нысандардың келтірген нұқсанына халықаралық жауапкершілік туралы 1972 жылғы 29 наурыздағы конвенция;*

*– Ғарыш кеңістігіне жіберілген нысандарды тіркеу туралы 1975 жылғы 14 қаңтардағы конвенция;*

*– Мемлекеттердің Айдағы және басқадай аспан денелеріндегі қызметі туралы 1979 жылғы 18 желтоқсандағы келісім.*

Бүгінде біздің республика дүние жүзінің ғарыштық державалары қатарынан өзінің орнын алуға тырысуда. Қазіргі

уақытта Қазақстан Республикасының зымыран технологиясын бақылау режиміне қосылуы жөнінде рәсімдер іске асырылуда. Бұл Қазақстан Республикасының халықаралық ғарыштық қызметтің толық қатысушысы болуына мүмкіндік береді.

Соңғы уақыттарда дүниежүзілік ғарыш индустриясында, ғарыш кеңістігін игеру және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастық көлемінің кеңеюімен және ғарыш кеңістігін пайдаланумен, ғарыштық қызметтердің жаһандануымен және коммерциялануымен байланысты үлкен өзгерістер болды.

Көптеген мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан да, ғарыштағы геосаяси мүдделердің маңыздылығын түсінуге жетті, соның себебінен ғарыш кеңістігін игеру және пайдалану бүгінде ұлттық саясаттың басым жақтарының біріне айналып отыр.

Ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану рөлі біздің мемлекеттің экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуында үнемі арта түсуде.

2006 жылы қазанның басында біз республикада бірінші қазақ ғарышкерінің ғарышқа ұшуының 15 жылдығын кеңінен атап өттік. Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен Астанада өткен «Қазақстан Республикасындағы ғарыштық қызмет дамуының қорытындылары мен болашағы» деген тақырыптағы халықаралық форум осы оқиғаға арналды. Форумға Ресей Федералдық ғарыш агенттігінің, Ресей ғарышкерлерді дайындау орталығының, Ресей «Энергия» ғарыш корпорациясының, Ресейдегі ұшақ жасайтын «МиГ» корпорациясының, Жуковский атындағы Ресей жоғарғы әскери-инженерлік академиясының, «Байқоңыр» ғарыш кешенінің делегациялары, Австриядан келген қонақтар, Қазақстан ғалымдары, республиканың ғарыштық ведомстволары мен ұйымдарының өкілдері, бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның бірінші ұлттық ғарыштық бағдарламасын



жасауға және іске асыруға кімнің қатысы болса, солар түгелдей қатысты.

Бұл кездесу, шын мәнінде, Қазақстанның ғарышқа қарай жолын салғандарға көрсетілген құрмет пен ризашылықтың белгісі болды.

Біздің бәрімізге, Жер планетасының тұрғындарына, 1961 жылғы 12 сәуір адамзаттың ғарышқа бұзып-жарып шыққан күні ретінде есте қалады, сондықтан да оны авиация мен ғарышкерліктің Дүниежүзілік Күні деп тегін атамаған. Егеменді Қазақстанның күн тізбесінде, ғарыштық ұшуларға қатысушы, көптеген басқа елдердікі сияқты, ғарышкерліктің ұлттық күні жоқ. Бірақ жоғарыда аталған күн, мемлекет өзінің азаматын бірінші рет ғарышқа аттандырған тарихи күн елдің ғарыштық жылнамасының бастамасына айналады.

Қазақстан тәуелсіздігінің тарихы Қазақстан ғарышкерлігінің тарихынан басталады, бұл – айшықты белгі.

Қазақстанның ғарышты игерудегі 15 жылда жүріп өткен қадамдары, Жерді айналдыра тартқан ғарыш орамдары сияқты. Біздің еліміздің алдында Жердің бетінен әрі де жатқан жаңа биіктер тұр, оның тең ортасында – тамыры тереңге жайылған Бәйтерек – Қазақстанның ғарыштық діңгегі тұр.

# ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАҢА АСТАНАСЫ

Мойындауым керек, поэзияға аса мықты емеспін, бірақ, елорданы Алматыдан Астанаға көшіру үрдісі барысында, менің ойымнан үнемі Олжас Сүлейменов өлеңдерінің: «Даланың даңқын асқақтат, Таулардың сағын сындырмай», – деген бір жолдары ойымнан шықпай-ақ қойды. Мен үшін осы сөздердің мағынасы мүлде өзгеріп кеткен сияқты көрінді. Атап айтқанда, Алатаудың бауырындағы тамаша қаланы сақтай отырып (көбіне және осы үшін), сонымен бірге, Сарыарқаның төсінде жаңа астананы салу сияқты өзіміздің алдымызға өте күрделі міндет қойдық.

Жаңа астанаға көшу және оны салу туралы ой менде ертеректе, сонау алыстағы 1992 жылы туған еді, бірақ мен ол кезде мұны аузымнан шығармадым, өйткені Қазақстанның экономикасы ойлағанды іске асыруға мүмкіндік бермеді.

Ал қазір мен, Астананың көшелерінен өтіп бара жатып, оған сүйсіне қараймын. Көптеген астаналықтар сияқты, мені де бұл жерде, ештеңемен шатастырып алмайтындай, өз үйімді тапқандай айтып жеткізуге болмайтын сезім бауряды. Кісі оны басқа еш нәрсемен шатастырып алмайды ғой. Бұл қуаныш пен тылсым тыныштықты қатар сезіну болатын. Тіпті көше шамдарының өзі саған нұр шашқандай, ал ағаш жапырақтары сенің басыңнан сипағандай сезімге оранасың. Білсеңіздер, маған осы ғимараттардың тұрғызылу қарқыны бір түрлі баяу сияқты көрінеді де тұрады. Ал құрылыстың мерзімі шындығында кімді болса да таң қалдырғандай. Кеше ғана осы жер желі азынаған қу дала сияқты еді ғой! Ол кезде қала әлі Ақмола атанатын.

1992 жылы, Қазақстанның Президенттігіне бүкіл халық болып сайлағаннан кейін, мен Ақмолаға келдім. Есілден көлденең тартылған ескі көпірдің ортасында тұрып, өзенге қарадым. Маған қаланың ортасында ағып өзен жатқан болса, қашанда сол ұнайтын.

Өзен қалаға ерекше бір көрік береді, мәртебесін көтереді. Мысалы, бізде Жайықтың бойында Атырау, Сырдарияның

бойында Қызылорда, Тобылдың бойында Қостанай, Ертістің бойында Семей мен Кереку орналасқан. Ал әлемде қаншама астаналар ылғи өзен жағасына салынған! Санкт-Петербург – Невада, Мәскеу – өзі аттас өзенде, Париж – Сенада, Лондон – Темзада тұр. Оның үстіне, Ақмола Қазақстан мен бүкіл Еуразияның орталығына орналасқан.

Әрине, жаңа астананы армандау бар да, оны іске асыру бар ғой, екеуі – екі түрлі нәрсе. Ал іске асыру жағы мүлде болмайтындай көрінетін, ол үшін тек қана өзіңе және бір кереметке ғана сену керек сияқты.

Біздің жас елорданың негізінің қалануы мен қалыптасуының егжей-тегжейлі менің «Еуразия жүрегінде» атты кітабымда жазылған, ал мұнда сол көшіру тарихының өзін, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында жаңа астананың қаншалықты рөл атқаратынын мән-мағынасын ашып бергім келді.

Ел дамуының жаңа кезеңінде жаңа астана, Қазақстан ұлтын біріктіретінеліміздің басқаласы ғана болып қалмауы керек. Астана қарқыны қауырт экономикалық белсенділікті қамтамасыз ете отырып, болашақта бүкіл Еуразияның экономикалық мегаполистерінің біріне айналуы тиіс. Осы факторларға сүйене отырып, барлық жол тораптарының тоғысатын жеріндегі астананың орнын анықтауымыз керек болды. Сонымен бірге соған таяу маңға өнеркәсіп орындарын орналастыру және оларға қажетті білікті мамандардың болуы да естен шыққан жоқ. Елордасы болуы үшін осы айтылған өлшемдер мен белгілерге осы белдіктегі қалалардың ішінде бірден-бір сай келетіні Ақмола болып шықты.

Иен далаға осы заманғы қаланы салу мүмкін емес, бұл өлкені көтеру, тек кеңестік кезеңде, тың көтерумен ғана байланысты болды деген сөздерді мен талай рет естідім.

Бірақ та қазіргі Астана тұрған жер – ықылым заманнан адам қоныс қылған өңір. Ежелгі және қазіргі зерттеушілердің еңбектерін мұқият оқып қарасақ, Ақмола жерінің қашанда әртүрлі тайпалар мен мәдениеттердің бір-біріне өзара

ықпал жасағанын, ауыс-түйісі мол болғанын көреміз. Сонау, біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында, осы сайын даланың төсін басып, әйгілі қырдың жолы өткен. Соның жайы ежелгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде айтылады.

1998 жылы археологтар қазіргі Астанадан бес шақырым жерден ортағасырлық қала – Бозоқтың орнын тапты. Дәл қазіргі Астана тұрған аумақ арқылы XVI ғасырда Сібір – Орта Азия керуен жолы өткен. Бозоқ Қыпшақ хандығының астанасы болған.

Ақмола тарихындағы екінші көтерілу дәуірі кеңестік кезеңмен байланысты. Өзінің қолайлы географиялық жағдайының арқасында, Кеңес өкіметі жылдарында, Ақмола жерінде, қаланы Одақтың темір жол жүйесіне қосқан және көлік ағынына ілестіріп әкеткен темір жол магистральдары салынды. Бұл, өз тарапынан, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының кең дамуына және Ақмоланың ірі көлік торабына айналуына алып келді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақмола Одақтың тек қана экономикалық қана емес, сондай-ақ әскери-көлік торабы да болды. Бұл жерде бір атты әскер және үш атқыштар дивизиясы жасақталды. Мұнда елдің майдан шебіндегі аумақтарынан өнеркәсіп орындары мен тұрғындары көшіріп әкелінді. Осы жерге мыңдаған жаралыларды емдеген көшпелі госпитальдар орналастырылды.

Экономиканың барлық салаларының дамуына жаңа тынысты «тың дастаны» дарытты. 1950–1960 жылдары қалада машина жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, энергетиканың, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің, көлік қатынасының, байланыстың және телекоммуникацияның кәсіпорындары жұмыс істей бастады. Ауыл шаруашылық, педагогикалық, медициналық және инженерлік-құрылыс институттары, бірқатар техникумдар мен училищелер ашылды.

1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді және ол республиканың бірнеше ірі облыстары кірген Тың өлкесінің орталығына айналды. Сол уақыттарда-ақ Никита Хрущев басқарған Одақтың басшылығы Қазақстанның астанасын Целиноградқа көшіру туралы кәдімгідей әңгіме көтере бастаған.

Одақ ыдырағаннан кейін, республикалар өз мемлекеттігін, өз тарихын өздері жасауға құқық алды. Қазақстан орталығын, қазір Астанаға айналған Целиноградқа көшіру, Қазақстан мемлекеттілігі дамуының өзінше бір жаңа кезеңі болды. Астанаға айналғаннан кейін, қала өз тарихының үшінші дәуірін бастады. Мен осы тарауда осы дәуірдің қалай басталғанын айтпақпын.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАСЫН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМНІҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

Орталықты ауыстыру туралы ойды жұртқа жарияла-мас бұрын, мен Парламентпен келіссөз жүргіздім, оларға сөйлейтін өз сөзімнің жобасын бердім. Ал бұған жауап ретінде: «Оған Алматының несі ұнамай қалыпты? Одан да жалақы мен зейнетақыны уақытында берсін де!» деген шым-шыма сөздерді жиі естідім.

1994 жылы 6 шілдеде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі сессиясының пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзімде парламент мүшелерінің талқысына астананы ауыстыру идеясын ұсындым. Қазақстан астанасын ауыстыруды мен Алматының не экономикалық, не геосаяси жағынан тәуелсіз мемлекеттің астанасы ретіндегі талаптарға қазірдің өзінде-ақ жауап бермейтіндігімен дәлелдедім. Тұрғын саны біржарым миллиондық көрсеткішке жақындап қалған оның аумақтық тепе-теңдікпен орналасу кеңістігі жағынан келешегі тым

шектеулі еді. Алматының аумағын кеңейту қажет еді, бірақ құрылыстардың тығыз орналасуынан және бос жерлердің аз болуынан қаланы кеңейтуге мүмкіндік жоқ еді.

Сонымен қатар, жоғары сейсмикалыққа байланысты Алматыдағы жаңа құрылыстар, Қазақстанның басқа қалаларындағы құрылыстармен салыстырғанда, әлдеқайда қымбатқа түсер еді. Бізге, бұрын қажеттігі болмаған, егемен мемлекет ретінде енді қажет болатын, жаңа: Қазақстан Республикасының Парламенті үшін ғимараттар кешені, Сыртқы істер министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне, банктерге және басқадай ұйымдарға, оның ішінде шетел мемлекеттерінің елшіліктеріне ғимараттар салу керек еді.

Сөз жоқ, Алматы – еліміздің сұлу қаласы. Оған ерекше сұлулықты Алатаудың жоталары мен шыңдары-ақ беріп тұрады. Менің өзім Алматыға таяу жерде туып-өстім, сондықтан бұл қаланы мен жақсы көремін. Бірақ елдің мүддесі мен объективті факторлар жеке басқа қатысты жағдайлардан әлдеқайда жоғары тұрды. Алматының астана ретінде, шынында да, өзіндік кемшіліктері бар еді және оларды жою мүмкін емес болатын. Мысалы, жылдан-жылға қаланың экологиялық жағдайы асқына берді. Атмосфераның, әсіресе қыс айларындағы былғанышы жағынан, бұрынғы астана Қазақстан қалаларының арасында бірінші орында тұрады. Оның көшелері және ауасы жүз елу мыңға жуық көлік құралдарының сапырылысына әрең дегенде төтеп беріп тұрды. Қаланың сыртында, жиі түсетін тұманның аумағында орналасқан әуежай әуе байланысына жиі-жиі кідіріс туғызды.

Халықтың тығыздығы бойынша солтүстік облыстар, оңтүстік облыстармен салыстырғанда, әлдеқайда кең тынысты. Миграциялық қозғалыстарды Қазақстанның басқа аймақтарына қарай бұру экономикалық және әлеуметтік жағынан тиімді болатын. Жаңа астананың үлкен перспективалары бар өнеркәсіп орталықтарына жақын орналасуы және оған толып жатқан шектеулер болмауы керек болды.

Менің тапсырмам бойынша, жаңа астананы орналастыруға қолайлы жерді табу мақсатында, республиканың бүкіл аумағына жан-жақты зерттеу жүргізілді. Астана 32 өлшемге сәйкес болуы керек еді. Осы өлшемдердің ішіндегі аса маңыздыларына: әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсмикалық жағдай, қоршаған орта, инженерлік және көліктік инфрақұрылымының болуы, оның болашағы, коммуникациялар, құрылыс кешені және еңбек ресурстары жатады.

Бастапқыда бізге жаңа астананы еліміздің нақ ортасынан салу идеясы тартымды болып көрінді. Қазақстанның нақ ортасы – бұл ертеректе хандардың ордасы тұрған Жезқазған мен Ұлытау. Бұл жерде, кең даланың төсінде, Ұлытау жоталары орналасқан. Өткен ғасырларда қазақ рулары Қазақстанның жан-жағынан – батысы мен шығысынан, оңтүстігі мен солтүстігінен ағылып келіп Ұлытауда түйісетін болған. Осы өңірде қазақ ұлтының түп-тамыры бекіген.

Бірақ бүгінгі күні Ұлытауда тапшылық көп: жеткілікті су да, темір жолдар да, автокөлік магистральдары да, әуежайлар да жоқ. Ал астананы Ұлытау өңіріне ауыстыру қыруар қаржыны қажет етер еді. Ондай жерде жаңа қаланы салу тіпті қиынға түседі.

Мен Қарағанды туралы да ойладым. Бұл қаланы мен жақсы білетінмін. Қарағанды Теміртауда жұмыс істеген біз-дер үшін өркениеттің орталығы болатын. Бірақ қаланың асты толған шахталар, осыдан барып жер жиі-жиі ойысады, бұған сумен қамтамасыз етуді және экологияны қосыңыз.

Үшінші астаналық нұсқа Ақтөбе болып еді. Ақтөбені таңдасақ, онда біз еліміздің шығыс аймағынан тым алшақтап кетер едік. Біздің Алматыдан кету себебіміздің өзінде, оның оңтүстік-шығыстағы тығырық болуы жатты ғой, ал Ақтөбе басқа аймақтар үшін солтүстік-батыстағы тығырық болар еді.



Қалай болғанда да, жүргізілген зерттеулер, барлық нұсқалардың ішінен ең қолайлысы Ақмола екендігін көрсетті. Қаланың жағдайы, оның аумағы кез келген сәулеттік қадамдарды іске асыруға мүмкіндік беретін. Ақмола Қазақстанның географиялық орталығына жақын жатты және маңызды шаруашылық аймақтарына таяу, ірі көлік магистральдары түйіскен жерде орналасты. Ол кезде онда шамамен 200 мыңға жуық адам тұратын және сол уақыттағы қаланың бас сәулет жоспары бойынша қала халқын 400 мыңға дейін өсіруге болады деп есептелінді. Қазір, ресми мәліметтердің өзі бойынша, Астанада жарты миллионнан астам адам тұрып жатқан көрінеді, ал шындығы одан әлдеқайда көп.

Ақмола тың өлкесінің орталығы болды, бұның өзі қалаға астана мәртебесін беру мүмкіндігін айтып тұрды. Сонымен қатар, дәл осындай шешім, мен жоғарыда айтқандай, кезінде Н. Хрущев басқарған Одақ басшылығы тарапынан да кәдімгідей қарастырылған болатын. Сондықтан сол кездің өзінде-ақ бұл жерде қазірдің өзінде қызмет жасап тұрған, бірталай мықты әкімшілік ғимараттары, Мәдениет сарайы, Жастар сарайы және басқалар салынған.

Қаланың өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін негізгі жүйелердің жағдайы да онша көп мәселе туғызбады. Бұнда жылумен, газбен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған, сумен жабдықтауға байланысты барлық мәселелерді ұзындығы жағынан шағын «Ертіс-Қарағанды» каналы шешіп тұрды. Осыларға қосымша Ақмолада көлік инфрақұрылымы жақсы дамыды және күні бүгінге дейін экологиялық жағдайы қолайлы қалыптасқан. Астананы көшіру бір сәтте бола салатын жұмыс емес, оның аяқталуы, жоспарланғандай 2000 жылға қарай іске асырылды. Қажетті дайындық жұмыстары жасалғаннан кейін, Ақмолаға бірінші кезекте, негізгі мемлекеттік органдар, сонымен қатар бірқатар маңызды министрліктер мен ведомстволар көшіп келді.

Сәулетшілердің бастапқы бағалаулары бойынша, астаналық әкімшілік орталығын мақсатты түрде жеке, қаланың оңтүстік шетінде, 300-400 гектар аумақта салу көзделді. Бірақ кейіннен, қаланы салу жөніндегі конкурста жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның жеңіп шығуына байланысты, жоспар өзгертілді, қала енді Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтере бастады. Бас сәулетші Кисё Курокаваның сол кезде: «Таза қағазға сызғанда ғана иероглиф әдемі болып шығады» деп айтқан сөзі еске түседі. Есіл өзенінің сол жағалауы өзінің көлемі жағынан да, әдемілігі жағынан да жаңа астананы салуға көбірек келуші еді. Дипломатиялық корпус та қала шеңберінің ішінде, сол жағалауға орналасты.

Алғашқы уақытта, бұрыннан ойластырылғандай, кейбір министрліктер жаңа астананың маңайындағы қалаларға да орналастырылды. Астананы ауыстыру солтүстік аймақтардағы инновациялық және ғылыми-ауқымды өндірісті, ілгерішіл ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды және кең түрдегі ұқсатушы ауыл индустриясын интенсивті түрде дамытуға септігін тигізеді деп есептелінді. Біз Ақмола бейнесінен тек жаңа қоғамдық-саяси ортаны ғана емес, Қазақстанның Алматыдан кейінгі, маңызы жағынан екінші экономикалық, іскерлік, ғылыми және мәдени орталықты көргіміз келді.

Көп адамдар сол кезде жаңа астанаға жұмсалған қаржының қайтпайтынын айтып, кейде ашық түрде мемлекеттің ақшасын босқа шашу дейтін. Бірақ қайтпай қалған шығын – ол астананы көшіруге кеткен шығын ғана болды. Қалғанының барлығы – бұл күрделі салымдар, бұл болашаққа деген инвестициялар. Жаңадан тұрғызылғандардың баршасы мемлекеттің ұлттық байлығын көбейтуі тиіс болатын.

Алматы бейнесінен біз бәрібір қашанда мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне үлкен ықпалы бар, іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталықты көрер едік. Сонымен қатар қазір, Алматы Орталық Азия және ТМД көлемінде қаржы

орталығы деген атаққа ұмтылып отырғанда, біз шынында оңтүстік астананың орасан зор әлеуетін оны халықаралық деңгейге шығару үшін пайдалана аламыз. Ең алдымен инфрақұрылым, байланыс, көлік қатынасы және т.б. қажетті өлшемдер жақсартылуы керек.

Ашық айтайын, мен астананы ауыстыру идеясына байланысты бірталай қатал сынға тап болдым. Парламентшілер менің идеямды тыныш қана қабылдады десем, жалған айтқан болар едім. Дауыстар екіге бөлінді: егер де депутаттардың бірі мені сөзсіз қолдайық деп ұсынса, екінші біреулері үнемі қиындай түскен әлеуметтік-экономикалық жағдайда астананы ауыстыру үшін орасан зор қаржыны шашу қисынсыздық деп, мүлде дес бермейтін қорғаныста тұрды. Айтыс қызу жүріп жатты, бірақ депутаттар негізінен мені қолдамауға қарай ойысқан.

Сөйлейтін бір сөзімді мен өзімнің туған күніме орайластырып тағайындағаным есімде. Бірақ менің бұл кішкентай құлығым іске аспады, айтыстың қызуымен бұны тіпті ешкім де есіне алмады. Бірақ кейіннен, жаңа астана таяу арада бола салатын іс емес, қалай болғанда да 20-30 жылды керек қылады деп ойлаған депутаттар, астананы ауыстыруды қолдап дауыс берді. Қолдаушылардың дауысы сәл ғана артықшылықпен басым түсті.

Дәл осы жерде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясында, «Қазақстан Республикасының астанасын ауыстыру туралы» қаулы қабылданды, онда менің мемлекет астанасын Ақмола қаласына ауыстыру жөніндегі ұсынысыммен келісетіндері туралы айтылды және Министрлер кабинетіне 1994 жылдың соңына дейін астананы ауыстырудың техника-экономикалық негіздеулерін жасауға және оның мерзімін белгілеуге нұсқау берілді.

Сол жылы 2 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатымда маған астананы ауыстыруға байланысты

қосымша түсіндірулер беруге тура келді. Өздерін ештеңемен көрсете алмағаннан кейін, осы арқылы ұпай жинауға тырысқан адамдар да болды. Сонда мен жаңа астана ретінде, Ақмола төңірегіндегі шудың бәрі таза әсіре саясатшылдық дедім. Мен жұрттан Жоғарғы Кеңестегі сөйлеген сөзімді және онда қабылданған қаулыны мұқият қайта оқып шығуды сұрадым. Қаулыда көшудің мерзімі көрсетілмеген, тек онда Үкімет осыған қатысты құжаттарды жасауы керек деген сөздер болды. Бұдан мәселенің бүгінгі күндікі емес, тіпті ертеңгі күндікі де емес, арғы күннен кейінгі күндердікі екені айқын көрінді. Оны толық орындау, қазақтардың және бүкіл Қазақстан халқының түпкілікті мүдделеріне жауап беретін, ХХІ ғасырмен байланыстырылды.

Әсіресе саясатшы нағыз саясатшыдан және мемлекеттік қайраткерден несімен өзгешеленді деген сұраққа нақты жауап бар. Егер де біріншісі келесі сайлаулар туралы ойлайтын болса, екіншілері халықтың игілігі және елдің болашағы туралы ойлайды. Астананы көшіруге байланысты мәселені өз пайдасына жаратқысы келгендер істің мәнін түсінгісі келмейтін еді. Шалағай шешімдер туралы айғай-шу туғызу және өздерін «халықтың үні» қылып көрсету – оңайдың оңайы. Бұндай «әсіре қызыл саясаткерлер» бізде жеткілікті. Бірақ әлдеқайда күрделісі, жалпы наразылық пен түсінбеушіліктің болуына қарамастан, қабылдаған шешімнің қажеттігіне және болашағының барлығына халықтың көзін жеткізу. Өйткені, астананы ауыстыру жөніндегі жоспар, қандай да болмасын әлеуметтік бағдарламаларды қысқарту есебінен емес, бюджеттен тыс қаржы есебінен іске асырылуы керек болды және оның көздері ізделіне бастады.

Иә, көп шығын қажет пе? деп өзіме сұрақ қойдым. Әрбір билік құрылымына орналасатын орын ол кезде табылды – кел де қызмет жасай бер. Дегенмен, әрине, Қорғаныс министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің және

Парламенттің ғимараттарын салу керек болатын. Бірақ осы ведомстволардың талаптарына сәйкес ғимараттарды Алматыда да салар едік қой. Ал егер де оларды Алматыда, осы өңірдің сейсмикалық жақтарын ескере отырып салғанда, бізге екі есе қымбатқа түсер еді. Және тұрғын үйлерді қалай болғанда да салу керек болды. Мамандардың есептеуінше, бір шаршы метр тұрғын үй құрылысы және қызмет ғимараттары Ақмолада, Алматымен салыстырғанда, арзанға түсетін көрінеді.

Мысал ретінде, қарапайым есептеулер жасауға болады. Мәселен, егер біз астананы ауыстыруға шартты түрде он миллиард теңге жұмсайтын болсақ, онда оның сегізі мемлекетке өнеркәсіп орындарынан және құрылыс ұйымдарынан, тиісті орындаған тапсырыстары есебінен салық түрінде қайтады. Осының есебінен, көптеген адамдар жұмыс ала алатын жаңа өнеркәсіп орындарын ашу көзделді. Сонымен бірге, әрбір салынған құрылыс мемлекеттің игілігі және байлығы екендігін ұмытпау керек.

1995 жылы 15 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» заң күші бар Жарлығым шықты. Жарлықта жоғарғы және орталық органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру үшін Мемлекеттік комиссия құру туралы нұсқау берілді. Республиканың Үкіметіне Ақмола қаласын жайластыру бойынша бюджеттен тыс қаржыны жинақтау мақсатында бюджеттен тыс «Жаңа астана» қорын құру міндеті жүктелді. Үкімет Ақмола қаласының құрылысын салуға және инфрақұрылымын дамытуға қатысып жүрген инвесторларға салық, кеден және тағы басқадай жеңілдіктерін беру туралы ұсыныстарды дайындауы, содан соң менің қарауыма берулері тиіс болды.

Мемлекетті құру оңай емес, жаңа астананы салу одан да күрделі. Біздің халық ешқашан өзінің астанасын салған емес. Ұлытаудағы хан ордасында да сондай ештеңе болмаған. Онда

хан ордасын қоршаған топырақ қабырғалардың үйінділері ғана жатыр. Ол астанаға жұрт түйемен, атпен кіретін болған.

Қазақстан аумағын Ресей жаулап алғаннан кейін де ешқандай астана болмаған, губерниялардың орталықтарының бірі Омбыда, бірі Орынборда болған. Астананы Орынбордан Ақмешітке (Қызылорда) көшіру кеңес үкіметінің шешімі болатын. 1929 жылы, Түрксібті салып жатқан кезде, астананы Алматыға ауыстырған. Алматы дәл жетпіс жыл республиканың бас қаласы қызметін үлкен абыроймен орындап шықты. Дәл осында мемлекеттік тәуелсіздік туралы Декларацияға қол қойылды және бірінші егемендік Конституция қабылданды. Тәуелсіздік алғаннан кейін астана Алматы деп өз атына өзгертілді.

Кезінде Алматы тамаша табиғатымен және апортымен даңқы шыққан, одақтас республикалардың астаналарының ішіндегі ең әдемілерінің бірі болды. 19 жасымда мен Алматы облысынан Теміртауға ауыстым. Сол жерде менің жастық шағым өтті. Соның өзінде-ақ Ақмола болашағы бар жас қала деп есептелді. Мұндағы Жастар сарайындай ғимарат ол кезде еш жерде болмаған. Қаланы Хрущевград деп атап, кейіннен республиканың астанасын осында ауыстыру үшін арнайы дайындаған. Ақмола ол кезде Тың өлкесінің орталығы болатын. Осы жерде айта кету керек, Хрущевтен кейін, орталықтан басқа жердің бәрінде, негізгі құрылыс ескі жатаған үйлер мен барақтардан құралатын.

Осындай шешім қабылдамас бұрын, мен ұзақ ойландым, барлық қадамдарымды есептедім, тарихшылармен, саясаттанушылармен, мәдениеттанушылармен ақылдастым, басқа елдердегі астаналарын көшіру тарихтарымен таныстым.

Сонымен, астананы ауыстырудың негізгі себептерін түйіндеуге рұқсат етіңіздер.

Біріншіден, астананы ауыстыру Қазақстанды геосаяси жағынан күшейтудің қажеттігінен туындайды. Сондықтан

елдің бас қаласының орнын анықтауға ерекше көңіл бөлінді. Астана өзіне еуропалық және азиялық озық дәстүрлерді сіңіріп отырған Еуразия құрлығының орталығы болып табылады. Қала төрт тарапқа: Оңтүстікке, Солтүстікке, Батысқа, Шығысқа бірдей ашық.

Екіншіден, бұл шешімді қабылдағанда қауіпсіздік мәселесі де еске алынды. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы, мүмкіндігінше, сыртқы шекараларынан жырақта және елдің ортасында орналасуы тиіс.

Үшіншіден, астананың орнын ауыстыру Қазақстанның экономикасын сауықтыру қажеттігінен де туындады. Ол елдің экономикасы үшін тиімділікті қамтамасыз етті. Шынында, облыстық орталықтар дами бастады, экономиканың, құрылыс материалдары өндірісі, жол төсеніштері, энергетика және машина жасау сияқты салалары аяғынан нық тұрды. Бұрын-соңды болып көрмеген қарқында тұрғын үй құрылысы дамуда.

Төртіншіден, астананы аймаққа қарай көшіре отырып, құрамы жағынан көп ұлтты біз, тұрақты полиэтникалық мемлекетті құру, Қазақстанды мекендеп отырған халықтардың арасындағы достықты сақтау және көбейту бағытын тағы да дәлелдедік.

Әрине, астананы әсем Алматыдан Ақмолаға ауыстыру шешіміне бару қиын болды. Елорданы ауыстыру туралы менің идеямды психологиялық жағынан қолдағандар көп болған жоқ. Тіпті менің жанұямның өзінде де мұны барлықтары «иә» дей қойған жоқ. Сөйтіп, барлығын іс жүзінде, таза ақ парақтың беттерінен бастауға тиіс болдық.

### ЖАНА АСТАНА: «БОЛА МА, ЖОҚ ПА?»

Астананы ауыстыруға дайындықтың алдында өткен, 1994 жылдан басталған төрт жылдың өн бойында, менің астананы ауыстыруға байланысты өзімнің көзқарасымда соншалықты

тіресіп тұрып алуымның себебіне байланысты, неше түрлі ғайбат сөздер айтылды. Астананы ауыстыру төңірегіндегі қызбалық қаулы шыққаннан кейін тіпті өршіді.

Астананы ауыстыру туралы идеяны «виртуальды саясат», немесе бізше айтқанда, «әрі-сәрі саясат» деп атады. Ондағы айтқысы келгендері, билік елдің әлеуметтік-экономикалық шынайы проблемаларын шеше алмай, өздерінің қолдарынан ештеңе келмейтіндіктерінің орнын сөз жүзіндегі шешімдермен толтыруға әрекеттері дегенге саятын. Олар бұл идеяны, билік өзінің халық алдындағы күнделікті міндеттерін орындауға дәрменсіздігінен, өздеріне бұрынғыдан да қарапайым қызметтерді ойлап тапқан, халық алдындағы міндеттерін «тарих алдындағы міндеттерге» ауыстырған, «кішкентай жеңімпаз соғыс» түрінде көрсеткілері келді.

Астананы ауыстырудың уәжі екі негізгі топқа бөлінді: ресми (ашық әрі байқалмаған) және жасырын, бұл туралы шенеуніктер айтпаса да, ол баспасөзде талқыланған.

Ресми түрдегі көрсетілген себептерге, бірінші кезекте, Алматының болашағы жоқтығы, қаланың тау етегіндегі қазаншұңқырда орналасқаны жатқызылды. Осыған байланысты, ескі астананың экологиялық проблемалары, белсенді сейсмикалық аймақтың қауіптілігі, Қытай шекарасына жақындығы, оның республиканың басқа аймақтарымен қатынасын қиындататын, географиялық тығырыққа орналасуы еске түсірілді. Сонымен бірге, Қазақстанның солтүстік аймақтарын дамытудың қажеттігімен және 1986 жылдың, қала алаңында болған студенттер толқуының ауыр оқиғаларын еске түсіруден құтылу ниетімен байланысты себептер де айтылды.

Еуразия мен Қазақстанның орталығына, көлік магистральдары қиылысқан жерге орналасуына байланысты Ақмоланың пайдасына географиялық және геосаяси түрдегі дәлелдер әлдеқайда жиі айтылғанын атап кету қажет.



Ішкі саяси және экономикалық уәж – республиканың еңбек күші артық шоғырланған оңтүстік аудандарының ауылдарынан қоныс аударушыларды солтүстікке бағыттап, сол арқылы, біріншіден, солтүстік облыстардағы қазақтардың санын көбейту; екіншіден, жұмыссыздықтың мәселесін шешу жиі айтылды.

Астананы ауыстыру себептерінің бірі ретінде, мен қолдаған, тіл саясатының тұжырымдамасы да біршама ұзақ уақыт тілге тиек болды. Мемлекеттік қызметтің лауазымдарына байланысты тізім жасалған екен, ол бойынша осы қызметтерге қазақ тілінен емтихан тапсыра алғандар ғана тағайындалады екен деген алыпқашты сөздер көп болды, бұл өз тарапынан қазақ тілін білмейтіндердің уайымын туғызды. Осыдан келіп, көп ұзамай елдегі басшылық қызметтерін кәсіби деңгейлеріне қарамай-ақ, негізінен этникалық қазақтар алады екен деген қорытынды жасалынды. Сіздер көріп отырғандай, бұл болжам ақталмады, оны мынадан көруге болады. Мемлекеттік қызметте 64 ұлттың өкілдері жұмыс істейді. Олардың ішінде орыс ұлтының өкілдері жалпы мемлекет қызметкерлерінің 20%-ын, ал басқа ұлттардың өкілдері жалпы мемлекет қызметкерлерінің 10%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның этникалық құрамына жақын келеді.

Астананы ауыстырудың себептерін тиімді қылып түсіндірудің және құрылысқа ондаған миллиард долларды жұмсаудың қажеті жоқ дегендер де болды. Мұның бәрі – Назарбаевтың өзінің атын мәңгілікке қалдырғысы келген өзімшілдігі, «астанадан артық қандай мәңгілік және қандай мәнділік болушы еді?» деп сұрады олар өздерінен өздері.

Алматыда жүргізілген қоғамдық пікірлердің нәтижелері де алға тартылды, онда тұрғындардың 62 пайызы Ақмолаға көшу дегенді тіпті естігілері де келмеді. Бұл идея Алматыдағы мемлекеттік шенеуніктердің арасында да үлкен құлшыныс туғызған жоқ. Осыдан келіп кейбіреулер: Ақмолада үкіметтік

органдардың кәсіби басқарушылық біліктілігінің деңгейі Алматымен салыстырғанда сөзсіз төмендейді деген қорытынды жасады. Ескі және жаңа астаналардың интеллектуалдық өзара жарысында Ақмоланың сөзсіз ұтылатындығы да көрсетілді және мұны күнделікті істе пайда болатын мәселелерге жауап беруге дәрменсіз, мемлекеттік аппараттың ұтылуымен де байланыстырды. Кішігірім шенеуніктер үшін астананың ауыстырылуы олардың өмірлік баламаларының кәдімгідей шектелуі және жеке тәуелділіктерінің артуы болып табылады деп сәуегейлік айтты. Мемлекеттік қызметтің беделі түседі және өз бетімен еркін ойлайтын адамдар азаяды, бұл өз тарапынан қабылданатын мемлекеттік шешімдердің барынша тұрпайылануына алып келеді, себебі мемлекеттік аппарат оларды жасаушылардың қосалқы авторлары болмайды, тек атқарушылары ғана болады деген болжаулар айтылды. Мемлекеттік аппарат, еріксіз, басшының саяси еркін іске асырушыға дейін түсіп кетеді, мүмкін тіпті ол өз бетімен қандай болмасын шешім қабылдауды айтпағанның өзінде оның ойлағандарына түсінік беруге шамасы жетпеуі де мүмкін деп айтып жүрді. Бұл пайымдаулардың аясында, осылардың барлығының нәтижесінде бюрократияны әлсірететін жағымды факторлар қалыптасады деген болжамдар да болды.

Кең насихаттың болғанына қарамастан, елдің көбіне астананы ауыстырудың себебі жұмбақ күйінде қалды. Көптеген басылымдарда ресми себептер қабылданған шешімді кәдімгідей түсіндіруге жеткіліксіз деп танылды. Сол күндерде «Коммерсантъ» газетінде «Персональная столица Президента Назарбаева» деген мақала жарияланды, онда «демократия болмаған жағдайда, ешкімге түсініксіз, дәуірлік жобалар пайда болуы мүмкін. Ешқандай да стратегиялық ойлау, орасан зор қаржыны еңбекақы мен зейнетақыны төлеуден, еліміздің азаматтарының басқа да проблемаларын шешуден бұрып әкетуді ақтай алмайды» делінген. (Салопов Д. Персо-

нальная столица Президента Назарбаева. «Коммерсантъ». 28.10.1997 год).

Мемлекеттік биліктің әрекетін толықтай түсінбеу оның шындығына күмән туғызды. Көңілге қонбайтын мақсаттарды жасырып тұрған, қайдағы бір құпия себептер бар шығар деген ой өзінен-өзі туды. Астананы ауыстырудың ашық, жасырын себептеріне қатысты осы әуре-сарсаң ақырында 1997 жылдың қарашасының соңында «ескі астанада» кереметтей жер сілкінісі болады екен деген жорамалға келіп ұласты. Барлық байқаушылардың пікірінше, осы нұсқа ғана, жылы және жайлы Алматыны тастап кеткісі келген менің ниетімді түсіндіруде ең дұрысы және ең қисындысы болыпты. Осы бастаманы түсіндіруге тырысқан басқа да нұсқалар әлгілердің жанында жеңіл-желпі болып шықты. Кейін келе біз де бұған көндік, себебі ресми айтқандарды қабылдамаған жұрт өздерінің көңілдеріне қонатынды ойлап тауып, өздерін өздері сендірді.

Астананы ауыстырудың себептері «неғайбыл күйінде» қалғандай болды. Жаңа астана туралы пікірсайыстарда ауыстырудың ресми себептері ешқандай да дәлелденген көзқарастармен бекітілмеді. Қоғамдық санада Ақмоланың мүмкін болатын жағымды сапасы «астаналық» белгі ретінде қабылданбады, ал Алматының қордаланған мәселелері оның астаналық мәртебесін жоққа шығармады.

Халықтың арасында: қалай болғанда да астананы Ақмолаға – табиғи-климаттық жағдайы күрделі, жаздың күнінің өзінде жан-жағынан аңызақ соғып тұратын, қыста қарлы борандарымен басып қалатын, өзі батпақта тұрған, сапалы ауызсумен жабдықтайтын көздері жоқ қалаға ауыстыру қатерлі деген сөздер айтып жүрді. Экологтардың алдын ала: каналдар салу онсыз да суға бай емес Есілді сарқылтады, ал оның су басатын, төмен жатқан сол жағалауында үлкен құрылыстарды жүргізу бүкіл аймақтың нәзік тепе-теңдігін

бұзады деп сақтандырған пікірлері де естіліп қалып жатты. Сондай-ақ, егер бұл көшу ауылдан келетін қазақ мигранттарын адастыратын, олардың көңілдерін Алматыдан басқа жаққа аударуға және оңтүстіктің кедей халқының тасқынын солтүстікке қарай бұратын аса зор алдаусырату болмаса, бұл әрекет қазіргі саяси режимнің жойылуының басы болады деген болжамдар да айтылды.

Мысалы, кейбіреулер, инженерлік жүйелері мен жолдары жоқ, қу медиен далаға барудың керегі қанша, орасан зор қаржыны әлсіз жер қыртысын бекітуге, каналдар салуға және мүлде жаңа қаланы тұрғызуға не үшін шашу керек, ескі қаланың өзінде де ескісін бұзып, орнына жаңа құрылыстар салуға болатын, шикі кірпіштен салынған, жер үйлері бар аудандар да бар емес пе? дегенді айтып жүрді.

Тағы біреулері оларға өзінше дау айтты: Назарбаев мырза Қазақстанның мұнай долларына есеп қыла отырып, жедел капитал салуды іске асырғысы келеді, онысын «елдің географиялық орталығына астананы бұлтартпай ауыстыру» деп атап жүр деп соқты.

Үшінші біреулер астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыруды менің жеке шешімім деп санады. Мұны олар жалпыхалықтық референдум өткізілмеді, демек, шешім заңсыз болды дегенмен дәлелдегісі келді. Осылай дей отыра, олар Жоғарғы Кеңестің сессиясын, онда қабылданған шешімді назардан тыс қалдырды.

Мұның бәрі, әрине, менің жанұямның мүшелеріне де жетіп жатты. Олар мені бұл қадамнан бас тартуға үгіттеді. Бірде, жексенбі күнгі әдеттегідей отбасындағы түскі ас үстінде, олар өз күдіктерін айтты. Мен «Сара, біз сенің туған жеріңе көшіп барамыз, Ақмола Нұра өзенінің бойында тұр» – деп қалжыңдап құтылдым. Бұл қалжың қалай тарағанын білмеймін, көп ұзамай-ақ «Назарбаев әйелінің айтқанына көніп, астананы оның туған жеріне ауыстырады

екен» деген қаңқу сөздердің жаңа нұсқасы пайда болды. Менің жанұямның мүшелері – зайыбым Сара, қыздарым Дариға, Динара, Әлия әрдайым менің үйдегі мықты қорғаным болды және олар мені шамасы келгенше қолдап отырды. Осы үшін мен оларға өмір-бақи ризамын.

Мұндай қиын жағдайда, астананы ауыстырудың шынайы себептері туралы түсінікті тарылтқан жел сөздерге назар аудармастан, Ақмоланы астана етіп қайта құру жөніндегі идеяны іске асыруға тура келді. Ол жақтан да, бұл жақтан да кеңесшілер аз болмады. Бірақ шешімді қабылдайтын да және оған жауап беретін де мен едім.

Кез келген саясаткер әйтеуір бір өзгерту жасағанды армандайды, алға қойған мақсатына өзін арнайды, өзінің беделін, тіпті болашағын бәске тігеді. Егер де ірі міндетті шешерліктей мұндай арман болмаса, онда оған саясатпен айналысудың керегі қанша? Егер де сен алдыңа қойған міндетіңді шешкен болсаң, айтылған сын жайына қалады. Егер де сен міндетіңді шеше алмасаң, онда жөніңе кете бер. Мәселе осылай қойылған болатын.

### АСТАНАНЫ АУЫСТЫРУ – ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ФАКТ

1997 жылдың 7 қазанында министрліктердің, ведомстволардың, сондай-ақ құрылысшылардың басшыларымен болған кеңесте, мен тағы да Ақмоланы электрмен, сумен және т.б. қамтамасыз етуде ешқандай іркілістің болмауы керектігін баса айттым. Біз осындай қысқа мерзімде Ақмоланы мемлекеттік органдардың көшіп келуіне әзірлеп үлгіретімізге ешкім де сенбеді, бірақ біз оны жасадық.

1997 жылдың 20 қазанында менің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығым шықты. Онда 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы

болатыны, ал астананың ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өткізілетіні айтылды.

Мен сондағы Парламентте шығып сөйлеген сөзімде барлық құрылыс жұмыстарының өте қысқа мерзімде аяқталғанын атап айттым. Ойлап қараңыздаршы: Ақмоланы қайта жаңғырту туралы шешім 1996 жылдың қазанында қабылданып, ақпанында жұмыстар басталып кетті, ал 1997 жылдың қазанында тек коммуникация мен электрлендіруді жүргізу ғана қалды.

Менің ойымша, бізді қате шешім қабылдады деп жас ұрпақтың кінәлауына ешқандай негіз жоқ. Алматы бұрынғысынша еліміздің ең ірі қаласы болып қалды. Ал күшті екі орталықтың болуы республиканың экономикалық қуатын тек арттыра түседі. Әлемде екі астананың өмір сүруіне қатысты мысалдар өте көп. Олар – Анкара мен Стамбұл, Мәскеу мен Санкт-Петербург, Карачи мен Исламабад, Рио-де-Жанейро мен Бразилиа, Мельбурн мен Камберра, Оттава мен Торонто, Вашингтон мен Нью-Йорк. Бұл қатарда, менің ойымша, біз алдыңғысы да, артқысы да бола қоймаспыз.

1997 жылдың 8 қарашасында Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің эталондары келіп жетті. Ақмола Мемлекеттік ту мен Елтаңбаны, сондай-ақ президенттік штандарттарды сақтаушы атанып, ерекше жағдайға ие болды. Есімде, бұл оқиға мені ерекше тебірентті. Өйткені біз таза экономикалық және геосаяси түсіндірулер мен есептеулерге көңіл бөлсек те, астана деген сөздің өзінде адамдар үшін ерекше бір киелі, үлкен мәнді мағыналы ұғым болды.

Біздің ұрпақтарымыз да мұны осылайша сезінеді. Бәлкім, ескіні ойлап, өткенді көксемейтін олар жаңа астананы әлдеқайда терең қабылдайтын болар. Тек жаңарудың рәмізі ретінде ғана емес. Тек жаңа дәуірдің басталған шекарасы ретінде ғана емес. Астана – нысанды қала, біздің арман-тілегіміздің нақты жүзеге асуының белгісіндей болған қала.

Бұл даланың үстінде талай ондаған жылдар бойы бостандық пен тәуелсіздік идеясы қалықтап жүрген, ол өз жеріне шексіз берілген адамдардан күш-қуат алған. Міне, енді ол жүзеге асты. Сан мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа салып, уақыт керуенімен бірге тыныстаған Қазақстанның ұлан-ғайыр даласында, енді мемлекеттік шешімдер қабылданатын болады. Біз астананы мүлде жаңадан салдық. Оны көшіруге байланысты болған барлық проблемаларды жүрегімізден өткіздік. Бұл арман еді. Енді ол – тамаша қала, Қазақстанның мақтанышы және жүрегі.

Біз жаңа астананы бекітумен бұл мәселеге нүкте қойғанымыз жоқ, көп нүкте қойдық. Астананың көшіп келуімен бірге аймақтардағы өмірдің жандануын ғана күткен жоқпыз, сонымен бірге бұл факт нарықтық өзгерістерге серпінділік береді, еліміздің инфрақұрылымын дамытуға қызмет етеді, қосымша жұмыс орындарын ашуға жағдай туғызады деп күттік. Осы өзгерістердің қауырт кезінде біз сепкен дәннің өнімі мен жемісін бүгінгі ұрпақ та, болашақ ұрпақтар да бірдей көретін болады.

Астана мәртебесін алғаннан кейін Ақмоланың өмірбаянына алтын әріптермен жаңа бір сөздер жазыла бастады. Жоғарыда айтқанымдай, Ақмола республика үшін, әсіресе оның бетбұрыс жылдарында талай рет қоғамдық маңызы зор оқиғалардың бел ортасында болған. Тың жерлерді игеру жылдары да солай болды, Ақмола жері сан мыңдаған адамдардың отанына айналып, сіңірген еңбегіне қарай атақ пен даңққа бөледі. Мұнда, сондай-ақ, Ақмола кең-байтақ астықты өлкенің орталығына айналған кезінде, басқарудың бай тәжірибесі жинақталды.

Қазір де, мемлекетіміз үшін осынау түбірлі өзгерістер уақытында, біз тағы да Ақмолаға қарап көз тіксек, ол кездейсоқтық емес. Елімізге патриоттық құлшыныс тыңды игерумен тамырлас ерлік керек болды. Тек бұл енді жаңа

ақиқаттармен – тәуелсіздікті нығайтып, мемлекеттігімізді құру, әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңартулармен байланысты еді. Астананы Ақмолаға ауыстыру, көбіне, осы мақсаттарға жетуге ықпал ететініне, біз сенімді болдық.

Астананың өсуі мен дамуы туралы армандай жүріп, мен уақыттың қалай тез өткенін байқамаппын. Құрылыстың алғашқы айларын еске алғанда, өзіммен пікірлес болған адамдар жайлы жиі ойлаймын. Өте көп адамдар еді. Сол бір күндері менімен қатар жүріп, менің шешімімді қолдаған, сондай-ақ мен секілді жаңа астана үшін жаны ауырған адамдардың барлығына орасан зор ризашылығымды білдіремін. Олар: Кисё Курокава, Владимир Ни, Аманжол Бөлекбаев, Әділбек Жақсыбеков, Николай Макиевский, Ахметжан Есімов, Фарид Галимов, Жәнібек Кәрібжанов және т.б.

Осы орайда астананы ауыстыру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның алғашқы төрағасы Николай Макиевский мен сол кездегі іс басқарушы Владимир Нидің сіңірген еңбектерін ерекше атап өткім келеді. Олар алғашында сағаттар бойы су берілмейтін, үйлердегі жылу 10 градустан аспайтын, еш жерден дұрыс тамақтана алмайтын қалаға келді. Қала түнге қарай электр жарығынсыз, қараңғылық құшағында болды. Келген соң істі неден бастау керектігін ойладық. Мен ешқашан олардан күмәнді сөз естімедім. Олар маған сенді. Бірақ мен өз көзіме өзім сенбедім. Сондықтан оларға ризамын. Сондай-ақ жаңа астананың алғашқы әкімі Әділбек Жақсыбековтың де еңбегін жоғары бағалаймын. Ол осы жауапты лауазымдық қызметте бұрқ-сарқ қайнаған алғашқы ең ауыр, алты жыл бойына еңбек етті. Ол Ақмолада туып-өскен, туған қаласын жақсы көреді және біледі. Алайда Алматыға жаңа ғана барғанда, ол оған көбірек ұнай бастаған еді. Сөйткен ол бүгінгі Астана бейнесінің қалыптасуына бастамашылдық танытып, үлкен үлес қосты. Маған оның сенімділігі, жұмысы ұнады. Сондықтан да ол менің табанды жақтасым болып алды.



Әлі де «кеңестік» кезеңнен келе жатқан шет аймақты осы заманғы астанаға айналдыру – оңай міндет емес еді. Ескі посткеңестік мұрадан тез арада арыла қалу қиын-ақ. Ебедейсіз үлгідегі тозығы жеткен үйлер, дамытылмаған инфрақұрылымдар, моральдық жағынан тозып ескірген өнеркәсіп және тағы сол сияқтылар. Жаңа қаланың құрылысы ұлттық болмысымызды ескеріп, халықаралық тәжірибеге негізделген, ақылға қонымды, жоспарлы түрде жүргізілуі керек болды.

Оның үстіне, жаңа идея мен инновациялық технологияны енгізу үшін кадр мәселесін шешу – қызметкерлерді үйрету және қайта үйрету қажет етілді. Ақмолалықтарды, егер де әсірелеп айтсақ, еліміздің бет-бейнесін көрсете алатындай етіп жауапкершілікке үйрету қажеттігі туындады. Мемлекеттік басқару органдарын қабылдау үшін олардың жасаған орасан зор көлемді де қарқынды дайындық жұмыстарына алғысымды айта отырып, сонымен бірге олардан тек қонақжайлық пен кеңпейілдікті ғана емес, ерекше өндірістік, интеллектуалдық, шығармашылық мәдениетті де талап етуге тура келді. Биліктің барлық тармақтарының органдары алғашқы күннен бастап-ақ өздерінің жоғарғы мемлекеттік мақсатына сай қызметін барынша ширата түсуі керек болды.

Бұдан былай кең-байтақ еліміздің орталығында халқымыз үшін тағдырлық маңызы бар шешімдер қабылданады. Мұнда енді дүрс-дүрс етіп біздің Отанымыздың жүрегі соғып тұр. Осы арадан Қазақстан үшінші мыңжылдықтың басындағы өзінің тарихи тағдырын айқындамақ. Таңдау жасағанда тағы бір көзделгені – уақыт өте келе Астана Еуразия құрлығындағы ең күшті коммуникациялық орталықтардың бірі болмақ. ХХІ ғасырда Еуразия кеңістігінде дамытылған экономикалық, технологиялық, ақпараттық тасқындар біздің жаңа астанамыз арқылы да ағылып өтетін болады.

XX ғасырдың аумалы-төкпелі тарихында біз өз мемлекетіміздің астанасы туралы тұңғыш рет ерікті түрде шешім

қабылдадық. Біздің қайда, қалай өмір сүру керектігімізді басқалар айқындаған уақыт келмеске кетті. Бәлкім, біз өзіміздің ұлттық тарихымызда алғаш рет өз балаларымыздың болашағы үшін ешқандай қорқынышсыз бостандықтың ауасымен дем алған болармыз. Және де ХХІ ғасырдың табалдырығында өз таңдауымызды – көне даланың қасиетті аспаны астындағы жаңа астанамызды жария еттік. Бұл таңдаудың артында тек еліміздің қазіргі басшылығының ғана ұстанымы тұрған жоқ еді. Бұл таңдаудың артында Тәуке ханның көрегендігі мен Абылай ханның ұлылығы да, әйгілі билердің даналығы да және сонау 1986 жылы ұлттық намыстың қандай болатынын бүкіл әлемге танытқан сол бір жас жүректердің өжеттігі де бар еді. Бұл таңдаудың артында өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған біздің миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері де болатын.

Егер де астананы ауыстыру туралы алғашқыда пікір ала болса, кейін бір мәселеде барлығы бір ауызды болды. Ол – Ақмола атауын өзгерту қажеттігі еді. Әртүрлі ұсыныстар болды – Қараөткел, Есіл, Сарыарқа. Тіпті, көп атаудың ішінде еліміздің атауымен Қазақстан деп, соның ішінде – Нұрсұлтан деп те атасақ деген де тілектер айтылды. Содан бір күні түнде бейне біреу аян бергендей маған: «Астана!» деген ой сап ете қалды. Астана сөзінің мағынасының өзі де – астана. Барлық тілде осылай айтылып, осылай түсіндіріледі.

Егер ауқымдырақ қылып айтар болсам, астананы көшіру шараларын біз өндірістік күштердің біржақты орналастырылуын еңсеру, еліміздің оңтүстігіндегі тұрғындардың тығыз қоныстануынан болған жасырын жұмыссыздықты жою жөніндегі кең көлемді жұмыстардан бастадық. Бұл аймақта инновациялық, ғылыми сыйымды, жоғары технологиялық өндірістің дамытылуы, ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың одан әрі кеңейтілуі өздерінің табиғи жолымен өтеді: солардың ішіндегі әсіресе маңыздысы – ауылдық

индустрияның ұқсатушы тораптары еді. Ал бұл дегеніңіз – тағы да жаңа жұмыс орындары, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, бүкіл еліміздің экономикалық белсенділігін арттыру болып шығады.

Жұрттың бәріне бірдей түсінікті осы дәлелдерден басқа стратегиялық жорадағы факторларды да назарда ұстау керек еді.

Орталық Азияның көлемінде, Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиыр солтүстік шегіне дейін, Каспийден Моңғолияға дейін кең аумақта құлаш жая орналасқан жаңа астана осы аймақтағы орасан зор инвестиция легі ағылған орталыққа айналады. Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік тораптың өткізгіш түйініне үмітті болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациялық дабылына айқын үндестік білдіретін болады.

Сонымен, бұдан бұрынғы «революциялық» немесе «таптық» тұрғыдан күштеп жүзеге асырылған астананың ауыспақтарында Қазақстанның ешқандай мүддесі ескерілмеген. Біздің тұңғыш рет өз тарихымызда ұлттық мүддемізден келіп туындаған астананың бұл жолғы ауыстырылуы және оның құрылысы туралы шешім қабылдауымызда үлкен саяси және салт-саналық мән бар еді.

Астана құрылысының бас жоспарын жүзеге асыру жаңа орталық құрылысынан басталды. Астананың жаңа орталығында «Бәйтерек» монументі тұрғызылды. Композицияның негізгі ұстап тұратын бөлігі алып ағаштың діңін бейнелейді, ал композицияның жоғарғы бөлігіндегі үлкен шар – аспан. «Астана – Бәйтерек» өзінің жалпы мағынасында негізгі үш философиялық ұғымды: жер, өмір және аспан ұғымдарын білдіреді. Қазақстан мен оның астанасы үшін «Бәйтерек», мәселен, Мәскеудегі Қызыл Алаң

немесе Нью-Йорктегі Бостандық статуясы секілді нысан. Бұл монументтік құрылыс бір өзінде философиялық, саяси және тарихи ойды тұтас біріктіріп жинақтаған.

Ежелгі поэзиялық аңыз былай дейді: Көктөбенің басында, алып көк теңіздің жағалауында өмір ағашы – Бәйтерек өседі екен. Жыл сайын Бәйтеректің бұтағындағы ұясына келіп, киелі Самұрық құс күн бейнелі алтын жұмыртқа салады екен. Бірақ жыл сайын айдаһар-жылан сол күнді жеп қояды екен. Осы оқиға жылма-жыл қайталап тұрады екен. Бұл көрініс күн мен түннің, қыс пен жаздың ауысуын, қайырымдылық пен зұлымдықтың, жарық пен қара түнектің күресін астарлы түрде бейнелейтін болса керек. Аңыз бойынша Ер Төстік жыланды өлтіріп, Самұрық құстың алтын жұмыртқасын аман алып қалады, ал осыған разы болған құс оның жер асты патшалығынан шығуына көмектеседі. Киелі ағаш туралы аңыз – бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылған жаңарған Қазақстан мақсатының көрінісі.

2003 жылдың қыркүйегіндегі әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының бірінші Съезінің соңғы кезеңінде биіктігі 97 метрлік «Бәйтерек» монументінің көру алаңында діндер мен конфессиялар басшыларының ағаштан жасалған тарихи полотноға қол қою салтанаты болды, онда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде: «Әрдайым Қазақстан бейбітшілік пен келісім жері болсын» деген сөздер ойып жазылған. Әлем діндерінің басшылары жер жүзінің барлық адамдарына бейбітшілік, қайырымдылық және келісім мұраттарын таратушы мемлекеттің астанасы ретінде Қазақстанның жаңа астанасына осындай бата берді.

2006 жылдың қыркүйегінде екінші съезд өткізілді. Бұл да өте маңызды, қазіргідей әлемдегі соғыстар, апаттар мен сілкіністер аясында Астанадағы Бейбітшілік пен келісім сарайы діндер кездесетін жерге айналды. Ал Астанадағы мұндай діни ғимарат – Бейбітшілік пен келісім сарайы

әлемнің басқа жерінде жоқ. Әрине, өз шатырының астына түрлі діни дәстүрлерді жинаушы ғимараттар бар, бірақ та қазақстандық ғимараттың олардан айырмашылығы сол, оның түбегейлі мәміле үшін үлкен бір алаңға айналуы болды. Жалпы түрлі әлемдік дәстүрлі діндердің өкілдері қайда бас қосып, әңгімеге жиналатын болса, сонда Мәдениет мұражайы, кітапхана, концерттік залдың ашылатыны әбден қисынды. Біздің пирамида – Қазақстанның діни кеңпейілдігі мен жеңіске жігерленген еркінің архитектуралық болмысы.

Жаңа астана өзіне өткеннің бай мұрасы мен осы заманғы ең үздік жетістіктерді үйлестіре білді. Оның көптеген нысандары қазірдің өзінде бүкіл елімізге және одан тыс жерлерге мәлім болып отыр. Билеп тұрған фонтандар, Бейбітшілік пен келісім пирамидасы, Астана океанариумы – өз «ғажайыптарымен» өнердің небір кәнігі білгіштері мен тәжірибелі саяхатшыларды да таң қалдыруда. Біздің астана бүкіл еліміздің рухын бейнелейді – бұл оның әрбір бұрышында, көшесінде көрініс береді. XIX ғасырдағы қазақтың қолөнер бұйымдарының орасан зор макеттері, яғни «хайтек» стилімен және түркілердің мезгілді анықтауы жөніндегі ежелгі принциптерімен үйлесім тауып, әртүрлі дәуір монеталары сусып төгілген құман, күн сағаттарының мұнарасы – мұның бәрі қазақстандық мәдениеттің тек өзіне ғана тән түрлі үлгілері болды. Жас астанамызды көз жетерлік болашақта жер бетіндегі өте әсем қаланың атақ-даңқы күтіп тұр деп мен үміттенемін және соған сенемін.

Астана құрылысының алғашқы басталған уақытын ой елегінен өткізе келіп, мен әрдайым адам ретінде, Астана үшін өте көп нәрсені істеген және маған қолдау көрсеткен өз серіктестерімнің бірі ретінде – Есілдің жайын ерекше жылы сезіммен еске аламын. Кеңес Одағы кезінде Есіл шағын ғана өзен еді, оған өз арнасындағы суын сақтаса болды дегеннен басқа көңіл бөлінбеді. Екі жақ жағалауына жыпырлаған сая-

жайлар салынды. Ал қаланың шетінен бастап орталыққа келер жеріне дейін жағалауды көріктендіру деген жоқтың қасы еді. Қаланың нақ ортасында өзенді қамыс басып тұратын.

Астананың ауысуымен мұндағы жағдай мүлде өзгерді. Өзеннің арнасы мен екі жағалауы танымастай болып өзгертілді, ал оның жағалаулары қалалықтардың ең сүйікті орнына айналды. Қазір Есілдің жағасына қарап тұрып, таяздап қалған өзеннің суын толтыруға, сондай-ақ су табаны астына бүкіл қаланың тіршілігін қамтамасыз етуші жүйені өткізуге және табиғи апаттың алдын алуға қандай ғаламат еңбек сіңірілгенін ойламасқа болмайды. Бүгінде Есілдегі судың деңгейі бірқалыпты қажетті тереңдікше қолдан реттеліп отырады. Егер де қазір алдында тосқауыл тоғандары болмаса, өзенді жаяу кешіп-ақ өте беруге болар еді. Есілдің арнасымен ағатын суды бір ғана арықтың өзі-ақ жұтып қояр еді. Ал қазір Есіл өзені Ертіс каналымен және Нұра өзенімен жалғастырылды. Қажеттілікке қарай мұнда су жеткілікті мөлшерде толтырылып тұрады.

Астанада Есілден басқа тағы екі су көзі – Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендері бар. Ақбұлақ өзенінің мөлшері жағынан біршама шағын, алайда атағы баршаға әйгілі: онда Еуразия Ұлттық университетінің бас оқу ғимараты алдында еспелі қайықтар каналы, гүл сағаттар, көпірлер мен жағалаулар, жаңа кең, мол жағажай орналасқан. Сарыбұлақ өзені теміржолдан әрегірек, қала магистральдарынан шалғайлау жерден өтеді. Дегенмен қала өсе келе оның суы да астананың жалпы архитектуралық ансамблінде өз қызметін атқаратын болады.

Қысқасы, Астананың архитектуралық бейнесі туралы өте көп айтуға болады. Ал енді ғана жоспарланып жатқан жұмыстарға келсек, одан да көбірек сөз етуге болар еді. Біздің астанамыз – қайталанбас астана. Біздің қиялымыздың ұшқырлығы, ойымыздың өткірлігі мен шеберлеріміздің

іскерлігі қаншаға жетеді, оның бірегейлігі де соншалықты болады.

Қазір енді осы керемет жобаны жүзеге асырудың алдын ала жасалған кейбір қорытындыларын ғана шығаруға болады. Осы жылдар ішінде Астананың дамуын барлық қаржы көздерінен инвестициялау көлемі 5 млрд АҚШ долларынан астам болды.

Егер де есептей бастасақ, құрылысшылардың таза пайдасы орта есеппен өзіндік құнның 10%-ынан асқан жоқ, ал қалған қаржылар құрылыс материалдары өндірісіне, еңбекақы төлеуге және салық пен бюджетке жұмсалды. Мұнда жүздеген құрылыс, монтаждау компаниялары, құрылыс индустриясының ондаған зауыттары еліміздің түкпір-түкпірінен келіп жұмыс істеді. Біздің ондаған мың азаматтарымыз жұмыспен қамтылды.

Астана қазірдің өзінде әлемдік көлемде танылды. 1999 жылдың шілдесінде қала ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталды, ал 2003 жылы дүниежүзілік жетекші рейтингісі бар «Moody's Investors Service» агенттігінің қолдауымен қаланың несиелік рейтингі бірден екі деңгейге – Ва 3-тен (тұрақты) Ва 1-ге (тиімді) дейін өсірілді.

Менің тікелей өтінішім бойынша жаңа астананың қорына гранттар бөлген достас елдердің үкіметтеріне, шетелдік және отандық компаниялардың басшыларына аса разымын. Мұндай қаржыдан мен 400 миллион дерлік АҚШ долларын тарттым. Біз осындай баға жеткісіз көмегі үшін «Аджип» (Италия) компаниясына, Сауд Арабиясы мемлекетіне, Кувейт қорына, Абу-Даби қорына, Оман мемлекетіне, «ТенгизШевр-Ойл», «Қазмұнайгаз», Еуразия тобы, «ССС» компанияларына, «ИспатКармет», «Қазақмыс», «Қазцинк» акционерлік қоғамдарына және басқаларға алғыс айтамын.

Мен бір тарауда біздің жаңа астананы жасаудың барлық жайын толықтай ашып айта алмаймын, оның үстіне, жоғарыда

ескерткенімдей, осыдан бір жыл бұрын менің Астана туралы «Еуразия жүрегінде» атты кітабым жарық көрген. Әрине, деп ойлаймын мен, мен жазбасам да, біздің замандастарымыз жазбаса да, Қазақстанның жаңа астанасы туралы кітаптың бір замандарда жазылып шығары сөзсіз. Ол кітапта Астана құрылысшыларының ерлікке толы еңбек жылдары, онда ұлан-ғайыр еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы келгендер туралы әңгіме болары да хақ. Мен бұл кітапта тек сол бір тамаша кезең туралы және оның әрбір қазақстандық үшін мән-маңызы туралы сәттерді ғана бейнелеп айттым.

## БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Әр жыл сайын Астана өзінің туған күнін тойлайды. Бұл алтыншы шілде. 1994 жылы Парламент астананы ауыстыру туралы менің ұсынысымды қабылдаған – дәл сол күн. Мұндай шешімді қалалық мәслихат та қабылдады. Қалада Астана Күні мерекесіне арналған түрлі мерекелік шаралар өтеді. Қазақстандықтардың әкімшілік орталықты ауыстыруға қатысты көзқарасы өзгергеніне біраз уақыт өтті. Көптеген қоныс аударушылар, қазіргі астаналықтар Астананы шын жүректен өз туған қаласы санайды. Қазақтар: «Сөз қуған – пәлеге, жол қуған – қазынаға жолығады» деп текке айтпайды.

Қазақстанның жаңа нысаны ретіндегі жаңа астанасын құру – бұл орасан зор еңбек. Құрылысшыларға, соның ішінде шетелдік компанияларға мен Президент әкімшілігінің Үкімет пен министрліктердің жұмысын ұйымдастыруда барлық ауыртпалықты көтеріскен мемлекеттік қызметшілердің орта буынына үлкен алғысымды білдіремін. Сондай-ақ осыған қатысты болғандардың бәріне де ризамын. Кереметтей ауқымды жұмыстар жасалды, біз үлкен іс атқардық. Келесі жылдан мұнда, Ақмолада, жаңа қаланың құрылысын бастаймыз, – деп мен сол кезде-ақ айтқанмын.



Астананы ауыстырудың басты себебі – мемлекеттік дамудың перспективаларын толықтай жүзеге асыру болып табылды. Астананың тарихи жағынан Азия мен Еуропаны жалғастырған орталық болуы, оның республикалық басты көлік, темір жол және әуе жолдарын байланыстырып жатуы да айтарлықтай үлкен рөл атқарды.

Жаңа астананың болашағы Шығыс пен Батыс мәдениетінің жиынтығында болып көрінеді. Еуразия идеясы секілді, идеалдың өзі де өте қайшылықты болып көрінеді. Бірақ бұл бөгет емес. Астана Еуропа мәдениетінен – прагматизмді, ал Шығыстан – рухани дәлдікті мұра етіп алады.

Астананы ауыстыру мемлекеттік идеологияны жасаудағы бетбұрыс кезеңі болды. Өткен уақыттағыдай әрбір кеңес адамы үшін Мәскеу идеал болса, қазір Астана да мемлекеттігіміздің қалыптасу нысанына айналды. Және де патриоттық пен азаматтық идеялары дәл осы астана құрылысының өнегесі арқылы толықтырылуы мүмкін. Жаңа астанаға келешегін іздеген мыңдаған жас қыз-жігіттер келуде. Жас қала солармен бірге көркейіп өсуде.

Маған бірде: «Нағыз көшбасшыны адамдар міндетті түрде ұнатуы керек пе және оған қалай қол жеткізуге болады? Егер де әрбір шешім біреулерге тиімді болып, басқалардың мүддесіне нұқсан келтірсе, ондай қалай болады?» – деген сұрақ берілді. Осы орайда менің айтарым мынау, біздің мемлекетіміздің өміріндегі ең маңыздысы – өте қиын және өте қолайсыз шешімдер болды. Алайда нағыз көшбасшыға адамдардың мейірімі міндетті түрде керек. Әр көшбасшыда өзі игере алатын белгілі бір биіктік болуы керек, ал айтарлықтай бірдеңе жасау – арман. Егер де ондай арман болмаса, саясатқа барудың, ел басшылығын өз қолына алудың керегі жоқ. Мұндай арманды жүзеге асыру үшін бойдағы барынды беруің, тіпті өз болашағыңды, абырой-беделіңді бәске тігуің қажет. Жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің

және оның жаңа астанасының құрылысы жөніндегі идея, дәл осындай болды.

Бүгінде бұл мақсат жүзеге асты деп сенімді түрде айта аламын. Ал адамдардың қолдауына келсек, мен оған талай рет көз жеткіздім: біздің халықтың басым бөлігінде алғырлық пен сезімталдық бар, егер де сенің мақсатың жасампаздыққа, жақсартуға бағытталса, онда халық әрқашан сені қолдайды. Соңғы жылдар ішінде, елорданы Астанаға ауыстырғаннан кейін, елімізде өзінің маңызы жағынан тереңдетілген әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүзеге асырылды. Олар адамдардың психологиясын өзгертті. Қоғамда орын алған масылдық пен бойкүйездік көңіл-күй Кеңес Одағы құлағаннан кейін біртіндеп жойыла бастады. Азаматтарда өзі мен балаларының болашағын өз қолымен тұрғызуға деген нық сенім пайда болды.

Таяу болашақта Астана Қазақстан Республикасының ірі саяси, ғылыми, мәдени және іскерлік орталығы, осы заманның әсем қаласы болады. Барлық осы жоспарларға көз салғанда, мен әрдайым олардың әр жағында тұрған адамдарды елестетемін. Себебі, бұл жоспарлардың бәрі, оларды іске асыратын адамдар болмаса, түкке де тұрмас еді. Біз жаңа астананың негізін салдық. Арман қала ақыр соңына дейін біздің ұрпақтарымызбен, жас қазақстандықтармен жүзеге асырылады. Қазір енді ғана Астана парктері мен өзен жағалауында серуендеп, оның фонтандарын қызықтап және болашақ туралы армандап жүрген кімдер болса, бұл – солардың қаласы. Бұл – Киплингтің айтқанына қарамастан, Шығыс пен Батыс болып бірге тұтасқан қала. Бұл – бостандық туралы ежелден далалық арман мекен еткен қала. Бұл – біздің он бес жылғы жолымыз бастап әкелген және бүгінде осы жол енді ғана басталатын қала. Бұл – біздің жол, Қазақстан жолы.

## Сөз соңында

Менің кітабым Қазақстанның қазіргі заман тарихының және менің ел Президенті ретіндегі қызметімнің ең қиын да, ең жарқын да сәттерінің негізінде құрылған. Менің ойымша, бұл жас ұрпақтың қолдан түсірмейтін кітабына айнала алады. Кітаптың тоғыз тарауының әрқайсысында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының біз үшін аса маңызды болған және әлі де солай бола беретін кезеңдері қарастырылған. Кітапта елімізге дамудың айқын бағыттарын көрсету керек болған кезде, біздің стратегия бойынша қалай жұмыс істегеніміз; біздің заңдық іргетасымызды қалаған Конституциясының қалай қабылданғаны; еліміздің басты қазынасы – біздің мұнай-газ ресурстарымыздың қалай игеріле бастағаны; Қазақстан экономикасының күре тамырлары ретіндегі ұлттық валютаның қалай енгізілгені және банк жүйесінің қалай дамытылғаны; жүргізілген экономикалық реформаларды кері қайтпайтындай етіп бекіткен жекешелендіру мен жер реформасының қалай іске асырылғаны; біздің жас мемлекеттігіміздің бейнесі сияқты Астананың қалай салынғандығы туралы әңгімеленеді. Сонымен қатар онда қазақстандықтың ғарышқа бірінші рет ұшуы және Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның басынан өткен көптеген жағдаяттар сөз болады.

Мемлекеттік құрылыстың біз тақыр жерден бастадық деп айтарлықтай бірсыпыра маңызды мәселелері бұл кітаптан тыс қалып қойды. Өзіміздің әскерімізді, шекара қызметін, кеденді, арнайы қызметтерді құру жайын осыған жатқызамыз. Қазақстанды дүние жүзіне танымал жасау үшін, орасан зор сыртқы саяси қызмет қажет. Мен қызмет барысында өзімнің жанымда болған, маған көмектерін көрсеткен әріптестерім туралы ештеңе айта алмадым. Менің дүниежүзі мемлекеттерінің басшыларымен, планетаның небір тартымды адамдарымен

кездесулерім – жеке бір тақырып. Бұл – болашақтың ісі. Өйткені бұл кітап мемуарға жатпайды. Мұнда негізінен біздің тәуелсіздігіміздің іргетасы – экономика сөз болады. Осы жылдары біздің компаниялардың акцияларының Лондон қор биржасына (IPO) шығу процесі басталды. Бұл мүлде жаңа деңгей, біз жаһандық экономиканың бөлшегіне айналу дамымыз. Бізде қандай да болсын ақпарат жария бола түсуде. Бұл сенімді арттырады және елімізге жаңа технологияларды алып келеді. «Қазақмыс», «Қазақмұнайгаз» – IPO пионерлері, бұлардың ізімен өкшелеп басқа компаниялар да келе жатыр. Бұл – өзінше бір жеке әңгіме.

Сонымен бірге елдегі іске асырылған жігерлі экономикалық реформаларды ғана сипаттап, білім беру жүйесінің даму үрдісіне бірер ауыз сөз арналмаса, айтқанымыз толық болмас еді. Бүгінде, біз дамудың жаңа кезеңіне шыққанда, экономиканың өсуі тек қаржы инвестицияларын ғана талап етіп қоймайды, сонымен бірге елімізді толыққанды адам капиталымен қамтамасыз етуді қажет санайды. Оқу үрдісі барысында адам өзіне тек қажетті білімді ғана алып қоймайды, сонымен бірге ол осы жинақтағанын қолдануға болатын мүмкіндіктерді де іздейді. Дәл сондықтан да жоғарғы білім деңгейі – бұл оның иесінің жоғарғы қабілеті деп ойлаймын.

Өмір көрсетіп отырғандай, бәсекеге қабілетті білім беру жүйесі елдің өмірінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан оның дамуындағы кейбір негізгі кезеңдерді көрсеткім келді. Сонымен бірге, ең басты нәрсе сол – мемлекет өз дамуының бүкіл өн бойында өзінің ең маңызды міндеті – жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің көкейтесті және кең өрісті талаптарына сәйкес келетін, әрбір азаматтың толыққанды сапалы білім алуына тең мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

«Қазақстан–2030» стратегиясы қабылданып жатқан кезде, біз елді 2030 жылға қарай әлемнің дамыған елдерінің қатарына алып шығуды өзімізге мақсат етіп қойдық. Бұл

біздің алдымызға қоғам дамуының жаңа жауапты міндеттерін қойды. Яғни мемлекеттің бірінші кезекте шешуі тиіс міндеттері қойылды.

Сондықтан да мен, өзімнің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деген тақырыпта ел халқына арнаған Жолдауымда, негізінен білім беру жүйесіне, ғылым мен білімді интеграциялау жолымен оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл аудардым.

Осылардың ішінен тең маңызды екі міндетті бөліп қарауға болады. Біріншіден, білім беру ісі Отанның игілігі үшін саналы түрде таңдау жасауға және өз бетімен шешім қабылдауға қабілетті патриотты тәрбиелеуге қолдау көрсетуі керек. Екіншіден, білім беру ісі кез келген жағдайға бейімделгіш және жаңа идеяларды қабылдауға қабілетті, өзіне де, жақындарына да қамқорлық жасай алатын, бәсекеге қабілетті және үнемі жетіліп отыратын адамды тәрбиелеуге септігін тигізуі қажет. Жаһандану жағдайында осы екі зор міндетке үшіншісі – ұлттық сәйкестікті сақтап қалу міндеті келіп қосылады.

## БІЛІМ БЕРУ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Қазақстандағы білім беру жүйесі жастарға жанұясының материалдық мүмкіншіліктеріне, тұрған жеріне, ұлтына және денсаулығының жағдайына қарамастан, толыққанды білім алып шығуларына бірдей тең мүмкіндік береді. Бұл ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік жағынан қорғауды іске асыруға, олардың өз мүмкіндіктерін пайдалануға жағдай туғызады. Ол мектеп баласының ой-өрісін дамытуда үлкен рөл атқарады, білім беруде, ынталандыруда және өнегелі тәрбие беруде аса қуатты реттеуші болып табылады. Сонымен бірге, мемлекет балалар мен жастардың арасынан қабілеттілерін,

дарындыларын іздеп тауып, оларды үнемі қолдап отырады. Мемлекет олардың, оның ішінде Батыстың жетекші оқу орындарында оқитындардың да оқу ақыларын төлеулеріне көмектеседі.

2008 жылдан бастап Қазақстан мектебі 12 жылдық білім алуға көшеді. Отандық мектептің дәстүрлерімен есептесе келе және халықаралық тәжірибені ойға ала отыра, жаңа жүйеде орта білім берудің 5+5+2 принципі бойынша құрылымы ұсынылады. Біріншіден, бұл бастауыш мектеп (1–5-сыныптар): мұнда бірінші класқа қабылдау 6 жастан іске асырылады. Екіншіден, бұл негізгі орта мектеп (6–10-сыныптар). Осы тұста, жас түлек 10-сыныпты бітіргеннен кейін, оқуын бағдарлы сыныптарда, кәсіби мектептерде және лицейлерде, колледждерде, жоғары техникалық мектептерде жалғастыруға кең көлемді таңдау мүмкіндігі бар екендігін атап айтқан маңызды. Үшіншіден, 11–12-сыныптар – бұл жоғарғы сынып оқушыларын бағдарлы түрде оқыту. Бағдарлы оқытуға көшу оқушылардың саналы түрде, жауапкершілікпен өздерінің болашақ кәсіби қызметтерін, жеке бастарының қалыптасуын, өзіндік өмір жолдарын анықтап алуларына жағдай туғызады.

Бұл жерде мен әлеуметтік әріптестіктің мәселелеріне тоқталғым келеді. Қазір, біз еліміздің экономикалық дамуының нәтижелерін анық байқаған кезде, бизнес, мамандардың жетіспеушілігін күнделікті көре отырып, білім беру саласының алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезінуі тиіс әңгімені ауыл жастарының жұмыссыздығын азайтудан бастауға болады. Соңғы жылдары бизнесмендердің арасында өздерінің немесе ата-бабаларының туған жерінде мешіттер мен медреселер ашу әдетке айналды. Осылай жасай отырып, олар көп жағдайда онда жастарды кім және неменеге оқытатынын қаперлеріне алмайды. Сонымен бірге, неге екені белгісіз, осы бизнесмендердің өздерінің немесе ата-

аналарының оқыған мектептеріне көмектесу деген жоқтың қасы, ілуде біреу ғана. Елімізде 8 мыңға жуық мектептер бар, осылардың әрбір төртіншісі күрделі жөндеуді қажет етеді. Біз 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуді, бағдарлы мектептер, ресурстық орталықтар құруды, кәсіптік мектептер мен лицейлердің желісін кеңейтуді жоспарлауға кіріскен кезде бұл мәселе ерекше өзекті бола түседі.

Бизнес бір немесе екі мектепті өз қамқорлығына неге алмайды? Бизнес кітапханаларды, оқу-өндірістік цехтарды жөндеуден өткізуге немесе спорт жабдықтарын сатып алуға неге көмектеспейді? Батыста жаңа ғимаратты салуға ақша бөлген меценаттың аты дәрісханаларға, залдарға, кейде тіпті сол ғимараттардың өзіне беріледі. Осындай өнегелі тәжірибені енгізсе, бізге кім бөгет болады? Сонымен бірге, осы сияқты оқу орындарына байланысты меценаттықтың әлемдік тәжірибеде жоғарғы оқу орындарына да қатысы бар.

Осы үрдістің негізінде біздің жоғарғы оқу орындары таяу арадағы болашақта дүниежүзілік стандарт деңгейінде, өздерінің дипломдары дүниежүзінің барлық елдерінде танылатындай білім берудің керек екендігін ұмытпаулары керек. Мен 10-15 жылдан кейін Қазақстан университеттерін бітірушілердің де әлемдегі жетекші университеттерді бітірушілер сияқты бағаланатынына сенгім келеді. Иә, бүгінде осындай объективті мүмкіндік біз үшін әлі арман. Сондықтан, осыған жету үшін, бүгіннен бастап дүниежүзілік деңгейдегі ұлттық таңдаулы университеттер құруды бастау керек.

Білім беру жүйесі еліміздің адамдық, ақпараттық, материалдық, қаржылық ресурстарының барлығын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі, ал мемлекет – халықтың барлық әлеуметтік топтарына білім беру жолының ашық болуына кепілдік беруі және білім беруді басымдылықпен қолдауы тиіс.

## БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

Қазір, біз құқықтық, демократиялық қоғам және тиімді нарықтық экономика құруға талаптанып жатқан кезде, проблемалар пайда болады. Бұл проблемалардың тууы, адамдардың өмірлік құндылықтарға қатынастарының өзгеруіне, күнделікті кездесіп отырған және осы өзгерістер үрдісінде алда да кездесуі мүмкін экономикалық және саяси қиындықтарға байланысты. Мұндай жағдайда білім беру жүйесіне бірінші кезектегі әлеуметтік талаптармен бірге жаңа рухани-өнегелі талаптар да қойылады.

Азаматтық және экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде қазақстандықтар қоғам мен экономикадағы болып жатқан өзгерістерге жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін, жан-жақты білім алулары; білімдерін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік беретін тыңғылықты базалық білімдер мен дағдыларды алулары; ақпараттарды сараптап соның негізінде таңдау жасап, шешім қабылдауға қабілетті болулары; азаматтық тәртіптің жалпы қабылданған нормаларын құрметтейтін, әртүрлі проблемалар мен ахуалдарға байланысты басқаша көзқарастарды бірдей қабылдайтын болулары тиіс.

Білім алу үрдісі барысында біздің жас ұрпақ проблемаларды өз беттерімен дербес шешуге үйренулері; жаңа ақпараттар мен жаңаша білім алу машықтарын меңгерулері; сын көзімен кең өрісті ойлаулары: ынталылық пен тапқырлық көрсетулері керек. Қай елдің халқы оқу мен білімнің арқасында алған ақпараттарды, білімді және технологияларды өмірде тиімді қолдана білсе, толыққанды болашақ сол елге тиісті.

Мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын жері. Ол жеткіншектің тек қана одан арғы оқуына негіз болатын базалық білім мен машықтарды ғана беріп қоймайды, сонымен бірге өмірлік тәжірибенің де алғашқы тәжірибесін береді. Дәл осы



жерде жеке тұлғаның қоғаммен арадағы қатынастарының, үлкендер мен құрдастарына деген құрметтің, заңды және құқықтық тәртіпті сыйлаудың негіздері қаланады. Оқушы мемлекеттің міндетін түсінуге, оның әлеуметтік институттар арқылы өзінің жеке басына қатысты жоспарларын іске асыруға қолдау жасайтынын ұғынуға үйренеді.

Мектеп өмірдің алғашқы сабақтарын береді. Қоғамда өмір сүруге, оның тәртіптеріне бағынуға үйрете отырып, мектеп сонымен бірге әрбір баланың жеке ерекшеліктерін басып тастамауы керек. Өзінің жеке пікірі жоқ оқушы өзінің позициясын дәлелді түрде қорғай алмайды, оның ойлау қабілеті болмайды және ол жаңа идеяларды туғыза алмайды. Ондай адам дұрыс шешімдер қабылдауға, жаңа инновациялар жасауға қабілетсіз. Мектептің осындай түлегі, ақиқатты өз бетімен түсінудің орнына, қашанда басқа біреудің ой-пікіріне сүйенуге дайын тұрады. Осыдан құтылу үшін, мұғалімнің оқушыға деген қамқорлық қатынасын өзгерту қажет. Бұған қатысты: «Мұғалім жауаптарын бермейді, ол сұрақтар қояды. Мұғалім Білімнің жолымен жетектеп жүрмейді. Ол тек оны көрсетеді» деген бір тамаша айтылған сөз бар.

## БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА

Интеллектуалдық әлеуетті біздің ел қаншалықты пайдалана алады – халықтың өмір деңгейінің жағдайы және Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі соған байланысты болмақ.

Ақпаратты қоғам дәуірінде білімге және сауаттылыққа байланысты ұғымдар терең өзгерістерге ұшырады. Ақпаратты берудің, қабылдап алудың, өңдеуден өткізудің және сақтаудың жаңа әдістері мен құралдары толассыз пайда болуда. Осындай жағдайда өткен ХХ ғасырдың білім беру жүйесі тиімсіз және нәтижелі қызмет жасап, біздің қоғамның талаптарына жауап беруге қабілетсіз.

Бүгінде Қазақстан жаңа бір секірістің, өзінің дамуындағы жаңа кезеңнің табалдырығында тұр. Біз үшін жаңа уақыт – бұл ең бастысы Қазақстанға өз дамуының қарқынын сақтауға мүмкіндік беретін, осындай жаңа адамдардың және жаңа міндеттердің уақыты. Қазақстанның Еуразия аймағында көшбасшылығын сақтауы үшін, алдымызға асқақ міндеттер қоя алатындай және өзгелерге қарағанда әлдеқайда көп істер атқаруға тиіс батылдық керек. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі үшін дәл осындай міндеттер қойылады.

Бірінші тарауда мен бәсекеге қабілетті ұлт туралы айтқанмын. Ал бәсекеге жеке тұлғаның қабілетті болуы дегеннені білдіреді? Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі – бұл үнемі құбылып отыратын бүгінгі мен белгісіз ертеңгіге дайын болуға көмектесетін, өмірлік машықтардың шоғырлануы. Бұл – белгісіз ертеңгінің емеурінін өз пайдаңа қолдана білу қабілеті. Басқаша айтқанда, жас қазақстандықтар бүгін, жаһанданған әлемде, тек қана лайықты өмір сүруге көмектесетін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі күннің өмір шындықтарына белсенді ықпал ете алатындай, оларды жақсы жағына қарай өзгертетін машықтар мен біліктілікке ие болулары керек. Бізге бағдарламаның шеңберінде қалып қойғандар емес, еркін жол таба білетіндер керек.

Уақыт жылдам, ол өзінің жаңа тәртіптерін ұсынады және ешкімді де күтіп тұрмайды. Қазақстанның алдыңғы қатарлы елдерден қалып қоюына мүлде хақысы жоқ. Қазақстанға жаңа түрдегі таңдаулы оқу орындары күні бүгін қажет. Бұлар индустриямен тығыз байланыстағы, қуатты білім беру, зерттеу және ғылыми-өндірістік кешендер болуы керек. Менің тікелей араласуыммен ҚМЭБИ (КИМЭП), Гумилев атындағы Еуразия университеті және Қазақстан-британ университеттері құрылды. Бұл университеттер – білім берудің қазақстандық жүйесін әлемдік деңгейге шығарудың сіз бен біз жасаған алғашқы талпынысы.

Білім шекараны білмейді. Сондықтан да біздің университеттер жаһандық бәсекенің тынысын айқын сезінулері керек. Мектептің дарынды жастарына, мысалы, Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына, дүние жүзінің ең бір беделді университеттерінің есіктері ашық. Біздің жас физиктер, математиктер, химиктер Массачусетс технология институтында, Гарвардта, Оксфордта тегін оқиды. Университеттер стипендиялар мен гранттар ұсынып, перспективасы жоғары ғалымдар үшін күреседі.

Осы мақсатпен 1993 жылы, ең бір қиын кезеңде, Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, бюджет саласының қызметкерлеріне жалақыға төлеуге қаржы болмай жатқан кезде, мемлекет сондай-ақ мамандарды дайындау бойынша бағытты саясатты ойластырды, халықаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындады. Бұндай стипендиялар Жапонияда, Сингапурда және Оңтүстік Кореяда қолданылды. Бірақ кейін келе, бұл елдер өздерінің бәсекеге қабілетті жоғарғы білім жүйесін құрды.

Жоғарғы білім берудің осы тәрізді қазақстандық моделін, ерекше өзіндік академиялық ортасын қалыптастыру үшін Астана қаласында халықаралық деңгейдегі беделді университет құру қажет.

Бүгінгі күні Астана қаласында халықаралық деңгейдегі жаңа университетті құру тұжырымдамасы бекітілді. Бұл сапасы бөлек жаңа институттары және орталықтары бар, ең бір осы заманғы әлемдік талаптарға жауап беретін жоғарғы оқу орны болмақ. Университетте білім беру, инновациялар, зерттеулер кәсіпкерлік үйлесімділікпен сыйысулары керек.

Университет Қазақстанның интеллектуальдық, ғылыми-техникалық элитасының қалыптасуына; экономиканың кластерлі саласының талаптарына қарай көзделген білімді, талдамаларды және технологияларды қалыптастыруға, оларды трансферттеуге жағдай жасауы керек. Студенттері

«білім алу баға үшін емес, білімді болу үшін» деген принципті ұстанатын, ерекше корпоративті рухы бар және білімге табынушылық қалыптасқан орта университеттің бөлінбес бөлшегі болуы керек.

Сонымен бірге, сіздердің назарларыңызды, осы қабылданып жатқан шаралармен қатар, оқытушылардың өздерінің біліктіліктеріне және дайындық деңгейлеріне талаптың ерекше жоғары болуы керектігіне аударғым келеді. Білім берудің сапасы көп жағдайда оқытушыға – оның біліміне, қабілетіне, машықтарына, педагогикалық шеберлігіне және рухани ізгілік позициясына байланысты. Біз әңгіме етіп отырған мамандардың жаңа буындарын қалыптастыруға, оларды, былайша айтқанда, «қолдан баптап» өсіруге кім тікелей жауапкершілікті сезінсе, оқытушы – сол.

## БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІК

Бәсекеге қабілетті ұлт туралы айтқанда ұмытылмайтын бір тиіс нәрсе – бәсекеге қабілеттілік; Бұл – ең алдымен өзіңнің барлық артықшылықтарыңды пайдалана білу деген сөз, бірақ оларды өзіміздің кім екендігімізді ұғынғаннан кейін барып ғана анықтауға болады.

Біз – ғасырлар бойы әлемдік өркениеттердің тоғысқан жерінде өмір сүрген әулеттердің ұрпақтарымыз. Ұлы Дала қашан да әртүрлі мәдениеттер, тілдер, әскерлер, діндер, тауарлар және идеялар тоғысқан қиылыста тұрды. Мыңдаған жылдар бойы Дала халықтардың генераторы болды. Ал ХХІ ғасырда ол ерекше сападағы адамның генераторына, жаңа идеялардың генераторына айналуы тиіс. Біздің табиғатымызға біткен далалық ойлау машықтары, ғаламдық трендтер – икемділік пен жүйелілікті барынша толық бейнелеп көрсетеді. Көшпелілер қашанда икемделгіш болған және, бір қарағанда, ешбір ақылға сыймайтын бір қасиеттері, олардың барлық

іс-әрекеттері қашанда табиғаттың белгілі бір қайталанбалы кезеңіне және қоғамдық өзара қатынастың принциптеріне сәйкес келетін.

Қазіргі ахуалда бұл машықтар бізге қалай көмектесе алар еді? Мысалға жылжымалы байланыс пен сымсыз Интернетті алып қарайық. Бұл технологиялар адамды белгілі бір жерге байлап қоймайды, қайта қозғалуына кең еркіндік береді. Ұлтаралық корпорациялар көптеген бағыттар бойынша 10-нан 100-ге дейін адамнан тұратын жылжымалы топтарға сүйенеді. Олар әртүрлі континенттерге орналасқан және нақты бір іс пайда болғанда ғана сол іске жұмылдырылады. Бүкіл дүние жүзінде, білім беру саласына «бүкіл өмір бойы білім алу» тұжырымдамасы енгізілуде. Бұл үздіксіз білім алуға және жеке қабілетті үнемі жаңартып тұруға негізделген.

Өзіндік ортада туған, бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек. Білім беру жүйесі арқылы сіңірілетін, туған тілдің мәдени бастаулары мен рухани дәстүрлерін сақтау, жас ұрпақтың бойында жаһандандудың барлығын жұтатын, бірыңғайлайтын және кіріктендіретін үрдістеріне қарсы тұра алатындай иммунитеттің қалыптасуына көмектеседі.

Сонымен бірге, «ұлттық багаж» жас қазақстандықтардың дүниежүзілік жалпы білім беру кеңістігіне қосылуына кедергі болмауы және олардың бәсекеге қабілеттіліктерін төмендетпеуге тиіс.

Әрбір қазақстандықта өзінің қадір-қасиетін білу сезімі болуға тиіс, өзінің жасаған істеріне және өзінің өміріне өзі жауапты болуы керек.

Қалыптасқан ахуалды талдауға, сын көзімен бағалауға, жауапкершілікті шешім қабылдауға және ақпараттармен, оның ішінде қазіргі компьютерлік құралдарды пайдалана отырып, өнерпаздық негізде жұмыс істеуге үйрену қажет.

Бүгіндері күн тәртібіне, елімізде іске асырылып отырған жаңарулардың мазмұнына сәйкес, қазақстандық жаңа

қоғамдық сананы қалыптастыру қажеттігі шықты. Бұған жалпы адамзаттық мәдениеттің, қазіргі заманғы білімнің және ұлттық дәстүрдің элементтерінің кіру қажеттігі күмәнсіз. Демек, үнемі өзгеріп отырған әлемге және білім беру саласындағы жаңа әлеуметтік талаптарға қарамастан, білім беру жүйесінің міндеті сол күйінде – толыққанды және бәсекеге белсенді азаматты тәрбиелеу, білім берудің рөлін экономикалық пайда табудың тұрғысынан емес, сонымен бірге – ойлайтын, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін және еліне жаны ашитын азаматтарды қалыптастыру түрінде қалып отыр. Бұл қасиеттер әрбір адамның бойына жанұя, мектеп, университет сияқты әлеуметтік институттарда сіңірілуі тиіс.

Өз мүмкіндіктеріне сенбейтін және орынды тәуекелге бармайтын шығармашылық ізденістері жоқ адамдардың болуы Қазақстанның ғылыми сыйымды экономикасын құру жолындағы ең үлкен кедергі болуы мүмкін. 2003 жылы қабылданған Индустриялық-инновациялық дамудың стратегиясы бізге бұл мәселені шешуге көмектеседі. Аталмыш стратегияны іске асыру барысында экономиканың кадрлық және технологиялық деңгейін анықтайтын негізгі фактор ретіндегі жоғарғы мектеп жетілдіріледі. Оны іске асырудың іс жүзіндегі нәтижесі, ғылыми-технологиялық прогрестің болашағы бар тенденцияларына жауап беретін ғылыми зерттеулерді қамтамасыз етуі және оның алға оза отырып дамуы болып табылады. Міне, сондықтан да біз білім беру мәселесіне ерекше қараймыз.

Мен қоғам дамуының білімге негізделген дұрыс бағытын таңдай алғанымызға сенімдімін, елдердің салыстырмалы артықшылықтарын табиғатының байлығымен және арзан жұмыс күшімен анықтау бірте-бірте азайып, оның орнына техникалық инновациялармен және білімді нақты пайдаланудың мысалдарымен анықтау бірінші орынға шығуда.

Аяқтай келе тағы да атап айтқым келетіні, елімізге өздеріне жауапкершілік ала алатын жас адамдардың жаңа буыны қажет. Бұл жаңа буын ірі проблемаларды шеше алатындай болулары және өзгерген экономикалық және технологиялық жағдайларға бейімделе білулері тиіс; сондай-ақ олардан ғаламдық трендтерді екі қадам бұрын сезіне отырып, қалыптасқан жағдайларды тиімді түрде пайдалана білу талап етіледі.

Менің Қазақстан жастарына айтар тілегім мынадай: Сіздерге міндетті түрде сапалы білім алу керек, ол сіздерге сенімді іргетас болады, олсыз сіздер өзіңіздің болашағыңызды, өз балаларыңыздың болашағын, бүкіл еліміздің болашағын жасай алмайсыздар. Сіздерге жұмыс істеу керек және тағы да жұмыс істеу керек, ең бірінші – өзіңізді жетілдіру бағытында. Білімге де жетілуге шек жоқ. «Адамның өміріне шек бар, білімге ондай жоқ» дейді қытайдың даналық мақалы. Бұнымен келіспеуге болмайды. Сондай-ақ біздің өзіміздің қазақтың да мақалдары бар, олар: «Жеті тілді білуге ұмтыл және жеті ғылымды меңгер» деп үйретеді, астарына үңілсек, одан да оқу мен білімнің күш екенін, байлық екенін түсінеміз.

Ұлы Абай да кезінде: «Бай болғың келсе – өнерге үйрен» деген. Оның сөздері, менің пікірімше, қазіргі білім беру стратегиясының идеологиясын дәл көрсетеді.

Күшті және гүлденген мемлекет болу және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін, біз интеллектуалдық элитаға, жоғарғы технологияға, еліміздің ғылыми әлеуетіне сүйенуіміз қажет. Тек өзінің интеллектуалдық әлеуетінің арқасында ғана ел әлемдегі өзінің лайықты орнын ала алады. Сондықтан Сіздердің – біздің жастардың алдында үлкен жауапкершілік жатыр.

Адамның өмірі тағдырдың кездейсоқ бұрылыстарына және оның беріктігін тексеретін сынақтарға толы. Адамдар-

дың Жаратушыдан өздерін қауіп-қатерден, сәтсіздіктерден сақтауын тілеп, жалбарынулары тегін емес.

Адам қашанда жақсылық пен жамандықтың, жарық пен қараңғының, махаббат пен өшпенділіктің, білімділік пен надандықтың арасындағы мәңгілік таңдаудың алдына қойылған сияқты.

Адамның алдынан кездесетін проблемалардың барлығын қиындықтарды жеңу үшін және өзінің алдына қойған мақсаттарына жетудің тиімді жолдарын табу үшін пайда болатын сияқты көрінеді. Әрбір қас-қағымда адам дұрыс таңдау жасаса және сол арқылы өзімен-өзі үйлесімділікке жетсе, нағыз бақыт деген сол болар.

Егер де жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділдікті таңдап алса және өзімшіл болмаса, онда олармен бірге табыс та ілесіп жүреді.

Мен әрбір кеш сайын өзіме өзім «Бүгінгі күнді дұрыс өткіздім бе?» деген сұрақ қоямын да, соған жауап беруге тырысамын. Мен үшін, Президент үшін, бұл сұрақ: «Менің отандастарымның өмірін жақсарту үшін барлығын істей алып отырмын ба?» дегенді білдіреді. Бұл менің ұстанымымның негізі.

Мен сіздерге Отанды сүюді және оған қамқорлық жасауды тілеймін. Елімізді сақтасақ, бір-бірімізге қол ұшын берсек, бәріміз бірге болсақ, міне, сонда ғана біз кез келген сынақтар мен кедергілерден сүрінбей өтеміз және оларды абыроймен жеңіп шығамыз.



## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| <b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....                              | 5   |
| <i>1-тарау</i>                                     |     |
| <b>ТӘУЕЛСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ</b> .....               | 11  |
| <i>2-тарау</i>                                     |     |
| <b>1995 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯ</b> .....                | 61  |
| <i>3-тарау</i>                                     |     |
| <b>КАСПИЙ ҮШІН КҮРЕС ЖӘНЕ МҰНАЙ ДҮМПУІ</b> .....   | 129 |
| <i>4-тарау</i>                                     |     |
| <b>ТЕҢГЕ – БІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫМЫЗ</b> .....  | 181 |
| <i>5-тарау</i>                                     |     |
| <b>МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕН – ЖЕКЕ МЕНШІККЕ</b> ..... | 229 |
| <i>6-тарау</i>                                     |     |
| <b>ҰЛТТЫҚ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ</b> .....                   | 271 |
| <i>7-тарау</i>                                     |     |
| <b>ЖЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ</b> .....            | 341 |
| <i>8-тарау</i>                                     |     |
| <b>ЖҰЛДЫЗДАРҒА ЖОЛ САЛҒАН ҚАЗАҚСТАН</b> .....      | 391 |
| <i>9-тарау</i>                                     |     |
| <b>ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАҢА АСТАНАСЫ</b> .....           | 425 |
| <b>СӨЗ СОҢЫНДА</b> .....                           | 458 |

**Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ**

### ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ

Жауапты шығарушы *Б.Ф. Мұхамеджанов*  
Компьютерлік бет қаттаушы *И. Селиванова*

Басуға 25.05.2012 қол қойылды.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылым.  
«DSFreeSet» қаріп түрі. 29,5 шартты баспа табақ.  
Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-294-092-3



9 786012 940923

«Жібек жолы» баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50  
тел. 8 (727) 261 11 09, факс 8 (727) 272 65 01